**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

# «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ ЗЕРТТЕУЛЕР»

**Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының**

## ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

## СБОРНИК ТРУДОВ

**Международная научно-практическая конференция**

# «НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ»

**IV том - Том IV**

**Шымкент, 2022**

ӘОЖ 001
ББК 72
Ғ 96

*Редакциялық кеңес:* Пралиев Ғ.С., (бас редактор), Сейтқұлов Н.А., Әжіметов Н.Н., Тастанбекова Г.Р., Құланова С.Ш., Жаңабаев Д.Ж.

*Редакционный совет:* Пралиев Г.С., (главный редактор), Сейткулов Н.А., Ажиметов Н.Н., Тастанбекова Г.Р., Куланова С.Ш., Джанабаев Д.Ж.

Ғ 96 **«Ғылым және білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер»** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы. IV том. -Шымкент: «Нұрлы Бейне», 2022. -284 бет

Материалы международной научно-практической конференции **«Наука и образование: новые подходы и актуальные исследования»**. Том IV. -Шымкент: «Нұрлы Бейне», 2022. -284с.

ISBN 978-601-08-2247-4

Жинаққа «Ғылым және білім: жаңа тәсілдер және өзекті зерттеулер» халық-аралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми еңбектері енді. Еңбектер жинағын халықаралық және республикалық ЖОО ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, студенттері, магистранттары және жас ғалымдардың баяндамалары құрайды.

Мақалалардың мазмұны ғылымның педагогика және психология, жаратылыс-тану, филология, математика және информатика, әлеуметтік ғылымдар, дене шынықтыру және спорт салалары бойынша жан-жақты мәселелерді қамтиды.

В сборник вошли научные труды международной научно-практической конференции «Наука и образование: новые подходы и актуальные исследования». Сборник трудов состоит из докладов научно-педагогических кадров, студентов, магистрантов и молодых ученых зарубежных и отечественных университетов.

Содержание статей охватывает широкий круг вопросов в области педагогики и психологии, естествознания, филологии, математики и информатики, социальных наук, физической культуры и спорта.

ӘОЖ 001
ББК 72

ISBN 978-601-08-2247-4

© Шымкент университеті, 2022

# АЛҒЫ СӨЗ



Қазақстан индустриялық-инновациялық даму кезеңіне қадам басты. Бұл заманауи экономикалық талаптарға сай жүзеге асады. Отандық ғалымдар бұл кезең ғылыми жүйенің қайта бағдарламалануымен сипатталады, сондықтан тиісті нормативтік көрсеткіштермен реттелетін ғылым ұйымдық, кадрлық, инфрақұрылымдық, қаржылық салаларда өзгерістерге ұшырап, сол арқылы дамып, өрлеу үстінде деп есептеймін.

Бүгінгі таңда мемлекеттің ғылыми әлеуеті жоғары болып қалуда. Қазақстан көптеген ғылыми салаларда: химия және химиялық технология, физика, биотехнология, материалтану, энергетика, геология, ветеринария және ғылым мен техниканың басқа да көптеген салаларында жетекші орын алады. Зерттеулері әлемде үлкен қызығушылық тудырып отырған елде күні бүгінге дейін айтулы ғалымдар еңбек етуде.

Бүгінде қазақ ғалымдары даңқты дәстүрлерді жалғастыруда – олар ғылымның ең перспективалы бағыттарын дамытып, жаңа технологияларды дамытып, шәкірт тәрбиелеуде. Ел үкіметінің ғылымды қолдауға, ғылыми-зерттеу секторын, оның ішінде жас зерттеушілерді дамытуға ерекше көңіл бөлуі ғажап емес.

Конференцияның негізгі мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау; жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тарту; оқу орындары арасында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық орнату деп есептеймін. Нәтижелер барлық қатысушыларға пайдалы және ұсынылған ұсынымдар іс жүзінде қолдау табады деп үміттенемін.

Біздің өткізіп отырған конференция ғылым дамуының қазіргі кезеңіндегі көптеген өзекті мәселелерді қозғайды, атап айтқанда:

- Жаратылыстану ғылымдары (биология, экология, география, физика, химия);
- Педагогика және психология;
- Филология (шет тілдері, қазақ және орыс тілдері, әдебиет);
- Математика. Информатика. Бағдарламалау;
- Әлеуметтік ғылымдар (тарих, құқықтану, экономика, саясаттану);
- Дене шынықтыру және спорт.

Конференцияның барлық қатысушылары мен ұйымдастырушыларына жемісті жұмыс, сындарлы диалог және тиімді өзара іс-қимыл тілеймін!

***Сейтқұлов Н.А.***
***Шымкент университетінің ректоры,***
***п.ғ.д., профессор***

# ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР (БИЗНЕС ЖӘНЕ БАСТАУ, ЭКОНОМИКА)

ӘОЖ: 347.02

# ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢНАМАЛАР НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Тулегенов Г.С.***
*Павлодар қаласының әкімшілік*
*құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы*
***Тангрыев М.***
*ОҚМПУ 4 курс, 115-18 тобының студенті.*
*Ғылыми жетекшісі:*
***Исатаева Г.Б.***
*экономика ғылымдарының кандидаты, доцент*
*ОҚМПУ «География» кафедрасының аға оқытушы*
***Алтыев М.***
*ОҚМПУ 4 курс, 115-18 тобының студенті.*
*Ғылыми жетекшісі:*
***Битұрсын Ғ.Ш.***
*ОҚМПУ Кәсіптік бағдар және мансап*
*орталығының басшысы, «География» кафедрасының аға оқытушы*

**Резюме**

В статье будут изучены вопросы формирования экономического положения нового Казахстана на рынке, формирования социальной среды. Для того, чтобы раз и навсегда исключить цепные посреднические отношения между субъектами предпринимательства для формирования экономического положения Казахстана на рынке, необходимо законодательно закрепить систему правового надзора, регулирующую прозрачность процесса покупки и продажи (реализации потребителям) товара.

**Ключевые слова:** Экономическая ситуация, рынок, рыночные отношения, предпринимательство, права потребителей, механизмы правового регулирования.

**Summary**

The article will study the issues of the formation of the economic position of the new Kazakhstan in the market, the formation of the social environment. In order to form the economic position of Kazakhstan in the market, it is necessary to legislate a system of legal supervision regulating the transparency of the process of buying and selling (selling to consumers) goods for the elimination of chain intermediary relations between business entities once and for all.

**Keywords:** economic situation, market, market relations, entrepreneurship, consumer rights, mechanisms of legal regulation.

Қазіргі заман талабы – адамзат баласының әлемдік өркениеттің биік шыңына шығу үшін бар күш-жігерін салатын салмақты кезеңдерді қамтиды. Олай дейтініміз, өткен 30 жылдың ішінде Қазақстан өзінің мемлекеттік құрылымын толықтай тіктеп, әлемдік ортада (сыртқы қарым-қатынастарда) мемлекет ретінде таныла білді. Сонымен қатар өткен отыз жылдың аралығында алдынан тосып тұрған көптеген қиындықтарды еңсере біліп, аз уақытта мол тәжірибеге ие болды деп айта аламыз.

Өркениетке жету, жаһандық нарықта тұрақты экономикасы қалыптасқан қуатты мемлекет құру – әрбір елдің ең басты мақсаты болып табылады. Өркениетке жету үшін ең алдымен, елдегі әрбір адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының заңмен қорғалуы мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі тиіс. Екіншіден, халықтың

күнкөріс қабілетін қалыптастыратын тұрақты экономикалық ахуалы қалыптасуы керек. Үшіншіден, халықтың тыныс-тіршілігі мен тұтынушылық қарым-қатынастарда түрлі әлеуметтік мәселелердің туындауына қарсы тұратын заңнамалық тетіктер (механизм) қарастырылып, заң шығарушы орган тарапынан қабылдануы тиіс.

Жаһандық нарық жүйесіндегі егеменді еліміздің экономикалық дамуындағы негізгі стратегиялық ұстанымы – экономикалық өсуді экстенсивтік емес, интенсивті, үдемелі-индустриалды және инновациялық факторлардың басымдылығы есебінен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ұстаным тәуелсіз мемлекетімізде өндірілетін тауарларды бәсекеге барынша қабілетті деңгейде өндіру арқылы жаһандық нарыққа табандылық таныту мақсаты стратегиялық жоспарымызға енген. «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарда бұл мәселе басты бағыттардың бірі де бірегейі ретінде айқын көрсетілген [1].

2021 жылы мемлекетіміз ел тәуелсіздігінің 30 жылдығын республика деңгейінде атап өтті. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында ел экономикасының қалыптасуына өз үлесін қосқан бірқатар кәсіпкерлер, Қазақстан ғылымының дамуына үлес қосқан белгілі ғалымдар, сондай-ақ барлық сала бойынша еңбегі сіңген айтулы азаматтар республикамыздың әр өңірлерінде мемлекет тарапынан марапатталып, алғашқы үш онжылдық қорытындыланғаны белгілі. Төртінші онжылдықтың алғашқы қадамына Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев халықты жаңа көзқарастармен қарауға шақырды. Өз кезегінде Президент халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруды мақсат тұтып, орта тапты қалыптастыру саясатын ұсынды. Нақты бір қоғамдық қор құрып, көмекке мұқтаж жандардың мәселесін тұрақты түрде күн тәртібіне шығаруды ұйғарды. Бұл түбегейлі өзгерістердің орын алуына 2022 жылдың басындағы «қаңтар оқиғасы» да өз әсерін тигізді деп айта аламыз.

2022 жылдың алғашқы айында азық-түлік пен жанар жағар май бағасының күрт өсіп, халықтың күнкөрісіне өз әсерін тигізгендіктен сол тауарларды тасымалдайтын не сататын бизнес өкілдеріне мемлекет тарапынан нақты бақылаулар мен қадағалаулар жасалғанын білеміз. Сол тарихи қанды оқиғадан кейін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылдың 21 қаңтарында Қазақстандағы ірі бизнес өкілдерін Үкіметтің кеңейтілген мәжілісіне шақырып, «Қазақстан халқына» қорын ашу және оны халықтың игілігіне тұрақты түрде жұмсау туралы ұсыныс жасағаны бұқара халықтың көңілінен орын алды деп ойламыз.

«Қаңтар оқиғасы» елді дүрліктіріп, дүрбелеңге салғаны анық. Дегенмен, ел экономикасын құрушы тап кәсіпкерлік саладағы көптеген кедергілердің ақ-қарасын анықтап, биліктің басқару жүйесіне де көптеген өзгерістерді енгізуге ықпал еткені ақиқат. Мәселен, ірі бизнес өкілдеріне «шетелдегі капиталдарды елге қайтару», «ашық, шынайы бәсеке орнату», «кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру» мәселелері мемлекет басшысының назарына ілінді. Ірі бизнес өкілдерімен кездесу барысында Президент:

- ірі бизнес өкілдеріне шетелдегі капиталды елге қайтарғандары үшін ынталандыру шаралары жасалатынын және қаражаттың офшорларға кетуіне жол берілмейтініне мемлекет кепіл болатындығын;

- ашық, шынайы бәсеке орнату үшін нарықтағы қолдан жасалған делдалдық тізбектерді жою керектігін;

- ірі кәсіпорындардың салық төлеуі мен есеп беру тәртібін ретке келтіру керектігін жеткізді. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге өз болашақтарыңды туған жермен, өзіңнің еліңмен байланыстыруға тиіссіңдер деп оларға әлеуметтік жауапкершілік жүктеді. Бұл ірі бизнес өкілдеріне қатысты билік тарапынан қойылған талаптар.

Ал аталмыш қаңтар оқиғасы ел ішінде халықтың назарына ілінбей жүретін көптеген шағын және орта бизнес өкілдерінің де кейбір іс-әрекеттерін әшкерелеп берді. Әсіресе жоғарыда айтылғандай, халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлік тауарлары, жанар-жағар май өнімдерінің бағасының күрт өсіп кетуі де қарапайым халықтың қиналып толқуына сеп болды. Бұл құбылыстарды шет елдік тәуелсіз сарапшылар да өз кезегінде

бір-бірімен қызу талқыға салып жатты. Осы халық үшін келеңсіз жағдайларды туғызған өрескел қателіктер мемлекет басшысының дер кезінде батыл әрі саяси аса сауатты шешімдер қабылдауының арқасында тұзақталып, бейбіт күндер қайта оралды.

Жоғарыда айтылған жағдайлар бойынша халықтың әлеуметтік тұрғыда құлдырап толқуына 2020 және 2021 жылдарға созылған «Корновирус» індетінің өршуі де өз септігін тигізді. «COVID-2019» індеті әлемдік экономиканың құлдырауына, яғни жаһандық дағдарыстың қалыптасуына өз ықпалын айтарлықтай тигізді деп айта аламыз. 2021 жылғы әлемдік экономиканың өсу қарқыны мен төмендеу нәтижесін әлемді екі жылға тарта қатты алаңдатқан аталмыш дертпен байланыстыруға толық негіз бар. Бұл ретте ұзақ және қысқа мерзімді келешекте құрылымдық саясатты іске асыру бойынша шағын қадамдар, атап айтқанда, бәсекелесу қабілетін арттыру мақсатында шикізаттық емес секторларға көмекқаржы беру үшін тұрақтандырма қорының қаражатын пайдалану – декларация жүзінде жоғары технологиялы салаларға салынған орасан көп инвестицияларға қарағанда көбірек оң әсерін тигізе алады. Әлеуметтік және аймақтық үйлеспеушілікті жеңіп шығуға бағытталған шаралар кешенін іске асыру маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының алғашқы бабы: «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең асыл қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген [2]. Демек, Бас құжат бойынша ел аумағындағы ең бағаланатын нәрсе халықтың мүддесі, адамдардың өмірі, олардың бас амандығы мен құқықтарының заңмен қорғалуы болып табылады. Құқықтық мемлекет қоғамдағы әрбір адамның құқықтарының бұзылмауына толыққанды жағдай жасауы тиіс. Осы жағдайлардан кейін халықтың экономикалық ахуалын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев халықты жұмыспен қамту мәселесіне қатты назар аударды. Қосымша жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздықты жою арқылы ғана саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге болатынын алға тартты. Сол мақсатта рсепублика аумағында шағын кәсіпкерліктің дамуы мен тиімді қызмет етуіне ерекше көңіл бөлу керектігін баса айтты. Кәсіпкерлік қызметтің дамуына кедергі келетін тосқауылдардың барлық түріне назар аударып, үкіметке мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді тапсырды. Әсіресе, жастарды жұмысқа орналастыру мәселесі күн тәртібіне шықты. Сол мақсатта әрбір өңірлерден «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» «Ұрпақтар келісім-шарты» сияқты бұрын-соңды мемлекет тәжірибесінде болмаған жұмысқа орналастырудың заманауи жаңа түрлерін іске қосты. Бұл бағдарламалар бос жүрген жас мамандарға және жоғары оқу орындарын 2022 жылы бітіріп шығатын түлектерге арнайы жасалған мемлекеттік қолдау болып табылады.

Жалпы, кәсіп дегеніміз – осы инициативті шаруашылық қызметтің барлық қатысушылары пайда табу мақсатында өзіндік және басқа да мүліктер есебінен тәуекелге баратын іс-әрекетінің жиынтығын білдіреді. Олай болса, «кәсіпкерлік» дегеніміз жалпыға бірдей ортақ қызмет түрі болып табылады. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексіне сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға жұмыс істеу қабілеті бар Қазақстан Республикасының кез келген азаматы құқылы [3]. Кәсіпкерлік қызметтін негізгі басқа коммерциалық емес құрылымдардан ерекшелігі болып табыс пен шығын арасындағы айырмашылық ретінде пайда табу ерекшелігі саналады.

«Кәсіпкерлік» терминін алғашқы рет қолданысқа енгізген ағылшынның экономист-ғалымы Ричард Контильон (1650-1758жж.). Ричардтың ұғымынша, кәсіпкерлік – нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігі болып табылады [4, 32б.]. Оның ұғымындағы кәсіпкерлік адам қызметінің ерекше саласы ретінде еңбектің басқа түрлерінен оқшауланып тұратындығында. Нарықтық экономиканы бастан кешіріп отырған Қазақстанда сол 15-16 ғасырларда термин ретінде қалыптастырып, айтып кеткен Ричардтың анықтамасы айна қатесіз орындалып тұрғандай. Өйткені, расында бүгінгі таңда Қазақстанда ел

экономикасын көтеруге ықпал жасаумен қатар, рухани тұрғыда атқарылатын жұмыстар да кәсіпкерлердің демеушілік етуімен жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлік тұрғысында атақты неміс халқының экономист-ғалымы, Гарворд университетінің профессоры Иозиф Шумпетер (1883-1950жж.) мән беріп, мынадай эпиграф жазып кеткен: «Кәсіпкер болу – басқаның істегенін істемеу» [5, 609б.]. Ал, кәсіпкерлік хақында француз халқының экономист-ғалымы Жан Батист Сей (1767-1832жж.) «Кәсіпкер – адамдарды өндірістік шеңбер ауқымында ұйымдастыратын адам»- деп өз анықтамасын берген [6, 53б.]. Атақты ағылшын ғалымы Адам Смит болса кәсіпкерді коммерциялық идеяны жүзегс асыру және пайда алу үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі ретінде сипаттайды [7, 26б.]. Британдық ғалым Джеффри Алан Хоскинг өзінің «Кәсіпкерлік курсы» еңбегінде өзінше түсіндіреді: «Егер бөлек адам тауарларды өзінің қолдануы мен тұтынуы үшін алса, өндірсе немесе сатып алса, қызмет көрсетсе, онда ол кәсіпкер болып табылмайды. Егер ол өзінің қолдануы мен тұтынуынан көбірек мөлшерде алса, өндірсе немесе сатып алса, қызмет көрсетсе, артығын ауыстырса және сатса, онда ол кәсіпкерлікті жүзеге асырады деп айтуға болады» [8, 188б.].

Осы тұрғыда француз философы Ш.Монтескье өзінің нарықтық қатынастарға қатысты салықтар туралы топшылауында: «...көптеген бағыныштыларды жою және тастау үшін үлкен ақыл мен даналық қажет» - деп түйін жасаған [9, 416б.]. Орыс халқының экономист-ғалымы Н.Н.Янжул нарықтық экономика саласындағы салық ауыртпалығы туралы мәселені қарастырған. Ол өз зерттеулерінде «салықтық мәселелердің барлығы салық салудың екі шарасы мемлекет қажеттілігі және азаматтардың мүліктік қабілеттілігі арасында туындап, жүзеге асады» деп түсіндірме берген [10, 288б.]. Осы мәселе бойынша қызығушылық танытып өз зерттеулерін жүргізген кавказ халқының экономист-ғалымы Сергей Юльевич Витте «мемлекет салықтар көмегімен өз иелігіне азаматтардың мүлкінің қайсібір бөлігін алу құқығында, өз саясатында белгілі бір этикалық, экономикалық бастауларды негізге алу керек, керісінше болса, халыққа аса ауырлық түсіре отырып ол, өзінің өмір сүру мәнін жоғалтар еді» деп өз пікірін жазған [11, 415б.].

Жаһандық нарыққа бейімделген жаңа Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің қаржылық қызметінің негізгі басымдықтары – қаржы ресурстарын жүйелі түрде алуға және тиімді пайдалануға, несиелік тәртіпті сақтауға, меншікті және қарыз қаражаты арасындағы қатынастарды үйлестіруге, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі үшін қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы керек.

Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту үшін келесідей іс-шараларды қолға алу қажет деп білеміз:

- салық түрлерін анықтауға қатысты салық заңнамасына өзгерістер енгізу;
- өңірлік маңызы бар шағын өндірістік кәсіпорындар үшін несие беру мерзімдерін ұзарту және пайыздық мөлшерлемелерді төмендету жолымен отандық өндірісті ынталандыру және сапасы төмен арзан тауарлардың әкелінуіне тосқауыл қою;
- кәсіпкерлікті дамыту тетіктерін жетілдіру үшін лизингтік кредиттер қалыптастыру, венчурлік қаржыландыру, факторинг, сондай-ақ кепілдік қорлар құру және жеңілдіктермен несие беру;
- кәсіпкерлік субъектілерінің тұтынушылармен (халықпен) қарым-қатынасын қолжетімді ету және өнімдері мен ұсынылатын тауарларының сапалығына аса ынтызарлықпен қарауы үшін олардың «әлеуметтік жауапкершілігін» қалыптастыру қажет.
- мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілерінің арасындағы тізбектелген делдалдық қарым-қатынастарды біржолата жою үшін тауарды сатып алу және сату (тұтынушыларға өткізу) үрдісінің ашықтығын реттейтін құқықтық қадағалу жүйесін заңмен бекіту қажет. Осы қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, шағын бизнесті қаржыландыру үшін несиелеудің заманауи жаңа түрлерін қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасы құқықтық-әлеуметтік мемлекет болғандықтан, құқық қорғау органдары мен кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері арасындағы тығыз ынтымақтастық толық қолдау тауып, заңмен қорғалуға тиіс. Бұл жерде кәсіпкерлер ең

алдымен, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде заңмен толық қорғалады. Екіншіден кәсіпкерлік субьектілері ретінде халыққа қызмет көрсету арқылы сапалы өнім ұсынушы және халықты жұмыспен қамтушы ретінде заңмен толық қорғалуы және мемлекет тарапынан ынталандыруы тиіс. Сонда ғана кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылығына береке дарып, жан-жағына шуағын шаша алады деп есептейміз.

Шағын кәсіпкерліктің жұмысының жандануына тағы бір негіз болатын ол, мемлекеттегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіптің сақталуы. Мемлекетте қандай да бір дүрбелең болып, халық тұрақты тұрмыс-тіршілігінен басқа арнаға бұрылатын болса ол құбылыс кәсіпорындар мен шағын бизнеске қатты әсер етеді. Ол жағдайда шағын кәсіпкерлікті қолдау көрсету шаралары да өз дәрежесінде болмайды. Мемлекеттік қолдаудың тұрақты емес шаралары бизнес нысандарының жабылуына не банкроттық жариялауына алып келеді. Бұл сөзімізге 2022 жылдың қаңтар оқиғасы толығымен дәлел бола алады.

Жаңа Қазақстанда кәсіпкерлікті жандандыру үшін олардың қызмет көрсету кеңістігінің қауіпсіздігі мен жайлылығына (қолайлы жағдай жасау) мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет. Тиісінше, кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекет алдындағы және заң алдындағы жауапкершіліктерін сезінетіндей құқықтық ортақ тәртіпке бағынуын жете қадағалау керек. Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілерінің өз өнімдерінің сапасына қатты мән беріп, олардың халықтың алдындағы әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыру қажет. Сонда ғана кәсіпкерлікті, бизнесті қолдау мәселесі біржақты деңгейде қаралып қоймайтын болады. Жан-жақты қаралып, заң талаптарына сай зерделенген кез-келген мәселе өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Сондықтан, жаңа Қазақстанның нарықтағы экономикалық ахуалын қалыптастыру үшін кәсіпкерлік субъектілерінің арасындағы тізбектелген делдалдық қарым-қатынастарды біржолата жою үшін тауарды сатып алу және сату (тұтынушыларға өткізу) үрдісінің ашықтығын реттейтін құқықтық қадағалу жүйесін заңмен бекіту қажет деп санаймыз.

***Библиографиялық тізім***

1. «Қазақстан - 2050» даму стратегиясы

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз, 1995жыл.

3. «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі.

4. Бохаев Д. Шағын кәсіпкерліктүсінігі және оны несиелендірудің теориялық мәні мен маңызы // Экономика негіздері: мектепте, колледжде және ЖОО оқыту. – 2017. – №3. - 32б.

5. Құлпыбаев С, Мельников В.Д. «Қаржы негіздері»: жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы, 2012. - 609б.

6. Ермекбаева Б.Ж., Налоговые стимулы развития малого бизнеса // Вестник КазНУ, Серия экономическая. –2014. –№ 1. - С.53

7. Лесбеков Г. Анализ глияния последствий глобального кризиса на развитие субъектов малого бизнеса в Республике Казахстан // Финансы и кредит. –2016. - №7. С.26.

8. Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан / под. ред. профессора Жатканбаева Е.Б. – Алматы: Казак университеті, 2011. - С.188

9. Адамбекова А.А. Финансовый рынок Казахстана: становление и развитие. – Алматы:Дауір, 2014. - С.416

10. Нурлановой, Н.Ж.Бримбетовой. Региональная политика Казахстана: теория и практика. / под ред. Н.К.– Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2014. - С.288

11. Бекнұр С. Қазақстандағы франчайзинг. –Алматы. –Экономика, 2015. - 415б.

ӘОЖ 331.91

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ӘСЕР ЕТУІНІҢ ӘЛЕМДІК ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

***Шынтахова А.С.***
*2-курс магистранты*
***Лесбек Н.А.***
*ЭК-121 группасының студенті*
***Сейдан Н.Н.***
*ҚР-121 группасының студенті*
***Ғалымжан Д.Е.***
*Ғылыми жетекші, магистр, оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Аннотация**
Соңғы ғасырдың жартысынан бері түрлі елдің ғалымдары адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі механизмді жасанды жолмен жасауға тырысып келеді. Әзірге адам санасының аналогы жасалған жоқ. Дегенмен, "жасанды интеллект" немесе роботтардың адам өміріне араласу тенденциясы жиілеп келеді. Ғылыми мақалада жасанды интеллекттің еңбек нарығына әсер етуінің әлемдік тенденциялары анықталған.

Жасанды интеллект технологиялары мен роботтандыру экономиканы едәуір өзгертуде, сонымен бірге жасанды интеллекттің дамуы барысында еңбек нарығында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Жасанды интеллекттің әртүрлі жұмыс процестеріне енуі, жұмыс жүктемесін автоматтандыру, роботтандыру және жасанды интеллект компанияларды адам танымастай өзгертуде. Бір жағынан, роботтандыру суперкапитализм деп аталатын жағдайдың пайда болуына әкеледі, онда жұмыс орындарының санының азаюы ғана емес, сонымен қатар орта таптың көп жағдайда кірісі төмен қабаттарға, біліктілігі төмен жұмыс орындарын босатудың нәтижесіне алып келеді.

Негізінен, жасанды интеллект дегеніміз интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы болып табылады. Жасанды интеллект қазіргі мақсаты – ақпараттық жүйелерді құруда бағдарламашы ретінде адамның қатысуын азайту, адам-машина жүйесінің серіктесі ретінде тарту. Жасанды интеллект – зияткерлік машиналарды, әсіресе интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды құру үшін жасалған технология болып табылады. Жасанды интеллект компьютерлерді және адам санасын түсіну үшін пайдаланылады [1].

Роботтандырудың дамуына байланысты еңбек нарығында өткір мәселе туындайды. Роботтар әлі күнге дейін біліктілігі төмен жұмысшылар мен көбінесе күнделікті жұмыс істейтін жұмысшыларды алмастырады, ал болашақта робототехниканы жетілдіру жасанды интеллект жоғары білікті жұмысшыларды ығыстыра бастайды. Жасанды интеллектті қолданудың өсуі және робототехниканы кеңінен енгізу нарықтағы жұмыс күшіне деген сұраныстың төмендеуіне әкеледі, оған сұраныс пен ұсыныс арасындағы алшақтық бірнеше есе артады, бұл тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі және құрылымдық жұмыссыздықтың дамуына ықпал етеді. Қоғамдағы жұмыссыздық пен әлеуметтік шиеленістің барлық түрлерінің деңгейінің өсуі.

Роботтандыру процестерінің нәтижесінде адамдардың басым бөлігі өнеркәсіп өндірісінде, бөлшек саудада, көлік саласында, мемлекеттік басқаруда, ауыл шаруашылығында, құрылыста жұмысынан айрылады. Өнеркәсіптік роботтар еңбек нарығына терең әсер етті және оны алдағы онжылдықтарда өзгертеді. Экономиканың аталған салаларының мамандары жасанды интеллект пен роботтар адам еңбегін

толығымен алмастыра алмайтын қызмет түрлерінде қайта даярлау мен біліктілік алуды қажет етеді.

Бүкіл әлемде осы тұрғыда келесі қызмет салалары тәуекелге ұшырайды: бухгалтерлік есеп, қонақ үй бизнесі, байланыс орталықтары, логистика/көлік, медицина, қоғамдық тамақтандыру, өндіріс, бөлшек сауда, ауыл шаруашылығы, құрылыс. Ақпаратты когнитивті өңдеуді қажет етпейтін тапсырмаларды роботтандыруға болады. Қызметтің кейбір бағыттарын толығырақ қарастырайық. Бухгалтерлік есеп жұмысында электрондық құжат айналымының дамуына байланысты міндеттері төлем тапсырмаларын дайындаумен және алғашқы құжаттарды өңдеумен байланысты қызметкерлерге деген қажеттілік жоғалады. Егер жалпы халықаралық стандарттар қабылданса, бухгалтерлік есепті жүргізуге қажетті штат саны азаяды [2].

Жасанды интеллекттің қазіргі еңбек нарығын өзгертудегі рөлін анықтау үшін алдымен әлемдік тенденциялар мен болжамдарды қарастырған жөн. Роботтандыру процестері келесі 15 жылда жұмыссыздар санының көбеюіне әкеледі. Ең көп зардап шеккен Америка Құрама Штаттары болады, қызметкерлердің 39% -ы жұмыссыз қалуы мүмкін. Бұл көрсеткіш Ұлыбританияда 30%, Жапонияда 35% құрайды. Германияда ең төменгі көрсеткіш – 21%. Басқа елдерден айырмашылығы, Жапониядағы жұмыссыздыққа жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі және ел халқының азаюы себеп болады. Сонымен бірге, роботтандыру процестері шалғай қоныстанған аудандарда орналасқан салаларда білікті емес жұмысшылардың жетіспеушілігі проблемасын шешуге ықпал етуі мүмкін [3].

Дамыған және дамушы елдердің еңбек нарықтарындағы негізгі үрдіс стандартталған қызметтерді ұсынатын кәсіптердің жоғалуы болып табылады. Қазірдің өзінде бүкіл әлем бойынша автоматты кассалар кассирлерді ауыстырады, қоғамдық көліктерде кондукторлар қажет емес. Кез-келген ірі қалада кофе мен тамақ терминалдарын, тұрақ ақысын төлеуге арналған машиналарды және т. б. жұмыс істеуде. Жасанды интеллекттің дамуы салдарынан әлем еңбек нарығында жоғалып бара жатқан жұмыс орындарына: тоқыма машиналарының операторлары – 19%; операторлар – 20%; Пошта шеберлері – 21%; Машинесттер – 33%; Автотұрақты қорғау қызметкерлері – 35%. Ал, жасанды интеллектің дамуымен әлемдік еңбек нарығында пайда болған жұмыс орындарына: әлеуметтік медиа-маркетинг менеджері – 163%; Веб-әзірлеуші – 179%; Іздеу жүйесін оңтайландыру мамандары – 180%; Мобильді қосымшаны жасаушы – 186%; Деректер бойынша аға маман – 340% жатады.

Үшінші әлем елдерін индустрияландыру мүмкін және соның салдарынан тоқыма, жеңіл және химия өнеркәсібіндегі көптеген адамдар жұмыс орындарын жоғалтады. Жұмыс күшін жаппай босату оны қайта даярлауды және капиталға иелік ететін табысы жоғары халықтың қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтуды қажет етеді. Нәтижесінде жалдамалы жұмысшыларды ұсынатын орта таптың көп бөлігі жаңа шындыққа бейімделіп, кірісінің осы бөлігін жоғалтып алса, екінші бөлігі – капитал мен өндіріс құралдарының иелері (робототехниканы қоса) жалғасады. Осылайша, өмір сүру деңгейіндегі алшақтық дамыған елдер мен үшінші әлем елдерінде супер пайда таппайтын халықтың ең бай және басқа қабаттары арасында ұлғаюды жалғастырады [4].

Маркетинг пен жарнама саласында жасанды интеллектің енгізілуі бизнестің рентабельділігінің артуына, мақсаттылықтың жақсаруына және клиенттердің назарын арттыруға әсер етеді. Сонымен бірге, жасанды интеллектің бұл артықшылықтарын кез-келген саладағы – банк, металлургия, көлік салаларының компаниялары пайдалана алады. Сонымен қатар, жасанды интеллекті қолданушылар туралы толық ақпарат алуға ғана емес, сонымен қатар олардың болашақта олардың мінез-құлқын болжауға мүмкіндік береді. Жарнамалардағы жасанды интеллект мақсат қою үшін қолданылады. Бұл банктерге ғана емес, барлық цифрлық маркетингке тән.

Экономиканың банк қызметі саласы жасанды интеллекттің дамуы үшін ең перспективалы болып табылады. Мұны банктерде талдауға болатын көптеген

мәліметтердің болуымен түсіндіруге болады. Банк секторында жасанды интеллекті қолдануды екі түрге бөлуге болады: банктің ұйым ретіндегі ішкі міндеттерін шешу және клиенттерге қызмет көрсету. Тиімділікті арттыру және ішкі процестерді жеңілдету үшін шешім қабылдауды автоматтандыру құралдары мен шешімдердің санын көбейтетін құралдар қолданылады. Роботтар көбінесе ішкі процестерді автоматтандыру үшін қолданылады. Олар негізгі күнделікті процедуралардың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Скоринг клиенттермен жұмыс істеу үшін де қолданылады. Бұл несиелік қабілетті азаматтарды анықтауға, салымдар мен тарифтерге жеке ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін көптеген құралдар. Тағы бір құрал – бұл клиенттерді анықтау үшін қолданылатын тұлғаны тану технологиясы. Бұл технологияның әлеуеті қауіпсіздікті жақсартады.

Ауыр индустрия секторы жасанды интеллект технологиясын іске асыруда, ең алдымен жедел прототиптеу немесе ресурстарды динамикалық бөлу – жабдықты модификациялау арқылы үлкен әлеуетке ие. Өндіруші компаниялар үшін жасанды интеллекттің басты артықшылығы адам факторына байланысты жұмыстағы қателіктер санының төмендеуі, қолмен жұмыс процестерінің азаюы, болжамды аналитика болып табылады. Өнеркәсіпте жасанды интеллекттің ең көп таралған элементтері – автоматтандырылған құралдар мен когнитивті көмекшілер. Сандық егіздер де жиі қолданылады – машиналық оқытуға негізделген жүйелер ұйымдастырушылық процестерді оңтайландыруға көмектеседі. Бұл технологиялар біртіндеп типтік тапсырмаларды орындайтын жұмысшыларды алмастырады, бұл өз кезегінде шығындарды үнемдеуге әкеледі [5].

Қорытындылай келе, бизнес-процестерді және тұтас салаларды жаппай жасанды интеллект технологияларын еңгізу таяудағы онжылдықта адам еңбегін машинамен ішінара алмастыруға және жұмыс күшінің елеулі үлесін босатуға алып келеді, бұл компаниялар мен мемлекеттер үшін жаңа қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен платформалар еңбек нарығына айтарлықтай оң әсер ете алады: олар кадрларды іздеуді жеңілдетеді, жұмыс іздеу мерзімдерін қысқартады, қызметкерлердің өнімділігін арттырады, қашықтан жұмыс орындарының көмегімен экономикаға кадрларды тарту жағдайын жақсартады және сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін саясаткерлер мен бизнес көшбасшылары автоматтандырудың артықшылығын пайдаланып, сонымен бірге цифрлық экономика технологияларынан туындаған жұмысшылардың қозғалысын бақылауы керек. Еңбек нарығындағы алдағы өзгерістер кадрларды оқыту мен даярлаудың қолданыстағы модельдеріне, сондай-ақ кәсіби дағдылар мен дағдыларды қалыптастырудың іскерлік тәсілдеріне қарсы шығады. Сондықтан бірінші басым міндет жұмыс күшіне сұраныстың тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Тағы бір басым міндет-еңбек нарығын цифрландыру саласындағы өтпелі процестерді қайта ойластыру және автоматтандырудың тоғыспалы ағындарында қалған қызметкерлердің жалақысын ұстап тұру. Ең бастысы, жаңа технологияларға көшу сөзсіз екенін түсіну. Осы трансформацияның жылдамдығы мен сәттілігі қазіргі заманғы технологияларды өзіміздің күнделікті жұмысымыз бен бизнес процестерімізге интеграциялау қажеттілігін қаншалықты тез түсінетінімізге байланысты екені анық.

***Библиографиялық тізім***

1. Төртінші индустриялық революция. Клаус Шваб. Электронды ресурс: https://kitap.kz/book/6281/read#epubcfi(/6/14[The_Fourth_Industrial_Revolution__epub5]!/4[The_Fourth_Industrial_Revolution _-_epub-5]/2/2[_idParaDest-2]/2/1:0)

2. Акьюлов Р.И., Сковпень А.А. Роль искусственного интеллекта в трансформации современного рынка труда.Электронды ресурс: https://cyberleninka.ru/article/n/rol-iskusstvennogo-intellekta-v-transformatsii-sovremennogo-rynka-truda/viewer

3. The future of work report. Электронды ресурс: https://static.ziprecruiter.com/pdf/whitepapers/Zip Recruiter_Future_Of_Work_Report_2020a.pdf
4. Трансформация рынка труда в цифровой экономике. Г. Г. Головенчик Электронды ресурс: https://core.ac.uk/download/pdf/231303644.pdf
5. Келешектің әміршісі. Жасанды интеллект. Электронды ресурс: https://kitap.kz/book/6344/read#epubcfi(/6/6/2/2/2/1:0)

ӘОЖ 339.5

# ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДАНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

**_Закен Н.Р._**
*2-курс магистранты*
**_Камилова Х.Ф._**
*ЕА-121 группасының студенті*
**_Ынтымақ Д.Ж._**
*ҚР-121 группасының студенті*
**_Ғалымжан Д.Е._**
*Ғылыми жетекшісі, магистр, оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Аннотация**
Қазіргі кезеңде әлемдік экономиканың дамуына жаһандану процесі үлкен әсер етеді. Бұл көбіне халықаралық экономикалық қатынастардың жаңа тенденцияларын қалыптастырады. Халықаралық экономикалық қатынастардың мазмұны өзгеруде, жаһандану факторларының әсерінен жаңа ерекшеліктер мен жаңа тенденциялар пайда болды.

Қазіргі кезеңде халықаралық сауданың дамуын жаңа жағдайда, жаһандану жағдайында қарастыру керек, бұл оның мәнін өзгертеді – бұл енді тек «сатып алу-сату» ұғымы емес, барлық элементтердің – микро және макродеңгейлер – жеткізушілер мен тұтынушылардан бастап халықаралық ұйымдарды да қамтиды [1]. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) жаһандану жағдайында халықаралық саудаға әсер ететін маңызды фактор. Көрсетілген фактордың әсерінен халықаралық сауданың даму тенденцияларын қарастырайық.

1. Ғылыми-техникалық революция жаһанданудың объективті факторы ретінде идеялар, ақпарат және білім құру, тарату және қозғалу процесінде әр түрлі формаларға ие болып, сату-сатып алу объектісіне айналатындығынан көрінеді. Олар өздерін әлемдік экономиканың орталығында тапты. Тауар құнының көп бөлігі инновация, зерттеу және сынақ көлеміне байланысты. 1997 жылдан бастап жоғары технологиялы өнімнің халықаралық сауда ағындары тұрақты түрде өсіп келеді. Алайда, мұндай тауарлармен сауда біркелкі бөлінбейді. Кейбір елдер басқа елдерден гөрі жоғары, орта технологиялық өндіріс өнімдерін экспорттайды.

Екінші жағынан, ғылыми-техникалық революцияның халықаралық сауданың сапалық компонентіне әсері оның туындылары арқылы көрінеді. Енді олардың кейбіріне тоқталайық. Халықаралық сауданы виртуалды деңгейге «жеткізетін» Интернет-технологияларды қолдануға үлкен көңіл бөлінуде, бұл бірінші кезекте іскери операцияларда деректерді беру мен алмасу үшін ғаламдық электрондық желілерді пайдалануда көрінеді [2].

Интернет коммерциялық қатынастардың ауқымын кеңейтті. Электрондық коммерция компанияларға трансшекаралық операцияларды тиімді және икемді етуге, жаһандық жеткізушілермен тығыз қарым-қатынас орнатуға және клиенттердің сұраныстары мен үміттеріне тезірек жауап беруге мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшалар халықаралық онлайн-саудада өнім ретінде және тауарларды сату құралы ретінде пайда болды және қолданылуда. Бұл сауда бағыттары 2008 жылы мобильді қосымшаларды сататын App Store пайда болғаннан кейін ең танымал болды. Осыдан кейін сатылымда жарылғыш өсім байқалды, 2021 жылы ұялы қосымшалар нарығының көлемі 27 миллиард долларды құрады.

Алайда қосымшалардың өзі тұтынушыға орналасқан жеріне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан сатып алулар жасауға мүмкіндік береді. Мобильді интернетті пайдаланушылар саны 2019 жылы 37% - дан 2020 жылы 42,1% -ға дейін 6 миллион адамға өсті, бұл интернет-дүкендердегі сатып алуларға деген сұраныс, елеулі сұраныс туралы айтуға мүмкіндік береді. Қытайда онлайн сатып алушылардың саны 220 миллион адамға жетеді, Қытайдың нарық көлемі – 186 миллиард доллар, АҚШ-та – 186,2 миллиард доллар.

Планшет иелерінің 45%, смартфон иелерінің 23% -ы Интернет арқылы сатып алулар жасайды. Еуропалықтардың 43% -ы желіден сауда жасайды. Әлемнің әр түкпірінде орналасқан тұтынушылар сатып алуды еркін қарастыра алады, оның сапасын көзбен де, іс жүзімен де бағалайды, мысалы, басқа тұтынушылардың пікірлері арқылы. «Қазір қараңыз, қазір сатып алыңыз» технологиясының енгізілуі сатып алушыға Instagram қосымшасы арқылы сатып алынған өнімнің, қызметтің сипаттамаларын зерттеуге және оны сатып алуға мүмкіндік береді. Instagram веб-сайтына 600 миллион келуші кіреді.

2. Халықаралық саудадағы оны «виртуалдандыруға» бағытталған тенденциялардың дамуы халықаралық есеп айырысулардың өзгеруіне әкелмеуі мүмкін емес. Сонымен, интернет-дүкендерде есеп айырысу төлемдерінің жаңа технологиялары пайда болды [3]. Сауда валюталары халықаралық сатып алулар үшін есеп айырысу үшін пайда болады. Мысалы, Amazon Amazon App Store қосымшаларында қолданылатын өзінің валютасын шығарды. Виртуалды ақшаның көмегімен сіз қосымшаларды сатып ала аласыз және олардың ішінде сатып алулар жасай аласыз.

Amazon монеталары 1 АҚШ центінде номиналда көрсетілген. Биткоин жүйесі әлемдік масштабта төлем құралы ретінде танымал болып келеді. Биткоиннің артықшылығы – қол жетімді төлемдердің көпшілігімен салыстырғанда жасырындық деңгейі жоғары және көптеген пайдаланушылар үшін тартымды. Сондай-ақ, bitcoin артықшылығы – бұл транзакцияның уақыты мен құны. Оны пайдаланғаны үшін төлем банктер немесе делдалдар арқылы ақша аударымдары мен банктік аударымдарға қарағанда әлдеқайда төмен: операцияны лезде жүзеге асыруға арналған операция мәміле сомасының 1% -дан аспайды.

3. Қазіргі интернет тұтынушы, өндіруші және сатушы арасындағы байланысты өзгертеді, оларды жоғары сапалық деңгейге шығарады. Егер бұрын өнімнің «іске асырылуының» маңызды критерийлері баға мен сапа болса, енді жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру барған сайын маңызды бола түседі, яғни, халықаралық өнім бейімделуі, конфигурациясы, әлемдік тұтынушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратын етіп жеткізілуі керек. Бизнес пен тұтынушылар арасындағы электрондық коммерцияның (B2C) әлемдік көлемі 2019 жылы 1,2 трлн. доллар. Бұл B2B-ден айтарлықтай аз болса да. B2C электрондық коммерциясы дамушы елдерде, әсіресе Азия мен Африкада қарқынды дамып келеді. Қытай қазірдің өзінде онлайн-сатып алушылар және кірістер жағынан ең үлкен B2C электрондық коммерция нарығына айналды [4].

Қызмет көрсету сапасын арттыру үшін оффлайн дүкендер өз қызметтерін ең ірі интернетсатушылардың (Amazon, E-bay) қызмет көрсету деңгейіне сәйкес өзгертеді. Сонымен, тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету үшін дүкендерге инновациялық технологиялар енгізілуде. Мысалы, тұтынушыларға сапалы, сапалы қызмет көрсету үшін RFID технологияларын қолданатын «ақылды айналар» орнатылған ақылды дүкендердің

пайда болуы (қол жетімділігі мен киімнің түсі туралы ақпарат айналардың бетіне ыңғайлы болу үшін бейнеленеді) клиент). Сонымен, қазірдің өзінде Интернет-коммерцияға тән емес тауарлар өз орнын алады. Walmart-тың ең ірі бөлшек сатушысы өзінің жеке интернет-дүкеніне ие. Әлемдік нарықтардағы жаһандық позицияларды ұстап тұру үшін бизнес тұтынушылардың үмітін қанағаттандыратын сұранысты тудыратын жаңа тенденцияларға сүйенеді.

4. Ғаламдық құндылықтар тізбегіндегі өзгерістер. Халықаралық сауданың қазіргі даму кезеңінде көптеген компанияларды ғаламдық құндылықтар тізбегіне тарту тұжырымдамасы маңызды. Тұжырымдаманың мәні бірнеше елдердің өнім шығаруға қатысуы, сайып келгенде өнімнің өзіндік құнын төмендету, жекелеген компоненттерді өндіруге мамандандыру арқылы оның сапасын арттыру болып табылады. ЮНКТАД мәліметтері бойынша әлемдегі қосымша құнның 80% корпорациялар бақылайтын өндіріс және сауда тізбектері шеңберінде құрылады, олар өнімді құру процесін кезеңдерге бөліп, олардың кеңістіктегі таралуын бөлшектейді. Елдер өндіруге арналған компоненттерді импорттай алады немесе басқа елдердің өндірісінде одан әрі пайдалану үшін ұлттық өнімнің бөліктерін экспорттай алады [5].

Жоғарыда келтірілген мысалдар жаһандану факторларының әсерінен дәстүрлі форма жаңасымен – виртуалды халықаралық саудамен алмастырылатын халықаралық сауданың жаңа деңгейге өтуін куәландырады. Қазіргі кезде біз жаңа технологиялық Интернеттің халықаралық сауданы қалыптастыру туралы айтып отырмыз деп айтуға болады.

Тұтынушыларға жаңа қызметтері мен жаңа қызметтері бар өнімдерді ұсынатын бәсекелестердің келуімен электронды коммерция нарықты өзгертеді. Мысалы, дәстүрлі физикалық дүкендер Интернет арқылы жаңа тарату арналарын ұсыну, жаңа жабдықтар мен қызметтерге инвестициялау, жаңа дағдыларды жинау және олардың бизнес-стратегияларын қайта анықтау арқылы бағаның жоғарылылығы мен бәсекелестікке бейімделуі керек.

Қорытындылай келе, зерттеу негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Халықаралық сауда интернационалдандырылды, ол ТҰК қызметі және тағы басқалар сияқты факторлардың әсерінен пайда болды және дамыды.

2. Қазіргі жаһандану жағдайында халықаралық сауда жаңа сапаға ауысуда: ақпарат пен білім сатып алу-сату объектісіне айналды, сатудың жаңа технологиялары пайда болады, жаңа тауарлардың ғана емес, сонымен қатар тауарлардың пайда болуы туралы айту маңызды. физикалық сипаттамалары жоқ («Өнім» сөзінің дәстүрлі мағынасында), мысалы, мобильді қосымшалар.

3. Жаһандану факторларының әсерінен эволюция халықаралық сауда операциялары үшін төлем жүйелерінде жүруде.

4. Жаһандық әлемде жаңа сауда саясаты қалыптасып жатыр, оны «либерализация» деп атауға болады, оның мәні халықаралық саудада туындайтын мәселелерді шешуде, жаңа ережелер мен реттеу механизмдерін қалыптастыруда ашылады.

### *Библиографиялық тізім*

1. Воробьев К.Ю. Сущность электронной коммерции в системе международных торговых связей // Российский внешнеэкономический вестник. № 3. – 2020 С. 106 – 114.

2. Глобализация мирового хозяйства [Текст]: учеб. пособие / Под. ред. д-ра экон. наук, проф. М.Н. Осьмовой, д-ра экон. наук. Г.И. Глущенко. – 2-е изд. – М.: ИНФРА-М, 2017. 389 с.

3. Качуровский, Е.П. К31 Современная мировая экономика / Е.П. Качуровский. – Минск: Белпринт, 2018. – 582 с.

4. Чарочкина В. Максим Размахин хочет изменить рынок с помощью Thirstie. Секрет фирмы. Электронды парақшасы: https://secretmag.ru/business/trade-secret/thirstie.htm.

5. Мировая экономика и международные экономические отношения. Ч. 2. Коллектив авторов / под общ. ред. Т.В. Артеменко. РИЦ ХГАЭП. 2017. 160 с.

ӘОЖ 657.4

# МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Джумбаева Б.К.***
*2-курс магистранты*
***Розакулов К.М.***
*ЕА-119 группасының 3 курс студенті*
***Абилгазиева Ж.Е.***
*Ғылыми жетекші, э.ғ.к., аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме**
В данной статье рассмотрены вопросы признания и учета обязательств.
**Summary**
In this article, the issues of accounting settlements with suppliers and contractors are considered.

Міндеттемелер – бұл өткен кезеңдердегі оқиғалар салдарынан пайда болған кәсіпорынның қазіргі борышы. Міндеттемені өтеу, кәсіпорынның өзінде болашақ экономикалық пайдасы бар ресурстарының азаюына алып келеді [1]. Міндеттемелер – бұл міндет немесе әрекет етуге жауапкершілік немесе белгілі түрде іс-қимыл жасау. Міндеттемелер контракт бойынша немесе заңды талап салдарынан заңды күшке ие болуы мүмкін. Әдетте, алынған тауар, қызмет пен жұмыс үшін кредиторлық борыш бойынша осылай болады. Бірақ міндеттемелер күнделікті іскерлік қатынастар, салт-дәстүр және жылы қатынастарды қолдау немесе әділдікке жету нәтижесінде пайда болады.

Қазіргі және болашақ міндеттемені айыра білу маңызды. Басшылықтың болашақта актив сатып алу туралы шешімі өздігінен міндеттемені туғызбайды. Әдетте, міндеттеме кәсіпорын актив сатып алу бойынша бұзылмайтын келісім жасағанда немесе актив алынған пайда болады. Бұзылмайтын келісім дегеніміз – міндеттемені орындамаудың соңы: айып-пұл санкцияларын кәсіпорынға басқа жақтың пайдасына ресурстарының кетіп қалуынан қашу мүмкіндігін бермейді.

Қазіргі бар міндеттемені өтеу түрлі жолдармен орындалуы мүмкін:

- ақша қаражатымен төлеу;
- басқа актив беру арқылы;
- қызмет ұсыну;
- бір міндеттемені басқасына ауыстыру;
- міндеттемені капиталға алмастыру арқылы;
- басқа да өтеу құралы болуы мүмкін, яғни кредитордың өз құқығын жоғалту не бас тарту.

37 ХҚЕС-ке сәйкес міндеттеменің 3 негізгі ерекшелігін атап көрсетуге болады:

1. міндеттемені басқа субъектіге активтінемесе қызметті беру жолымен ғана өтеледі;
2. міндеттеме даусыз болуы қажет;
3. міндеттемені тудыратын құбылыс орын алуы керек.

Осы ерекшеліктерге сәйкес қабылданған міндеттеме тез арада мойындалып, бухгалтерлік есеп регистрлеріне тіркелуі керек [4]. Міндеттемені бухгалтерлік мойындау міндеттеме пайда болған күні жасалуы тиіс. Міндеттеменің сомасын өлшеу тікелей оның себебімен байланысты. Төменде міндеттемені және оның басқа да қаржылық есеп беру элементтеріне әсерімен өзара байланысын туғызатын оқиғалар туралы ақпарат берілген (1-кесте).

1 – кесте. Міндеттемелерді туғызатын оқиғалар

| Дебеттелетін шоттың типі | |
| --- | --- |
| Актив (көбею) | Несиеге сатып алынған ТМҚ |
| Басқа да міндеттеме (азаю) | Баланста ағымдағы төленуге тиісті шоттар ретінде көрсетілген, алынған тауарларды қамтамасыз ету үшін қол қойылған вексельдер |
| Бөлінбеген пайда (азаю) | Ақшалай дивиденттерді жариялау |
| Шығын (көбею) | Төленуге тиісті міндеттемені тудырған, жөндеу бойынша көрсетілген қызмет |
| Залал (көбею) | Компанияға қарсы сот тартысы |
| Қызмет үшін аванспен алынған ақша қаражаты | Келер жылға газеттер/журналдарға жазылу үшін жиналған ақша қаражаты |

Міндеттемені туғызатын операция, әдетте міндеттеменің пайда болу уақытын белгілейді. Сондай-ақ оның сомасын өлшеу үшін базсын қамтамасыз етеді. Мысалы, тауар сатып алу мен қызметті қабылдау кредиторлық борыштың пайда болуына әкеледі (егер олар жеткізуден кейін не тез арада төленбесе), ал банктен алынған несие оны қайтару міндетін жүктейді.

Кәсіпорын жыл сайынғы клиенттердің сатып алуына негізделген, болашақ жеңілдіктерді міндеттеме ретінде мойындауы мүмкін: мұндайда баяғыда тауарларды сату – нәтижесінде міндеттеме туғызатын операция болып келеді.

Міндеттемелер болашақта ресурстардың кері ағымын туғызатындықтан, оларды есепке алғанда міндеттемені өтеу күні ең маңызды мінездемесінің бірі болып табылады. Ағымдағы (қысқа мерзмді) міндеттемелер ағымдағы есепті кезең немесе негізгі қызмет ішіндегі операциялық цикл барысында уақытылы жабылуы тиіс немесе ағымдағы міндеттемелер ағымдағы ресурстарға деген талапты құрайды. Бұл талаптар облигация сияқты, өтеу мерзімі бірнеше жылға созылатын ұзақ мерзімді міндеттемелерден ерекшеленеді. Ұзақ мерзімді міндеттемелер, әдетте ағымдағы активтерге деген талапқа жатпайды. Осы негізде міндеттемелер ағымдағы және ұзақ мерзімдегі мендеттемелер деп топталады. [2]

Ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелер «баланстық есептеме басталған күннен бір жылдың ішінде немесе мерзімі бір жылдан асатын қалыпты операциялық цикл ішінде төленуге тиісті сомалар» ретінде анықталады.

1 ХҚЕС: Міндеттеме қысқа мерзімді деп топталады, егер:

1) оны компанияның қалыпты операциялық цикл ішінде өтеу ұйғарылса;

2) қайта сатылу мақсатында ұстап тұрса;

3) ол есепті күннен бастап, он екі ай ішінде өтелетін болса;

4) кәсіпорында баланс құрылғаннан бері 12 айға міндеттемені кейінге қалдыруға негізделген құқығы жоқ.

Барлық басқа міндеттемелер ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде топталады. Ағымдағы міндеттемелерге:

- қысқа мерзімді несиелер мен овердрафт;
- ұзақ мерзімдегі міндеттемелердің ағымдағы бөлігі;
- кредиторлық борыштар: төленуге тиісті шоттар, берілген вексельдер, сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған авансатр, салық бойынша борыш, төленуге тиісті дивиденттер, негізгі кәсіпорын мен оның еншілес кәсіпорыны арасындағы борыш, акционерлі қоғамның лауазымды тұлғаларына борыш, басқа да кредиторлық борыш;
- төленуге тиісті есептелген міндеттемелер;
- болашақ кезеңнің кірістері;
- күтілмеген жағдайлар бойынша есептелген міндеттемелер жатады.

Төленуге тиісті шоттар – бұл қайталанатын саудалық міндеттемелерге арналған өнім берушілермен есеп айырысу шоттары. Мұндай міндеттемелер фирманың қалыпты қызметі барысында пайда болады және тауарлар мен материалдарды сатып алуды, жеткізуді және тауарлар мен қызметті өндіру мен сату кезінде пайдаланатын қызметтер жатады:

Дебет ТМҚ

Кредит Төленуге тиісті шоттар

Саудалық шоттарға жатпайтын барлық басқа кредиторлық борыш (мысалы, табыс салығы не ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігі) төленуге тиісті шоттардан оқшауландырылады.

Төленуге тиісті қысқа мерзімді вексельдер – бұл бір жақтың (эмитенттің, вексельді беруші) екінші жаққа (вексельді ұсташыға) берілген белгіленген заңды тәртіпте құрастырылған шартсыз жазбаша борыштық ақшалай міндеттеме.

Қысқа мерзімді вексель – төленуге тиісті шоттарға ұқсас операциялар нәтижесінде пайда болтын, саудалық төленуге тиісті вексель немесе басқа операциялардан пайда болатын не есепті кезеңде өтелуге тиісті ұзақ мерзімді міндеттеменің ағымдағы бөлігінен туындайтын саудалық емес төленуге тиісті вексель болып келеді. Әлемдік тәжірибеде «Төленуге тиісті вексель» шотының пайда болу себебі, сату, қаржыландыру не басқа да операциялардың нәтижесі деп есептеледі. Кейбір өнеркәсіп салаларында вексельдер (саудалық төленуге тиісті вексель) сату бойынша немесе сатып алу операциясының, әдеттегі несие мерзімін ұзартудың орнына, бір бөлігі ретінде қажет (төлемді кейінге қалдыру).

Қысқа мерзімді вексель жылжымайтын мүлікті немесе кепілге берілетін нақты аталған активті ұстап қалу құқығы түріндегі кепілдікпен қамтамасыз етіледі және егер оны төлеу ықтималдылығы борышкердің төлем қабілеттілігіне қарай негізделсе, кепілдікпен қамтамасыз етілмеуі мүмкін.

Төленуге тиісті вексель пайыздық немесе пайыссыз болуы мүмкін. Пайыздық вексель құрамында пайыздық ставка бар. Бұл ставка бекітілген пайыздық ставка деп аталады. Пайызсыз вексельдерге тура пайыз көрсетілмей, оның орнына ішінде іс жүзіндегі пайыздық ставка немесе пайыздық кіріс деп аталатын жанама түрде пайыз нормасы көрсетіледі. Атауына қарамастан, ақшаның уақыт өте құнсыздануынан құтылу үшін, барлық қарыздар құжаттар тіке не жанама түрде борышкердің пайыздарды төлеуін талап етеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларға сәйкес, «7-20-25» бағдарламасына қатысуға ниет білдірген азаматтардың алғашқы жарнасын арзандату үшін жалпы саны 50 мың данадан кем емес тұрғын үй сертификаттары шығарылды. «7-20-25» сертификаттары бюджеттік сала қызметкерлері үшін алғашқы жарнаны едәуір жеңілдету мақсатында әзірленген. Сертификаттарды қала және облыс әкімдіктері өз тұрғындары арасында үлестіретін болады.

Мемлекет басшысы мәлімдегендей, мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру мұғалімдер, дәрігерлер, полиция қызметкерлері және басқа да жергілікті өңірлерге қажетті мамандық иелері үшін ипотеканың қолжетімділігін арттыра түспек.«7-20-25» сертификатының орташа номиналы 1 млн. теңгені құрайды.

2018 жылдың соңындада «7-20-25» бағдарламасының шеңберінде Шымкент қаласы мен Ақтөбе облысы жас отбасылар мен мемлекеттік қызметкерлердің («Жас Арман» және «Қамқор Баспананың» өнімдері) қаржылық қиындықтарды төмендету туралы келісімдерге қол қойды.

«Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ арқылы жүзеге асырылатын бағдарламаны қаржыландырушы банктер қарыз алушылардан қарыз беру және оны өтеуге қызмет көрсету үшін комиссияны алуға құқылы емес. Бұл бағдарлама тек қаржылық тұрақтылық талаптарына сай келетін және ұлттық рейтингтегі алдыңғы орындарға ие банктер арқылы (Еуразиялық банк, АТФ Банкі, Халық банкі, Цеснабанк, Тұрғын үй құрылысы банкі, Банк ЦентрКредит, RBK Bank) жүзеге асуда [4].

Осыдан 3 жыл бұрын Қазақстан ұлттық валютасы күрт құнсызданып, еркін айналымға жіберілген болатын. Содан жарты жыл өтпей, Қазақстандағы екінші деңгейлі бірқатар банк «тиімсіз» деп, ипотека арқылы несие беруді уақытша тоқтатқандығы белгілі. Дағдарысқа дейін ипотекаға пәтер алған азаматтар қарызын төлей алмай түрлі қиындықтарға тап болды. Қазір тұрғын үй нарығы біршама тұрақтады. Бүгінгі таңда 16 коммерциялық банк өз ұсыныстарын Қазақстан ипотека нарығына шығарып жатыр.

Статистикалық көрсеткіштерге тоқталсақ, биыл ипотекамен пәтер алғандардың саны өткен жылғыға қарағанда 44 пайызға өскен. Ал оның үштен екі бөлігі (63%) Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы берілген. Ресми деректерге сүйенсек, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы 2019 жылы 36 790 отандасымыз өз баспанасына қол жеткізген. Бұл көрсеткіш 2018 жылғыдан 33 пайызға артып отыр. 2018 жылы аталмыш банк ипотекасы арқылы 28 673 қазақстандық пәтер кілтін иемденген болатын [2].

Соңғы бірнеше жылда ипотека нарығында халыққа ұсынылған мемлекеттік және коммерциялық бағдарламалар саны аз болмады. Сондай бағдарламалардың бірі – «Нұрлы жер».

Көптеген қазақстандықтардың«Нұрлы жер» бағдарламасын бірдей талаптармен ипотека берілетін мемлекеттік ұсыныс деп ойлағаны жасырын емес. Ал, шын мәнінде, оны әр коммерциялық банк өзіндік шарттармен ұсынды. Біреуі тұрғындарға тиімдірек болды, тағы біріне сұраныс болмай, жабылып та қалды.

Мысалы, Қазақстан Ипотекалық Компаниясы пәтерді сатып алу құқығымен жалдау жүйесін «Нұрлы жер» бағдарламасымен енгізіп, оған әртүрлі мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар кезекке тұра алатынын жеткізсе, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің «Нұрлы жер» бағдарламасына кез келген азамат өтініш білдіре алады және ол бастапқы жарнаны тұрақты түрде жинаса, 5 пайызбен ипотекаға пәтер алады. Ал кейбір екінші деңгейлі банктердің «Нұрлы жер» атауымен ұсынған ипотекасы 10-12 пайыздық мөлшерлememен берілгендіктен, тұрғындарға тиімсіз болды. Олардың көп өтпей жабылғандығы белгілі. Мұндай банктердің қатарында Сбербанк те бар.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша несие беріп жатқан қаржы институттарының қатарында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жоқ. Дегенмен де, Қазақстан нарығында әзірге ең тиімді осы банктің ұсынысы болып отыр.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің 7 пайызбен 23 жылға дейін несие беру бағдарламасын жоғарыда көрсетілген мемлекеттік бағдарламаның баламасы ретінде қарастыруға болады.

Бастапқыда бағдарлама арқылы тек жаңа үйлердегі пәтерлер ғана сатылады. Екінші деңгейлі пәтерлерді сатып алу бағытын кейін жүзеге асыру жоспарланып отыр [3].

Тұрғындардың тағы бір күрделі мәселесі - жеңілдетілген ипотека бойынша тұрғындар жаппай үй ала бастаса, сұраныс артып, баға өсіп кетпей ме деген сұрақ. Біздің пікірімізше, тұрғын үйдің бағасы бұдан өзге де көптеген факторларға тәуелді. Біріншіден, баға ұсыныс пен сұранысқа байланысты. Үкімет сұранысты ынталандыра отырып, ұсыныс тауып, осы екі баланс сақталса, баспана бағасы көтеріле қоймайды.

Кейбір сарапшылар уақыт өте келе «7-20-25» бағдарламасына қатысу шарттарының күрделене түсетінін айтады. Мұндай шаралар, өз кезегінде, ипотека несиесін төлей алатын азаматтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді [4].

***Библиографиялық тізім***

1. ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2022 жыл,16- наурыз.

2. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы. Астана. 2018 жылдың 5 қазаны.

3. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің ресми сайты;

4. «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ ресми сайты.

ӘОЖ 336.717

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНКТІҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІН БАСҚАРУ МЕХАНИЗМІ


***Сапарбаева С.А.***
*Магистр,аға оқытушы,*
***Сатыбалдина А.У.***
*магистр, аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Несиелеу механизмі – несиенің берілу және қайтарылу әдіс-тәсілдерін және несиелеу процесін, сондай-ақ несиенің қозғалысына бақылауды қамтитын несиелік механизмнің құрамдас бөлігі. Басқаша айтқанда несиелеу механизмі несиені пайдалану механизмін білдіреді. Несиелеу механизмі – бұл несиені ғылыми тұрғыда тану механизмін сипаттайды. Бұл механизм тәжірибеде нақты әрекет ететін, өзінің субъективтік сипаты бар механизм. Несиелеу механизмі өзінің мәні жағынан несиелік процесс технологиясын бейнелейді.

Қазіргі несиелеу механизмінің құрамы төмендегідей құрамдас бөліктерден тұрады:

- несиелік әдістері және ссудалық шот түрлері;
- несиелік мәмілені құжаттау;
- несиенің мөлшерін белгілеу;
- несиені беру процедурасы;
- несиені қайтару тәртібі;несиелеу процесіне жасалатын бақылау;
- кепіл заттарын бағалау және іске асыру.

Несиелеу әдістері – ссуданың берілу және қайтарылу ерекшеліктерімен байланысты болатын, банктік несиенің кәсіпорындардың қаражат айналымының шеңберіне қатынасу тәсілдерін білдіреді.

Реформалауға дейінгі кезеңдегі отандық банктік тәжірибеде несиелеудің екі әдісі қолданылған :

- қалдық бойынша;
- айналым бойынша.

Қалдық бойынша несиелеу барысында несие қозғалысы несиеленетін құндылықтар қалдықтарымен тығыз байланысты болды. Ондай құндылықтарға: әр түрлі тауарлы-материалды құндылықтар, аяқталмаған өндіріс, алдағы кезеңдегі шығыстар, дайын өнімдер және жөнелтілген тауарлар жатады. Қорлардың нормативтен жоғары өсуі несиеге деген сұраныс тудырып, ал олардың азаюы несиенің сол мөлшерде қайтарылуын талап етті. Мұндай несиелеу әдісінде несие компенсациялық сипатта болды, өйткені несие шаруашылық органдардың құндылықтары мен шығындар қорларының нормативтен жоғары бөлігіне жұмсалған меншікті қаражаттарының орнын жабуға бағытталды. Компенсациялық несиелер жай ссудалық шоттар бойынша берілді.

Айналым бойынша несиелеу (тауар айналымы) әдісінің ерекшелігі ондағы несие қозғалысы материалдық құндылықтар айналымымен анықталады. Мұнда несие төлемдік сипатқа ие болды, себебі ссуданың берілуі тікелей төлемге қатысты және, ең бастысы, зайымдық қаражаттарға деген қажеттілік туындаған кезде жүзеге асырылды. Сөйтіп, айналым бойынша несиелеу әдісі төлемдік сипаттағы несиелердің көмегімен жүргізіліп, арнайы ссудалық шоттар бойынша беріліп отырған. Демек, бірінші әдіс бір-ақ рет пайдалануға жараса, екіншісі банктік ссудаларды үнемі беріп отыру үшін қызмет етумен қатар, халық шаруашылығының қорларының айналым шеңберін және төлем айналымын ұйымдастыруда үлкен роль ойнайды.

Қалдық бойынша несиелеу әдісі нарықтық жағдайға өтумен байланысты өзінің тәжірибелік маңызын жоғалтты, өйткені 80-ші жылдардағы банкті реформалаудың бірінші

кезеңінің барысында саны көп ауқымды объектілерді несиелеуден біртұтас несиелеу механизмі бойынша ірі объектілерді тек айналым бойынша несиелеуге өтудің объективті процесі аяқталды. Мұнда, айналым бойынша несиелеуге жиынтық қорлар мен өндіріс шығындары бойынша несиелеу формасын қабылдады, сондай-ақ мұндай формаға іс жүзінде шаруашылықтың барлық салалары өткізілді. Қазіргі жағдайда мұндай тәртіпте өнеркәсіптік, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылық, сауда және жабдықтау-сату ұйымдары несиеленеді.

Сонымен, қазіргі банктік тәжірибеде несиелеу әдісінің үш түрі қарастырылады :

- айналым бойынша несиелеу әдістері;
- қалдық бойынша несиелеу әдістері;
- айналым-қалдықтық.

Айналым бойынша несиелеу барысында несие несиелеу объектісінің айналымындағы қозғалысын жалғастырып отырды. Несие қарыз алушының шығындарын оның ресурсы босағанға дейін аванстайды. Ссудаға деген объективтік қажеттілікті ұлғайту шараларына байланысты ссуда мөлшері өсіп, бұл қажеттіліктің азаюына байланысты ссуда қайтарылады. Бұл әдіс негізінен несиенің қозғалысымен қажеттілікті төмендету немесе ұлғайту шараларына байланысты үздіксіз қамтамасыз ететін, яғни үздіксіз жаңартып отыратын процесс болып табылады.

Қалдық бойынша несиелеу барысында несие ссудаға деген қажеттілікті туындататын тауарлы-материалды құндылықтар мен шығындар қалдықтарымен өзара байланысқан. Несие бұл жағдайда тауарлы-материалды құндылықтардың қалдықтарын есепке ала отырып, компенсациялау тәжірибесінде беріледі, ал қажетті материалдарды сатып алу шығындары авансылау үшін берілмейді. Қалдық бойынша несиелеуде несиелеу объектісінің кішкене бөлігі қамтылса, ал айналым бойынша несиелеуде объектісі толығымен қамтылады[1].

Айналым және қалдық бойынша несиелеудің іс жүзінде ұштасуының нәтижесінде айналым-қалдықтық әдісі түзіледі. Мұндағы бірінші кезеңде несиеге деген қажеттіліктің туындауына байланысты несие берілсе, ал екінші кезеңде берілген несие қатаң түрде өтеледі. Бірінші кезеңде несие тауарлы-материалды құндылықтарды кепілге алып, шығындар айналымының бастапқы кезеңінде берілсе, ал екінші кезеңде несие клиенттің банк алдындағы мерзімді міндеттемелері негізінде өтеледі.

Несиелеу әдістері несиені беру және қайтаруға арналған ссудалық шоттар формаларын анықтауға негіз болады. Несиенің ұйымдастырылу қозғалысы банктің клиентке ашқан ссудалық шотында көрсетіледі.

Ссудалық шот – клиенттің банктен олған несиесіне байланысты қарызы көрсетілетін, яғни ссуданың берілуі мен қайтарылуы көрсетілетін шотты білдіреді.

Несиенің берілуі мен өтелуі, қарыздың көрсетілуінің ортақ біртұтас сызбасы барысында ссудалық шоттар өзара бөлінеді:

- ашылу мақсатына қарай;
- айналыммен өзара байланысы бойынша.

Ашылу мақсатына қарай ссудалық шоттар депозиттік-ссудалық болып келеді. Мұндай жағдайда, клиент өзінің банктік депозитке салынған меншікті қаражатын жұмсап қойған кезде ғана белгілі бір мөлшерде несие алуға хұқық алады. Егер бұл шотта дебеттік қалдық шықса, онда ол депозиттік шоттан ссудалық шотқа айналады.

Айналымы мен өзара байланысы бойынша ссудалық шоттардың үш типі болуы мүмкін:

1. айналым-төлемдік;
2. қалдықты-компенсациялық;
3. айналым-қалдықтық.

Осы үш типі мәні жағынан несиелеудің үш әдісіне сәйкес келеді.

Айналым-төлемдік шотты ашу барысында клиент әр түрлі қажеттіліктерге байланысты төлем құжаттарын: тауарлар мен қызметтер шотын, жалақыға берілетін

чектерді, берешек қарызды өтеуге, салықтар мен басқа да төлемдерді аударуға байланысты төлем тапсырмаларын төлеуге мүмкіндік алады.

Клиент барлық төлемдерді төлеуде қалдықты-компенсациялық шотты пайдалана алады. Клиенттің қанша несиелеу объектісі болса, сонша қалдықты-компенсациялық шоты болуы мүмкін. Бұл ссудалық шот алдындағы екі ссудалық шотқа қарағанда біршама қолайлы және көп техникалық рәсімделуді қажет етеді, Сол сияқты несиенің белгілі бір мақсатқа берілуі қатаң қадағаланады.

Айналым-төлемдік ссудалық шоттың ерекше бір түрін контокорренттік шот құрайды.

Контокоррент шоты – банктік тәжірибеде банктердің бірінші класты несиелік және төмен қабылеті бар қарыз алушыларға несие беруде активті-пассивті (есеп айырысу-ссудалық) шоттарды біріктіре отырып, пайдалануын білдіреді.

Бұл шот банк сенімінің ең жоғарғы формасын сипаттайды. Оның дебет жағы бойынша клиенттік өндірістік қызметіне және пайданы бөлуіне байланысты барлық төлемдер, ал кредитіне клиенттің есебіне түсетін түсімдер және басқа да түсімдер есепке алынады. Бұл шоттың кредиттік қалдығы клиенттің сол уақытта айналымда бар меншікті қаражатын, ал дебеттік қалдығы айналымға банк несиесінің тартылғандығын, яғни ол бойынша пайыз төлеп отырғандығын көрсетеді.

Қарыз алушыларды несиелеуге байланысты операцияларды жүзеге асыру үшін екінші деңгейлі банктер оларға ссудалық шоттар ашады: жай және арнайы.

Арнайы ссудалық шоттар шаруашылық ұйымның төлем айналымының үлкен бөлігін несиенің көмегімен жүзеге асыратын жағдайда және несиеге деген үнемі қажеттілікте болатын қарыз алушыларға ашылады. Қазіргі кезде арнайы ссудалық шоттар бойынша тауарлар қорлары айналымына байланысты бөлшек және көтерме сауда ұйымдары, сонымен қатар сату-жабдықтау ұйымдары несиеленеді.

Кәсіпорынға тек бір ғана арнайы ссудалық шот ашылуы мүмкін. Бірақ та банк кәсіпорындағы жекелеген қандай-да бір тауарлар, шаралары үстіне несиелеу қажет деп санаса, онда оған жай ссудалық шоттар ашуға мүмкіндік береді. Жай ссудалық шоттар бір рет ссудалар беру үшін ғана банктік тәжірибеде қолданылады. Мұндай шоттар бойынша қарыздың өтелуі қарыз алушының келісілген мерзімде мерзімді міндеттеме-тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады.

Несиелеу механизмінің екінші құрамдас бөлігі – несиелік мәміліні құжаттау. Бастапқы кезде банк пен клиент арасында ауызша келісім жасалып, оның соңы банкке несиелік ресурсқа сұралатын өтініштің жазбаша түрде несиенің мақсатын көрсете отырып тапсырылуымен аяқталады. Банкте клиенттің қаржылық жағдайын анықтауға және оның несиелік қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін материалдар болуы керек. Сондықтан да, банк клиенттен оның қызметі жайлы соңғы екі-үш жылдағы жыл басына жасайтын кәсіпорынның балансын, қажет болған жағдайларда таяу айдағы күнге жасалған балансын талап етеді. Кәсіпорынның балансына қоса банкке пайда және зиян туралы, ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы есептерін береді. Клиенттің белгілі мақсатқа несие алуға, оның қажетті мөлшерін, сыйақы мөлшерін және нақты мерзімнен тұратын несиеге деген қажеттілікті негіздейтін техникалық-экономикалық негіздемесі немесе бизнес жоспары болуы тиіс [2].

### ***Библиографиялық тізім***

1. Баян Көшенова, Оқу құралы / Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары, - Алматы: “Экономика” 2009ж.

2. Байгісиев Майдан-Әлі / Халықаралық валюта қатынастары және валюталық құқық: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 302 бет.

ӘОЖ 007 (075.8)

# ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


***Мергенбаева Р.П.***
*Магистр, оқытушы*
***Пошанова Н.О.***
*магистр, оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Қазіргі уақытта нарықтық қатынастар жүйесінде кәсіпорындар келесідей айрықша ерекшеліктерімен сипатталады, мөлшері, жұмыс істеушілер саны, қай салаға жататындығы, негізгі және айналым қорларының құны, шығарылатын өнім көлемі. Сонымен кәсіпорындардың үш түрін бөліп көрсетуге болады: ірі, орта және шағын. Олардың кешені бірін-бірі толықтыра отырып, экономиканың тұтас ағзасын құрайды.Ірі кәсіпорындар – нарыққа негізгі өнім шығарушылар болып табылады. Ірі кәсіпорындар – экономика «қаңқасы», экономикалық тұрақтылықтың базисі. Шағын және орта кәсіпорындар, үнемі жаңарып тұратын номенклатурасымен және ассартиментімен, аз ғана партияда өнім дайындау, шектеулі тұтынушылар жағдайында елеусіз материалдар мен шикізатты қолдану қажет болған жағдайда пайда болады.

Сонымен, шағын кәсіпорындар нарықтың салыстырмалы толған кезінде жекелеген тапсырыстарды есепке алып өнімді аяқтайды, яғни ұсақ – түйек өнімдер өндіріледі. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар қызметтің барлық саласында нолдік нәтиже алумен байланысты жоғары тәуекелге ие болып табылады. Бұл әрі инновациялық қызмет, әрі жаңа технологияны игеру. Өнімнің жаңа түрін игеру. Шағын кәсіпорындардың капиталымен тәуекел, іріге қарағанда қоғамға аз шығындар алып келеді, сондықтан мемлекет шағын кәсіпорындарды құру және дамыту үшін арнайы жеңілдіктер тәртібін тағайындау керек. Сондай-ақ шағын бизнес сферасына өздерінің тәуелсіз меншігі бар, шаруашылық еркіндікке ие және өз қызметі сферасында үстемдік етпейтін фирмалар жатады. Көптеген шетелдік зерттеулер шағын кәсіпорындарға 500 адамнан аспайтын жұмысшылар бар және сату көлемі 20 млн доллардан аспайтын фирмаларды жатқызады. Бірақ бұл көрсеткіштер шартты болып табылады.

Қазақстанда шағын және орта бизнеске бірнеше инвесторлармен құрылатын, географиялық шектелген зоналарда қызмет ететін және нарықтың шектеулі үлесіне ие, басқаруды құрушылар жүзеге асыратын, барлық негізгі стратегиялық шешімдерді өздері қабылдайтын кәсіпорындар жатады. Басқару сипаты икемділігімен, форьмалділіктің жоқтығымен шешімін қабылдау барысында, өндіріс саласындада, басқару саласындада жұмысшылардың өзара алмасуының жоғарылығымен ерекшеленеді. Әсіресе, бұл елде кризис және жұмыссыздық кезеңі болған кезде артықшылыққа ие, өйткені ірі компаниялар қызметі экономикалық кризиске байланысты болғандықтан, жаңа жұмыс орындарын ұсына алмайды. Американ-Экспресс ( 1987 ) мәліметтері бойынша шағын өнеркәсіптерде қалыптасатын жұмыс орындарының өсу қарқыны тұрып қалған ірі компанияларға қарағанда 3 есе көп. Шағын бизнестің артықшылықтары көрініп отыр. Бұл, шағын және орта бизенстің динамикалығы, икемділігі, тұтынушылар қажеттілігінің өзгеруіне тез жауап беру және тауарлар ассортиментін ауыстыру, технология саласына жаңалықтар енгізу мүмкіндігі.

Персоналды басқару сферасында бұл еңбек ұжымында бейресмилік, бюрократияның жоқтығы, жұмысшылардың басқаруға және табысқа тікелей қатыс алу мүмкіндігі. Шағын және орта бизнестің ерекшелігі қызмет ету сферасы болып табылады. Ірі кәсіпорындар жаппай өндіріс жағдайында, тұрақты тауар номенклатурасымен және көтерме сатып алушылармен жұмыс істейді. Шағындар ұсақ партиялармен шығарады, жеке

тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, нарықтық арнайы сегментіндегі және екінші реттік шикізат өндірісінің қалдықтарын пайдаланады. Мысалы, автомобиль өндірісі – ірі кәсіпорын қызметіне жатса, автомобильді жөндеу – шағын және орта бизнес қызметі. Шағын және орта бизнестің келесі бір тиімді ерекшелігі коллективті еңбекке ұмтылуы, жұмыс орнын сақтап қалуға тырысу және пайдаға қатысуға негізделген жұмыстың нәтижесінің максималды болуына мүдделілік болып табылады.

Ірі компаниялар кәсіби менеджерлерді жалдайды, алолар акционерлердің барлық талпыныстарының ерекшеліктерін білмейді, нәтижесінде басқару проблемаларына алып келеді, ал шағын кәсіпорындарда құрушының өзі менеджер, бір тұлға, сондықтан бұл жерде ешқандай түсініспеушілік мәселесі туындамайды[6] Бағдарламаны іске асыру өңірлік жеке кәсіпкерлікті дамытуға және бәсекеге қабілеттілікті дамытуға бағытталған. "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасын іске асыру кезеңінде 2010 жылдан 2017 жылға дейін қолдау көрсету бағдарланған экономиканың шикізаттық емес секторларының даму көрсеткіштерінде оң үрдіс байқалды. Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау құралдарын пайдалану мен кредиттерге кепілдік беру есебінен мемлекет өңдеуші өнеркәсіп, көлік және байланыс сияқты салаларды кредиттеу көлемін ұлғайту үшін екінші деңгейдегі банктерді ынталандыра алды.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы бойынша жұмыс істеп тұрған кредиттер портфелі 1 463 млрд. теңгені құрады, олардың ішінде инвестициялық мақсаттарға арналған кредиттік портфель 968 млрд. теңге. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша экономиканың басым секторлары бойынша банктік кредиттер портфелінің жалпы көлемі 9 397 млрд. теңгені, экономиканың басым секторлары бойынша кредит портфелінің жалпы көлемінде "Бизнестің жол картасы-2020" бірыңғай бағдарламасының қамтуы 15,5 % құрады (бұл экономиканың басым секторларындағы жалпы кредит портфеліндегі қолданыстағы субсидиялау және кепілдік беру шарттарының пайызы). Жалпы 2010 – 2017 жылдар аралығында банктердің өңдеуші өнеркәсіптегі жиынтық кредиттік портфелі 2,9 есе (455 млрд. теңгеден 1 323 млрд. теңгеге дейін), көлік секторында – 2,3 есе (252 млрд. теңгеден 573 млрд. теңгеге дейін), байланыс секторында – 1,9 есе (51 млрд. теңгеден 99 млрд. теңгеге дейін) ұлғайды [1].

Өңдеуші өнеркәсіпке берілген кредиттердің жиынтық көлемі осы үш жыл ішінде 3 есе (383 млрд. теңгеден 1 153 млрд. теңгеге дейін), көлік секторына – 2,6 есе (145 млрд. теңгеден 377 млрд. теңгеге дейін), байланыс секторына – 2,1 есе (22 млрд. теңгеден 46 млрд. теңгеге дейін) өсті[2].

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасында кредит қаражатының соңғы тұтынушысы қаржыландыру тартқан сыйақы мөлшерлемесі бойынша шектеу көзделген. "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасын іске асыру нәтижесінде берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі айтарлықтай төмендеді. 2010 – 2017 жылдар аралығында өңдеуші өнеркәсіпке берілген кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме жылдық 12 %-дан 10,3 %-ға дейін, көлік секторына – жылдық 12,5 %-дан 10,3 %-ға дейін төмендеді. Қалыптасып отырған ағымдағы жағдайды ескере отырып, мемлекет инвестициялар үшін барлық жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасап отырғанын, алайда айналым қаражатын толықтыруды қалайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау болмай отырғанын көруге болады.

Кредит беру құрылымы жөніндегі деректерді негізге ала отырып, Бағдарлама құралдарын осы бағытта кеңейту шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау деңгейін айтарлықтай жоғарылатып, осылайша елдегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің неғұрлым елеулі өсуіне алғышарт жасайды деп айтуға болады. Оқыту түрінде қаржылай емес мемлекеттік қолдау көрсету "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасына 2011 жылы енгізілді. Осы бағыт іске асырылған жылдары аталмыш қолдау танымал бола түсті. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "Шағын және орта бизнестің топ-менеджментін оқыту" жобасы бойынша 2525 кәсіпкер оқытылды.

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын жасау бойынша жұмыс жүргізілді. Мәселен, 2014 жылғы 1 желтоқсанда облыс орталықтары мен ірі қалаларда 18 кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды, оларда 273 мың кәсіпкерге 438 мыңнан астам консультация берілді. Өңірлік деңгейде 14 ұтқыр кәсіпкерлікті қолдау орталығы жұмыс істейді, оларда 52 мың кәсіпкерге 73 мың көшпелі консультация берілді. Бұдан басқа жұмыс істейтін кәсіпкерлік қызметіне сервистік қолдау көрсетіледі.

Мәселен, 192 мыңнан астам кәсіпкерге 428 мың қызмет көрсетілді. Осылайша, ағымдағы жағдайды талдау Бағдарлама ірі қалалардан тыс шағын және орта кәсіпкерлікті нысаналы қолдауды және кәсіпкерлік әлеуетті күшейтуді көздеуі тиіс екенін көрсетіп отыр. Жалпы қорыта келе, Қазақстандағы шағын бизнесті дамытудың мәні келесіде: халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз етеді; бәсекелестік ортаны қалыптастырады; жергілікті билік органдарының экономикалық базасын нығайтады; ауылдар, шағын және орта қалалардың дамуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, шағын бизнес республиканың перспективалы бағыты болып танылғандықтан, оны дамыту және оны жан-жақты қолдау іс-шаралары тиімді нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін маңызы зор [2].

***Библиографиялық тізім***

1. 1997 жылдың 19 маусымындағы Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті қолдау туралың заңы.

2. Садуақасов А. Шағын бизнесті шарықтатудың АҚШ-тық әдісі қандай? // Заң газеті. -2018. -19 желтоқсан, № 76-77.

ӘОЖ 636.2

## ҚР ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Арапбаева Ж.Ш.**
*Магистр, аға оқытушы*
**Онгарова Г.Т.**
*магистр, аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Қазақстанда қалыптасқан нарықтық қатынастар жүйесі ел экономикасын әрі қарай дамуы тәуелді болып табылатын бірқатар жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу қажеттігін туындатты. Бұл мәселелер кешенінің арасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді атауға болады. Талдаулар көрсетіп отырғандай соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда елдің экономикалық потенциалын айтарлықтай төмендететін және азық-түлік қауіпсіздігіне зиянын тигізетін жағымсыз сипаттағы тенденциялар байқалды. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - өзінің ішкі және сыртқы саясаттарын жүргізуі кезінде кез-келген ел соқтығысуы мүмкін стратегиялық мәселе. Елдің тұрақты дамуы туралы ешқандай сөз болуы мүмкін емес, егер ол ел өз халқын негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың толыққұнды және жеткілікті деңгейімен қамтамасыз ете алмайтын және өзінің жеке сыртқы саясатын жүргізе алмайтын болса, сонымен қатар, ел ішіндегі азық-түлік нарығы импортқа тәуелді болса жағдай қиын. Бұл жөнінде және тамақ өнеркәсібін дамыту бойынша ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әр жылғы халыққа жолдауында да баса назар аударылған еді. [1].

Кез-келген мемлекет экономикалық дамудың белгілі бір кезеңінде өсу нүктесі болып табылатын саланы анықтайды. Сондай салалардың бірі Қазақстан-2050 стратегиясында

көрсетілген тамақ өнеркәсібі болып табылады. Біз кіші шикізатқа бағдарланған ел болып қалмас үшін жеңіл және тамақ өнеркәсібін, мұнай және газ өңдеу инфрақұрылымдарын, химия және мұнай, химия, машина жасаудың жеке салаларын, соңғы ғылымсиымды өндірістерді, туризм мен қызмет көрсету сфераларын өте тез қарқынмен дамытуымыз керек. [2]

Тамақ өнеркәсібі елдің экономика жүйесінде құқық бойынша стратегиялық маңызы зор салалар қатарына жатады. Өйткені ауылшаруашылық саласында тамақ өнімдерінің нарығы қалыптастырылады және азық-түліктің стратегиялық запастары құралады. Тамақ өнеркәсібінің даму деңгейі соңғы жылдары отандық тамақ өнімдерін шығару көлемінің қысқаруымен және азық-түлік импортының артуымен байланысты тоқтап қалған елдің азық-түлік қауіпсіздігінің басты индикатыры болып табылады.

Соңғы кездері сырттан келетін көптеген азық-түлік тауарларына қатаң тыйым салынды. Адам денсаулығына ең қажеттісі бәрінен бұрын дұрыс тамақтану сапалы азық-түліктерден тұратын отанымыздың азық-түлік өнеркәсібі салтымызға сай сапалы адам денсаулығына зиянсыз тауарлар шығару, синтетикалық бояуларсыз, жағымсыз иістер, химиялық заттары жоқ тауарлар шығару бойынша жақсы дәстүрлерге ие. Басты мәселе азық түлік дайындайтын өндірістерде. Дамуымыз бен нығаюымыздың бірінші факторы, бұл өзіміздің мемлекеттен шыққан тауарлар. Мұның басты мәселесі ешқандай синтетикалық азық-түлік тауарлар бұның бәрі шетел компаниялары мен еліміздің инвесторларында компанияларының табиғи азық-түліктерді дамыған технологиялар арқылы өндіріп шығару. Азық-түліктердің экономикалық жоспарлы көлемі еліміздің ережеге сай болуы керек. Нарықтық экономикады азық-түлік тауарлардың қауіпсіздігі олардың бағасы және тұрғындардың көңілдерінен шығуы. Нарықтық эконмика жағдайында тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі қатарында төмен табысты халық категориялары үшін олардың бағаларының да қол жетімді болуы маңызды болып табылады. Ел тұрғындарының тұрмыс деңгейі тамақ рационына тікелей әсер етеді, өйткені олар азық-түлік тұтынудың ерекшеліктерін қалыптастырады. Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жағдайы тамақ сапасы мен нақты тұтынуына, отандық өндірістердің жеткіліктілігіне, халықтың жоғары табысына, импорттық тауарлар көлемінің аз болуына және жеткізудің сенімділігіне және т.б. тікелей байланысты.

Ауылшаруашылығының негізгі мақсаты – адам денсаулығына қауіпсіз тамақ өнімдерін қажетті көлемде, жеткілікті ассортиментте өндіру болып табылады. Қазақстан нарығында шетел өндірісінің тамақ өнімдерінің көптеген түрлері сатылады. Ол тамақ өнімдері өндірісте қолдануға және дамыған Еуропалық елдерде өткізілуге тыйым салынған компаненттерден тұрады. Азық-түліктің отандық нарығында шетелдіктер позициясының нығаюымен байланысты Қазақстан сапасыз және мерзімі өткен өнімдерді өткізу аймағына айналды. Сапасыз өнім әртүрлі аллергиялық, анкологиялық аурулардың пайда болуына әкеліп соғуда. Ішкі нарықтың импорт тауарларымен тез толығуы азық-түлікке қол жетімділікті тездетті және сонымен қатар отандық агроөнеркәсіптік өндірістің тоқтап қалуының негізгі факторына айналды. Азық-түлік ассортименті кең дамыған елдерден бізге арзан немесе сапасы төмен тауарлар келіп түседі. Олар біздің нарыққа еніп арзан бағада сатылады. Импорттық өнімдердің көптеп келіп түсуі, ауылшаруашылық өнімдерінің сапасына бақылаудың жоқтығы қатты байқалуда. Республиканың көптеген аймақтарының тұрғындары бақыланбаған тамақ өнімдері нарығына кезігуде. Сауда саттыққа сапасыз, арзан өнімдердің көптеп түсуі жаппай инфекциялық, аллергиялық аурулардың өршуіне әкеліп соғуда. Бұл мәселеге Ресей халқының ғалымдары да қатты қобалжулы. Соңғы 10 жылда елде негізгі ауылшаруашылық өнім түрлерін өндіру қысқарып кетті. В. Плотниковтың дәлелдеуінше шет елдің ет және ет өнімдерін әкелу 3,5 есе артып кетті, ал сүт өнімдері, күнбағыс майы, бидай өнімдері, қант т.б. көптеп әкелінуде. Әр жыл сайын импорт бойынша нарықта сапасы төмен азық-түліктер көбеюде.Сонымен қатар, сапасыз өнімдерді пайдаланудан халық ауруларының деңгейінің көтеріліп бара жатқандығы туралы белгілер көптеп түсуде. Бұл, әсіресе Англия мен

Европада және басқа мемлекеттерде «сиыр құтырмасы» атты ауруларының жаппай таралуымен байланысты түсінікті болды. Сапасы төмен азық-түліктерден пайда болған бұл ауруларға байланысты Еурокомиссия шешіміне сәйкес Европа елдерінде 2 млн. басқа жуық ірі қара мал жойылды, оның 400 мыңы Германияда қырылып жатыр. Соңғы уақытта «құс тұмауы» аурулары таралуда, бірақ оның адамның ішкі құрылысына зияны беймәлім. Тамақ өнімдерін тұтыну тақырыбын зерттей отырып А. Гордеев елдің өнім импортына тәуелді екендігіне көңіл аударды. [3]

Қазақстандық ғалымдар шетелдерден әкелінетін тауарлардың сапасының төмендігінің бірнеше себебін ажыратып көрсетеді. Біріншіден, бұл республиканың ауыл шаруашылығының дағдарысымен байланысты. Екіншіден, сапасы бақыланбаған тамақ өнімдерінің жаппай импортталуымен байланысты. Үшіншіден, шенеуніктердің сапасыз өнімдердің импортталуына қолайлы жағдай жасауына байланысты. Төртіншіден, Қазақстанға өнім әкелетін импортер- елдердің өндіруші фирмаларының дотацияларының қысқару процесі үлкен әсер етіп отыр. Бұл өз кезегінде олардың сапасыз шикізатты пайдалануына, соның нәтижесінде Қазақстан халқының денсаулығына қауіп төндіретін өнімдердің әкелінуіне әкеліп соғады.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізін ең бірінші агроөнекәсіптік кешеннің тұрақты әрекет етуі қалыптастырады. Сондықтан да оның негізін қалаушы рөлін сонымен қатар оны тұрақтандыруда және әрі қарай дамытуда мемлекеттік қолдаудың қажеттігін ескеру керек. Азық-түлікпен қамтамасыз ету қоғам дамуының ең маңызды жағы, сондықтан оны жеке қолға толығымен бере салуға болмайды, ал мемлекеттік қолдау көпаспектілі сипатты иемденуі мүмкін. Сонымен қатар өндірісті инвестициялау сферасын да дамыту керек. Реформалау жылдары ауылшаруашылығына инвестиция құю мүлдем тоқтап қалды [1].

ҚР экономикасындағы ішкі нарықты ерекше қажет жоғарғы сортты елімізге шығарылған тағамдармен тауарларды халыққа көптеп ұсынбақ. ҚР фонд тізімі бойынша келісім шартқа тауарлы өндірістермен жұмыс жасау. Біздің пікірімізше мына себептер қажет:

Біріншіден – егер мемлекет өзінің азық-түлікпен қамтамасыз ете алмаса, ол басқа елдермен саяси экономикалық мәдени тұрғыдан әлсірейді. Бұл жұмыстардың бәрі тауарды шектеуге, елге алып келуге гуманитарлық қызмет көрсетуде бас тартуға итереді.

Екіншіден – бұл мемлекет сыртқы сауда мен жұмыс істеп, отандық кәсіп орындары шектесе, онда өз мемлекеттерінде жұмыссыздық басым болады. Егер мемлекет ауыл-шаруашылығына тауар алатын болса, ол өз елімізге пайдасын тигізеді. Сатып алушы өзінің тауарын сапасын арзан бәсекеге қабілетті болуын қамтиды. Айырбас кезінде адамдар көп ұтылуы мүмкін. Орта және ішкі ұйымдарды әмбебап сауалдарының болмауынан оларды бастау немесе қамтамасыз ету дұрыс болмағандықтан аграрлық секторлардың жұмысқа деген қабілеті нашарлайды.

Үшіншіден – ең басты себеп Қазақстанда – бұл ең үлкен табиғи пайдалы қазбалар өмірдің шамалы сараптамасы өндірістермен тікелей байланыста. Көптеген практикалық дәлелдер өзін-өзі қамтамасыз ету тауарлардың ұлттық қауіпсіздігі Қазақстанда қаралған.

Төртіншіден – Қазақстан үлкен зор энергетикалық тартылыс күшіне ие. Аграрлық сектор мемлекеттік экономикасының ең басты бөлігі. Соңғы жылдары аграрлық комплекспен ауыл-шаруашылық динамикасын энергиясын көздерін нығайту.

Бесіншіден – табиғат жер шарында үлкен зор антропогендік күш. Қазақстан – көп елдердің бірі емес, физикалық жағынан экологиясы таза дүркін – дүркін мемлекеттің бірі.

Қазіргі кезеңде "азық-түлік қауіпсіздігі" деген ұғым екі мағынада қолданылып жүр. Біріншісі азық-түліктің жетіспеушілігі туралы да, екіншісі азық-түлік өнімдерінің сапасына қатысты, яғни адам ағзасына тигізетін зиянды әсері жайлы түсінік болып табылады. Басқаша айтқанда, біріншісі, экономикалық қорларды басқару, реттеуге қатысты болса, екіншісі тікелей сапалық басқаруға қатысты ұғымдар.

Елімізде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі Қазақстан Республикасының "Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы",

“Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы”, “Техникалық реттеу туралы” т.б. заң актілерінде қарастырылған. Осы заң актілерінде белгіленген талаптарды орындау, тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін әлемнің көптеген Казіргі таңда Қазақстан Республикасы кәсіпорындарына НАССР жүйесін енгізу арқылы төмендегі нәтижелерге қол жеткізуге болар еді.


***Библиографиялық тізім***

1. ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана: 2022 жыл, 16-наурыз
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 05.10.2018 күнгі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы
3. «Агроөнеркәсіптік кешенін және ауылдық аумақтарды мемлекеттік реттеу» ҚР Заңы.
4. Фесенко Н. Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2010-2020 годы: подводя итоги.


ӘӨЖ 658.615

## КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУЫ МЕН АУДИТІ


***Арапбаева Ж.Ш.***
*Магистр, аға оқытушы*
***Онгарова Г.Т.***
*Магистр, аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Қазіргі экономика – бұл бір-біріне қайшы келетін топтар қатынасы: нарықтық қатынастар жүйесі және барлық экономиканың саналы реттелуі.

Бұл мәселелерді шешу үшін кәсіпорынды тек қана техникалық потенциалмен қамтамасыз етіп қоймай сонымен қатар оларды пайдаланудың тиімділігін көтеру қажет.

Өнім өндірісі және қызмет көрсету процессінде келесі экономикалық ресурстардың түрлерін пайдаланылады: табиғи ресурстар (жер, сулы және тоғайлы, жер қойнауы); еңбек ресурстары (адамдар және олардың қызмет көрсету және тауарларды шығару мүмкіндігі); өндіріс қорлары (өндірістік ғимараттар, құрылыстар, станоктар, тасымал құралдары, материалдар, шикізат, энергия, запас бөлшектер және т.б.), адамдардың кәсіпкерлік қабілеттілігі.

Салық міндеттемесі – мемлекет алдындағы әрбір салық төлеушінің міндеттемесі болып табылады. Олардың есебі 3110-3190 шоттарда жүргізіледі. Сонымен қатар, кәсіпорынның міндеттемелері ретінде алынған аванстар бойынша есеп айырысулар, жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысулар, басқа да кредиторлық қарыздар қарастырылады.

Несиелерді есепке алу үшін «Несиелер» бөлімшесіне енгізілген 2010 «Банк несиелері», 3020 «Банктен тыс мекемелердің несиелері», 4030 «Басқа да несиелер» пассивті шоттары пайдаланады. Қарыз негізінен келісім-шарттың негізінде бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) өзінің меншігіндегі мүлкін немесе ақшасын береді, ол кезде қарызды алушы жағы сонымен байланысты барлық міндеттемелердің орындауды өз міндетіне алады. Сондықтан берілген несиені есепке алу үшін 3020 «Банктен тыс мекемелердің несиелері» деген шотын пайдаланады. Бұл пассивті шотта еліміздің ішіндегі және шетелдегі қарыз берушілердің (банктерден басқа) мәліметтері жинақталады [1].

4030-ші шотында кәсіпорынның еңбеккерлері үшін банкіден алынған несиесі, шығарылған облигациясы, тауарлары (жұмыстары, қызметтері) және берілген вексельдері есепке алынады.

Кәсіпорынның бюджетпен есеп айырысу операциялары «Бюджетпен есеп айырысу» бөлімшесінің шоттарында есепке алынады. Корпоративтік табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу 3110 пассивтік шотта жүргізіледі.

Кәсіпорын өз өндірісінің тиімді және ырғақты жұмысын қамтамасыз ету үшін өзінің материалдық-техникалық базасын жасайды, яғни өндіріске қажет қорларын құрайды. Кәсіпорынды жабдықтау экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларына сәйкес жүргізіледі. Кәсіпорын өзінің ұдайы өндірісін қамтамасыз ету үшін өнім шығарушы кәсіпорындармен немесе делдалдық ұйымдармен келісім-шартқа отырады.

Кәсіпорын жабдықтаушылармен мердігерлермен есеп айырысу үшін 4110 «Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу» шотын пайдаланады, онда есеп айырысулар сомасының деңгейіне және нысандарына (алдын-ала төлем ақы, инкасса, аккредитивтер, чектер) қарамастан, жабдықтаушылардан алынған материалдық, босалқы қорлар, атқарылған жұмыстар мен қызметтер үшін есеп айырысу жүргізіледі. 4110 шоттың кредиті бойынша жабдықтаушылардың акцептелген шот-фактурасы және дебеті бойынша – есеп айырысу, валюталық және басқа шоттардың кредитінен олардың төлемақысы жазылады.




Сурет 1. Бюджетпен есеп айырысулардың аудитін жүргізудің реттілігі

3110 «Төленуге тиісті корпоративтік табыс салығы» шотында заңды кредиторлық қарыздарды тексерген кезде аудитордың негізгі міндеттері:

- төлем тәртібі ережелерінің сақталуын тексеру;

- кәсіпорын балансындағы кредиторлық қарыз сомаларының заңды негізділігін және дұрыстығын тексеру;

- есеп айырысуларды ретке келтіру және кредиторлық қарыз көлемін төмендету бойынша нұсқауларды дайындау.

Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысуларды тексеру бағдарламасын құрастырған кезде аудитор ішкі аудит пен есептің жағдайын анықтау қажет[2].

Аудитор сонымен қатар «Ағымдағы міндеттемелер» бөлімінде есепке алынатын «Төленетін проценттер» бабын тексеру қажет. «Қызметкерлердің демалыстары бойынша белгіленген борышы» шотында резевтелген сомалар туралы мәлімет жинақталады. Аудитор өндіріс шығындары есебіне сомаларды резервілеудің заң актілеріне сәйкестігін тексеруі тиіс. Резервтерді құрудың міндетті шарты – оны құру тәртібі мен сомасы есеп саясатында көрсетілуі тиіс [3].

***Библиографиялық тізім***

1. Дюсембаев К.Ш. Аудит и анализ финансовой отчетности: учебное пособие. Алматы, 2018

2. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет А: Каржы-Каражат, 2018 ж.

3. Друри К. «Өндірістік және басқарушы есепке кіріспе» Москва, 2013 ж.

ӘОЖ 658.615

## КӘСІПОРЫНДА НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЕСЕБІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

***Әбілқасым А.Б.***
*Э.ғ.к., аға оқытушы*
***Сапарбаева С.А.***
*аға оқытушы магистр*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

Шаруашылық жүргізудің қазіргі жағдайында кәсіпорындардың күрделі экономикалық тетігін нақты, жақсы жолға қоймайынша, сондай-ақ толық, сенімді ақпаратсыз басқару жүйесін іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес.

Бухгалтерлік есептің мәліметтері негізінде бүкіл шаруашылық субъектінің қызметінің іс-әрекеттері сипатталып, оның табысы мен шығыны есепке алынады, қаржылық жағдайы ашып көрсетіледі, негізгі құралдарды тиімді пайдалануын, негізгі құралдардың есебін және тозуын есептейді.

Негізгі құралдар кез-келген өндірістің маңызды факторларының бірі болып табылады. Олардың жағдайы мен тиімді пайдалануы қоғамның шаруашылық қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді.

Есеп саясатының бұл бөлімінде шаруашылық субъектісін материалдық активтерді негізгі құралдарға апаруға критерилерін анықтап алу керек. Негізгі құралдардың есебі, бухгалтерлік есептің маңызды да күрделі бөлімдерінің бірі болып табылады және ол халықаралық қаржылық есептіліктің 16 «Негізгі құралдар» стандартымен реттеледі. 16 ХҚЕС қолданылатын келесідей негізгі құралдар өндірістік қызметте қолданылса да 16 ХҚЕС бойынша есебі жүргізілмейді: орманды жерлер және басқа табиғатты пайдалануды қалпына келтіруші басқа да объектілері, минералды қазбалар мен басқа да осыған ұқсас орны толтырылмайтын табиғи ресурстар, оларды іздеу және өндіру (16 ХҚЕС 2.б) [1].

16 «Негізгі құралдар» ХҚЕС сәйкес, негізгі құралдарға, бір мерзімнен артық уақыт ішінде компания өндіріс немесе тауарлармен қызметтерді жеткізу үшін, басқа

компанияларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсатта қолданатын активтер жатады. Ол үшін активтерді негізгі құрал ретінде бухгалтердің тануы жеткіліксіз.

Негізгі құрал тану дегеніміз, оларды бухгалтерлік баланс қосу үшін есепке қабылдауды білдіреді.

Негізгі құралдардың объект актив ретінде тану бір мезгілде екі шартты орындауды білдіреді (16 ХҚЕС 7.б).

Неізгі құралдар – материалдық активтер олар:

А) компания немесе тауарлы – материалдық қорларды жабдықтау және қызмет атқару үшін, басқа компанияларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін қолданылатын;

Ә) әрбір кезеңнен астам уақыт ішінде қолданылуды болжайды.

Негізгі қаражаттың объектілері үшін пайдалы қолдану мерзімі белгіленеді, бұл:

А) компания активтік пайдалану болжанып, күтілетін (есептік) кезең;

Ә) компания активті пайдаланып, жасауды көздейтін бұйымның саны. Басқаша айтсақ, негізгі құралдарды пайдаланудың экономикалық пайдасын алу болжанатын кезең.

Негізгі құралдардың объектісі актив ретінде мынандай жағдайларда пайда алады деп сендіруге болатын болса:

А) компания активке байланысты болашақ экономикалық пайда алады деп сендіруге болатын болса;

Ә) активтің өзіндік құны сенімді бағаланса.

Негізгі құралдар дегеніміз – ұзақ уақыт бойы (бір жылдан астам) материалды өндіріс саласында да, өндірістік емес салада да еңбек құралы ретінде іс - әрекет ететін материалдық активтер ұлттық комиссиясы.

2-ҰҚЕС-ның 16 - «Негізгі құралдар» бөлімінде негізгі құралдарға келесідей анықтама беріледі:

«Негізгі құралдар – бұл:

1. өндірісте қолдануға немесе әкімшілік мақсаттар үшін немесе басқа тұлғаларға жалға өткізу үшін тауарларды және қызмет көрсетулерді жеткізуге арналған;

2. күтілетіндей, бір жылдан артық қолданылатын материалдық активтер».

Ұсынылған анықтамалардан үш негізгі белгі айырықшаланады:

1. материалдық нысанының болуы;

2. кәсіпорынның қалыпты қызмет процесінде мақсатты сипатының қолданылуы (сату үшін арналмаған);

3. қолданылуының ұзақ мерзімі (кем дегенде бір айналымнан артық).

2-ҰҚЕС-ның 1 - параграфы 3 – тармағы 1 – тармақшасына сәйкес актив – бұл өткен оқиғалар нәтижесінде болашақ пайда алу күтілетін ұйымдармен немесе жеке кәсіпкерлермен бақыланатын ресурс.

Осылайша, ұлттық стандарттар принциптеріне сәйкес кәсіпорын активтермен байланысты болашақ экономикалық пайда алатынын жоғары деңгейдегі ықтималдылығын бекітуге болатын жағдайда негізгі құралдардың объектісі актив ретінде танылады.

Халықаралық стандарттарға ұқсастық бойынша, болашақ экономикалық пайда алу ұйымның:

1. активке байланысты игілік алатынына;

2. өз мойнына сәйкесінше тәуекелдерді алатынына қатысты анықтылығын білдіреді.

Егер актив экономикалық пайда әкелмейтін болса, онда оны сатып алуға кеткен шығындар есепті кезең шығыстарына есептен шығарылады.

Халықаралық стандарттарда және 2-ҰҚЕС – нда активті қолданудан болашақ экономикалық пайда алу міндеттеленеді, сондықтан 6 – «Негізгі құралдардың есебі» ҚБЕС бойынша негізгі құралдар объектілерін тану принциптері бойынша негізгі айырмашылық болып осы жағдай табылады.

Материалдық активтерді негізгі құралдар деп танитын тұста бағалауға бірыңғай қарау қажетті шарт болып табылады. 6 «Негізгі құралдар есебі» БЕС мен 16 «Негізгі құралдар» ҚЕБХС – на сәйкес негізгі құралдар мыналар бойынша бағаланады:

1. Бастапқы құн немесе өзіндік құнмен – активті немесе ғимаратты алуға сол сәтінде берілген, басқа өтелген әділ бағаның немесе төленген ақшалай қаражаттың немесе оның баламасының сомасы;

2. Ағымдағы құнмен белгілі бір күнде қолданыста жүрген нарықтық баға бойынша негізгі қаражаттық құны;

3. Өткізу құнымен (әділ бағаның) – мәмілеге дайын және жақсы хабардар тәуелсіз тараптар арасында жасалған операциялар кезінде активті ауыстыруға болатын сома;

4. Жойылу құны – шыққан шығынды тастап пайдаланылған мерзім соңында субъект актив алатын деп үміттенетін таза сома немесе сынған қалдықтардың қосалқы бөлшектерінің көзделетін бағасы;

5. Амортизациялық құнмен – жойылу құнын алып тастағандағы өзіндік құнның орнына есеп беруде көрсетілген басқа сома мен активтің өзіндік құны;

6. Баланстық құнмен – жинақталған тозу және баға түсуден жинақталған залал сомасын алып тастағанда бухгалтер баланста актив мойындалатын сома. Баға түсуден болатын залал – активтің баланстық құны оның орнын толтыратын құннан артқан сома.

Негізгі құралдарды бастапқы құнына келтіру мақсатымен шаруашылық жүргізуші субъект басшылығы кейбір кезде іс жүзіндегі бағаларға сәйкес. Бухгалтерлік есепте қайта бағалау сомасы негізгі құралдардың 2- ҮҚЕС-ның 16 - «Негізгі құралдар» бөлімшесінің тиісті баланстық шоты бойынша тікелей бастапқы құнын арттырады және қатар бір мезгілде 5320 «Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болатын қосымша төленбеген капитал» 54 бөлікшенің баланстық шоты бойынша көрсетілді[2].

Осы қатынас хатқа сәйкес, жазу мерзімі аса көп емес, сондай – ақ едәуір тозу дәрежесі бар негізгі құрал объектілерінің бастапқы индекстерін белгілегенде негізгі құралдардың қызмет ету мерзіміне байланысты индексті көшендету әдістемесі қолданылады. Бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша тозу дәрежесі бар негізгі құрылғылардың құнын ұлғайтушы алынған бастапқы индекстері 1 графасынан 30% - кем, 31-50% тозу дәрежесі 2 графадан, 51- ден 64% - іне дейінгі тозу дәрежесі 3 графадан, 65-тен 79% - ке дейінгі тозу дәрежесі – 4 графадан, 80- нен жоғары тозу дәрежесі 5 графадан.

Кез-келген кәсіпорын негізгі құралдар сәйкесті құжаттармен жүргізіліп отыратыны белгілі. Осыған орай орталық қызметі бойынша негізгі құралдарға байланысты барлық құжаттар алынып, талдау жасалынады.

Ұйымның негізгі құралдар есебін қарастыру барысында мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады:

- Кәсіпорындағы негізгі құралдардың операциялары барысындағы негізгі құралдар қозғалысының есебі 12 «Негізгі құралдар» деп аталатын бөлімінің шоттарында жүргізіледі. Ұйымдағы бухгалтерлік есеп Қазақстан стандартқа сай ұйымдастырылады.

- Ұйымда бухгалтерлік есеп стандарттар мен бухгалтерлік есеп шотының Бас жоспарын қолдануда кемшіліктер кездеседі. Ұйымда жүргізіліп жатқан операциялар алғашқы құжаттармен өз уақытында толтырылмайды. Мұның бәрі қателіктердің туындауына жағдай жасайды.

- Ұйымның негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдаланып, негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру қажет.

- Қор қайтарымы деңгейінің өзгеруіне біршама факторлар әсерін тигізеді.

- Қоғамда өнім мен қор қайтарымын шығаруды ұлғайту резервтерін санайды немесе орнатылмаған жабдықты іске қосу, оны ауыстыру және модернизациялау, толық күнді және ішкі смендік тоқтап қалуды азайту, оны интенсивті пайдалану, ғылыми – техникалық прогресс шараларын енгізу қажет [3].

***Библиографиялық тізім***

1. Кеулімжаев Қ.К. «Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері» Оқулық. Алматы Экономика 2016 ж.

2. Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерский учет А: Каржы-Каражат, 2020 ж.

3. Друри К. «Өндірістік және басқарушы есепке кіріспе» Москва, 2018 ж.

ӘОЖ 339

# БӘСЕКЕЛЕСТІК НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰРЫЛЫС КӘСІПОРНЫН ДАМЫТУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Оразбаева А.Б.***
*Магистр, аға оқытушы*
***Сатыбалдина А.У.***
*Магистр, аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ*

***Тауардың бәсекеге қабілеттілігі*** – бұл тек жоғары сапа мен техникалық деңгей ғана емес, сонымен қатар, бұл нарықтық кеңістік пен уақытта епті икемдену, ең бастысы сатып алушылардың бәсекелес топтарының талаптары мен мүмкіндіктерін барынша есепке алу. Мұнда, бәсекеге қабілеттіліктің барлық аспектілерінің объективті бағасы тұтынушылар әрекет ететін критерийлер негізінде жасалады. Тауардың бәсекеге қабілеттілігінің себептерін ұсынылатын өнімді өткізуді жасақтау және пайдалану үрдісін анағұрлым тиімді басқару нәтижесі болып табылатын тауар сипаттамаларының бәсекелестік артықшылықтардан іздеу қажет. Тауардың бәсекеге деген қабілеттілігі дамыған бәсекелестік нарықта оның коммерциялық табысын көрсететін маңызды фактор болып табылады. Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігінің ең басты индикаторы – мемлекеттің тұрақтылығы, заңдардың қадағалануы, азаматтардың өмір сүру деңгейі мен сапасын көтеру. Сондықтан, тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі қаншалықты жоғары болса, елдің де бәсекеге қабілеттілігі соншалықты жоғары болатындығы анық. Тауардың бәсекеге қабілеттілігі – бұл тауардың бәсекелес-тауардың ұқсас қасиеттерінен өндіруші және тұтынушы (сатушы және сатып алушы) үшін екі жақты тиімді өндіру (сатудан түскен пайда), сатып алу-сату (нарықтағы баға) және тұтыну (пайдалану шығындары) көрсеткіштерімен ерекшеленетін техникалық (техникалық деңгейі), функционалдық (пайдалану деңгейі) және экономикалық (сатып алу және пайдалану бағасы) қасиеттерінің жиынтығы [1].

Әлемдік тәжірибеде тауардың бәсекеге қабілеттілігі келесі факторлармен анықталады:

- өнім сапасының нарықтың және нақты тұтынушының талабына сай болуымен;
- сатып алуға, жеткізуге кеткен шығындармен;
- тұтынушыға тиімді уақытта жеткізу жағдайымен;
- кәсіпорынның нарықтағы беделімен және сенімді әріптес болатындығы туралы дәлелімен.

Әлемдік нарықта қалыптасқан өнімді ұсыну мен оның сұранысына қатысты маркетингтік қағидалар қоғамның дамуына, тұтынушылардың талғамдарына, ұсыныстың артуына байланысты жаңа бағытта көрініс таба бастады. Бұл өзгерістер, өз кезегінде «маркетинг философиясының» туындауына ықпал етті. Негізгі үш қағидадан тұратын бұл бағыттың негізгі нысаны болып тұтыну нарығының қажеттілігін ескеру саналады:

1. Кәсіпорынның негізгі мақсаты нарықтағы өзгерістерді, тұтынушылардың талғамдарына сай сұраныстың талабын назарға ала отырып, нақты қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдарын іздестіруге негізделуі тиіс. Өндірісте өнімнің көлемін арттыру

мүмкіндіктерінен бұрын, өнімнің жаңа түрлерін ұсынуға болатын нарық қуысын зерттеу осы қағиданың басты шарты.

2. Өзгермелі сұранысқа тез икемделу. Қазіргі тұтыну нарығы қажеттіліктердің неғұрлым қысқа мерзімде қанағаттандырылуымен ерекшеленеді. Дер кезінде тұтынушының сұранысына жауап қайтара білген өндіруші өзінің бәсекеге мүмкіндіктерін арттырары да сөзсіз.

3. Өндірістің тиімділігін арттыруда маркетингтің кешенділік сипатын ұстану. Жоғары сапалы ұйымдастырылып басқарылатын маркетингтік қызмет өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатып, сұранысты өсіреді, компанияның коммерциялық жетістікке жетуіне мүмкіндік беріп, олардың беделін өсіреді. Жұмыс жақсы ұйымдастырылса маркетингтік қызмет компанияның табысын өсіреді. Сондықтан маркетингтік қызметті ұйымдастыру, оның тиімді жұмыс істеуін басқару әлемдік нарықта сәтті әрекет ететін кез-келген компанияның басты мақсаты болып табылады.

Соңғы жылдары бәсекелестік қабілеттілікті жоғарлатудың бағалық емес факторларын қолдану тауарлар мен қызметтерді өндіретін компаниялар үшін қалаулы әдіс болып табылады. Бағалық емес әдістің негізгі құралының бірі - брендинг. Бұл өз кезегінде технологиялар мен білімдердің ғаламдық тарауына байланысты бәсекелестердің жаңашылдығын көшіруге және де бәсекестердің өнімінен сапалық жағынан артта қалмайтын өнім шығаруға мүмкіндік береді. Нарықта көптеген жаңа тауарлар мен қызметтердің пайда болу себептерінен тұтынушыларға тауарлар мен қызметтерді айыру қиынға соғып отыр. Сондықтан, нарыққа сапалы тауар немесе қызмет шығару жеткіліксіз. Тауарға немесе қызметке өз кезегінде «қосымша құн» беру қажет, яғни тұтынушының алдында тауардың немесе қызметтің тұтынушылық құндылығын жоғарлату қажет. Бұндай жағдайға брендингті қолдану арқылы қол жеткізуге болады[2].

**Стратегия** - бұл фирманың негізгі ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін таңдау, іс-әрекеттер бағыттарын анықтап бекіту және мақсаттарға жетуге қажет ресурстарды бөліп орналастыру.

Стратегия екі типке белінеді:

• қорғаныстық;

• шабуылдық.

**Қорғаныстық стратегиясының** екі бағыты болады:

1. **Имитациялық (еліктеу) стратегиясында** бәсекелестердің ғылыми-техникалық жетістіктерін пайдалану арқылы жаңалықтар енгізуден туатын қауіп-қатерліктерді азайтуға назар аударылады. Фирма нарықты үнемі байқап отырады, жаңа өнім пайда болуын күтіп отырады және ресурстарын ұқсас өнім, немесе, оның прототипін (түгі тұлға) өндіруге жұмылдырады.

2. **Куту стратегиясы.** Фирмалар осы стратегияны өзінің ұйғарымы бойынша осы нарықтан кетуді жоспарлағанда, немесе, басқа бәсекелес осы нарықта қолайлырақ орналасқанда, өз өндірісін жүргізу арқылы қолданады.

**Шабуылдық стратегияның төрт бағыты болады:**

1. **Рационализациялау стратегиясы.** Бұл жаңалықтар енгізу үшін ресурстардың өсуін талап етеді. Жаңа технологияға сынақ жүргізуге пайдаланатын балалық және венчурлік компанияларға қаржымен қолдау көрсетіледі.

2. Квотаны **(шығаратын өнімнің санын) дифференциациялау стратегиясы.** Бұның мақсаты - жоғары пайданы сақтап, фирма үшін нарықтың елеулі бөлігін қамту. Жоғары пайданың негізін тұрақты инвестициялар құрайды. Осының көмегімен фирма өз өнімінің бағасын төмендетіп, оған тұтынулық сұраныс ты өсіруді көздейді.

3. **Инновациялық стратегия** өнім мен қызметтердің жаңалануын, сонымен бірге негізгі қорлар өндірісінің жаңалануын және инновацияларды жаңа өнімдер мен технологияға енгізуді тілейді. Инновациялар өнімдік және технологиялық болып бөлінеді.

Өнімдік инновация жаңа өнім бағасын көтеру арқылы фирмаға өз пайдасын барынша көбейтуге мүмкіндік береді.

Технологиялық инновациялар өндірілген өнімнің өзіндік құнын төмендету арқылы және өнімнің сапасы өскенде, оның өзіндік құнының артық өсуіне жол бермей, пайданы барынша көбейтуге көмектеседі.

4. **Нарықтық қуыстарды меңгеріп оларды толтыру стратегиясы**. Бұл бағытты жүзеге асыру ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен, елеулі шығындар жасаумен және іскерлік тәуекелдікпен байланысты. **Тәуекелдік** - болжаумен және жоспармен қарастырылған шығындардың немесе табыс түспеуінің ықтималдығы. Тәуекелдіктің маңызды түрлері:

• өндірістік;
• коммерциялық;
• қаржылық;
• несиелік;
• проценттік.

Фирма теориясы негізін барынша көп пайдаға ие болу принципі құрайды, яғни табыстар мен шығындардың айырымының көп болуы. Фирманың қысқа мерзімдегі және ұзақ мерзімдегі іс-әрекеттерінің критериі - барынша көп пайда табу болады.

Қысқа мерзімге фирманың өндірісте пайдаланатын құрылыстарының жалпы көлемін және машиналар мен жабдықтардың көлемін өзгертуге жетімсіз болатын уақыт мерзімі жатады. Осы мерзімде олар өндіріс көлемінің өзгерісінің ізімен өзгеріп отырмайды, тұрақты болып қала береді. Өндірістің басқа факторлары (еңбек, капитал) өзгеруі мүмкін, сондықтан олар өзгермелі деп аталады.

Айталық, аяқ киім өндірісін көбейту үшін, бір жұмада жаңа ғимарат салып алу мүмкін емес, бірақ қосымша материалдар сатып алуға, немесе, жаңа жұмыскерлер жалдауға мүмкіндік болады.Қысқа мерзім шамасының көлемі өндіріс саласына, технологияға, басқа жағдайларға байланысты болады. Мысалы, домна өндірісінде кысқа мерзім өзінше ұзақ болса, балмұздақ өндірісінде ол өте аз болады.

Ұзақ мерзімге үнемі өзгеріп тұратын өндіріс дәрежесіне байланысты, фирманың өздерінің құрылыстары мен жабдықтарының қуатын өзгертуге мүмкіндік беретін, уақыт мерзімі жатады.

Ұзақ мерзімде фирма барлық өндіріс факторларының көлемін өзгерте алады. Бұлардың барлығы өзгермелі болады. Бұл мерзімде фирма факторларды келісімді түрде қиыстыруға тырысады, шығарылатын өнімнің берілген көлеміне жұмсалатын шығындардың барынша аз болуын көздеп, еңбекті капиталмен, немесе, керісінше алмастырып отырады[3].

Фирма әрекеттеріне тек уақыт әсер етіп қоймайды, оларға бәсеке формасы ықпал жасайды. Енді фирманың жетілген бәсеке жағдайындағы рационалды іс-қимылына назар аударайық. Фирманың мақсатын — баға мен шығындардың ара алшақтығын барынша кетеруді естен шығармайық. Жетілген бәсеке нарығында ешбір фирма өздері өндіретін өнімдер бағасына әсер ете алмайды. Баға тек жалпы нарықтық сұраныс пен барлық фирмалар ұсыныстарының бір-біріне әсер ету нәтижесінде белгіленеді. Егер фирма өз өнімдерінің бағасын көтерген болса, ол сатып алушыларынан айрылады, олар бұның бәсекелесінің өнімін сатып алады. Сөйтіп, сату нөлге дейін төмендейді. Фирма бағаға үстемдік ете алмайды. Оның шығындарының көлемі, осы кәсіпорындағы технологиямен болжамдалады [4].

***Библиографиялық тізім***


1. Абсалянова Н. Индустриально-инновационная перестройка экономики. //Байтерек, 2019, № 1.

2. Актуальная проблема развития экономики Казахстана в третьем тысячилетии: Сборник научных трактатов – Алматы: Экономика, 2020г.

3. Анализ и аудит в системе управления предпринимательской деятельностью: Учебно-практ. Пособие/ Под ред. Т.А.Тасмаганбетова. – Алматы: Юнчи, 2019г.

4. Блинов А.О. „Малое предпринимательство организационные и правовые основы деятельности” М.: 2018г.

ӘОЖ 339

# ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНДА ҒТП НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

***Пошанова Н.О.***
*Магистр, оқытушы*
***Мергенбаева Р.П.***
*Магистр, оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуы тежелуінің негізгі себебі шағын кәсіпорынның әдетте, ірі кәсіпорындармен салыстырғанда бәсекеге қабілетті өнімдер шығара алмауында болып отыр. Шағын кәсіпкерлікті ірі кәсіпорындармен біріктіру (коперациялау) мақсатында табиғи монополия субъектілерінің негізхгі қызметіне қатыссыз қызметтер көрсету жөніндегі функцияларын шағын бизнес субъектілерінің бәсекелестік ортасына беру тетігін әзірлеу қажет. Бұдан өзге, шағын бизнесте инновациялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологияларды сатып алу, және шағын және ірі бизнестің франчайзингтік қатынастырының кең таралуы есебінен дамыту үшін жағдай жасау керек. Инновациялық дамудың базалық үлгісі негізінде ішкі және сыртқы инновация көздерінің арасындағы қатынас жатыр. Инновацияларды өсіру стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке зерттеулерге негізделген өзіндік технологияларын белсенді жетілдіретін алдыңғы қатардағы елдерге тән. Технологиялардың трансферті стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке әзірлемелері жоқ және бұл мақсаттарға арналған ресурстары шектеулі елдерде де іске асырылады [1].

Сонымен, ғылыми-техникалық және қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- Мемлекеттің қатысуымен мамандanған венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;

- Инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау нысандарымен әдістерін әзірлеу;

- Инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы мамандanған субъектілерін құру енетін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру.

- Инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау; Өнеркісіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылым қалыптастыру

- Технологиялардың өркенитетті нарығы үшін жағдайлар жасау, яғни авторлық құқықты, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетел технологиясының тренсфертін ынталандыру

- Отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандартына өтуін жандандыру

- Халықаралық донор ұйымдардың, мүдделі қаржы – несие және шаруашылық құрылымдарының гранттарын тарту болып табылуы тиіс.

Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс. Саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- жеке сектормен серіктестік;

- инвестициялық және инновациялық ұсыныстардың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталуы;

- өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялылығы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету;

- қосылған құн тізбегін дамытуды қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенді сипаты;

- тең бәсекелестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тарту;

- индустриялық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы. Индустриалды-инновациялық саясат индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Ғылыми-техникалық саясатты әзірлейтін мемлекеттік органдар ғылым қуаты өндіргіш күшке, ғылыми-техникалық элеует - элемдік нарықтағы кез келген ел бэсеке қабілеттілігінің шешуші жиынтық факторы, ал ғылыми әзірлемелерді тиімді, пәрменді және мақсатты пайдалану - кез келген шаруашылық жүйесі орнықты дамуының маңызды алғышарты болғанын негізге алады. Мемл екеттің ғылыми-техникалық саясаты - ол ҒТП стратегиялық мақсаттарын қарқынды жүргізу негізінде қалайтын шаралар жүйесі болып табылады. Шаралар жүйесі елдің ғылыми-техникалық әлеуетін рационалды орналастыру мен пайдалануға, ғылыми және техникалық проблемаларға көзқарас жиынтықтылығына, жобалар ауқымдылығына негізделеді. Ғылыми-техникалық дамуды мемлекеттік реттеу мен енгізу мақсатты айқындау мен міндеттер бағдарламасын жасаудан басталады, онда мемлекет маңызды әлеуметтік міндеттерді іске асыру мақсатында ғылым мен техниканы дамытуға бөлінетін қаражатты елеулі арттыруды қарастырады. Мемлекет көп жағдайда экономикада ғылыми және техникалық үдерісті жеделдету үшін ғылыми-зерттеулерді, техникалық прогрессті ұйымдастырушы және басқарушы және ең бастысы қоғамдық өндірістің осы саласына түсетін қаржылай ағынның реттеушісі бола отырып, осы үдеріске тікелей араласады. Ғылыми-техникалық даму мен инновацияларды енгізуді мемлекеттік реттеу:

1) ел экономикасының жай-күйі мен дамыған елдер жетістігін талдау негізінде ғылым мен техниканы дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтауды[1].;

2) ел экономикасының қажеттілігі тұрғысынан жүргізіліп жатқан ғылыми және техникалық зерттеулер инновациялығын анықтауды;

3) экономиканың мемлекеттік және жекеменшік секторлары қаржылай салымдарды үйлестіруді;

4) экономикаға инновацияны енгізуді көтермелеуді қамтиды. Дамыған елдердегі мемлекеттік реттеу зерттеулерге және инновациялардың өндіріске енгізілуіне қолданылады (мұнда билік органдары зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізумен көбірек 127 айналысады).

Ғылыми зерттеулерді, жаңа техника мен жоғары технологияларды өндіріске енгізуді мемлекеттік көтермелеудің механизмі:

1) жекеменшік сектор тауарлары мен қызмет көрсетулеріне мемлекеттік тапсырыстар жүйесін жетілдіруді;

2) жұмыскерлердің инновациялық фирмаларға ауысуына жағдай жасауды;

3) тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапалық стандартын арттыруды;

4) жекеменшік кәсіпорындар мен мекемелердің ғылыми зерттеулер мен ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізуді қаржыландыруды көтермелеуді;

5) өндірістегі кооперацияның кеңеюін және инновациялық тауарлар мен қызмет көрсетулерді ішкі және сыртқы нарықта халықаралық еңбек бөлінісі негізінде іске асыруды қамтиды.

Салықтық көтермелеу мен венчурлі кәсіпкерлікке салықтық жеңілдіктер, жеделдетілген аммортизация, кепілді займдар, субсидиялар түріндегі мемлекеттік көмектің несиелік механизмі пәрменді жұмыс істейді. Субсидиялардың пәрменділігі: инвестициялар көлемімен; тікелей және аралық нәтижелермен; зерттеулердің жағымсыз әсерлермен; түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерімен сипатталады. АҚШ-та инновацияларды реттеу мемлекет: - мемлекеттік ресурстарды ғылыми-зерттеудің әртүрлі бағыттары арасында бөлуді іске асыратын және мемлекеттік зерттеулер құрылымын анықтайтын; - ғылыми-зерттеулерді және оларды экономиканың жеке меншік секторында іске асыруды ақшалай қаражатпен көтермелейтін; - экономикадағы инновациялық климатты қалыптастыратын; - зерттеулер мен әзірлемелерді қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым қалыптастыратын, статистика, стандарттау, ғылымитехникалық ақпарат, халықаралық ынтымақтастық қызметі сияқты және т.б. қызметтерді құратын. 129 қоғамдық өндірістің энергетика, экология және т.б. сияқты жекелеген салаларындағы зерттеулер үшін тікелей жауапкершілікте болатын. кадрларды даярлау және қайта даярлау бағыттар бойынша жүргізіледі. Көріп отырғанымыздай Қазақстанның мемлекеттік билік органдарына басқа елдер тәжірибесінен оқып үйренетін және қабылдайтын нәрселер бар.

Мыналар: 1) өтпелі кезеңде ғылыми әлеуеттен ішінара айырылу (ғылыми қызметкерлердің эмиграциясы, жобалау-конструкторлық институттардың ыдырауы және т.б.); 2) ғылыми-зерттеу жұмыстарын, өндіріс пен қызмет көрсетулер саласын аспаптармен және басқа да зерттеу құралдарымен қамтамасыз етудегі техникалық және технологиялық артта қалушылық; 3) қоғамдық өндірістің ресурс сыйымдылығының жоғарылығы мен осының салдары ретінде тауарлар мен қызмет көрсулердің бәсеке қабілеттілігінің төмендігі; 4) қолда бар ғылыми әзірлемелерді өндірістің әлсіз қажетсінуі (шетелдік фирмалар басшылырының менсінбей қарауы, отандық фирмалар басшыларының және кәсіпкерлердің жаңа әзірлемелермен жұмыс істеуге құлықсыздығы мен қырсыздығы) Қазақстанның гылыми-техникалық және инновациялық дамуының ерекшелігі болып табылады. 2010 жылы Қазақстанда ғылымға кететін шығынның үлесі ел ЖІӨ-нің 0,2% құрады. Халықаралық академиялық кеңес дамушы елдер үшін ғылымға шығындар үлесін ЖІӨ-нің 1-1,5% көлемінде болуын ұсынады, яғни ұсынылған көрсеткіштерден кейін қалу 5-7 есе болып отыр. Бұл тұрғыда осы көрсеткіш Ресейде 1,3 %, Қытайда - 1,4%, Германияда 2,5%, АҚШ-та - 2,8 %, Жапонияда - 3,3 % құрап отыр. Қазақстанда берілген патенттер саны 1671, Ресейде -19641, Қытайда 26292, АҚШ-та - 154760, Жапонияда - 217364 құраған. Қазақстандық өндірістік фирмалар өздерінің ақшалай қаражаттарын ғылымға және НИОКР өнімдерін сатып алуға салмайды, нәтижесінде олардың инновациялық белсенділігі 3-4 % деңгейінде ауытқып отырады, бұл дамыған елдер көрсеткішінен тым төмен. Қазақстандық ғылыми-зерттеу кешенінің тағы бір кемшілігі 130 бүкіл ғылыми саланың 80% зерттеу бөлігі және НИОКР үлесі 20% тек құрайтын қалыптасқан құрылым болып табылуында, нәтижесінде ғалымдардың, конструкторлардың және эксперименталдық (тәжірибелік) өндіріс қызметкерлерінің арақатынасы 25:4:1 құрап отыр, ал дамыған елдерде бұл 1:2:4 немесе 20% - фундаменталды зерттулерді, 30% қолданбалы зерттеулерді, 50% тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды құрайды. Қазіргі кезде Қазақстанда білім беру мен ғылымға орасан зор мемлекеттік қаражат салынып отыр және оларды толыққанды дәрежесінде пайдаланып, лайықты нәтиже алу керек [2].

***Библиографиялық тізім***

1. 1997 жылдың 19 маусымындағы Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті қолдау туралың заңы.

2. Садуақасов А. Шағын бизнесті шарықтатудың АҚШ-тық әдісі қандай? // Заң газеті. – 2018. 19 желтоқсан, № 76-77.

ӘОЖ 334

# НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫН ЖОҒАРЫЛАТУ

***Төребек Н.***
***Атабай Ж.***
*ҚР-120, 2 курс студенттері*
***Рысбаева С.К.***
*Ғылыми жетекші, магистр, аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Аннотация**

В статье рассмотрены основные пути повышения эффективности использования технических возможностей предприятия-это механизация и автоматизация производственных процессов, снижение простоев оборудования путем регулирования загрузки резервной мощности, изготовление продукции, не входящей в основную номенклатуру, повышение коэффициента замены оборудования, оснащение техники автоматизированной системой управления, проведение мероприятий научно-технического успеха и др.

**Abstract**

The article discusses the main ways to increase the efficiency of using the technical capabilities of the enterprise- mechanization and automation of production processes, reducing equipment downtime by regulating the loading of reserve capacity, manufacturing products that are not included in the main nomenclature, increasing the equipment replacement coefficient, equipping equipment with an automated control system, carrying out scientific and technical success events, etc.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары экономикалық болашақтық материалдық базасын, олардың өндірістік аппаратын құрайды. Негізгі қорлардың құрамын сапалы жетілдіру, оларды пайдаланудың тиімділігін жақсарту еңбек өнімділігін көтерудің, өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізгі факторлары болып табылады.

Кәсіпорынның техникалық мүмкіншілігін тиімді пайдалануды көтерудің негізгі жолдары – бұл өндіріс үрдістерінің механизациясы және автоматизациясы, құрал-жабдықтардың тұрып қалуын резервтік қуаттылықтың жүктеуін реттеу жолымен төмендету, негізгі номенклатураға кірмейтін өнім дайындау, құрал-жабдықтардың ауыстыру коэффициентін көтеру техниканы автоматтандырылған басқару жүйесімен жабдықтандыру, ғылыми техникалық жетістік шараларын жүргізу және т.с.с.

Өнімнің өндірісін өсіру, өзіндік құнын азайту, өнім сапасын жақсарту, мүлікке салықтың азаюы және балanстық өсімнің түсуі, кәсіпорынның негізгі құралдарын пайдалануын жақсарту оның қаржылық нәтижелеріне әсер етеді.

Кәсіпорында негізгі құралдарды пайдалануды жақсарту мына жолдармен жетуге болады:

- кәсіпорындағы негізгі құралдарды арендаға беру немесе артық жабдықтардан, машина және басқа негізгі құралдарын жасату;
- құралдарды жөндеулерді уақытында және сапалы түрде жоспар бойынша өткізіп тұру жоғары сапалы негізгі құралдармен мүліктену;
- қызмет көрсетуші персоналдардың квалификациялық деңгейін көтеру;
- шамадан тыс моралды және физикалық тозуды болдырмау мақсатында негізгі құралдардың, әсіресе активті бөлімді уақытылы жаңартып отыру;
- өндіріс процессіне материал және шикізат дайындығын сапалы жақсарту;
- өндірістің механизация және автоматизация деңгейін жақсарту;
- экономикалық мақсатта жөндеу қызметтерін орталықтандыру;

- өндірісті концентрациялау, мамандандыру және құрамалау деңгейлерін жақсарту;

- азқалдықты, қалдықсыз, энерго және отынүнемді – жаңа техника және жетілдірілген технологияны ендіру;

- машиналар мен жабдықтарды, тоқтаулар мен жұмыс уақытын жоғалтуларды қысқарту мақсатында ұйымның өндірісі мен еңбегін жетілдіру;

- кәсіпорында негізгі құралдарды пайдалануды жақсартудың жолдары сол немесе басқа кезеңде болған нақты шарттарға байланысты болады.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымына әсер ететін негізгі факторлар болып төмендегілер табылады:

1. шығарылатын өнім сипаты;
2. шығарылатын өнім көлемі;
3. механизация және автоматизация деңгейі;
4. мамандандыру және коопирациялау деңгейі;
5. кәсіпорындардың климаттық және географиялық орналасу жағдайлары.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымын жақсартуға төмендегілер мүмкіндік береді:

- құрал-жабдықтарды жаңарту және модернизациялау;

- станок және машиналардың жетілдірілген түрлерінің үлесін көтеру нәтижесінде құрал-жабдықтардың құрылымын жетілдіру, әсіресе мәрелік операцияларды орындайтын станоктар, автоматты және жартылай орындайтын станоктар, әмбебап агрегаттық станоктар, автоматтық машиналарды, сандық бағдарламалармен басқарылатын станоктар;

- ғимараттарды және үйлерді жақсы қолдану, бос алаңдарда қосымша құрал-жабдықтар орналастыру;

- құрылыс жобаларын дұрыс жасау және кәсіпорынның құрылыс жоспарларын жоғары сапалы орындау;

- аз пайдалынатын және артық құрал-жабдықтарды және оның бөлек топтарының арасында дұрыс пропорцияларды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтарды орнату.

Құрылыс көлемі артқан сайын кәсіпорын алдында терең бір проблема болып капитал салымдарының тиімділігін көтеру табылады, яғни капитал салымдарының бірлігіне келетін материалдық өндіріс саласында қайтарымды көтеру немесе жоғары әлеуметтік нәтижеге жету. Капитал салымдарының тиімділігі - өте ауыр көрсеткіш, оның жақсаруы келесі факторлардың кешенінен байланысты болады:

1. Инвестициялық циклды қысқарту, яғни қандай да бір құрылыс объектісін қаржыландырудың басы және оны пайдалануға енгізу аралығы. Бұл кезеңді қысқарту 2 мәселені шешуге мүмкіндік береді:

а) құрылыс объектісіне жұмсалатын халық шаруашылығынан алаңдайтын құралдар, демек олар өнімдерді пайдалану өндірісінде және халықаралық пайдаға қатыспайтын уақытын қысқарту;

б) негізгі қорлардың табиғи және моральдық тозуының арасындағы айырылысты қысқарту.

Құрылыстық өнеркәсіптік базаларының технологиясын және ұйымдастыруын жетілдіру төмендегілерді қамтамасыз ету қажет:

- заводтық дайындау, өнімді тасымалдау және объектілерді тұрғызу сатыларында толық еңбек сыйымдылығын төмендету;

- құрылыстың материал сыйымдылығын және отын-энергетикалық ресурстардың шығындарын төмендету;

- эксплуатацияға енгізілетін объектілердің сапасын көтеру;

- эксплуатациялық объектілердің қажетті сапамен қамтамасыз еткенде құрылыстың құнын төмендету.

2. Транспортта және құрылыста өнеркәсіптік базаларының еңбек өнімділігін көтеру.

Құрылыс өндірісінің барлық буындарында және соның ішінде кәсіпорындардың өнеркәсіптік базаларына еңбек өнімділігін көтеру резервтері жұмыс уақытының жоғалуын қысқарту, техниканы жақсы пайдалану және ең алдымен ауыр қол еңбегімен байланысты

болады. Еңбек өнімділігі тиімді өсуі үшін құрылыс бөлшектерінің және конструкциялардың заводтық дайындылығын көтеру табылады. Бұл еңбек операцияларын құрылыс алаңдарынан заводқа аудару операциясы техникалық жетістіктің міндетті бағыттарының бірі.

3. Құрылыстың сапасын көтеру. Құрылыс өндірісінде біткен объектілердің ақырғы өнімнің сапасы тек қана олардың ұзақ уақыт пайдалануында ғана әшкереленеді. Өз кезегінде бұл ақырғы өнім сапасы объектілерді тұрғызуға қолданған барлық материалдардың, бұйымдардың және конструкциялардың сапасы қиыстырылады. Осылайша құрылысқа қызмет көрсететін әрбір өнеркәсіптік кәсіпорында құрылыспен дайындалған объектінің сапасы сол немесе өзге өлшемде қалыптасады. Бұл жағдай өндірістік кәсіпорындарда жобалауда, олардың қызметін жетілдіруде және өндірілетін өнімнің сапасының бағасын анықтайтын болуы қажет.

4. Құрылыстың басқару жүйесін жетілдіру, соның ішінде құрылыс материалдары, бұйымдар және конструкциялар өнеркәсіптерінің кәсіпорындары, олардың ведомствалық бағыныштылығына байланыссыз. Техникалық жетістік жүрісінде өндіріс буындарының саны көбейеді, құрылысқа қатысатын ұйымдар арасындағы байланыстар қиындайды және біржола жедел шешім қабылдау және тарату талаптары көбейеді. Басқару жүйесін бірқалыпты жетілдіру, өндірісті жоспарлаудың барлық сатыларында сенімді есептерін пайдалану, басқарушылық еңбектің механизациясы және автоматизациясы - өнеркәсіптік құрылыс базалы кәсіпорындардағы техникалық жетістіктің сипатты элементтері болып табылады.

5. Құрылыс құнын төмендету – көптеген фактор санына байланысты нәтижелі көрсеткіш. Еңбек үрдістерінің көп мөлшерін құрылыстан заводқа ауыстырғанда құрылыс құнымен берілген заводтық өндірістің рөлі артады. Бірақ онымен завод өнімінің өзіндік құнының төмендеуіне алып келмейді. Кейінгі шығындарға талдау жасап және заводының өзіндік құнын төмендеткен өнімді немесе оның өндіріс технологиясын өзгерткен кезде келесі деңгейлерде артық шығындарға алып келмейтінін көрсету қажет. Белгіленген шаралардың тиімділігі құрылыс өндірісі деңгейінде тек қана нәтижелік шығындармен бағалануы мүмкін.

Шетел тәжірибесінде машиналарды жетілдірудің аталған бағыттарды пайдалану үшін тенденциялар байқалды. Экскаваторлардың кең номенклатурасын құру, мини экскаваторларды қоса сипатты болып табылады. Кәсіпорынның негізгі қорларын тиімді пайдалануды көтерудің, жоспарлаудың негізгі формасы болып техникалық дамуының, өндірісті ұйымдастырудың және кәсіпорынның техникалық қайта құралдануының жоспары табылады.

Техникалық даму және өндірісті ұйымдастыру жоспарында негізгі өндірістік қорларды пайдалануды көтеру шаралары келесі тарауларға топталған:

1. Прогрессивті технологияларды енгізу, өндірісті механизациялау және автоматтандыру;
2. Құрал-жабдықтардың қозғалыстағысын модернизациялау және көнергенін ауыстыру;
3. Өндірісті басқаруды, жоспарлауды және ұйымдастыруды жетілдіру;
4. Ғылыми-зерттеулік және тәжірибелі-конструкциялық жұмыстар;
5. Ғылыми еңбекті ұйымдастыруды енгізу.

***Библиографиялық тізім***

1. Кәсіпорынның 2018 жылғы негізгі қорлар амортизациясының журналы.
2. Савицкая Г.В. Экономический анализ.-М:ИНФРА-М, 2004
3. Хамзин С.К. Құрылыс өндірісінің экономикасы. Алматы: «Баспа», 2017 ж.

ӘОЖ 334.083

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

**_Аширбаева С.Б._**
_магистрант_
_Шымкент университеті, Шымкент қ._

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына жазылған «**Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі**» атты жолдауында «Қазақстан инвестиция үшін өңірлік тартылыс күші болуы тиіс» [1]. Біздің еліміз инвестиция үшін және технологиялар трансферті үшін Еуразиядағы ең тартымды болуға тиіс.

Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайды бағалау инвестициялық қызметті, әсіресе, өндірістік салада оны белсендету қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ішкі жинақтардың төмен деңгейі инвестициядағы өндірістік қажеттілікті қанағаттандыра алмайды. Сондықтан инвестициялық ресурстардың дефицитін шетел капиталы арқылы жабу қажет. Қазақстан үкіметі отандық кәсіпорындардың төмен инвестициялық белсенділігіне байланысты экономиканың құрылымдық жетілдіруін қаржыландыру үшін шетел капиталын тартуды басым бағыт ретінде қарастырады [2].

Қазақстан экономикасы үшін шетел капиталының мәні әлемдік нарыққа шығумен шектелмеуі керек. Экономиканы дамыту үшін мемлекет жоспарында инвестицияларды тарту стратегиялық түрде маңызы зор. Шетел капиталын экономиканың өсімін қамтамасыз ететін өнеркәсіп секторларға бағыттау қажет. Мемлекет ауқымы кең, ал инфрақұрылымы толық дамымаған. Республиканың табиғи ресурстарын шетел инвесторларының пайдалана алуына қолайлы жағдай жасау керек. Кеңестік кезеңде Қазақстанда инвестициялар шикізат салаларына бағытталып отырған. Республиканың минералды шикізат ресурстары шетел инвесторлары үшін тартымды. Республиканың минералды шикізатының потенциалды құндылығы сарапшылармен 8,7 трлн. АҚШ долларына бағалануда. Қазақстан пайдалы қазбалар қоры мен түрлері бойынша әлемнің бай елдер қатарына кіреді. Отандық кәсіпорындардағы технологияларының физикалық тозуы, экономикалық зерттеу Институтының мәліметтері бойынша 70 пайызын құрайды. Осыған байланысты экономиканың құрылымын қайта құру қажет: бәсекеге қабілетті өнеркәсіп секторын кеңейтуге немесе жаңартуға үлкен қаржы көздері қажет.

Инвестиция бағыттарының приоритеттерін анықтау, әсіресе экономиканың өнеркәсіп, өңдеуші саласына, бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ондағы инвестициялық белсенділіктің жандануы мен капитал салымдарының тиімділігін жоғарылату керек.

Түркістан облысы республикасының ең ірі аймақтарының бірі болып табылады. Облыс аумағы – 117,3 мың шаршы шақырым, немесе Қазақстан жерінің 4,3% алып жатыр [3].

2020 жылдың 1қаңтарына 2784,1 мың адам тұрады. Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы аумақтың 1 шаршы км шаққанда 22,8 адамды құрады.

Экономиканы тұрақты дамытуға инвестицияның қосатын үлесі айтарлықтай жоғары. Инвестиция экономикалық жүйелердің даму көзі ретінде қызмет атқарып, олардың бір жағдайдан екіншісіне өтуіне көмектеседі [4].

1-кестеде негізгі капиталға салынған инвестициялардың қаржыландыру көздері көрсетілген. 2020 жылы оның құрылымында бюджеттік қаржылар үлесі 39,1%, республикалық бюджет қаражатының үлесі 24,9% құраса, кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаражаты 53,5% және 7,3%-ы шетелдік қаражаттар үлесі есебінен қамтамасыз етілді.

Негізгі капиталға бағытталған инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі және ең үлкен үлесін кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаржылары болып табылады.

2019 жылды 2018 жылмен салыстырғанда жеке қаражаттар үлесі 43,5%-ға артқан. 2016 жылы негізгі капиталға салынған барлық инвестициялардың көлемі 203213 млн тенге құраса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 315089 млн тенгені құрады, яғни 1,6 есе өскен, сәйкесінше оның ішінде бюджеттік қаржылар 2,2 есе кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаражаты 2,1 есе өскенін көруге болады [5].

Қазақстанның инвестициялық ахуалын бағалағанда ең алдымен елдің табиғи байлығы, аграрлық және өнеркәсіптік әлеуеті, қолайлы орналасуы, саяси тұрақтылығы ескеріледі. Ал соңғы жылдары инфляциялық үдерістердің тұрақталуы, кәсіпорындардың қаржылық жағдайының жақсаруы отандық және шетелік инвесторлардың инвестициялық белсенділігінің артуына ықпал етеді.

Бюджет қаражаттары есебінен жолдарды пайдалану, су жинау, тазалау және тарату, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және әлеуметтік қызмет көрсету салаларын дамытуға қаржыландырады. Шетелдік инвесторлар қаражаттағы білім беру саласын, түсті металдар өндірісін, цемент, әк және гипс өндірісін, электр қуатын, газ бен су өндіру және оларды таратуды дамытуға болады.

1 кесте - Негізгі капиталға бағытталған инвестициялардың қаржыландыру көздері бойынша құрылымы

мың тенге

| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мың тенге | 2020/2016 |
| Негізгі капиталға бағытталған инвестициялар | 319043 | 262595 | 273094 | 318168 | 415524 | 1,6есе |
| Оның ішінде: | | | | | | |
| Бюджеттік қаржылар | 86567 | 93642 | 101213 | 123147 | 108675 | 2,2есе |
| Республикалық бюджет | 75203 | 68053 | 60103 | 78908 | 51963 | 1,8есе |
| Жергілікті бюджет | 11364 | 25589 | 41110 | 44518 | 56712 | 3,4есе |
| Кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаражаты | 70972 | 107970 | 117584 | 170395 | 286453 | 2,1есе |
| Шетел инвестициясы | 161504 | 60983 | 54297 | 24346 | 20396 | 65,6% |
| Ескерту: Түркістан облысының қысқаша статистикалық жылнамасы | | | | | | |

2020ж. облыстың әкімшіліктері мен аудандары бойынша инвестициялардың игерілуінің едәуір өсімі Шымкент, Арыс, Кентау қалаларында, сонымен қатар Сайрам, Созақ, Төлеби, Шардара аудандарында байқалады. Ал инвестицияның жалпы көлеміндегі ең үлкен үлесі Шымкент қ. 30,4%-ды құрап отыр, сонымен қатар Сайрам (14,1%) және Созақ (10,9%) аудандарына тиесілі. Себебі Сайрам ауданында сүт өнімдерін өндіру және жеміс-жидек, көкөніс консервілеу кәсіпорындары, жылыжайлар, ал Созақ ауданында ірі Казатомпром кәсіпорны жұмыс жасап отыр.

3-кестеде 2019 жылғы қаңтар-желтоқсанда инвестициялардың технологиялық құрылымында ең үлкен үлесін 61,9% құрылыс-монтаж жұмыстары немесе 197081 млн. теңгесін құраса, ал машиналар, жабдықтар, құралдар, мүкамалар үлесі 30,6% немесе 96639 млн. теңгесі, өзге де күрделі шығындар үлесі 7,6% немесе 24448 млн. теңгесі тиесілі.

3 кесте - Негізгі капиталға бағытталған инвестициялардың технологиялық құрылымы

млн. тенге

| | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2020/ 2016 | 2020 , үлесі, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі капиталға бағытталған инвестициялар, барлығы | 319043 | 262595 | 273094 | 318168 | 415524 | 116,5 | 100 |
| оның ішінде: Құрылыс-монтаж жұмыстары | 148214 | 143967 | 184090 | 197081 | 236793 | 107,1 | 61,9 |
| Жабдық, құрал, құрал-сайман | 138170 | 81676 | 61602 | 96639 | 150585 | 156,8 | 30,6 |
| Өзге де күрделі шығындар | 32659 | 36952 | 27402 | 24448 | 28146 | 89,2 | 7,6 |
| Ескерту: Түркістан облысының қысқаша статистикалық жылнамасы | | | | | | | |

Түркістан бойынша инвестициялардың технологиялық құрылымына жұмсалған қаржылардың барлығы 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 116,5%- ға өскенін көруге болады. Қазіргі нарықтық экономикаға көшу кезеңінде инвестицияларды халықтық тұтыну тауарлар өндірісіне, машина құрылысын дамытуға бағыттау қажет.

Отандық экономикаға шетелдік инвестицияның келуі, сәйкесінше, оларды тиімді қолдану мәселесін тудырды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, коммерциялық қызығушылықтарымен бірге, әлеуметтік факторлар, экономикалық және экологиялық қауіпсіздік ескерілуі қажет. Инвестицияларды тарту саясатының басты мақсаты экономикалық артта қалушылықты жеңу, шетел капиталын қолдану мен ұлттық экономиканы қайта құру және жетілдіру негізінде ел халқының әл - ауқатын көтеру.

Сонымен, облыстағы инвестициялық қызметтегі белсенділікті арттыру үшін келесі іс-әрекеттер көріну қажет [6]:

- экономиканы нақты секторында банктердің несиелік қызметін белсендіру;
- кәсіпкерлікке ақпараттық-талдамалық және ғылыми-әдістемелік қолдау көрсететін бизнес-орталық және ақпараттық орталықтардың жұмыстарын белсендіру;
- ішкі өндірістерді құру арқылы импорттық элекр энергияға деген тәуелділігін төмендету;
- аймақта өндірілетін тауарларды жарнамалау ісін жетілдіру және дамыту. Шетелде көрмелерді өткізу және облыс аумағында халықаралық көрмелерді ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу өндірісін дамыту;
- туристік инфрақұрылымды дамытуға инвестиция тарту.

Осы іс-шаралардың барлығы облыс экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді.

***Библиографиялық тізім***


1. ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың Қазақстан  халқына жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі», 1 қүркүйек 2021ж.
2. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық – инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік  бағдарламасы, Астана, 2019 жыл.
3. Түркістан облысының қысқаша статистикалық жылнамасы. Шымкент, 2021ж.
4. Муталиева А.А. Кәсіпорын экономикасы. Шымкент. 2018 ж. әдіст.құрал, 88 бет.
5. Нұрғалиева А.А. Кәсіпорын қызметін жоспарлау. Оқу құралы. Алматы. Қазақ Универ. 2019ж.
6. Сейтказиева А.М., Жунисбекова Г.Е. «Кәсіпорын қызметін жоспарлау». Оқу құралы, Алматы, Фортуна Полиграф. 2020ж.

ӘӨЖ 334.72

# ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ЗАМАНАУИ ДАМУЫ

***Ибраева А.К.***
*Бизнес және басқару кафедрасының магистры*
*Шымкент университеті*

**Аннотация.**
Бұл мақалада жастар арасындағы шағын бизнестің заманауи дамуы қарастырылады, өз бизнесін құру жолындағы әлсіз жақтары мен кедергілері айқындалады. Авторлар жастарды шағын кәсіпкерлікке тартуға бағытталған шаралардың мысалдарын, сондай-ақ дамудың бастапқы кезеңдерінде оқыту мен қолдауды ұйымдастыру нұсқаларын келтіреді.
**Негізгі сөздер:** кәсіпорын, жастар, кәсіпкерлік, бизнес, капитал, франчайзинг.

**Annotation.**
This article examines the modern development of small business among young people, identifies weaknesses and obstacles to starting their own business. The authors give examples of measures aimed at attracting young people to small business, as well as options for organizing training and support in the early stages of development.
**Keywords:** enterprise, youth, entrepreneurship, business, capital, franchising.

Қазақстанның экономикалық дамуында елдегі кәсіпкерліктің деңгейі маңызды рөл атқарады. Тұрақты бюджетті қамтамасыз ету және санкциялардан қорғау үшін жастарды тарту арқылы шағын және орта бизнесті дамыту керек. Экономикалық дағдарыс жағдайына бірте-бірте бетпе-бет келіп, кәсіпкерлердің жаңа ұрпағын қалыптастыру қажеттілігі туындады, өйткені олардың қабілеттері мен идеяларын белсенді түрде көрсетуге жастар ортасының өкілдері қабілетті.

Егерде олар мектеп кезінен бастап жас мамандарды қалыптастыруға және жастармен жұмыс істеуге арналған іс-шараларды ұйымдастыру арқылы өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігіне сауатты түрде жүгінсе, онда тәуекелге баруға және бастапқы капиталын құрбан етуге дайын болады. Ел үшін кәсіпкерлік қызметтегі жастар үлесінің артуы бірқатар оң аспектілерге ие: жұмыссыздықтың азаюы, жұмыспен қамтудың өсуінің салдары; ел бюджетіне түсетін салық түсімдерінің ұлғаюы және т.б. Бастапқыда әрбір студенттің өз ісін ашуға ынтасы бар.

Бірақ кәсіпкерліктің барлық түрі қаржылық тәуелсіздікті, өз әлеуетін және ең ерекше идеяларды іске асыруды, кәсіп иесінің икемділігін және де қадағалаушы органдар тарапынан, шектеулердің аз болуын талап етеді. Еліміздің болашағы жастардың кәсіпкерлік деңгейіне тікелей тәуелді болғанымен, Қазақстан Жаһандық кәсіпкерлік мониторингінің нәтижелері бойынша, жетекші орынға ие емес және 69 қатысушы елдің ішінде тек 67-орынға ие болды (https://instagram.com/shymkent.atameken).

Тіркелген жаңа кәсіпкерлердің саны, қызметін тоқтатқандармен салыстырғанда айтарлықтай аз. Мәселен, жыл сайын жаңа кәсіпкерлердің 4 пайызы тіркелсе, 11 пайызы өз қызметін тоқтатады. ҚР статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2020 жылдың сәуір айындағы жағдай бойынша 3,5 миллион жеке кәсіпкер салық комитетінде тіркелген, ал 7,7 миллионнан астам адам, мемлекет тарапынан ұйымдастырылып жатқан, шағын бизнес курстарын бітірген www.stat.gov.kz.

Жастардың кәсіпкерлік қызметте өсуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы қорлар құрылып, бірқатар шаралар қолға алынды. Мәселен, «Қоғамдық пікір» қорының есебіне сәйкес, Қазақстандағы бизнес қарқынды түрде жасарып келеді және қазірдің өзінде барлық бизнесмендердің 26 пайызы 30 жасқа дейінгілер санатына жатады. Ал

социологиялық сауалнамалар студенттердің 30%-дан астамы өз ісін ашуға ынталы екенін көрсетеді info@fund.kz.

Шымкент университетінде алдағы 2022-2023 оқу жылында «Шымкент университетінің жас кәсіпкер мектебі» атты жоба қолға алынса, онда студенттер лекцияларға қатысып, белгілі кәсіпкерлермен сұхбаттасып, сұрақтарын қойып, өз идеяларымен бөліссе, кеңестер алса, стартапты қаржыландыру мәселесі бойынша білімдерін ортаға салса деген ұсынысым бар.

Спикерлер ретінде Түркістан облысындағы табысты кәсіпкерлер, консалтингтік компаниялардың өкілдері, қаржыгерлер, маркетологтар, заңгерлер және өз саласының басқа да кәсіпқойлары шақыртылса. Осы кәсіпкерлерден, кәсіпкерліктегі бірінші қадамдық нұсқаулар, бизнесті дамытуға инвестиция табу жолдарын талқылап, сонымен қатар бизнесті ұлғайту жолдары бойынша ойларын ортаға салып, сондай-ақ студенттердің бизнес-идеялары талданса деген ойымды жеткізгім келеді.

Қалаған әрбір адам өз өнімі, идеялары туралы оң және теріс жақтарын алады. Осы іс-шаралардың барлығы жастардың кәсіп ашу шешіміне деген қызығушылығының артып, күмәндануының төмендеуіне алып келер еді.

Әрине ең алдымен, Түркістан облысында тұтынушылар арасында қандай тауарлар, кәсіпкерлер тарапынан қандай салалар сұранысқа ие екенін қарастырған жөн.

Жастар, басқа жас санаттағылардан айырмашылығы, өзгермелі нарықтық жағдайларға тез бейімделіп, шығармашылық ойлауымен ерекшеленеді, бірақ соған қарамастан, өз ісін ашуға жүрексініп, университет бітірген түлектердің айтарлықтай бөлігі, ақыр соңында жұмыс істеп тұрған ірі ұйымдарда жұмыс істеуді таңдайды.

Бұл, әрине, жастар кәсіпкерлігіне қатысты заңнаманың жоқтығы мен қазақстандық ортадағы, бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндіктерінің әлсіздігімен, сондай-ақ жас мамандардың шетелге кетуімен байланысты. Шағын бизнесті мемлекет тарапынан, қолдауға көмектесетін заңдар бар екенін де білетіндер аз.

Заңдардан басқа мемлекет салық жеңілдіктерін де ұсынады. 2015 жылдың 13 мамырынан бастап тіркелген кәсіпорындар үшін екі кезең үшін салық ставкасы 0% құрайды. 2015 жылдың 13 мамырына дейін тіркелгендер үшін 5%. Енді 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап патенттік жүйені қолданып, өндірістік-әлеуметтік салалар мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларындағы қызметті жүзеге асыратындар үшін салықтық демалыстар енгізілген-www.stat.gov.kz.

Жастар қаржылық мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан өз кәсіптеріне сақтықпен қарайды және банктер тарапынан жастарға, жиі сенімсіздік танытады. Ірі фирмалардан туындайтын қауіп-қатер, өз кезегінде, бәсеке, меншікті капиталды ұлғайту ғана емес, сонымен қатар бастапқы капиталдан айырылу мүмкіндігін арттырады. Қазақстандағы тұрақсыз экономикалық жағдай, басқа елдердің санкциялары тіпті ірі кәсіпорындар үшін де төтеп беру қиын болатын қауіп төндіреді.

Экономикалық дағдарыстар кезінде бірінші болып шағын кәсіпорындар банкротқа ұшырайды. Әрине, кез келген қызмет түрінің, соның ішінде шағын кәсіпкерліктің де бірқатар оң және теріс факторлары бар. Тұрақсыз экономикалық жағдайда, жас маманның қызмет түрін таңдауына, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, материалдық қолдауды ұйымдастыру, сондай-ақ ынталандырудың кез келген басқа түрлері үлкен әсер етеді.

Мемлекет жағдай мен заң жобаларын жасай алады, оған сәйкес ірі кәсіпорындар кем дегенде дамудың бірінші жылында шағын бизнестің тәлімгері болады. Өйткені, өздеріңіз білетіндей, ірі бизнес өкілдері үлкен жетістікке жеткен, кедергілерді жеңіп, қиындықтарды жеңе алатын адамдар. Олардың тәжірибесі мен нұсқаулары, жастар кәсіпкерлігінің дамуына үлкен әсер ете алады. Статистика комитетінің ресми порталының мәліметі бойынша, Түркістан облысы, жеке кәсіпкерлер саны бойынша екінші орында тұр. Түркістан облысының, шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, жас кәсіпкерлерге субсидиялар, несиелер, несиелер мен кепілдіктер ұсынады.

Франчайзинг – бұл жастар кәсіпкерлігінің тиімді құралы. Франчайзинг – нарықта аты белгілі компанияның құқықтарын, өндіріс технологиясымен бірге дербес кәсіпорындарға беретін бірнеше компаниялардың ұзақ мерзімді іскерлік ынтымақтастығының бір түрі. Өйткені нарықта аты шықпаған, беймәлім фирмаға қарағанда, тұтынушылары көп, танымал компанияның атымен нарықты жаулап алу жеңілдірек болып келеді. Бүкіл әлем бойынша франчайзингтік желілердің ұлғаюы осыған дәлел, және де көптеген қазақстандық брендтерді, халықаралық деңгейде танытуға болады.

Сондықтан белгілі бір аймаққа сәйкес, франшизаны таңдауға көмектесетін ұйымдар да жастар үшін жақсы көмек болар еді. Түркістан облысындағы, франчайзингтің өсу динамикасын бақылайтын болсақ, бұл көрсеткіштің жылдан-жылға тек өсімі байқалатынын айта аламыз. 2020 жылдың басында алдыңғы 2019 жылмен салыстырғанда франчайзингке қызығушылық 2,5 есеге өсті. Көбінесе Шымкент, Түркістан қалаларында. www.stat.gov.kz.

Осылайша, ынталандыру шараларын сауатты таңдау және мемлекеттік емес қорлардан және мемлекеттік бағдарламалардан, жастардың шағын бизнесін қолдауды ұйымдастыру, бизнесмендердің санын көбейтуге және Қазақстанның дамуының экономикалық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді деп есептеймін.

***Библиографиялық тізім:***

1. Интернет-портал «Шағын бизнес» [Электрондық ресурс]. URL: https://kz.ru/2019/01/17/predptinimatelstvo-site.html

2. Шымкент қаласындағы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайттары: (www.facebook.com/groups/ShymkentBiz),

Instagram: @Shymkent.atameken (https://instagram.com/shymkent.atameken)

Telegram: Бизнес штаб Шымкент (t.me/shymkent_business_shtab)

3. Франчайзинг сөздігі [Электрондық ресурс]. URL:

4. Қазақстан Республикасы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту Даму қоры E-mail: info@fund.kz, www.damu.kz, www.business.gov.kz

5. Түркістан облысы бойынша мемлекеттік статистика қызметі басқармасының ресми порталы [Электрондық ресурс] www.stat.gov.kz.

ӘОЖ 331.108.26

## КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

***Рысбаева С.К.***
*аға оқытушы*
***Қалдар А.***
*3 курс ЭК-119 тобының студенті*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Аннотация**

В данной статье рассмотрены стратегические направления совершенствования управления персоналом компании, методы и практические пути управления персоналом, пути и возможности его развития. В современных условиях особое значение в повышении социально-экономической эффективности их деятельности в любых компаниях приобретают вопросы приоритетных направлений практического использования направлений и методов стратегии управления человеческими ресурсами.

**Abstract**

This article discusses the strategic directions of improving the company's personnel management, methods and practical ways of personnel management, ways and opportunities for its development. In modern conditions, issues of priority areas of practical use of the directions and methods of human resource management strategy are of particular importance in improving the socio-economic efficiency of their activities in any companies.

Берілген мақалада компания қызметкерлерін басқаруды жетілдірудің стратегиялық бағыттарыда қызметкерледі басқару жолдарының әдістері мен тәжірибелік жолдары және оны дамыту жолдары және мүмкіндіктері қарастырылған. Заманауи жағдайда кез-келген компанияларда олардың іс әрекеттерінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыруда адам ресурсын басқару стратегиясының бағыттары мен әдістерін тәжірибеде пайдаланудың басым бағыттары мәселелері ерекше мәнге ие болып отыр. Компания қызметкерлерін стратегиялық басқарудың басым бағыттары негізінде оның мақсатына жетудің негізгі жолдарының бірі екені бәрімізге айқын.

**Негізгі ұғымдар:** Компания, қызметкерлер, басқару, еңбекті бөлу, адам ресурсы,кадр, кәсіби жұмыскерлер

Бірінші топ – әлеуметтік-экономикалық фактор, бұл өз кезегінде еңбек жағдайының түрлерінен тұрады, оның өзі ішінара топтарға бөлінеді:

- құқықтық нормативтік (заңдар, нормалар, стандарттар мен орындалудың әкімшілдік және қоғамдық бақылауы);
- экономикалық (материалды және экономикалық ынталандыру, марапаттау, моральды марапаттау, жеңілдіктер жүйелері, ауыр еңбек жағдайындағы компенсациялар және шығындарын өтеу);
- әлеуметтік-психологиялық (еңбекке деген қызметкерлердің қатынасы, психологиялық климат);
- қоғамдық саяси (қолайлы жағдай жасау үгін жұмысшылар қозғалысының түрлері, өнертапқыштық пен рационализациялау).

Екінші топ-техника-ұйымдастырушылық фактор.Олар жұмыс орнында қолайлы еңбек жағдайын құруға әсер етеді. Оның өзі келесі топтарға бөлінеді.

- еңбек құралы және оның өнімі (шикізаттар, материалдар, дайын өнімдер);
- технологиялық процесстер;
- еңбек құралы;
- өндірісті ұйымдастыру түрлері, еңбек және басқару.

Үшінші топ- табиғи факторлар, олардың әсері табиғи ортаның ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар құрал-жабдықтарға, технологияға, өндірісті ұйымдастыруға және еңбекке қосымша талаптар қояды. Олардың арасында келесідей кіші топтармен ерекшеленеді:

- географиялық (климаттық аймақтар);
- биологиялық (ауыл шаруашылығы әлеміндегі жануарлар мен өсімдік ерекшеліктері);
- геологиялық(пайдалы қазбаларды өндіру сипаты).

Аталған факторлардың барлығы еңбек жағдайларын бір уақытта және ажырамас бірлікте қалыптастырып, басқа параметрлерімен қатар өндірістік ортаны құрайды.

Сонымен қатар, сала, білестік, жеке өндіріс деңгейінде факторларды классификациялауға көмектеседі, атап көрсеткенде:

- еңбек жағдайын жақсартуға және оны ұйымдастыру мен талдауға
- еңбек жағдайын жақсарту іс-шараларын жоспарлауға;
- еңбек жағдайын жақсарту мақсатына бағытталған технологиялық процесстер мен қондырғыларды, жаңа құрал жабдықтар жобаларын өңдеуге;
- ресурстарды (қаржылық, материалдық, еңбек) еңбек жағдайларын жақсартуға шоғырландыруға;

- технологияның, жабдықтың өзгеруіне, жаңа материалдар мен технологиялардың енгізілуіне байланысты еңбек жағдайындағы өзгерістерді болжайды.

Компания қызметкерлерін басқарудың басты бағыттарының негізгі элеметтері:

- компания қызметінің мақсаты мен стратегиясы;
- компанияның жоспарлау мен болжау жүйесі;
- жоғары лауазымды басқарушылық кадрлардың қарым-қатынасы;
- қызметкерлерді басқару қызметінің ұйымдастырушылық құрылымы;
- қызметкерлерді басқару жүйесінің тиімділігі критерийлері;
- жүйенің қызметкерлерді басқарудағы шектеулер (қаржылық, уақыт, материалдық, жас, әлеуметтік);
- пайдаланылатын ақпараттардың қол жетімділігі, толықтылығы және нақтылығы;
- басқарушылардың біліктілігі мен дағдылары және басқару құзіреттілігі (барлық басқару деңгейлерде);
- сыртқы ортамен байланысы.

Компания қызметкерлерін басқарудың басым бағыттары бойынша компания стратегиясының құрамына:

- еңбек күшінің ағымын жоспарлау бойынша персоналды іріктеу;
- квалификацияларын бағалау;
- еңбек ақы төлеуі немесе еңбек шығынын жалақы түрінде толтыруы, пайда алуда қатысушылығы, акцияларды сатуы және т.б.;
- қызметкерлердің дамуы.

Компания қызметкерлерін басқарудың басым бағыттары бойынша стратегиясын жасау, жоспарлаудың соңғы кезеңі болып табылады. Сонымен бірге, оны таңдау соңғы болмауы мүмкін, өйткені басқа ұйымдар өзінің стратегиялық бағдарламаларын жасағанда компанияның стратегиясын құруға әсер етуі мүмкін. Ол, стратегия түрін таңдауына және бұрын пайдаланылған стратегиялық шешімдері мен басшының жеке қасиеттеріне, олардың артықшылықтарына мен тағы басқа факторларларына әсер етуі мүмкін.

Негізгі өндірістік жұмыс күшінің шығындарынан басқа, компания қызметкерлерін басқару бойынша экономикалық тиімділігін бағалау кезенде нәтижелік көрсеткіш қолданылады. Компания қызметкерлерінің (жеке жұмыскерлердің) еңбек әлеуетінің дамуы, басқару шешімдерін қабылдауы өндірістік әрекеттен қосымша нәтижесін алуға сілтеме жасайды. Бұл қосымшада нәтиже әр түрлі нысандағы көрсеткіштерімен бағалана алатындай етіп жасау қажет. Бұл қосымша нәтижелері келесіден тұрады:

- еңбек өнімділігінің өсуі, оның сапасының жоғарылауы салдарынан өнім көлемін ұлғайту түрінде;
- еңбекпен қамтамасыз ету, кадрлармен еңбек қатынастарындағы әлеуметтік мезеттерді есептеуі арқылы құрылады;
- кәсіби қызметкерлерді іріктеу мен біліктілігі мен бейімділігін жетілдіру ол өз кезінде құралдарды үнемдеуі түрінде (нәтижесі еңбек әлеуетінің белгілі бір жағдайына жету үшін қажетті құралдарын үнемдеуімен көрінеді).

Жалпы соңғы тиімділігін, барлық нәтижелердің жалпыланған көлемі ретінде (мысалы, өнім көлемінің өсуі, өткізуден түскен пайда және т.б.), екіншіден, нақты шараларды жүзеге асыруы арқылы жеке факторларының жиынтығы ретінде есептеуге болады. Бұл әдістердің әрқайсысының оң және теріс жақтары бар[2].

Егер компания қызметкерлерін басқару әрекетінің жалпы көрсеткіші ретінде өндіріс көлемі, оның өсуі, еңбек өнімділігінің өзгеруі сияқты синтетикалық көрсеткіштерді қолданылатын болса, онда олардың шамасын компания қызметкерлерін басқаруы арқылы жұмылдырылған өндірістің жеке факторы ғана емес, сонымен бірге техникалық-технологиялық және ұйымдастырушылық факторлары да әсер етеді.

Кесте 1. Компания қызметкерлерін басқарудағы еңбекті бөлу түрлері

| Түрлері | Түсініктеме |
|---|---|
| Функционалды | Міндеттерді бөлуқызметкерлер арасында бөлу белгілі бір қызметкерлердің немесе басқару аппараты бөлімшесінің арасында компанияны тиімді басқару үшін жүзеге асырылады. |
| Иерархиялы | Басқару иерархиясының деңгейлеріне қызметтерді жүзеге асыру үшін оларды белгілі бір топтағы басқарушы қызметкерлерге міндеттерін бөліп беріп, оның негізінде өкілеттілігін қалыптастыру |
| Техникалық | Белгілі бір қызметкерлер категориялары орындайтын ақпараттарды жинауы, сақтау және қайта құру операцияларын басқару процессін жіктеу |
| Кәсіпшілік | Қызметкерлерді кәсіби даярлығына байланысты бөлу. |
| Мамандылық | Жұмысты басқарушылық қызметінің құзіреттілігіне қарай және біліктілігіне, жұмыс өтіміне қабілеттілігіне байланысты бөлу. |
| Лауазымы | Қызметтерді басқару жүйесіндегі қабілетілігі мен бейімділігіне қарай |


***Библиографиялық тізім***

1. Стратегиялық менеджмент/ Көпешова С., Мұхтарова К.С., Алматы: Экономика, 2016, 275б
2. Управление персоналом в системе здравоохранения: практикум / А. А. Маукенова [и др.]. - Караганда : ТОО "Medet Group", 2016. - 128 с
3. Заманауи басқару жүйелері. ІІІ.: оқулық / Р. К. Дорф, Р. Х. Бишоп. - 12- бас. - Алматы : Дәуір, 2017. - 338 б. с.
4. Аманшаева, Д. М. Нарықтық қатынастар жағдайындағы кәсіорынның кадрлық саясатының ерекшелектері [Текст] / Д. М. Аманшаева // Транзитная экономика. - 2009. - №1.
5. Сирченко А. Е. Кадровая политика как инструмент управления персоналом // Молодой ученый. - 2015. - №12. - С. 496-499.
6. Одегов Ю. Г., Лабаджян М. Г. Кадровая политика и кадровое планирование; Юрайт - Москва, 2014. - 444 с.
7. Кадрлық потенциялық пайдалануды жетілдіру стратегиясы // Экономика негіздері. - 2015. - № 3.



ӘОЖ 631.15


# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ӘДІСТЕРІ


***Айдарова Р.Б.***
*2 курс магистранті*
***Қанат Д.М.***
*3 курс ЭК-119 тобының студенті*
***Купешев Ш.К.***
*э.ғ.д., профессор*
*Шымкент Университеті*



**Аннотация**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының даму барысын көрсеткен және мемлекет тарапынан қолдау мәселелері келтірілген


Аграрлық кешенді көтеру, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен өңдеу, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету экономикалық дамудың қазіргі

кезеңіндегі басты күрделі мақсатына айналып отыр. Нарықтық экономика жағдайында аграрлық саланы дамытуды мемлекет тарапынан реттеу және қолдау саясаты төмендегі нысандарда жүзеге асырылады асырылады:

- АӨК субъектілер қатынастарындағы субсидиялар, мемлекет тарапынан сатып алушылар және басқада көптеген мемлекет тарапынан қолдаудың нысандарын жасау;
- Өндірістік негізгі құралдарды – ауыл шаруашылық техникасының жабдықтарын, паркін, мал басын жаңарту үшін жағдайларды қолдайтын түрлі қаржылық құралдарды пайдалану;
- АӨК субъектілеріне несие-қаржылық құралдардың қолжетімділігімен жасақтау;
- АӨК-ді дамытушы жобаларды инвестицияларды барынша ынталандыру үшін өте керекті жағдайларын дайындау;
- Өнімдердің экспорттарын қолдау;
- Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздіктің саласында мемлекеттік қызметтерді ұсыну;
- ҚР АӨК қарқынды дамыту мақсатында қажетті көлік, су, сақтау және басқа да инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту жолдары болады;
- Экономикада салалық ғылымды дамыту мен агротехнологиялық білімдерді кеңінен жұмылдырып тарату;
- Мемлекеттік бюджет қаражатының жұмсалуын қадағалау [1].

Біздің мемлекетте негізінен ақшалай мен қаржылық қолдаудың құралдары негізінен басым болады.

Ауыл шаруашылық бағытында жем-шөп дән дақылдары егетін жерлердің жыртылу ауданы 2019 жылы 2484,3 мың гектарды қарады, ал оның ішінде жиылған ауданы 78 мың га жүгері дақылдарына дайындалған, бұл жерде 197,2 мың гектар қысқа мерзімді тек жылдық шөптер және 1780,1 мың гектар ұзақжылдық шөптерді құрап отыр.

Осы нарықта мал шаруашылық өнімдердің үлкен бөлігі халықтың жеке арнайы қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі, ал бұл болса өнімділіктің төменділігіне алып әкеледі, осы ішкі нарықта қажеттіліктің жоғарлап көтерілуін қамтамасыз етуге мүлдем мүмкіндік бере алмайды, ол өзіндік құнның жоғарлап және бәсекеге деген қабілеттіліктерін төмендетуіне соқтырады, импортқа тәуелділіктің артап олардың қалыптасуын арттырады. Сонымен қатар, барлық еттің түрлерін негізгі өңдеп өндірушілер қазірге дейін халықтық шаруашылықтар болып есептеледі, олар 2017 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша76,7% ірі қара мал басты, 67% қой мен ешкі, 72,5% шошқа,62,7% жылқы және 40,9% құс есептелуде. Мұнда мал шаруашылық өнімділік көрсеткіштері халықаралық көрсеткіштерден әлдеқайда төмен болады [2].

Ауыл шаруашылықта асыл тұқымды мал бас санының төменгі мөлшері, жемшөптердің сапасының төмендігі, оларды күтіп-бағу үшін шарттардың сәйкес еместігі Қазақстанда мал шаруашылық өнімділігінің төмен болуының басты себептердің бірі болады. Мал бастарының басым бөлігі халық шаруашылықтарында топтасуына байланысты мал шаруашылық саласына малдардың төменгі генетикалық табиғаты және де осыған байланысты өнімділік әлсіздігі, оларды күтіп-бағатын, тамақтандыру кезінде заманауи технологияларды қолданудың болмауы, бұл малдардың саулығына барынша көңіл бөлу сияқты жағдайлардың төмендігі болады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің мәселелерін талдауда қайта өңдеу өнімдері экспорты мен импортының теңдігі өнімдер бойынша Қазақстан нарығының көп мөлшері импортқа тәуелділігі анық болады.

Нарықта үкіметтік емес ұжымдық-ұйымдардың өздері дайындаған тамақ өнімдерін анықтаулары үшін түрлі шараларды атқару құқықтарын беретін мүмкіндіктерін барынша пысықтау болу қажет еді.

Ал қазіргі кездерде жүнді және теріні, яғни былғарыны илеу шикізаттарын қайта өңдеудің мөлшері өте төменгі деңгейде қалып, болашақта олардың мөлшері көтеруледі деп сенім артамыз. Себебі осы тауарларға сұраныстың төмен болуымен байланысты

болуы мүмкін. Жүннің жуылып тазартылғаны және өңделген тері шикізаттарын сатылу үлестерінің жоғарлауы үшін жеңіл және тоқыма өнеркәсіптік кәсіпорындарын дамытуға ықпал етулері болып отыр.

Халықаралық нарықты қорғау үшін іс-шаралар мен әрекеттердің идеологиялық тұрғыдан барынша қолдаулармен ыңғайландыруы тиіс болады. Ол үшін нарықта халыққа отандық тамақтық өнімдерін күнделікті қолдануға ынталандыруда насихаттап, яғни халықтың отандық өнімдерімізге өздерінің сенімділігін жоғарлату бойынша кеңінен барынша ауқымды компания немесе дәлелді шараларды атқару қажет болып отыр [3].

Сонымен қатар 2019 жылы болған ұлттық валюта-теңгенің құнсыздануы да ауылшыруашылық тауар өндірушілердің тиімділігіне кері әсерін тигізетіні анық. Осының нәтижесінде ауыл шаруашылық барлдық шаруашлық кәсіпорындары алдында қабылданған несиелік міндеттемелері бойынша жоғары сыйақы мөлшерін және несиелер бойынша борыштардың негізгі бөліктерін төлеу мәселелеріне ие болады.

Міне, осыған байланысты несиелік пен жобаларды қайта құрылымдап, жанамалап қосымша қаржыландыру, сонымен қатар АШТӨ бар барлық берешектерін өтеулеріне барынша қаржыландыру жолымен АӨК субъектілерін бір реттілікпен қаржылық түрлерінде барынша оларды сауықтырып жандандыру мақсатында шараларын қабылдау қажет болды.

Ауыл шаруашылығында ветеринариялық қауіпсіздік ерекше орынға ие болып отыр. Бұл жерде тұрақсыз эпизоотиялық жағдай АӨК-ні өсірудің басты қауіптері болып есептеледі. Территория шекараларының маңы мен өңірлері ауруларға жиіререк ұшыраған, бұл жерлерден инфекциялар оданда әріқарай елдің басқа бөліктеріне кеңінен тарайды. 2018 жылы көптеген инфекциялық аурулардың 227 орталықтары анықталды, солардың нәтижесінде Қазақстанның облыстарының мал шаруашылықтары өнімдердің экспорттарына тыйым берілді [4].

Малдарды зерттеу жағдайында тамақ қауіпсіздігіні жүйелерін дамытулары біршама факторларды тежеулеріне ие болады. Бұл жерде мал басының көп бөлігі жеке өз үй шаруашылықтарында болады, ал бұл болса ветеринариялық бақылауды өте қиындатады.

Нарықтық экономиканың қазіргі уақытында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында заңнамалық базаның бар болуына қарамай олардың іс-қимылдары орынды дәрежеде мүлдем ыңғайлы емес болады.

Қорыта келе, мемлекет тарапынан жасалынатын аграрлық саладағы тауар өндірушілерді қолдау шаралары агроөнеркәсіптік саланың қарқынды дамуына септігін тигізіп, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады.

### *Библиографиялық тізім*


1. Аграрлық сала мемлекет қамқорлығында // http://i-news.kz/news /2011/12/12/6190805-agrarlyk_sala_memleket_kamkorlygynda.html

2. Қазақстан цифрларда. Статистикалық жинақ. -Алматы: ҚР статистика Агенттігі. 2018-2020 жж.

3. Ауыл шаруашылығын қолдау үшін мемлекеттік бағдарлама //http://kz.vtb-bank.kz/juridical/services/state/agriculture/

4. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры: 2018 жылғы қорытындылары //http://mgov.kz/kz/fermeram-vy-dali-kreditov-na-28-mlrd-tenge/

ӘОЖ 657.471

# АУТСОРСИНГ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

***Жанысбекова У.К.***
*2 курс магистранті*
***Кенжалы А.А.***
*2 курс ЭК-120 тобының студенті*
***Асілбеков Д.Қ.***
*аға оқытушы, магистр*
*Шымкент университеті*

**Аннотация**

Аутсорсинг қазіргі уақытта экономиканың барлық салаларындағы қазіргі заманғы дамудың аса маңызды үрдісіне айналды, ол көбінесе ұлттық экономикалардың дамуын және ұлттық және халықаралық еңбек бөлінісіндегі құрылымдық өзгерістерді айқындайды. Жаһандану процестері аясында аутсорсинг жекелеген ұлттық шаруашылықтардың шеңберінен шығады. Жаңа халықаралық экономикада қызмет көрсету саласы болашақта осы тенденцияны сақтай отырып, қызмет түрлерін одан әрі кеңейтуге және байытуға серпін алады.

Аутсорсингтің стратегиясы алғаш рет АҚШ-та әзірленіп, өткен ғасырдың 70-ші жылдардың ортасынан бастап жүзеге асырыла бастады. Сонан соң оны Жапония және европалық елдер белсенді пайдалана бастады. Аутсорсингтің нәтижесі – «екінші» экономиканы қалыптастыру. Оның салыстырмалы және абсолютті ауқымы аса кеңейіп отыр. Мәселен, АҚШ-та «екінші экономика» бүкіл экономиканың 20% алып отыр.

Олардың ғылыми-зерттеу институты аутсорсингті IT-аутсорсинг және бизнес-процестерінің аутсорсингі деп анықтайды. Бұл аутсорсинг нарықтық көшбасшы ретінде, екіншіден, нақты сипаттамасы және, сонымен қатар, біріншіден, өте егжей-тегжейлі тексеруді талап етеді бөлек оқшауланған IT-аутсорсинг, қазіргі заманғы аутсорсинг негізін қалаушы, сондай-ақ кез келген түрдегі жіктеуге болады. Өйткені, компаниялар басқа түрлері үшін тегіс көшу, содан кейін ғана, ең алдымен, IT-аутсорсинг аутсорсинг схемасын пайдалана бастау бейім. Алайда, өндірістік аутсорсинг соңғы уақытта бірқатар компаниялардың қызметіне өсіп рөл атқарады.

Өндірістік аутсорсинг компаниясы өндірістік процестерді немесе компанияның бүкіл бүкіл өндірістік цикл, оның тізбегі бөлігін төлеуді білдіреді. Сонымен қатар, басқа да компаниялар мен аутсорсинг шеңберінде олармен одан әрі өзара іс-қимыл, олардың бірлік сату нұсқасын білдіреді. Американдық Менеджмент қауымдастығының (American Management Association) арқылы зерттеу, 1997 жылы көп өнеркәсіптік компаниялардың жартысынан өзінің өндірістік үрдісінің кем дегенде бір компонентті аутсорсинг ретінде көрсетті [1].

Осылайша, «Тойота» компаниясы қазіргі уақытта өнімнің тек нақты жобалау, құрастыру және маркетингпен айналысады, және бөлшектер мен құрамдас бөліктері ең үшінші тұлғалармен, шағын бизнес өкілдерімен жасалған. Сонымен қатар, бизнес жүргізудің мұндай тәсілі ұзақ уақытта іс жүзінде барлық жапондық автошығарушыны сипатталады. «Үлкен үш» АҚШ-тың автомобиль өнеркәсібі нарығын жаулап алуды бастаған компаниялар - «General Motors», «Ford» және «Chrysler». 90-шы жылдардың басында бұл үш компания АҚШ автокөлік нарығының 25% жоғалтты. Жапон компанияларымен одақтарды құру және бизнес беру, қолдау процестер ғана емес, сонымен қатар, негізгі тек оларға жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді [2].

ДСҰ деректері бойынша, 2001 жылы Америка Құрама Штаттарында өндірілген автомобильдің құнының тек 37% бас компанияларда жасалды. Сонымен қатар көліктердің

30%, құны 17,5% компоненттері мен озық технологияларды сатып алуға арналған Жапонияға барып, құрастыру машиналар үшін Оңтүстік Кореяға 7,5% жіберілді - Германияда жобалау үшін, 4% - Тайваньда және Сингапурда ақпарат алу үшін, 2,5% - Ұлыбританияның жарнама және маркетинг, 1,5% - Ирландия мен Барбадос деректерді өңдеу үшін. Электроника өндірушілер және телекоммуникациялық фирмалар өндірістік аутсорсинг компанияның пайдаланудың бірінші бумы жоғары технологиялы бизнестен басталады. 80-шы жылдары, мысалы, «Sony», «Philips», «Мицуи» сияқты ірі компаниялар Оңтүстік-Шығыс Азия және Латын Америкасында жиі шағын өндірістік компаниялар қызмет атқарды. Қызметкерлердің иелері, олардың арасында халықаралық болып табылады, жеке мамандар мен тұтас қауымдар ретінде жұмыспен қамтуды жүзеге асыру арнайы компаниялардың еншісінде.

Белсенді дамыту есебінен технологиялық компаниялардың қарқынды дамуына өз бетінше технологиялық инновацияларды бақылауға және үлкен техникалық қызметкерлер бар, оларды іске асыру үшін қиын екендігін бүкіл дүние жүзі бойынша IT-аутсорсинг. Бұл компаниялар ақпараттық технологиялар саласында жоғары білікті мамандар ұжымымен тәжірибелі ұйым тарту емес, өздерінің арнайы бірлік құру және кеңейту үшін, әдетте, неғұрлым тиімді болып табылады екен. Ғылыми-зерттеу компаниялары «IDC» және IT-аутсорсинг бойынша негізгі қайтару қаржылық басқарудың тиімділігін айтарлықтай өсуі болып табылады, және осы қайтару алудың құралы бай техникалық мүмкіншіліктері қосалқы және жоғары білікті кадрлар екендігін көрсетті. Сонымен қатар, одан әрі шығындарды азайту үшін бірнеше жеткізушілермен жасалған шарттар санының өсуі үрдісі байқалады [3].

IT-аутсорсинг бірі алуан IT-аутсорсинг жалпы нарықтың өте маңызды бөлігі болып табылатын бағдарламалау (бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу шетелдік компания тапсырыс) болып табылады. Атап айтқанда, динамикалық бағдарламалау, жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу арқылы өткір толқынын жасауға тырысатын елдерде дамыған. Белсенді бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеумен айналысатын Оңтүстік-Шығыс Азия мен Үндістанға қатысты болып келеді. Беларусь, атап айтқанда, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, олардың зияткерлік әлеуетін пайдалану керек емес, тек қана табиғи ресурстарды пайдалану арқылы дамытуға ұмтылады. 2000 жылы Беларусь, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу нарықтық 125 млн. АҚШ. Құрады. Әлемдік нарықта ғана 0,16% және ЖІӨ-нің 0,04% құрайды. Алайда, 2003 жылы бұл көрсеткіш 475 млн сомаға жетті. Әлемдік нарықта Беларусь үлесі осы бағдарлама екі есе болады, ЖІӨ-нің оның үлесі 0,15% құрайды. Көптеген сарапшылар 60-ші жылы «аутсорсингі» тұжырымдамасын енгізуді түсіндіреді. XX ғасырда ақпараттық жүйелер мен технологияларды тарату кезеңі басталды. 1962 жылы Electronic Data System Corporation құрылды. Бастапқыда компания бірнеше банктер үшін қызмет атқарды. Аталған компания $ 4 млрд көлемінде General Motors жылдық жинақ әкелді. Осының арқасында ақпараттық қолдау пайда болды, ол жаңа бизнес сегментін айқындады [4].

Компания қызметкерлері өз бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану банктер арқылы жүзеге асырылады. Қысқа мерзімде оның өнеркәсіпте көшбасшы ретінде қабылдау зор техникалық күш жинау болды. Көптеген компаниялар толық, сайып келгенде, қызмет көрсету түпкі пайдаланушылардың сапасын арттыруға әкелді. Осылайша өткен ғасырдың 80-ші жылдары IT-аутсорсинг назарында және ірі корпорациялардың стратегиялық мүдделерінің аймағы болды. Қызметтердің аутсорсингінің ауқымы компьютерлік техниканың дамуына сәйкес кеңейтілді. Oracle компаниясының мәліметі бойынша IT-аутсорсинг қызметтерін пайдалана отырып компаниялар еңбек шығындарын 75% астамын үнемдеуіне болады.

Қазіргі заманғы бизнесті мына себептер бойынша аутсорсингсіз елестету қиын:

- көптеген компаниялар бәсекеге қабілетті болу үшін ең соңғы ғылым мен технологияларды пайдаланып жасалған;

- маманданған және тұрмысы төмен компаниялардың пайдасы үшін өз қызметтерін ұсынуға дайын мамандардың қолында қазіргі заманғы технологиялар, білім мен тәжірибенің болуы. Бұл негізгі қызметі туралы өз ресурстарын шоғырландыру үшін мүмкіндігі ретінде, барлығы үшін ыңғайлы болып табылады [5].

Қазіргі уақытта, аутсорсинг қатаң бәсекелестік жағдайында бәсекеге қабілетті және тиімді компанияларды құрудың қазіргі заманғы әдісі болып саналады. Шығындарды азайту тиімділігін арттыру және сол арқылы компанияның акционерлік құнын әсер етуінің стратегиялық құралы ретінде пайдалана отырып, аутсорсингті пайдалану қажет. XX ғасырдың 90-шы жылдары компанияның барлық функциялары күрделі және жетілмеген деп бөлуге болады, яғни, оның мәні «виртуалды ұйымы» тұжырымдамасын білдіреді. Бұл тұжырымдама компанияның білім, оның бәсекелестік артықшылық ең маңызды дерек көзі болуы фактісіне негізделеді. Қазіргі заманғы экономикалық теорияды «виртуалды ұйым» түсінігінің көптеген анықтамалары бар. Виртуалды корпорациясы - бұл тәуелсіз компаниялардың уақытша желісі болып табылады - жеткізушілер, клиенттер мен бәсекелестер, ақпараттық технологияны біріктірдік. Біз қазіргі заманғы бизнес шындығынан қатысты «виртуалды ұйымдастыру» түсінігін қарастыратын болсақ, онда біз нарықта жаңа өнім әзірлеу және жылжыту үшін компания айтарлықтай ресурстарды тартуды талап етеді [6].

Кейбір бағалаулар бойынша, бизнесті компаниялардың 2020 жылға 90% -ға дамыған елдерде «виртуалды ұйымдардың» кейбір нысанын қолдануға болады. Соңғы жылдары, сондай-ақ әлемдік аутсорсинг өте өзекті тұжырымдамасы болып табылады. Ол халықаралық еңбек бөлінісі үшін мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалану үшін ең қолайлы болып табылады. Аутсорсинг географиялық, олардың жұмыс уақыты белдеу айырмашылықты пайдалануға болады, осылайша орналасқан компаниялар үшін ең тиімді болып табылады. Нәтижесінде, үздіксіз өндірістік процесс жүзеге асырылады. Жаһандық аутсорсинг халықаралық бизнесті ұйымдастыру формасы болып табылады және экономикалық жаһандану процестері көрсетеді. Сауда және қызмет көрсету, жаһандану, технологияға байланысты еркін қозғалысы, ноу-хау және адам еңбек өнімдері, жаңа қазіргі заманғы бизнес-ортаны қалыптастыруды қарастырады.

Келісім-шарт қызметтерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті икемді болуы тиіс, ол үшін (әсіресе бейтаныс технологияларды енгізу қажеттілігіне) стандартты шарттар жасасу қажет емес, демек ол шарттарына байланысты өзгереді олар жасырын шығындарды қамтуы мүмкін. Бұл кезеңде, бұл компанияның негізгі қызметін дамыту үшін қажетті болып табылады және аутсорсинг оған мүмкіншілік береді, қызметкерлерді шабыттандыру мүмкіндігіне ие болу үшін маңызды болып табылады.

***Библиографиялық тізім***


1. Табулов М.Ф. Модель и процедуры формирования системы аутсорсинга эксплуатационно-хозяйственной деятельности вузов. // Научное периодическое издание «Экономика. Налоги. Право»,2011, №3.

2. Андерсон Э.Б. Тринкл. Аутсорсинг в продажах. Фактические издержки организации сбыта через независимых торговых представителей: Пер. с англ. М.: Добрая кн., 2013.

3. Аникин Б.А., Рудая И.Л. Аутсорсинг и аутстаффинг: Учеб. пособие М.: ИНФРА-М, 2012.

4. Бюджетирование: теория' и практика. Финансовая академия. http://www.smartcat.ru/l/87 2 1.shtml.

5. Вишняков О., Гайнутдинов Д. Аутсорсинг как инструмент реформирования компаний. CitCity/ http://citcity ru/13940.

6. Волкова И.В. Аутсорсинг как эффективное решение приоритетного национального проекта «Образование» // Научные труды Вольного экономического общества России. 2016, №78.

ОӘК: 338:48

# ТУРИСТІК КОМПАНИЯНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ӨТКІЗУ СТРАТЕГИЯСЫ

***Омаров Д.Д.***
*2 курс магистранті*
***Лесбек Н.А.***
*1 курс ЭК-121 тобының студенті*
***Салқынбек Г.Ж.***
*оқытушы, магистр*
*Шымкент Университеті*

**Аннотация**

Мақалада туристік компания маркетингінің теориялық негіздері, туристік өнімді сату мәселелері қарастырылады. Туристік өнімді сату арналарын таңдау кезінде ескеру қажет факторлар келтірілген. Сондай-ақ, делдалдар арқылы туристік өнімді сату әдістері қарастырылған.

Сату стратегиясы - бұл туристік қызметтерді сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді жоспарлауға бағытталған сатуды ұйымдастыру және басқару жүйесі. Ол турагенттерді пайдалану және өткізу коммуникацияларының тиісті арналарын, бағыттары мен әдістерін таңдау мүмкіндігіне байланысты мәселелерді қарауды және шешуді көздейді. Кез-келген сату жүйесі ішкі орта мен сыртқы орта элементтерінен тұрады. Сыртқы ортаның элементтері - тарату арналары - аралық байланыстар, түпкілікті тұтынушыға жету жолында өнімге меншік құқығын өзіне алатын жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы. Олар мынадай функцияларды орындайды: зерттеу (маркетингтік ақпаратты жинау), өткізуді ынталандыру, әлеуетті сатып алушылармен байланыс орнату (қаржыландыру), тәуекелді қабылдау және т. б. Іс жүзінде тауарларды, көрсетілетін қызметтерді бөлу нұсқасын таңдау – аралық буындардың қатысуымен (жанама арна) немесе оларсыз (тікелей арна) – мынадай факторлармен айқындалады: - бәсекелестердің болуы және олардың сауда саясаты; - өз компаниясында тиісті персоналдың болуы және оған қажетті және тұрақты жүктемені қамтамасыз ету мүмкіндігі; - нарық конъюнктурасын білу және тез үйрену оның өзгеруіне жауап беру; - компанияның даңқы мен беделі. Туристік бизнесте, әдетте, компания неғұрлым көп пайда алады, тарату арналарының желісі неғұрлым кең болады. Тұтынушыға тікелей сатудан айырмашылығы, делдал өнімді іске асыру үшін қол жетімді жерде тиімді орналастыру міндеттерін орындауға мамандандырылған. Жанама арналар тауарлар мен қызметтердің алдымен өндірістен делдалға және одан тұтынушыға ауысуымен байланысты. Мұндай арналарға өздеріне тән емес сату функциялары мен сәйкесінше шығындардан бас тартатын туристік компаниялар қызығушылық танытады. Өнімді сатудың жалғыз және ең жақсы арнасы жоқ.

Әр жолы таңдау делдалдардың қызметтеріне шығындарды барынша азайту, сұранысты ескере отырып, өнімді нарыққа – маусымға сенімді сату мен уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Тарату арналарын таңдау кезінде ескеру қажет маңызды факторлар: тұтынушылардың мүдделері, компанияның мүдделері, өнімнің ерекшеліктері, өнім немесе қызмет бірлігінің құны, бәсекелестердің болуы, тарату арнасының түрі және т. б. Арнаны бағалау кезінде, ең алдымен, мыналарды ескеру қажет: арнаның қуаты, тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін қолайлы баға деңгейі, әр нақты тарату арнасының жұмыс істеуі үшін қажетті инвестициялар, есеп айырысу шарттары, әр нақты тур үшін маусымдық және т. б. балама арналарды анықтау кезінде олар қолданыстағы тарату арналарының тізімін жасайды, содан кейін олар бірқатар

факторларға сәйкес салыстырылады және ең қолайлы арнаны таңдайды. бұл нарық үшін. Өткізу арналарын бағалаудың негізгі факторлары: мақсатты нарықты қамту дәрежесі, берілген арнаға қол жеткізу жолдары, инвестициялар мөлшері, кірістер мен шығыстардың арақатынасы, бақылау мүмкіндігі, ынтымақтастық шарттары, бәсекелестік шарттары [1]. Делдалдар арқылы өнімді сату үшін, әдетте, келесі әдістер қолданылады: - экстенсивті-өнімді сатуға дайын кез-келген туристік компанияда орналастыру және сату; - ерекше-белгілі бір географиялық аймақта, әдетте, өнімді сатуға айрықша құқық берілген бір делдалды таңдау; Туризмнің тұрақты дамуының аймақтық аспектілері: проблемалар мен перспективалар 21-іріктеу-туристік өнім екі немесе одан да көп компаниялар арқылы жүзеге асырылады, оларға компанияның өнімдерін аймақта сатуға айрықша құқық беріледі.

Туризм индустриясындағы жылжыту стратегиясын жоспарлау көбінесе жарнамаға қосымша ретінде түсініледі. Жарнама ұзақ мерзімді мақсатқа жетудің, сондай-ақ туристік ұйымның және оның өнімінің имиджін құрудың негізгі құралы ретінде қабылданады, ал жылжыту стратегиясы қысқа мерзімді тапсырмаларды орындау үшін қолданылады, мысалы, ағымдағы қорлардан құтылу үшін. Алайда, қазір бәсекелестік туризм индустриясында шешуші факторға айналған кезде, маркетинг менеджерлері барлық қол жетімді байланыс әдістерін қолдануы керек. Туристік компанияның маркетинг менеджерлері келесі әдістерді қолданады: – тарту стратегиясы - туристік компанияның брендімен кеңінен танысу арқылы сұранысты құру арқылы өнімді тікелей тұтынушыға жылжытуды мақсат етеді; тұтынушы алдын – ала сатып алу туралы шешім қабылдайды; - итеру стратегиясы-туристік өнімнің белгілі бір мөлшерін жинауды, содан кейін оны тез сатуды қамтиды. Мысалы, жаңа туристік компаниялар өз нарығын құру кезінде жарнаманың қолдауымен тарту стратегиясын да, итеру стратегиясын да қолдана алады, негізгі туристік агенттерді таңдап, өнімді өз клиенттеріне сатуға көмектеседі, ал жылжыту шығындары бірдей бөлінеді.

Туристік өнімді жылжыту бағдарламасын іске асыру кезінде оның қашан басталатынын және қанша уақыт жалғасатынын анықтау қажет. Егер бағдарлама қысқа болса, онда тиімділікке қол жеткізу өте қиын. Егер бағдарлама ұзақ уақытқа есептелген болса, онда оның әсер ету деңгейі біртіндеп төмендейді және бұл туристік компанияның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан маркетингтің міндеті өнімді жылжыту бағдарламасының оңтайлы ұзақтығын анықтау болып табылады. Жарнамалық науқанды жүзеге асырғаннан кейін оның тиімділігін бағалау керек, мысалы, сату көлемі, туристік компанияның танымалдылығын арттыру. Осы мақсатта жылжыту бағдарламасын жүзеге асырғанға дейін және одан кейін туристік орталықтардың клиенттеріне сауалнама жүргізіледі, олардың барысында туристік өнімді жылжыту жөніндегі іс-шараларға қатысы анықталады. Сатуды жылжыту-бұл туристік компанияның маркетингтік стратегиясы шеңберіндегі іс-шараларға мақсатты аудиторияның реакциясын оятуға және күшейтуге бағытталған әртүрлі әдістер мен әдістер жүйесі. Өткізуді ынталандыру құралдарына тұтынушыларды ынталандыру (купондар, сыйлықтар, конкурстар және т.б.), сауданы ынталандыру, жеке персоналды ынталандыру жатады. Ынталандыру құралдарын екі санатқа бөлуге болады: – тұтынушылардың көз алдында артықшылықтардың қалыптасуына ықпал ететін - жеңілдікті мәміле ұсыну, мысалы, 15-18 туристерден тұратын топ басшысына сыйлық немесе тегін тур беру; – тұтынушылардың көз алдында артықшылықтардың қалыптасуына ықпал етпейтін-конкурстар мен лотереялар, тур шарттары орындалмаған кезде тұтынушыларға ақшаны қайтару ұсынысы [2].

Сатуды жылжыту оны жарнамамен бірге қолданған кезде тиімді. Өткізуді ынталандыру бағдарламасын әзірлеу мынадай кезеңдерді қамтиды: - ынталандырудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеу; - өткізуді ынталандыру құралдарын таңдау; - бағдарламаға қатысушылар шеңберін анықтау; - өткізуді ынталандыру жөніндегі іс - шаралардың қарқындылығын айқындау; - өткізуді ынталандыру бағдарламасы туралы ақпаратты тарату құралдары туралы шешімдер қабылдау; - өткізуді ынталандыру

жөніндегі іс-шаралардың ұзақтығы туралы өткізу уақытын айқындау; - бюджетті әзірлеу; - қандай да бір іс-шаралардың нәтижелілігіне талдау жүргізу. Туризмді тұрақты дамытудың аймақтық аспектілері: проблемалар мен перспективалар 22 сатуды ынталандыру міндеттері туристік өнім маркетингінің міндеттерінен туындайды.

Ынталандырудың нақты міндеттері мақсатты нарықтың түріне байланысты. Сонымен, тұтынушыларды ынталандыру міндеттерінің қатарына туристік өнімді неғұрлым қарқынды пайдалануды және жиі сапарларды ынталандыру, туристік өнімді жаңа тұлғаларды сатып алуға ынталандыру және бәсекелестердің туристік өнімдерін сатып алатындарды тарту жатады. Туроператорлар мен турагенттіктерге келетін болсақ, бұл жаңа туристік өнімді өз ассортиментіне енгізуді ынталандыру, бәсекелестер қабылдаған ынталандыру шараларын бұзу және т.б. өз қызметкерлері үшін бұл жаңа өнімді қолдауға, клиенттерге көбірек баруды ынталандыру және маусымнан тыс сату көлемін арттыруға күш салу.

***Библиографиялық тізім***

1. Моисеева Н. К. Стратегическое управление туристской фирмой. М. : Финансы и статистика, 2010. 250 с.

2. Дурович А. П. Основы маркетинга: Учебное пособие. М.: Новое знание, 2014. 512с.

ӘОЖ 631.15.54

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Уйсинбаева Ж.А.***
*2 курс магистранті*
***Нұршабай Ж.***
*4 курс ЭК-118 тобының студенті*
***Айтжанов Т.А.***
*магистр, оқытушы*
*Шымкент Университеті*

**Аннотация**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының агроөнерәсіп кешенінің даму перспективалары кенінен қарастырылған

Әлемде кейінгі жылдары азық-түлік өнімдеріне, әсіресе табиғи органикалық өнімдерге сұраныстың артуы және елімізде игерілмеген жер ресурстарының молдығы мемлекеттің саланы қолдауға деген ынтасын арттырды. Оның үстіне коронавирус қиыншылығы ел экономикасының қабілетті салаларын айқындап берді. Соның алдыңғы қатарында ауыл шаруашылығы, құрылыс, дәрі-дәрмек өндірісі, машина жасау салалары бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын кеңінен қолдау қажеттігін атап көрсетіп, тиімділігін арттыру үшін саланы цифрландыруды жолға қою, жер пайдалану ісін ретке келтіру, қарапайым халықтың тіршілігіне азық боларлық істерді жеделдетіп шешуді Үкіметке тапсырды.

Ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау көлемінің артқаны жыл басында, көктемгі дала жұмыстарына әзірлік барысынан-ақ көзге көрінді. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қолдау іс-шараларына республикалық бюджеттен 70 млрд теңге несие бөлінді. Бұл былтырғы көлемнен 10 млрд

теңгеге артық. Қаражат республиканың 2,4 мың ауыл шаруашылығы өндірушісіне беріліп, көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге бағытталды. Сонымен қоса Президент тапсырмасы бойынша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге 100 млрд теңге бөлінді. Оның үстіне бидай, арпа, қарақұмық және майлы дақылдарды форвардтық сатып алуға 24,5 млрд теңге бағытталды.

Осы мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде отандық ауыл шаруашылығы саласы 2020 жылды табысты қорытындылады. 10 айдың қорытындысында сала бойынша жалпы өнім көлемі 5,2%-ға ұлғайып, 5,4 трлн теңгені құрады. Бұл өсім негізінен өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемінің 7,1%-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді. Оған еліміздің үш облысында өнім көлемінің едәуір деңгейде артуы жақсы үлес қосты. Атап айтқанда, өнім көлемі Қостанай облысында – 121,3%, Ақмола облысында – 114,1% және Павлодар облысында 105,5%-ға артты. Мал шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі көрсетілген кезеңде 2,7%-ға ұлғайып, 2,1 трлн теңгені құрады.

Бұл ретте тірідей салмақтағы ет өндіру көлемі 3,7%-ға, сүт өндіру көлемі 3,1%-ға ұлғайды. Көрсетілген кезеңде тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3,4%-ға өсіп, 1,6 трлн теңгені құрады. Атап айтқанда өңделген күріш өндіру көлемі 36,8%-ға, сары май 17,1%-ға, шұжық өнімдері 14,6%-ға, макарон 9,7%-ға, жарма 5,6%-ға, ұн 5,1%-ға, қышқыл сүт өнімдері 4,5%-ға, ірімшік және сүзбе өндіру 2,1%-ға арта түсті.

Мемлекеттің ауыл шаруашылығын қолдау көлемі тек соңғы үш жылда 1,5 есеге ұлғайып, 2020 жылы 350 млрд теңгеге дейін жетті. «Агроөнеркәсіптік кешендегі субсидиялау барынша оңайлатылды және толықтай автоматтандырылды, бұл субсидия беру процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өсімдіктерді қорғау құралдарын субсидиялау кеңейтілді. Енді гербицидтер ғана емес, пестицидтердің басқа да түрлері субсидияланады. Басты жаңалықтардың бірі – субсидияларды күнтізбелік жыл аясында емес, тұқым, тыңайтқыш, пестицид сатып алынған күннен бастап 12 ай бойы алуға болады. Фермерлер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында мал сатып алуға кредит беру кезінде кепіл саясаты оңтайланды. Мәселен, кепілге малдың өзі (85%) алынады, бұл ретте анық кепілмен қамтамасыз ету небәрі 15%-ды құрайды.

Жылдың тағы бір жаңалығы – агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне жеткілікті кепілдік базасы болмаған жағдайда, екінші деңгейлі банктердің кредиттеріне кепілдік беру тетігі қолжетімді болды. Бұл тетік Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы іске асырылады. Қор мамандарының айтуынша, кепілдіктер кредит сомасының 50 пайызын және басым инвестициялық жобалар бойынша 85 пайызды құрайды.

Жоғарыдағы істердің нәтижесінде 15,8 млн гектар астық дақылдары егістігінің әр гектарынан 12,8 центнер орташа өнімділікпен 20 млн тоннадан астам астық бастырылды. Бұл дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар өндірісінің көлемі елдің ішкі қажеттілігін толықтай қамтамасыз етуге және 7-8 млн тонна астық көлемінде экспорттық әлеуетті іске асыруға мүмкіндік береді. Астық сапасы да арта түсті. Элеваторларға түскен астықтың 80%-ның сапалық сипаттамалары жоғары. 2019 жылы бұл көрсеткіш 54,4% құраған болатын.

2020 жылы жалпы ауыл шаруашылығы дақылдары 22,5 млн гектар алаңға егілді. Бұл былтырғыдан көп. Соңғы жылдары бидай егілетін жер аумағы біртіндеп азайып, оның орнына экономикалық өнімділігі жоғары майлы дақылдар көптеп егіле бастады. Қазір елімізде майлы дақыл егілген жер көлемі 3 млн гектарға таяды, бұрын 400 мың гектардан аспайтын. Демек майлы дақылдар ішкі қажеттілікті өтеп, экспортқа молынан шығарылмақ.

Сондай-ақ мал, құс шаруашылықтарын дамыту ісі жүйелі жолға түсе бастады. Мал мен құс саны өсіп келеді. Сала сапалы дамуға бет түзеді. Егер бұрын жылына 3-5 өнеркәсіптік сүт фермасы іске қосылса, ағымдағы жылы 33 сүт фермасы жобасы іске асырылды. Жалпы, Кешенді жоспардың индикативтік міндеті аясында жыл сайын 35 өнеркәсіптік тауарлы сүт фермасын іске қосу жоспарлануда. Сонымен қатар қуаты 103

мың тоннаны құрайтын ет өңдеуші кәсіпорындарды салу бойынша 9 жоба іске асырылуда, олар ішкі нарықты шұжық өнімдерімен қамтамасыз етеді.

Алған өнімді экспортқа шығару көрсеткіштері жаман емес. Мәселен, былтыр еліміз Ресей, Өзбекстан, Қытай, Германия, Түркия, Беларусь, Румыния сияқты 40-қа жуық мемлекетке 7 млн тоннадан артық астық экспорттаса, биылғы мөлшер 8 млн тоннаға жетіп жығылады деген болжам бар. Экспорттың негізгі көлемі бидай мен ұнға тиесілі. Бұдан тыс өсімдік майы, кондитер, балық өнімдері, сондай-ақ балалар тағамы және сүт өнімдері, мақта талшығы, өңделген жем (кебек, қалдықтар) де экспортқа шығарылады. Бұрын қазақстандық астықты негізгі импорттаушы елдер Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ауғанстан мен Иран болса, енді Қытайға астық пен ұн экспорты көлемін ұлғайту жоспарлануда.

Биыл ауыл шаруашылығы саласында орын алған төтенше оқиға ретінде солтүстік өңірлерде өршіген құс тұмауын айтуға болады. Халықаралық ұйымның «Европа мен Орталық Азиядағы тұрақты азық-түлік жүйелері мен салауатты тамақтану рациондары» сессиясында пандемия жағдайында көптеген елдер оқшауланып, азық-түлік өнімдері саудасын тоқтатқан кезде Қазақстан Үкіметі ауыл шаруашылығы саласын жаһандық дағдарыстың ықпалынан сақтап, ішкі және сыртқы нарықтарға азық-түлік жеткізу мәселелерін тұрақтандыруға қол жеткізгенін атап өтті. «Локдаунға және оған байланысты шектеулерге қарамастан, Қазақстан көрші елдерге азық-түлік жеткізуді жалғастырды. Осы жылдың 8 айында ШЫҰ елдеріне 1,3 млрд доллардың азық-түлігі жөнелтілді, Орталық Азия елдеріне гуманитарлық көмек ретінде 10 мың тоннадан астам ұн жіберілді. Айта кету керек, FAO мәліметтері бойынша, өткен жылы бидай мен ұн экспорты есебінен Қазақстан Жердің 45 миллионнан астам тұрғынын тамақтандырды».

Сонымен қатар еліміз көрші елдердегі сұраныстың өсуін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өндірісін ұлғайта түспек. Әрине бұл ретте сандық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар өнім сапасы да маңызды болмақ. Қазақстанның органикалық ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктері орасан. Европалық комиссияның ресми мәліметтері бойынша, Қазақстан Еуроодаққа органикалық агроазық-түлік өнімдерін жеткізетін 123 елдің ішінде 9-орында. Ал органикалық бидай мен майлы зығыр тұқымдарын сату бойынша еліміз абсолюттік көшбасшылар қатарына кіреміз.

***Библиографиялық тізім***

1. https://egemen.kz/article/259889-otandyq-agroonerkasip-45-mln-adamdy-asyray-alady
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ресми сайты http://economy.gov.kz/
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты http://www.minfin.kz/

ӘОЖ 519.23:636.6.08(574)

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СҮТ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***А.А.Муталиева***
*Докторант*
***А.Е. Есболова***
*PhD*
*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті*
*Шымкент қаласы*

Қазіргі уақытта Қазақстанның сүт шаруашылығы саласы кешенді интеграциялық жүйе болып табылады, оның ішінде сүт өндіру, сүт өнімдерін қайта өңдеу және сатуға дейінгі технологиялық үрдістен тұрғындардың тұтынуына дейінгі үрдісті қамтиды.

Сүт шаруашылығы саласы - халықты сүт өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар құрайтын күрделі және қарқынды дамып келе жатқан жүйе. Бұл сала да ішкі және сыртқы факторлардың экономикалық өсімге әсер етуі жағдайында сапалы деңгейге өзгеру үрдісі.

Сүт шаруашылықтарын қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар алғаш рет Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген бағдарламалар арқылы жүзеге асырылды, оның ішінде: Қазақстанның жеке тұрғындар шаруашылықтарын ауылдық аумақтарда дамытудың Заңы, Қазақстан Республикасында өнеркәсіп кешендерін дамытудың 2025 жылдарға арналған бағдарламасы, сүт қорларын ұлғайтуды қамтамасыз ету қарастырылған. Соңғы он жылдың ішінде, елдегі сүт көлемінің өсуі, қаржылық көрсеткіштерінің де көлемі артқаны көрінеді. Алайда, тұтастай алғанда мал шаруашылығындағы табыстылықтың орташа деңгейімен салыстырғанда сүт өндірісінде табыстылық деңгейі төмен екендігі байқалады. [1]

Мұның бәрі ел ішіндегі барлық санаттардағы сүт шарушылықтарын инновациялық кешенді басқару әдістерін әзірлеу үшін ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды.

Мәселенің маңыздылығы жоғары технологиялық сүт өндірудің, мал шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда өндіріс бірлігінің ең төменгі бірлік шығындарымен ғана емес, сондай-ақ сүт өндірудің қарқынды өсуі мен сүт шаруашылығы саласының нақтылығымен ерекшеленеді. Дегенмен, Қазақстанда сүт өнімдері нарығының әлі қалыптаспағандығы себебінен, шетелдік компаниялармен бәсекелесу мүмкін болмай тұр.

Өндірісте қолданылатын технология мен ресурстарға байланысты сүт өнімдерін өндіру басқа салалармен салыстырғанда айрықша ерекшеліктерге ие сүт кешеніне жататын маңызды ерекшеліктерін атау жөн: сүт кешендері – сүт шаруашылығында жыл бойы пайдаланылатын кешендердің бірі; сүт шаруашылығының қарқынды өсуін қамтамасыз ету үшін жоғары технологиялар қолданылады; жоғары өнімділік байқалады; өндірістің бірлігіне еңбек және материалдық ресурстардың ең төменгі шығындары және инвестицияларды жылдам қайтару мүмкіндігімен сипатталады. Сүт шаруашылығы саласы бұл негізгі кәсіпкерлік өнім болып табылады және өндірілген сүт өнімдері мөлшері сүт шаруашылықтардағы сүт шикізаты көлеміне, оның майлылығы мен диеталық қасиеттерінің жоғары болуына байланысты. [2]

Сүт шаруашылығы саласының ұсынылатын ерекшелігі - оның әрбір ішкі байланысты өндірістік үрдістердің нақты шарттарына негізделген және субсидия алудың экономикалық тұрғыдан қонымды шығындарымен түпкілікті өнімнің кірістілігін арттыруға бағдарланған қол жетімді өндірістік ресурстарын ұтымды пайдалану үшін әлеуетті мүмкіндіктерін анықтаумен негізделеді. Сүт шаруашылығы саласының тәуелсіз зерттеу объектісі ретінде ажыратуға мүмкіндік беретін маңызды сипаттамалардың қатарында, нақты жеке тұрғындар шаруашылығы шикізаттарын кооперациялық байланыс негізінде қайта өңделген түпкілікті өнімнің ассортименті мен біртектілігі, соңғы тұтыну сүт өнімдерін шығарумен айналысатын салалардың түрлері арасындағы технологиялық және экономикалық қатынастардың сипаттамасына негізделеді. [3]

Біздің ойымызша, жеке тұрғындар шаруашылықтары ара кооперациялық байланыс негізінде құрылған сүт кешендері мал шаруашылығының басқа салаларымен салыстырғанда нарық сұраныстарын толық қанағаттандыра алады.

Кәсіпорындардың даму стратегиясының шеңберінде ғылыми зерттеулер экономикалық қайта құрудың басталуымен және нарықтық экономиканың көшуімен, шаруашылық субъектілерінің экономикалық тәуелсіздігімен бірге ел экономикасына айрықша мән береді.

Әрине, кәсіпорынның стратегиясын дамыту ұзақ мерзімді перспективада оны табысты дамытудың алғышарты болып табылады. Бәсекелестік деңгейін ескере отырып, саланың даму перспективаларын талдап, бәсекелес компания саясатын анықтайды.

Біздің пікірмізше, кәсіпорындардың даму стратегиясы ұзақ мерзімді негізде мақсаттар мен міндеттерді қалыптастыру үрдісі болып табылады, ол сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделген және оның қолда бар ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ішкі ортаға тиімділікті арттыру мүмкіндіктерін ескереді.

Тереңдетілген технологиялық интеграциямен кешенді механикаландыруды және озық технологиялық әдістерді енгізуге мүмкіндік беретін болса, экономикалық тұрғыдан тиімді болады. Бұл өндіріс құралдарын тиімді пайдалану, қайта өңдеу кәсіпорындарына сүт шикізатын қайта өңдеуді ұлғайту үшін жағдайлар жасайды. Бұл сүт шаруашылықтары және сүт өңдеу өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтық және индустриалды байланысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өндіріс көлемін жоғарылату сапалы асыл тұқымды өндіріс малдарысыз, іріктеу жұмыстарының деңгейін жоғарылатусыз мүмкін болмас еді. Бұған индустрияны асыл тұқымдық өндіріс малдарымен қамтамасыз ету үшін келесі схема бойынша кешенді жүйені құру қажет (1-сурет).

Төменде көрсетілген суреттемеде шығатын қалдықсыз технология өнімділігі төмен өндіріс малдары мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сүт етінің өнімдерін ұлғайтуға мүмкіндік беретін сүт өнімдерін өндірудің жаңа технологиялары әзірленеді. Осы кезеңде алдыннан мақсатты құрылған интеграцияланған құрылымдар табысты жұмыс жасайды, сүт өнімдерін өндірудің жаңа біріктірілген құрылымдары (ассоциациялар, өндірістік (ғылыми-өндірістік), фермалар) құрылады.

Қазіргі уақытта интеграцияланған өндірісті ұйымдастырудың формаларының бірі - бас ғылыми ұйымдардың, асыл тұқымды өндіріс малдардың, репродукторлардың және ұйымдық-технологиялық басшылығымен сүт өнімдерін өндірумен айналысатын өнеркәсіптік кәсіпорындарымен өзара тиімді ынтымақтастық мақсатында кооперациялық негізде құрылған өндіріс (ғылыми-өндірістік) жүйелерде, кәсіпорындардың шығындарын есепке алу принциптері, өзара қызығушылық және жауапкершілікті қамтамасыз етеді. [4]

Қорыта келгенде «кооперация» және «инновациялық даму» ұғымдары қаралып, сүт шаруашылығы саласының мазмұны және оның жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық және экономикалық факторлары анықталады. Инновация - мақсатқа жету үшін мұқият және тиімді есептелетін және болашақта кәсіпорындарды дамытуға бағытталған іс-әрекеттердің дәйектілігі екендігі анықталады.

Сүт шаруашылығының қазіргі заманғы үрдісі технологиялық интеграцияның келесі сатыларынан тұрады: біріктірілген сүт өндірісі, оларды жас бұзауларды өсіру (аналық және өнеркәсіптік табындар үшін), сүт өндіру және оларды қайта өңдеу, өнімддерді сату.

Бұл сүт кешенінің технологиялық жағынан байланысты кәсіпорындарының бірыңғай тізбектегі интеграциялануы, бұл барлық кооперациялық байланысқан сүт шаруашылықтарының мүшелерінің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Демек, сүт өнімдерінің кешенінің дамуының негізі бәсекелестік, жылдам өзгеретін жағдайдағы сүт шаруашылығы саласының тек ішкі жағдайға ғана емес, ұзақ болашаққа бағытталған стратегиясын да дамытуға тиіс.




**Сурет 1.** Асыл тұқымды сүт шаруашылығы мен үй шаруашылықтарын байланыстыру схемасы

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының индустриальды-инновациалық стратегиясы туралы 2003-2017 жылдарға арналған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтің № 1096 қаулысы, // САПП. – 2003. - № 23-24, ст.217
2. Ускенов М.К. Специализация и кооперация сельскохозяйственного производства. Монография. Изд-во «Нұрлы бейне», - Шымкент. 2014. 152 с.
3. Ускенов М.К, Айдарова А.Б., Есболова А.Е. Формирование и развитие инновационных организационных форм интеграции в птицеводстве // Статистика, учет и аудит, http://sua.aesa.kz/, http://www.aesa.kz/, Алматы: 4(71) 2018. – С. 172-176.
4. Леутский Л.И. Агроөнеркәсіптік кластер – Қазақстандағы агробизнесті дамытудың прогрессивтік формасы. Проблемы агрорынка. -2004. -№4. –44с.

# ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР (ҚҰҚЫТАНУ)

ӘОЖ 343.359 (574)

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕТІН КЕРІ ӘСЕРІ

***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается негативное влияние уголовных правонарушений на обществе
**Summary**
This article examines the negative impact of criminal offenses on public
**Түйін сөздер:** Қылмыс, құқық бұзушылық, ұрлық, зорлық, бұзақылық.

Қылмыс – кеше немесе бүгін пайда болған құбылыс емес. Қылмыс – сонау үңгірде өмір сүрген алғашқы адамдарда да болған жәйт. Кез-келген қоғамның салауатты дамуына үлкен нұқсан келтіретін құбылыс – қылмыс. Қылмыс дегеніміз – пайда болу себептері әртүрлі болатын күрделі де, келеңсіз де жағдай. Қылмыстың деңгейі - адамзаттың да, қоғамның да демократия жолымен өркендеуіне кері әсер ететін  негізгі көрсеткіштердің бірі. Қылмысты бүгін-ертең жою мүмкін емес. Сондықтан, қылмысты мейлінше азайтуға әрекеттер жасау – қоғамның да, құқық қорғау орындарының да алдында тұрған үлкен мақсат пен міндет. Еліміз егемендік алғаннан кейін Елбасымыз да, Үкіметіміз де құқық қорғау саласына көп көңіл бөліп, қазіргі таңда Қазақстанның құқық қорғау саласы ТМД мемлекеттерінің арасында ең жоғары, алдыңғы қатардағы орындарының бірінде.

Қылмыстың тарихы тереңде жатыр. Ең бірінші саналы адам пайда болғаннан бері қылмыс орын алып келеді. Алғашқы адамдарды қылмыс жасауға итермелеген жағдайлар, қалғандарға қарағанда жақсы өмір сүруге жасалған әрекеттер. Ол үшін, күші басым адамдар, әлсіздердің заттарын күш көрсетіп тартып, немесе, өлтіріп алып отырған. Адамзат, сана сезімі дамып, ой өрісі кеңейіп, мәдениеті жоғарылап, тас, қола, темір дәуірлерін бастан кешкенімен қылмыс тоқтамады [1].

Құқықтық мемлекет болғаннан кейін қылмыспен күресу құқықтық жолмен жүзеге асырылу қажет. Бұл жағдайда, қабылданған заңдар заман талабына сай болуы керек. Қоғамда орын алатын қылмыс тиісті жазасын тарту керек. Жазаны сот үкімімен, Қылмыстық және Азаматтық Кодекске сүйеніп шығарады. Заң кодекстері мемлекеттің сол кездегі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына, халықаралық жағдайдарға байланысты қабылданады. Елдің жағдайы, халықаралық жағдайлар өзгерген кезде заң кодекстерін өзгертуге мұқтаждық туады.

Елбасымыз және Үкіметіміз осы қиыншылықтардың барлығын жеңіп, экономиканы дұрыс жолға қоя білді. Атап айтқанда, жоғарыда келтірілген мысалға қайта оралсақ, қазір «Алюминий Казахстана» атты зауыт салынып, Қазақстан енді металдық алюминий шығаратын болды, Өскемен мен Балқаш, Жезқазған металлургиялық зауыттары аффинаж өндірісін салып металдық алтын мен күмісті шығаратын болды, Астана қаласында жылына 25 т алтын, 50 т күміс шығаратын аффинаж зауыты 2015 жылдың жазында салынып бітіп іске қосылмақшы. Мұнай-газ саласында да еліміз егемендік алғаннан соң, экономикалық еркіндікке ие болып көптеген жаңа мұнай-газ орындарын ашып, шетелден инвесторларды тартып, мұнай-газ өндірісін қарқындатты. Осының барлығы еліміздің

экономикасының бір орында тұрмай, жылдан-жылға өркендеп келе жатқанын көрсетеді. 1991 жылғы Қазақстанды қазіргі Қазақстанмен салыстыруға болмайды, қазіргі таңда еліміз индустриялды-инновациялы саясатты бетке ұстап, дүние жүзіне танымал елдердің қатарына қосылып келеді. Саясат пен мәдениетке келетін болсақ, еліміз халықаралық үлкен маңызы бар конференциялар мен саммиттер, әртүрлі деңгейдегі ірі спорт жарыстарын ұйымдастырып, бүкіл дүние жүзіне белгілі болды. Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы қылмыс деңгейіне тікелей әсер етеді. Еліміз егемендік алған кезге қарағанда, қазіргі заманда қылмыс саны азайып, бұрынғы ҰҚТ – тар жойылып, криминогендік жағдай дұрысталып қалды. Қазіргі таңда әлі орын алып келетін қылмыс түрі сыбайлас жемқорлық, бірақ Үкіметіміз бұл салада жемісті іс-шараларды жүргізуде. Соңғы уақытта мемлекеттік кәсіпорындардағы шенеунектердің сыбайластыққа жол беріп, халықтан пара алулары туралы мәліметтер жиі кездеседі. Мұндай келеңсіз жағдайлар қарапайым халықтың наразылығын тудырып, билік өкілдеріне деген сенімдерін азайтатыны сөзсіз [2].

Қарапайым халық барлық заңдарды біле бермейді. Адамдар, мейлі пенсия мәселесі туралы болсын, жер учаскесін алу туралы болсын, қажетті құжаттарды реттеу жөнінде болсын, салық төлеу туралы болсын – ең алғашқыда сол халыққа қызмет көрсететін мекемеден өзінің келген мәселесі туралы мән-жайды сұрайды. Осы уақытта, пара алғысы келген шенеунектер жүре сөйлесіп, мән-жайды айтпай, жөнді жауап бермей, келген адамдардың мәселесін шешпек түгіл олардың өздерімен жөнді сөйлеспей қоятын кездер де кездеседі. Осындай жағдайлар орын алған кезінде белгілі бір мәселемен келген адамдар, амалсыздан қалталарына қолын салып, пара берудің амалын қарастырады. Бұл – сыбайластықтың көп тараған түрлерінің бірі. Жай адамдардың ішінде «мен заңды бұзамын», «мен заңды айналып өтем» деушілер өте сирек кездеседі. Қарапайым халықтың басым көпшілігі – заңды жолмен жүрушілер. Мысалы, қазіргі таңда еліміздің көптеген қалаларында су, газ, свет жөнінен ондаған, жүздеген мың теңге қарызы бар адамдар анықталып отыр. Зерттей келгенде олардың басым көпшілігі шенеунектер, басшы кызметтегі адамдар, лауазымы өте жоғары қызметкерлер болып шыққан. Ал, қарапайым жұмысшылардың, зейнеткерлердің қарыздары жоқ екені анықталған. Салық төлеу мәселесі де сол сияқты. Осыдан бірнеше жыл бұрын Астана қаласының салық комитеті қазынаға миллиондаған теңге салық қарызы бар қызмет лауазымдары өте жоғары басшылардың тізімі баспасөзге жарияланды. Тікелей Елбасымыздың өзі осы басшыларды сынап, өзі араласқаннан соң ғана олар салық төлеуге кірісті. Ал, қарапайым халықтың арасында салық төлемейтіндер өте аз болып шыққан.

Осының бәрінен қарапайым халықтың басым көпшілігі заңды сыйлайтын азаматтар екені көрінеді. Халыққа жетпейтін жалғыз мәселе – олардың барлық заңдарды, заңдарға етілген өзгертулерді естіп, біле білмейтіндіктері. Егер кез-келген адамдар өздерінің мәселелеріне тиісті заңдарды білетін болса – онда ол адамдар пара беруге асықпайды, онда кез-келген адам өзінің дұрыстығын, өзінің құқығын оп-оңай дәлелдей алады.

Тұңғыш Елбасымыз «Мемлекет тарапынан кепілдендірілген заңгерлік көмек» атты заңға, сонымен қатар, заңгерлік актілердің көмек беру жүйесіне өзгертулерге қол қойды. Бұл құжат - барлық мемлекеттік кәсіпорындарды жеке мәселемен келген кез-келген тұлғаға тегін заңгерлік көмек беруді міндеттейді. Заң мемлекеттік кәсіпорынның кейбір қызметкерлерінің жұмысында орын алатын, мәселемен келген адамдарға «кейін келіңіз», «қиын, бірақ әрекет жасап көруге болады», «керекті адамдарға айтып көрейін» - деген сияқты ақша дәм ететін уәж айтып, түлкі бұлаңға салатын әрекеттеріне тосқауыл қоюға мүмкіншілік беретін заң. Бұл заңды барлық мемлекеттік органдар, өздерінің құқықтық мүмкіншілігінде орындауға міндетті. Сонымен қатар, бұл заң бюджет қорын үнемдеп жұмсауға және тегін заңгерлік көмек беретін субъектілердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету арқылы жалпы жүйені жетілдіре түсетіні сөзсіз. «Мемлекет тарапынан кепілдендірілген заңгерлік көмек» атты заңға байланысты, республикалық бюджеттен қаржыландыру

арқылы халыққа тегін заңгерлік көмек беруді тезірек енгізіп, жақсарту үшін қажетті заңгерлік актілерге түзету жасау да қарастырылған.

Заң жобасы, сонымен қатар, әкімшілік заң бұзушылық, азаматтық және қылмыстық істерге адвокаттарды іріктеп алуды да көздейді. Кодекстің 72 бабында қылмыстық істі жүргізетін органның құқығын міндетіне ауыстыру қарастырылған [3]. Сонымен қатар, бұрын келісілген, немесе тағайындалған қорғаушының, әртүрлі себептермен ұзақ уақыт бойы іске араласа алмай қалған жағдайда, адвокаттар алқасы арқылы оны ауыстыру да көзделіп отыр. 80-бап мемлекеттік тегін заңгерлік көмек беру жүйесінде істейтін адвокаттарға төлем ақы тағайындау жөнінде үкіметтің жарлықтарымен толықтырылады.

Жоғарыда айтылғандай, еліміздің Қылмыстық және Қылмыстық процестік Кодексі егемендік алғаннан соң қабылданған болатын. Егер, Қылмыстық және Қылмыстық процестік Кодекстері өзгермесе – онда заң елдің даму деңгейінен қалып қоятын еді. Сондықтан, заң баптары заман өзгерген сайын өзгеріп, елдің дұрыс дамуына ықпал жасауы тиіс. 2014 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Қылмыстық заңдарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» атты Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл Заң Қазақстан Республикасының заң актілерін Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіне сәйкестендіруге және қылмысқа тосқауыл қойып, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған. Заңның мақсаты – қазіргі кезде қолданылып жүрген заңдарды Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясымен сәйкестендіру, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын заң актілерінің арасындағы қиылыспаушылық пен қайшылықтарды жою, әкімшілік және қылмыстық жазалардың орындалуын реттеу, қылмыстық жауапкершілікке тарту кезіндегі құқықтық шектеулерді анықтау болып табылады.

Қорыта айтқанда, меніңше, «қылмыстың болу салдары тек мынадай факторға байланысты» - деп кесіп айту қиын. Қылмыскерлер алдын-ала «мен қылмыс істеймін» - деп жар салмайды. Сондықтан, қай адамның потенциалды қылмыскер екенін алдын-ала біліп анықтау өте қиын, тіпті қазіргі таңда мүмкін емес шаруа. Адамның ағзасы – әлі толық зерттелмеген өте күрделі дүние. Жеке адамның көңіл күйін, оның миына қандай ойлар келіп, қандай ойлар кетіп жатқанын, басқа адамдардың алдын-ала болжап білуі мүмкін емес. Сонымен, қылмыстың түрі көп. Қоғамдағы тұрақтылықты, демократияны, адам құқығын сақтаудың басты жолдарының бірі – алдын-ала қылмысты болдырмаудың шараларын жасау, қылмыс орын алған кезде, оны тез уақытта ашу, қылмысты тергеу кезінде жазықсыз адамның жазаланбауы болып табылады.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Атамкулов А.А. Жаңа Қылмыстық Кодекс – қоғамның қарқынды дамуының кепілі// М.Әуезов атындағы ОҚМУ магистранттары мен PhD докторанттары және жас ізденушілерінің ғылыми еңбектерінің Жинағы. Шымкент 2014, № 16, 192-194 б.

2. Атамкулов А.А. Кейбір қылмыстардың түрі туралы // М.Әуезов атындағы ОҚМУ Ғылыми еңбектері. Шымкент 2014, №2 (29), 228-230 б

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Алматы. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

ӘОЖ 343.13

# АЛДЫН-АЛА ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАН КЕЛГЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЗИЯННЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается особенности возмещения материального ущерба, причиненного преступлением в ходе предварительного следствия
**Summary**
This article discusses the specifics of compensation for material damage caused by a crime during the preliminary investigation
**Түйін сөздер:** Қылмыскер, криминология, криминалистика, мүлікке тыйым салу, зиянның орнын толтыру.

Қылмыстық істі тергеу барысында қылмыскерлердің қоғамға немесе жеке азаматтарға материалдық зиян келтіргені анықталса, тергеуші жауапты адамдардан зиянның орнын толтыруға бағытталған шараларды жүргізуге міндетті.

Мүлікке тыйым салу әрекеті жөнінде тергеу тәжірибесінің ерте кездегі шығарылып, қолданылған нұсқаулары мен ережелері зиянның орнын толтыру мәселесін қарастырған. Осы айтылған пікірлер мен көз-қарастарға қосыла отырып, оны тұжырымдай келе, қылмыстың әсерінен келген зиянның орнын толтыруда азаматтық талаптың орындалуына себебін тигізетін және оның толық орындалуын қамтамасыз етудегі негізгі шараның бірі – мүлікке тыйым салу әрекеті болып табылады.

Зерттеу барысында қылмыстық істердегі зиянның орнын толтыру мәселесі бойынша азаматтардың 78,6 пайызы азаматтық талап-арыз жазғанымен, ол істердің 36,4 пайыздан астамында мүлікке тыйым салу әрекетімен жүргізілген.

Тергеу әрекеттері дәлелдемелерді іздеу, бекіту, зерттеу және оған баға беру мақсатында жүргізіледі. Ал мүлікке тыйым салу әрекеті тек, азаматтық талапты немесе зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатында мәжбүрлеу, ықтиярсыз көндіру арқылы және мүлікке тыйым салынғандығы жөніндегі хаттама толтырумен шектеледі.

Жоғарыда көрсетілген пікірлермен, көзқарастармен толығымен, кейбір жағдайда ішінара келісе отырып, мүлікке тыйым салу әрекеті процесуалдық әрекет болып саналады. Ол зиянның орнын толтырудағы азаматтық талапты қамтамасыз ету барысындағы мүлікті тәркілеуге арналған және үкімді орындау мақсатындағы жүргізілетін әрекет *болып* табылады.

Осыған байланысты, алдын ала тергеу барысында тергеуші кімдердің мүлкіне және қандай мүлікке тыйым салады деген сұрақты анықтайтын болсақ,ол былайша болады:

- айыпкердің немесе сезіктінің мүлкіне;
- мүлікке заң бойынша материалдық жауапкершілік артқан айыпкердің немесе сезіктінің мүліктеріне;
- айыпкерден немесе сезіктіден сол ұрланған мүлікті сатып алған азаматтардың мүлкіне тыйым салынады.

Мүлікке тыйым салу әрекеті ең алдымен негізделген қаулы шығарылып, прокурордың санкциясымен жүргізіледі. Көбінесе, бұл әрекет тінту мен зат алу тергеу

әрекетімен бірге де жүргізіле береді. Тергеу әрекеттінің бұл түрі бойынша да хаттама толтырылып, хаттаманың көшірмесі мүліктің иесіне немесе мүлікті сақтауға тапсырылған адамға беріледі.

Аталмыш мәселені криминалистикалық тұрғыдан зерттейтін болса криминалистикалық әдебиеттердің бөлімдерінде мүлікке тыйым салу әрекеттері жөніндегі арнайы мәселе қарастырылмаған.

Мүлікке тыйым салу барысында тергеуші криминалистикалық тәсілдер мен әдістерді, техникалық құрал жабдықтарды жиі пайдаланған жөн. Өйткені, алдын-ала тергеу барысында айыпкердің тыйым салынған мүлкі ауысып, не болмаса кездейсоқ жағдайлармен жоғалып кетпес үшін басқа заттарға да байланысты криминалистикалық-техникалық құралдарды қолдану тиімді болып есептеледі. Мүлікті тыйым салу барысында мүліктерді суретке түсіру, бейнефильм таспасына түсіріп алу, затты ашпас үшін мөр таңба басып, тағы басқа осындай әрекеттер жасалады. Бұл әрекеттер мүлікке қарау жүргізген алған адамның тыйым салынған мүлікке деген жауапкершілігін арттырады деген көзқарастамыз.

Тергеуші мүлікке тыйым салуды криминалистикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып жүргізсе іс өте нәтижелі болады. Сондай тәсілдердің бірі тыйым салынған мүлікті қалдыратын, соның ішінде оған жауапкершілікпен қарайтын адамды сайлап алған жөн [1].

Зиянның орнын толтыру мақсатында мүлікке тыйым салу әрекеті сәтсіз аяқдалып немесе ізделген мүлік сол жерде болмай шықса, онда криминалистикалық тәсілдердің бірімен тыйым салынатын мүлікті іздеуді жүргізу немесе іздеу салу әрекеттері жүзеге асырылады.

Криминалистік тұрғыда бұл тергеушінің қылмыспен келген зиянның орнын толтырудағы тәсілдердің бірі – тергеу барысындағы айыпкерге қылмысымен келтірген зиянды өз еркімен толтыруды талап етеді. Жалпы тәжірибеде зиянның орнын толтыру екі бағытта жүргізіледі.

Бірінші, қылмыскерлер ұсталған сәтте өз қылықтарын түсіне отырып, қылмыстық іс қозғалмай тұрып зиянның орнын толтыруын, екінші, қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап тергеу барысында қылмыскердің келтірген зиянын өз еркімен біртіндеп толтыруын көрсетуге болады.

Жалпы іс жүзінде ұрлыққа байланысты қылмыстардағы қылмыскердің зиянның орнын толтыру мәселесінде өз еркімен толтыруға бағытталған арнайы жұмыстарға аса көңіл бөлінбейді. Ал негізінде қылмысты тергеу барысында тергеуші айыпкерге қылмыспен келтірген зиянның өз еркімен толтыруына байланысты қылмыстың жеңілдетілетін жақтарын түсіндіріп, ескертуі тиіс. Біздің ойлауымызша мұндай ескертулер айыпкердің құқықтары мен міндеттері түсіндірілуі барысында бірге жүргізілуі тиіс.

Тергеушінің мүлікке тыйым салу барысындағы зиянның орнын толтыру жолдарын қарастыра келіп, айыпкерге немесе оның туыстарына Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 53-бабын ескере отырып, кейбір тергеу әрекеттерін жүргізбес бұрын, әсіресе тінту, зат алу тергеулік әрекеттер кезінде ауызша ескертулер жасалуы тиіс. Ал, тергеу барысында қылмысты жеңілдету жақтары көп ескертілмейді. Соның салдарынан алдын ала тергеу барысында анықтама органдары өздерінің көптеген уақыттарын жоғалтады және көздеген мақсатқа жете алмауы немесе жоғалған мүлікті таба алмауы да мүмкін.

Осы мүлікке тыйым салу жөнінде жүргізген зерттеулерге байланысты тергеушілерге қойған сауалдарымызға жауабында көпшілігі, айыпкерге қылмыспен келтірген зиянды өз еркімен толтырған жағдайда олардың жасаған қылмысын жеңілдететін жақтарын түсіндіріп ол жөнінде ескерткен сәтте, кейбір қылмыскерлер өздері ұрлаған заттың қай жерде екендігін немесе қай жерде жасырынулы жатқанын айтып берген жайларды мысалға келтірді. Мұның өзі мүлікке тыйым салу барысындағы жауап алу арқылы жүргізілген әрекеттің әсерлілігін көрсетеді.

Осы орайда айта кететін тағы бір жай, қылмыспен келген зиянның орнын өз еркімен зиянды қайтару жолдарын қарастыра отырып, тексере келе В.А.Азаровтың тұжырымы бойынша, құқық қорғау ортаны айыпкерге келтірген зиянын өз еркімен толтыруға мүмкіндік туғызу керек. Ол өзінің оқыған 250 қылмыстық істің 24,4 пайызына жуығы айыпкермен немесе оның туысқандарымен қайтарылғанын мысалға келтірген. Сөйтіп, оларға *зиянның орнын* өз еркімен толтыруға мүмкіндік бере отырып қылмыстық жазанын жеңілдететін жақтарын қарастырған жөн деп тұжырым жасайды [2].

Мүлікке тыйым салу барысында меншік құқысынан айырылатынан білеміз. Осыған орай заң категориясындағы меншіктік құқық дегеніміз - жоғарыда айтып өткендей бұл белгілі бір субъектінің азаматтық құқысын реттейтін және мүліктік игілігін қорғайтын және оны бекітуші, құқықтық нормалар жиынтығы деп қарастырғанбыз. Меншік құқығы субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады.

Соттардың жаза тағайындауда зандылықты сақтау жөніндегі қаулыда көрсетілгендей, мүлікті тәркілеу тек сотталушы айыпты деп танылып, осы қылмысы бойынша баптың санкциясында көрсетілген жағдайда ғана тағайындалады.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе мүлікті тәркілеуде тек, тәркіленген мүліктер мемлекеттің пайдасына ауысып, ал азаматтарға қылмыс нәтижесінде келген зиянның орнын толтыруды қамтамасыз етпесе және жәбірленушінің мүддесін қорғамаса бұл әрекет қандай мақсатпен жүргізілетіні бізді көп ойландырады. Атап айтқанда, кей жағдайларда мүлік толығымен тәркіленген жағдайда жәбірленушінің мүліктік және моральдық зиянның орнын толтыру жөніндегі талабы қанағаттанарлықсыз қалып жатады. Сонымен қатар, Қылмыстық кодексте зиянның орнын толтыру үшін жазалайтын жүйе жоқ екені белгілі.

Зиянның орнын толтыру мақсатындағы қылмыстық іс жүргізу әрекетіне байланысты азаматтық талапкердің мәні қарастырылды. Бұндағы азаматтық талапты шешу барысындағы құқық қорғау органдарының зиянның орнын толтырудағы әрекеттері мен оларды шешу жолдарының барлық түрлері көрсетіліп өтті. Кінәлі адамның өзіне келтірген зиянының орнын толтыра отырып, жәбірленушімен татуласу жолдары да қарастырылып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарының қылмысты жеңілдететін және тиімді жақтары толығымен зерттеліп шықты.

Қылмыстың салдарынан келген зиянның орнын толтыру барысындағы тергеушінің, алдын-ала тергеу органдарының бұл бағыттағы әрекеттері және кейбір тергеулік әрекеттер жан-жақты қарастырылды.

Аталмыш мәселе қылмыстық іс жүргізу әрекеттері мен криминалистикалық бағытта қарастырылды. Зиянның орнын толтыру барысында мүлікке тыйым салу әрекеттері кеңінен қарастырылып, оның тергеу әрекеттерін жүргізу барысындағы алатын орны мен криминалистикалық тәсілдері анықталды.

Мүлікке тыйым салу әрекетін уақтылы және міндетті түрде жүргізу мақсатында арнайы нормативтік актілер мен Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің баптары қарастырылып зиянның орнын толтырудағы маңызды әрекеттердің біріне жатқызылды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес мүлікті тәркілеу түсінігі мен оның жүргізілу жолдары және тергеушінің осыған байланысты зиянның орнын толтыруға байланысты негізгі әрекеттері қарастырылды [3].

***Библиографиялық тізім***


1. Нургалиев Б. М. Жол-көлік оқиғаларынын тергеу әдістемесі. Қарағанды, 1994.
2. Уголовное право (право казахстанское, право международное). - Алматы, 1998.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы: ЮРИСТ, 2017.

ӘОЖ 343.359 (574)

# КРИМИНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДА ҚЫЛМЫС ТЕРМИНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МЕХАНИЗМІ

***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается механизм применения терминологии и закономерностей преступлений в криминалистической науке
**Summary**
This article discusses the mechanism of applying the terminology and patterns of crimes in forensic science
**Түйін сөздер:** Криминалистика, құқық бұзушылық, қылмыс механизмі, заңдылық.

Жыл сайын Қазақстан халқына арналатын Елбасының Жолдауы, «Жол картасы», «Нұрлы жол – болашаққа барар жол» секілді бағдарламаларды жүзеге асырып, мемлекетіміздің экономикасын көтеру, халықтардың әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсарту, еліміздің халықаралық деңгейде абыройын арттыру сияқты басты мақсаттарды орындау кезінде, заң және құқық қорғау органдарына осы өте маңызды іс-шаралардың заңға сәйкес жүргізілуін қадағалау жүктелген. Еліміздің демократиялық жолмен дамып, әлемдегі ең алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылуына юстиция, заң, құқық қорғау органдары да елеулі үлес қосып жатқаны белгілі. Елбасы, әсіресе, осы бағдарламаларға бөлінетін қаржының талан-таражға салынбауын және үкімет қаржысына жемқорлардың қолдарын сұқпауын құқық қорғау органдарына қатаң тапсырды. Қазақстан Республикасы соңғы жылдары экономикада, мәдениетте, халықаралық қатынастар жөнінде, спортта және т.б. салаларда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Еліміздің осылай қарқынды дамуы – заң, құқыққорғау органдарының да үздіксіз дамуын қажет етеді.

Криминалистика саласында жүргізілген ғылыми-зерттеулердің нәтижелері жарияланған мақалалар, монографиялар және басқа басылымдарға шолу жасаған кезде - зерттеулердің басым көпшілігі криминалистикалық құжаттарды есепке алу және криминалистик тактикаға арналғаны анықталды. Криминалистика ғылымының, қылмысты болдырмау және қылмыс орын алған кезде, оны ашу үшін қажетті айғақты заттарды тауып, дәлелдеу базасын нығайту үшін жаралғандығы, шолу жасалған барлық басылымдарда келтірілген. Атап кететін жәйт – тергеу мен криминалистикада жаңа техника мен технологияларды қолдану жөніндегі ғылыми мақалалар, әсіресе, қазақстандық зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сирек кездеседі. Ал, соңғы кезде бүкіл дүние жүзіндегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің ғалымдарының айналысып жүрген нанотехнология ғылымының жетістіктерін тергеу мен криминалистикада қолдану жөніндегі зерттеулер отандық басылымдарда жоқтың қасы.

Криминалистиканың пайда болуының өзі ғылыми әдістерді ашу, тергеу және қылмыскерліктің алдын алудың қажеттілігінен туындаған болатын. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін криминалистиканың алғашқы пайда болған күнінен бастап қызметтік міндеттері оның даму заңдылығын анықтады.

Қылмыскерлікпен күрес – қылмыскерлікті қарастыратын барлық жалпы немесе басты ғылымдардың міндеті, олардың ішіндегі елеулі орынға криминалистика ие.

Криминалистиканың қызметтік міндеттері қоғамның тұрақты, демократиялық жолмен дамуына ықпал жасау. Криминалистика да, қылмыстық құқықтық заңдар да, қылмыскерлермен тікелей күресуке қатыспайды. Криминалистика тергеуші мен соттың серіктес сыбайласы да емес, криминалистика шындықты орнату бойынша жасалатын іс-әрекеттердің құралдарының бірі ғана. Криминалистиканың қолданатын негізгі тәсілдерін қылмыскерлер өте жақсы біледі, сондықтан олар қылмыс жасау кезінде криминалисттерге із қалдырмауға тырысады. Осының бәрі, криминалистиканың үздіксіз дамуын қажет етеді.

Криминалистика ғылымының тарихында бұл сұрақтың шешімі маңызды рөл атқарады, себебі, қылмыстық сот ісінің атқаратын қызметі мен рөлінің маңыздылығын, сонымен қатар сол деректердің шығу тегін анықтау, оны пайдаланудың негізінде криминалистикалық амалдардың және қылмыскерлермен күресу әдістерінің көбеюін анықтауға өзіндік ықпал етті.

Криминалистика ғылымының табиғи құрылымы мен ғылым жүйесіндегі алатын орнын қарастыру барысында, немесе, ғылымның кейбір даму кезеңдеріндегі белгілі бір саланың тарихи өзгерістері негізінде бұл сұрақтың шешімінің бірнеше тұжырымдамасын келтіруге болады.

Криминалистикалық тәсілдердің, амалдардың және әдіс-айлалардың пайда болуы әділ сот ісінде, тергеу, іздестіру және сараптамалық іс-шаралармен тікелей байланысты. Жауап алу, тінтулер, қылмыскерлерді тану сияқты іс-шаралар Жаңа және Ескі Өсиет, Авеста, Құран сияқты құдайға құлшылық ету діни кітаптарында баяндалады. Ол туралы, сонымен қатар, Көне Римнің, Қытайдың, Грецияның, Францияның және басқа да елдердің құқықтық ескерткіштерінде де айтылады. Әрине, бұл ой тұжырымдар сол кездегі әдеттегі құқықтық рәсімдер арқылы іске асырылатын күнделікті тұрмыстағы тәжірибеге негізделген [1].

Криминалистиканың ғылыми білім саласында пайда болуы мен қалыптасуы көптеген арнайы қылмыстық істерді зерттеу үдерісінде анықталатын міндеттерді шешуге арналған жаратылыс-техникалық ғылымның мәліметтерін пайдалану барасында қылмыстық тергеудің қажеттілігімен тікелей байланысты.

Қылмыстық тергеуде мына немесе өзге техникалық әдіс-айлаларды жеке дара пайдалану ескі замандарда да қолданыс тапқан. Әр заманда, ұлы ғұлама ойшылдардың өздері қылмысты ашу кезінде дәлел жинау үрдісін дамытып, жетілдіруге атсалысып отырған.

Қазақтың хандары мен билері де қылмыс, немесе дау болғанда, қай жақтың айғақ дәлелі көп және сенімді болса, сол жақты дұрыстап отырған. Мысалы, Төлегенді Бекежанның өлтіргенін Бекежанның садақ оғы арқылы дәлелдеген. Әрине, ертегі криминалистика, негізінен, қарапайым дәлел табудан және соның арқасында тұжырым жасудан тұратын. Осының өзі сол замандағы дауларды шешіп, әділ үкім шығаруға керек болатын. Із кесу – қазақ халқында да, әр түрлі жағдайда, кеңінен қолданылған. Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға ...» - атты өлеңінде аңшылардың аңдардың іздерін кесу арқылы қай жаққа кеткенін байқайтыны суреттелген: «...Салаң етіп жолықса қайтқан ізі, Сағадан сымпың қағып із шалғанда...».

Криминалистиканың техникалық немесе жаратылыс-техникалық ғылым ретінде қарастырылуы оның білім саласындағы дербес қалыптасу кезеңімен сипатталады. Криминалистика табиғатын бұлай бағалаудың себебі, классикалық құқықтық қылмыстық істер жүргізу ғылымынан межелеп бөліп алуға деген талпыныс болып табылатын. Криминалистика – қолданбалы техникалық пән екенін ескере келе, бұл тұжырымдаманы қолдаушылар криминалистиканың дамуы мен қалыптасуын және процессуалдық білімнің дамуының шегінде бір ғылымның және оның тармақталуының мүмкін еместігін дәлелдегісі келді. Қарастырылып отырған тұжырымдамадағы бұл мақсаттың шешімінің айқындылығы өз уақытында елеулі рөл атқарған. Ресейлік криминалистикада оның негізін қалаушылар Г.Ю.Манне және Е.У.Зицер болды. Г.Ю.Манне криминалистиканы қолданбалы техникалық пән ретінде қарастыра келіп, оның қылмыстық-процесуалды

теориядан пайда болғандығын және қылмыстық-процесуалды құқықпен байланысын атап өтті. Е.У.Зицер де осындай көзқарасты ұстанды [2].

Б.М.Шавер криминалистикаға техникалық пән ретінде қарастырылатын көзқарасты теріске шығара келе, бірақ оны құқықтық ғылым деп атаудан аулақ бола отырып, айғақтармен жұмыс жүргізу тәсілдерді зерттеп, ол тәсілдер құқықтық емес – деп шыққан.

Уақиға болған жерді қарауға, тінтуге, тұтқындауға, куәландыруға және басқа түрлі қиын және ыңғайсыз жағдайлардағы тергеу және іздеу іс-әрекеттері кезіне ыңғайландырылған криминалистикалық құралдар мен әдіс-тәсілдер түздік криминалистика деп аталатын бағытта да жақсы дамыған. АҚШ, ГФМ, Англия, Франция, Жапония полициялары арнайы автомобильдік және тік ұшақтық жабдықтарды пайдаланып, компьютерді және лазерлік техниканы телевидения жұмыстарында кең қолданады. Полиция органдары ықшам аспаптар мен қанды алдын ала экспресс талдауға арналған көрсеткіштерді, есірткіні, жарылғыш заттарды, асыл металдарды және мәйіттерді іздеуге арналған қондырғыларды қарқынды пайдаланады. Олар қолданыста ыңғайлы және нәтижелі түрлі іздер мен микрообъектілермен, қарулы қылмыскерлерді ұстау кезіндегі полиция қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен дербес қауіпсіздікті сақтау бойынша жұмыс жасауға арналған тиімді жинақтың зерттемесін дайындауға көп көңіл бөлді [3].

Көптеген дамыған шетелдік мемлекеттердің көпшілігінде ғылыми криминалистиканың ауқымды желісі бар. Олар ішкі істер министрлігінің жүйесінің құрамында болады және оның құрамына орталық ғылыми-зерттеу мекемелері (институттар, орталықтар, академиялар), аймақтық ғылыми-техникалық бөлімшелер (зертханалар, институттар) енеді. Олардың негізгі іс-әрекеттерінің бағыттары жаңа криминалистикалық техника құралдарының зерттемесі, заттық айғақтарды зерттеудің жетілдірілген әдіс-тәсілдері, сараптамалық зерттеу өндірісі болып табылады. Аталған мекемелерден басқа криминалистика аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізу - полицияның арнайы оқу мектептерімен және университеттің бірқатар зертханаларымен жүзеге асады. Шетелдік ғылыми криминалистикалық мекемелерінің сипаттамасы ретінде олардың техникалық жабдықталуы, ғылымның соңғы зерттеу жетістіктерін пайдалану, есептеуші техника құралдарын кеңінен қолданыс табуы болып табылады. Сараптамалық тәжірибеде газды хроматография, лазерлік техника, радиоактивті изотоптар пайдаланылады, заттың құрылымы мен құрамын зерттеудің қазіргі әдіс-тәсілдері қолданылады. Қылмыскерлікпен күресу формалары тарихи орныққан бірқатар елдерде қылмысты ашу үшін уақиға болған сәттен бастап ізін суытпай іздестіру, жоғары дамыған шұғыл техника құрылғыларын дамыту және жеке дара тергеу және шұғыл әрекет ету тактикаларының сұрақтары бойынша практикалық зерттеме жүргізу қажет. Полиция органдарының тәжірибесіне ғылыми-техникалық құрылғылар жинақтамасын, түрлі-түрлі іздестіру аспаптарын, уақиға болған жердің жағдайы мен іздерді белгілеу құрылғыларын, тұтқындаудың техникалық құрылғыларын және т.б. жасау және ендіру. Уақиға болған жерді, күдіктіні ұстау, оны тінту мен жауап алу үшін егжей-тегжейлі тақтикалық әдіс-айлалар әзірленген.

***Библиографиялық тізім***

1. Ищенко Е.П., Топорков А.А. Криминалистика. М.: МГАЮ, 2005. б.8.

2. Ищенко Е.П., Топорков А.А. Криминалистика: Учебник. Изд.2-е, испр. и доп. / Под ред. доктора юридических наук, профессора Е.П.Ищенко. М., "Инфра-М", 2005. с.39.

3. Костров А.И., Печерский В.В., Страхов А.В. Криминалистика Ч.1-Мн.: МИУ., 2006 - с.44.

ӘОЖ 349

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК СИПАТТАМАСЫ

***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается характеристика ответственности за нарушение экологического законодательства
**Summary**
This article discusses the characteristics of responsibility for violation of environmental legislation
**Түйін сөздер:** Экологиялық заң, табиғи орта, криминология, экологиялық құқық, экологиялық тәртіп.

XXI ғасырдағы ғылымның ұлы жетістіктерінің бірі – технология жетістіктерін пайдалануға қол жеткізу болса, бұл бір жағынан адамзат баласының алдындағы көптеген күрделі мәселелердің шешілуіне, ғылым мен техниканың дамуы барысында үлкен бет-бұрыс алуына мүмкіндік жасаса, екінші жағынан ол өзінің кері әсерін де тигізіп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағында баршаға мәлім болған деректердің негізінің өзінде, экологиялық мәселенің ең күрделі, әрі көкейтесті екендігіне көз жеткіземіз. Айналадағы табиғи ортаны қорғау – ең алдымен адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз етуге, табиғи ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау мен қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді.

Жалпы экология табиғат пен қоғам қатынастарын, адам мен табиғаттың тікелей байланысын, айналадағы табиғи ортаны қорғауды реттейтін құқық ережелерінің жиынтығы болып табылады.

Бүгінгі таңда ғылымның бір ағымы, қоғам талабы, адамзаттың күн көрісі үшін табиғат байлығын пайдалануды кеңейтуді қажет деп тапса, келесі бір ағым қоғам талабына, адамзат қажеттілігіне қарама-қарсы, яғни табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдіктің сақталуы қажеттігін айтады. Демек өндірістік дамудың зиянды жерін азайта отырып, табиғатқа ешбір залал келтірмей, оның өзін-өзі реттеп отыру белсенділігін сақтау деген сөз.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде «Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешу» деп аталады. Шын мәнінде экологиялық жауапкершілікке Қазақстан Республикасының табиғатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи ресурстар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктер жатады.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің бастамасы экологиялық заңдардың талабын бұзушылық болып саналады [1].

Экологиялық заңдарын бұзу-белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіретін заңға қайшы келетін кінәлі субъектінің әрекет немесе әрекетсіздігі.

Экологиялық тәртіп-адамның өз өмірі мен денсаулығы үшін табиғи ортаның қолайлы болуына құқығын қамтамасыз етудің, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың адам қызметінің осы ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеудің, табиғи тепе-теңдіктің сақтау мен табиғатты ұтымды пайдаланудың ережелері мен негізгі түпкі бағдарламаларының жүйесі.

Табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіру дегеніміз экологиялық тәртіпті бұзу салдарынан табиғатқа, табиғи ресурстарға, адамның денсаулығы мен өміріне келген немесе келуі мүмкін болатын экологиялық қауіптің салдары.

Экологиялық тәртіпті бұзу мен табиғи ортаға және табиғат ресурстарын және адам денсаулығы мен өміріне зиян келтіру тығыз байланысты. Себебі экологиялық тәртіп бұзылғана жағдайда, оның табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам денсаулығы мен өміріне кері әсері болады. Оның бірінші түрі: табиғи техногендік және төтенше табиғи оқиғалардан экологиялық жағдайдың нашарлануы мүмкін. Бір адамның және қоғамның экологиялық қызметінде олардың алдын-ала зиян әсерлерін болдырмау, жеңілдету шараларын қолдану міндеті қойылған жағдайларда және антропогендік әсерлердің пайда болуы заңдық жауапкершілік туғызады. Соған орай алдын алу шараларын қолданбаған кінәлі адамдардың жауапкершілікке тартылуы заңның талабынан туындайды. Екінші түрі: табиғатқа, табиғи ресурстарға экологиялық мониторингі жүргізу талаптары, табиғи ресурстарды пайдалану кезінде талаптарды, жобалауға қойылатын экологиялық және өзге де талаптар мен нормативтердің орындалмауы салдарынан экологиялық тәртіп бұзылып, табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Экологиялық заңдардың міндеттеріне осы аталған зиянның топтастырылуын көрсету яғни заң бұзушылықтардың жүйесін белгілеу жатады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заң нормаларының бір-бірімен тығыз байланыста болатынын ескерсек экологиялық заң бұзушылық пен экологиялық заңдық жауапкершіліктің де бір-бірімен тығыз байланыста болатынын байқауға болады. Өйткені экологиялық жауапкершіліктің арқауы – экологиялық заң бұзушылық болып табылады.

Экологиялық заңды бұзу екіге бөлінеді. Біріншісі – тәртіпсіздік, екінші - қылмыс. Тәртіпсіздік-жеңіл тәртіп бұзушылыққа жатса, қылмыс ауыр тәртіп бұзушылыққа жатады-оны қылмыс деп атайды.

Жеңіл тәртіп бұзушылық үшін еңбек заңында-тәртіптік жаза қолданатын, материалдық шығынға тәртіп бұзушылық үшін материалдық немесе азаматтық құқық нормалары қолданылатын, экологиялық құқық нормаларын жеңіл бұзылатын түрлеріне әкімшілік құқық нормалары қолданылатын тәртіп бұзушылық экологиялық немесе азаматтық құқық нормаларын бұзушылық тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықпен қатар пайда болуы мүмкін.

Экологиялық немесе экологиялық салалық жауапкершілік осы заңдардың нормаларынан пайда болатын және осы заң салалары нормаларында қаралған ерекше жазалау шаралары қаралған жағдайда қолданылады. Экологиялық құқық бұзушылық төрт түрлі құрамнан тұрады. Біріншісі – объект, екіншісі – субъект, үшіншісі – объективтік тарап, төртіншісі – субъективтік тарап [2].

Экологиялық заң бұзушылықтың объектісі – экологиялық нормалармен реттелген және реттелетін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастар. Бұл объекті екіге бөлінеді. Жалпы экологиялық объектіге – табиғат немесе қоршаған ортаны қорғау туралы қатынастар. Салалық экологиялық объектілерге жер, су, орман, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа, жер қойнауы, пайдалы қазбалар, ерекше қорғалатын табиғи объектілер, континентальдық шелф туралы пайда болатын және экологиялық заңдармен реттелген және реттелетін қатынастар жатады. Олардың ішінде құқықтық реттелуге қарай табиғи ресурстарға мемлекеттік және жеке меншік құқығы, табиғатты пайдаланушылардың құқығын қорғау,

климат пен озон қабатын қорғау жөніндегі қатынастар өз алдына экологиялық заң бұзушылықтың объектісі бола алады.

Экологиялық заң бұзушылықтың объективтік тарапы өзінің үш құрылымы (элементтері) мен ерекшеліктері [3]:

Бірінші: құқық бұзушының қимылының заңға қайшылығы;

екінші: экологиялық зиян келтірген немесе зиян келтіру қаупі бар немесе экология құқығы субъектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерін бұзушылық;

үшінші: құқыққа қарсы іс-әрекет және экологиялық зиян келтіру немесе ондай зиянның келуіне нақты қауіптің немесе экология құқығы объектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы арасында байланысты болуы.

Экологиялық заң бұзушылықтың субъективтік тарапы заң бұзушының кінәсімен сипатталады. Ол әрекет, әрекетсіздік қасақана және абайсыздық нысандарында болуы мүмкін.

Қоршаған ортаны экологиялық сауықтыру және қорғау әлемдегі әрбір мемлекеттің және әлемдік қауымдастықтың күрделі мәселесі.

Әлемдегі ғылыми-техникасы дамыған ірі, алдыңғы қатарлы мемлекеттер де экологиялық тығырықтан қашып құтыла алмады. Бірақ бұл саладағы қоғамдық қатынастарды экономикалық әлеуетінің басымдығының және дамуы артта қалған елдердің есебінен нақты экологиялық басымдық принциптерді ұстануының нәтижесінде өркениетті түрде құқықтық реттеуге қол жеткізді. Еліміздің бүгінгі және келешектегі күн көрісі - оның халқының денсаулығының, арзан жұмыс күшінің, экологиялық лас өндірістің және келешекте гендік қоры бүлінген жарымжан мүгедек ұлттың қалыптасуы есебінен өтелуі тиіс емес. Қоршаған ортаның экологиялық мәселесін шешудегі маңызды тәсіл болып, қоршаған ортаны экологиялық ластанудан құқықтық қорғау болып табылады. Егер Конституциялық принципті, яғни азаматтардың денсаулығын сақтауға құқылы екендігін (29 бап.1 б.), мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қоятындығын (31 бап. 1 б.), мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (1 бап. 1 б.) екендігін, және басқа да заңдық принциптерді, соның ішінде мәселен, экологиялық заңда көрсетілгендей, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіру екендігін ескерсек, мұндағы барлық нормалардан нақты азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға ие болу құқықтарының танылуын және оның сақталуының мемлекеттік кепілдігі берілетіндігін көре алмаймыз [4].

Экологиялық құқық бұзушылық объектісі мен нысанасының айырмашылығы мынада: заң материалдық дүниенің заттарын емес, қоғамдық қатынастардың элементтері ретіндегі заттарды қорғайды, және оларға қол сұғу тиісті қоғамдық қатынастарға қол сұғу болып табылады. Бұл шын мәніндегі объективтік шындық болып табылады. Азаматтарды толық қолайлы қоршаған ортамен қамтамасыз ету сатылы түрде біртіндеп келешекте іске асырылатын шара.

Біздің ойымызша, құқық нормаларының құрылымдық белгілеріне жоғарыда жасалған талдауларға сай, экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық құқықтық жауапкершілік экологиялық құқықтың жалпы бөлімінің жеке институтын құрайды.

***Библиографиялық тізім***

1. ҚР Экологиялық кодексі. 2017 ж.

2. Стамқұлұлы Ә. Қазақстан Республикасының экология құқығы, Тараз, 2003 ж.

3. Әбдірайымов Б. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі, Алматы, 2001 ж.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (30тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған) Алматы.

ӘОЖ 343.159 (274)

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Дайрабаева Г.М.***
*п.ғ.к.*
***Шерімқұлова Г.Д.***
*з.ғ.к.*
***Әлайдар А.***
*з.ғ.к.*
*Шымкент университеті, Шымкент*

**Резюме**

**Резюме.** В данной статье рассматриваются методы борьбы с коррупцией
**Abstract.** This article considers the problems of fighting against corruption
**Түйін сөздер.** Мемлекет, құқық, Ұлттық қауіпсіздік, министр, республика.

Әр мемлекет өз құпияларын қорғауға міндетті. Бұл бағытта арнайы қызметтер құрылып, қорғаныс саласы мен қорғалатын ақпаратты пайдалануды реттеп отыратын тиісті заңдар қабылданады.

Біздің республикамызда Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекеттік құпиялардың қарсы барлау қорғанысын, мемлекеттік органдар мен мекемелердегі жабық ақпараттардың сақталуын қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асырады, ұйымдардың мемлекеттік құпияларды пайдалануға, техникалық құралдарды, оларды қорғауға, осы салада қызмет жасауға қатысты қызметтеріне арнайы рұқсат пен лицензиялар береді, мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қылмыстарға тергеу жүргізеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекеттік құпияларды сақтау Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін ең басты міндеттердің бірі болып табылады. Осылайша, ҰҚК бастамасымен 1992 жылы ҚР Министрлер Кабинетінің жанынан мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы жұмыстарды үйлестіру бойынша кең өкілетті, ақпаратты қорғау жөніндегі Мемлекеттік техникалық комиссия құрылған болатын. ТМД елдерінің ішінде Казақстан бірінші болып 1993 жылдың қаңтарында «Мемлекеттік құпияларды қорғау труалы» Заңды қабылдады. Осы жылы ҰҚК құпия мәліметтер мен құжаттарды пайдаланудың тәртібін және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер тізімдемесін реттейтін Қазақстан Республикасындағы құпиялық режимін қамтамасыз ету бойынша жаңа Нұсқаулық дайындалды.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер тізімдемесін заң түрінде жасауға міндеттейтін Конституция қабылданғаннан кейін ҰҚК «Мемлекеттік құпиялар туралы» жаңа Заң дайындалды, бұл заңды 1999 жылдың наурызында Парламент қабылдады.

Заңда, алғаш рет қалың жұртшылыққа кеңінен белгілі болған мемлекеттік құпиялар тізімдемесінен басқа, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын ақпараттарды құпияландыруға тыйым салынған: азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар, олардың салдары туралы, сондай-ақ табиғи нәубеттер және олардың ресми болжамдары мен салдары туралы; экологияның, дансаулық сақтаудың, санитария, демография, білім беру, мәдениет, ауылшаруашылығының, сол сияқты қылмыскерлік жағдайлары туралы; мемлекеттің азаматтарға, лауазымды тұлғалар мен ұйымдарға беретін артықшылықтары, компенсациялары мен жеңілдіктері туралы; азаматтың құқығы мен бостандығын бұзу фактілері туралы; мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды тұлғаларының заңды бұзу фактілері туралы; саяси, әлеуметтік және басқа да себептермен жаппай репрессиялау туралы. Көрсетілген мәліметтерді құпияландыру туралы шешім

қабылдаған лауазымды тұлғалар жауапқа тартылады және азаматтар мұндай шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

Сондай ақ, азаматтар мен ұйымдардың құпияландырылған мәліметтерге меншік құқығын және азаматтардың ақпараттарды құпиясыздандыру туралы сұрауларын міндетті түрде орындаудың алғаш рет заңмен енгізілгенін атап өту керек.

1999 жылы ҰҚК бастамасымен республикамызда мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша Агенттік статусына ие жеке өкілетті мемлекеттік орган құрылды. Агенттікпен бірлесе отырып ҰҚК мамандары республикамыздағы құпия ақпараттарды қорғау және пайдалану процедураларын анықтайтын шамамен 30 нормативті құқықтық актілер дайындады. 2002 жылы бұл өкілетті мемлекеттік органның функциялары ҚР Премьер-Министрінің Канцеляриясына жүктелді [1, 28 б].

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып Комитет қолда бар мұрағат материалдарын құпиясыздандыру бойынша, соның ішінде республикамыздың заңсыз репрессияланған азаматтарына қатысты қомақты жұмыстар жүргізуде. Аталған материалдар бұқаралық ақпараттар құралдарында кеңінен қолданылып, жарық көруде.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету бойынша үшжылдық Мемлекеттік бағдарламаны орындаудың аяқталу кезеңінде, ҰҚК басты міндеті - мемлекеттік органдар мен ұйымдарға «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңды дамыту үшін дайындалған нормативті құқықтық актілердің жаңа талаптарын енгізу болып табылады. Осыған байланысты ұлттық қауіпсіздік органдары мемлекеттік құпияларды пайдаланумен байланысты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қызметін жүзеге асыруға жаңа рұқсаттарды рәсімдеу (қайта рәсімдеу) бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Республикамызда бірінші рет рұқсаттарды беру ұйымдардың мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңдар талаптарына сәйкестігіне қорғаныс жағдайын жанжақты сараптағаннан және олардың басшыларын аттестациялағаннан кейін ғана жүргізілетін болды.

Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жетілдіруге және тиімділігін арттыруға бағытталған ҰҚК қабылдаған ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар бірқатар жағдайларда накты оң нәтижелерге қол жеткізуге, шетелдік арнайы қызметтердің құпия мәліметтерге енуінің алдын алуға, мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мәселелеріндегі қателіктерді ашуға мүмкіндік берді.

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекеттік құпиялардың қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі қызмет Ұлттық қауіпсіздік комиеттінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мәселен, ҰҚК ұсынысы бойынша 1992 жылы ҚР Министрлер Кабинеті жанынан мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы жұмыстарды үйлестіру бойынша ауқымды өкілеттіктері бар Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия құрылған болатын. ТМД елдері арасында Қазақстан бірінші болып 1993 жылғы қаңтарда «Мемлекеттік құпияларды қорғау туралы» Заң қабылдады. Осы жылы ҰҚК құпия мәліметтермен және құжаттармен жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа нұсқауды және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің тізбесін әзірледі.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің тізбесін заңнамалық белгілеуді міндеттейтін Конституция қабылданғаннан кейін ҰҚК 1999 жылғы наурызда Парламент қабылдаған «Мемлекеттік құпиялар туралы» жаңа Заң әзірледі. Заңда алғаш рет бұқара жұртшылықтың игілігіне айналған мемлекеттік құпиялардың тізбесімен қатар азаматтардың құқығы мен бостандығын қозғайтын: азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың зардаптары туралы, сондай-ақ зілзала апаттары, олардың ресми болжамдары мен зардаптары туралы; экология, денсаулық сақтау, санитария, демография, білім, мәдениет, ауыл шаруашылығының жағдайы туралы, сондай-ақ қылмыстылық жағдайы туралы; мемлекеттің азаматтарға, лауазымды тұлғалар мен ұйымдарға беретін артықшылықтары, өтемдері мен жеңілдіктері туралы; азаматтардың құқығы мен бостандығының бұзылу

фактілері туралы; мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды тұлғаларының заңдылықты бұзу фактілері туралы; саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргіндер туралы ақпаратты құпиялауға тыйым салу енгізілді. Аталған мәліметтерді құпиялау туралы шешім қабылдаған лауазымды тұлғалар жауапкершілік алады және азаматтар мұндай шешімдерді сот тәртібімен шағымдануға құқықты [2, 84 б].

Сонымен бірге мәліметтердің құпиялануына байланысты Заңға алғаш рет азаматтар мен ұйымдардың оларды тасушыларға меншік құқығы және азаматтардың құпияларды ашу туралы сұрауларының міндетті түрде орындалуы енгізілгенін атай кеткен жөн.

1999 жылы ҰҚК бастамасымен республикада Агенттік мәртебесі бар мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жеке уәкілетті мемлекеттік орган құрылды. Агенттікпен бірлесіп, ҰҚК мамандары республикада құпия ақпаратты қорғау және онымен жұмыс істеу рәсімін анықтайтын 40-қа жуық нормативтік құқықтық актілер әзірледі. 2002 жылдан бастап осы уәкілетті мемлекеттік органның міндеті ҚР Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелді.

ҰҚК қолданған елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тиімділігін жетілдіру мен жоғарылатуға бағытталған ұйымдастыру және нақты шаралары бірқатар жағдайларда белгілі бір оң нәтижелерге жетуге, шетел арнайы қызметтерінің құпия мәліметтерге кіру әрекеттерінің алдын алуға, мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерінде кемшіліктерді ашуға мүмкіндік берді [3, 14 б].

Сонымен бірге, мемлекеттік құпияларды жария етудің алғышарттары сақталуда, оларды жыл сайынғы құпия құжаттарды (мүліктерді) жоғалту және жабық мәліметтерді жариялау фактілерінің анықталуы дәлелдейді. Мемлекеттік құпияларды жариялау мен жоғалтуға мүмкіндік берген бірқатар лауазымды тұлғаларға қатысты қылмыстық істер көтерілді, кейбір кінәлы тұлғалар ҚР ҚК 185, 186 баптары бойынша бас бостандығынан айрылудың түрлі мерзімдеріне айыпталып, көпшілігі әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Көптеген жағдайда мұндай бұзушылықтар айтарлықтай құрылымдық өзгерістерге, жекеменшік формаларының өзгеруіне ұшыраған ұйымдарға тән. Ұлттық қауіпсіздік комитетімен ақпараттарды жаппай құпияландырудан кету бойынша көптеген жұмыстардың жасалғанын атап айту керек, мемлекеттік құпияларды қорғаудың механизмдері заңмен белгіленген және бұл оларды қажетті деңгейде ашық етті.

Есірткілердің заңсыз айналымының көлемі және оларды асыра пайдалану ауқымы Қазақстанда өсуін жалғастыруда, тек халықтың денсаулығына қатер төндіріп қана қоймай, сонымен бірге экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайды, мемлекет жүргізіп жатқан экономикалық реформалар үдерісін тұрақсыздандырып отыр.

Қазақстанның географиялық жағынан тиімді орналасуы, көлік инфрақұрылымының жедел дамуы, шекарасының айтарлықтай ұзын болуы оның есірткі мен психотропты заттарды Оңтүстік-Батыс Азиядан және Ауғанстаннан Ресейге, одан әрі Еуропаға және басқа континенттер елдеріне транзиттеуге тиімді «көлік коридорына» айналуына себепші болды.

### *Библиографиялық тізім*

1. ҚР Конститутциясы 30.08.1995. (2007 жылғы 21 мамырдағы өзгертулермен толықтырылған).

2. ҚР Жоғарғы Сот Пленумының жинағы «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қарау тәжірибесі туралы» 30.04.1999.

3. ҚР Қылмыстық Кодексі, Алматы 2008ж.

4. ҚР кеден ісі туралы заңы, Алматы 2008ж.

ӘОЖ 343.359 (574)

# МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ПРОБЛЕМАСЫ

***Дайрабаева Г.М.***
*п.ғ.к.*
***Шерімқұлова Г.Д.***
*з.ғ.к.*
***Әлайдар А.***
*з.ғ.к.*
*Шымкент Университеті, Шымкент*

**Резюме.**
В этой научной статье рассматриваются проблемы организованной преступности.
**Abstract.**
This scientific article deals with the problems of organized crime.
**Түйін сөздер.**
Сыбайлас, қылмыс, жемқор, қоғам, саясат, билік.

Кез-келген елдің саяси және биліктегі элитасынан, әртүрлі деңгейдегі лауазым иелерінен қылмыстық іс-әрекеттің барлық түрлетін кездестіруге болады. «Саясат – былғаныш іс», «Билік – адамдарды бұзады» деген сөздер лауазымды адамдардың криминалдық теріс қы-лықтарының нәтижесі. Кейбір елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің талдамасы заң алдында барлық азаматтар теңдей деген принциптер мен қылмыстық жауапкершілікке тартудың нақты практикасы арасында алшақтық бар екендігін көрсетті, қылмыстық-құқықтық бақылаудың билікті-байлықты қылмыскелерден олар басқарып отырған қарапайым халыққа қарай ауысқанын көріп отырмыз. Мұндай ауытқудың мөлшері елдегі ұлттық екіжүзділіктің деңгейін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық, оның көлемі, ерекшелігі мен динамикасы – елдегі жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың салдары. Ел жаңару кезеңін бастан кешіріп отырған кезде сыбайлас жемқорлық әрқашанда етек алады, бұл бір жағынан мемлекеттің қоғамдық және экономикалық негіздерінің өзгергендігінің салдары [1, 3б].

Мемлекет рухани және қаржы тапшылығын көріп отырғанда сыбайлас жемқорлықтың күшеюі мемлекеттік билік институттарын одан әрі әлсіретеді, азаматтардың оларға сенімін азайтады, халықта әлеуметтік енжарлық қалыптасады, қоғамда агрессивтік қылықтар пайда болады. Қазіргі дағдарыс – халық пен билік арасындағы қатынас дағдарысы.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының бір түрі ғана емес, ол криминалдық құрылымдардың атқарушы және заң шығарушы билік органдарымен тығыз байланысқа түсуіне, ұйымдасқан қылмыстылықтың банк, өндіріс, сауда саласына, бұқаралық ақпарат құралдарына, қоғамның басқа да салаларына еніп кетуіне жағдай тудырады.

Жекешелендіру жүргізіп, инвестициялық-жекешелендіру қорларын құрып, халықты жұтату азаматтардың экономикалық қауіпсіздігін ойлағысы келмейтін, ойлайтындай жоқ шенеуніктердің жемқорлық қылмысқа маталып қалғандығын көрсетеді. Мұны жеке-шелендірудің кейінгі ақша кезеңі растады оның шегінде қиянаттың жаңа түрі-биржа саудагерлігі пайда болды, ондағы мақсат-салық төлеуден жалтару және шетелдік инвесторларға бағдар алу. Бұл ұлттық валютаның құнсыздануына алып келді, ал директорлар корпусы ертерек құтылуға асыққан акциялар қылмыстық бизнестің оңай олжасына айналды.

Отандық заңнаманың жетілмегендігін пайдаланып, қоғамның сыбайлас жемқорлыққа малынған «бетке ұстарлары» республика бюджетінің кірісіне шамалас

қисапсыз капиталды шетелдерге жіберуде. Оларды қайтару оңайға түспейді (заңсыз жолмен тапқан қаражатты заңдастыру сондай шаралардың біріне жатады-автордың ескертпесі). Ал ҚР Үкіметі Халықаралық валюта қорынан (ХВҚ) жылда кредит сұрайды. Ол өзінің беретін несиесінің есесіне Қазақстанның реформа жүргізуіндегі өз дербестігін жоғалтуына дейін талап қойып отыр. Батыстың біздің экономикамызды қаржыландыруы біз үшін арзанға түспейтіндігіне жыл асқан сайын көзіміз жетуде. Экономикалық қауіпсіздік проблемасына мән бермесек, ұлттық тәуелсіздігімізді жоғалтып алуымыз әбден мүмкін [2, 10б].

Мұның бәрі Қазақстанда 20 жылдан аса уақыт жалғасып келе жатқан экономикалық және әлеуметтік дағдарыс жағдайында болып отыр, оны Джорджтаун және Оксфорд университеттерінің профессоры С.Коуэн «XX ғасырда болып көрмеген теңдесі жоқ процесс» дейді.

10% ең бай отандастарымыз бен 10% ең жұпыны тұратын азаматтардың табыстарының айырмашылығы 90-жылдардың басында 3 еседен аспаған. Бұл көрсеткіш 1992 жылы -7,5есе, 1993 жылы -11есе, 1994 жылы 13-16 есе, 1995 жылы -18-20 есе, ал 1997 жылы-30еседей өскен (138,23-б)

Бұл халықтың едәуір бөлігінің біртіндеп әлеуметтік «батпаққа» батып бара жатқандығын көрсетеді. Осыдан агрессивтік қылмыс пайда болады, олар өз қайыршылығына кінәлі адамдарды іздейді («Бақай», «Шаңырақ» оқиғаларын алуға болады). Бәрінен бұрын барлық деңгейдегі билік органдары нысанға алынады. Биліктің беделі күрт түседі. Ал «байлар» мұндай жағдайлардан өздерін оқшау ұстайды, олар байыған үстіне байып, капиталын сенімді жерге тиімді орналастырумен болады.

Халықтың кедейленуі қылмыстылықтың, оның ішінде ұйымдасқан қылмыстылықтың көбеюіне алып келеді. Ұйымдасқан қылмыстылық, тіптен, орасан зор материалдық, қаржылық және саяси капитал жинап, елдің ішкі және сыртқы бірқатар аспектілерінің қалыптасу процесіне белсенді ықпал ету мүмкіндігіне ие болады.

Билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықпен күрестің жолындағы тосқауылдардың бірі – саяси (немесе мемлекеттік) және экономикалық элиталар арасында тығыз өзара байланыстың бар екендігі. Экономикалық мемлекеттік және жеке секторлардың үйлесіп кетуі қазіргі қайта құру науқанында көзге айқын көрініп тұр. Жеке сектордың жедел дамуы үшін қатаң заң енгізу керек, сол арқылы оны мемлекеттің араласуынан қорғауға және жеке сектордың заңдылықты сақтауын бақылауға мүмкіндік тудыру қажет.

Экономикалық және саяси-әкімшілік элиталардың тығыз өзара байланысы олардың тұтасып кетуіне әкеп соғады. Кәсіпорындар мен банктерге «кеңесші» болып орналасып көптеген функционерлер әжептеуір дивиденттер мен гонорарларға ие болуда.

Соңғы бірнеше жылдарға созылып келе жатқан проблемалардың бірі-бюджеттің кіріс бөлімін орындау және оның шығыс бөлімін бақылау. Мұның екеуінде де сыбайлас жемқорлықты кездестіруге болады. Бюджеттің салық бөлімін орындау үшін көп нәрсенің керегі жоқ-өндірістік кәсіпорындардың дамуына мүмкіндік беретіндей салық заңнамасын қабылдау және салық төлеуден жалтаратындарға қатаң санкция белгілеу. Сонымен қатар қолма-қол ақша айналымын біртіндеп шектеу, ол үшін ақша қаражатын қолма-қолданушылықтан қаптаған ұйымдардың арылу және сыбайлас жемқорлыққа дем беріп отырған өзара есептесу дегенді мүлде азайту.

Сондай қиындықпен жиналатын бюджет қаражатының өз мақсатында жұмсалатындығына бақылаудың болмауы да көңіл алаңдатады. Мемлекет өзін-өзі тонап жатқан сияқты. Мысалы, жергілікті әкімшілікке, мектепке немесе кәсіпорынға мемлекет бөлген субвенциялар нақты алушыға жеткенше, жол-жөнекей жарым-жартылай, тіптен толықтай талан-таражға түседі, оған әкімшілік шенеуліктері тікелей қатысады.

Қазақстанның кейбір аймақтарының бюджетке тәуелділігі сыбайлас жемқорлық үшін қолайлы жағдай тудырады. Бөлінген бюджет қаражатын ұрлау Астанадан басталып облыс әкімшілігінде жалғасын табады. Мұның мысалы ретінде, Жамбыл облысындағы

жер сілкініс құрбандарына көмек көрсету үшін бөлінген қаражаттың талан-таражға түскендігін айтуға болады. (2001 жылғы).

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың Италия немесе Қытай сияқты елдердегіден айырмашылығы сонда, біздің қай деңгейдегі болмасын саясаткерлер, әсіресе сайлау алдындағы науқанда, мемлекеттік шенеуніктердің алақол екендігі, сыбайлас жемқорлықпен күрестің қажет екендігі жайында бүкіл елге жар салады.

Сонымен билік сыбайлас жемқорлықпен күресуде, бірақ оның шенеуніктердің өмір салтына айналғанын мойындап отыр. Ат төбеліндей элитаның қисапсыз байлыққа батып қалғанын халық біледі, көріп отыр, бірақ оларға «мұның қалай?» деп айтуға шамасы жоқ. Сыбайлас жемқорлықтың етек алғаны соншалық, ол қазір экономиканы жаулап алып, саясатқа ауыз салды.

Нарықтық экономиканың тиімділігі төмендеуде, демократиялық институттар күйреуде, нәтижесінде ел мен қоғамға орасан зиян келуде. Халықтың басым көпшілігі кедейліктің тауқыметін тартып отыр, қоғамда наразылық күшеюде. Елдің бүтіндігіне, конституциялық негізіне қауіп төнуде. Қорыта келгенде, сыбайлас жемқорлық елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрған үлкен мәселеге айналды [3, 13б].

Қазақстан Республикасында өтпелі кезең жағдайында шенеу-ніктердің алақолдық проблемасы өзінің шарқына жетті, саяси астар алды. Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлығын біздің де, шетелдердің де бұқаралық ақпарат құралдары ұдайы сөз етеді, ол туралы ең жоғарғы мемлекеттік деңгейде айтылып жүр. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтудің қажеттігі ұдайы аталып өтеді.

**Сыбайлас жемқорлықпен күресу бағдарламасын даярлауда мына жағдайларды ескеру керек.**

Сыбайлас жемқорлықтан біржола арылу мүмкін емес. Дұрыс қоғамда ол биліктің басқару әдісіндегі кемшілікті көрсететін сигнал сияқты.

Сыбайлас жемқорлыққа мәңгі белшесінен батып қалатын да, одан мүлде арылатын да мемлекет болмайды.

Сыбайлас жемқорлықты құрықтау өте шығатын науқан болуы тиіс емес. Кез келген науқаннан кейін сыбайлас жемқорлықтың бұрынғыдан да бетер үдеп кететініне көзіміз жетті.

Күрес жан-жақты, кешенді және ұдайы жүргізілгенде ғана, және оған билік те, қоғам да ат салысса ойдағыдай нәтиже береді.

Мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлықтан көріп отырған шығыны қисапсыз, сондықтан да онымен күресу шараларын жүзеге асыруда ешқандай шығыннан аянбау керек. [4, 4б].

***Библиографиялық тізім***

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Нью-Йорк, 2003ж. 31 қазандағы Конвенциясы.

2. Еуропа Кеңесінің «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» Страсбург 1999 ж. 27 қаңтардағы Конвенциясы.

3. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы іс қимыл туралы ҚР заңы» 2015.

4. Алауханов Е. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің проблемалары. //Заң. - №2. 2015.

ӘОЖ 347.1(075)

# АУЫР ҚЫЛМЫСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**_Сыздыкова Ш.Е._**
_з.ғ.к., аға оқытушы_
**_Ескендерова Г.Т._**
_аға оқытушы_
**_Айтқұл С.А._**
_аға оқытушы_
**_Байтерекова К.Б._**
_аға оқытушы_
_Шымкент университеті, Шымкент қаласы_

**Резюме**
В данной статье рассматривается понятие тяжкого преступления
**Summary**
This article discusses the concept of a serious crime
**Кілттік сөздер:** қылмыс объектісі, қылмыстық іс-әрекет, қоғамға қауіптілік, ауыр қылмыс

Қылмысты іс-әрекет жасаушының қиянаты бағытталған, қылмыстың салдарынан зиян шеккен немесе шегуі мүмкін нәрсе қылмыс объектісі болып табылады.

Қылмыс объектісінің заңды тізімі ҚР қылмыстық кодексінің 2-бабының 1-ші бөлігінде көрсетілген. Олар адам мен азаматтық құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, меншік, ұйымдардың кұқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп, қоршаған орта. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері және бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі [1].

Кеңестік заң әдебиеттерінде қылмыс объектісі, әдетте, қылмысты қиянаттан қылмыс заңымен қорғалатын қоғамдық қатынастар ретінде айқындалып келді. Ал қоғамдық қатынастар ретінде біз адамдар арасындағы бірлесіп атқарған әрекетті немесе өзара араласуы нәтижесінде пайда болған, құқықтық және моральдық нормалармен бекітілген қатынастарды түсініп келдік. Көпшілік жағдайларда қылмыс объектісін кейбір қоғамдық қатынастар ретінде пайымдау орынды да, мысалы, бұған ұрлау, тонау немесе басқа да бөтеннің мүлкін талан-таражға салу кезіндегі меншікке қатысты қылмыс объектісі деп танылуын жатқызуға болады. Бұл жағдайда, шынында да, қылмыс объектісі ретінде ұрланатын мүліктің тікелей өзі емес (оған ешқандай зиян келтірілмеуі де мүмкін) меншік құқығынан, атап айтқанда, мүлікті иелену, пайдалану немесе басқару құқығынан туындайтын қатынастар танылады. Алайда, кейбір жағдайларда қылмыс объектісін қогамдық катынастар ретінде тұжырымдайтын бұл теория "іске аспай" қалады. Бұл әсіресе, жеке адамдарға қарсы жасалатын қылмыстарға, соның ішінде кісі өлтіруге қатысты, адамның маңыздылығы туралы оны «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы» деген марксистік тұрғыдан түсініп келгендіктен, кеңестік қылмыстық заң ғылымында кісі өлтіру объектісі адам өмірінің өзі емес, тек қана қоғамдық қатынастар жиынтығы деген түсінік орын алып келді.

Әрине кісі өлтіру объектісі ретінде адам өмірін мұндай тұрғыдан түсіну адамның биологиялық тірі организм, тіпті жалпы өмірдің биологиялық құбылыс ретіндегі абсолютті құндылығын төмендетіп жібереді. Адам тәуелсіз абсолютті құндылықтан жәй қоғамдық қатынастардың (еңбек, қорғаныс, қызметтік, отбасылық, меншіктік және тб) иесіне ғана айналып шығады. Сондықтан, қылмыс объектісін қоғамдық қатынастар деп тұжырымдап келген теорияны, ол қылмыстық заңмен қорғалған күнде де, жан-жақты деп қабылдауға болмайды. Тіпті өткен ғасырдың соңында қылмыстық-құқықтық классикалық

және социологиялық мектептері көлемінде туындап, объектіні құқықтық игілік деп уағыздаған теорияға қайта оралу керек сияқты. Р. Иерингтің құқық жөніндегі анықтамасына сүйене отырып, неміс кримминалисі Ф. Лист қылмыс объектісін құқық пен қорғалған өмірлік мүдде деп түйінделген. Революцияға (кеңес заманына) дейінгі Ресейдің қылмыстық құқық ғылымының ең ірі өкілі Н.С.Таганцев та бұл көзқарасқа жақын тұрған. Оның анықтауынша, қылмыс нормамен қорғалатын өмір мүддесіне қиянат жасайтын іс-әрекет және ол мүдденің белгілі бір елде, белгілі бір кезеңде маңызды деп саналатындығы соншалықты, тіпті мемлекеттің ізі қиянат жасаушыны жазамен қорқытады" қылмыстық объектіні анықтау барысында оны қылмыскер арқылы қылмыстық-құқықтық норманың бұзылуы деп қана қарастыратын тар нормативті тұрғыны өзгертуге де Таганцевтің еңбегі зор. Қылмыстық объектіні мұндай тұрғыдан қарастыру классикалық қылмыстық құқық көлемінде өткен ғасырдың орта шеңінде ойлап шығарылған нормативті теорияга тән, мысалы, ол В.Д.Спасовичтің еңбектерінде кездеседі [2].

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңының жалпы адамзаттық құндылықтардың мұратына қайта оралуы - қылмыстық-құқықтың қорғау объектілері жөнінде әбден қалыптасып қалған иерархияның айтарлықтай өзгергендігін көрсетеді, қылмыстық заңмен қорғалатын объектілер енді демократиялық қағидалар негізінде мүлдем басқаша қарастырылатын болды, яғни, ең алдымен жеке бастың, сосын қоғамның және мемлекеттің мүддесі ескеріледі. Қылмыстық-құқықтық қорғаудың табан тірер негізі ретінде ең алдымен жеке бастың мүддесі қарастырылуы тиіс. Дәл осы мүдденің сенімді әрі тиімді қорғалуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің тиімді қорғалуына зор әсер етеді. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерінің заңдылықты анықтау саласындағы мұндай артықшылықтар, бұл проблеманы дамыған демократиялық елдердің (мысалы, Батыс Еуропа) қылмыстық кодекстерінде заңдылықты шешуіне сәйкес келеді [3].

Қылмыс объектілерін анықтаудың қылмыстық іс-әрекетті саралаудағы маңызы үлкен. Жасалынған қылмыс объектісін дұрыс анықтау қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісінің рөлі мен маңызына терең талдау жасау үшін, қылмыс объектілерін, әдетте, жалпы тектік және тікелей деп ажырату қалыптасқан.

Объектіге қол сұғушылықты одан әрі айқындау қылмыстардың тектік және тікелей объектілері бойынша іске асырылады.

Тектік объект - бұл жалпы объектінің бөлігі. Ол бірыңғай қылмыстардың тобы қиянат жасайтын бір текті мүдделердің тобын құрайды. Тектік объект қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жүйесін құрастыруда маңызы зор. ҚР ҚК Ерекще бөлімінің құрылыс жүйесі негізіне қылмыстардың тектік объектісі қойылған. ҚР ҚК Ерекше бөлімінің әрбір тарауында өзінің тектік объектісі бар. Айталық, ҚР ҚК 1-ші тарауына біріктіріліп, баптарында қарастырылған қылмыстардың тектік объектісі адамның жеке басы болып табылады.

Тектік объектілер бірқатар тараулардың атауларында да көрсетіледі (мысалы, ҚР ҚК 16-тарауы Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар).

Кейбір жағдайларда тектік объект ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тарауына енгізілген нақты қылмыс құрамына талдау жасау арқылы анықталады.

Қылмыстардың тектік объектісін анықтаудың қылмыстарға, әсіресе сырттай ұқсас қылмыс құрамдарына байланысты қылмыстық іс-әрекетті саралауда тәжірибелік маңызы үлкен. Мұндай жағдайлар адамның жеке басына қарсы қылмыстар мен бұзақылық арасында кездеседі (біріншісінің объектісі адамның жеке басы болса, соңғысының объектісі қоғамдық тәртіп).

Тікелей объект - бұл тектік объектінің бөлімі, яғни қылмыстық заңмен қорғалатын бір немесе бірнеше қиянат бағытталған нақты бір мүдде, я болмаса нақты бір қылмыстың салдарынан зиян шегуші нақты игілік. Ерекше бөлімнің 1-ші тарауындағы баптарға сәйкес қылмыстардың тікелей объектілері болып табылатын адам өмірі мен денсаулығы жеке

басқа түгелдей қатысты болғанымен, тектік объектінінің бөлігі ретінде қарастырылады. Тікелей объектінің қылмыстық тәртіпті анықтаудағы тәжірибелік маңызы зор, себебі ол кейбір жағдайларда қылмысты осы тектес басқа қылмыстардан ажыратып алуға мүмкіндік береді. Тікелей объект кейбір реттерде әртүрлі қылмыс құрамында бірдей болуы мүмкін. Мысалы, ҚР ҚК -тің 99-бабының 1, 2-бөліктері, 100, 101, 102-баптар. Аталған қылмыстар тікелей объектіге қарап ажыратылмайды, қылмыс құрамының басқа элементтерінің белгілеріне қарап ажыратылады.

Әдетте, әр қылмыстың өзінің тікелей бір объектісі болады. Алайда бір мезгілде екі тікелей объектіге қиянат көрсететін қылмыс түрлері де кездеседі (қос объектілі қылмыс). Бұл жағдайларда объектілердің біреуі басты (негізгі), ал екіншісі қосымша болып есептеледі. Ал тікелей объектінің қайсысы -негізгі, қайсысы - қосымша екендігі туралы сұрақ құқықтық тұрғыдан қорғалушы игіліктің өз маңыздығына емес, оның тектік объектімен байланысына қарай шешіледі.

Негізгі объект - ол басты тікелей объект. Қылмыстық-құқық нормасы, ең алдымен, оны қорғау үшін шығарылады. Демек, негізгі объект қылмысты ҚК-тің белгілі бір тарауына қосу үшін негіз болатын басты объект.

Негізгі объектіге қарсы қиянат жасау барысында "жол-жөнекей" түсетін зардапқа төзетін (немесе осындай зардап түсу қаупі бар) объект, қосымша объект болып табылады. Мысалы, шабуыл жасап тонауда негізгі объект меншік, қосымша объект нақты адамның денсаулығы.

Факультативті объект - қылмыс жасау барысында белгілі бір зиян тигізілуі де, тигізілмеуі де мүмкін қатынас (мүдде). Мысалы, бұзақылық жасау барысында негізгі объект қоғамдық тәртіп, ал жеке адамның мүддесі бұзылуы да, бұзылмауы да мүмкін.

Қылмыстың негізгі объектісін анықтау іс-әрекетке әлеуметтік - саяси сипаттама беруге, оның қоғам үшін қауіптілік деңгейін бағалауға және ҚК-тің бөлімінің қай бабын қолдану мәселесін шешуге, яғни болған іс-әрекетті қалай саралау керектігін оңайлатып береді.

Қылмыс объектісінен қылмыстың затын ажырата білу керек. Қылмыс затына қылмыскер тиісті объектіге қылмысты қол сұғу ксзінде осы қылмыскердің тікелей әсеріне ұшыраған, сыртқы ортадағы материалдық заттар жатады. Бөтеннің мүлкін ұрлау кезінде (мысалы, автомобиль делік) қылмыстың заты тікелей автомобильдің өзі болса, ал объектісі оған байланысты меншік құқығы.

Қылмыстың объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделер, қоғамдық қарым-қатынас болса, қылмыстың заты - материалдық дүние, алғы шарттар, қоғамдық қарым-қатынастардың өмір сүру, даму шарты. Қылмыскер материалдық бұйымдарға, заттарға тікелей ықпал жасай отырып, қылмыстық зат қорғайтын белгілі бір қоғамдық қарым-қатынасты және мүдделерді бұзады. Демек, қылмыстың объектісі қылмыскер ықпал жасаған заттар емес, заң қорғайтын белгілі бір қоғамдық қатынас пен мүдделер болып табылады [4].

***Библиографиялық тізім***

1. Алауханов Е. Қылмыс құрамы, Заң – 2002, № 4.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. 04.07.2014.

3. Нерсесян В.А. Неосторожная вина: проблемы и решения.//Государство и право. 2000. №4.

4. ҚР Қылмыстық құқығы (е.б.) Оқу құралы., Н.Р.Бижан, М.М.Сарсенова., А.С.Першеев Шымкент-2018 ж

ӘОЖ 347.1(075)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНДАҒЫ АУЫР ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Акчабаев Ш.К.***
*доктор PhD*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматриваются проблемы регулирования тяжких преступлений в законах Республики Казахстан
**Summary**
This article discusses the problems of regulating serious crimes in the laws of the Republic of Kazakhstan
**Кілттік сөздер:** құқықтық саясат, қылмыстың белгісі, қоғамға қауіптілік, ауыр қылмыс

Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілгеніндей қылмыстық заңнамада заңмен қорғалатын әлеуметтік жоғары құндылықтар ретіндегі адам құқықтары мен бостандықтарының бастылығы мен ажырамастығын тану негізге алынуға тиіс. Бұл тұжырымдамада көздеген шараларды орындау Қазақстанда демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет құруға ықпал етеді.

Көптеген Батыс Еуропа елдерінің қылмыстық құқықтарында, қылмыстың формальді анықтамаларына түсінік беруі орын алса, отанымыздың қылмыстық құқықтарына тән, қылмыстық заңда, жазалау қатерімен тыйым салынған материалды-формальді анықтамадағы әрекет дәстүрлі түрде орын алғандығы белгілі.

Қылмыстың бірінші белгісі – оның қоғамға қауіптілігі. Қоғамға қауіптілік – қылмыстың заңмен қорғалған қоғамдық қарым-қатынасқа нақты қауіптілікті тудыратын немесе зиянын тигізетін қылмыстың объективті белгісі (әрекет немесе әрекетсіздігі) [1].

Қоғамға қауіптілік қылмыстың нақты түрдегі сапалық белгісі болып табылады, яғни заң атқарушы тек осы қоғамға қауіптіліктің белгілерін анықтаумен ғана байланысты әрекет немесе әрекетсіздіктің қылмыс қатарына жатқызуға болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Қоғамға қауіптілік іс әрекеттің қоғамдық қатынастарға зиян келтіруін немесе зиян келтіру қауіпін туғызуы белгілерімен сипатталынады. Заң атқарушы, егер қол сұғушылыққа тыйым салуды міндетті түрде деп таба отырып, қауіп туғызған нақты әрекет әрекетсіздікті әрқашан да қылмыс қатарына жатқыза бермейді.

ҚК 10-бабы екінші бөлігіне сәйкес «Осы кодекстің белгілері формальді болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамдық қауіпті емес, яғни жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қауіпін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды.

Қоғамға қауіптілікті – тек қылмысқа ғана қатысты деп айтуға болмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық мысалы, қоғамға немесе мемлекетке жеке адамға зиян тигізеді. Бірақ олардың қоғамға қауіптілігі едәуір төмен.

Заң шығарушы қылмысты басқа құқық бұзышылықтан айырып көрсетуі үшін, қол сұғушылықтың нәтижесінде болатын зардаптардың белгілерін сипаттайтын белгілерді ҚК Ерекше бөлімі баптарының диспозициясында көрсеткен. Қоғамға қауіптілік қоғамға

зиянды әрекеттің өзінің тікелей ерекшелігіне, яғни оны істеу уақыты, орны, тәсілі, жағдайларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы: тиісті рұқсат етілмеген немесе тыйым салынған жерлерде не тыйым салынған аңдарға қатысты аң ауланса, ол заңсыз болып табылуы, ҚК 345-бабы, бірінші бөлігі бойынша көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы, абайсызда адам бойынша, егер адамның денсаулығына зиян орташа ауырлықтан төмен болған жағдайда жауаптылық әкімшілік ретпен қарастырылады.

Қылмыстың міндетті белгілерінің бірі болып құқыққа қайшылық – яғни қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Қылмыстың формальді және материалды белгілері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Адамның қылмыстық құқылық норма бойынша тыйым салған іс-әрекеттерді істеуін құқыққа қайшы деп табуға болады.

Құқыққа қайшылық – қылмыстың формальді белгісі. Қылмыстың құқыққа қайшылықтың міндетті белгісі болып осы заңда көрсетілген іс-әрекетті істеген жағдайда нақты нормада көрсетілген қылмыстық құқықтық санкция белгілеген жазаның белгілі бір түрінің тағайындалуы болып табылады. Қылмыстың болуы туралы сөз тек қана, егер қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет бұзылса ғана болуы керек. Мысалы, Қазақстан Республикасы территориясында шетел валютасымен мәміле жасауға, валютаны қадағалау заңымен тыйым салынған, бірақ мұндай әрекет Қылмыстық кодексте қарастырылмаған. Сондықтан бұл қылмыс болып табылмайды. Заң шығарушы қылмыстың формальді белгісінің өсуіне байланысты қазіргі кезеңде ҚК 10-бабы бірінші бөлігіне конституция нормасы енгізген (Конституцияның 77-бабы, 3-бөлігі 10-тармағы) қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейтіндігі [2]. Басқаша айтқанда конституциялық деңгейде белгіленген қағида заңда белгіленіп көрсетілмесе қылмыс жоқ.

Құқыққа қайшылықпен қатар сонымен байланысты қылмыстың екі белгісі кінәлілік және жазалық болып табылады. ҚК 10-бабы екінші бөлігіне сәйкес, объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Қылмыстың тағы бір міндетті белгісі – қылмыстық жазаланушылық болып табылады. Қылмыстың өзі қылмыстық заң жазамен тыйым салған немесе әрекетсіздік. Яғни жазалау қатерімен тыйым салу қылмыстың белгісі болады. Адам нақты бір қоғамға қауіпті әрекеті үшін қылмыстық жазаға тартылуы тиіс.

Кейбір жағдайларда қатерімен тыйым салынған қылмыстық жазалау іске аспай қалуы да мүмкін. (Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, рақымшылық ету т.б.) бірақ бұл жағдайлардан жасалған әрекет қылмыс екендігін жоғалтпайды.

ҚР Кылмыстық  Кодексте көзделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және аса ауыр қылмыстарға бөлінеді.

Жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айдырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес қылмыс деп танылады.

Қылмыс санаттары негіздеріне әр түрлі критерийлер жатқызылуы мүмкін. Біріншіден, қылмыс объектісі. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі қылмыс объектілеріне қатысты, қылмыстың қоғамға қауіптілігі мен бір немесе сол объектінің тегіне байланысты, маңыздылығына қарай (жеке адамға қарсы қылмыста, отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар т.б.) топталған. Санаттаудың маңыздылығы сол, нақты қол сұғушылықтың әлеуметтік-саяси мәнін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді [3].

Қылмысты санаттаудың екінші критериі болып оның нысаны  табылады. Барлық қылмыстық әрекеттер жасалына қарай қасақаналық және абайсыздық болып бөлінеді. Қылмысты қасақана немесе абайсыздықтың қатарына жатқызу заңды салдарға: қоғамға

қауіптіліктің сипаты мен дәрежесін анықтауға ерекше маңыздылығын тигізеді (абайсызда жасалынған қылмыстар ауыр немесе аса ауыр деп табылуы мүмкін емес, қылмыстың қайталануы қасақана жасалған қылмысқа оқталуда орын алады), жазалау (қасақана қылмыстар ережедегідей неғұрлым қатаң жазаланылады. Кейбір жағдайда қылмыс санаттарына қылмыстық ниет жатады, мысалы пайдақорлық (мүлікті тәркілеу Қылмыстық кодексте көзделген пайдақорлық мақсатқа жасалынған қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін).

Қылмысты көрсетілген санаттарға бөлу маңызы зор. Қылмыс санаттары қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелерін, қылмысты дәрежелеуге, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босатудан, жаза тағайындауды дұрыс шешуге септігін тигізеді.

Онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстарға дайындалғандық үшін қылмыстық жауаптылық бастамайды.

Онша ауыр емес қылмыстарға оқталғандық үшін қылмыстық реттілік бойынша қылмыстық қудалау жоқ. Бірінші рет онша ауыр емес қылмыстар жасалғандық болса, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдетенін мән жайлар болып табылады. Қылмыстың жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде кішігірім ауырлықтағы қылмыс қамтылса, онда түптілікті жаза жеңілірек, қатаң жазаны ауырырақ қатаң жазаға сіңіру жолымен тағайындалынады. Егер шартты түрде сотталған адам сынақ мерзімі ішінде онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайда, шартты түрде сотталудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді. Сәйкес шарттар бойынша бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін; егер шын өкінуіне байланысты; ескіру мерзімінің өтуі (кішігірім қылмыс жасағаннан кейін екі жыл) және бес жыл (орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін) айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күнінен бастап есептегенде, мынадай мерзімде орындалмаған болса, кішігірім ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда – үш жыл; орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда – алты жыл өтсе жазаны өтеуден босатылады [4].

Кішігірім немесе орташа ауырлықтығы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өтуі бойынша; кәмелетке толмағандарға қатысты бір жылдың өтуі бойынша соттылық жойылады.

Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтығы қылмыс жасағаны үшін сотталған кәмелетке толмаған адам, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізуге болады деп танылса, сот оны қылмыстық жазадан босатуы мүмкін.

Ауыр қылмыс жасағандық үшін мынандай құқықтық салдарға әкеп соқтырады: қылмыстың қайталануын қауіпті немесе аса қауіпті деп жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылу (кәмелетке толмағандарға қатысты – бес жыл); бас бостандығынан айыруға сотталғандарға, жазаны өтегеннен кейін алты жыл өтуі бойынша (кәмелетке толмағандарға қатысты – үш жыл) соттылығы жоқ деп танылады [5].

***Библиографиялық тізім***


1. Алауханов Е. Қылмыс құрамы, Заң – 2002, № 4.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995.
3. Комментарий к уголовному Кодексу Республики Казахстан. Алматы,1999.
4. Нерсесян В.А. Неосторожная вина: проблемы и решения.//Государство и право. 2000. №4.
5. ҚР Қылмыстық құқығы (е. б.) Оқу құралы., Н.Р.Бижан, М.М.Сарсенова., А.С.Першеев Шымкент-2018 ж

ӘОЖ 343.3/.7

# ЕГЕМЕНДІКТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
***Айдарбекова К.Ж.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается общая характеристика и понятие суверенитета
**Summary**
This article discusses the General characteristics and concept of sovereignty
**Кілттік сөздер:** егеменділік, тәуелсіздік, Конституцияның нормативтілігі, қоғамдық қатынастар

Егеменділік туралы сұрақпен тарихи мемлекеттік болмыстың объектісі ретіндегі егеменділіктің пайда болуымен сәйкес келмейді. Нақ осы жасырын сәйкессіздікте, мемлекеттік құқықтық кеңістіктегі егеменділікке деген көз қарастардың көпшілігі үстірт себептерге негізделгенін көрсетеді. Үнемі алға қарай ұмтылу процесі, өзінің қалаған түсінігін, аппараттық ұғымдарды өткенді сынмен бағалау, түгендеу құбылысына көшті. Өткен шаққа оралсақ, онда қандай да мемлекеттік құқықтық ойдың пайда болуына дейінгі кезеңді қарастыру қажет.

Бұл идея өз мәнділігімен мемлекет танушылардың көбісінің көз қарасында тұрақты орын тапты. Соңғы жылдардағы шығыс танушылар мен философтардың маңызды қорытындылары егеменділік табиғаты туралы мәселені қайта көтеруді талап етеді: біріншіден, көне еуропалық пен көне шығыс таптық қоғам қағидалы қайшы қозғалыс нәтижесінде пайда болған. Әртүрлі әлеуметтік – экономикалық құрылымның басты типтері анықталған; екіншіден «өндірістің азияттық әдісінің термині нақты емес, себебі мұндай қоғам барлық континенттерде өмір сүрген және биліктік – құқықтық иерархиясының негізі бар өндірістің мемлекеттік әдісі деп дұрыс анықтау қажет» [1]; соңғысы ең бастысы – тарихи даму үнемі дұрыс жүрген жоқ және алғашқы тұрмыс-салттан антикалық құлдық қатынастарға, сонымен қатар феодализм мен капитализмге бағыт барлық жерде жүргізілмеді. Осындай қатынастар бір уақытта әртүрлі үйлесімде ұсынылды, әсіресе «әлеуметтік формациядағы» жерлерде түрліше мұқабаланды.

Қазақстандық философ А.А. Хамидовпен «тарихтағы сызықтық емес, ырғалықты сабақтастықтың қағидасы» ұсынылған [2]. Егеменділік туралы сұрақтың тарихи бастауын орта ғасырдағы шиеленіскен монархтың орталықтандырылған билікті күшейтуге бағытталған күрестегі қайшылық философиялық пен құқықтық пікір қалыптасқанда, туындалған егеменділік идеясымен ұштастыруға болады. Ол «вассалитетпен егемендікпен күрестің пайда болып келе жатқан итермелеуші нарықтық қатынас пен ұлттардың қалыптасуынан туындаған. Әлеуметтік және құқықтық білім тарихы егеменділік туралы ілімнің пайда болуын, француз ғалымы осы терминді енгізген Ж. Боденнің (1530-1596ж.ж.) атымен байланыстырады. Мемлекет туралы өз еңбектерінде ол – «Егеменділік» – мемлекеттің тұрақты және абсолютті билігі деп жазған.

Егемендік мемлекеттілік биліктің басқа түрлері мен көріністерінен белгілі бір аумақта жоғары тұруы аумақтың біртұтастығы мен бөлінбейтіндігі, аумақтық шекараның

мызғымайтындығы және ішкі істерге араласуға болмайтындығы сияқты негізгі принциптерді қарастырады. «Мемлекеттің егемендігі» - деп жазады белгілі ғалым Г.С. Сапарғалиев – ол оның өзінің ішкі және сыртқы қызметін атқарған кезде басқа мемлекеттер ықпалына тәуелсіз және дербес екендігін сипаттайтын белгісі болып табылады.

Академик С.З. Зиманов «Одақтық келісім шарт және республика егемендігі» деген еңбегінде мемлекет егемендігінен оның өз аумағындағы мемлекеттік биліктің ең сыртқы күштерден тәуелсіз екендігін шығарып тастауға болмайтынын айтады [3].

Сонымен, Қазақстан ғалымдары пікірімен келісе отырып егемендікке мемлекеттік билік деген түсінік тән деп санаймыз. Сөйтіп, егемендік – мәндік қасиет, дәлірек айтқанда, мемлекеттік биліктің мәні және ол мемлекеттік биліктің субстанциясы. «Егемендік – мемлекеттің мәні мен ұйтқысы», өйткені ол билікті, халықты және аумақты біріктіреді. Осы тұрғыдан егемендік өзінен-өзі туындайтын және тұтастықты құрайтын жүйе болып саналады.

Егемендік – қоғамның бүкіл саяси жүйесінің шоғырланған көрінісі, «егемендік категориясының» жалпы сипаты бар, мемлекет мәнінің абстрактылы көрінісі және барлық басқа мемлекеттік түсініктерді өзіне бағындырушы ретінде көрінеді. Егемендік мемлекеттің нақты белгілері мен қасиеттерінен және оған берілетін анықтамалардан жоғары ұғым. Егемендік қоғам үшін әрі құрал, әрі мақсат, ол кеңістікте де, мезгілде де бар, өйткені осы қоғам үшін мемлекеттің қазіргісі мен болашағын құрайды – деп жазады А.К. Котов [4].

Біздің республиканың егемендігі оның мемлекеттігінің өмір сүруінің табиғи және қажетті жағдайы. Ең алдымен ол мемлекеттіктің барлық элементтерін бекітуге, азаматтардың өз мемлекетімен өзіндік тарихи жолымен, аумақтық тұтастығын және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Егемендік иесі және мемлекеттік биліктің көзі көпұлтты халық болып табылады. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халықтың егемендігі конституциялық институттар жүйесі ретінде халықтың мемлекеттік үкіметінің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары түрінде жүзеге асуымен байланысты. Демократияның Конституцияда бекітілген негізгі түрлері халық егемендігінің конституциялық институттарына айналады, халық билігі тетігінде ерекше орын алады, халық билігін жүзеге асырудың негізгі түрлерін көрсетеді.

Халық – биліктің көзі ғана емес, ол сондай-ақ биліктің субъектісі. Оны Қазақстан Республикасының Конституциясы бекітеді: «Халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді». «Қазақстан Республикасында билікті ешікм де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде парламенттің құқығы бар» [5].

Халықтық және мемлекеттік егемендіктің диалектикалық бірлігі мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде іске асады, олар бүкіл халықтың мүддесі үшін билікті жүзеге асыруға тиіс. Бұл тұрғыдан мемлекет халықтың толық билік иесі екендігін, ұлттың егемендігін, мемлекеттік биліктің ең жоғарғы күшке ие екендігін көрсетуге тиіс.

Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі, біріншіден, мемлекеттік биліктің жоғарылығын, екіншіден, халықтың еркінің үстемдігін, үшіншіден құқықтың үстемдігін және төртіншіден, азаматтар ұлтына және нанымына қарамай заң алдында тең құқықты екендгін білдіреді. Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болғандықтан оның аумығында тұратын барлық халық үшін шын мәніндегі Отанына айналды. Сонымен бірге «ұлттық мемлекеттілік» халықтың өз тағдырын өзі шешу құқығын бейнелейді және оның нақты ұйымдасқан түрі белгілі бір ұлттың немесе халықтың атымен аталады, мінеки осылай өз тағдырын өзі шешудің субъектісіне айналады.

Ұлттық мемлекеттіліктегі ұлттық егемендік, егемендіктің түрі ғана емес, сонымен бірге оның мазмұны. Ұлттық мемлекеттегі ұлттық мәселе қоғам өміріндегі барлық құбылыстармен өзара тығыз байланысты.

Ұлттық, қазіргі кездегі түсінік бойынша ұлттың ең алдымен әлемдік өркениеттің жетістіктерімен, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығымен үйлесім табуы және нығаюы негізінде жан-жақты дамуын болжамдайды.

Қазіргі кезде әлемдік бірігу тенденциясымен қатар ұлттық жіктелудің табиғи процесі де жүріп жатыр: халықтарлың өзіндік ерекшелігін, ұлттық құндылықтарын, мәдениетін, тілін сақтауға ұмтылуы бұның бір көрінісі. Бұл заңдылықты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев дәл білдірді: «Консервативтік күштердің еркі мен тілегіне қарамастан, егемендік – ол шындық. Бірде-бір мемлекет одан безбейді. Өркениетті бірігу мемлекеттер егемендігін нығайту және оны толықтырумен қатар жүруге тиіс. Тек осындай ынтымақтастық тұрақтылық пен қауіпсіздіктіктің белгісі бола алады» [6].

Ұлттық егемендік мемлекеттік егемендік түсінігі сияқты БҰҰ Жарғысында ұлттардық өз тағдырын өздері шешуге егемендік құқылығы туралы қағидасы ретінде және Хельсинки келісімдерінде бекітілген.

Көп этносты Қазақстан жағдайында ұлттық егемендік халықтық егемендікпен өзара байланысты. Ұлттың егемендігі халықтың егемендігі үшін негіз болып табылады. Бұл жөнінде Г.С. Сапарғалиев дәлірек айтады: «Мәселе мынада. Қазақстанда жүздеген жылдар бойы өз аумағында өмір сүріп келе жатқан және осында ұлт ретінде қалыптасқан жалғыз ұлт бар, ол – қазақ ұлты» [7]. Дүниежүзінде көп елде бірнеше миллион адамды құрайтын қазақ диаспоры бар екендігіне қарамастан, қазақ ұлты жоқ. Алайда Қазақстанда саны елдегі халықтың жартысынан асатын көптеген ұлттардың өкілдері тұрады. Олардың санының елеулі екендігіне қарамастан, оларда ұлттық белгі жоқ.

Қолданылып келген, бұрыннан қалыптасқан мемлекеттік шекараға қол сұғуға болмайды немесе елдің еркіне және қалыптасқан тәртіпке қарамай басып өту – заңсыздық. Аумақты күшпен тартып алу, қосып алу немесе бөлшектеу халықаралық қауымдастық тарапынан елдің аумақтық тұтастығынан қол сұғу және халықаралық құқықтың жалпы қабылданған принциптерін дөрекі бұзушылық деп бағаланады. Мұндай әрекеттің қайсысы болмасын, ол қай жақтан шықпасын, мемлекет оған өзінің қарулы күштерінің барлық қуатымен тойтарыс беруге құқылы. Бұл оның мемлекет ретіндегі егемендік құқығы. Бұл жағдай іс жүзінде барлық ТМД елдерінің конституцияларында бекітілген.

Тәжірибеде егеменділік түсінігі және оның осылай жүзеге асуы егеменділік күші жағынан тек үш мемлекет – КСРО, АҚШ және Қытай әлемде ғаламдық қарсы тұру мен бекітуге әкеп соқты. Бұндай егеменділіктің әлем тарихы мен адамзат тағдыры үшін нақты қаупі туралы әр түрлі елдердің ойшылдары алдын-ала ескерткен.

### *Библиографиялық тізім*

1. Марченко М.Н. Теория государства и права. М., 1996.

2. Каутский К. Материалистическое понимание истории. Т.2. М., 1981.

3. Зиманов С.З. Одақтық келісім шарт және республиканың егемендігі. Алматы. 1997.

4. Котов А.К. Суверениет Казахстана: основание независимости и верховенства. Правовая реформа в Казахстане. 2001.№3.

5. Сабитов Р. Феномен массового политического сознания в контакте суверенитета. Саясат. 2002.№5.

6. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Алматы. Заң әдебиеті. 2002.

7. Сапаргалиев Г.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы. 1998.

ӘОЖ 336.717.061 (043.3)

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ТҮСІНІГІ

***Акчабаев Ш.К.***
*доктор PhD*
***Ескендерова Г.Т.***
*аға оқытушы*
***Айтқұл С.А.***
*аға оқытушы*
***Байтерекова К.Б.***
*аға оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қаласы*

**Резюме**
В данной статье рассматривается общая характеристика конституционно-правовых норм
**Summary**
This article discusses the General characteristics of constitutional and legal norms
**Кілттік сөздер:** құқықтық нормалар, нормативтік сипаттағы нормалар, Конституцияның нормативтілігі, қоғамдық қатынастар.

Жалпы конституциялық құқықтық нормаларды саралау әрқашан да конституциялық норманың ерекше қыры, яғни оның нормативтік сипатын ашуға жол ашады. Конституциялық құқықтың теориялық мәселелерімен айналысушы ғалымдардың ішінде кейбір конституциялық талаптардың нормативтік сипаты болмайтындығын алға тартатындары баршылық. Әрине, конституцияда мұндайлардың қатарына құқықтық қағидаларды, белгілі құқықтық түсініктерді, уакыттағы, кеңістіктегі және субъектілерге қатысты заң нормасының тарауын, максатын көрсететін нормалар және т.б. жатады. Сонымен қатар өздері тікелей қоғамдық қатынастарды реттеуге қабілетсіз, бірак басқа нормалардың көмегімен қоғамдық қатынастарға ықпал ете алатын нормалар да бар. Басқалай айтқанда бұл нормаларды "квази" нормалар деп те атауға болады [1]. Шынымен де барлық конституциялық-құқықтық нормалар қатынаска қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін бекіте бермейді. Бұл ол нормаларды нормативтік сипаттан ада деуге мүмкіндік бере ме? Бұған біз конституциялық құқықтық жүйеде алатын орнын ескере отырып және оның заңдық күшінің ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып бірден жоқ деуімізге болатындай. Біздің ойымызша, құқықта көрініс табатын мүдделердің ортақтығы, оның нормативтік сипатқа ие бола алатындығын көрсете алады. Оған Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылдаған Конституциясын алға тарта аламыз. Бұл Конституцияны қабылдау барысында жалпы Қазақстан халқы өз мүдделерінің ортақтығын және максатының бір екендігін көрсетумен қатар, оның міндетті және жоғарғы заңдық күшінің барлығын мойындаған болатын.

Нормативтік сипаттағы нормаларға, сонымен қатар бағдарламалық конституциялық ұсыныстарды да жатқызамыз. Олар жалпы реттеушілік сипатымен болашақтағы құқықтық нысана және мақсат ретінде барлық құқықтық реттеуге, құқықтық қызметке ықпал етеді.

Конституцияның нормативтік қоры, сонымен қатар, оның осы уакытқа дейінгі жүріс-тұрыс ережелерінің жалпы сипатын иеленіп, былайша айтқанда кодификациялық заң түріне ене білуінде, себебі Конституцияда көптеген қатынастар легі өзінің құқықтық қалпына келеді. Сонымен қатар, Конституция барлық заңнама жүйесін басқарудың құралы қызметін де атқара алады.

Оның нормативтілігі ұзақ мерзімге созылатын тұрақты реттеумен тәртіптің жүйесін қалыптастыруда белсенді әрі негізгі рөл атқаруынан көрінеді. Конституция қоғамдық қатынастардың жүйелілігін қамтамасыз ететін және оны қалыптастыруға мүмкіндік

беретін қағидалық бастаулық сипаты бар, мәселелерді шешуге бағытталған. Ол қоғамдық қатыстарды реттеуші қажетті тетік бола отыра, өзіне тән объективтік қасиеттердің негізіне сүйене отыра, оларды тәртіптеудің біртекті бастауын қамтамасыз етеді және қоғамдағы үрдістердің жүйелі факторының қызметін де атқара алады [2].

Конституцияның нормативтілігі, сонымен қатар, жүріс-тұрыстың үзіліссіз қолданылатын жалпыға міндетті типтік масштабының жүйесін қалыптастыруға ықпал етуінің ауанынан байқауға болады. Бұл әлеуметтік организмнің бағытты және үйлесімді қызмет атқаруын камтамасыз етуге ықпал етеді. Сондықтан да, конституцияның нормативтілігін мойындау зандылық режимін сақтаудың және оны қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Сонымен біз Конституция ережелеріне әрқашан да нормативтік сипат тән екендігін толық таныгандай болдық. Шын мәнінде, бұл конституциялық нормалардың табиғатын айқындауда үлкен теориялық маңызы бар мәселенің бірі болып табылады.

Конституциялық нормалар құқықтық жүйенің ішіне кіретін болғандықтан белгілі қасиеттерге, белгілерге ие болып келеді. Конституциялық нормаларға жалпы әлеуметтік нормаларға тиісті қасиеттердің барлығы тән. Сонымен қатар, конституциялық нормаларға, жалпы барлық нормаларға құқықтың сыртқы көрінісін бейнелейтін ерекшеліктер де тән болып келеді. Конституциялық, нормалар нақты жағдайлардың жай-күйін білдіреді: яғни болашакта қандай болатынды ғана емес, сонымен қатар сол уакытта қандай екендігін, қалай болуды емес, қалай болғанды көрсетеді. Бұл қырынан конституциялық нормаларды шындықты рухани-тәжірибелік игерудің нәтижесі ретінде де бағалауға болады деп санауға болатындай. Кезінде конституциялық норманың бұл қырына кейбір ғалымдар көңіл бөлген де болатын.

Конституциялық нормалардың максаты қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, бағалау болып табылады. Конституциялық нормалар субъектінің жүріс-тұрысын, оның құқықтары мен міндеттерін, мемлекеттік ықпал етудің аясын белгілейді. Конституциялық нормалар әлеуметтік құндылықтар, әлеуметтік жауапкершілікті белгілеу мен әлеуметтік жеңілдіктерді бөлу мен қорғаудың ерекше құралы. Конституциялық нормалар барлық субъектілердің біртұтас жүріс-тұрыс жағдайын белгілейді. Конституцияның барлығына ортак талап белгілеуі, оның жалпы заң бойынша барлығын теңестіру қасиетінің негізі болып табылады.

Конституциялық нормаларға мәліметтік бай қасиеттер де тән болып келеді. Ол өз кезегінде конституциялық нормаларға әмбебаптық ажар мен бірнеше бағыттық сипат береді. Конституциялық нормалардың көптік бағытына әлеуметтік ұстанымдардың көптік сипаты сәйкес келіп отырады. Конституциялық нормалар азаматтардың мүдделеріне және басқа субъектілердің мүдделеріне ықпал ету тән. Олардың алдына белгілі максаттар қоя отырып, қоғамның құқыққа сүйене отырып қоятын он талаптарын ынталандырады.

Конституциялық норма, сонымен қатар мемлекетпен өте тығыз байланысты. Себебі, конституциялық норманың жүзеге асуы тек мемлекеттің ықпалымен ғана мүмкін болады. Көп жағдайларда конституциялық нормалар ерікті түрде орындалуына қарамастан, оларға әрқашан да мемлекеттік мәжбүр ету тән болып келеді.

Конституциялық нормаларға жеке өзіндік қасиет тән. Біз жоғарыда тек ол нормалар реттейтін қатынастардың маңыздылығын ескере отырып, оларды өзінше қасиетке ие деген болатынбыз. Конституциялық нормалар мен басқа сала нормаларының арасындағы межені күнделікті өмірде нақты таба қою оңай емес және біздің ойымызша, оны нақты айқындай қою үлкен қиындықтар тудыруы мүмкін. В.О. Лучин көп жылдық зерттеудің негізінде Ресей тәжірибесіне сүйеніп мынандай қорытындыға келеді.

Біріншіден, мұндай монополия нақты болуы мүмкін емес. Әрқашанда тек қана тұтастай конституциялық нормалармен реттелетін таза тұрғыдағы қоғамдық қатынастарды бөліп көрсету мүмкін емес [3]. Конституциялық аяда кейбір жагдайларда мемлекеттік құқықтық нормалар кездесіп қалып жатады. Сонымен қатар, басқа да құқық саласының нормаларын кездестіріп жатуда ғажап емес. Конституциялық нормалар

қоғамдық қатынастарды тұтастай бүге-шігесіне дейін реттеуді өзіне міндет етіп қоймайды. Сондықтан да, Ресей Федерациясының Үкіметінің қызметі мен оның ұйымдасу бағытынан тек қана конституциялық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастарды табуға ұмтылу қажет емес және ол мүмкін де емес. Көрсетілген жағдайда конституциялық құқықтық нормалар әкімшілік құқықтық нормалармен өзара байланыста жүзеге асырылады және оның негізінде дамып, нақтылана түседі. Конституциялық құқықтық нормалар Үкіметтің қызметін жүзеге асыру мен ұйымдастырудың басты қағидаларын, оның негізгі өкілеттіктерін және оның қызмет бағытының алдына қойған міндеттерін белгілейді, ал әкімшілік-құқықтық нормалар, оның қызметінің нақты бағыттарын оны жүзеге асыруды нақтылап реттеп отырады.

Екіншіден, қоғамдық қатынастар коиституциялық нормалардың негізгі басты ерекшеліктерінің сипаттарын айқындай отыра, оның ерекше заңдық табиғатының мүмкіндіктерін жоққа шығармайды. Сондықтан да, конституциялық нормалармен қандай қоғамдық қатынастар реттеледі деген мәселемен қатар, бұл нормалар ол қоғамдық қатынастарға қандай негіздерде, қанда максатта ықпал етуі мүмкін деген жағдайлар да өте маңызды болып табылады. Конституциялық нормалардың ерекше заңдық табиғатының болуы объективтік және субъективтік факторлармен тікелей байланысты болып келеді [4]

Конституциялық құқықтық нормалардың қызметтері Конституцияның ұзак уакыт ықпал етуінің мүмкіндігін және оның тұракты максатында сипаттауға мүмкіндік береді және Конституцияның қоғамдық қатынастарға ықпал етуінің және оларды реттеудің нысандары мен әдістерінің ерекшеліктерінде айқындауға жол ашады. Кең мағынада алып қарағанда, конституциялық нормалардың қызметтері Конституцияның қоғамдық қатынастарға әсер етуінің тұтастық бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, конституциялық құқықтық нормалардың қызметтері: ерекшеленеді [5].

Конституциялық нормаларға біздің ойымызша, жалпы құқық нормаларына тән қызметтер де жатады. Конституциялық нормалардың атқаратын қызметтері дегеніміз олардың алдына қойған мақсаттарына жетудің басты бағыттары болып табылады.

Конституциялық нормалардың тағы бір ерекше қыры олардың табиғатының тұрақтылығы. Конституциялық нормалардың мұндай қасиетін, оның көлемді қатынастарды реттеушілігімен түсіндіруге болатындай. Сонымен қатар, біздің ойымызша, конституциялық нормалар реттейтін қоғамдық қатынастар жүйесі сан ғасырлық тәжірибеден өткен құбылыстар қатарына жатады.

Енді қорыта келе, конституциялық норманың түсінігін айқындауға ойысайық. Жоғарыда біз конституциялық нормаларға тән белгілерді саралай келе, оның анықтамасын түйіндеуге жол ашатын негіздер қалай білдік. Сонымен қатар, конституциялық норманың түсінігі туралы теорияда да әртүрлі көзқарастар бар екендігін көруге болады.

Жоғарыдағы айтылған ойлардан конституциялық құқықтық норманы тек конституцияда көрініс тапқан нормалардың жиынтығы деп қарауға болмайтындығын аңғарамыз. Біздің ойымызша, конституциялық құқықтық норманы екі қырынан сипаттап көрсетуге болады. Бірінші қырынан алғанда конституциялық құқықтық норма негізінен конституцияда белгіленген нормалардың көрінісі.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Сапарғалиев Ғ Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Алматы 2008.

2. Г. Адрасулова «Юридическое значение, функции и эффективность применения норм права». Фемида. 2006.

3. А. Жакупова «Конституция основа развития государства». Заң және заман. 2005.

4. Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Дәрістер жинағы. 2008.

5. Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. 1999.

ӘӨЖ 347.1(075)

# СОТТАҒЫ ПРОКУРОРДЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЖАҒДАЙЫ

**_Сыздыкова Ш.Е._**
_з.ғ.к., аға оқытушы_
**_Гасанов А.А._**
_з.ғ.к., аға оқытушы_
**_Ескендерова Г.Т._**
_аға оқытушы_
**_Айдарбекова К.Ж._**
_аға оқытушы_
_Шымкент университеті, Шымкент қаласы_

**Резюме**
В данной статье рассматривается участие прокурора в судебном разбирательстве
**Summary**
This article discusses the participation of the prosecutor in the trial

Кез келген дәрежедегі прокурор мемлекеттік айыптаушы ретінде шыға отырып, ҚР Бас прокурорының өкілі болып табылады, ол - қылмыстық азаматтық және өзге процестерде заңдылықты сақтаушы. Мемлекеттік айыпты қолдау кезінде ол қылмыстың істерді сотта қарау заңдылығын қадағалау міндетінен босатылмайды.

ҚР Бас прокуроры прокурордың сотта қолдайтын мемлекеттік айыпты қылмыстылықпен күрестің әрекетті құралының бірі ғана емес, қылмыстық істерді соттарда қарау кезінде заңдылықтың орындалуын жүзеге асырушы нысанының бірі ретінде қарайды.

Прокурор қадағалауды іс бойынша сот үкім, ұйғарым немесе қаулы қабылдағанда ғана емес, сондай-ақ ол іс бойынша әлі ешқандай шешім шығарылмағанда да жүзеге асырады. Егер сот сотталушыға сот талқылауында оның құқықтарын түсіндірмесе, прокурор бұл заң бұзушылықтарға дереу шаралар қолдануға тиіс, бірақ мұндай заң бұзушылықтарға байланысты ешқандай арнайы ұйғарым ұйғармайды, сондықтан наразылық келтіруге негіздер болмайды. Осыған байланысты прокурор бұл заңсыз және негізсіз ұйғарымға кейін наразылық келтіретін болғандықтақ бұл заң бұзушылықтарға заңсыз үкім шығарылғанға дейін шаралар қолдануға құқылы емес.

Қылмыстық іс жүргізу заңы прокурорларға сотқа басқа қатысушылардың алдында дәлелдемелерді ұсыну, оларды зерттеуге қатысу, өтініш беру бойынша ешқандай ерекшелік қарастырмайды (ҚПК 337-бабы) [1]. Бірақ басқа сот талқылауына қатысушылардың құқықтық жағдайынан ерекшеленетін іс жүргізу жағдайына қояды. Бұл прокурордың артықшылығы емес, оған жүктелген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға қажетті жағдай тудыру. Жәбірленуші өз атынан, ал қорғаушы - сотталушының және тергеуші мен соттың тағайындаулары бойынша шыға отырып, сот мәжілісінде жіберілген заң бұзушылықтарға шара қолдана алады, бірақ олар оны қолданбаулары да мүмкін. Заң оларға мұны істеуді міндеттемейді. Прокурор, заңның, мемлекеттін атынан шыға отырып, заң бұзушылықтарды кім жібергеніне қарамастан, оларды жоюға шаралар қолдануға құқылы ғана емес, әрі міндетті. Бұл жерде судьялардың, қорғаушылардың, жәбірленушілердің, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің бірыңғай құрамы жайлы сөз болуда. Өзінің қатысуымен прокурор, жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен жауапкердің және өзге де қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзылмауларына мүмкіндік тудырады.

Прокурорлар тек мемлекеттік айыптаушы ғана емес, сондай-ақ соттарда қылмыстық істерді қарау кезінде заңдардың орындалуын қадағалау органдары ретінде де шығады.

Апелляциялық сатыда заңдылықты қадағалау органы өкілінің міндетін атқара отырып, прокурор айыптау үкімін немесе жазаның жеңілдігіне берілген ұсынысты ғана қолдамайды, сондай-ақ заңда көрсетілген негіздер бойынша істі өндірістен қысқарту туралы ұсыныстар енгізеді (айыптау үкімін негізсіз деп есептеп); бірінші сатыдағы сотпен тағайындалған жазаны жеңілдету туралы (үкімді тым қатаң деп есептеп); қылмыстық жазаның жеңілдірек түрін көздейтін заңды қолдану туралы (ең ауыр жаза туралы заңды қолдануға қарсы болумен) және т.б. Аталған әрекеттер прокурор түсінігін айыптаушы тек айыптаушы ретінде түсінік берілмейді.

Прокурордың іс жүргізу жай-күйлерінің апелляциялық сатыдағы ерекшеліктері, ең алдымен сотпен шығарылған шешімнің (үкімнің) заңды мен негізді болуынан тұрады. Басқа ерекшелігі, бұл кезеңдегі қадағалауды жүзеге асыру бұрын бірінші сатыдағы сотта істерді қарау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауға ешқандай қатысы болмаған жоғары тұрған прокуратураларға берілетіндігі. Бұл осы прокурорлардың объективтілігі мен іс жүргізу тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бірден бір шарты болып табылады.

Прокуратура органдарының орталықтандыру қағидаттары, төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға бағыныштылығы заңда негізделінген және ол бұлжымастық болып табылады. Бірақ, істерді сотта қарау кезінде заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша аталған қағидат өз күшін толық сақтай отырып, осы міндеттерді тікелей орындайтын прокурорлардың іс жүргізу тәуелсіздігімен ұштастырады. Жоғары тұрған прокурор бағынышты прокурорға айыпты қолдау туралы нұсқау беріп қана қоюға құқылы емес, өзінің ішкі сенімі бойынша қылмыстық істің апелляциялық талқылауына қатысушы прокурорға ол келіспеуіне байланысты қорытынды беруге міндеттей алмайды. ҚР Бас прокуроры, прокуратура органдарының орталықтандыру қағидаттарын қатаң сақтай отырып, өзінің бұйрықтарымен нұсқауларымен қылмыстық істерді сотта қараудың заңдылығын сақталуын қадағалауды жүзеге асырушы прокурордың процессуалдық тәуелсіздігін нығайтады. Аталған "Қылмыстық істерді сотта қараудың заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы" 23.02.2001 ж. № 24 бұйрығында Бас прокурор мынаны ұсынады: "Тараптардың бәсекелестік және теңдік қағидаттары негізінде сотқа қатысуы заңды және негізді сот қаулысын шығаруға мүмкіндік тудыруы керек. Айыпты қолдау кезінде өз көзқарасын сотта зерттелген дәлелдемелердің негізінде анықтасын" [2].

Апелляциялық сатыда прокурордың іс жүргізу жай-күйі сотталушының, қорғаушының, жабірленушінің, басқа да сот процесіне қатысушылардың іс жүргізу жай-күйлерінен ерекше. Заң қылмыстық процеске қатысушылардың барлығына белгіленген мерзімде апелляциялық тәртіпте соттың үкімін, ұйғарымын және қаулысын даулауға құқылы дейді. Сотталушы, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер бұл құқықты апелляциялық шағымда нақты іске асырады, ондай шағым бар болған жағдайда, сот үкімінің, каулысының және ұйғарымының заңдылығын және негізділігін тексеруге жоғары тұрған сотты міндеттейді. Сонымен қатар, қорғаушыға, жәбірленушіге, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкерге олардың пікірі бойынша кез келген әділетсіз үкімге шағымдануларына бөгет болмайды. Прокурор басқа шектелерге қойылған. Заң талаптары бойынша прокурор әр негізсіз және заңсыз үкімдерге апелляциялық тәртіпте наразылық келтіруге міндетті. Прокурордың заңсыз және негізсіз үкімдерге наразылық келтірмеуі, өзінің қызметтік парызын өтемеуі болып табылады. Басқа қылмыстық процеске қатысушылардың шағымдарымен салыстырғанда прокурордың наразылығы істі апелляциялық тәртіпте немесе қадағалау тәртіпте қайта қараудың сылтауы ретінде заңға және қылмыстық іс материалдарына жауап беруі керек. Аталған процеске қатысушылардың шағымдарына мұндай талаптар қойылмайды. Наразылық келтіру мәселелері бойынша прокурордың рөлі аса маңызды, себебі прокурордың қатысуынсыз кез келген үкімді бұзу немесе өзгерту, прокурордың өз міндеттерін тиісті орындамауын куәландырады [3].

Сот органдарының үкімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қадағалау тәртібінде қайта қарау кезінде де, прокурордың рөлі өткен сот талқылауы кезеңдеріндегі сияқты болып қала береді. Процестің бұл кезеңінде заң сақтаушы ретінде прокурордың іс жүргізу жай-күйі соттардың қадағалау сатыларында қылмыстық істерді қарауда прокурордың қатысуын міндетті шарты ретінде анықталуымен де ерекшеленеді. Қадағалау наразылығы бойынша істі қарау кезінде сотталушының, ақталғанның немесе олардың қорғаушыларының, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушылардың басқаларының істі қадағалау тәртібінде қарауға қатысулары, соттың қарауы бойынша анықталады.

Сондықтан, соттардың қадағалау сатыларында қылмыстық істерді қарауға прокурордың қатысуы - осы соттардың заңды және негізді сот шешімдерін шығаруын қамтамасыз ететін шарттардың бірі болып табылады.

ҚР қылмыстық іс жүргізу заңының ережелері едәуір бағдарламалы болып табылады.

ҚПК бойынша наразылық келтіру құқығы тек прокурорға тән және мұны прокурордың кассациялық (апелляциялық) наразылық келтіруді қамтамасыз етудегі едәуір жетістігі деп есептеу керек. 2010 жылы республика бойынша барлық бұзылған және өзгертілген үкімдердің ішінен прокурорлардың наразылықтары бойынша 3516 адамға қатысты үкімдер бұзылған және өзгертілген. Бұдан басқа, жартылай айыптау істерінен басқа барлық істер бойынша прокурордың қатысуын қамтамасыз ету де заңның үдемелі қадамы болып табылады.

Қадағалау сатысында прокурордың іс жүргізу жай-күйінің ерекшелігі, бұл сатыда заңды күшіне енген үкімнің заңдылығы мен негізділігі мәселесі болып табылады. Осыған байланысты, қадағалау міндетін жүзеге асыру жоғары тұрған прокурорларға ауысады. Қадағалау сатысында қорытындымен шығатын және қызметтік жайы заңмен анықталған прокурор мемлекеттік айыптың өкілі болып табылмайды. Ол осы іс бойынша апепляцнялық сатыларға қатысқан мемлекеттік айыптаушы мен прокурорлардың көзқарастарына қарамастан, корытынды береді [4].

Прокурорлық қадағалаудың іс жүргізушілік маңызын бір сатыда басқа сатылардың алдында жоғары бағалауға болмайды. Қылмыстық істерді сотта қараудың заңдылығын прокурорлық қадағалау бірінші сатыдағы сотта қалай маңызды болса, қылмыстық істерді кассациялық апелляднялық тексеруде де, сондай-ақ қылмыстық істерді қадағалау тәртібінде қарау кезінде де солай маңызды. Жариялық шартында өтіп жатқан сот процесі оған қатысушылардан әсіресе заң және мемлекет атынан айыпты қолдаушы прокурордан сабырлықты, сот алдына келген адамдардың әрбіреумен сыпайы және дұрыс қатынаста болуды талап етеді.

Сот процесін жариялық түрде өткізу, оған қатысушыларға терең әсер қалдыру және тәрбиелік ықпал ету үшін барлық іс жүргізу ритуалын қатаң сақтауды талап етеді. Түрлі асығушылықтар, шапшаң сөздер, ойластырылмаған іс жүргізу әрекеттері және прокурордың орынсыз пікірлері жойылуға тиіс.

### *Библиографиялық тізім*


1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Процестік Кодексі, Алматы 2014 ж.

2. "Қылмыстық істерді сотта қараудың заңдылығына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы"ҚР заңы 23.02.2001 ж. № 24 бұйрығы

3. Толеубекова Б.Х., Кансалямов К.Ж., Шнарбаев Б.К., Бекишев Д.К. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Особенная. Досудебные стадии: Учебник. - Алматы, 2000.

4. Капсалямов К.Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств. - Астана, 2001.

ӘОЖ: 323.2

# СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

***Иманбердиев С.А.***
***Караева А.О.***
***Султанов А.Е.***
*Шымкент университеті*

**Резюме**

Статья посвящена осуществления концепций внешней политики Казахстана.

**Summary**

This article is devoted to the implementation of the concepts of foreign policy of Kazakhstan

Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен қауіпсіздігінің проблемаларымен, дүниежүзілік экономика мен дүниежүзілік қауымдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан сапалық тұрғыдан өзге ортаға сіңіп кетті, ал онда оның сыртқы саяси бағыты, кез-келген басқа мемлекеттікі сияқты ұлттық мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының барлығына қарамастан Қазақстанның сыртқы саясаты өзімен жалпыадамзаттық зарядты да алып жүруге міндетті. Мұның өзі болашақта оның халқына дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылысының деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, қайта ең алдымен өз күшіне және парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, әсіресе бұрынғы одақ республикаларының мемлекеттігі қалыптасуының қазіргі күрделі кезеңінде саяси құралдарды басым етеді.

Кеңес империясының ыдырауы нәтижесінде мүлдем жаңа геосаяси жағдай туды, онда Қазақстан Европаны Азия Тынық мұхиты аймағымен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық тиімді кеңістікті алып жатыр.

Бірақ ашық теңізге тікелей шыға алмау, коммуникациялық құралдардан қашықта орналасу біздің халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуымызды қиындатады. Сондықтан көршілес мемлекеттермен, ең алдымен біз үшін дүние жүзі коммуникациясына енетін қақпа болып табылатын Ресеймен және Қытаймен толық сенім принципінде өзара тиімді достастық қатынастық ерекше мәні бар. Қазақстан бұған әзір. Сонымен бірге біз, халықаралық әділеттілік және серіктестік негізінде барлық басқа елдермен кең байланыстарды дамытуды жақтаймыз.

Бізге ортақ шекарасымен қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтырумен және өзара тәуелділігімен қоян-қолтық араласып отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орта Азия мемлекеттерімен де тығыз өзара арақатынас жасау өте маңызды.

Серпінді дамып отырған капиталдардың, технологиялардың, шикізат және өнеркәсіп өнімдерінің нарығына еркін кіру мақсатында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы қосылу процестеріне Қазақстанның қатысуы жандандырыла түседі. Батыс Европа мен Солтүстік Американың жетекші елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып қалады.

Қазақстанның қауіпсіздік жүйесі аймақтық және планеталық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігі болуы керек.

Географиялық, саяси, этникалық және басқа тарихи факторлардың нәтижесінде Ресеймен қатынас біз үшін ең маңызды мәселе болып табылады. Ресеймен өзара қарым-қатынаста біз қажет болған жағдайда онымен өзара қауіпсіздік туралы келісімлер мен ұзақ мерзімді шарттар жасауға тырысамыз және бұл орайда оның да бұған деген қарымта мүдделігіне сенім артамыз.

Осыны ескере отырып, біз НАТО-мен байланысты кеңейтетін боламыз, ТМД шеңберіндегі әскери ынтымақтастыққа немесе екі жақты әскери байланыстарға зиян келтірмей, олардың саласы мен шегін айқын белгіледік [2].

Әскери байланыстарды қатаң салыстырылған шеңберде диверсификациялау, Еуропа қауіпсіздігі жүйесіне белсенді қосылу республика мүддесіне сай келеді. Хельсинки қорытынды актісінің он принципінің арасында шекаралардың мызғымастығы, мемлекеттердің территориялық тұтастығы мен күш қолданбау неме күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау бар. Бір осының өзі Қазақстанның НАТО-мен байланысты кеңейтумен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қосылу ниетін ақтайды, ал біз бұрынғы одақтың құқықты мирасқорларының бірі ретінде кеңеске қатысушы болып отырмыз.

Қазақстан территориясында орналасқан ядролық қару Ресеймен, АҚШ-пен, ал болашақта қалған ядролық державалармен шарт процесі шеңберінде оны айтарлықтай қысқартқаннан кейін де өзінің қорғаныс міндетін орындауын жалғастыра беретіні айқын және Қазақстан шарт процесі нәтижесінде ядролық қарудан бос аймақ болды. Өз қауіпсіздігіміздің мүддесін ескере отырып, біздің түпкі ниетіміз – ядролық потенциалсыз территориялық тұтастық пен келіспеушілік кепілдігіне ие болу.

Ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін ведомстволардың өкіметтік жоғарғы органдары мен жалпы қоғам алдында, жариялылықпен мүмкін болатын шешім ашықтықтың жағдайында, бақылауда болды.

Қарулы күштерді ұйымдастырудың құрал жабдықтармен жәнен техникамен жабдықтау дәрежесінің қорғаныстық жеткіліктілігі принципі негізінде нақты әскери қауіп жағдайында бара-бар болды.

Ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрудың ұлттықтанған дәстүрлерді және дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып, құқықтық мемлекет пен халықаралық құқық нормаларына сәйкестілігі.

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі жүйесінің орталық бөлігі - әскери қауіптік жолын кесу және осы қауіпке қарсы әрекет механизмі бар әскери доктрина.

Еліміз өзінің саясатында бейбітшілік сүйгіш бағытын жариялап және әлемнің бірде-бір мемлекетіне территориялық талабымыздың жоқтығын мәлімдеді. Кез-келген әскери жан-жалдың апатты салдарға әкеліп соғатыны жөніндегі өзіміздің жауапкерлікті түсіне және сезіне отырып:

- Қазақстанның мемлекеттің саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілік сақтауды мойындады;
- Саяси экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде соғысты және күш көрсету қоқан-лоққысын қабылдамайды;
- Ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін ашуға және ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтылады;
- Жаппай қырып-жоятын қаруды бірінші болып қолданатын принципін және осы міндеттемені дүние жүзі қоғамдастығының барлық мемлекеттерінің қабылдауын қолдайды;
- Қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанады [3].

Евразиялық одақ идеясына көңіл аударатын болсақ, бұл моделдің экономикалық құрамдастығы шынайы түрде жұмыс істеуге қабілеттілігін көрсете білді. Мұнда бұрынғы ескі КСРО-ны қайтадан қалпына келтіру емес, керісінше ұлттық мемлекеттердің экономикасы интеграциясының базалық негізі бола алады дегенге келіп саяды.

Интеграциялық процестер үшін саяси тарихта, мәдениеттер мен тілдердің бірлігі де, түрлі елдердің байланыстарын, этностық дисапоралары да жеткілікті түрде негіз бола алмайтындығын көрсетті. Экономикалық мүдде ғана интеграцияның нақты себебіне айналатын еді. Бірақ экономикалық институттар мен заңнамалық базаның біртұтастығы жағдайында ғана бұл мүдде практикалық іс-әрекетке айналуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, интеграция белгілі бір алғышарттар жасалғанда ғана жүзеге асады. Ал бұл алғы шарттарды елдердің өздері жасайды. Әр түрлі деңгейдегі және түрліше жеделдіктегі интеграция жөніндегі екінші идея толығымен қуатталды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде өткен халықаралық практикалық конференцияда сөйлеген сөзінде интеграцияны бір ғана жәйтке жатқызуға болмайтындығын айта келе, мынаны атап көрсетті: «Осынау жылдары біз бір сан алуан интеграциялық бірлестіктерді, ҰҚШҰ секілді әскери, ЕурАзЭҚ сияқты экономикалық бірлестіктерден бастап, ШЫҰ секілді жалпы саяси бірлестіктерге дейін көтердік. Әр интеграциялық деңгей өз міндетін атқарды. Бұл идеяның басқа жәйті түрлі жеделдіктегі интеграция» [3]. Өңірлік қауіпсіздік Еуразиялық одақ идеясының үшінші арнасы болып табылады. Бұл идея ұсынылған жылы халықаралық лаңкестіктің қанатын кеңінен жайып кететіндігі туралы ешкім ойламаған еді. Дегенмен, өңір дәстүрлі саяси құрылымында жүйеден тыс жаңа күштердің жандана түсуіне орай кейбір алаңдаушылық байқалған болатын. Белгілі бір мемлекеттің күші есірткі тасымалы, трансұлттық қылмыс проблемаларын шешуге дәрменсіз екені беглілі болғанда. Мұнымен қатар, ол кезде өзінде «жарылғыш заттар қоймасы» тәрізді болған ауған мәселесі алаңдатушылық тудырмай қоймады. Осылардың бәрін түйіндей келгенде, өңірлік қауіпсіздіктің жаңа формуласының қажеттілігі алға тартылды[4].

Қазақстанның қазіргі кезеңі және жақын болашақтағы ұлттық қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын түсінуге болады. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінде де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан-анық. Бұл тыныштық пен тұрақтылықтың болжап білуге болатындай қашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуеттік тиімді нығайту үшін пайдалануға тиіс, соның негізінде біз ұлттық қауіпсіздіктің сенімді жүйесін құра аламыз.

Қорыта айтқанда, өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті көршілерімізбен берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи достас көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен тең құқылы қарым-қатынасымызды дамытып, нығайта беру қажет. ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастыруымыз керек.

***Библиографиялық тізім***

1. «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 27 қаңтар);

2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан);

3. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар);

4. Назарбаев Н.Ә. Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары. Алматы: Юрист – 2004 – 44 б.

ӘОЖ 341.922

# МҰРАГЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ШЕТЕЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

***Иманбердиев С.А.***
***Караева А.О.***
***Султанов А.Е.***
*Шымкент университеті*

**Резюме**
В данной статье рассматривается наследственные правоотношений с иностранным элементом
**Summary**
This article examines the inheritance relationship with a foreign element

Мұрагерлік институты бірнеше мыңдаған жылдар бұрын жеке меншіктің пайда болуымен қатар пайда болған. Мұрагерлік туралы мәліметтерді ең көне жазба көздерінен табуға болдаы: Шумерлердің балшықтан жасалған тақта тастарынан, мысыр папирустарынан және тағы басқа. Мұрагерлік қатынастарының дамуы мен өзінің құқықтық реттелуі шырқау шыңына рұм жеке құқығы кезінде жетті. Салыстырмалы түрде дамыған көнерұм мұрагерлік құқықтарын XII Таблица, Юстинианның дигестілері (527-565 ж.ж.), Ульпиниан заңнамаларынан және тағы басқа көруге болады.

Ежелгі Рұм замандарынан бізге мәлім ақиқат – бұл кез-келген адам және биологиялық тіршілік объектісі өлім құшады. Көне Рұм мақалы – momento more өлімді әрдайым есте ұста мағынасын білдіреді. Өмір тіршілік үрдісінің жиынтығы ретінде белгілі бір мерзім келген уақытта тоқтайды, ал материалды құндылықтар, заттар, жылжитын және жылжымайтын мүлік қалып отырады.

Қазақстан Республикасы Конститутциясының 26 бабына сәйкес мұрагерлік құқығына мемлекетпен кепілдік беріледі. ҚР барлық азаматтары мұрагерлік құқық саласында, жынысы, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шыққан тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, мекен-жайына, діни сеніміне, көзқарасы-нанымына, сондай-ақ басқа жағдайларына қарамастан бірдей тең құқықтарға ие болады.

Әрбір азамат ерте ма, әлде кеш па, бәрібір мұрагерлік құқықты рәсімдеу қатынастарына түседі.

Ал енді, мұрагерлік құқықтың анықтамасына сипаттама беретін болсақ, заңтану әдебиеттеріндегі мұрагерліктің анықтамасына берілетін түсінік бір текті емес.

Жалпы мұрагерлік термині, мұрагер сөзі (succession) ағылшын тілінен аударсақ, қайтыс болған адамның (азаматтың) мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен міндеттерінің мұрагерлерге ауысуын білдіреді [1].

Ресей заңгері 3 дәрежелі әділет кеңесшісі Ю.Н. Власовтың пікірінше, мұрагерлік (мұрагерлік мүлік) мұраның ашылған күніндегі мұра қалдырушыға тиесілі жеке меншігіндегі заттары, өзге де мүліктер және оның мүліктік құқығы мен міндеттерінің жиынтығы ретінде қарастыра отырып, бұл ұғымды мұраның құрамына қатысты ережелермен байланыстырады [2].

Бұл жөнінде С.М. Ильясова ҚР азаматтық кодексінің 1038 бабының 1-ші тармағына мынандай толықтырулар енгізуді ұсынады: «Мұрагерлік – қайтыс болған тұлға мүлкінің (мүліктік және мүліктік емес құқықтарының) заң немесе өсиет бойынша оның мұрагерлеріне ауысуы деп көрсетеді» [3].

ҚР АК 1038 бабы талаптарына сәйкес мұрагерлік – қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) – мұрагерге (мұрагерлерге ) ауысуы.

Мұрагерлік құқықтық қатынастың құрамын келесі элементтер құрайды: субъектілер, мазмұны мен мұрагерлік құқықтық қатынастың пәні. Мұрагерлік құқықтық қатынастың объектісі – бұл мұрагерлік құқықтық қатынастағы мұра.

Мұрагерлік құқықтық қатынастың субъектілерінің одан әрі қарайғы құқықтық қатынастарында тағдырын айқындау, осындай қатынастарға қатыстылығы бар тұлғалар қатарын білу үшін тұлғаның қайтыс болуына байланысты пайда болатын құқықтық қатынастардың сипатын саралауымыз керек. Революциядан бұрын орыс цивилистері заңдық қатынастарды (қазіргі құқықтық қатынас) субъективтік құқық деп түсінген, яғни өзге тұлғалардың қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуді жүзеге асырған. Ол екі тұлға арасындағы құқықтық қатынас, яғни өзара белгіленген талаптар мен міндеттер сияқты. Қазіргі кездегі құқықтық қатынастар дегеніміз – бұл азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланыстылығы болып табылады [4].

Мысалы, П.Д. Егоровтың пікірінше, мұрагерлік құқықтық қатынас абсолюттік сипатқа ие болады және мұраны қалдырушы дүниеден озғанда, өсиет пен заңды мұрагерлік жөнінде танылған мұрагерлердің арасында пайда болатындығын, оны мұраның ашылуымен байланысты болатындығын атап өткен [5]. Ал, абсолюттік құқықтық қатынастарда құқық берілген адамға міндетті ретінде үшінші адамдардың беймәлім тобы қарсы тұрады, мұндай құқықтық  қатынастарда іс жүзінде әрбір жеке тұлға мен барлық бұхара міндетті болады.

Келесі автор Л.И. Корчевскаяның тұжырымдамасы бойынша мұрагерлік жүніндегі мұрагерлік қатынастар азаматтық құқықтың кешені ретінде, тұлғаның қайтыс болуына байланысты пайда болады және мұраның ашылуына байланысты туындайды деп көрсете отырып, келесідей құқықтық қатынастарды қарастырып өтеді:

1) мұраның ашылуының заңды фактісі негізіндегі құқықтық қатынас;

2) мұраны қабылдау жөніндегі құқықтық қатынас;

3) мұрадан бас тарту бойынша құқықтық қатынас;

4) өсиетті орындау жөніндегі құқықтық қатынас;

5) мұра мүлкіне қатысты несие берушілердің құқықтық қатынасы;

6) мұра мүлкін бөлуге қатысты мұрагерлер арасында туындайтын құқықтық қатынас;

7) жүктеу бойынша мұрагерлік құқықтық қатынас;

8) мұрагерлік трансмиссия бойынша құқықтық қатынас;

9) субституция (мұрагерді таңдай және тағайындау) жөніндегі құқықтық қатынас;

10) мұралық үлестерді үлестіру бойынша құқықтық қатынас;

11) мүлікті сенімгерлікпен басқару бойынша құқықтық қатынас.

Егер осы аталған құқықтық қатынастар пайда болса, онда олар азаматтық құқықтық сипатқа ие болады деп тұжырымдайды [6]. Осы тұрғыда Л.И. Корчевская құқықтық қатынастардың бірнеше түрін көрсете отырып, осындай негіздерде мұрагерлік құқықтық қатынастың туындайтындығын атап өтеді.

Біздің ойымызша, «мұрагерлік» пен «мұрагерлік құқық қатынастарының» ұғымдарын анықтап, айыра білу керек.

Мұрагерлік, мұра бойынша ауысатын мүлікке қатысты мұрагерлердің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру және ол өздігінше бірнеше құқықтық қатынасқа ие болатын процесс. Сонда ғана, мұрагерлік құқықтық қатынас мұра қалдырушының қайтыс болу факті негізінде пайда болады және мұрагерлік құқық субъектілерінің нақты құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін.

Заң әдебиеттерінде мұра ашылғанға дейін мұрагерлік құқықтық қатынастың пайда болуы туралы айтылып жатады. Бұл мұрагерлік неке шарты күшінің негізінде болуы мүмкін. Бұл жағдайда мұра қалдырушының тірі кезінен бастап құқықтық қатынас пайда болады. Мұндай шарттың түрі кейбір мемлекеттердің заңында қарастырылған, мысалы Германия мен Францияда.

Мұрагерлік құқықтық қатынас азаматтық құқықтық қатынастардың бір түрі болып табы-лады, ол өзіне тән ерекшелігі мен белгілеріне байланысты. Осы орайда, жалпы құқықтық қатынастардың, соның ішінде мұрагерлік құқықтық қатынастарды толық сипатқа ие болу үшін В.С. Еманың пікірі бойынша:

1) негіздердің пайда болуы, өзгеруі, тоқтатылуы;

2) оның субъектік құрамын анықтау;

3) оның мазмұнын анықтау;

4) оның объектісін нақты көрсету сияқты мәселелерді қарастыру қажет екенін көрсетеді.

Алайда, мұра қалдырушының мұрагерлік құқығы мен міндетінің мұрагерлеріне ауысуы үшін заңдық факт (мұраның ашылуы) аз, сонымен қатар факт жүйелері мен заңдық фактының құрамы қажет, бұл басты оқиғамен (азаматтың өлімі) қатар әрекетте маңызды орын алады, адамдардың бұл жерде іс-әрекеті айтылады [7].

Мұрагерлік құқықтық қатынас басқа құқықтық қатынастардан өзгеше. Мұрагерлік құқықтық қатынас, қайтыс болған адамның мүлкімен байланысты және бұл әртүрлі қатынастардың нәтижесінде пайда болады. Осыған байланысты Б.С. Антимонов пен К.А. Гравенің пайымдауынша, мұра ашылған кезде және мұраны қабылдауға мұрагерлерді шақырған кезде құқықтық қатынас пайда болады және бұл мұраның ашылуына байланысты пайда болатын құқықтық қатынас деп айтуға болады.

Э.Б. Бабыкова мұрагерлік құқықтық қатынасты мұра қалдырушының мүлкінің мұрагерлеріне ауысуына байланысты қоғамдық қатынас деп көрсетсе, Л.Ю. Грудцынаның айтуынша, мұрагерлік құқықтық қатынас – қайтыс болған адамның (мұра қалдырушы) мүліктік және кейбір жеке мүліктік емес құқықтардың басқа адамдарға (мұрагерлеріне) заңда белгіленген тәртіппен мұрагерлік негіз бойынша ауысуы [8]. Шын мәнінде, мұрагерлік құқықтық қатынас – мұра қалдырушыға тиесілі мүліктің мұрагерлеріне заңды тәртіппен ауысуын реттейтін қоғамдық қатынас.

Қорыта айтқанда, мұрагерлік құқықтық қатынас дегеніміз – мұрагерлік құқық нормаларымен реттелген біртұтас қоғамдық қатынастар мен мұрагерлердің мұраға деген абсолютті құқығынан тұратын, мұра мүлкінің мұраға қалдырушыдан мұрагерлерге әмбебап құқықтық мұрагерлік тәртібі негізінде өтеді.

### ***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі;

2. Власов Ю.Н. Наследственное право: учеб. пособие / Ю.Н. Власов, В.В. Калинин. 3-е изд., стереотип. М.: Омега Л., 2007. 160 б.

3. Ильясова С.М. Заң бойынша мұрагерлік: белгілері, түсінігі мен маңызы. // Д.А. Қонаев атындағы Университетінің хабаршысы . № 3 (28). 83-85 бб.

4. Азаматтық құқық. Жоғарғы оқу орында-рына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-ші басылы-мы. / Жауапты ред.: М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2003. Т. 1. 736 б.

5. Егоров Н.Д. Наследственное правоотношение // Вестник ЛГУ. Серия Право.Вып.3. 1988. № 6. 69-73 бб.

6. Корчевская Л.И. Объекты наследственного преемства в условиях экономических преобразований. Дисс.. канд. юрид. наук: 12.00.03. М., 1997. 187 б.

7. Халфина Р.О. Общее учение о правоотношение. М.: Юрид. лит., 1974.185 б.

8. Бабыкова Э.Б. Правовое регулирование наследования в Республике Казахстан: дисс. канд. юрид. наук: 12.00.03. Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2003. 181 б.

ӘОЖ: 378.343

# КРИМИНАЛИСТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Иманбердиев С.А.***
***Караева А.О.***
***Султанов А.Е.***
*Шымкент университеті*

**Резюме**

В статье рассматриваются вопросы подготовки профессиональных кадров криминалистов.

**Summary**

In the article questions of preparation of professional staff of criminalists are considered.

Қазақстандағы жоғары білім жүйесінің бұдан әрі де және болашақта да дамуы мен жетілуін қамтамасыз ету мамандардың практикалық және теориялық дайындығы сапасын жақсартуды қамтамасыз етуі тиіс, ал ол өз кезегінде қылмыстарды сапалы және тез арада ашу мен тергеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Криминалист кадрларын дайындауды келесідей үш кезеңге бөлуге болады:

- Қазақстан Республикасындағы заң ЖОО-да алғашқы дайындығы;
- Криминалистика мен сот сараптамасы саласында арнайы машықтанған мамандарды дайындау;
- біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша маман-криминалистер мен сот сарапшыларының біліктілігін арттыру.

Жыл өткен сайын Қазақстан Республикасындағы заңтанудан білім беретін ЖОО-дағы мамандықтардың оқу бағдарламаларына түбегейлі өзгерістер келесідей пәндер бойынша енгізіліп келеді: «Қылмыстық процесс», «Қылмыстық құқық», «Криминалистика» және «Сот сараптамасы».

1959 жылдың өзінде қазақстандық ғалым Э.С. Зеликсон атап өткендей, заңтану ЖОО-ғы оқу үрдісін түбегейлі қайт құрып шығу негіздерінің біріне тереңінен жасалатын: бірқатар оқу пәндерінің кешенді берілуінің маңызды әдіснамалық сұрақтарын; осы пәндердің оқу процесі кезіндегі бағдарлау сұрақтарын; дәрістік және семинарлық сабақтардың мейілінше салыстырмалы сұрақтарын; оқу курстарының пәнаралық материалдарының қайталануын болдырмаудың нақты сұрақтарын, сонымен қатар, студенттерге нақты фактілер мен оқиғалар бойынша құқық нормаларын қолданудың практикалық қабылеттіліктерін үйрету; жекелеген тергеу және сот әрекеттерін жүргізу саласында, заңнама талаптарына сай процессуалды құжаттарды толтыру жатады [1, 92-93 б.].

Криминалистика қылмыстық процесс курсында өтіп қойған ережелерді қарастырады, бірақ процессуалды аспектіде емес, керісінше тактикалық әдістер мен құралдардың мейілінше заманауи түрлерін жасау тұрғысынан, яғни аталған нақты тергеу сұрақтары мен тергеу әрекеттерін жүргізу барысында жалпы қылмыстық-процессуалды заңнаманың және жаратылыстану мен техникалық ғылымдардың, жинақталған терегу мен сот органдарының тәжірибелерінің нұсқаулықтарына сүйене отырып сұрақтарды шешеді.

Сондай-ақ, жекелеген қылмыстардың түрлерін тергеу әдіснамасын оқыту барысында криминалистиканың қылмыстық құқықпен тығыз байланыстылығы байқалады. Жекелеген қылмыстардың түрлерін тергеу әдіснамасын оқыту сұрақтары қылмыстық құқық нормаларымен тікелей байланыса отырып жасалуы қажет, өйткені бұл орын алған әрекетті тергеу сұрақтарын зерттеуде қылмыстық-құқықтық сипаттамаға сай толық және дәл-дәл айқындауға мүмкін береді, сонымен қатар, қылмыстарды жасауға нгегіз болған жағдайларды анықтауға және оларды жоюда маңызға ие болады.

А.И. Винбергтің пікірінше «Криминалистика» курсын оқытуда, дәріс сабағы басқа сабақтардың нысандарымен салыстырғанда негізгі: семинарлар, лабораториялық практикумдар, кеңес берулер бағынышты болады. Тек қана, жүйелі түрдегі дәрістік курстар жан-жақты, тиянақты түрде пән туралы түсінікті қалыптастырады. Дәрістерде тақырыптардың мейілінше өзекті сұрақтары, осы пән бойынша ғылымның заманауи соңғы жетістіктері, бүгінгі таңдағы қажеттіліктерді қарастыруы тиісті.

Дәрістер ешқашан ескерген болмауы тиісті, өз кезегінде кез-келген оқулық, монография, оқу құралы, лабораториялық практикумдар жыл өткен сайын ескеруге құқығы бар. Лектор өзінің оқып жатқан дәрісінде, өмірдің жаңа дауыстары мен өзгерістерін еститіндігін, оларға тез арада жауап бере алатындығын көрсетуі керек [2, 6-7б.].

Осыған сай, «Криминалистика» пәнінен бағдарламаларды жасауда дәрістердің мәтіндері, ондағы материалдар жыл сайын жаңартылып отыруы қажет.

Практикалық сабақтар оқу процессінің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Д.П. Рассейкиннің пікірінше, олардың негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

а) студенттердің дәріс сабақтарынан және өзіндік жұмыстарын орындау нәтижесінде алған теориялық білімдерін бекіту;

б) студенттердің теориялық білімдерін практикада қолдана алу қабылеттерін үйрету;

в) студенттерге процессуалды құжаттарды дұрыс толтыруда үйрету;

г) студенттерге заттай дәлелдемелді табу, жинау және тіркеу қабылеттерін үйрету.

Криминалистика пәні бойынша практикалық сабақ оқытушыға тыңдаушылардың әрбіріне зерттеулер жүргізуге және олардың теориялық білімдеріндегі, практикалық қабылеттіліктеріндегі, жазбаша және ауызша сөйлеу мәнерлеріндегі, өзіндік жұмыстарындағы кемшіліктерді тауып, оларды жоюға мүмкіндіктер береді [3, 18-19 б.].

Лабораториялық сабақтар, Д.П. Рассейкиннің пікірінше, өзінің мақсаттарына мыналарды жатқызады:

а) студенттерге ғылыми-техникалық әдістерді практика жүзінде қолдануды үйрету;

б) студенттерді криминалистік кабинеттегі бар құрылғылар мен аппаратуралардың қызметімен және криминалистік сараптаманы өткізумен, сараптаманы өткізу әдіснамасымен таныстыру;

в) студенттердің бойына сот-жедел фотографиясына меңзей отырып жалпы және сот фотографиясы саласындағы білімдерді дарыту [4, 102 б.].

Криминалистика пәні бойынша практикалық сабақтардың сапасы олардың өткізілуін қамтамасыз ететін қолда бар криминалистік құралдар, аппаратуралар, макеттер мен арнайы бөлмелер: оқу кабинеті, оқу фотолабораториясы, «тексеру және жеке тексеріп қарау» бөлмелеріне тікелей байланысты болады.

«Криминалистика» курсы бойынша оқу процессінде толықтай семинар сабағынан бас тарту қажет, яғни жоспарда алдын-ала практикалық және лабораториялық сабақтарды өткізуді жоспарлай отырып. Дәріс сабақтарындағы өткізілетін студенттердің теориялық білімдерін, практикалық сабақтарды өткізу барысында практикалық материалдармен бекітіп отыру қажет.

Практикалық сабақтарды өту барысында мейілінше ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға ерекше назар аудару қажет, дәлірек айтқанда, «Оқиға болған жерді қарау» тақырыбы бойынша. Оқиға болған жерді қарау сияқты маңызды тақырыпта практикалық сабақты өтуде, әрбір заңтану ЖОО-да оқиға болған жердің имитациясын, натуралды өлшеміне сай мәйіттердің макеттерімен жасау қажет. Бұл үшін криминалистиканың әрбір кафедрасында полигондар болуы керек. Практикалық сабақтарды өткізуде кеңінен схемаларды, диаграммаларды, диапозитивтерді пайдалану қажет, өткені криминалистиканы оқытуда көрсету құралдары маңызды рөл атқарады.

Практикадан қол үзе отырып оқыту, жоғары заң оқу орнын бітірген тұлғаның, практика жүзінде түрлі күрделі мәселелерді шешуде, сот, тергеу әрекеттері және негізделген процессуалды құжаттарды толтыру кездерінде білімінің толық

болмаушылығына алып келеді [5, 99 б.]. және де, заңтану жоғары оқу орындарында осы күнге дейін қолданылымдағы криминалситік кадрларды дайындау жүйесі кемшіліктерге ие болып отыр, яғни сот-тергеу және прокурорлық қадағалау практикасынан қол үзіп оқытылуда. Маман-юристерді оқытуды сот-тергеу, прокурорлық органдар, сот және полиция органдары қызметі практикасымен тығыз байланыста жүргізу қажет. Оқыту барысын соттар, прокуратуралар, ІІМ органдарымен байланыса отырып, жоғарғы курс студенттерін стажировкаға жібере отырып, жекелеген тергеу әрекеттерінің өндірісіне, тергеушілермен кезекшілікке қатыстыра отырып өту керек.

Н.А.Джангельдиннің пікірінше, студент заң институты немесе факультеттің қабырғасында оқып жүрген уақытында кең ауқымда алынған заттай дәлелдемелерді анықтау, оларды тіркеу мен объектілерге сараптамалық зерттеулер жүргізудің әдіснамаларын толық түрде білуі тиісті. Сондықтан, Қазақстанның көптеген заңтану ЖОО-ның оқытушылары трассологиядан практикалық сабақтарды өткізу барысында процессуалды ережелерге сәйкес студенттердің өз қолдары мен дактилоскопиялық картаны жасауларын үйретеді; іздерді жеңіл қабылдайтын беттерде (қағаз, айна, керамика, ағаш және т.б.) оларды анықтау, алу, тіркеу мен көрінбейтін қолдың іздеріне хаттамаларда дұрыс сипаттама беруге үйрету.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, қылмыстарды тергеудегі кешенді қадамдар жасаудың кеңінен таралуы жақын арады сарапшы мамандардың жойылатындығына көз жеткізеді, яғни объектілерді зерттеу саласы мен нақты мақсаттарды шешетін «тар» мағынадағы біліктілігі бар мамандарды дайындауды көздейтін. Бұл сарапшы маманлануын дайындауда «криминалистік», соның ішінде сараптамалық мамандықтардың иерархиялық жүйесін қалыптастыруды ұсынады.

Осы мақсатта, Біз криминалист мамандарды кешенді сараптама мен кешенді зерттеулер негізінде оқыту ұсынып отырмыз, яғни олардың сараптамаларды тағайындау мен оларға материалдарды дайындау барысында тергеушілерге білікті көмек көрсету сұрақтарын шешуге көмектесу.

Жоғарыда аталған мәселелердің негізінде ІІМ-гі мен Қазақстан Республикасының сот сараптамасы орталығымен бірігe отырып, мамандар мен сараптамаларды жүргізуші кадрларды дайындау сұрақтарын қарастыратын сұрақтарды ендіре отырып, соттық-тергеу органдарына бірыңғай нұсқаулықты басып шығару қажет.

### *Библиографиялық тізім*


1. Зеликсон Э.Б. Координация преподавания советского уголовного процесса и криминалистики.// Вопросы советской криминалистики: рефераты всесоюзного научного совещания по криминалистике.- Алма-Ата, 1959.- Б. 92-93.;

2. Винберг А.И. Методика чтения лекций по советской криминалистике. // Сб. материалов методического совещания преподавателей криминалистики. - М. 1957. – Б. 6-7.

3. Самойлов Г.А. Некоторые вопросы методики проведения практическихзанятий по криминалистике. //Сб. материалов методического совещания преподавателей криминалистики.- М., 1957. - Б. 18-19.

4. Рассейкин Д.П. Некоторые вопросы проведения практических и лабораторных занятий по курсу советской криминалистики в юридических вузах. // Вопросы советской криминалистики: рефераты всесоюзного научного совещания по криминалистике.- Алма-Ата, 1959. – 102 б.;

5. Хван В.А. Организация преподавания криминалистики в неразрывной связи с практикой прокуратуры, милиции и экспертных учреждений. //Вопросы советской криминалистики: рефераты всесоюзного научного совещания по криминалистике.- Алма-Ата,1959. – 99 б.;

ӘОЖ 547.468

# ТЕРГЕУДЕГІ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ РОЛІ

***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Литвинова Т.А.***
*з.ғ.к. аға оқытушы*
***Сарсенова М.М.***
*оқытушы.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме:** В этой статье автор рассматривает значение прокурорского надзора за законностью следствия

**Summary:** In this article the author examines the importance of Prosecutor's supervision over the legality of the investigation and inquiry

**Кілттік сөздер:** Тергеу, прокурор, қадағалау, қылмыстар, заңдар, дәлелдемелер, бостандықтары, құқықтары, қоғамдық.

Қазіргі кезде, жеке адамның мойындауы бойынша оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылығы болып табылады және бірінші кезекте прокурорлық қадағалауды жетілдіру, оның нәтижелілігін арттыру міндеті тұрады. Прокурорлық қадағалаудың нәтижелілігі кез келген құқықтық институттағы сияқты осы мақсаттарға жетудің нақты қорытындылары бойынша бағалануы керек. Нәтижелік деген күш-жігерді, әдістер мен уақытты үнемдеу арқылы мақсатқа жету болып табылады.

Дұрыс ұйымдастырылған алдын ала тергеу мен анықтау және олардың заңдылығына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру қылмыстарды дереу және толық ашуға, оның объективті және жан-жақты тергелуіне, ең соңында - соттың заңды, негізді және әділ шешім қабылдануына елеулі кепілдіктерінің бірін береді.

Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бір бірімен байланысқан және өзара келісілген екі мақсаттан тұрады: бірінші, қылмыс жасаған кінәлі адамдарды жазаланбай қалмауын қамтамасыз ету, екінші, бір де бір азамат негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылуына немесе құқықтарының шектелуіне жол берілмеу керек.

Тергеу және анықтау заңдылығын жүргізу кезінде Конституция және өзге де заңдармен кепілденген жеке бостандық, хат алысу құпиялылығының сақталуы, еркін жүріп-тұру және азаматтардың т.б. көптеген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылады, ал кейде елеулі түрде шектеледі. Прокурор қылмыстардың тергелуін реттейтін заң нормаларының бұзылмауын, тергеу кезінде барлық мән-жайлардың жан-жақты, толық және объективті зерттелуі туралы заң талаптарының сақталуын, заңсыз тергеу әдістерін қолданылмауын қадағалауға міндетті. Прокурор заң бұзушылықтарды алдын-алуға, ал заң бұзушылықтар анықталған жағдайда - оларды жоюға, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтірілуіне, моральдық және материалдық залалдардың өтелуіне, сондай-ақ заң бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды жауапкершілікке тартуға шаралар қолдануы тиіс [1].

Тергеу және анықтау заңдылығын жүзеге асырушы органдарда заңдардың орындалуын прокурорлық қадағалаудың аталған міндеттері оның мәнімен тығыз байланыста болады. ҚР Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Заңының 37-бабына сәйкес қадағалаудың мазмұны мен мәні адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, жасалған қылмыстар және тергеу жүргізу туралы өтініштер мен хабарларды шешудің заңдарда белгіленген тәртібінің сақталуы, сондай-ақ осы органдармен қабылданатын шешімдердің заңдылығын сақталуы болып табылады.

Прокурорлық қадағалаудың барлық әдістерімен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, прокурордың маңызды міндеті болып табылады. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсаты мына шаралар бойынша жүзеге асады:

- қылмыстық ізге түсудің, күдіктілерді ұстаудың, айып тағудың және бұлтартпау шараларын қолданудың заңдылығын уақытылы тексеру;

- тиісті дәлелдемелерді алу. Мысалы, ұсталған адамның заңсыз тергеу әдістерін қолдану туралы арызын алу кезінде прокурор қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдаумен барлық уәждерді тексеруге міндетті; ҚР Конституциясының, қылмыстық іс жүргізу заңдылықтарының талаптарын бұзумен алған алынған дәлелдемелер дәлелдеу кезінде алынып тасталуы керек .

Прокурор жұмысының үлкен бөлігін жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қарау және шешудің белгіленген тәртібін тексеру құрайды [2].

Жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар түрлі нысандарда болуы мүмкін:

- азаматтардың арыздары;
- қоғамдық бірлестіктердің хабарламалары;
- атқарушы және өкілеттік (заңды) билік органдары мен мекемелерінің хабарламалары;
- мемлекеттік, қоғамдық, жеке кәсіпорындардың хабарламалары;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен (газеттер, журналдар, теледидарлар, радио) жарияланған мақалалар, ескертпелер, хаттар.

Азаматтардың арыздары мен хабарламалары ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша арыздар хаттамаға енгізіледі және оған арызданушы мен арыз қабылдаған адам қол қояды. Жазбаша арызға азамат қол қояды. Арызданушыға қасақана жалған хабар үшін жауаптылығы туралы ескертіледі. Кәсіпорындардың, мекемелердің, үйымдардың, билік органдарының, лауазымды тұлғалардың хабарламалары жазбаша нысанда болуы керек. Домалақ арыздар қылмыстық іс қозғауға негіз болмаса да, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға көмектеседі. Прокурор әзірленіп жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы домалақ хаттар мен арыздарды өтініштің мазмұнына қарай қауіпсіздік немесе ішкі істер органдарына жолдайды. Қылмыстық іс жүргізу заңының, Бас прокурордың салалық бұйрықтарының, нұсқаулары мен өкімдерінің талаптарына сәйкес, прокурор жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу және шешу кезінде зандардың орындалуын тексеруі керек.

Қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды тіркеу тәртібі қылмыстық іс жүргізу заңында қаралмаған. Ол құқық қорғау органдарының ведомстволық нормативтік актілерінде анықталған. Жасалған немесе әзірленіп жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалардың көбі ішкі істер органдарында қаралады және шешіледі.

Прокурор қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдаудан бас тартпауды бақылауы керек. Тексеріс кезінде қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырушы адам арызданушыға қатаң есепке алу құжаты болып табылатын және бірыңғай тіркеу нөмірінен тұратын талон-қағазын беруіне көңіл аудару қажет.

ҚР Бас прокуроры қадағалау қызметінің осы саласына назар аудара отырып, оған бағынышты прокурорлардан қылмыстар туралы қаралып жатқан арыздар мен хабарламалардың уақытылы тексерілуін, тексеріс әрекеттерін қажет етпейтін жағдайларға жол бермеулерін талап етеді.

Қылмыстар туралы келіп түскен арыздар мен хабарламалар бойынша бірқатар тексеріс әрекеттері - материалдардың талап етілуі, түсініктемелер алынулары мүмкін. Қылмыстық іс қозғалғанға дейін оқиға болған жерді қарау және сараптама жүргізулер

занда қарастырылған кездерден басқа жағдайларда, тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін емес [3].

Прокурор сондай-ақ, қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар бойынша шешімдердің келіп түскен кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде, тексеріс әрекеттері жүргізілген жағдайда - он сөткеге дейін, ал ерекше жағдайларда - бір айлық мерзімге дейін қабылдануын бақылауы керек.

Келіп түскен арыздар мен хабарламалар бойынша мерзімдер ұзартылған жағдайда, қылмыстық қудалау органына жиырма төрт сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде прокурорға хабардар ету міндеті жүктелген.

Өз кезегінде, прокурор есепке алу-тіркеу тәртібінің сақталуына тексеріс жүргізу кезінде ұзарту мерзімдерінің заңдылығын тексеруі керек және азаматтардың өтініштері бойынша процессуалдық шешімдердің созбалаңдыққа салу фактілеріне жол бермеуі керек.

Алдын-ала тергеу және анықтау кезінде заңдардың орындалуын қадағалау бойынша прокурордың өкілеттігі биліктік-өкімдік сипатта болады.

Алдын-ала тергеу және анықтау органдарында заңдардың орындалуын жүзеге асыру кезінде биліктік-өкімдік өкілеттікті іске асыру мыналарға бағытталған:

- қылмыстық процеске қатысушылардың және өзге азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылмауына, бір де бір қылмыстың ашылмай қалмауына, қылмыс жасаған адамдардың бір де біреуі занда белгіленген жауапкершіліктен жалтармауына;
- қылмыс жасау күдігі бойынша азаматтарды ұстау тек занда қарастырылған тәртіп пен негіздер бойынша жүргізілуіне;
- ешкімнің заңсыз және негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына немесе басқа құқықтарының шектелмеуіне;
- прокурордың санкциясыз немесе сот шешімінсіз ешкімнің қамауға алынбауларына;
- қылмыстық істерді қозғау мен тергеудің, тергеу мерзімдерінің занда қарастырылған тәртіптерінің сақталуына;
- тергеу кезінде дәлелдемелердің жан-жақты, толық, және объективті жиналуы мен зерттелуі туралы заң талаптарының сақталуына;
- қылмыс жасауға мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайлардың анықталуына және оларды алдын-алу шараларының қолданылуына;
- прокурор қылмыстық ізге түсу және қылмыстық істерді тергеу заңдылықтарын қадағалай отырып, өзіне жүктелген процессуалдық өкілеттікті жүзеге асыру үшін:
- оқиға болған жерді қарауға қатысуға, сараптама тағайындауға, сондай-ақ қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешуге қажетті басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы;
- қылмыстық іс қозғайды немесе оны қозғаудан бас тартады, тергеу іс-әрекеттерін жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар береді; [4].

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж.

2. «Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың Тұжырымдамасы» 20.09.2002ж. Президент жарлығымен мақұлданған.

3. ҚР-сы Бас прокурорының 27 желтоқсан 2002 жылғы бұйрығымен бекітілген "Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы" нұсқауы.

4. «Прокуратура туралы» ҚР-ның заңы. 30.06.2017ж.

ӘОЖ 347.(075)

# КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҒЫ ФАКТІЛЕРІНІҢ СЕБЕПТЕРІ

***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Литвинова Т.А.***
*з.ғ.к. аға оқытушы*
***Сарсенова М.М.***
*оқытушы.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме:** В данной статье автор рассматривает причины правонарушений несовершеннолетних
**Summary:** In this article the author examines the causes of juvenile delinquency
**Кілттік сөздер:** Кәмелетке толмағандар, қылмыс,құқықтық, бұзушылықтар, жасөспірімдер, жаза.

Жастарды тәрбиелеу деген сөз кең мағынада, тәртіп бұзушылықтан сақтанудағы тәрбие жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін сан түрлі шараларын жиынтығы. Кәмелетке толмағандардың тәртіп бұзушылығы фактілерінің себептері мен басқа да жағдайларды қарағанда әртүрлі әлеуметтік топтағы, әртүрлі деңгейдегі балалардын шағын орталарының бір-біріне жағымсыз ықпал әсерлеріне детальді түрде талдау жасауды талапетеді. Жасөспірімнің бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру алдыңғы орынды жанұя тұрады. Балаларды тәрбиелеудегі күделі әрі ұзаққа созылатын құбылыстар оларды әлеуметтік бақылауға алудағы қиындықтар мен олардың бойындағы кертартпалы мойындамаушылық тіптен қылмыстық тәртіп бұзушылыққа осы ортада дағды алады. Жасөспірімдер арасында тәртіп бұзушылыққа жүргізілген талдауда бір анасы ғана бар толық емес жанұядан шығып тәртіпсіздік жасаған балаларды үлесі әлдеқайда көп болып отыр .

1989 жылы 20 қарашада қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының Балалардың құқықтарын қорғау туралы Конвен циясының ережелерінің 37-бабына бір бала азаптау немесе басқа да қатал, адамзатқа жат немесе ар-намысын қорлайтын жағдайға не жазаға ұшырмауы тиіс. Бір де бір бала бас бостандығынан заңсыз немесе қалай болса солай айырылмауы керек деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда кәмелетке толмағандар қылмысымен күреске ерекше мән берілген. Қылмыстық жас қылмыстық іс жүргізу заңдары қылмыстық құқық субьектісі ретінде кәмелетке толмағандарды құқықтық жағынын өз дәрежесін қорғауды қамтамасыз етуге мән бернеді. Бұл орайда бағытталған қылмыстық жауапкершілік пен жазалаудың заңдық шектерін анықтау кезінде олардың жас ерекшеліктерінің есепке алынады.

Кәмелетке толмағандар қылмысына себепкер болатын жанұядағы сәтсіздіктер ата-аналардың педагогикалық түсінік-түйсіктерінен, таяз тәрбие жұмысында тәлімдік шеберліктерінің жоқтығынан да болады. Тәртіпсіздік жасаушы жасөспірімдердің көпшілігінде балаларды тәрбиелеуде мойынсұнбауына әкеп соғады.

Аталған кемшіліктер біздің қоғамдағы әлеуметтік өмірдің да бағытында жас ұрпақтардың тәрбиелеу жұмысы едәуір қиындай түсетіні шындық. Олар – жанұяда балалардың орта сан мөлшерін азайып, Жасөспірімдердің өзінен кіші іні-қарындастарын күтуге дағдылануына, өздерін өз бетінше өмір суруге даярлау кезеңінде тәрбиеші болып қалыптасудың мүмкіндік бермейді. Оның себептері менің ойымша:

а) ата-аналардың жеткілікті білімінің жоқтылығы, кей жағдайда өз балаларының білім деңгейінен төмен қалуы;

ә) жанұя ішінде ата-ана, ерлі зайыптылардың балаларымен араласу аясының қысқаруы;

б)отбасының тұтыну қажеттілігінің ұдайы өсе түсуі;

в) балалардың еңбегін үй шаруашылығында материал өндіру пайдалануының шектелуінде.

Мектеп оқушыларына қарағанда жұмыс істеп жүрген жеткіншектердің арасында қылмыс жасаушылардың үлес салмағы едәуір жоғары.

Жасы кәмелетке толмағанның құқығын сақтау – іс бойынша шындыққа көз жеткізудің басты шарты.

Жасөспірімге қатысты мынадай мәселелерді шешуге тиіс деп ойлаймын:

1. Бастапқы материалдағы әңгіме болып отырған тұлғанын жасы қылмыстық жауапкершілікке тартуға жете ме, алдымен соны білу керек;

2. Бұл тұлғаға қылмыстық жаза шарасын қолданған дұрыс бола ма; 3. Жасөспірімнің жасаған қылмыстық әрекетіне қатысты жас ерекшелігіне қарай жазалауға жол бермейтін жағдайлар жоқ па, міне, осының бәрі мұқият ескерілуі тиіс.

Негізінен, жастар мен жасөспірімдер қылмыстың алдын алуға арналған шаралар, бағдарламалар жүргізіліп тұрса; мекеме мен білім беру ошықтарының ара-қатынасы ос тұрғыда жөнінде кинолар көрсетіліп, Осы тақырыпта заң қызметкерлерімен кездесу шараларын тиянақты жүргізу қажет.

Қазір балалар арасында қасақана, жоспарлы түрде қатыгездікпен адам өлтіру фактілері кездесіп отыр.

Кәмелетке толмағандар қылмысының себебі әлеуметтік жағдайдың төменгі, жұмыстың жоқтығы, теледидардан зорлық зомбылыққа толы фильмдердің қаптап кеткендігінің деәсері мол.

Еліміздің келешегі жастардың саналы, білімді, өнерлі, жігерлі азамат болып қалыптасуы үшін Республика үкіметі қажеттіліктің бәрін істеуде [1].

Тәрбие – көптің ісі. Егерде ата-ана, мектеп, құқық қорғау органдары өз міндеттерін кәсіби біліктілікпен атқарса, бүгінгі жасөспірімдеріміз елешекте өркенделген елдің өнегелі азаматтары болып өсетіні сөзсыз.

Кезінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов көркем жастарға қарап отырып, «Біз базардан қайтып бара жатырмыз, ал сендер базарға келе жатқан ұрпақсындар» деген екен.

Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарға талдау жасап қарасақ, олардың негізінен қылмысты топ болып жасайтындығына көзім жетті. әкімшілік құқықты бұзған, қоғамдық жерлерде мас күйінде жүрген немесе есірткіні қолданған не өзімен бірге алып жүрген жасөспірімдердін биылдың өзінде қалалық ішкі істер бөліміне жеткізілуі көп нәрседен хабар берсе керек. Демек мұндай ахуал қылмыстың алдын алу және оған күрес шараларын мақтап қолға алу керектігін талап ететін түсінікті де. Мәселенің мәнісі ата-аналардың балаларына жөнді тәрбие бере алмауынан болып отыр десек қателейспейміз. Жасөспірімдердің қылмысқа баруының бір себебі оларды ата-анасының қараусыз қалдыруы дер едік, екіншіден, мектеп және тағы басқа оқу орындарында қылмысқа бейімі бар жастарды тәрбиелеудегі олқылық себеп болып отыр.

ҚР-ның Қылмыстық кодексінде бұрынғыға қарағанда көптеген өзгерістер бар. Әрине, мұнда да қылмыстық-құқықтық тұрғыдан алғанда кәмелетке толмағандар қылмысымен күреске ерекше мән берілген.

Әр қоғамның өзіне тән идеологиясы болатындығын ескерсек, біздің әлі күнге дейін қол жеткізе алмай келе жатқан кем тұсымыз дүние танымы мен көзқарасы өзгерген жастарқауымын жетелеп, дұрыс жолға салып жіберетіндей жаңа тәлім-тәрбие бағытын осалдығы дер едік. Жасөспірімдердің арасында ақ сүтін беріп асыраған анасын өлтіріп қанға бөккен денені аттап өткен, қыз баланың асқар таудай әкесін мерт еткендер де емес:.

Күні бүгіндері көпшіліктің еті үйрене бастаған мұндай сұмдық оқиғаларды одан әрі тізбектеп жалғастыруға да болар еді, бірақ одан қандай пайда бар.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыс соншалықты шапшаң өсіп, күрделене түсуде. Кейбіреулер мұның бір ұшын отбасы мен мектептердегі тәрбиенің қожырап кеткендігімен сабақтастырса, базбіреулер жастарымыздың бойындағы қатыгездік пен мейірімсіздікті жоғарыда өзіміз айтып өткен тұрмыстың төмендігі мен әл-ауқаттың нашарлығы тәрізді тіршіліктің көлеңкелі жағынан іздестіреді. Өткен-кеткенді қазбалап әңгімені әріден бастауымыздағы негізгі мақсат кез-келген адамның қылмыскер қалпында өмірге келмейтіндігін, оны қоршаған орта мен тұрмыстың қалыптастыратындығына көз жетікзу ғана. Негізгі мақсаттың өзі жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау және алдын алу шараларын жүргізу [2].

Төменгі сыныптарда тәрбиеден шет қалған, жасөспірімді 14-15 жасқа жеткенде сауықтырып, салауатты ортаға қосу қиын шаруа. Керек десеңіз ондай жасөспірімдерді балалар колониясы мен абақтылардағы темірдей тәртіптің өзі түзей алмай, керісінше өмірге деген көзқарасын өзгертіп жібереді.Бірақ сәл ғана тентектік жасаған жасөспірімдерге онның мәнін түсіндірмей жатып, бірден қатал жазаға кесу енді ғана көктеп келе жатқан жас ғұмырға залалын тигізу мүмкін. Жас ұрпақты жақсы әдеттерге үйретіп, жамандықтан жирендіретін ұстаздар қауымының өзі тәртібі нашар қиын балалардан мүмкіндігі келгенше бойын аулақ салып, оларды арнаулы мектептерге жібергісмі келіп тұрады. Яғни, көптеген мұғалімдердің ондай оқушылармен ортақ тіл табысып, жұмыс істегісі келмейді.Сәл ғана тентектік жасаған жасөспірімнің әрекеті бұзақылық деп танылып, танымсыз жұмыс істеп жатқан жазалау механизмнің тісіне ілігіп кетеді.. Осылацша жан дүниесі әлі бүлініп үлгермеген жасөспірімді бүкіл құрбы-құрдастарды алдындағы сенімнен айырып, оның келешекке деген көзқарасын сөндіреміз.

Жастар тәрбиесін қашан да жауапті сі деп ұрандап жатамыз. Ал оның бүгінгі жай-күйі мен қордаланып қалған мәселелері қомақты мәселелері осындай.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстардың алдын алу жүйесі мына қызметтерді қамтуы тиіс:

- мектепте 6-11 сыныптар арасында құқық пәндерін бағдарламаға енгізу;
- қылмыстар мен оның жеке түрлері туралы жүйелі түрде аналитикалық мониторинг жүргізу;
- қылмыстың тиімді алдын алуға қажетті күш пен құрал есебін талдау;

Оқу және тәрбие егіз. Тәртіп бар жерде оқу, жұмыс нәтижелі болмағы баршаға мәлім. Тәрбиесіз жалаң білімнің пайдасы жоқ. Тәрбие ең алдымен қазақтың ұлттық тәрбиесі, салт-санасымен үдескені жөн [3].

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл аткарады. Бірақ бұл істе айтарлықтай кемшіліктер бар. Теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, секс жиі көрсетіледі, мұның өзі өскелең ұрпаққа зиян келтіреді Осы жағдайға байланысты бұқаралықақпарат құралдары туралы заңда жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді БАҚ-тар арқылы тарату қажеттігі туралы норма императивті түрде баяндалу керек. Заңда бұқаралық ақпарат құралдарын есірткімен, зорлықпен байланысты материалдар көрсетуді мейлінше азайту.

***Библиографиялық тізім***


1. Қ.Жарықбаев.Психология. Алматы, 2011.
2. Е.Алауханов, С.М.Рахметов. Жаза. Алматы, 2010
3. М.М.Бабаев Индивидуализация наказания несовершеннолетних. – М., 2012

ӘОЖ 343.72 (1-856)

# ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ВАНДАЛИЗМНІҢ ҚАУІПТІЛІГІ

**_Караева А.О._**
*аға оқытушы*
**_Литвинова Т.А._**
*з.ғ.к. аға оқытушы*
**_Сарсенова М.М._**
*оқытушы.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме:** В данной статье автор раскрывает опасность вандализма среди молодежи
**Summary**: In this article, the author reveals the danger of vandalism among young people
**Кілттік сөздер:** Тағылық, вандализм, зорлық-зомбылық, қылмыстар, саралау, қауіптілігі, жауаптылық, жаза.

Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатындағы басты бағыттардың бірі қоғамдық тәртіпке қол сұғатын қылмыстарға қарсы тұрудың әсерлілігін көтеру болып табылады. Шындығында, соңғы кездері қоғамның тыныштығын бұзатын көптеген жағымсыз жәйттердің елеулі түрде өршіп келе жатқаны байқалады. Зорлық-зомбылық пен мейірімсіз қылықтың салдарынан халықтың арасындағы адамгершілікке нұқсан келтіріледі, тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіріледі. Осындай қоғамға қарсы қылықтық құбылыстардың қатарына Қазақстан Республикасының 1997 жылғы жаңа Қылмыстық кодексінің қолданысқа енгізілуімен қылмыстың дербес түрі ретінде қарастырылатын, бұрын шын мәнінде бұзақылықтың арнайы бір түрі болып қана саналып келген тағылықты да жатқызуға болады.

«Тағылық» (вандализм) терминінің шығуын тарихшылар Рим қаласын жөн-жосықсыз талқандап және талап-тонаған көне германның вандалдар тайпасының Рим империясына шапқыншылығымен байланыстырып, сонымен қоғам өмірі мен жекелеген мемлекеттер үшін жаңа құбылыс болып саналған, адам қолымен жасалған мәдени және материалдық құндылықтарды мағынасыз бүлдіріп-қиратумен көрінетін - тағылық (вандализм) адамзатқа өте жат тағы да бір қылмыстық әрекетке бастау берді. Тарих тағылықтың көптеген мысалдарынан сыр аша алады. Осы жайында мына бір мысалды келтірсек, бірде көне Эфестің даңқка шөліркеген Геростарт деген бір тұрғыны «атың шықпаса жер өрте» дегендей, әйел құдай Артемиданың ғибадатханасын өртеп жіберіп, адамдардың келесі ұрпақтарының жадынан шықпастай мағынасыз ыза-кек қалдырған көрінеді [ 1].

Қазіргі заманғы тағылық қоғамдық тәртіпке, азаматтардың тыныштығына қол сұғатын, көбінесе басқа да ауыр қылмыстар жасауға әкеп соқтыратын қауіпті құқық бұзушылықтардың бірі болып қалып отыр.Тағылық Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем қауымдастығының басқа да елдерінде қылмыстық әрекет деп танылады.

Ресми түрден алғанда тағылық Қазақстанда ғана жасалатын кең тараған қылмыс емес. Қалай дегенменде осы бір кесел еліміздегі орын алып отырған қылмыстық көріністердің арасынан орын алып, іс жүзінде нұқсан келтіріп отырғандығына дау айтуға бола қоймас. Біздің көзқарасымызша, тағылықтың деңгейі ресми мәліметтердің деректерінен әлдеқайда асып түсетін сияқты, оған осы қылмыстың көбінесе жасырын жасалатындығы куә болғандай.

Қылмыстылықтың фактіге жүгінген деректері мен есепке алынған деректерінің елеулі бөліктерге бөлінетін жағдайлары көптеген факторлармен бірге тағылықпен тікелей күрес жүргізетін ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігіне де негізделген. Біздің жүргізген зерттеулеріміз көрсеткеніндей, практикалық

қызметкерлердің көбісі адамның әрекетінде тағылық әрекеттің белгілерінің бар-жоқтығын анықтау кезінде ғылыми талдаудың әдістерін меңгермегендіктерін көрсетті, кейде сабақтас қылмыс құрамының арасын айқын анықтап алушылық, сөз жоқ қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді саралауда қателікке әкеп тірейтіні белгілі. Сондықтан ұсынылып отырған диссертацияда, ең алдымен қылмыстық-құқықтық сипаттамаға көңіл аударуды жөн деп санадық. Бірден ескерте кетейік, қылмыстық-құқықтық сипаттаманы біз ҚР ҚК бойынша тағылықты қылмыстық-құқықтық саралау ерекшеліктерін ашу және оған сабақтас қылмыстардан шектеу мақсатында зерттеу тақырыбы төңірегінде ғана қарастырамыз.

Әрине, бұл мәселе отандық қылмыстық құқықта теориялық зерттеудің объектісі болған жоқ деп айтудан аулақпыз. Дегенмен мойындау керек, осы бағыттағы іргелі еңбектердің көпшілігі Қазақстанның бұрынғы ескі қылмыстық заңнамасы бойынша бұрын тағылық оқиғасын да қамтығын бұзақылық құрамын зерттеу шеңберінде ғана жүргізілді. Жаңа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде заң шығарушылар тағылықты дербес қылмыс деп таныды. Соған қарамастан, тәжірибе көрсеткеніндей, ішкі істер органдарының көптеген қызметкерлері кінәлінің қылықтарын заңдық тұрғыдан бағалауға қатысты қателіктерге жиі жол беріп, тағылықты қарастыратын нормаларды қолдануда айтарлықтай қиыншылықтар көріп жүргені де жасырын емес. Аталған жағдай осы мәселені зерттеп-үйренудің теориялық маңыздылығын ғана дәлелдеп қоймай, оның қолданбалы маңызының да қомақты екенін көрсетеді.

ҚР ҚК 294бабында тағылық, яғни үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен, суреттермен, қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру деп түсіндіріліп, осыған қатысты жауаптылық та реттелген.

Қылмысты саралаудың жалпы теориясына сәйкес, кез келген заңға қайшы қылықтарға заңдық баға беру қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі мен пәнінен басталады. Содан кейін іс-әрекеттің өзінің белгілерін бөледі, яғни объективтік жағының шеңбері мен мазмұны анықталады. Әрі қарай қылмыс субъектісінің барлық белгілері және субъективтік жағының мазмұны (кінәнің, себептің, мақсаттың нысандары) ашылады.

Объект қылмыстың қоғамдық қауіптілігін анықтайтын негізгі белгілердің бірі ғана емес, сонымен бірге қылмыс құрамының негізгі элементі болып табылады. Кез келген қоғамға қауіпті және заңға қайшы іс-әрекет жасау қоғам мен мемлекетте, сондай-ақ азаматтардың арасында әлдене үшін қалыптасатын қылмыстық заңмен қорғалатын қатынастарды бұзуды қалайды. Осыған байланысты қылмыстың объектісі деп қылмыстық заңмен қорғалатын, қоғамға қауіпті іс-әрекеттермен зиян келтіретін не келтіру жөнінде қауіп төндірілетін қоғамдық қатынастар танылады.

Тағылықтың тікелей объектісі қоғамдық тәртіп болып табылады. Тағылықтың тікелей объектісі ретіндегі қоғамдық тәртіпті тар мағынадан ғана түсіну керек. Қоғамдық тәртіп деп бұл жерде қоғамдық тыныштық пен адамгершілікті, қоғамдық орындарындағы азаматтардың тиісті тәртіп сақтап, бір-біріне сыйластықпен қарауды, әлеуметтік саладағы тығыз қарым-қатынастарды сақтауға бағытталған құқық нормаларын орындау негізінде қалыптасқан қоғамдық қатынастарды тануға болады. Талданып отырған іс-әрекеттің ерекшелігі тағылықтың көп объектілі болып саналатындығында оның негізгі тікелей объектісі - қоғамдық тәртіп.Ол әрқашан қосымша объектілермен, ал кейбір жағдайларда ықтималды объектілермен бірге көрінеді.

Тағылықтың қосымша объектісі болып әлеуметтік (көпшіліктік) адамгершілік өнегесі болып көрінсе, ал қоғамдық көліктегі немесе басқа да қоғамдық орындарындағы мүліктерді бүлдіруде - меншіктік қатынастар болып табылады. Сонымен бірге, тағылықтың ерекшелігі талданып отырған қылмыстың негізгі объектісі - қоғамдық тәртіпке зиянды ықпал ету жолымен бір немесе бірнеше қосымша объектіге зиян келтіру болып табылады. Демек, кінәлі адам тағылық жасай отырып қоғамдық тәртіпке ғана қол сұғып қоймай және сонымен бірге бір мезгілде мәдени және материалдық құндылықтарды

қиратып және қорлау арқылы әлеуметтік өнеге мен меншікке де зиян келтіруге бағытталған әрекет жасайды екен.

Бүлдіруі жауаптылыққа ұрындыратын қоғамдық мүліктерге қоғамдық көліктердегі немесе өзге де қоғамдық орындардағы белгілі бір адамдар шеңберінің қажеттілігін өтеуге арналған, атап айтқанда, жолаушылар орындығы, көлік құралдары, көтергіш лифтілер, жарнама қалқандары, таксофондар, айналар, кафе-барлардағы үстелдер, театрлардағы көрермендер орындықтары сияқты мүліктер жатады.

Қылмыстың объективтік жағы - бұл қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастраға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сыртқы көрінісі. И.Ш.Борчашвили, қылмыстың объективтік жағы субъектінің қылмыстық іс-әрекетінен басталып және қылмыстық зиян келумен аяқталатын, қарастырып отырған сыртқы көріністен біртіндеп дамитын оқиғалар мен құбылыстардың заңмен қорғалатын мүдделеріне қоғамдық қауіпті және заңға қайшы қол сұғушылық процесі, деп жазады[2].

Осы анықтамадан негізгі үш мәселе туындайды. Біріншіден, қылмыстың объективтік жағы - бұл адам мінез-құлқынан сыртқары объектіленген сырттан қарағандағы көрінісі. Екіншіден, объективтік жақты кез келген емес тек қана қоғамдық қауіпті және заңға қайшы болып табылатын іс-әрекеттер құрайды. Ең соңында, үшіншіден, іс-әрекетпен бірге объективтік жағы өзнің мазмұнымен қоғамдық қауіпті зардаптары және іс-әрекет пен зардаптардың арасындағы себепті байланысты қамтиды. Бұл белгілер айтарлықтай дәрежеде заң шығарушымен қылмыстық заңның тиісті бабының диспозициясында бөліп көрестілетін, әрекеттің аяқталу сәтінен зиянды зардаптардың басталуы деп саналатын қылмыстардың материялдық құрамдарына сәйкес келеді. Алайда, осы айтылғын анықтамалардың бәрі бірдей толық деп санала бермейді. Іс жүзінде әрбір қылмыстың объективтік жағының ықтималды (факультативті) белгілерін, яғни қылмыстың болған орнын, уақытын, әдісін, жағдайын, қаруы мен құралдарын анықтау талап етіледі. Осы белгілер заң бабының диспозицияларында тура көрсетілген жағдайда олар міндетті деп танылады, демек оларды кінәлінің жасаған іс-әрекетін бағалау кезінде ашып және дәлелдеу қажет.

Қылмыс субъектісі - бұл отандық қылмыстық құқықта ерекше көңіл аударылатын қылмыстық-құқықтық ұғым.

Қарастырып отырған қылмыстың субъектісін сипаттайтын басты белгілердің бірі тағылық жасаған адамның жас шамасы болып табылады. ҚР ҚК сәйкес, тағылық үшін қылмыстық жауаптылық он төрт жастан басталады. Қылмыстық жауаптылыққа жастардың соншама төмен жасы сайып келгенде екі түрлі жағдайға негізделген. Біріншіден, өмірдің өзі көрсеткеніндей, тағылық әрекеті Қазақстанда да етек жайған және біртіндеп өсіп келе жатқан қылмыстардың қатарынан орын алады. Екіншіден, тағылық әрекетінің жартысынан астам елеулі бөлігін он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жасөспірімдермен жасалады. Атап айтқанда осы жастаға кәмелетке толмағандар үйлердің қабырғаларына дөрекі сөздер жазып, суреттер салады, поезд вагондарының, автобус, троллейбустардың отырғыштарын тілгілеп, терезе шыныларан сындырады. [3].

### ***Библиографиялық тізім***

1. Харина Э.Н. Расследование вандализма (Криминалистические и уголовно-правовые аспекты): Дис. .. канд. юрид. наук. –М., 2005.

2. Уголовное право РК. Общая часть / Подред. И.Ш.Борчашвили., М.М.Оразалиева. –Караганда: КарЮИМВДРКим. Б. Бейсенова, 2002

3. Колесниченко А.Н. Общие положения методики расследования отдельных видов преступлений. –Москва 2004

ӘОЖ 547.468

# СОТ ПРОЦЕСІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУШЫНЫҢ ОРНЫ

***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Тогызбаева Г.Ж.***
*оқытушы*
***Сметлаева Д.Г.***
*з.ғ.м.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме:** В этой статье автор рассматривает место прокурора-как государственного обвинителя в судебном процессе
**Summary:** In this article, the author examines the role of the Prosecutor-as a public Prosecutor in the judicial process

Конституция прокуратураға сотта мемлекеттің мүддесін білдіруді жүктейді. Бұл бірінші кезекте прокурор мемлкет және заңның атынан әрекет етеді дегенді білдіреді. Процеске қатысушы басқа тұлғалар – сотталушы, жәбірленуші, куә, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және басқалары өз аттарынан әрекет етеді. Ал, қорғаушылар сотталушының тапсырмасымен, тергеушінің, прокурор, судьяның тағайындауымен басқа тұлғаларының атынан әрекет етуі мүмкін. Мемлекет және заңның өкілі ретінде прокурор заң бұзушылықты кім бұзғанына қарамстан алдын алуға шаралар қолдануға міндетті. Бұл мәселені прокурордың қылмыстық және азаматтық сот талқылауына тікелей қатынасу жолымен қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық істерде прокурорлық қадағалаудың дұрыс, тиімді жүргізуін бағалау кезеңінде мемлекет мүддесін қорғаудың негзгі формалары болып прокурордың қылмыстық іс жүргізуден мән-жайлардың жан-жақты, толық объективті зерттеуіне шынайы ықпал етуі, тұлғалардың кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы сұрақтарды судьямен шешкендегі заңдылық, қылмыс жасаған айыптаушының әрекетін тағайындалған жазаға сәйкестігі процеске қатысушы барлық тұлғалардың құқықтарының сақталуы болып табылады.

Мемлекеттің заңи өкілі ретінде прокурор тек қана оның мүддесін қорғауға міндетті емес. Сонымен қатар, дене кемістігіиен, психикалық және басқа де жетіспеушіліктерге байланысты өз құқытарын жүзеге асыра алмайтын азаматтардың заңды мүдделері мен құқытарын қарау қылмыстық істер бойынша тартылғанда қорғау кепілі болып табылады. Ал, азаматтық істер бойынша сот талқылауына көбінесе заңда көзделген жағдайда прокурордың қатысу міндетті (азаматтарды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, азамттарды әрекет қабілеттігі бар деп тану туралы, ата-ана құқықтарынан айыру туралы және т.б.) жоғарғы прокурормен қажет деп тапқанда мүдделерінің қорғау істері бойынша соның ішіндегі кәмілетке толмағандардың және мемлекеттік басқару органдарымен лауазымды тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерімен азаматтардың заңды мүдделеріне бостандықтарына, құқықтарына қарсы қылмыс жасағандығы туралы шағымдар кезінде қатысуға міндетті [1].

Қылмыстық істерді қарау кезінде прокурор басты сот талқылауында тәртіптің отырыста барлық қылмыстық істер бойынша қатысуға міндетті, бұған жеке айыпау ісі қосылмайды. Осыған байланысты Бас прокурордың 1қаңтар 2000 жылғы «Қылмыстық істерді сотта қарау кезіндегі заңдылықты прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» бұйрығы шықты. Онда прокурорлар мемлекеттік айыптауды қоспағанда формализммен айыптау бағыты болуы мүмкіндігі айылған. Сот талқылауның хаттамасымен уақтылы таныспауының салдарынан басқа процеске қатысушылардың сот

қаулыларын өзгерту, ауыстыру жөніндегі шағымдары орын алуды. Бұйрықта прокурормен қылмыстық іс материалдарын оқып, шағым себептерін ұқыптылықпен тексеру көзделген, егер де наразылық келтіруге негіз болғанда заңсыз сот қаулысына қадағалау тәртібімен егер де қадағалау тәртібімен наразылық келтіруге негізі жоқ болса, прокурор қылмыстық істі қарап, себебі көрсетілген қорытынды жасайды, қабылданған шешім туралы міндетті түрде мүдделі тұлғаларға хабарлайды.

Қылмыстық істер бойынша сот қаулыларын шығару кезінде заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру тәжірибесін прокурорлық жалпылау нәтижесінде 2006 жылы Республика бойынша 59807 қылмыстық іс қаралса, соның 6296 прокурордың қатысуымен қаралған.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 23 ақпан 2001 жылғы «Қылмыстық істерді сотта қараудың заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» №24 бұйрығына сәйкес қарастырылып отырған бағыттағы қызметін жүзеге асыру кезінде прокурор кез келген сотқа істерді жіберу кезіндегі заңдылықтың бұзылуына қажетті шаралар қабылдауға міндетті. Осы қабылдау қызметінің негізгі бағыттарына: қылмыстық істерді сотта қарау кезінде объектиті және мемлекеттік айыптауды белсенді қоштап, соттарда заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету, апелляциялық және қадағалау инстанциядарында соттармен қылмыстық істерді қарауға қатысу.

Прокурордың қылмыстық істің алдын ала тындауға қатысуы тек қана заңға сәйкес кінәліні жауапқа тартудың кепілі жағынан ғана емес, сонымен қатар жәбірленушінің құқығын білдіруші болып табылады. Прокурор іске қатыса отырып, сотпен шығарылған шемінің негізлділі мен заңдылығына жағдай жаса керек. Сонымен қатар сот шешім қабылдау кезінде, алдын ала тындауға процеске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне қорытынды бере отырып жәбірленушінің құқықтарының сақталуына жағдай жасауы қажет [2].

Жаңа қылмыстық іс жүргізу заңдарында прокурордың бірінші саты сотында мемлекеттік айыптауды білдіруіне байланысты, оған жаңаша заң талаптары қойылған. осы жаңа заң талаптарын дұрыс орындау оны тәжірибеде іске асыру, орындауын қадағалау кез келген прокурорға өз қызметіне аса жауапкершілікпен қарауын міндеттейді.

Прокурор жалпы қадағалау саласындағы жоғарғы басқару органдарының, бірлестіктердің, тұлғалардың шығарған құықтық актілері Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігіне қадағалаудан тұрады.

Заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде Бас прокурор, оған бағынышты прокурорлар өздерінің жұмыстарын Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу кодексіне және «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» заңдардан шығатын міндеттемелермен сәйкестендіреді. Прокурор әрбір қылмыстың тез арада, толық ашылуын бірде-бір қылмыс жасаған кінәлі тұлғаны заңмен белгіленген жауаптылықтан босатпау, сезіктіні, тұлғаларыды ұстаудың заңда белгіленген негіздерде және тіртіпте жүргізуін ешкімнің заңсыз және дәлелсіз қылмыстық жауаптлыққа тартылмауын және басқа да құқықтарының шектелмеуін, ешкімнің де прокурордың санкциясы немесе соттың шешімінсіз қамауға алынбауы заңда белгіленген, қылмыстық істі қозғау процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңда көрсетілген тәртіпте қолданылуын қылмысты тергеу кезеңінде заң талаптарының жан-жақты сақталуын, қылмыстың барлық мән жайын жалпы және объективті зерттеуін айыпталушының айыбын ашу, ақтау, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың анықтауының т.б. жүзеге асуын қамтамасыз етуге міндетті [3].

Соттарда қылмыстық істі қараған кезде заңдардың орындалуын қадағалау сатысында жоғарғы және оған бағынышты прокурорлардың алдына керексіз сипаттамадағы міндеттемелер тұрады. Барлық сот инстанцияларында қылмыстық істің уақтылы, толық, объективті, жан-жақты қаралуын заң талаптарының сақталуын қамтамысыз ету; қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыптауды жоғары кәсіптік деңгейінде қамтамасыз ету. Судьяның әрбір қылмыстық іс бойынша шығарған шешімдердің

дәлелдігін және әділеттігін анықтауға қатысу; ұйғарым қаулы шешімдердің уақтылы, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар прокурор алдына мемлекеттік айыптаудың сотта тиімді және сапалы болуын қолдану үшін, іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтірмей, керісінше оны ашуға көмектесіп қылмыстық процеске қатыса отырып әділ, дәлелденген, заңды шешім шығаруға ықпал ету міндеті тұр. Соттағы прокурорлық қадағалаудың қылмыстық іс бойынша сот әділеттігін сенімдік кепілі болуын ұйымдастыруын ұсынуда.

Қылмыстық іс жүргізудің құқықтық қатынастар жүйесіндегі прокурор мәртебесінің мазмұны оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығына байланысты мындай жағдайлармен айқындалады [4].

1. Прокурор іс жүргізу аяқталған қылмыстық іс бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

2. Іс жүргізудің жекелеген сатыларында прокурордын істі шешу жөнінде ешкандай құқықтар болмайды оның сондай-ақ қадағалау қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің мазмұнына байланысты тікелей іс жүргізу мүддесі де болмайды.

3. Қадағалау қызметінің нысанадары іс бойынша белгілі бір қатысушылардың функцияларымен қиылысуы мүмкін.

4. Прокурор қылмыстық істі қозғалуға құқығы болса да қылмыстық істі қозғаудын зандылығына қадағалау жүргізуге міндетті.

5. Іс жүргізуге барысында прокурордың тұлғасы көп қырлы болды: айыптаушыға тілектерімен шыға алатын инстанция болып табылады, сонымен бірге тап осы прокурор әлгі айыпталушыға /соттаушыға/ қатысты сотта мемлекеттік айыптауды қолдауы мүмкін.

6. Прокурор сотта ештеңе де шешпейді, ол тек сот тергеуіне белсенді қатысу жолымен айыптауды дәлелдейді.

***Библиографиялық тізім***

1. ҚР-сы Бас прокурорының 27 желтоқсан 2002 жылғы бұйрығымен бекітілген “Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы” нұсқауы.

2. «Прокуратура туралы» ҚР-ның заңы. 21 желтоқсан 1995 ж.

3. «Жедел-іздестіру қызметі туралы»ҚР-ның заңы.15 қыркүйек 1994 ж.

4. Болат Сембин. Қазақстан прокуратурасы құқықтық институтының қалыптасу тарихы. //Заң, №12, 2014.

ӘОЖ 347.(075)

# КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Тогызбаева Г.Ж.***
*оқытушы.*
***Сметлаева Д.Г.***
*з.ғ.м*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

**Резюме:** В данной статье автор рассматривает уголовно-правовые методы к предупреждению преступлений несовершеннолетних
**Summary:** In this article, the author examines criminal law methods for the prevention of juvenile crimes

**Кілттік сөздер:** қылмыс, кәмелетке толмаған, тәсілдер, құқықтары, мүдделері, құқық қорғау органдары, заңдылық, заң актілері.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу ардайым бірінші кезекте тұруы тиіс, ал оған қол жеткізе алмаған жағдайда ғана қылмыстық жауапқа тартуды қолдану керек. Сондықтан да кәмелетке толмаған дамуының қазіргі кезеңінде қылмыстың алдын алудың қылмыстық құқықтық тәсілдерін мейлінше қолдану керек.

Кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алудың қылмыстық-құқықтық тәсілдер тобын құқық бұзуы әбден мүмкін кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәсілдер құрайды, олар:

1) құқықтық насихат; 2) қылмыстың кейбір санаттары бойынша құқық бұзатындарды алдын ала ресми ескерту; 3) кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қылмыс жасаудан өз еркінен тыс тартуға түрткі болу; 4) кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қылмысқа қатысқаны немесе тартылғаны үшін өкінуге көндіру; 5) оның жүріс-тұрысын бақылау, қайталап қылмыс жасауға жібермеу.

Бұл шаралар ересектерге қолданылатын шараларға ұқсас. Дегенмен кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қолданылатын қылмыстық-құқықтық шараларда ерекшеліктер бар, олар ескерілуге тиіс. Қылмыстық құқық теориясының міндеті осы ерекшеліктерді айқындау және бұл шаралардың тиімділігін арттыру үшін не жасау керек екендігін анықтау.

Бұл идеологиялық қызметте әлеуметтік шындықтың теориялық көрінісі мен әлеуметтік идеялардың халыққа белсенді ықпалы үздіксіз байланыста болады. Насихаттың басты міндеті идеяларды, білімді, әртүрлі рухани құндылықтарды, әлеуметтік ақпаратты тарату. Құқықтық насихатқа мыналар тән: халықта, оның ішінде кәмелетке толмағандарда құқықтық сана қалыптастыру үшін теориялық идеяларды, құқықтық білімдерді, құқықтық практика тәжірибесін тарту. Құқықтық идеяларды, білім мен тәжірибені халықтың игергеніне сүйеніп құқықтық насихат адамдардың іс-әрекетін демократия мен заңдылық қағидаларына сай ұйымдастырады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтық насихаттың мақсатын әртүрлі негіздер бойынша топтастыруға болады:

* уақыт масштабы бойынша - стратегиялық (жақын арадағы, ұзақ мерзімді және алдағы уақытқа) және тактикалық;

* жоспарланған нәтижелердің көлемі бойынша - жалпы және жеке мақсаттар (мақсат объектінің ерекшелігіне қарай нақтылануы мүмкін);

* пайдаланатын тәсілдер және бұл қызметтің формалары бойынша; сондай-ақ құқықтық насихатты жүзеге асыратын органдар бойынша.

Біздің ойымызша, насихатты жыныстық белгі бойынша да нақтылау керек, себебі әрбір кәмелетке толмағанның түйсігі және бағалауы оның сезіну ерекшелігіне байланысты.

Құқықтық насихаттың стратегиялық мақсаты - басқа адамға, заңға, құқықтық тәртіпке құрметпен қарайтын кісі бойындағы саяси және өнегелік мәдениеттің ажырамас бөлігі деп саналатын құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Педагог А.С.Макаренко «барлығы да: адамдар да, заттар да, құбылыстар да тәрбиеленеді» деген болатын. Қоғам мүшелерінің кейбір бөлігі заң талаптарын саналы, еркімен, мәжбүрлеусіз орындайды, мұны олар мемлекет алдындағы міндетін орындадым деп санайды. Заңдылық құқықтық мемлекет орнатудың қажетті шарты, жалпы мемлекеттің де, қоғамның да мүддесіне, сонымен қатар жеке адамдардың құқықтары мен мүдделерін жан-жақты және толық қорғау талаптарына да сай келеді. Әрине, бұл жалпы сипаттаманың қандай әрекеттердің қылмыстық жазаланатын екендігін анықтайтын қылмыстық заңға, нормаларға толықтай қатысыбар. Қылмыстық заң адамның өнегелік дамуына оң ықпал етеді, ал ол қоғамға жат дағдылы адамдарды тежейді. Қылмыстық заң ондай тежегіш, ескертуші рөл атқаруы үшін жұртшылық, әсіресе кәмелетке толмағандар

қылмыстық заңды білуі тиіс. Бірақ азаматтардың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың тіршілік етіп жүрген жағдайы, әрқашан да заң талаптарына сай келе бермейді; кәмелетке толмағанды қоршаған адамдар өздерінің өмір тауқыметін сөз етеді, заңды белінен басып кету жолын іздейді, ондайдың сәті түсе қалса соған қуанады. Құқық қорғау органдары заңды уағыздауды жүзеге асырады, бірақ қызметтің бұл түрі олар үшін негізгі болып табылмайды. Шындығында кәмелетке толмағандар құқықтық насихатты құқық қорғау органдарының өздеріне қатысты құқық қолдануы кезінде алады.

Бұқаралық ақпарат құралдары нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат. Заңды насихаттаудың мақсаттық бағытын ықпал етуге жататын объектілердің түрлері бойынша қарастыру керек, мысалы:

- ата-аналарға немесе кәмелетке толмағанды тәрбиелеу міндеті жүктелген өзге адамдарға ықпал ету;
- тікелей кәмелетке толмағандардың өздеріне ықпал ету;
- қылмыс жасауға қабілеті бар кәмелетке толмағандардың тәрбиесін бұзатын кәмелетке толған адамдарға ықпал ету.

Құқықты, моральды, өнегелікті және қоғамдық тәртіпті құрметтеуге әрбір кісі жастайынан тәрбиеленуі тиіс. Адам жастайынан қоғамның құқық берумен қатар өзіне міндет артқанын білуі керек. Қылмыстық заңның насихаты жастар арасына тек ақпарат алып келмеу керек, ол кәмелетке толмағандарды заң талаптарын орындамаудың келшекке зиян келтіретіндігіне сендіруі керек. Әңгіме бұл жерде қылмыс жасаудан тоқтататын заң талаптарын, ол талаптарды бұзған жағдайда қолданылатын жазаларды қылмыстың алдын алу тәсілдері ретінде пайдалану жайында болып отыр.

Адамдардың «сен әлі қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа келген жоқсың» деген жалған мәліметіне сеніп, заңға қайшы келетін әрекеттерінің нәтижесін алдын ала тергеу және сот процесінде ғана түсінеді. Әрине, бұл өкінішке орай кеш түсінгендікті білдіреді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқықтық актілерінде заңға қайшы іс-әрекет жасаған кәмелетке толмағандарға жазалардың бірі – бас бостандығынан айыру болып табылады.

Сондықтан, шартты түрде сотталған кәмелетке толмағандар қылмыстық жаза болған жоқ депте есептейді де олардың жолдастарының, топтастарының алдында «дәрежелі» бола қалады.

Ал аса ауыр емес қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды шартты түрде соттап оларға сынақ мерзімі белгіленеді.

Мұндай мәселені шешу үшін қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолдану керек. Ал ең дұрысы, қамауға алу - белгіленген мерзімді мамандандырылған орындарда өтеу (ҚК-тің 46-бабы - бір айдан төрт айға дейін қоғамнан мүлде оқшаулау) [1].

Қылмыстық заңнаманы насихаттағанда кәмелетке толмаған қыздар мен ұлдар психологиясында айырмашылық бар екендігін ескеру керек, кімге түсіндірілетіндігіне баса назар аударған жөн.

Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеуде қалыптасып келе жатқан адамның ерекшеліктеріне, жеке адамның және топтың психологиялық және жастық ерекшеліктеріне негізделген өзіндік сипат бар:

а) қоғамдық өзара қатынастар саласы шектеулі, өмір тәжірибесі аз болғандықтан құқықтық білім көлемі де аз;

б) көзқарастары, білімі үстіртін, жан-жақты, терең ойластырылмаған;

в) өмір шындығына, оның әртүрлі қырларына терең үңілмейді;

г) көзқарастардың, білімдердің, олардың жүйелерінің тиянақты жиынтығы жоқ, олар шашыранды;

д) өз құқықтарын жүзеге асырудың және міндеттерін орындаудың берік дағдылары қалыптаспаған;

е) өз қылығы үшін қоғам алдындағы жеке жауаптылықты ұғынбайды.

Қылмыстың болатын, болмайтындығы отбасына, оның санаға құйған тәрбиесіне байланысты. Сондықтан да отбасында қалыптасқан қыздың немесе ұлдың жеке басының әлеуметтік, психологиялық, психикалық және басқа ерекшеліктері оған қолданылатын сақтандыру шараларының мазмұнына, ал қылмыстың алдын ала алмаған жағдайда қылмыстық жауапкершілік шараларын қолдануға елеулі ықпал етеді. Адам, қоғам өмірінің өнегелік, моральдық және әділдік аспектілерінің заң ережелеріне сай келетіндігін, олардың ешбір қоғамда еш уақытта жоғалмайтындығын кәмелетке толмағанға ұғындырып түсіндірудің маңызы зор.

Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу процесіне жалпы тәрбиелеу процесін сипаттайтын құрылымдық белгілер тән, олар саналы кісі қалыптастырудағы тәрбиелік қызметтің мақсатын сипаттайды. Бұл жағдайда құқықтық тәрбие ықпалының тікелей объектісіне сананың белгілі бір саласы, ішкі рухани өмір және соның негізінде қалыптасқан адамның құқықтық мәдениетінің деңгейі жатады. Ал тікелей субъектіге құқықтық тәрбие беру ісіне белсеніп қатысып жүрген мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, яғни мемлекеттің өзі жатады. Құқықтық тәрбиені қарастырғанда санаға объективтік процестер ықпалын, қоғамдық практика ықпалын ұмытпау керек. Ал тәрбие жұмысы саналы, ынтамен жүргізілген жерде оның тиімділігі де артады, ал жұмыс өз бетіне жіберілген жерде ондай тәрбиеге «көшенің», басқа насихат пен идеологияның ықпалы басым болады. Қылмыстық заңды насихаттау заң нормаларын нақты түсіндірумен шектелмейді, маман оның саяси мәні мен мазмұнын ашады, адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесін құқықтық тәсілдермен қорғау керектігін түсіндіреді [2].

Кәмелетке толмағандардың өздеріне арналған құқықтық насихат ересектерге арналған құқықтық насихатпен (олар өздерінің жеткіншектер алдындағы ата-аналық, азаматтық, қоғамдық борыштарын орындауы мақсатында) және сол борышты қылмыстық бұзғандық үшін қатаң жауаптылық болатындығы туралы насихатпен толықтырылады [3].

***Библиографиялық тізім***


1. Қ.Жарықбаев.Психология. Алматы, 2011.
2. Е.Алауханов, С.М.Рахметов. Жаза. Алматы, 2010
3. М.М.Бабаев Индивидуализация наказания несовершеннолетних. – М., 2012


ӘОЖ 347.(075)

## КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ


***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Тогызбаева Г.Ж.***
*оқытушы*
***Сметлаева Д.Г.***
*з.ғ.м*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*



**Резюме:** В данной статье автор рассматривает понятие, виды уголовных правонарушений против несовершеннолетних

**Summary:** In this article the author considers the concept, types of criminal offenses against the family and minors


**Кілттік сөздер:** қылмыс, кәмелетке толмаған, тәсілдер, құқықтары, мүдделері, құқық қорғау органдары, заңдылық, заң актілері.

Қылмыстылық мәселесінің тарихы адамзат цивилизациясынан бастау алады. Қылмыстылық ұғымы кең. Оны статистикалық және әлеуметтік тұрғыдан да карауға болады. Қылмыстылық - объективті, адамзат қоғамымен, оның заңдарымен байланысты әлеуметтік, сондай-ақ тарихи өзгермелі құбылыс.

Қылмыстылықты әлеуметтік құбылыс ретінде қарасақ, ол әлеуметтік қайшылықтардың нәтижесінде пайда болады. Неміс криминологы Арманд Мерген (1961ж.): «Қылмыс - ертеден келе жатқан және қоғаммен бірге өмір сүретін әлеуметтік құбылыс», дейді [1].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар заң актісімен реттелетін қылмыстар қылмыстылықты құрайтын болғандықтан, ол - қылмыстық құқық бұзушылықтар құқықтық құбылыс болып табылады. Қылмыстылық қоғамға қауіпті және мемелекет заңдарына қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктердің жиынтығы тұрғысынан қаралады. Қылмыстылық басқа әлеуметтік құбылыстардан құқықтық сипатымен ерекшеленеді, оның бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар құқықтық сипаты басқа құқықбұзушылықтардан да айырып тұрады. Қылмыстылық дегеніміз белгілі уақыт аралығында мемлекеттегі қылмыстық құқық бұзушылықтар құқық бұзушылықтарды жиынтығы түріндегі тарихи өзгермелі, объективті және әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Бірінші балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы. Екінші, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасын қамқорлық жасауға міндетті делінген.

Бұл көрсетілген қағидалар халықаралық құқықтың осы мәселелер жөніндегі негізгі ережелеріне сәйкестендірілген. Адам құқығы жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей Декларацияда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 жылғы халықаралық актіде отбасы қоғамының табиғи негізгі ұясы және ол мемлекет пен қоғам тарапынан қорғау құқығына ие деп белгіленген. 1989 жылы 20-қарашада қабылданған «Балалардың құқықтары жөніндегі» Конвенцияда да балалардың азаматтық және саяси-әлеуметтік құқықтарының қорғалуына ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасының да отбасы және кәмелетке толмағандар жөніндегі халықаралық құқық нормаларын қастерлей отырып, осы мәселелерге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды қылмыстық құқық бұзушылықтар – құқықтық жолмен қорғауға ерекше мән береді [2].

2014 жылғы қабылданған жаңа Қылмыстық құқық бұзушылықтар кодекстің ерекше бөлімінің 2-тарауы отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгіленген. Бұл тарауда осы тұрғыдағы қылмыстарға арналған нақты қылмыстық құқық бұзушылықтар құқық бұзушылықтарды мынандай түрлері көрсетілген; Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар құқық бұзушылықтар жасауға тарту(132-бап). Бұл жерде кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар іске тарту деп 18-ге толмағандарды қылмыстың тікелей орындаушысы немесе өзге де көмектесуші болуға жігерлендіруге, ынтасын, шешімін қоздыруға бағытталған іс-әрекеттерді айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтар іске тартудың әдісі заңда тікелей көрсетілмеген, бірақ ол әртүрлі жолмен жүзеге асыруы мүмкін. Бұл әрекет көбінесе психикалық әдістерді қолдану арқылы (қорқыту, уәде беру, алдау) немесе басқа да тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту (133-бап). Бұл жерде кәмелетке толмаған адамды есірткелік немесе басқа да есенкірететін заттарды медициналық емес тұрғыда тұтынуға не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға не жезөкшелік пен қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тартқаны үшін жауапкершілік белгіленген. Кәмелетке толмағандар саудасы (133-бап). Бұл жерде кәмелетке толмаған адамды саудаға салу үшін жауаптылық бұрын Қазақстан Республикасы аумағында қолданылған қылмыстық құқық бұзушылықтар заңдарда мүлдем

көрсетілмеген еді. Қазақ жерінде мұндай құбылыс Кеңес өкіметі орныққанға дейін мүлдем болған емес.

Қазіргі жағдайда кейбір жерлерде кәмелетке толмағандар «зат», «тауар» ретінде пайдаланылып, қылмыскерлерге пайда табудың көзіне айналды. Дүние жүзінде орын алып отырған осындай келеңсіз құбылыстарға сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық бұзушылықтар кодексінің 133-бабында осы тұрғыдағы іс-әрекетке қылмыстық құқық бұзушылықтар жауаптылық белгіленген.

Баланы ауыстыру (136-бап). Баланы қасақана ауыстырғаны үшін қылмыстық құқық бұзушылықтар жауаптылық белгіленген. Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сол, баланы ауыстыру арқылы ата-ана мен баланың туыстық қатынасы зорлықпен бұзылып, адамгершілік қағидаларына жатпайтын әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Бала асырап алу құпиясын жария ету (ҚР ҚК 138-бап). Бұл жерде баланы асырап алушының еркінен тыс, яғни қайшы қызметтік немесе кәсіптік құпия ретінде бала асырап алу фактісін сақтауға міндетті адамның не өзге адамның пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасаған бала асырап алу құпиясын жария еткені үшін жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылықтар кодекстің 138-бабында көзделген. Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сол кінәлі адам асырап алған балаға немесе үшінші жаққа бала асырап алу құпиясын заңсыз бұзып, оны жария ету арқылы балаға немесе оны асырап алған ата-аналарына орны толмас моральдық зиян келтіреді. Қылмыстың тікелей объектісі бала асырап алу туралы заңда белгіленген қоғамдық қатынастар, сол бала асырап алушылар мен асыранып алынғандардың мүдделері. Келесі бап – ҚР ҚК 139-бабы. Балаларын күтіп - бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден  жалтару. Бұл жерде қылмыстық құқық бұзушылықтар кодекс бойынша ата-нананың сот шешімі бойынша кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ 18 жақа толған еңбекке жарамсыз балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден 3 айдан астам әдейі жалтаруы (ҚР ҚК 139-бабының 1-тармағы).

Кәмелетке толған еңбекке жарамды адамның сот шешімі бойынша өзінің еңбекке қабілетсіз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы (ҚР ҚК 139-бабының 2-тармағы) үшін жеке-жеке жауаптылық көзделген.

Қылмыстың тікелей объекітісі кәмелетке толмаған, сондай-ақ кәмелетке жасы толған еңбекке жарамсыз балалардың еңбекке қабілетсіз ата-ананың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін материалдық мүдделері. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жәбірленушілері 18-ге толмаған балалар, 18-ге толған еңбекке жарамсыз балалар қылмыстық құқық бұзушылықтар кодекстің 136-бабының 1- тармағында көрсетілген, еңбекке қабілетсіз ата-аналар (соның ішінде бала асырап алғандар да).

Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бап) Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сондай-ақ кәмелетке толмаған баланы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті педагогтің немесе оқу, тәрбие беру, емдеу немесе өзге мекеменің басқа қызметтерінің орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауда, егер бұл әрекеті кәмелетке толмаған балаға қатал қарауымен ұштасса – жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылықтар кодекстің 137-бабы бойынша белгіленеді. Қылмыстың тікелей объектісі болып-кәмелетке толмағандардың дене және психикалық жағынан дұрыс дамып, қалыптасуы.

Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 141-бабы). Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қызметі бойынша өзіне осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындаушы немесе міндеттерді ерікті түрде өзіне алған адамның тиісінше орындамауы, егер бұл жас баланың денсаулығына абайсызда ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса - жауаптылық ҚР ҚК 141-бабы бойынша шешіледі [3].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар құқықтағы бұл бап мүлдем жаңа құрам болып табылады. Қылмыстың тікелей объектісі – балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық қатынастар. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жәбірленуші – балалар. Қамқоршы объектісі – қамқоршы немесе қорғаншы тағайындалған баланы денсаулығы, дұрыс тәрбиесі, сондай-ақ олардың материалдық мүдделері. Балаларын күтіп -бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден  жалтару (ҚР ҚК 139-бап). Қылмыстың объектісі – еңбекке жарамсыз жұбайыдың материалдық мүддесі. Еңбекке жарамсыз деп зейнеткерлік жасқа жеткен, аурулығы немесе басқадай зақым алуы бойынша еңбек қабілетін жоғалтқан жұбайды айтамыз.

**_Библиографиялық тізім_**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Юрист» баспасы. Алматы, 2017..
2. ҚР Президентінің Л.Гумелев атындағы Евразиялық Ұлттық Университеттінде оқыған «Ілім-білім экономикасына инновация және білім арқылы» тақырыбындағы лекциясы/ «Егемен Қазақстан» газеті, 2007ж. қыркүйек; ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 75-жылдығына орай ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде» тақырыбындағы дәрісі/ «Егемен Қазақстан» газеті, 2009ж.
3. КР қылмыстық кодексі-«Юрист» баспасы Алматы 2015ж.

ӘОЖ 547.470

## ЖҰМЫССЫЗДАР МЕН ЖЕКЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**_Караева А.О._**
_аға оқытушы_
**_Тогызбаева Г.Ж._**
_магистр оқытушы_
**_Хисравшин Ф.М._**
_құқық доценті._
_Шымкент университеті, Шымкент қ._

**Резюме:** В этой статье автор рассматривает понятие и правовой статус безработных и индивидуальных занятых

**Summary:** In this article, the author examines the concept and legal status of the unemployed and the individual employed

**Кілттік сөздер:**Жұмыспен қамту,жұмыссыздар, қадағалау, жұмысқа орналастыру, заңдар,тіркеу, құқықтары, қоғамдық.

Жұмыссыздар - өздеріне байланысты емес себептер бойынша табыс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы адамдар.

Жұмыссыз деп саналмайды:

- 16 жасқа толмағандар, жасы бойынша зейнеткерлер;
- жұмыспен қамту сұрақтары бойынша уәкілетті органмен ұсынылған 2 лайықты жұмыстың 2 түрінен бастартқан, ал алғаш рет жұмыс іздеушілер – кәсіби дайындық

алуға не уақытша жұмысты қоса, ақылы жұмыстың 2 ұсынысынан бас тартқандар. Бірақ бір жұмысты немесе оқу орнын екі рет ұсынуға болмайды;

- қайта тіркеу уақытына дәлелді себептерсіз өткізіп алғандар, сондай-ақ жұмыспен қамту сұрақтары бойынша уәкілетті органға оларға лайықты жұмысқа ұсыныс үшін 2 жұмыс күн ішіде келмегендер;

- кейбір кездерде жұмыссыз деп танылмағандар тіркеуден бас тартқан күннен бастап 1 ай ішінде жұмыспен қамту сұрақтары бойынша уәкілетті органға оларды жұмыссыз деп тану үшін қайта жүгінуге болады [1].

Жұмыссыз ретінде қасақана жалған мәліметтермен құжаттар берген, сондай-ақ бас бостандығынан айырылған, бас бостандығынан айырылмай түзету жұмыстарына тұлғалар тіркелмейді.

Жұмысқа орналастыру саласындағы азаматтық құқық ішінде ең басты деп жұмыс орынды таңдауға құқықты көрсетуге болады. Бұл құқықты азаматтар жұмыс берушіге – жалданбалы еңбекті пайдаланатын жеке және заңды тұлғаға тікелей өтініш жасау арқылы жүзеге асырылады. Жұмыс орынды таңдауға құқығын уәкілетті органның және жұмыспен қамту агенттігінің көмегімен де жүзеге асыру мүмкін.

Азаматтардың қызмет түрін, жұмысқа орналастыру, кәсіби тәлім-тәрбие алу мақсатында уәкілетті органдардан және халықты жұмысқа орналастыруға жәрдемдесетін жеке жұмысқа қамту агенттігінен кеңес және ақпарат алуға құқығы бар. Сонымен қатар, азаматтардың кәсіби бағдарлануға, кәсіби дайындыққа, қайта дайындыққа және уәкілетті органның жолдамасы бойынша біліктілікті арттыруға құқығы бар.

Алғаш рет біздің заңнамамызда азаматтар өз бетінше жұмыс іздестіруге және шетелде жұмысқа орналасуға құқықты иелену. Бұл құқықты жүзеге асыру үшін мемлекет миграциялы тосқауылдардың санын, біліктілік құрамын, мерзімдерін және жағдайларын көздейтін мемлекетаралық келісімдерді бекітеді.

Жұмыссыздардың құқықтары:

- атаулы әлеуметтік көмек алуға;

- қажетті еңбек стажы бар зейнеткерлік алдындағы жасы бойынша және жұмыссыздардың келісімімен мерзімінен бұрын жасы бойынша зейнеткерлікті рәсімдеуі мүмкін;

- кәсіби дайындыққа, қайта дайындыққа және осы кезге жұмыссыз стипендия алады;

- жұмыссыздың келісімімен ол уәкілетті органға ақылы қоғамдық жұмысқа жалдануы мүмкін. Бұл кезде оның жұмыссыздың құқықтық мәртебесі сақталады;

- оның келісімімен басқа басқа жерге жұмысқа көшу кезінде көшу үшін өтемақы алады.

Дамыған мемлекеттерде жұмыссыздарға көрсетілген әлеуметтік көмекті материалдық жәрдемақы түрінде беру кеңінен көрініс алады. Оны алу үшін негізігі жұмыс немесе қоғадық жұмыс бойынша стаж қажет етіледі.

Жәрдемақыны алу үшін табысқа байланысты сақтандыру жарнасын төлеуі қажет. Жәрдемақыны төлеу мерзімдері шектелген. Осылайша, жәрдемақыны алудың шекті мерзімі Америка Құрама Штаттарында 26-30 апта, Жапонияда 40 апта, Германияда 104 апта.

Кейбір дамыған мемлекеттерде жұмыссыздық бойынша жәрдемақымен қатар қосымша жәрдемақылар төленеді. Олар мұқтаждықты тексеруден кейін беріледі, яғни отбасы құрамын, қаруындағы адамдардың болуын, еңбек қызметінің саласын және стажын, мемлекеттік сыйлықтың болуын және тағы сол сияқты тексеру.

Теориялық тұрғыда әрбір мемлекет жұмыссыздарға жәрдемақы төлеуге мүдделі болуы тиіс. Алайда, осы секілді әрекеттердің сөзсіз абзалдықтардан басқа атаулы міндеттері де бар.

Жұмыссыздарға лайықты жұмысты іздеуде және оларды жұмысқа орналастыруда жәрдемдес де әлеуметтік қорғаудың бір түрі лайықты жұмысты іздеу және жұмысқа

орналастыру еңбек бойынша уәкілетті органмен жүзеге асырылады. Бұл ретте заңмен шетелге жұмысқа орналсатыруға тиым салынбаған.

Жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстағы еңбегі, төлемақысы жұмыссыздарды әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады. Бұл ретте төлемақы мөлшері еңбек жалақысының минималды мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Біздің мемлекет азаматың еңбек құқығын жүзеге асыру кепілдіктерін белгілей отырып, Қазақстан Республикасының территориясында тұратын азаматтарға:

- жұмыспен қамту түрін еркін таңдауға;

- уәкілетті орган немес жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің жағынан лайықты жұмыс таңдауға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге;

- ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен бос орын туралы ақпарат ұсынаға;

- жұмыспен қамту органдарының жолдамасы бойынша ақысыз жаңа мамандық бойынша оқытуға, біліктілікті арттыруға, дайындыққа немесе қайта дайындыққа;

- негізсіз жұмыстан шығарылудан құқықтық қорғауға кепілдік береді.

Азаматтардың еңбек нарығында және жұмыспен қамту саласындағы құқықтық жағдайы уәкілетті органдардың және олардың лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне шағым жасау құқығы арқылы да кепілдендіріледі. Осы құқыққа сәйкес азаматтар жұмыспен қамту бойынша жоғарғы органына немесе сотқа жүгінуге құқылы. Сотқа азаматтар жұмыс беруші жұмыспен қамту саласындағы уәкілетті органның жолдамасы бойынша қызметкермен жеке еңбек шартын жасасудан бас тартқан жағдайда жүгінуге тиіс. Сондай–ақ, азаматтар жұмыспен қамту сұрақтары бойынша жоғарғы тұрған уәкілетті органға оның құқықтарының бұзылуына әкелген кез келген реттерде шағым жасауға құқылы. Азаматтардың шағымының сотта қаралуы бұл мәселелердің соттың құзіретіне жататындығына байланысты [2].

Халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманы бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа тартылады. Келтірілген залалдың мөлшеріне немесе кінәнің дәрежесіне сәйкес кінәлі тұлға материалдық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылуы мүмкін.

Қазақстанда жеке жұмыспен қамтылғандар деп табыстың тауар және қызмет өндірісінен алынатын табысқа тікелей байланысты жұмыспен қамту түрі түсініледі. Жеке жұмыспен қамтылғандардың келесі топтары көрсетіледі:

Жұмыс берушілер – экономикалық қызметтін кез келген түрінде жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе өзінің кәсіпорынына басшылық ететін және бір немесе бірнеше жалданбалы қызметкерлері бар тұлғалар.

Дербес қызметкерлер – дербес немесе бір не бірнеше серіктестермен жұмыс істейтін, жеке жұмыспен қамтылудың негізіндегі қызметпен айналысатын және тұрақты негізде қызметкерлерді жалдамайтын тұлғалар.

Төленбейтін отбасылық қызметкерлер – туыс тұлға басшылық ететін өндірісте (шаруашылықта) көбінесе сыйақысыз жұмыс істейтін тұлғалар.

Өндірістік кооператив қатысушылары – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшесі болып табылатын тұлғалар.

Жеке жұмыспен қамтылу саласындағы дүниежүзілік тәжірибені қарастырайық. Осылайша, мысалға Канадада бизнестің келесі түрлері бар:

- жеке жұмыспен қамтылу;

- серіктестік;

- корпорация.

Жеке жұмыспен қамтылу – корпоративтік емес бизнес, тек бір индивидум үшін.

Халықаралық еңбек ұйымы жеке жұмыспен қамтылудың болашақтағы мүмкіндіктерін жоғары бағалайды. Мінсіз түрде жеке жұмыспен қамтылушылық адамға әрекет бостандығын, өзін, өзінің қабілеттіктерін, кәсіпкерлігін көрсетуге және істелген жұмысына сәйкес табысты алуға мүмкіндік береді.

Бастысы мемлекетте жеке жұмыспен қамту саласындағы еңбек қатынастарын реттейтін нақты және жұмыс істейтін жүйені құрастыру, және жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға емес, дербес тапқан ақша қаражаттарына өмір сүруге шешім қабылдаған адамдарды қаржылық жәрдемдесу шараларын қарастыру. Айтпақшы, кейбір елдерде бұл қатынаста осындай тәжірибе қолданылған [3].

Дүниежүзілік тәжірибе ешбір мемлекетте үкіметте, ірі бизнесте, жеткілікті жұмыс орындарын құруға жағдайы жоқ екенін көрсетеді. Сондықтан да жеке жұмыспен қамтуға негізделген шағын жіне орта бизнесті дамыту қажеттілігі сөзсіз. Негізінен жеке жұмыспен қамту жалданбалы еңбектен кәсіпкерлік арасындағы өтпелі қызмет түрі болып табылады.

Бастысы мемлекетте жеке жұмыспен қамту саласындағы еңбек қатынастарын реттейтін нақты және жұмыс істейтін жүйені құрастыру, және жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға емес, дербес тапқан ақша қаражаттарына өмір сүруге шешім қабылдаған адамдарды қаржылық жәрдемдесу шараларын қарастыру. Айтпақшы, кейбір елдерде бұл қатынаста осындай тәжірибе қолданылған. Егер жұмыспен қамту орталығында тіркелген адам маскүнем немесе арамтамақ болмаса, онда оған жеке ісін ұйымдастыруға бірден бір жылғы жәрдемақыны беруі мүмкін.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. (01.07.2021ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. А.Ахметова, Г.Ахметова Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқулық- Алматы: "Нұр-пресс" 2015ж.
3. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001ж. 23 қаңтардағы № 149-II Заңы


ӘОЖ 547.468

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


***Тогызбаева Г.Ж.***
*магистр оқытушы*
***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Цой В.А.***
*з.ғ.к., аға оқытушы.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*



**Резюме:** В этой статье автор рассматривает значение труда сотрудников правоохранительных органов особенности законодательного регулирования

**Summary:** In this article, the author examines the importance of the work of law enforcement officers and the specifics of legislative regulation


**Кілттік сөздер:** Құқық қорғау органдары, тергеу, прокурор, қылмыстар, заңдар, дәлелдемелер, бостандықтары, құқықтары, қоғамдық.

Құқық қорғау органдарының жұмыс уақыты олардың ерекше еңбек жағдайы ескеріле отырып, еңбек заңнамасының нормасымен реттелуге жатады.

Әрбір құқық қорғау органдарында олардың қызмет ету ерекшелігін ескере отырып, қатал ішкі еңбек тәртібіне бағыну, жыл мезгіліне байланысты жергігілікті жерлердің талаптары мен нақты мән – жайлармен байланысты жұмыс уақыты белгіленуге жатады.

Бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жекелеген санаттағы жұмыскерлер қатарына жатуының себебі де осында болып тұр.

Ішкі еңбек тәртібі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы мен тынығу уақытының ұзақтығы, азаматтарды қабылдайтын уақыттары (бұл уақыт тұрғындардың ыңғайына қарай белгіленеді), жұмыс уақытының ауысымдық жұмыс бойынша атқаруы құқық қорғау органы басшылығының немесе тікелей басшылықтың актісімен белгіленуге жатады [1].

Қажет болған жағдайларда құқық қорғау органдарының қызметкерлері түнгі уақыттығы жұмыстарға, үстеме жұмыстарға, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерді орындау мақсатында заңнамада көрсетілген тәртіппен өтемақы төлеу қарастырыла отырып, тартылуы мүмкін.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбек өтілі Қазақстан Республикасының заңдарына сүйене отырып, еңбек сіңірген жылдарын есептеу мақсатында зейнеткерлікке шығу, еңбек сіңірген жылдары үшін қосымша еңбек демалысын белгілеу, жұмыстан кеткен жағдайда бір рет берілетін жәрдемақысын төлеу, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының құрмет белгісін беру мен құқық қорғау органдарының бір бірінен ажырататын ведомстволық белгілерімен марапаттау жүзеге асады.

Еңбек сіңірген жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асуға жатады. Сонымен қатар, еңбек сіңірген жылдары заңнамада көрсетілген тәртіпке сәйкес, күнтізбелік күндермен есептелінуге жатады. Құқық қорғау органдарында қызметте болған кезеңі олардың жалпы еңбек өтіліне есептелініп, мемлекетке қызмет еткені үшін еңбек өтілі есептелінеді. Олардың құқық қорғау органдары қызметінде тіркелуі қызмет ету өтіліне есептелінеді [2].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін штаттың санының қысқартылуына байланысты олардың қысқартылған жұмысты ауыстыру арқылы, еңбек қатынастарын одан ары қарай жалғастыруға болатын жағдайлар ретінде:

- Қызметкерге сол құқық қорғау органында немесе басқа органнан жұмыс тауып беру мүмкіндігінің болуы;

- Құқық қорғау органы қызметкерінің біліктілігін арттыру мақсатында оқу мекемесіне кәсіби қайта даярлау, оқыту, біліктілігін арттыруға жіберу орын алады.

- Құқық қорғау органдары қызметкерлерін жұмысқа қабілеті мен олардың біліктілігін, физикалық тұрғыдан тұрақтылығын тексеру мақсатында аттестациядан өткізу шаралары жүзеге асып тұрады. Аттестациядан өткізудің негізгі мақсаты құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мына көрсеткіштерін анықтау үшін жүзеге асады:

- Кәсіби біліктілігін;
- Кәсіби даярлығын;
- Құқықтық мәдениетін;
- Азаматтармен жұмыс істеу қабылетін тексеруге.

Құқық қорғау органдарының кезекті аттестациядан өтуі сол қызметте болғанына байланысты әрбір үш жылда өтіп тұруы саналады. Аттестациядан өтетін уақыт келгеннен кейін алты айдан кешіктірілмей аттестациядан өткізу тиіс болады. Ал, егер аттестациядан өтетін қызметкерлер жаңа лауазымға өткен немесе тағайындалып жатқан жағдайда ол жаңа қызметке өтуімен байланысты аттестациядан өтуі бір жылға ке»энге шегіріліп, келесі жылы өтуі тиіс болады [3].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбек тәртібі болып, олардың заңнамада белгіленген тәртіп бойынша нормалар мен тәртіпті қатал ұстану, жұмыс берушісінің, тікелей басшынысың бекіткен тәртібіне сәйкес, ішкі еңбек тәртібіне бағынуы саналады. Құқық қорғау органы қызметкерлерінің басшылығы мен өкілетті басшысы қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібін ұстануы мен сақтануына жауапкершілікте болады. Қызметтік тәртіпті бекіту мен нығайту мақсатында басшылық немесе өкілетті басшылық өзінің қызметкерлеріне немесе курсанттарына (тыңдаушыларына) ішкі еңбек тәртібі талаптарына сәйкес, оны жақсы орындап, жұмысында жақсы көрсеткіштері үшін

көтермелеу шараларын немесе еңбек тәртібін бұзған, өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдануға құқылы, оның тәртібі еңбек заңнамасынан бастау алады.

Құқық қорғау органы туралы заңның 56 бабы бойынша құқық қорғау органының басшысы немесе өкілетті басшысы қызметкерге қатысты мына тәртіптік жазалардың бірін пайдалана алады:

- Ескерту;
- Сөгіс;
- Қатаң сөгіс;
- Жұмысын атқаруына толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту;
- Атқаратын жұмысынан босату;
- Арнайы атағынан немесе сыныптық атағынан бір сатыға төмендету;
- Құқық қорғау органдары қызметінен босату;
- Құқық қорғау органдары қызметінен босата отырып, оның арнайы атағынан айырып, төс белгісінен айыру немесе басшылық берген атақтарынан айыру;
- Құқық қорғау органдары қызметінен шығара отырып, арнайы атағынан айыру.

Тәртіптік жазаның бұл түрлері аз болғандай құқық қорғау органдары қызметкерлерін оқытатын мекемелердің ішінде тағы да тәртіптік жазаларды қолдану орын алады екен. Оларға жататындар: кезектен тыс кезекшілікке қою; оқу мекемесінен кезекті демалысқа шығуын шектеу; оқу орнынан шығарып жіберу. Оқу орнынан шығарып жіберуге келіскенімізбен, кезектен тыс кезекшілікке шығару мен демалыс уақытын шектеу дегенге келісе алмаймыз, себебі кезектен тыс кезекшілкке шығару дегенді басшылық тарапынан қызметтік өкілеттігін теріс пайдаланғаны деп, ал тынығу уақытынан шектегенін конституциялық құқығын бұзғаны деп түсінеміз.

Бұл жазаларды қолдану олардың тәртіптік теріс қылықтары үшін орын алатыны туралы атайды. Осындай тәртіптік жазаны қолданатын кезде қызметкердің тәртіптік теріс қылық жасағандағы кінәсін, оны жасауға итермелеген мән – жайды, қызметкердің қызметке деген жеке қатынасын, құқық қорғау органының имиджіне келтірген нұқсан, залалының ауыртпалық дәрежесін анықтайды. Еңбек кодексінің нормасына сәйкес, осы мән- жайларды анықтап алғаннан кейін, қызметкерден түсініктеме беруді талап етеді. Ол түсініктеме бермеуге құқылы болып келеді, оның түсініктеме жасауудан бас тартуы, оны тәртіптік жазаға тартудан босатпайды.

Егер қызметкер түсініктемесінде өзінің барлық кінәсін мойындаған жағдайда, басшылық оған қатысты қызметтік тергеп тексеру шараларын жүргізбей, бірден тәртіптік жаза қолдануына болады. Егер керісінше қызметкер өзінің берген жазбаша түсініктемесінде жасады деген тәртіптік теріс қылықпен келіспеген жағдайда, ол қызметкерге қатысты басшылық тарапынан қызметтік тергеп тексеру әрекеттерін жүзеге асыруға міндетті болып табылады. Қызметтік тергеп тексеру жұмысын ұйымдастыру мен оны жүргізетін комиссияның жұмыс тәртібін басшылық белгідейді. Бірнеше қызметкермен жасалған тәртіптік теріс қылығы үшін әрбір қызметкерге жеке – жеке тәртіптік жаза қолданылады. Әрбір тәртіптік теріс қылық үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін [4].

Тәртіптік жаза қолданғаны туралы жазбаша бұйрықпен қызметкерді үш күннің ішінде таныстырып, оның танысқаны туралы қол қойғызу міндетті, ал қызметкердің бұйрықпен танысудан бас тартуы туралы актіде жазылып, арнайы журналға тіркеледі.

Егер тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жазаға тартылғандығы туралы бұйрықпен қызметкерді таныстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, басшылық қызметкерге ол бұйрықтың көшірмесін хабарлама хат арқылы мекен жайына жіберуге міндетті. Осы жерден көріп отырғанымыз жеке өзін таныстырған кезде бұйрықтың көшірмесін беруге міндетті деп жазылмаған, ал жеке таныстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда көшірмесін береді деп айтқан, біздің оймызша екі жағдайда да бұйрықтың көшірмесін беруге міндеген дұрыс деп ойлаймыз. Себебі қызметкер бұйрықпен келіспеген жағдайда шағымдану құқығына бірден ие болады, ал бұйрықтың көшірмесі қолында

болмаған жағдайда ол құқықтық нигилизмге байланысты мемлкеттік органдардың іс – әрекетіне шағымдану мерзімін өткізіп алып, мерзімді азаматтық процестік кодекстің нормсына сәкес қайта қалпына келтіремін деп жүруі де ықтимал.

Бұл бөлім бойынша құқық қорғау органдары қызметінің кең аясын, ол қызметке тұру үшін қандай талаптардан өту қажеттілігі мен қызметке өткеннен кейін қандай құқықтық мәртебеге ие болатыны туралы қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде құқық қорғау органдарына қызметке кірудің оңай мәселе емес екенін айта отырып, олардың ары қарай құқық қорғау органы қызметкері ретінде құқықтық мәртебеге ие бола отырып, бұл қызметті алып кетудің өзі үлкен жауапкершілік екенін түсінеміз. Олардың жұмысының спецификалық тұрғыдан ерекше екенін талқылай отырып, олардың қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеу мәселесіне назар аудырдық.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегін заңнамалық тұрғыдан реттеу мәселесіне назар аударғанда құқық қорғау органдарының қызметін еңбек заңнамасынан тікелей арнайы заңға сілтеме жасау арқылы сол заңмен реттелетінін айтады. Ал, құқық қорғау органдары туралы заңның нормаларын еңбек кодексіне қайшы келеді деп ойлаймыз. Себебі жоғарыда аталып кеткен мысалдарға сәйкес еңбек кодексінің нормасы құқық қорғау органдары туралы заңнан басым болады.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж.
2. Кусаинов А., Нургалиева Е.Н. Комментарий к Трудовому кодексу Республики Казахстан. Астана 2016 г.
3. Жүрсімбаев, С. К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, оқулық / С. К. Жүрсімбаев. - Алматы : NURPRESS, 2010.
4. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы (21.11.18)
5. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (21.11.18)



ӘОЖ 547.480


## ТӘЖІРИБЕДЕГІ МЕДИАЦИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН ОНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ


***Тогызбаева Г.Ж.***
*магистр оқытушы*
***Караева А.О.***
*аға оқытушы.*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*



**Резюме:** В этой статье автор рассматривает значение медиации в практике и ее достоинства и недостатки

**Summary:** In this article, the author examines the importance of mediation in practice and its advantages and disadvantages



**Кілттік сөздер:** Медиация, судья, медиатор, қылмыстар, заңдар, дәлелдемелер, бостандықтары, құқықтары, қоғамдық.


Қазақстан Республикасының «Медиация» туралы Заңды қабылдағаннан бастап, медиация процедурасы өзінің заңды қызметін жүзеге асыруын бастады. Бұл институтты қабылдаудағы басты мақсат қоғам өмірінің алға қадам басуына соттардың жұмысбастылығын азайтып, дауларды балама жолдармен шешуді дамыту болды.

Бұл заңның қабылдануынан бастап, қазақ қоғамының дамуына толықтай сәйкес келуі керек деген ниетпен қабылданғаны белгілі. Себебі мемлекетіміздің әрбір азаматы өзінің іс әрекетіне толыққанды жауап беру қабілеті қалыптасқандықтан медиация институтының дамуына ешқандай кедергісін келтірмеуі тиіс еді. Ол туралы төменде талқылаулар жасап көрейік.

Кез келген жаңа институт өз алдына артықшылықтары мен кемшіліктерімен қалыптасады. Ол табиғи заңдылық деп ойлаймыз. Медиация инситутының кемшіліктері ретінде төмендегілерді атап кетсек болады:

Біріншіден: Медиацияға қатысуша тараптардың құрамының көптігі медиацияны жүргізуге өзіндік кедергідерін келтіреді деп ойлаймыз. Заңнамада медиация жүргізгенде медиатордың қызметіне ақы төлеу толыққанды көрсетілмеген. Ол нарық талабына сәйкес қымбат институтқа айналуының көрсеткіші болуы мүмкін.

Екіншіден: медиаторлық қызметті жүзеге асыратын тұлғаға тек жоғары білімінің болуы кейбір пікір таластар туғызады. Заң білімі жоқ маман өзісінің маманы ретінде көмек көрсетуі мүмкін, мысалы инженер өз саласының маманы дауы қалай шешуге көмегін көрсеткенімен, заңнамалық тұрғыдан оны бекітудің негіздерін заңгердің көмегіне жүгінуіне тура келеді. Ал, екінші медиатор заңгер өзінің қызметіне ақы сұрауы мүмкін.

Үшіншіден қазіргі нарық заманының таабына сүйенетін болсақ, медиаторларды оқыту орталықтарының кәсіби медиаторларды оқытып шығаруы үшін төлемдер бар екенін ескергеніміз жөн. Бұл курстар өз алдына 72 сағатты құрайды және осы сағат аралығында алғашқы күндері психиологиялық білімдерді үйренуге бағыт жасалады. Бірақ, әрбір медиацияға үйрететін курстарда оқытудың әртүрлі бағыттары болады. Басқалары бірден медиацияны жүргізуді үйретуі мүмкін.

Бірақ осы сағаттардың ішінде толыққанды білім алып шығып, кәсіби медиатор атанып, медиация процедурасын жүргізіп кетеді деген тұңғиыққа тірейді ма деп ойлаймыз. Әрине бәрі тәжірибенің арқасында келеді. Бірақ, барлық медиацияны оқытып үйрететін мекемелер бірдей кәсіби деңгейде білім береді деген пікірмен келісе алмаймыз. Сонымен қаншама кәсіби медиаторлар осыншама қаржысын жұмсап, білім алғанымен тәжірибе жүзінде жұмысын атқара алмай жүргендері қаншама.

Төртіншіден: медиация процедурасының отыз күннен алпыс күнге дейін ұзартылуы. Осыншама уақыт аралығына ұзартылған процедураның мағынасыз сипатқа ие болып кетуі мүмкін ғой.

Бесіншіден: жаңадан қабылданған азаматтық процестік кодексте медиатор ретінде судьлар бола алмайды, судья қызметінен кеткендер де медиатор болуға тиым салынады. Бірақ істі мән жайы бойынша қарайтын судьялардың тәжірибесі аз медиаторлардан істі қарап шешуде артықшылықтары көбірек деген ойдамыз.

Алтыншыдан: медиация процедурасын жүргізу кезінде типтік ережелердің болмауы сұрақ туындатады. Мысалы: сот мекемелерінде отырған медиаторлар сол медиация өткізуге арналған кабинеттерді иеленіп алып, босатқысы келмейді, ал ол туралы ешқандай заңнамалық актіде жазылмағандықтан, олардың ісі дұрыс емес екенін теоретический дұрыс емес екенін білсек те, босатуға мәжбүрлей алмайсың, заң жоқ.

Ендігі кезекте оның артықшылықтарын сипаттайтын болсақ, медиация процедурасы дауларды балама жолдаремн шешудің делдал көмегеміен шешуінің түрі ретінде төмендегі сипатта өзін жақсы жағынан көрсете алады:

- сотқа келіп түсетін талап арыздардың санын азайтады;

- сот тәжірибесінде "ұтыс - ұтылыс" ұғымы қалыптасқан және ол табиғи заңдылық болып табылады. Бір жақтың ұтысы сот өндірісінде басшылыққа ие болады. Ал, медиация тәртібінде екі тараптың өзіндік пікірлері мен позициялары және мүдделері ескеріле отырып, екі тарапқа да тиімді шешімнің қабылдануы мүмкін.

- сот процессіндегі сияқты медиация процедурасында қатаң тәртіп орын алмайды, әр тарапқа өз ойын еркін айтуға, әр тараппен жеке сөйлесуге мүмкіндіктер қарастырылады.

- сот шешімі тек қана заң шегінде орын алса, медиация процедурасы әртүрлі ақыл ойдың шегінен шықпайтындай дәрежеде орын алуы мүмкін. Мысалы қарызды өндірудің орнына пәтерін ақысыз қолдануға беру т.б.

- сот отырысы ашық болып табылады. Ал, медиация процедурасы құпиялылық қағидаға сәйкес жабық отырыста өтеді. Бұл кәсіпкерлер арасында орын алатын дауларда өзіндік ерекшеліктеріне ие болады.

- медиация процедурасына кірудегі еріктілік;

- тараптардың өздерінің шешімді қабылдауы оны шағымданудың қажеттілігін туғызбайды;

- медиацияда тараптар соттағыдай шешімнің қандай бағытта қабылдануынан хабарсыз болса, бұл жерде алдын ала қандай шешім қабылдануы мүмкін екендігін білуі тараптарға артықшылық береді;

- медиацияда соттағыдай императивтік талаптар болмайды, соттағыдай жарыссөздер болмайды;

- тараптардың келісімге келуінен олардың серіктестік сыйластықтарының сақталып қалуына кепілдіктер орын алады;

- сот шешіміне қарағанда тараптарға тиімсіз шешімнің қабылданбауы.

Сонымен, медиация процедурасын жүргізуге заңнамалық тұрғыдан мүмкіндіктер берілді ме оны толыққанды белсенді түрде пайдалану керек деп ойлаймыз. Ал, заңнамада кездесетін кемшіліктер біртіндеп реттеліп, осы институттың дамуыны толыққанды мүмкіндігін береді деген пікірдеміз.

Тәжірибеде орын алатын дауларды балама жолдармен қараудың бір тәсілі болып табылатын медиацияның әлі күнге дейін толыққанды дәрежеде дамуы күмән туғызатын мәселе болып қала беруде. Себебі ретінде медиацияға қатысушылардың өздерінің ішкі сырларын медиация процедурасында ашуға асықпауы мен медиация мен медиаторға сенімінің толық қалыптаспауына байланысты орын алып жатады.

Осыған орай, медиацияға деген сенімнің орын алмауының бір себебін көрмсететін болсақ,  медтиация туралы заңға сәйкес, медиатор қызметін кәсіби немесе кәсіби емес тұрғыдан орындай алады.

Кәсіби медиаторға қойылатын талаптар: жиырма бес жасқа толған, жоғарғы білімі бар азамат. Ал, оның заң білімінің болмауынан тәжірибеде орын алған қателіктер кездескендіктен, халықтың медиаторға деген сенімінің түсіп кетуіне әкеледі деген ойдамыз.

Кәсіби емес медиаторға қойылатын талаптар: жасы қырыққа толған, медиаторлардың тізімінде тұрған адам танылады. Яғни адам болғандықтан, кез келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар да кіреді деген сөз және де жоғары білімінің болуы, тіпті кәсіптік орта білімінің болуы туралы медиация туралы заңның 9 бабының 3 тармағының нормасында қарастырылмаған. Сондықтан да адам сөзін «жеке тұлға» сөзіне ауыстыру керек деген ойдамыз. Бірақ, осы баптың нормасында кәсіби емес те медиатор ретінде азаматтық процестік кодекске сәйкес, істі қарап отырған жүзеге асыра алатыны жайлы аталған.

Істі қарайты судья істі сот өндірісіне дайындағанда, іс жүргізу  сатылары бойынша тараптардың келісім беруіне қарай, екі тарапқа да қарсы болмауына қарай, олардың келісімінің негізінде шешім шығаратыны туралы азаматтық процестік кодекстің 17 тарауындаған нормаларға сәйкес татуластыру рәсімдеріне сүйене отырып, жүзеге асатынын көрсеткен.

Татуластыру рәсімдерінде соттың дауды тек медиатордың не төреліктің қаралуына көмек беретіні көрсетілген, оның істі шешу көмек беретіні жайында аталмаған. Бұл жерде екі заңнама арасында келіспеушіліктің туындайынын көреміз. Медиация туралы заңның судьяға медиаторлық қызметті кәсіби емес негізде жүргізетіні айтылғанмен азаматтық процестік кодексктің нормасына сәйкес, медиатордың дауды реттейтін кезде процестің барлық сатыларында өзі жүргізбейтіні, бірақ жәрдемдесетіні туралы аталған.

Азаматтық процестік кодекстің нормасы бойынша жәрдемдесу жайында дұрыс жазылған, себебі процесті жүргізетін судья бір мезгілде медиатор қызметін атқаратында ол медиация процедурасына қатысушылар алдында сенім жоғалту қаупі болады. Оған түсіндірме жасатын болсақ, процесті жүргізетін судьяның алдын ала медиатор ретінде істің мән жайын біліп алуы салдарынан, артынан судья ретінде келісім бекітетін болса, объективтілік тәртібінің күмән туғызуы мүмкін болатын жағдай. Сондықтан, медиация туралы заңның 9 баптың нормасына толықтырулар енгізу қажет деген ойдамыз. Атап айтатын болсақ, 3 тармақтың 2 тармақшасына судья кәсіби медиатор емес, келіспеушіліктің тараптарға тиімді шешімін парципативтік және медиация процедурасы арқылы шешуіне жәрдем береді деп өзгерткен дұрыс.

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ (21.02.19)

3. Идриова С.Б., Котовщикова О.Д., Конусова В.Т. Комментарий к закону о медиации. Астана 2012 г

4. Беляева Т. Актуальные вопросы проведения медиации : семинар / Т. Беляева. - Астана, 2018.

5. Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы.// (3.12.18).

УДК 343.2/.7

## ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ КОНЦЕПЦИИ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЙ ФУНКЦИИ

***Ходжаев Х.Г.***
*Магистрант*
*Каракалпакский государственный университет имени Бердаха,*
*г.Нукус, Республика Узбекистан*

Строгое соблюдение норм процессуального права при проведении дознания, предварительного следствия и судебного разбирательства является необходимым условием и средством обеспечения правопорядка, интересов нашего общества, прав и свобод граждан. Только строгое соблюдение требований процессуальных норм может привести к установлению истины по делу, вынесению судом законных и обоснованных приговора, определения и постановления.

Виды деятельности субъектов, связанные с их местом в работе, определенной целью или задачей, называются процессуальными функциями [1].

Долгое время термин «функция» был только теоретическим термином. Слово «функция» буквально означает поле деятельности. Содержание и сущность функции определяли многие ученые, например, Л.Б.Алексеев говорил, что «функциями уголовного процесса являются направление, виды деятельности субъектов по делу, их роль, место и цель». идеи [2].

М.С.Строгович определял уголовно-процессуальные функции следующим образом: «Уголовно-процессуальные функции - это определенные области деятельности, несовместимые и не включающие друг друга» [3].

По мнению П.Ф.Лупинской, «Функциями уголовного процесса называются виды деятельности, связанные с местом субъектов в произведении, определенной целью или задачей» [4].

З.З.Зинатуллин рассматривает уголовно-процессуальные функции как направление процессуальной деятельности участников уголовного судопроизводства в достижении целей [5]. Задолго до этих авторов аналогичное мнение высказывал П. С. Элькинд: «…функциями уголовного судопроизводства являются обязанности и место участников, которые определяются нормами права и находят свое отражение в соответствующих областях уголовно-процессуального права» [6].

По мнению З.З.Зинатуллина, уголовно-процессуальные функции имеют следующие особенности:

а) функция - процессуальная деятельность, регулируемая законом;

б) эту функцию выполняют участники уголовного процесса либо представители обвинения или защиты;

в) деятельность направлена на достижение целей уголовного судопроизводства [7].

Статья 25 Уголовно-процессуального кодекса Республики Узбекистан, принятого 22 сентября 1994 года, гласит, что «функции по собиранию, защите и разрешению дел могут осуществляться отдельно и не могут быть возложены на один орган или одно должностное лицо». Хотя слово «функция» здесь не используется, законодатель имел в виду именно его, указав на разделение трех основных функций.

К уголовно-процессуальным функциям относятся:

- расследование;
- обвинительный акт;
- защита;
- рассмотрение и разрешение уголовных дел (правосудие);
- общественное участие;
- дополнительные функции;
- вспомогательные функции;
- Функция судебного контроля (введена З.Ф. Инагамжанова).

По общим правилам первая из этих функций возлагается на органы дознания и предварительного следствия, вторая - на прокуратуру, третья - на обвиняемого и защиту, четвертая - на суд, пятая - на общественным организациям и сообществам, шестая - гражданскому истцу и гражданскому ответчику, седьмая - свидетелю, эксперту, секретарю суда, свидетельствующему, эксперту и переводчику, а восьмая принадлежит судебным органам. Однако из этого общего правила могут быть исключения. Например, по закону прокурор может производить и предварительные следственные действия, по уголовным делам по частному обвинению в качестве обвинителя обычно выступает потерпевший, а при наличии оснований для прекращения дела в ходе первоначального следствия следователь может прекратить дело и разрешить его по существу. может [8]

Можно согласиться с мнением ученых, которые предлагают называть уголовный процесс публичным судебным процессом [9] и применять судебный контроль к начальной следственной стадии уголовного процесса [10]. Потому что такая практика существует в законодательстве всех развитых стран и вполне оправдана.

Исходя из разделения функций уголовного процесса, не понимаются цель деятельности и обязанность каждого лица. Если уголовно-процессуальные функции распределяются по целям каждого участника судопроизводства, то необходимо выделение соответствующей функции каждому участнику. При этом количество процессуальных функций может быть равно количеству участников. Увеличение количества функций будет зависеть от участников. В.Н.Шпилёв обосновывает увеличение числа функций следующим образом: Были попытки спроектировать систему» [11]. Мы видим, что автор выступает за наделение каждого участника уголовного процесса только определенной функцией, которая ему принадлежит.

В.Г.Даев предложил систематизировать процессуальные функции, исходя из интересов участников уголовного судопроизводства:

1) расследование уголовного дела;

2) прокурорский контроль за соблюдением законности в уголовном процессе;

3) защита персональных процессуальных интересов;

4) оказывать ему помощь в уголовном судопроизводстве [12].

В.С.Зеленский предложил разделить процессуальные функции на общую и особенную части, т. е. функции, выполняемые в течение всего уголовного процесса, и функции, выполняемые на одной или нескольких стадиях процесса [13].

По мнению Ф.А.Рамазановой: «При определении уголовно-процессуальных функций исходя из позиции участников процесса следует исходить из интересов и позиции участников, разделенных на отдельные группы. Уголовно-процессуальные функции должны отражать направленность деятельности группы участников» [14]. В качестве доказательства Рамазанова приводила также мнение А. М. Ларина: «Если есть только процессуально-правовые цели, то чем больше процессуальных действий, тем больше должно быть процессуальных функций. Функция есть действие, а не действие, то есть совокупность действий и решений, сгруппированных вместе в совокупность целей»[15].

Реализация некоторых функций, в том числе функции прокурорского надзора, предложенная В.Г.Даевым, полностью противоречит принципам спора. В данном случае у обвинения больше полномочий, чем у защиты. Нецелесообразно наделять прокурора, участвующего в уголовном преследовании, полномочиями, не относящимися конкретно к сторонам спора. Согласно Уголовно-процессуальному кодексу (статья 25), поскольку обвинение, защита и разрешение дела строго отделены друг от друга, этим сторонам не могут быть предоставлены дополнительные полномочия.

По мнению В.М.Савицкого, «прокурор поддерживает обвинение в суде, участвует в формировании обвинения, ведя предварительное следствие» [16]. При этом прокурор участвует как лицо, ответственное за законность и обоснованность обвинения (уголовное преследование), а на начальной стадии расследования, помимо руководства следствием, осуществляет также надзор (МДС, утвержденный Межпарламентской ассамблеей 17 Февраль 1996 г. В статьях 2 и 3 вся деятельность прокурора на первоначальном этапе расследования вместе с его «надзорной» деятельностью названа процессуальным управлением следствием. Такой подход вполне оправдан.) [17]. Обосновано мнение М.С. Строговича: «прокурор несет ответственность за правильность расследования дела, законность следствия, обоснованность обстоятельств, изложенных в обвинительном заключении» [18].

Функции обвинения, суда и защиты являются фундаментальными и действуют в неразрывном единстве, каждая из которых указывает на существование двух других, каждая из которых функционирует и развивается только при наличии и развитии двух других функций [19]. Само беззащитное обвинение придало бы процессу односторонний, обвинительный характер. Также неуместно говорить о невиновной обороне, или нелогично ставить такую защиту. Правильное решение дела может быть достигнуто на основе принципа состязательности с участием обвинения и защиты.

### ***Библиографический список***

1. Jinoyat protsessi (umumiy qism). Mualliflar jamoasi. Z.F.Inog’omjonovning umumiy tahriri asosida. T.: Adolat – 2007.

2. Уголовно-процессуальные функции: курс уголовного процесса. Объщая часть. Л.Б.Алексеев. М.: 1989.

3. Уголовное преследование в уголовном процессе. М.С.Строгович. М.:1995.

4. Уголовный процесс. Учебник. Под.ред. П.А.Лупинская. М.: 1995.

5. Уголовно-процессуальные функции, З.З.Зинатуллин, З.Т.Зинатуллин. Ижевск: 2002.

6. Сущность уголовно-процессуального права. П.С.Элькинд. Л.:1963.

7. Уголовно-процессуальные функции, З.З.Зинатуллин, З.Т.Зинатуллин. Ижевск: 2002.
8. Уголовный процесс. Учебник для вузов. Под. ред. К.Ф.Гуценко – М.: Зерцало, 1997.21-с.
9. А.В.Смирнов Модели уголовного процесса – СПб.: 2000. С-17-18; И.Петрухин Публичность и диспозитивность в уголовном процессе. Российский юстиция. 1999. №3. С-24.
10. Z.F.Inog'omjonov Jinoyat protsessining ayrim bosqichlarida sud nazorati. Inson huquqlarini sud va suddan tashqari himoya qilish muammolari mavzusidagi ilmiy-amaliy anjuman materiallari. T.: TDYU. 2005. B-124-128.
11. В.Н.Шпилев. Содержание и формы уголовного судопроизводства. Минск: 1974. С-57.
12. В.Г.Даев. Процессуальные функции и принцип состязательности в уголовном судопроизводстве. Правоведение. 1974. №1,72-с.
13.В.С.Зеленецкий. Возбуждение государственного обвинения уголовном процессе. Харьков: 1979.57-с.
14. F.A.Ramazanova. Jinoyat protsessining funksiyalari. T.: 2016. B-10.
15.А.М.Ларин. Расследование по уголовному делу: процессуальные функции. М.: 1986.6-с.
16.В.М.Савицкий Государственное обвинение в судею М.: 1971.54-с.
17.Модельный Уголовно-процессуальный кодекс для Государств – Участников СНГ. Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. 1996. №10. Приложение.
18.М.С.Строгович. Курс советского уголовного процесса. Т.1.М.: 1968.205-с.
19. З.З.Зинатуллин, Т.З.Зинатуллин, Еще раз об уголовно-процессуальных совершенствования и применения законодательства о борьбе с преступностью: Материалы Всероссийской научно-практической конференции посвященной 95-летию Башкирского государственного университета. Часть 1. Уфа: РИО БашГУ. 2004. 2004.46-с.

ӘОЖ 542.142.

## ТЕРГЕУШІНІҢ ТҰЛҒАНЫ АЙЫПТАЛУШЫ РЕТІНДЕ ЖАУАПҚА ТАРТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

***Есенгельдиев С.А.***
*з.ғ.к.,аға оқытушы*
***Абдрахманова М.Б.***
*аға оқытушы*
***Сарсенова М.М.***
*з.ғ.м., оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Айыпталушы деп айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған адамды не сотта жеке айыптаумен қылмыстық іс қозғалған адамды, сондай-ақ анықтау органының бастығы оған қатысты айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адамды білдіреді. Айыпталушының жағдайы сезіктінің жағдайымен көп жағдайда ұқсас. Қылмыстық іс жүргізу заңы сезікті адамға бұлтартпау шараларын қолданудан басқа жағдайларда адамды айыпталушы ретінде қашан жауапқа тартуға болатынын анықтамаған, мұнда 10 тәуліктен кешіктірмей айыптау тағылуы немесе бұлтартпау шарасын жою туралы мәселе шешілуі тиіс [1].

Дәлелдемелердің жеткіліктілігі, яғни тергеушінің адамды жасаған нақты қылмысы үшін жауапқа тарту қажеттігі туралы дәлелдемелердің жиынтығына негізделген сенімі тергеушіге адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартуға құқық беретін негіз болып табылады.Алайда дәлелдемелердің жеткіліктілігі адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартатын кезде жасалған қылмыс туралы толық және жан-жақты мағлұматтар жиналып болды деген сөз емес, өйткені алдын ала тергеу аяқталған жоқ және дәлелдемелерді жинау жалғасуда, тергеушінің белгілі бір айыпталушы осы қылмысты жасады деген қорытындысы түпкілікті емес. Тергеп тексеру процесінде барысында айыптау өзгертілуі, толықтырушы немесе қысқартылуы мүмкін.

Егер тергеушінің қолында қылмысты кімнің, қашан жасағаны және кандай қылмыс жасалғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейтін қылмыс жасаудың әдістері мен тетіктері жөніндегі мағлұматтары ғана болса, онда адамды айьшталушы ретінде жауапқа тартуға болмайды.

Тергеуші айыпталушыны айып тағылған күн туралы хабардар етуге және осымен бір мезгілде оның қорғаушы шақыру немесе тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуін өтіну құқығы бар екенін түсіндіруге міндетті.ҚІЖК-нің ережелеріне сәйкес адамға айыптау тағылған кезде, егер қорғаушыны айыпталушының өзі, оның заңды екілі немесе оның тапсыруымен яғни келісімімен басқа адамдар шақырып қоймаса, қорғаушыньщ қатысуы міндетті болып табылатын істер бойынша тергеуші оның келуін қамтамасыз ету шараларын қолданады.Сонымен, біздің көзқарасымыз бойынша, адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартуды қылмыстық іс қозғалған нақты адамға қатысты қылмыстық ізге түсудің басталуы деп есептеу қажет.

Адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартудың негізі дұрыс шешім қабылдау тұрғысынан қарағанда қылмыстық іс жүргізу ғылымы ұғымдарының теориясындағы барынша күрделі ұғымдардың бірі болып табылады. Заң әдебиеттерінде осы ұғымды анықтауда ғалымдар оған редакциялық жағынан ғана емес, сондай-ақ мағынасы жағынан да өзара айырмашылығы бар түсінік беруде.

Н.С. Алексеев, Б.З. Лукашевич, П.С. Элькиндтің редакциялауымен шыққан оқулықта адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартудың негіздері "нақты адамның іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы бар екенін көрсететін жеткілікті дәлелдемелер" ретінде анықталады."Тергеп тексерілетін қылмысты, - деп жазады В.В. Шимановский - қылмыстық әрекет жасады деп кінә тағылған нақ сол адамның жасағаны туралы қорытынды жасау үшін қажет болатын дәлелдемелердің жиынтығы адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартуға негіз болып табылады".С.Б. Бородшиниц редакдиялауымен шыққан оқулықта айыпталушы ретінде жауапқа тартуды реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормаларына сәйкес, "дәлелдемелер жеткілікті болатын реттерде кылмыс жасады деген айыптау тағылуы мүмкін, Кеңестік қылмыстық процесс теориясында дәлелдемелер ("іс жүзіндегі деректер") бұл үшін негіз болып табылады деген пікір үстем болып келді. Алайда аталған бапты мұқият талдау шын мәнінде тағылатын айыптаудың мазмұнын құрайтын іс жүзіндегі мән-жайлардың дәлелденгендігі осындай негіз болып табылатынын көрсетеді." Қарастырылып отырған мәселеде А.С. Кобликовтың редакциялауымен шыққан оқулықтың авторлары да осындай айқындаманы ұстанады. Онда былай деп көрсетілген: "Алдын ала тергеудің барысында жиналған және тексерілген жеткілікті дәлелдемелер арқылы қылмыс оқиғаларының және осы қылмысты жасады деген адамның кінәлілығының дәлелденгендігі айыпталушы ретінде жауапқа тартуға негіз болып табылады".

Біздіңше, айыпталушы ретінде жауапқа тарту негіздерінің кез келген анықтамасында осындай шешім қабылдауға жеткілікті дәлелдемелердің болуы керектігін көрсететін нұсқау жазылуы тиіс.

Бұл, біріншіден, ҚІЖК-нде берілген мынадай тұжырымдамаға сайкеледі: "Қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде тергеуші адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы дәлелді қаулы шығарады".

Екіншіден, қылмыс оқиғаларының және адамның кінәлылығының дәлелденгендігі (немесе тағылатын айыптаудың мазмұнын құрайтын мән-жайлардың дәлелденгендігі, бұлардың екеуі де бір мағынаны білдіреді) түрінде айыпталушы ретінде жауапқа тарту негіздерінің анықтамасы іс жүзінде оны айыптау үкімін шығарудың негізімен бірдей деп тануды білдіреді.

Заң адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартудың негіздеріне қатысты мұндай талап қоймайтынын атап көрсету қажет [2].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып бұл ұғымды қарастыру адамның кінәлылығын анықтау айыпталушы ретінде жауапқа тарту негіздерінің болатыны туралы мәселе бойынша айқындаманы талдауды талап етеді.

Мәселен, М.И.Баканов пен Ю.М. Грошевойдың редакциялаумен шыққан оқулықта адамды айыпталушы ретінде жауапқа тартатын кезде қылмысты тұтастай алғанда ақиқат секілді оның кінәлілығы анықталуы тиіс деген тұжырымдама қорғалады. Онда, атап айтқанда, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыдағы барлық мән-жайларды тергеушінің күмәнсыз анықтап, олар ақиқат болуға тиістігі айтылған. Қаулының өзі бұл мен-жайларды дұрыс бейнелеп керсетуге тиіс. Қаулыда қылмыстың нақты құрамы және оны жасаған адам туралы ақиқат қорытындылар болуы тиіс. Заң айыптау қорытындысы мен айыпталушы ретіңде жауапқа тарту туралы қаулыдағы айыптаудың бүтіндей бара-бар талаптарын басшылыққа алады. Алайда егер айыптау қорытыңдысыңда тұжырымдалған айыптауда ақиқат қорытындылар болса, онда аталған қаулыда да нақ осындай қорытындылар болуға тиіс.

Сондықтан айыпталушы ретіңде жауапқа тарту үшін тергеушіге қылмыстың болатыны туралы және оны айыпталушының жасағаны туралы өзінің қорытындысын тек ықтималдықпен растайтын мағлұматтарды анықтау жеткілікті деп әдебиеттерде айтылып жүрген пікірлермен келісуге болмайды. Келтірілген қағидалардың авторлары айтқан пікірді құқықтың дамуыңдағы кеңестік кезеңінің бірқатар іс жүргізуші ғалымдары қолдады.

Мәселен, А.М. Ларин былай деп жазады: "Айыпталушының қылмыстық жауапқа тартылатын кездегі кінәлілығы туралы тергеушінің қорытындысы түпкілікті, анық емес, керісінше алдын ала, проблемалық ықтимал маңызын, яғни болжамдардың біреуін білдіреді".М.С. Строговичтің пікірінше, "айыпталушы ретінде жауапқа тартатын кезде бұл адамның кінәлілығы дәлелденген деп есептеле алмайды және тергеушіден оны кінәлілының орнына емес, қылмыс жасаған айыпталушының орнына қою үшін жиналған дәлелдемелердің жеткіліктілігіне сенімділік талап етіледі".

Егер заң адамды айыпталушы деп жауапқа тарту үшін қажетті жағдай ретінде осы адамның кінәлілығының дәлелденгендігін және бұған тергеушінің көзі жеткендігін белгілеген болса, бұл бұдан былайғы тергеудің айыптау жағына бейімделіп, айыпталушының кінәлілығынан басқа болжамдарды зерттеусіз қалдыруға әкеп соққан болар еді.С.В. Бородиннің редакциялауымен шыққан оқулықтың авторлары да осыңдай айқындаманы ұстанып, қылмыстық жауапқа тарту үшін жеткілікті болатын негіздерді анықтауда дәлелдеуге жататын мән-жайлар да, сондай-ақ олардың дәлелденгеңдік дәрежесі де ескеріледі деп көрсетеді.Біз нақ осы қағида қолдауға тұрарлық деп ойлаймыз. Заң ақиқатты анықтауды және адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту кезінде тағылатын айыптаудың мазмұнын құрайтын мән-жайлардың күмәнсіз дәлелденуін талап етпейді.

Заңда адамның кінәлылығы күмәнсіз дәлелденген жағдайда айып тағу талабы жазылған болса, терген тексеру органдары өте қиын жағдайға тап болар еді [3]. Олар бұған дейін негіз болса да бұлтартпау шараларын қолдану мүмкіндігі болмағандықтан, көптеген істер бойынша тергеп тексерудің соңында айып тағуға мәжбүр болар еді, өйткені жалпы ереже бойынша бұлтартпау шарасы тек айыпталушыға ерекше жағдайларда сезікті адамға ғана қолданылады.

Қылмыстың жасалу мән-жайларын анықтауға жәрдемдесетін дәлелдемелерді жинау мен бағалау тергеп тексеру кезендерінің мақсаты болып табылады да, осыдан кейін адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы шешім қабылданады. Адамның қылмыс жасағанын көрсететін бұлтартпайтын дәлелдемелер оны дер кезінде қорғану құқығымен қамтамасыз ететін тиісті іс жүргізу жағдайына қою қажеттігіне байланысты бұл мән-жайлардың осы кезенде мүмкін болатын дәлелдеу дәрежесі шектеледі.

Адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту жөніндегі шешімнің маңызы істі одан әрі жүргізу үшін жағдайлар туғызу қажеттігі болып табылады. Айып тағудың мазмұнын құрайтын мән-жайлар бірдей дәрежеде анықталмауы мүмкін, бұл олардың әрбір қылмыс пен оны саралаудың ерекшеліктеріне қарай анықталатын маңызына байланысты. Алайда дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығы жоқтығын осындай мән-жайлардың біреуін дәлелдеу процесі аяқталды деп есептеуге болмайды.

Бұл айтылғандар айыпталушы ретінде жауапқа тартқалы отырған адамының кінәлылығына тергеушінің сенімі туралы мәселенің ешқандай тәжірибелік маңызы жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше, жалпы ереже бойынша, тергеушіде айыпталушының кінәлылығы туралы ішкі сенімінің болмауы нақты адамның қылмыс жасағаны туралы қорытындыға келу үшін дәлелдемелері жетіспейтіндігінің белгісі болып табылады. Сондықтан тергеушіде мұндай сенімнің болуын оның адамды сезікті ретінде жауапқа тарту жөніндегі мәселені оң шешуі үшін қажетті жағдайлардың (әрине, іс жүргізетін емес) бірі ретінде қарастыруға болады.

***Библиографиялық тізім***

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодекс, 2015ж

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық – Алматы: «Жеті Жарғы»,2004 ж.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы. Ерекше бөлім. Сотқа дейінгі сатылар: Оқулық/ Төлеубекова Б.Қ., Қапсәләмов Қ.Ж., Шынарбаев Б.Қ., Бекішев Д.Қ. – Алматы: ҚазГЗУ, 2005 ж.

ӘОЖ 343.359 (574)

## АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

***Ерназаров Г.Б.***
*з.ғ.к.,аға оқытушы*
***Абдрахманова М.Б.***
*аға оқытушы*
***Сарсенова М.М.***
*з.ғ.м., оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Мемлекеттер арасындағы және адам құқықтары мәселесіндегі қатынастарды реттейтін жеке халықаралық-құқықтық актілер XIX ғасырдан бастап қабылданған болатын. Осы кезеңде мемлекеттер арасында құлдарды сатуға тыйым салатын келісімдер жасалды. Мемлекеттер ұлттық азшылықтарға жататын немесе үстемдік етуші ұлттың дінінен өзге дінге сенетін адамдардың құқықтық жағдайын жақсарту үшін өзіне міндеттер жүктейді. Осы халықара-лық-құқықтық актілер адам құқықтары туралы мәселелер жөніндегі мемлекеттердің өзара халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жаңа жол ашып берді.

Біздің дәуірімізде, әлемнің барлық аймағындағы мемлекеттердің бәрі дерлік адам құқықтарын сақтау (бұзбау) туралы қағидаларды ұстанатындықтарын жария етуде.

Үкіметтер ішкі және сыртқы күштердің қысым етуімен осы қағидаларға сай әрекет етуге мәжбүр болуда. Бүгінгі таңда адам құқықтарын өрескел бұзу айыпталып та жатыр. Ал екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қанды геноцид, жаппай қырып-жою жай ғана кінәланатын. Адам құқықтары көзге ұрып тұратындай бұзылмаса, тіпті дипломатиялық айыптауға тұрмайды деп те есептелетін. Көпке дейін мемлекеттің өз азаматтарына деген қатынасы тек сол мемлекеттің ішкі ісі деген көзқарас қалыптасып келді.

Дүниежүзілік екі соғыс, жүздеген аймақтық және жергілікті қарулы қақтығыстар, соғыста және лагерьлерде азапталып өлтірілген ондаған миллион адамдар, саяси терроризм - мұның бәрі адамзаттың есінен шыға қойған жоқ. Жеке адамның құқықтарына берілетін кепілдіктерді жоюға аз қалған сілкіністер адам құқықтары проблемаларының маңызды екенін айқындап берді.

1945 ж. қабылданған БҰҰ жарғысында адам құқықтарына едәуір орын берілген. Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі мақсаттарының бірі - адам құқықтарын құрметтеу. БҰҰ Жарғысының кіріспесінде БҰҰ мүшелері адамның негізгі құқықтарына, жеке адамның құндылығы мен адамгершілігіне, әйелдер мен ерлердің тең құқылығына, көп және аз ұлттар құқықтарының теңдігіне деген сенімді қайтадан нығайтуға батыл кірісеміз делінген. БҰҰ аясында адам құқықтарын құрметтеуге көмек көрсету мақсатында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық мәселелерімен тұрақты айналысатын арнайы органдар құрылды.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге қолдау көрсетудегі халықаралық ынтымақтастықтың мақсаттары бұл:

• халықтың саяси, экономикалық және азаматтық құқықтарын үдемелі дамытуға көмектесу;

• шетелдіктердің құқықтық жағдайын айқындау;

• азаматтық мәселелер бойынша коллизиялардың алдын алу және шешу;

• азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық, көмек көрсету;

• халықаралық қылмыспен күрес жүргізудегі мемлекет күштерін үйлестіру.

Адам және азаматтың құқықтары туралы Франция Декларациясында "Адамдар ерікті және тең құқылы болып туылады және солай болып қалады", - делінген [1].

Осы халықаралық жаңа ұйым адам құқықтары жөнінде беделді халықаралық нормаларды жасап шығарды. Мәселен, 1984 ж. мамыр айында Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1984/50 қарарында „Өлім жазасына кесілгендердің құқықтарын қорғауға кепіл беретін шаралар" мақұлданды. Миланда және Италияда 1985 ж. тамыз-қыркүйек айларында өткен Жетінші Конгресте Экономикалық және әлеуметтік Кеңес ұсынған кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сотты жүзеге асыруға байланысты БҰҰ-ның ең төменгі стандарттық ережелерін /"Пекин ережелері"/ Жетінші Конгресс 1985 ж. 6 қыркүйегінде мақұлдады. Бұл ережелерді Бас Ассамблея 40/ 33 қарарында қабылдады. 1988ж. 9 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясы ”Кез келген нысандағы ұстауға немесе қамауға алатын барлық адамдарды қорғау қағидаларыньщ жинағы" деп аталатын 43/173 қарарын қабылдады. 1997 ж. БҰҰ Бас Хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымына адам құқықтары жөнінде мәселелер баяндайды. Оның ішінде, адам құқықтары саласындағы қайта құрудың рөлі туралы, осы саладағы мемлекеттер жоспары туралы мәселелер қамтылды.

1948 ж. 10 желтоқсанында Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдау БҰҰ-ның алғашқы іс жүзінде қабылдаған шараларының бірі болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Освенцим мен Хиросимадан кейін Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының пайда болуы, әрине кездейсоқтық емес.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының кіріспесінде: "...адам құқықтарына деген елемеушілік, менсінбеушілік адам баласы арының зығырданын қайнататын тағылық жағдайға әкеліп соғатынына назар аудара отырып, ...адам құқықтары заң билігімен қорғалуы керек екеніне, ...мүше-мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтаса отырып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жалпыға бірдей

құрметтеліп сақталуына ықпал жасауға міндеттенгендеріне... Бас Ассамблея Адам құқықтарының жалпыға бірдей осы Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етіп отыр"[2].

Декларацияның қабылданған күні - 1948 ж. 10 желтоқсанын Халық-аралық қауымдастық Адам құқықтарын қорғау күні деп белгіледі.

Декларация латынның "Declaratio" - жариялау деген сөзінен шыққан. Әдетте, халықаралық шарттық тәжірибеде декларация атауын құжаттардың салтанаттылығын, көпшілікке түсініктілігін, демократиялығын көрсету үшін қолданады. Мұндай сипаттағы құжаттардың мазмұны - айбынды, әрі жоғары азаматтық рухта болады. Сонымен қатар, мұндай құжаттар қатаң ресми мазмұнды да болып келеді.

Адам құқықтарының баршаға бірдей Декларациясы адамның тіршілік әрекеттерінің барлық басты салаларын қамтитын негізгі құқықтарын айқындайды. Тұтастай алғанда, бұл құқықтар екі топқа бөлінуі мүмкін.

Бірінші топ - бұл азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтар. Адамның жеке тұлға ретінде өмір сүруіне қажетті басты, негізгі жағдайларды азаматтық құқықтар деп түсінеді. Кейде оларды жеке құқықтар деп те атайды. Құқықтың бұл санаты жеке адамды басынушылықтан және жеке өміріне қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 3-19-баптары осы тізібені бекітеді. Мысалы, өмір сүру құқығы, жеке басының бостандық құқығы, жеке басының қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық; құлдық бұғаудан және азаптау мен зорлық-зомбылықтан азаттық; заң алдындағы теңдік; өз бетінше қамауға, тұтқындауға алудан, қуғынға салудан қорғау; әділ соттылыққа деген құқық; некеге тұру құқығы және т.с. с.

Азаматтардың қоғамдық және мемлекеттік істерді басқаруға қатысу құқығын Саяси құқықтар деп түсінеді.

Азаматтық және саяси құқықтар алғаш рет буржуазиялық революциялар дәуірінде пайда болды. Тап сол кезде Адам құқықтарының Декларациясы алғаш рет пайда болған еді. Мысалы, 1789 ж. Адам және азамат құқықтарының Франция Декларациясы, 1791 ж. Адам құқықтары туралы Америка Биллі. Осы құжаттар азаматтық және саяси құқықтардың тұжырымдамасына негізделіп жасалды.

I948 ж. Декларацияда адамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтарын жариялау мемлекеттердің әлеуметтік саясаттарының негізін қалап берді.

Адамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени құқықтары материалдық өмір мен рухани дамуына қолайлы жағдайлар қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мұндай құқықтардың ерекшелігі мемлекеттердің оларды жүзеге асыру барынша күш салуының міндеттілігінен көрінеді. Мемлекеттердің жақсы тұрмыс жасау үшін экономикалық мүмкіндіктері әр түрлі және олардың тіршілік қабілеттіліктері де түрліше болып келеді.

1948 ж. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы адам құқықтарын қамтамасыз ету міндеттері орындалуының бірінші сатысы болды. Декларация ережелерін нақтылайтын және туралайтын басқа да құжаттарды қабылдау үшін халықаралық қауымдастыққа біршама уақыт қажет болған еді. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі БҰҰ жұмысы 1966 ж. да жалғасын тауып жатты. Халықаралық қауымдастық екі пакт - Экономикалық, Әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық Пактіні және Азаматтық саяси құқықтар туралы халықаралық Пактіні қабылдай отырып, 1948 жылғы Жалпыға бірдей Конвенцияда жарияланған әрбір норманың мазмұны жөнінде келісімге қол жеткізді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған құжаттар адамның паш етілген құқықтарын жекелеп және оларды жүзеге асыру шарттарын айқындап берді[3].

Еуропа Конвенциясында Жалпыға бірдей Декларация мен адам құқықтары туралы Пактілерде бекітілген құқықтар мен бостандықтардың кейбірі ғана мазмұндалған. Еуропалық құжаттардың ұдайы жаңа құжаттармен дамытылып және толықтырылып отырылатыны олардын талас тудырмайтын артықшылықтары болып табылады. Мәселен,

конвенциялардың қосымша хаттамаларында азаматтық және саяси құқықтар-дың барлық жүйесі толық қамтылған деуге болады.

Еуропа Конвенциясы имплементация тетігін жасап шығарды, яғни халықаралық-құқықтық нормалар жүзеге асуы үшін халықаралық-құқықтық және ұлттық нормаларды жүзеге асыру керек, сондай-ақ жүзеге асыру үшін белгілі бір жағдайларды жасау қажет. Имплементация тетігін жүзеге асыру екі органды құрудан көрінеді - Адам құқықтары жөніндегі Еуропа комиссиясы және адам қүқықтары жөніндегі Еуропалық Сот. Бұл органдарға мемлекеттердің де, жеке адамдардың да шағымдарын қарау үшін өкілеттік берілген [3,111б]. Дегенмен, шағымдарды қарау рәсімі күрделі болып келеді. Мысалы, Комиссия құқықтық қорғаудың барлық ішкі мемлекеттік құралдары толықтай қолданылғанын және ұлттық деңгейде шешім қабылдаудың алты айлық мерзімі өтіп кетпегендігін анықтауы тиіс.

Мемлекет Еуропа Кеңесіне қабылданатын кезде оның Еуропалық Конвенцияға қосылуы, сондай-ақ прецеденттік құқықтан келіп шығатын ұлттық заңдарына қажетті өзгерістер де енгізуі керек болады. Прецеденттік құқық Еуропа кенесі қабылдаған құжаттардың негізі болып табылады.

Адам құқықтары туралы Еуропа Конвенциясы және Еуропа әлеуметтік Хартиясы Еуропада адам құқықтарының жоғарғы деңгейде корғалуын қамтамасыз етеді, олардың қорғалуының аймақтық және әлемдік стандарттарын айқындайды[4].

***Библиографиялық тізім:***


1. Боярс Ю. Р. Вопросы гражданства в международном праве.-М., 2000.
2. Бойцова В. В. Служба защиты прав человека и гражданина. Мировой опыт.- М., 2001
3. Даниленко Г. М. Международная защита прав человека. Вводный курс.-М., 2000.
4. Декларация об упрощенном порядке перемещения граждан РФ, постоянно проживающих на территории РК, и граждан РК, постоянно проживающих на территории РФ.-А., 2000.


ӘОЖ 542.142.

## ҮКІМНІҢ КҮШІН ЖОЮ НЕМЕСЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗДЕРІ


***Аймашев К.Ы.***
*з.ғ.к.,аға оқытушы*
***Абдрахманова М.Б.***
*аға оқытушы*
***Канаева А.А.***
*з.ғ.м., оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Қылмыстық жауаптылықтан босату мен қылмыстық жазадан босату өзара мазмұны, негіздері, құқықтық салдары мен қолданудың процессуальдық тәртібімен ерекшеленеді. Мысалы, үшін қылмыстық  жауаптылықтан босату тек қоғамға қауіптілік дәрежесі жоғары емес онша ауыр емес және орташа ауырлақтағы қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты ғана қолданылса, қылмыстық жазадан босату онша ауыр емес және орта ауырлықтағы қылмыстар үшін ғана емес және орта ауырлықтағы қылмыстар істеген адамға қатысты жүзеге асырылуы мүмкін. Жазадан тек сот босата алады. Ал қылмыстық жауаптылықтан босатуға тергеуші, прокурор, анықтау органы құзіретті. Және қылмыстық жазадан босату қылмыскерді қылмыстық жауаптылықтан босатпайды[1]. Ал қылмыстық жауаптылық қылмыстық жазасыз-ақ жүзеге асырыла береді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабының санкциясында көзделген шектен шықпағанымен, түрі мен мөлшері жағынан шектен тыс жұмсақ немесе шектен тыс қаталдығы салдарынан әділетсіз болып табылатын жаза қылмыстың ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмейді деп танылады.

Апелляциялық саты тек прокурордың наразылығы бойынша не жәбірленушінің немесе оның өкілінің, сондай-ақ сот арқылы ақталған, ақталу негіздемелерімен келіспеген адамның шағымы бойынша ғана ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің күшін жоя алады.

Егер ақталған адамның кінәсіздігіне немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің мәніне дау айтылмаса, қылмыстық іс жүргізу заңды елеулі бұзылды деген себеппен ақтау үкімінің, істі қысқарту туралы қаулының немесе сотталушының пайдасына шығарылған өзге де шешімнің күшін жоюға болмайды.

Егер апелляциялық саты;

1) бірінші сатыдағы сот жол беріп, үкімнің заңдылығына ықпал еткен немесе ықпал етуі мүмкін қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзуды;

2) соттергеуінің біржақтылығын немесе толық еместігін;

3) азаматтық талап қою шешілмегенін немесе дұрыс шешілмегенін анықтаса, іс үкім шығарған соттың жаңадан талқылауына, бірақ судьялардың өзге құрамының қарауына жіберіле отырып, үкімнің күші толық немесе бір бөлігінде жойылуға тиіс.

Заң дұрыс қолданылмаған жағдайда апелляциялық сатыдағы сот:

1) сот белгілеген жазаны немесе түзеу мекемесінің түрін жеңілдетуге;

2) онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдануға және қылмыс дәрежесінің өзгеруіне сәйкес жаза белгілеуге, сондай-ақ түзеу мекемесінің неғұрлым жеңіл түріне ауыстыруға;

3) тағылған айыптау шегінен немесе соттың басты талкылауы кезінде мемлекеттік немесе жеке айыптаушы қолдаған айыптау шегінен шықпай, неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға және осыған байланысты неғұрлым қатаң жаза белгілеуге;

4) егер жаза мөлшерін ұлғайту арифметикалық қателерді немесе алдын ала қамауда ұстауды есептеу кезіндегі қателерді жоюға байланысты болса, қылмыстар жиынтығы бойынша немесе үкімдер жиынтығы бойынша, сондай-ақ қылмыстардың кәнігілігі кезінде жаза белгілеуді реттейтін қылмыстық заңның дұрыс колданылмауын жоя отырып, жаза мөлшерін ұлғайтуға;

5) егер бірінші сатыдағы сот қолданбаған болса, қылмыстық заң бабының санкциясына сәйкес қосымша жаза қолдануға;

6) сотталған адамға түзеу мекемесінің заңда көзделгенінен неғұрлым жұмсақ түрін тағайындаудың күшін жоюға және түзеу мекемесінің түрін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес тағайындауға;

7) егер бірінші сатыдағы сот жасамаса немесе дұрыс жасамаса, тиісті қылмыстардың кәнігілігі бар екендігін тануға;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабының бесінші бөлігіне сәйкес бұрынғы үкім бойынша шартты соттаудың күшін жоюға және осыған байланысты, егер бірінші сатыдағы сот жасамаған болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабының ережелері бойынша жаза белгілеуге;

9) егер сот үкімімен тағайындалған жаза тым жұмсақ деп танылса, жаза мөлшерін ұлғайтуға немесе жазаның неғұрлым қатаң турін тағайындауға құқылы.

Апелляциялық сатыдағы сот осы баптың бірінші бөлігінің 3)-9) тармақтарында көрсетілген шешімді осы негіздер бойынша прокурор наразылық келтірген немесе жеке айыптаушы, жәбірленуші, олардың өкілдері шағым жасаған жағдайда ғана қабылдауға құқылы. Жазадан босату – бұл кінәлі адамды жазаның мазмұны болып табылатын құқықтық шектеулер мен құқықтырынан айыру шараларынан босату. Аталған институтты қолданудың негізі сот тағайындаған жазаны орындаудың мүмкін болмауы мен жазаны атқарудың орынсыздығы болады. Кейде қылмыстық жазадан босатуды қылмыстық

жауаптылықты жүзеге асыру тәсілінің бір формасы ретінде қабылдап, оны қылмыстық жауаптылықтан босатудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Іс жүзінде қылмыстық жазадан босату - өз алдына дербес қылмыстық құқықтық институт[2].

Мерзімінен бұрын босату қолданудың шарттарының бірі тағайындалған жазаның заңда бекітілген бөлігін өтеу болып табылады. Оның ұзақтығы қылмыс дәрежесіне тікелей байланысты. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату сотталған адам тағайындалған жазаның мынадай бөлігін өтеген соң қолданылуына жол беріледі.

1. Ауырлығы онша емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жазаның мөлшерінің кемінде жартысын өтеген соң;

2. Ауыр қылмысы үшін тағайындалған жазаны кемінде үштен екі бөлігін өтеген соң;

3. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін тағайындалған жазаның кемінде төрттен үш бөлігін өтеген соң, сондай-ақ бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, бірақ шартты түрде мерзімінен бұрын босату осы баптың жетінші тармағында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған адамға тағайындалған жазаның төрттен үш бөлігін өтеген соң қолданылады.

Қылмыстың ауырлық дәрежесіне тәуелсіз бас бостандығынан айыру жазасын өтеу барлық жағдайда 6 айдан кем болмауы тиіс.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандарды жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ерекше тәртібі белгіленген. Сот мұндай тұлғаны бас бостандығынан айыру жазасының кемінде 25 жылын өтеген соң, бұдан ары аталған жазаны қолдануды қажет етпейді деп анықтаса мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Түзелу процесі жазадан босатылған соң да жүретін болғандықтан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға белгілі бір міндеттемелер жүктелуі мүмкін: тұрғылықты мекен-жайын, қызметін, сотталғанның мінез-құлқына қадағалау жүргізуші арнайы мемлекеттік органның рұқсатынсыз ауыстырмау, белгілі бір орындарға бармауға, алкоголизм, наркомания, таксикомания, соз немесе ВИЧ, СПИД ауруларына емдеу курсын өту, жанұясына материалдық көмек беріп тұру т.б. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған тұлғалардың мінез-құлқын қадағалауды осы құзіреттілік берілген арнайы мемлекеттік орган, ал әскери қызметшілерге қатысты - әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиесі жүзеге асырады.

Шартты түрде – мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдағанда сот ешқандай сынақ мерзімін белгілемейді. Өйткені сынақ мерзімі жазаның өтелмеген бөлігі аяқталғанша созылады.

Қылмыстық кодекстің 70-бабының 7-тармағында шартты түрде мерзімінен бұрын босату тоқтатылатын негіздер көрсетілген. Егер жазаның өтелмеген ауқыты аяқталғанша сотталған адам қоғамдық тәртіпті бұзып, әкімшілік жауаптылыққа тартылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану барысында сот жүктеген міндеттерін орындаудан қасақана жалтарған жағдайда сот осы тұлғаның мінез-құлқын қадағалаушы органның ұсынысы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды тоқтату және жазаның өтелмеген бөлігін орындау жөнінде қаулы шығарады. Жаңа Қылмыстық кодекс бойынша бұрынға кодексте көрсетілгендей қоғамдық тәртіпті бірнеше қайталама бұзудың қажеті жоқ. Бірғана қоғамдық тәртіпті бұзудың орын алғандығы анықталса жеткілікті. Міндеттерін орындаудан қасақана жалтару деп – жазбаша ескертуден кейін де жалғасын тапқан жүктелген міндеттерін орындаудан бас тартуды айтамыз. Егер жазаның өтелмеген бөлігі аяқталғанша жаңа қылмыс жасалынса, ол қылмыстың қасақана жасалғаны немесе абайсыздықта жасалғанын анықтау қажет. Өйткені мұндай қылмыстардың құқықтық салдары әртүрлі болуы мүмкін. Егер қылмыс абайсыздықпен жасалынса, сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды күшіне қалдыруы немесе тоқтатуы мүмкін. Ол үшін істің барлық объективтік және субъективтік жағдайлары қаралуы, ескерілуі қажет. Егер қасақана қылмыс жасалса, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату тоқтатылып, жаза Қылмыстық кодекстің 60-бабында көзделген тәртіпке сәйкес тағайындалады. Абайсыздықпен қылмыс жасалып, сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды тоқтату

қажеттілігі туралы қорытындыға келсе, бұл да 60 – баптың ережелеріне сәйкес жазалауға жатады.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғурлым жеңіл жаза түрімен алмастыру тәртібі Қылмыстық кодекстің 71-бабында көрсетілген. Аталған босату түрі жазаның мақсатына өтелмеген жазаны жеңіл жазаны қолдану арқылы жетуге болатындығы анық болған жағдайда қолданылады. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен алмастырудың жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан айырмашылығы ол тек бас бостандығынан айыру жасзасына сотталғандарға ғана қатысты қолданылады [3].

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде жаңа қылмысты жасаған сотталған адамға қатысты сот Қылмыстық кодекстің 60-бабының ережелеріне сәйкес жаза тағайындайды [4]. Осылайша жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі аяқталған сон немесе оған негіз болатын мәселелерді жоятын жағдайлар туындауына байланысты сот сотталған адамның мінез құлқын бақылауды жүзеге асыратын органның пікірін ескере отырып, мына мәселелерді шешеді:

***Библиографиялық тізім:***

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2015 жыл.
2. А.Н. Ағыбаев Қылмыстық құқық, Жалпы бөлім, Алматы 2000.
3. Д.Б. Бұғыбай Қылмыстық құқық, Жалпы бөлім, Алматы 2011.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. Жауапты авторлар: з.ғ.к. проф. С.М.Рахметов, Т.Ә.Бапанов.

ӘОЖ (343.82)

## АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Сарсенова М.М.***
*з.ғ.м., оқытушы*
***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Абдрахманова М.Б.***
*аға оқытушы*
***Канаева А.А.***
*оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуы мәселелерін зерттеу саласында көптеген ғылыми ізденістер жүргізілуде, олар адамның тіршілік әрекетінің барлық аясын қамтиды деп айтуға болады.

- Бұған саяси-экономикалық сөз бостандығы;
- қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар құру;
- мемлекет істерін басқаруға қатысу;

тұрғылықты жерін ауыстыруға және т.б.), әлеуметтік (білім алуға құқық, еңбек ету бостандығы, әлеуметтік қамтамасыз ету: жәрдем ақы, зейнет ақы және басқа да төлемдерге құқық) және жеке өмір сүруге құқық, жеке өмірге, ар-намыс, беделіне қол сұқпаушылық; жеке меншікке және басқа да құқықтары) құқықтар кіреді.

Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары институтының зерттелуі, жеке адамға оның бостандығы елеулі шектеулерге ұшырайтын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен сипатталушы қылмыстық-процессуалдық аясымен де толықтырылады. Осындай шараларды қолданудың заңдылығын, әлеуметтік негізділігін

және жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылатын бассыздықты бөлуші жіп болып жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделері сақталуының конституциялық және қылмыстық-процессуалдық кепілдіктері табылады. Осындай кепілдіктердің бірі ретінде адам және азаматтың құқықтары мен бостан дық-тарын сот арқылы қорғау принципі жүреді.

ҚР Конституциясының 13-бабының 2-бөлігіне сәйкес, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Бұл Қазақстан Республикасында әркім өзінің құқықтары мен бостандықтары заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы дегенді білдіреді. Барлық жеке тұлғалар өзінің бұзылған немесе талас тудыратын құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге бірдей құқылы. Кез келген жеке тұлға сотқа өзі тікелей немесе өзінің өкілі арқылы жүгіне алады[1]. Бұл құқық ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 12-бабында да өз жалғасын тапты [2].

Сот тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты құралы ретінде қарастырылады. Көптеген елдердің конституциялары сотқа жүгіну құқығын жеке тұлғаның жеке және ажыратылмас құқығы ретінде тұжырымдайды. Ешкім де оның ісін сотта қарау құқығынан ажыратылмайды. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау құқығы жеке тұлғалар мемлекеттік орган дардың, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың кез келген заңсыз әрекеттері мен шешімдеріне сотқа шағымдану арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-тармағында Қазақстан Республикасында сот төрелігін іске асыру қағидалары тұжырымдалған:

- жеке тұлғаның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

- өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

- сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы [1].

Жеке тұлғаның азаматтық құқықтары мен бостандықтарын сот жолымен қорғау әртүрлі мақсаттарды көздейді: бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру, бұрынғы ахуалды қалпына келтіру, материалдық және моральдық зиянның орнын толтыру, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға қабылдаған және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын нормативтік құқықтық актіні түгелдей немесе ішінара бұзу, бұл құқықтарға қол сұққан тұлғаны кінәлі деп табу және оны жауапкершілікке тарту.

Жеке тұлға және азамат құқықтары мен бостандықтарын сындарлы сот қорғауын қамтамасыз ету, сонымен бірге сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту және нығайту үшін Республика Президентінің «Қазақстан Республикасының тәуелсіз сот жүйесін күшейту ша-ралары туралы» жарлығы шығарылды, оған сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Со-тының жанынан сот әкімшілігі жөніндегі Комитет құрылып, сот органдарының атқарушы биліктен тәуелділігінен арылуға мүмкіндік туды. Соттардың тәуелсіздігі бағыты «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңда да жалғасын тапты.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау мәселелерімемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік берілетіндігі туралы айтылған [3].

2006 жылдың 16 қаңтарында «Алқа билер туралы» Қазақстан Республикасының заңы және «Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін алқа билерінің қатысуларымен жүргізуді енгізу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне

қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заң қабылданды. «Қазақстан Республикасында алқа билерінің қатысуларымен сот жүргізуді енгізу сот ісін жүргізудің ашықтығы мен демократиялылығын қамтамасыз етуге, жеке тұлғаның сот билігіне сенімдерін арттыруды қалыптастыруды көздейтін негізгі бағыттарының бірі болып табылады [4].

Тәуелсіз алқа билерінің соты – Қазақстан қоғамын демократияландырудың маңызды кезеңі, ал алқабилер сотының қызметі халық билігі конституциялық қағидасының көрініс табуының элементтерінің бірі. Алқа билер институты сот процесінің барысына ықпал жасай отырып, бір мезгілде жаппай құқықтық мәдениеттің тамыр жаюына, қоғам мен мемлекет араларында кері байланыс орнатылуына жәрдемдеседі.

Осыған байланысты оларда азаматтық, мемлекетте атқаратын қызметі мен рөлінің маңыздылығын сезінуі нығая түседі. Алқа билері өздерінің адамгершілік категорияларын түсіндірулеріне байланысты құқықтың мәнін ұғынып, адам құқықтары идеяларын бойларына сіңіреді; құқыққа қарсы мінез-құлықтар үшін жауап беру процесін тікелей бақылауға мүмкіндік алады. Осыған байланысты азаматтықты, мемлекетте орындайтын қызметінің маңыздылығын түсіну сезімі артады.

Алқа билер сотын енгізу судьялар корпусының сыбайлас жемқорлыққа табындығы туралы аңызды да сейілтуге мүмкіндік туады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да сот жүйесіне қатысты мәселелер қарастырылған болатын. Атап айтсақ:

«Судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, шығаруға тиіс. Судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта қарау қажет. Аппеляциялық инстанциялардың істерді қарауға төменгі соттарға қайтару жөнінде негізсіз ше шімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу керек. Жоғарғы Соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сөйтіп, өз жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылады. Судьялардың заңды бұзуы жұрттың бәріне жария етілетіндей төтенше оқиға болуға тиіс. Арбитраждық және аралық соттар жүйесін нығайту керек», – деді Президент Н.Ә. Назарбаев [5].

Адам құқығының бұзылуы – тек бір мем-лекетті ғана емес, күллі әлемді алаңдатып отырған күрделі мәселе. Бұл – азаматтардың өз құқықтарын толығымен жан-жақты білмеуін көрсетеді. Ұлы ойшыл Аристотельдің «Әлемді заң билеуі керек» деген сөзі бар. Олай болса, заң болған жерде азаматтардың қалыпты өмір дағдылары және қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмір сақталары сөзсіз.

ҚР-ның Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Конституциясының 16 және 81-бап-тарын ресми талқылау туралы №13 Қаулысына сәйкес сотпен қамауға алуды және тұтқындауды санкциялау, лауазымды адамдардың құқыққа қайшы әрекеттеріне, Конституцияның 76-бабының 2-бөлігінен туындайтын мемлекеттік ор-ган дардың заңсыз актілеріне қылмыстық іс жүргізудің қатысушыларының шағымдарын (наразылықтарын) қарауы қылмыстық іс жүргізуде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғаудың құралы болып табылады. Соттың көрсетілген өкілеттіктері Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 наурыздағы Конституцияның 76-бабының 2-бөлігін талқылауға қатысты «сотқа заң негізінде адам және азаматтың кейбір конституциялық құқықтарын шектеуді болдырушы шешімдер, үкімдер және басқа да қаулылар шығаруға, лауазымды адамдардың құқықсыз әрекеттеріне шағымдарды қарауға, Конституция да және Республиканың заңдарында бекітілген жағдайларда мемлекеттік органдардың заңсыз актілерін жоюға құқық берілген» деп көрсетілген қаулысымен расталады.

Тергеу әрекеттерін, жедел іздестіру шараларын, ұстауды, қамауға алумен тұтқындауды санкциялау Конституциямен бекітілген прокуратураның жедел іздестіру қызметін анықтау және тергеу, сондай-ақ қылмыстық қудалауды прокуратурамен жүзеге асыруда заңдылықты жоғары қадағалаудың бір нысаны болып табылады. Бұлардың жүзеге асырылуы кезінде де, біздің ойымызша, тәуелсіз орган ретінде сот тұруы қажет.

Осыған байланысты Конституцияда бекітілген адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуші тергеу әрекеттерінің де, атап айтқанда, тінту;

- пошта-телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау, оларды тексеру мен алу; хабарды жолжөнекей ұстау;

- сөйлесулерді тыңдау мен жазудың сотпен санкциялануы шынайы құқықтық мемлекет болудың бір кепілі деп пайымдауға мүмкіндік береді.


***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N4, 217-құжат.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Қылмыстық іс жүргізу кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат.

3. Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 25 желтоқсанындағы N132-11 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан 2000. – 30 желтоқсан. – N 333-334.

4. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Алқабилер туралы Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 2, 18-құжат.

5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуы ның басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан» 2012 жыл 28 қаңтар №41-42 (27114).


ӘОЖ (351.82)

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ


***Сарсенова М.М.***
*з.ғ.м., оқытушы*
***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Канаева А.А.***
*оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына арналған **«Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»** Жолдауына сай саяси және экономикалық қызметтің монополиялануы қаңтар оқиғаларының туындауына басты себеп болғаны бүгінде бүкіл қоғамға мәлім. Біз қасіретті қаңтардан мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды. Қай елде болса да, тамыр-таныстық кадр іріктеу ісін бұрмалап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына әкеп соқтырады. Тамыр-таныстық пен рушылдық құрдымға бастайтынын нақты ұғыну қажет. Мұндай қарым-қатынас шағын ғана топтың шалқып өмір сүруіне жол ашады. Ал, өзгелерді өмірінің ешқандай болашағы жоқ екеніне біржола мойынсұнып, тек өлместің күнін көру үшін арпалысуға мәжбүрлейді. Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші

болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайтындығы туралы атап өтті [1].

Мемлекеттік қызметтің азаматтардың еңбек іс-әрекетінің бір түрі болып келетіні сөзсіз. Сондықтан да мемлекеттік қызмет жалпылай ұйымдастыруға тән барлық қасиеттерге негізделеді. Мемлекеттік кызмет деп әлеуметті пайдалы, объективті кажет және басқарылу персоналының ұйымдасқан нысанындағы қызметін айтамыз.

Мемлекетті басқару органдарында басқару мамдарын жинаудың, басқару функциялары мен өкілеттіктердін лауазымды тұлғалар арасында бөлінудің арнайы тәсілдері, мемлекет және еңбек процесін басқару, басқару органдарының жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасақталған. Бұл тұжырым мемлекеттік қызмет еңбек құқығының жалпы нормаларына негізделеді.

Мемлекеттік қызмет деп белгілі бір іс-әрекеттің түріне қатысты, яғни кәсіп, мамандық, біліктілік, лауазымға қатысты жұмыстың орындалуын айтамыз. Кәсіп - еңбек кызметінің көп саласы. Бұнда мемлекет қызметкері өз мамандығына сәйкес бар білімін, талабын толығымен қолдана алады. Мамандық көрсетілген кәсіптің аясындағы еңбек қызметінің тар саласы. Бұнда мемлекет қызметкері жұмысты тиімді атқаруы үшін өзінін бұл сала бойынша алған терең, жан-жақты білімін қолдана алады. Ал біліктілік болса, белгілі бір қызметкердің қандай да дәрежедегі ауыр қызметті атқара алатынын анықтайды. Біліктілік-біліктілік сыныптарымен анықталады.

Мемлекеттік қызметтің тағы бір белгісі мемлекеттік қызметкердің басқару органы кызметіне тікелей қатысуы. Бұл дегеніміз - азаматты басқару органының құрамына, яғни штатқа және мемлекеттік органның басқару қызметіне енгізілуін айтамыз.

Лауазымды тұлғаның басқару органының ішкі еңбек тәртібіне бағынуы - мемлекеттік қызметтің келесі белгісі болып табылады. Ішкі еңбек тәртібінің мазмұнын құрайтын лауазымды тұлғалардың бірлескен басқару қызметін, ұжымның накты және дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, басқару органының осындай режимін анықтайтын нормалар құрайды. Ішкі еңбек тәртібі заңдармен, ішкі еңбек тәртібінің типтік ережелерімен және осының негізінде қабылданған басқару органының жергілікті ішкі тәртіп ережесімен реттеледі. Мемлекеттік басқару органының ішкі еңбек тәртібінің ажырамас белгісі болып субординация жүйесі, яғни лауазымы бойынша төмен мемлекеттік қызметкерлер лауазымы жоғары қызметкерлерге толық есеп беруімен айқындалады. Басқару органынын ішкі еңбек тәртібіне бағыну-әрбір лауазымды тұлғаның міндеті болып саналады [3].

Мемлекеттік қызметтің тағы бір ерекшелігі жалақы болып табылады. Мемлекеттік қызметкерге жалақы: еңбекті бағалауда барлығына ортақ критерийлерге негізделе отырып, жалақы еңбектің сапасы мен мөлшеріне сәйкес төленеді. Жалақы алдын-ала қабылданған нормалар негізінде өндіріледі; жалақының негізгі бөлігі басқару органының штат кестесімен анықталады, ал қосымшасы - мемлекет қызметкерінің біліктілік деңгейіне және басқа жағдайларға (біліктілік сыныптар үшін мемлекеттік қызметте істеген жылдары үшін төлемдер, сыйақы және т. б.) байланысты анықталады, төленетін ақша мөлшері жағынан шектелмейді, бірақ заңда көрсетілген минимальды мөлшерден кем болмауы тиіс.

Мемлекеттік қызмет дегеніміз - мемлекеттік органдарда және олардың аппараттарындағы Конституцияның негізінде жүзеге асырылатын және мемлекеттік басқаруға, мемлекеттік міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған азаматтардың кәсіби қызметі. Заңдарда бекітілген бірыңғай мемлекет саясаты мен мүдделерін басшылыққа алуы тиіс.

2015 жылы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Рспубликасының Мемлекетік қызмет туралы Заңы нормативті құқықтық актілермен мемлекеттік қызметтің жаңа моделі анықталды. Бұл заң мемлекеттік қызметшілердің анықтамасын нақты анықтады.

Мемлекеттік қызметші - ол заңмен белгіленген қызметті атқаратын, ақысы республикалық немесе жергілікті бюджеттен, не болмаса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен төленетін мемлекеттік органдағы лауазым иесі және өзінің лауазымына сәйкес мемлекеттік қызметі міндетін атқаратын Қазақстан Республикасының азаматы. Тек, мемлекеттік қызметшілерге техникалық қызметшілер, «қызмет етуді қамтамасыз» ететін персоналдар кірмейді. Мемлекеттік қызметкер үшін азаматтың біліміне, дайындығына және тәжірибесіне сай қабылдану, тағайындалу, конкурс және сайлау арқылы алынады:

Қабылдану-бұл мемлекеттік қызметке алынғанда ең көп қолданылатын тәсіл.

Тағайындау-бұл мемлекеттік қызметке алу тәсілі 3 түрлі жолмен жүреді:

1) сәйкес органның немесе лауазымның тағайындалуы. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекет хатшысын тағайындауы.

2) ұсыныс-сәйкес органның немесе лауазымның басқа бір сәйкес органға немесе лауазымға жасаған ұсынысы арқылы мемлекеттік қызметке алынады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Сенаты Жоғарғы Сот төрағасын тағайындайды.

3) келісім - сәйкес орган немесе лауазым басқа бір сәйкес органмен немесе лауазыммен келісім арқылы мемлекеттік қызметке тағайындалуы. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасы Парламентімен келісіп, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрін тағайындайды.

Сайлау - мемлекеттік қызметке саяси қызметшілердің ішіндегі ең бастылары, ең жоғарғысы Қазақстан Respрубликасы Президенті және Қазақстан Республикасы Парламент депутаттарын сайлау арқылы мемлекеттік қызметке тағайындалады.

Конкурс- Қазақстан Республикасының «мемлекеттік қызмет туралы» заңының 16-бабына сәйкес мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Конкурс арқылы әкімшілік мемлекеттік қызметке тұруға Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының тең құқығы бар. Бұл құқық біздің мемлекетіміздің Конституциясына сәйкес демократизациялануының бір белгісі болып табылады [2].

Мемлекеттік қызметке тұруға тең құқық болғанмен, оған әркім тұра алмайды. Алдымен, мемлекеттік қызметке тұрушыларға белгілі бір шартгар қойылады. Конкурстық таңдау мемлекеттік қызметке үміткерлер арасында бәсекелестік туғызады, ал бұл болса мемлекеттік қызметке жоғарғы сападағы мамандарды алуға алғы шарттардың бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметке алудың ескі тәртібіне қарағанда, конкурс бойынша вакантты́қ орындары бар мемлекеттік органдар жүргізеді. Бұл конкурстардан өтудің белгілі бір этаптары бар, олардың қатарына:

- конкурстың өтуі туралы жарнаманың жариялануы;
- конкурстық комиссияның құрылуы;
- берілген шарттарға сәйкес конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және оларды талдау;
- үміткерлерді тестілеуден өткізу;
- әңгімелесу (собеседование);
- конкурс комиссиясының соңғы отырысы.

Конкурсты өткізуші мемлекеттік органның ашықтығын қамтамасыз ету үшін сол орган өткізілейін деп жатқан конкурс және бос орындар туралы республикалық ақпарат құралдары арқылы жариялауға міндетті. Конкурстық комиссия болса, сәйкес органның басшыларынан құрылады. Содан кейін құжаттарын тапсырған үміткерлердің құжаттарын талдау арқылы таңдау басталады. Жасалған талдау негізінде конкурс комиссиясы үміткерлерді тестілеуге жіберу-жібермеуге шешім қабылдайды. Тестілеу арқылы

үміткерлердің білімін анықтау жүргізілген соң ең жоғарғы балл жинағандар әңгімелесуге (собеседованиеге) өткізіледі.

Мемлекеттік саяси қызметшінің өкілеттіктері мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған, мемлекеттік қызметшілердің саны немесе штаты қысқартылған, мемлекеттік саяси лауазым мемлекеттік әкімшілік лауазымға өзгертілген жағдайларда да тоқтатылуы мүмкін [4].

Қорытындылай келе, мемлекетіміз ешқандай елдің жүйесін көшіріп алған жоқ деп батыл айтуымызға болады. Себебі мемлекеттік қызмет дегеніміз - әр елдің өз мәдениетін, тарихын, дәстүрін, тілін ескеретін ерекше бір мемлекетіміздің аясы болып табылады. Болашақта, енді бізге ең маңыздысы мемлекеттік кызмет туралы заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің демократиялық құндыдықтарды сақтауын, қоғам мен азаматтардың мүдделерінің сақталуын, қоғам мен азаматтарға адал қызмет атқаруын қамтамасыз ету болып табылады.

***Библиографиялық тізім:***


1. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауы 16 наурыз 2022. 2-б.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекетік қызметі туралы Заңы 2015 жылы 23 қараша.5-б.
3. ҚР әкімшілік құқығы. Сарсенова М.М., Айдарбекова К.Ж., Караева А.О., Шымкент-2018-42б.
4. Әкімшілік жауаптылық Оқулық. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О., «Nurpress» баспасы, Алматы -2018.-4б.


ӘОЖ (351.82)

# ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ


***Сарсенова М.М.***
*з.ғ.м., оқытушы*
***Караева А.О.***
*аға оқытушы*
***Абдрахманова М.Б.***
*аға оқытушы*
***Канаева А.А.***
*оқытушы*
*Шымкент университеті, Шымкент қ.*


Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қоғамдық тәртіпсіздіктерге нөлдік төзімділікті қалыптастыру, кез келген ұсақ құқық бұзушылықтардың жазасыз қалмауына, мәдениетсіздік пен бассыздыққа жол бермеуге баса мән беріп, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне жауапты міндеттер жүктеді [1].

Қоғам қашанда белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа сүйене отырып өмір сүреді. Ол әрбір азаматтың саналы, жақсы тіршілігі мен жарқын болашағына жол ашады. Ал қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, ондай қоғамның келешегі болмайды. Сол себепті қоғамды белгілі бір заңдылыққа сүйене отырып, тәртіп орнатудың маңызы зор. Қоғамдағы тәртіп адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін реттейтін қағидалардың әсерімен орнатылады. Барлық қарым-қатынасты құқықтық тұрғыдан реттеу өте күрделі; ол көп

салалы және көп жүйелі процесс. Сонымен, қазіргі уақытта реттелу субъектілері мен объектілеріне байланысты, белгілі жағдай мен аумақ аясында қолданылатын реттеу түрлері мен тәсілдері қалыптасқан.

Құқық бұзушылық - заңды жауапкершілік. Заңды жауапкершілік жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мақсат-мүддесін қорғаудағы өте күрделі, өте маңызыды шара. Оның әрбір салаға байланысты бөлінетін түрлері бар, солардың ішіндегі ең маңыздысы – қылмыстық жауапкершілік болып табылады.

Қоғамдық орындарда балағаттау, азаматтың ар-намысына, шамына тию, ұрыну, қоғамдық тәртіпті және азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер, егер өздерінің сипаты жөнінен қылмыстық жауапқа тартуды талап етпесе, ұсақ бұзақылық ретінде қарастырылады. Заңда ұсақ бұзақылық үшін әкімшілік жолмен ықпал ету шараларын қолданудың айрықша тәртібі белгіленген. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 434-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұсақ құқықбұзушылық жасаған адамға әкімшілік айыппұл салу немесе қамаққа алу шаралары қарастырылған [2].

Осы орайда, қазіргі қоғамдағы ұсақ құқықбұзушылықтарға, бұзақылыққа және мәдениетсіздікке мүлдем төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру шеңберінде тиісті органдар мектептер мен жоғары оқу орындарында сәйкес іс-шараларды өткізудің қолға алған болатын.

Десек те, Астана қаласында әкімшілік құқықбұзушылықтың осы бір түрінің әлі де болса жиі кездесетінін сот тәжірибесінен байқауға болады. Бұл елорда тұрғындары мен қонақтарының мәдениетінің және әкімшілік жауапкершілік туралы білімінің жеткіліксіздігінің көрінісі болса керек.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігіне сәйкес ұсақ құқықбұзушылық жасаған 2016 жылы барлығы 65201 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде 3337 жасы 20-ға жетпеген құқықбұзушылар. Жас мөлшері бойынша 20-30 жас аралығындағы адамдардың саны – 17647, 30-40 жас – 18339, 40 жастан жоғары бұл көрсеткіштің төмендеу тенденциясы байқалады. Ұсақ құқық бұзушылық жасағандардың 91%-ы ер адамдар екеніне назар аудару керек.

Біз ең ұсақ құқық бұзушылық, бұзақылық, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам екендігін үнемі атап көрсеткен жөн.

Қоғамдық орындарда тәртіп бұзу, яғни өзге адамдардың намысына тиетін сөздер айту, онда түкіру, рұқсат етілмеген жерде шылым шегу, мас күйде шу шығару және жүргізушілердің бірін-бірі басып озуы сияқты ұсақ бұзақылықтардың жазасы бар екенін білмейтін адам жоқ. Алайда ұсақ бұзақылыққа жатпайтын әрекеттер де бар.

Бұл құқық бұзушылықтардың барлығы 2014 жылы 5 шілдеде қабылданған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көрсетілген. Осы заңның 434-бабы бойынша қоғамдық жерде қоқыс, коммуналдық қалдықтарды тастау, айналасындағы адамдарды сыйламау, құрмет білдірмеу, балағат сөздер айту, рұқсат етілмеген жерде шылым шегу сияқты ережебұзушылық жасаған адамға ***15 315 теңге (5 АЕК)*** мөлшерінде айыппұл салынады немесе ***10 тәулікке дейін*** әкімшілік қамауға алынуы мүмкін. Мұның барлығын әкімшілік сот шешеді. Яғни оқиға орнында хаттама толтырылып, материалдар әкімшілік сотқа жолданады. Ол әрекеттер бір жыл ішінде тағы қайталанса, ереже бұзушы ***15 тәулікке дейін*** қамауға алынады.

Сондай-ақ, қазіргі таңда алкоголь ішіп, қоғамдық орындарда шу шығарып, өзге адамдардың демалуына кедергі келтіретіндер көп. Мұндай сипаттағы құқық бұзушылық жасағандар заң бойынша **-** ***15 315 теңге (5 АЕК)*** мөлшерінде айыппұл міндеттеледі.

Заң бойынша алкоголь ішіп, масаң күйде айналасындағыларға кедергі келтіргендерді немесе қоғамдық жерде тәртіп бұзғандарды фото немесе видеоға түсіруге рұқсат етілген. Себебі кез келген адам Қазақстан азаматы ретінде, қоғамға жаны ашитын адам ретінде, сондай-ақ, құқық қорғау органдарына дәлел көрсету үшін фото және видеоматериалдар жасау құқығы бар. Себебі ол жағдай қоғамдық жерде болды, сондықтан куәгерлер ереже бұзған адамды фото немесе видеоға түсіре алады", - дейді заңгер.

Адамдар қоғамдық орында түкіруден тыйылмайды. Керісінше, бұл әдеттен арылмайтындар саны көбейіп жатыр. Кез келген қоғамдық орында, мейрамханада, саябақта, аялдамада, лифтіде, көлікте отырғанда түкіргендерге негізі ***15 315 теңге (5 АЕК)*** мөлшерінде айыппұл қарастырылған. Ал ол әрекет бір жыл ішінде қайталанса, 10 тәулікке дейін қамауға алынады. Әсіресе, көлік тізгінінде отырып, түкіре салатын адамдар көп. Оған дәлелдер болса, ереже бұзған адам міндетті түрде жазаланады.

Бұзақылық кезінде азаматтардың денсаулығына зиян келіп, ортақ меншікке залал келтіру жағдайлары жиі кездеседі. Амал не, бұл әрекеттердің салдарынан өзге де ауыр қылмыстар жасалып жатады. Осы сипаттағы бұзақылық үшін де ***5 АЕК*** мөлшерінде айыппұл салынады.

**Қытайда** көшеде түкіргендер, ұсақ-түйек қоқыс тастағандар 8 доллар мөлшерінде айыппұл төлеуіне тура келеді. Қытай астанасының басшылығы көшеде түкіру проблемасымен 2006 жылдан бері айналысып жатыр. Олар басқа адамдардың көзінше түкіруді қасындағы адамдарды құрметтемеу деп санайды екен.

**Сингапурде** сағыз шайнамақ тұрмақ, оны сақтауға, бір-біріне таратуға болмайды дейді. Ол есірткімен теңестірілген, бұл үшін кем дегенде 500 доллар айыппұл салынады. Тасталған қоқыс үшін 500-ден 1000 долларға дейін, рұқсат етілмеген жерден жолды кесіп өткендер болса 100 доллар, ал түкіргендерге 1000 долларға дейін айыппұл төлейді.

Ал **Малайзияда** жерге тасталған сағыз үшін 1 ай қоғамдық жұмыс және 500 доллар көлемінде айыппұл салынады, Тайландта болса 600 долларға дейін айыппұл салынады.

**Чехияда** да ережелер қатаң. Онда рұқсат етілмеген жерде сағыз бен басқа да қоқыс түрі тасталса, мәдени-тарихи орындарда спирттік ішімдіктер ішкендерге 5 доллар мөлшерінде айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 карашадағы "Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңында құқық бұзушылықтың алдан алу субьектілерінің жүйесін:

1) Мемлекеттік органдар;
2) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары;
3) мемлекеттік ұйымдар құрайды [1].

***Библиографиялық тізім:***

1. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы 2012 жыл 14 желтоқсан.

2. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс 2014 жыл 5 шілде.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 2008 жылғы 26 караша.

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ (БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ)

ӘОЖ 372.13

# БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕГІ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ФОРМАЛАРЫ

***Алпысова Ж.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Биологиядан сыныптан тыс жұмыс сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылып, негізінен тек биологияға қызығушылық танытатын оқушыларды ғана қамтиды. Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны оқу бағдармасы шеңберімен шектелмей, одан кең көлемді қамтып, көбінесе биология пәні ұстазының әсерімен болатын оқушылардың қызығушылығымен анықталады. Биология адамның рухани әлемін қалыптастыруға және байытуға ықпал ететін пән ретінде аса маңызды. Табиғатқа, туған жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік аяқ астынан пайда болмайды. Ол отбасынан, мектептен тәрбиеленеді. Көпшілік жағдайда дүниетанымның қалыптасуы, әлемді ғылыми тұрғыда түсіну биологиялық біліммен тығыз байланысты [1]. Экологиялық проблемаларды шешу жалпы биологиялық негізден басталатын экологиялық мәдениеттің алғы шарты – экологиялық сауаттылықсыз мүмкін емес. ЮНЕСКО деректері бойынша, қазіргі таңда қоғам өмірінде биологияның аса зор рөлінде қарамастан, жұртшылықтың биологиялық сауаттылығының төмендеуі байқалады, олардың биологиялық білім негіздерінен хабарлар емес екендігі көрінеді. Дегенмен көпшілік мемлекеттер биологиялық білімге қатты көңіл бөліп отыр. Мысалы, Америкада биология міндетті пәндер қатарына кіргізіліп, ал биолог мамандығы компьютер мамандығымен бірдей басқа барлық мамандықтар арасында рейтингте бірінші орында тұр.

*Биология сабақтарында жаңа форматтағы жеті модульді пайдаланудың тиімді жолдары.* Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында дамудың жеті басым бағытын айқындады, оларды жүзеге асыру әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына біздің еліміздің де қосылуына жол ашатын міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Осындай ең өзекті басымдылықтардың бірі қазіргі білім беру мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана – сезімнің даму көрсеткіші болып табылады. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпалын тигізеді [2].

Бағдарламаның модульдері:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Оқыту мен оқуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Биология пәнін оқытуда алға қойылатын міндеттер:

– Орта мерзімді және қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жасау;

– Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру,

– Жеті модульді үнемі пайдалана отырып сабақ өткізу;

– Өз бетінше білім алу дағдыларына негіз салу;

– Биологиялық білім деңгейлерін тереңдету;

– Оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыту;

– Интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру;

– Ғылыми көзқараспен белсенділікті қалыптастыру;

– Оқушының шығармашылық деңгейін дамыту;

– Сабақта АКТ пайдалану, электронды оқулықпен, интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу;

– Қосымша материалдар мен жұмыс жасауға үйрету.

Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- тіл байлығы жетіледі;
- еркін ойлауға мүмкіндік береді және өз ойын еркін жеткізе алады;
- оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды;
- жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады, жан-жақты ізденеді;
- ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.
- ақыл-ойын дамытады;
- шығармашылық белсенділігі артады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. «Қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін [3].

Мектептің жұмыс практикасында және әдістемелік әдебиеттерде сыныптан тыс жұмысы ұғымы сабақтан тыс жұмыс ұғымымен жиі теңестіріледі, ол дұрыс емес. Биологияда сабақтан тыс жұмыс ұстаз тапсырмасы бойынша барлық оқушылармен сабақтан, жеке зертханалық жұмыстармен, міндетті практикалық жұмыстармен тығыз байланысты, орындалғанына сынып журналына оқушыларға баға қойылады. Сабақтан тыс жұмысқа, мысалы, тұқым тақырыбын оқығанда үрмебұршақ тұқымының өнуін бақылау, ішек қуыстылар тақырыптарына гидраның бүршіктенуін бақылау т.с.с. жатады [4] .

Сыныптан тыс жұмыстарға биология бағдарламасы бойынша міндетті деп қаралатын ботаника және зоология бойынша жазғы тапсырмалар да жатады. Жалпы білім беретін мектептерде сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстар мен қатар факультативтік курстар ұйымдастырлады. Факультативтік курсты таңдап алу ерікті жағдайда болады да, ол арнайы оқулықтар мен бағдармалар арқылы тұрақты кесте бойынша өткізіледі. Биологиялық сыныптан тыс жұмыстан сабақтан тыс, бірақ мектептен тыс мекемелер өткізетін жұмыстарды ажырата білу керек. Мектептен тыс мекемелер үшін сабақтың арнайы бағдарламасы шығарылады (1-кесте) [5]. Жақсы ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстың оқу- тәрбиелік маңызы зор. Ол сабақта алған білімді одан әрі кеңейтіп, тереңдетіп, сезінуге мүмкіндік береді. Себебі осы кезде биология ғылымының негізгі әдістері – бақылау мен тәжірибе жасауды бір шектеу жоқ.

1-кесте

Биологияны оқытудың негізгі әдістері

| р/с | Жалпы білім | Бағдарлама бойынша міндеттер |
|---|---|---|
| 1. | Оқу барысында | Топтық ізденіс жұмыстар<br>Слайдтар, бейнероликтер<br>Хабарламалар |
| 2. | Сыныптан тыс | Танымжорық<br>Жоғарғы оқу орындарымен байланыс<br>Зертханалық және практикалық жұмыстар |
| 3. | Сабақтан тыс | Үйірме, факультатив<br>Олимпиадалар, сайыстар |

Қайсыбір құбылыстарды бақылау және тәжірибе жасау арқылы тікелей нысандар мен құбылыстар жөнінде нақты мағлұматтар алады. Мысалы, капуста ақ көбелегі немесе кәдімгі масаның дамуына әртүрлі жағдайдың әсер етуін, бір гүлді өсімдіктің өсіп дамуын ұзақ бақылау кез келген оқыту әдісіне қарағанда (әңгіме, коллекциялар, суреттер, тіпті фильмдер көруі) балалар санасында жақсы орнығады. Бақыланатын құбылыстардың нақтылығы, бақыланғанды қысқаша жазып алу қажеттілігі, тиісті қорытынды жасау, сонан соң сол туралы сабақта немесе үйірме отырысы кезінде әңгімелеу – осының бәрі оқушының ойлауының, бақылағыштығының дамуына себіп тигізіп, бұрын олар көңіл қоймай жүрген мәселелеріне де көңіл аударуларына себеп болады [6].

***Библиографиялық тізім***

1. Мырзабаев А.Б., Биологияны оқыту әдістемесі. Қарағанды, 2012.

2. С.Г.Мамонтов, В.Б. Захаров, Н.И.Сонин, Ә.Қ.Қисымова «Биология. Жалпы заңдылықтар». Оқулық. А. 2015ж

3. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. Алматы, 2012ж

4. Н.И.Сонин, Ә. Қ. Қисымова «Биология. Тірі организм». Оқулық, А. 2013ж

5. В.Б. Захаров, С.Г.Мамонтов, Н.И.Сонин, Ә.Қ.Қисымова «Жалпы биология». А. 2012-112 б.

6. Өстемиров К. Оқыту құралдарын пайдалану негіздері. Алматы, 2002 – 35 б.

7. Н.И.Сонин, М.Р.Сапин, Ә.Қ.Қисымова «Биология.Адам» Оқулық, А. 2004 – 56 б.

ӘОЖ 373.15

## ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

***Алпысова Ж.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Қазіргі кездегі қоғамның барлық даму кезеңінде және бүгінгі білімді жаңа форматағы сыныптан тыс жұмыстарды жаңалау, білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асыру жағдайында мектеп мұғалімдері өз үлестерін қосып отыр. Мұндай мектептердің жұмысы бүгінгі таңда заман сұранысын болашақ талаптарымен ұштастыра отырып, қазіргі жаһандану жағдайында жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған. Қазріг кезде оқыту мен тәрбие беру үдерісінде сабақтан басқа сыныптан тыс жұмыстардың орны ерекше. Жаңа форматағы сыныптан тыс жұмыстардың құрылымдық-

мазмұндық - оқушының теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және оқушылардың жеке қабілетін дамыта арта түседі. Оқушылардың сыныптағы және сыныптан тыс әрекеттерінің күрігуі қоршаған орта туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға, теория мен практика арасындағы байланысты қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие үрдісін құруда және оқушы тұлғасын қалыптастыруда үйлесімдікке жетуге, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді. Қазіргі мектептердегі оқу мен тәрбиенің кіріктірілуі мына төмендегі жұмыстар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабақтар ұйымдастыру;

- оқушыларды дамыта оқыту үшін әртүрлі жастағы дарынды балалар топтарын құру;

- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу. Оқушылардың сыныптағы сабақ үстіндегі және жаңа форматтағы сыныптан тыс әрекеттерін кіріктіру біріңғай педагогикалық жүйе құруға бағытталған, ондағы әр құралдар тәрбиелік және білімділік міндеттер кешенін шешуге көмектеседі. Мектеп басшыларынан, мұғалімдерден кәсіби икемділіктері мен шығармашылық қызметте, басқаруда ақпаратты қамтамасыз ету, талдау, жоспарлау, ұйымдастыру әрекетінде біліктілікті талап етеді. Яғни, мектеп жағдайында егер мұғалімдер оқушылардың қызығушылықтары мен сұраныстарын ескеруді көздеген болса, онда атқарылатын жұмыстардың түрлері оқу пәндері мен жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстың мазмұнын, мақсат-міндеттерін кіріктіре алатын болады. Курстық жұмыстың көкейтестілігі: оқушылардың жаңа форматтағы сыныптан тыс уақыттағы ақыл-ой, танымдық сипаттағы әрекеттерін күшейту - пәндік үйірмелер, бірлестіктер, қызығу бойынша клубтар, оқушылардың ғылыми қоғамдары желісін құру, ұжымдық танымдық шығармашылық істерді жүргізу арқылы жүзеге асады. Жалпы алғанда, сыныптан тыс әрекеттер оқушылардың білімдерін кеңейтіп, жан-жақты ізденулеріне мүмкіндік жасайды, өзіндік таным іс-әрекеттердің қорытындысы шығады және сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар тылсым дүниенің әртүрлі сырларын ұғынады. Курстық жұмыстың теориялық негізі: мектептердегі бүгінгі жаңа форматтағы сыныптан тыс сабақтардың сипатына көз салсақ, мұғалімдердің сыныптан тыс жұмыстар туралы қазіргі ойлары, сондай-ақ оларды қолданудың практикасы көп жаңалық, өзгерістер болып жатқанын көрсетеді. Практикада жиі кездесетін көптеген жаңалықтарды ғалымдар оқыту процесінде шығармашылықты дамытудың алгоритмі, яғни шығармашылықты дамытудың тәртібі мен ережесі. Мектепте жүргізілетін жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстар туралы жалпы сипаттама бере отырып, бастауыш сынып оқушыларының сыныптан тыс жұмыстарын ұйыдастыру жолдарын айқындау [31].

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін

қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді. Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларының дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторинг жасаудың жаңа формасы енгізіледі, яғни критериалды бағалау жүйесі [33].

Оқыту мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу - танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Ең бастысы – оқу үрдісінің өзі, жетістік критерийлері арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны белгілі болады. Білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу - танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстырылады.

Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бөлігі болып саналатын жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстар - баланың өмірге қажетті әлеуметтік ортадағы тәжірибесі мен қоғамдық құндылықтарды қабылдауын қалыптастыру. Сыныптан тыс жұмыстар келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

1. Балада жағымды Мен-тұжырымын қалыптастыру, бұл келесі факторларға байланысты: өзіне басқа адамдардың жақсы көзқараста екендігіне сенімділігі; өзінің белгілі тақырып немесе қызметті меңгеретініне сенімділігі; өзінің маңызды орын алатынын сезінуі. Жағымды Мен-тұжырымы баланың өзіне, өзін бағалауға, жеке тұлға қалыптасып дамуында оң әсер етеді. Түрлі формадағы жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстар баланың күнделікті сабақта байқала бермейтін жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашады. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі болуы баланы өзіне сенімділігін, өзін дұрыс бағалауын, өз іс-әрекетін бақылауын қалыптастырады. Сонымен қатар, әр түрлі жұмыстар баланың іс-тәжірибесі мен дағдысын, адамдар қызметінің әртүрлілігі туралы білімі мен біліктілігін арттырады.

2. Ұжымдық жұмыс жасау тәжірибесі мен серіктестік дағдысын қалыптастыруға жағдай туғызу. Оқу үрдісінде сыныптан тыс жұмыстарға қарағанда ұжымдасып жұмыс істеу мүмкіндігі аз. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар бір-бірімен барлық жағынан қарым-қытынаста болады. Әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар өзінің жаңа қабілеттерін ашып қана қоймай, ұжымдасып жұмыс істеуге үйренеді.

3. Әлеуметтік қызметтер қажеттіліктерін қалыптастыру. Бұл тікелей әртүрлі қызметтер түрімен танысуға байланысты. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстарды қоғам қажет ететін түрлі қызметтерді ұйымдастыру мүмкіндігі бар, бұл жағдай әсіресе теріс долға түскен жасөспірімдердің көбеюімен көкейкесті болып тұр.

4. Әлемтанудағы адамгершілік, эмоционалдық, еріктілік компоненттерін қалыптастыру. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстарда рухани адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды дәріптеу жақсы жолға қойылады. Ол оқушыларды өнермен байланыстырады.

5. Танымдық қызығушылықтарын дамыту. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстардың бұл міндеті оқу үрдісіндегі және оқудан тыс іс-әрекеттердің біртұтас екендігін білдіреді, өйткені сыныптан тыс жұмыстар оқу үрдісіндегі тәрбие жұмысы

сонымен қатар оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстағы оқушылар қызығушылығын тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі - мамандық таңдау мен еңбекке, кәсіпке баулуды шешеді.

6. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру. Қазіргі кезде келеңсіз жағдайлардың алдын алуда баланың бос уақытын педагогикалық ұйымдастыру қажет. Оқушылар тәртібі олардың бос уақытын қалай өткізетіндігіне байланысты екендігі анықталған [34]. Үлгермеуші оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарға тарту олардың оқуына кедергі келтіреді деген ұғым дұрыс емес. Қайта сол оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға көмектесу қажет. Биологияны оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі - жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Жаңа форматтағы сабақтан тыс жұмыс оқу жұмысын толықтырып, материалды оқушыға терең түсіндіруге, шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында ұйымдастырылады. Биология курсы бойынша жүргізілетін дәстүрлі жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыс түрлеріне: үйірме, факультативтік курстар, экскурсия, олимпиада, әртүрлі қызықты сайыстар, ғылыми жұмыстарды жатқызуға болады. Оқушылардың биология пәніне қызығушылығын арттыру, ой-өрісін және танымдық қабілеттін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру мақсатында жаңа форматтағы сыныптан тыс өтілетін сайыстардың маңызы зор. Тәрбие жұмысының негізгі бөлігі болып саналатын жаңа форматтағы сыныптан тыс жұмыстар - баланың өмірге қажетті әлеуметтік ортадағы тәжірибесі мен қоғамдық құндылықтарды қабылдауын қалыптастырады.

***Библиографиялық тізім***


1. Жүнісова К. Биология курсы қандай болуы тиіс //Қазақстан мектебі. Биология және химия. - Алматы, 2012ж.
2. Жүнісова К., Әлімқұлова Р., Жұмағұлова Қ.Ә Биология. Оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2015ж.
3. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2016.
4. Аманбаева М.Б. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыру әдістемесі: фил. док. (PhD) ... дис.: 6D011300- Биология. - Алматы, 2016ж
5. Коменский Я.А. Учитель учителей //(«Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.) Москва: Карапуз, 2009. С.255.


ӘОЖ 373.5

## ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БАҒДАРЛЫ ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

***Байжанова М.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беру маңызды рөл атқарады. Өскелең ұрпақты әлеуметтік мәдениетке сәйкес, жан-жақты дамыған, ұлттық бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру қоғам алдындағы ең басты мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты 12 жылдық орта білім беру жүйесіне көшу. Бұл қоғамдағы түрлі бағыттардағы өзгерістерге сәйкес білім берудің қызметіне жаңаша қарау, әлемдік жинақталған тәжірибеге және табыстарға сыни тұрғыда талдау мен бағалау, сонымен қатар ең маңыздысы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын қолдану.

Елбасымыз Н. Назарбаев 2012 жылғы 5 қазан күні «Назарбаев Университетінде» оқыған «Қазақстан білім қоғамы» дәрісінде: «Орта білім беру жолында біз 12 жылдық оқытуға көшуге дайындықты жалғастырамыз. Жаңа білім беру үлгі қалыптары әзірленуде...»-деп ерекше атап өтті. 12 жылдық білім беру ерекшелігі білім беру парадигмасының өзгеруі: білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мазмұнынан – құзыреттілікке негізделген білім беру мазмұнына ауысуы, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру, білім сапасын арттыру, отандық құжаттарымызды шетел мемлекетерінің талаптарына сәйкестендіру. Сонымен қатар 12 жылдық білім беру мектептің жоғары сатысындағы оқушыларды әлеуметтендіруді көздейтін профильдік оқытуды жүзеге асыруға, мектептің кәсіби білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты шыңдауға арналған [2].

Әлемдік тәжірибеде XXI ғасырда білім беру жүйесін қарқынды дамытудың қажеттілігін, білім беру қоғам дамуының тұжырымдамасын анықтайды. Сонымен қатар білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын айқындау–қоғам талабы. Отандық жоғарғы оқу орындары және жалпы орта білім беретін мектептерді жаңартудың жетекші бағыттарының бірі –жоғары сатысында бағдарлы оқытуды енгізу болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап бағдарлы оқуға көшуді жоспарланып, осыған байланысты бағдарлы жоғарғы оқу орындары және мектепте оқу процесін енгізудің және ұйымдастырудың кешенді мәселелері қарастырылды.

Бағдарлы оқыту – жоғарғы оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептердің жоғарғы сатысында даралап оқытуға, білім алушының әлеуметіне және мектептің жоғарғы сатысының орта және жоғарғы кәсіптік білім беру мекемелерімен сабақтастығына бағытталған арнайы дайындық жүйесі.

Бағдарлы оқытудың негізгі мақсаты білім алушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, білім алушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтенуін, білім алушылардың орта және жоғары кәсіптік оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін:

- Жоғарғы оқу орнымен мектептің жоғарғы сатысында бағдарлы оқытуды жаппай енгізу жағдайындағы оқыту процесінің құрамын, мазмұны мен ұйымдастырылуын өзгертуді қамтамасыз ететін бағдарлы оқыту қызметінің нормативтік – құқықтық базасын жетілдіру;
- Оқу жоспарларының мектептік компонентін қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесінде байқаудан өткізілген қолданбалы курстар мен таңдау курстарының мәліметтер қоры ретіндегі тізбесін жинақтау;
- Бағдарлы оқыту бағдарламаларын ресурстық тұрғыда қамтамасыз ету;
- Білім алушылардың бағдарлы оқыту бағдарламаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік беретін бағдаралды дайындықты жүргізу;
- Тұлғалық бағыт бағдарын психодиагностикалау және ағарту жұмыстарын жүргізу, дамыту қажет [2].

Білім алушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеті мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамассыз ету болып табылады. Бейіндік білім беру – білім алушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауын қамтамассыз ететін, оқытудың даралануы мен саралануын жүзеге асыратын жалпы орта білім беруді аяқтау кезеңі. Бұл оқыту әрекетінің ұйымдастыру жүйесінде жоғарғы білім алушылардың қызығушылығы мен талабы, қабілеттері ескерілген жағдайда танымдық, болашақ кәсіби бағдарына сәйкес дербес дамуына жағдай жасалады. Бейінді оқыту – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру. Бейінді оқыту жалпы оқыту процесінің құрылымын, мазмұны мен

ұйымдастырылуын өзгерту арқылы оқушылардың қызығушылығын неғұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, жоғары сынып оқушыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік беретін саралау мен даралау құралы болып табылады.

Қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі-бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мұндай тұлғаға - шығармашыл, белсенді, әлеуметтік жауапты, жақсы дамыған интеллект иесі, жоғары білімді, кәсіби сауатты болу талаптары бірінші кезекте тұрады. Осыған орай, баланың дамуындағы маңызды рөлді мектеп атқарады. Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелері білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында негізгі орын алады. Сонда: «Жеке тұлғаның қалыптасуы-үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу»,- деп атап көрсетіліп, мектеп алдындағы міндеттердің бірі етіп қояды. Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру – барлық педагогикалық ұжымдардың бірігуін талап етеді. Жеке тұлғаға бағытталған сабақ оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдаяты. Әр оқушының болмысы арқылы дамытушылық, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуы тиіс.

Жеке тұлғаны дамыту мәселелері Л.С.Выготскийдің, М.Б.Блонскийдің, С.Л.Рубинштейннің, Л.В.Занковтың, Д.В.Элькониннің [3] еңбектерін атауға болады. Бейіндік білім беру оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін ескере отырып, оқытуды саралау-даралау тұрғысынан карауды ескереді. Саралап оқытудың теориялық негіздерін педагогикалық-психологиялық зерттеулерде А.Н.Леонтьевтің, Г.И.Щукинаның, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Кирсановтың, Е.С.Разумовский, Э.Унттың, С.А.Бударныйдың, А.М.Гельмонттың, Е.Л.Голанттың еңбектерін жатқызуға болады. Мектепте бағдарлы сараланған бағытта В.В.Гузеевтің, В.А.Монаховтың, М.Ж.Жадринаның, В.В.Фирсовтың, Т.Б.Захаровтың [4] еңбектерінде көрініс тапты. Осылайша оқытуды саралау-даралау процессі, жеке тұлғаға бағытталуы қарастырылған.

Қорыта келгенде бағдарлы оқытуда білім алушыға шығармашылық, әлеуметтік, креативтілік, коммуникативтік қызмет саласындағы құзіреттілігін айқындай отырып, жеке жетістіктерінің негізінде өз бейінін айқындау мен шындай түсуде оқытудың жаңа формалары мен психологиялық қызметті құру, әрі оның жан -жақты жұмыс жасауы жалпы жаңа заман үдерісіне сәйкес экономикалық әлеуметімізді молайту үшін қажыр-қайрат көрсете білетін, ғылымның мол жетістіктерімен қаруланған, бейіндік қабілеті шыңдалған тұрақты өзгерістерді ескере отырып, қоғам өміріне еркін енуіне дайындығын қамтамасыз ететін жалпы орта білімді дамытудың қарқынын арттыру қажет етеді. Ең басты міндет адамгершілігі мол, адам жанын түсіне алатын, тәрбиелі, білімді, мәдениетті, жауапкершілігі мен өз ой-пікірін ашық айта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

### *Библиографиялық тізім*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж. // Егеменді Қазақстан. - 15 тамыз, 2007.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2016 ж. //http:akorda.kz.

3. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

№922 Жарлық, 01.02.2010 ж. //adilet.zan.kz/

4. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14. 12. 2012 ж. //http:akorda.kz/

5. Қазақстан флорасы. 4 том. – А., Ғылым. 2006ж

6. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. А., Принт, 2008.

ӘОЖ 373.6

# КӨКНӘР ТУЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАДАҒЫ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТҮРЛЕРІ

***Байжанова М.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Ертеден келе жатқан аңыздарда қарлығаш өзінің көзі көрмей қалған балапандарын сүйелшөптің нәрсуымен емдейді депті. Қазақша "сүйелшөп" деп аталғаны - ол халықтық медицинада сүйелді кетіруге пайдалғадықтан.Дәрілік шикізатты жинау барысында оның жапырақтарын қуратып алмау қажет. Себебі шипалық заттың көбісі осы жапырақтарында болады. Сүйел шөптің тұқымында 40-60 пайызға дейін май бар. Мал дәрігерлігі практикасында сүйел шөптің судағы тұнбасы қойдың қотырын, ірі қара мен жылқының қышымасын емдеу үшін қолданылады. Сүйел шөптің тұнбасыме ірі қараның туберкулезін, сондай-ақ қойдың, ірі қараның гельминтоз ауруларын емдеуге болады. Халық емшілері сүйелшөп және сүттіген шырынымен бауыр, өт ауруларын және сары ауруды емдеп келген [1]. Өсімдік улы. Құрамыда изохинолин алколоидтарды, бензофенантридин туындыларды: гомохелидонин, хелеритрин, хелидонин, сангвинарин, протопин т. б. 20-дан астам алкалоид бар. Хелидонин - папаверин мен морфинға құрамы ұқсас алколоид. Гомохелидонин - күші көп у. Аз мөлшерде эфир майлары да табылған. Аскорбин қышқылы (1000 мг-ға дейін) каротин, флавоноидтар, сапониндар, органикалық қышқылдар болады. Дәрілік шикізат ретінде өсімдік гүлдей бастағанда оның жер бетіндегі бөлігі жиналып алынады. Аса құрғатпай, көлеңкеде кептіріледі. Дәрілік шикізатты жинау барысында оның жапырақтарын қуратып алмау қажет. Себебі шипалық заттың көбісі осы жапырақтарында болады. Сүйел шөптің тұқымында 40-60 пайызға дейін май бар. Мал дәрігерлігі практикасында сүйел шөптің судағы тұнбасы қойдың қотырын, ірі қара мен жылқының қышымасын емдеу үшін қолданылады. Ол үшін тұнба 1:10 қатынаста жасалды, яғни жарты килограмм шөп ұнтағы қайнаған 5 литр суға салынып, 20-25 минут тұндырылады. Ертінді 30-35 градустық жылылыққа дейін салқындатылып, малдың қотыры, қышымасы жуылады. Сүйел шөптің тұнбасымен ірі қараның туберкулезін, сондай-ақ қойдың, ірі қараның гельминтоз ауруларын емдеуге болады. Ол үшін тұнба 1:20 қатынаста, яғни 100 грамм майдаланған құрғақ дәрілік шикізат қайнап тұрған 2 литр суға салынып, 10-20 минут тұндырылады. Тұнба ірі қараға 200-250 мл, бұзауға – 50, қойға – 30-50 мл, қозыға – 10-15 мл мөлшерінде күніне 2-3 рет ішкізіледі [2].

Халық емшілері сүйелшөп және сүттіген шырынымен бауыр, өт ауруларын және сары ауруды емдеп келген.

Дербес шаруашылығында малы бар кісілерге, малшыларға, мал дәрігерлері мен фельдшерлерге ескертетін бір жайт – сүйел шөптің қайнатпасы, тұнбасы улық қасиетін жоймайды. Сондықтан онымен емдеу барысында сақтық шараларын естен шығармау керек. Дәлірек айтқанда емдейтін адамның үстінде – халаты, қолында – резеңке қолбағы, аяғында – етігі, көзінде – көзілдірігі болуы қажет. Екіншіден, малға дәрілік шөптің берілу

мөлшері оның тірілей салмағына, қоңдылығына, жынысына қарай есептелінуі қажет. Егер дәрі аз берілсе, шипалық қасиеті нашар болады, ал көп берілсе – мал уланады. Сондықтан, дәрілік тұнбаның әр малға берілу мөлшерін дұрыс анықтау – басты міндет. Емдеу жұмысы аяқталған соң малдың жалпы күйін 10 – 12 сағаттай бақылау қажет. Егер мал уланса дереу сүт, су ішкізіп, асқазанын шаю қажет.

Мүйіз көкнәр және Мексика аргемонының тұқымынан техникалық май алынады. Көкнәрлер тұқымдасының көптеген түрлері гүлдері әдемі болғандықтан сәндік үшін де өсіріледі.

Қызылтаңдайдың (*Roemeria*) Еуропа мен Азияда таралған Ресей мен Қазақстанда тараған 2 түрі кездеседі [3].

Қызылтаңдай (*Roemeria*) көбіне тау беткейі, құмды жерлер, бау-бақша, егістік жерлерде арам шөп түрінде өседі. Қызылтаңдайдың құрамында эфедрин, ремеринал колоидтары бар. Бұдан дәрі жасалады.

Көкнәрдің майын тамаққа және бояу алуға пайдаланады. Сонымен бірге одан медицинада кеңінен қолданылатын апиын алынады. Апиыннан «пантонан» алынады, оның құрамында морфин, наркотин, паповерин, кодеин секілді алкалоидтат бар. Көкнәрдің апиын алынатын сорттарын азияның көптеген елдерінде (Иранда, Авганистанда, Жапонияда, Қытайда және Индонезияда) арнайы себеді. ТМД-елдерінде көкнәрдің мұндай сорттарын Қырғызстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, аздап Қазақстанда да себеді. Шығыс көкнәрі (мак восточный – Papaver orientalis) деген түрін үлкен ашық – қызыл түсті гүлдері үшін бақтарда отырғызады.

Көкнәрдің жабайы түрлері де аса сәндік өсімдіктер. Әсіресе, сеппе көкнәр (мак самосейка – *Papaver rhoeas*). Ұйықтататын көкнәр дәрі ретінде пайдаланылады. Көкнәрдан ас әзірлейтін май да өндіріледі.

Сеппе көкнәр (*Papáver rhoéas*) Сәндік өсімдік ретінде өсіріледі. Жақсы құрғатылған, құмды-сазды топырақты және шуақты жерді жақсы көреді. Көктемде немесе күзде тұқым себу арқылы таратылады. Көптеген формалар мен сорттар дамыған, олар қарапайым және қосарланған гүлдермен ерекшеленеді, әр түрлі кесілген, көбінесе жиектелген жапырақтары, түсі ақтан қызылға дейін, толығымен немесе әртүрлі үлгісі мен бар.

Дәрілік өсімдік ретінде 500-ден астам медициналық дәрілерге қосады. Көкнәр, мүйіз көкнәр және Мексика аргемонының тұқымынан техникалық май алынады. Көкнәрлердің көптеген түрлері гүлдері әдемі болғандықтан сәндік үшін де өсіріледі. Халық емшілері сүйелшөп және сүттіген шырынымен бауыр, өт ауруларын, сары ауруды емдеген. Сонымен, көкнәрлер тұқымдасының үлесі Қазақстаның табиғи флорасы жоғары болғанмен, оның құрамындағы кейбір гүлдердің шаруашылық маңызы өте зор деуге болады. Ерекше атап өтуге тұратын медицинада кеңінен таралған апиын. Олардың көп түрі жабайы және дәрілік шөптер болып табылады [4].

Көкнәрлер жалпы алғанда улы өсімдіктер болып табылады. Оның құрамында изохинолин алколоид, бензофенантридин туындылары: гомохелидонин, хелеритрин, хелидонин, сангвинарин, протопин және т.б. 20- дан астам алкалоид бар. Хелидонин - папаверин мен морфинға құрамы ұқсас алколоид. Гомохелидонин - күші көп у. Аз мөлшерде эфир майлары да табылған. Аскорбин қышқылы (1000 мг-ға дейін), каротин, флавоноидтар, сапониндар, органикалық қышқылдар болады. Дегенмен көкнәрлер пайдалануға жарамды. Қазақстандағы көкнәрлер тұқымдасы адам үшін ісері зор екенің, мектеп оқушыларына және жоғарғы оқу орнының білім алушыларына жеткізіп, таныстырсақ деген ойдамыз. Медицинада түрлі дәрі-дәрмек жасауда кеңінен пайдаланылады, әдеби деректерде көбінесе олардың улылық қасиеттері, интрадукциясы, құрамындағы алкалоидтар туралы деректер көптеп кездеседі.

Көкнәр *Papaveraceae* Juss. тұқымдасы өкілдері жалпы алғанда улы өсімдіктер болып табылады, халық емшілігінде ертеден дәрілік қасиетімен, тамақтық, әсемдігімен, улылығымен ерекшеленеді [5].

*Морфин.* Алколоидтардың ішінде морфинді 1803 жылы неміс дәріханашысы Фридрих Вильгельм Сертюнер анықтап бөліп алған. Сертюнер морфиннің ұнтағын иттің тамағына қосып бергенде иттің қатты ұйқыға кетіп, ауырған жерін сезбейтіндігі анықталған. Бұл препаратты Сертюнер ұйқы құдайы есімімен атаған. Орта ғасырларда апиынды темекі секілді тарта бастаған, ондай адам басы айналып бейжай болып шала ұйқыға кететін болған. Апиынды тарту Кіші Азиядан басталып шығысқа, әсіресе Қытайға таралған. 1796 жылы Қытай үкіметі апиын таратуға тыйым салады. 1820 жылдан бастан апиынды ше елдерге шығаруға тыйым салынған.

Апиын көкнәрінің пайдасы

1. Асқазан қатты түйіліп ауырғанда, іші өткенде болар болмас түйірін суға езіп ішкен;

2. Қарақұрт, жылан және т.б. шаққанда апиынды езіп щыққан жерге жаққан және азғана мөлшерін ішкен;

3. Қазір "свинка" деп жүрген, беті ісіп кететін ауруға қолданған. Шамадан тыс, жиі қолданып бойларын үйретпеген. Мөлшерінен асырмай қолданса пайдасынан басқа зияны жоқ.

Апиын-көкнәр мәдени өсімдік. Жабайы түрінде еш жерде кездеспейді. Оның сүтті сөлін кептіріп, дәрі үшін жинап алады. Апиынның құрамында морфин, кодеин, папаверин, тебаин, наркотин деген алкалоидтер, каучук, қоймалжың заттар бар. Оның организмге ететін әсері морфиннің нерв жүйесін тыныштандыратын, жөтел басатын қасиеттеріне байланысты. Папаверин мидың, жүректің қан тамырларын кеңейтеді. Апиын жөтел басатын дәрі ретінде де, асқазан, ішек түйнеп ауырғанда да, іш өткенде де қолданылады. Ол тек дәрігердің ғана ұйғаруымен қолданылады [5].

Халық медицинасында апиын-көкнәрдің гүлі мен тұқымы да іске асады. Оның тұқымын майдалап суға салса, сүтке ұқсас сұйық ақ зат пайда болады. Мұны халық арасында апиын сүті деп атайды. Осы сүтті күніне жарты стаканнан 3-4 рет ішеді. Ол өкпе қабынуын, геморройды емдеуге пайдалы. Апиын-көкнәрдің кептірілген гүлдерінен жасалған тұнбаны асқазан қабынғанда ішеді, ал оның спиртті тұнбасын ұйқы бұзылғанда, адам ой еңбегінен шаршағанда пайдаланады.Апиын көкнәрі мен өздігінен жасалатын көкнәрден алынған дәрілерді дұрыс қолданбағаннан немесе ұзақ қолданғаннан болатын жанама әсерлер ұйқышылдық, іш қату, жүрек айну, құсу, зәр шығару, орталық жүйке жүйесіне зақым келтіруді қамтиды. Түрлі көкнәр туысының әртүрлі қарсы көрсетілімдері бар, бірақ, әдетте, олар жүкті әйелдерге, емізетін аналарға, 2 жасқа дейінгі балаларға, қарт адамдарға, сондай-ақ тыныс алу жолдары, бауыр, ас қорыту жолдарының аурулары, жүрек ырғағының бұзылуы, бас ми жарақатын алды. Көкнәр алкалоидтары мен алкогольға қарсы көрсетілімдерге қарсы. Гипнотикалық көкнәр апиын түрінде апиын сорттарынан, тұқымдар мен олардан шығарылған қораптардан - майлы дақылдардан жиналады. Апиын - бұл өсімдіктің қалыңдатылған сүті, оны қорап серпімді болған кезде өсімдік гүлденгеннен кейін 10-20 күнде жиналады. Екі немесе үш пышақпен арнайы пышақтармен бірнеше рет кесіледі. Қиылысу әдетте таңертеңгілік 10-дан 4-ке дейін жасалады, ал апиын келесі күні таңертең шамамен 5-те жиналады. Екі күннен кейін рәсім қайталанады. Әр қорапты тағы 2-6 рет кесуге болады.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-ІІІ ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж. // Егеменді Қазақстан. - 15 тамыз, 2007.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2016 ж. //http:akorda.kz.

3. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

4. № 922 Жарлық, 01.02.2010 ж. //adilet.zan.kz/

5. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан - 2050»

стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14. 12. 2012 ж. //http:akorda.kz/
6. Қазақстан флорасы. 4 том. – А., Ғылым. 2006ж
7. Қазақстанның өсімдіктер әлемі. А., Принт, 2008.

ӘОЖ 57.236

# БИОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ӨЛКЕТАНУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Берниязова М.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Өлкетану деректерін колледжден тыс жұмыстарда қолдану арқылы білім алушылардың дүниетанымын дамытуда, білім алушыларды туған жерін сыйлауға үйрету арқылы өскенде туған жеріне қызмет ететін азамат етіп даярлау мақсаты тұрады. Сондықтан теория мен практиканың өзара қатынасының біртұтастығы қажет. Осылай дидактиканың теория мен практиканың өзара байланысы принципін басшылыққа алу арқылы біз білім алушылардың туған жерін құрметтеу сезімдерін тәрбиелей аламыз. Бұл оқытудың басты заңдылығы білім алушының колледжді бітіргеннен кейінгі қоғамға пайдалығын анықтайды.

***Оқыту әдістері:***

- сөздік(ауызша баяндау,әңгімелесу,түсіндіру,кітаппен жұмыс);
- көрнекі (көрсетілімдер, иллюстрациялар, табиғи және жасанды түрлері, бейнелі көрнекіліктер);
- практикалық (бақылау, тәжірибе, эксперимент),
- жағдаят туғызу (проблемалық) әдісі (сурет 1).




1-сурет-Оқыту әдістері

Білім беру барысында ұйымдастырылатын жұмыс түрлері:

- топпен өзіндік іс-әрекеттерді ұйымдастыру,
- жұппен жұмыстар,
- мәселелік-ізденушілік,
- мәселелік баяндау,
- бөлшектік-ізденушілік,

Зерттеушілік (сурет 2).




2-сурет- Білім беру барысында ұйымдастырылатын жұмыс түрлері

***Оқытудың формалары:***
- компьютерлік оқыту құралдары(КОҚ),аудиториялық;
- дәрістер, сарамандық сабақтар, лабораториялық жұмыстар;
- аудиториядан тыс орындалатын жұмыстар мен топ саяхаттар түрінде болды (сурет 3).




3-сурет- Оқытудың формалары

***Жаңа технологиялардан:*** проблемалық оқыту,сын тұрғысынан ойлау, жобалап оқыту технологиясы қолданылды.

«Колледждің биология сабақтарында өлкетанудың негіздерін пайдалану» пәнін оқу нәтижесінде білім алушылар мына мәселелерді *білуі тиіс болды*:

1. Өлкелік компоненттердің биологиялық тұқым қуалаушылықтың негізгі кезеңдерінің дамуын;

2. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өлкелік компонент түрлері мен олардың тіршілік ету ерекшеліктерін;

3. Әртүрлі өлкелік компоненттердің популяцияларының санының азаю мәселесі мен оларды сақтап қалу жолдарын;

4. Өлкелік компоненттердің популяциясы санын реттеудің экологиялық перспективаларын болжамдауды;

5. Өлкелік компоненттердің биологиясы мен экологиясы саласындағы өткен замандағы және болашақтағы зерттеулер.

Білім алушылар биология пәніне өлкетану негіздері кіріктірілген сабақты оқу барысында кездесетін түрлі жағдаяттарды дұрыс шеше білуге, деректерді талдауға, себепті-салдарындағы байланыстарды және олардың арасындағы тәуелділіктерді анықтай алуы керек.Осының негізінде өлкетану негіздерін пайдалану кезінде сын тұрғысынан ойлауды дамыта отырып, жалпыны жекемен ұштастыру арқылы берілетін биологиялық білімнің мазмұнын тереңдетуге жағдай жасайды.

Сабаққа қатысушылардың екі жағыда: оқытушы мен білім алушы әр қайсысы өз тұрғысынан оқытудың ұтымды жағын анықтап, сабақтың тиімділігін арттыруға жағдай жасайды, іс-әрекетін саралай отырып сын көзбен қарайтын әрі өзін-өзі дамытуға ұмтылатын тұлға болып қалыптасады[1].

***Библиографиялық тізім***

1. Ахметова Г. Мониторинг және бағалау. - // Қазақстан мектебі. № 2,2005.-Б.38-45 .

2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения.- М., 1995.250 б.

3. Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. - // Биология және салауаттық негізі., №6.М.,- 2006-.Б. 39-40 .

4. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1.М.,- 2004.С.50-54.

ӘОЖ 57.239

## БИОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ӨЛКЕТАНУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Берниязова М.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Өлкелік зерттеулер жүргізу, одан жиналған материалдарды білім беру үдерісінде пайдалану жаңадан пайда болған көзқарас емес. Бұл мәселе белгілі педагогтар: Я.А.Коменскийдің, Ж.-Ж.Руссоның, М.В.Ломоносовтың, К.Д.Ушинскийдің педагогикалық еңбектерінде көрініс тапқан болатын [1].

Орыстың атақты педагогі К.Д.Ушинский өзінің педагогикалық көзқарасында нақты деректері мен дәлелі жоқ теорияның ешқандай пайдасы жоқтығын, сол сияқты деректер мен тәжірибенің де ғылыми дәлелдеуді жоққашығара алмайтындығын атап көрсетті. Бұл зерттеушілік арқылы қол жеткізген нақты деректердің құндылығын көрсетеді [1].

Ал, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болса, өзінің өлеңдері мен әңгімелерінде жастарды табиғаттың әсемдігін сезім арқылы қабылдап, түсіне білуге тәрбиелеуді уағыздайды. Маңайда және мектеп жанындағы алаңдарда жастардың бақылау жүргізуін, бақылау нәтижелерін сабақта пайдалануын талап етеді.

***Өлкетану*** - бір территорияны ғылыми негізде жан- жақты зерттеу. Өлкетанудың зерттеу нысаналарына табиғат, тұрғындар және өлке экономикасы, өлке тарихы, өлке өнері, климат, тарихы, тұрғындары, мәдениет және тұрмысы жатады. Өлкетану

көпсалалы, өз мазмұны бойынша тарихи, әдеби, этнографиялық, биологиялық, географиялық, экономикалық болып бөлінеді.(сурет 1).




1-сурет Өлкетанудың түрлері

***Өлкетанудың төмендегідей түрлері бар***: Мемлекеттік, қоғамдық, мектеп және тарихи өлкетану.

1. Мемлекеттік өлкетану – арнайы органдардың қатынасымен мұражай жұмысын ұйымдастрыу, әкімшіліктердегі, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы мәдениет пен ғылымға байланысты бөлімдердің жұмыстары.

2. Қоғамдық өлкетану –қоғамдық өлкетанушылардың, туристердің, қоғамдық ұйымдардың жеке адамдардың күшімен ұйымдастырылады. Олар өлке ерекшеліктеріне байланысты, өлке тарихы мен онда өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау т.б. жұмыстармае айналысады

3. Мектеп өлкетануы – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша білімді жетілдіруге, сондай-ақ әртүрлі туристік өлкетану шаралары барасында түрлі тәрбие беруге байланысты жұмыстар.

4. Тарихи өлкетану – ол белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқиғаларды, тарихи архитектуралық ескеткіштер мен олардың ерекшеліктерін оқып-танысумен айналысады.

***Өлкетанудың зерттеу нысандарын 4 топқа бөліп қарастыруға болады:***

1. Өлкенің табиғатын, табиғи ерекшеліктерін, жеке компанеттердің (геология, жер бедері, ауа-райы, топырақ және өсімдік жамылғылары, жануарлар дүниесі т.б.) олардың өзгеру деңгейі мен сипатын, табиғатта жүретін үрдістерді зерттеу;

2. Өлкенің шаруашылығын, онда тұрып жатқан кәсіптік ерекшекліктерін анықтау;

3. Өлкенін және онда тұрып жатқан халықтарының тарихы жайлы деректер, экспонаттар жинау, көне қалалар қалдықтарын, тарихи ескерткіштерді оқып-тану және оларды халық тарихымен, тарихи кезеңдермен байланыстыру;

4. Халықтың этнографиялық немесе ұлттық ерекшеліктерін, демографиясын, топонимикасын зерттеу.

***Өлкетанудың өзіндік атқаратын 3 функциясы бар***:

- педогогикалық, білім беру орталықтарында оқыту және тәрбиелеудің эффектісін жоғарылату үшін қолданылатын дидактикалық әдіс ретінде;

- оқытулық, ол өлкетануды элементарлы мектеп биологиясын оқытудағы базалық курс ретінде қарастырады;

- ғылыми, ол өлкетануды барлық әдістерімен бірге биологиялық зерттеудің жүйелік құрамы ретінде қарастырады (сурет 2).




2-сурет-Өлкетанудың өзіндік атқаратын жалпы функциялары

***Өлкетанулық зерттеулерді жүргізудің өзіндік әдістері бар***: экономикалық, тарихи, биологиялық, географиялық, әлеуметтік, модельдеу арқылы, статистикалық, визуальді (байқау), анкеталық және сипаттау әдісі.

Өлкетану жұмыстары жеке тұлғаның дүниеге дұрыс көзқарасының қалыптасуына қоршаған шындықты түсінуге, сенімін қалыптастырудың негізі болып табылады. Өлкетануды оқытудың жетістігі – ол оқытушылар мен мұғалімдердің, білім алушылардың ізденісін, олардың шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін арттыра түсу, өлкетануға деген қызығушылығын арттыру, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін тереңдету болып табылады.

Білім беру үдерісінде ***өлкетану тәсілінің негізгі принциптері*** ретінде келесілерді атаймыз:

- пәнаралық байланыс принципі, оған сәйкес, өлкетану материалдарын пайдалану басқа пәндермен байланысты қамтамасыз етеді (табиғаттану, тарих, жаратылыстану саласының барлық пәндерімен, мәдениеттану және т.б.);

- жүйелілік принципі, өлкетану материалдарын мақсатқа сай, жоспарланған сипатта пайдалану;

- тақырыптық принципі, әр тақырып бойынша тиісті өлкелік материалдарды әзірлеуді қарастырады;

- қол жетімділік принципіне негізделген, материалдарды іріктеу барысында білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру принципі;

- технологияландыру принципі, жасанды жағдайларда «шартты түрде нақты» қарым-қатынасты модельдеуге қабілетті білім беру технологияларын пайдалануды қарастырады;

- когнитивтілік принципі, өлкетану материалдары көмегімен оқыту үдерісінде білім алушыларға бұрыннан белгіліні ғана емес, жаңа мәліметтер, жаңа білімді тануды қарастырады;

- толеранттылық принципі бұл ретте этноцентризм, «этногоизмге» бет бұрмай- ақ, өзге мәдениетті түсіну мен қабылдау ерекшеліктерін көздейді;

***Библиографиялық тізім***

1. Ахметова Г. Мониторинг және бағалау. - // Қазақстан мектебі. № 2,2005.-Б.38-45 .

2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения.- М., 1995.250 б.

3. Булашбаева А. Жаңа технологиялар әдістері. - // Биология және салауаттық негізі., №6.М.,- 2006-.Б. 39-40 .
4. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1.М.,- 2004.С.50-54.

ӘОЖ 373.98

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУДЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

***Егизгараева Ж.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Оқу орындарындағы өлкетану жұмыстарының жағдайы кез келген әлем елдерінің болашағы білім беру жүйесі мен зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттілігі күмән тудырмайды. Жастардың ақыл – ойы мен интелектісін барынша дамыту үшін білім беру жүйесін тиімді құра білген ұлттың еңсесі биік, абыройы артық болмақ. Өлкетану жұмысының қазіргі кездегі маңыздылығы туралы Қазақстан республикасының бірінші президенті Н.Ә.Назарбаев, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты Жолдауында, қазіргі кезде еліміздегі оқу – ағарту саласында, өте көкейкесті болып табылатын өлкетану сынды пәннің жоқтығын атап көрсетті [1].

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен оның деректерін пайдалану тек тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе емес ол өз тарихында ұзақ даму жолынан өтті. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді. Қазақ халқы ежелден – ақ қоршаған орта болмысын, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқанын байқауға болады. Туған өлкедегі табиғат пен тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен адамдардың тіршілік әрекетін қосып адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану психологиялық – педагогикалық мәселе ретінде зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған [2].

**Өлкетану** – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Өлкетанудың негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу.

Қазақстанда өлкетану ғылымы патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын - ала арнайы әскери экспедиялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енсе, оқытудың ғылыми деңгейін арттыруда өлкетану жұмыстарының құндылығын ерте кезде-ақ түсінген.

Алғашқы өлкетанымдық зерттеулердің алғышарттарын біз көне дәуір оқымыстылары Геродот, Эмпедокл, Гиппократ, Теофсраст еңбектерінен байқауымызға болады. Өлкенің құбылыстарын зерттеушілер өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қоршаған ортаға тәуелділігін қарастырған [3].

Ел ішінде халқының болашағы үшін жұмақ өмір іздеген Қорқыт ата, Асан қайғы туралы толып жатқан аңыз - әңгімелер бар. Қорқыт атаның даналық мұралары тұтас жылдар бойы ұлттық дүниетаным мен өлкетанудың негізгі өзегі болды. Асан қайғы толғауларында туған елінің табиғаты, жер бетінің ерекшеліктері мен оның қойнауындағы байлықтары, өсімдік – жануарлар дүниесі кеңінен сипатталады. Ол жүрген жеріндегі әрбір өзен, көл, сай – сала мен елді мекенге сын айтып, баға беріп отырған.

Ауыз әдебиетінің ойшылдары Бұхар жырау, Шал ақын, Шортанбай, Ақтанберді, Қазтуған, Шалкиіз, Дулат, Майлықожа, Ақан сері, Махамбет, Шернияз, Сүйінбай және тағы басқалар өздерінің қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарастарында материалдық, рухани байлықтарын, ақыл – парасатын, адамгершілік, қоғамдағы байлықтарды игеру мақсаттарын паш етті. Бұл өлкетанымның ақыл-ойымен парасаттылық деңгейіне көтерілген шегі болатын. Олардың көксегені теңдік, бостандық, жерді сақтау, өлкені қорғау, адамдар арасындағы қарым-қатынас, үлкенді сыйлау және тағы басқалар өмір тіршілігіне тікелей қатысы бар мәселелерді талдау болды.

Асан қайғыдан бастап, Шал ақын, Шортанбай, Ақтанберді, Қазтуған, Шалкиіз, Дулат, Майлы қожа, Ақан сері, Махамбет сияқты ақын-жыраулар шығармаларында ой-толғаныстары, тіршілік, өлке сырының мән-мағынасы, адам өмірінің әр кезеңімен, олардың іс-әрекеттері сөз болып отырады. Халқымыздың өлкеге деген сүйіспеншілігі және оны көзінің қарашығындай ұстап келуі жайында қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, аңыз әңгімелер арқылы жетіп отырған [4].

Өлкетану деректері бұрыннан бері халықтар арасында ауызша ұрпақтан-ұрпаққа таралып, жалғасын тауып келді. Қазақстанда өлкетану патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енді. Ресей өкіметі 18 ғасырдың 2-жартысында қазақ жері, халқы, шаруашылығы және этнографиясы бойынша зерттеу жүргізу үшін алғашында Солтүстік және Батыс Қазақстан, кейінірек Орталық Қазақстан аумағына экспедициялар ұйымдастырды.

Қазақ өлкесін зерттеу жұмыстарына И.И.Лепехин, П.С.Паллас, П.И.Рычков. Сол кезде Торғай статистика комитеті мен Орынбор ғылыми архив комиссиясы 1887 ашылды. Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, т.б. өз үлестерін қосты. Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал қалысы болды. Онда Орал казактарының тарихы мен шаруашылығына, балық аулау кәсібі мен шаруалардың қоныстану мәселесіне көбірек көңіл бөлінді. Омбы қаласында жергілікті жерді зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жанындағы география қоғамның бөлімшесіне бірікті.

Батыс Сібір Өлкетану қоғамдарына қазақтардан Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов, т.б. белсене қатысты. 19 ғасырдың аяғында Батыс Сібір география қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. Солтүстік Қазақстанды зерттеуде Өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады. Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрды.

Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірін зерттеумен 1896 жылы Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей география қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауыл шаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты.

Қоғамдарда Е.Букин, Н.Жетпісбаев, Ә.Диваев, І.Қостанаев зерттеулер жүргізді. Жетісуға П.П.Семенов-Тян-Шанский, кейініректе А.Н.Краснов, А.Ф.Голубев, М.И.Венюков экспедициялық сапарлар жасады.

Сонымен қатар 1896 жылдан жұмыс істей бастаған "Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция" Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көңіл бөлді.

Ғылыми-танымдық материалдардың қорын жасауда, оларды жарыққа шығаруда облысы статистика комитеттері үлкен рөл атқарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілдік реформаларға байланысты 1886 жылы статистика комитеті "Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды" басып шығарды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отаушараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға қазақтың біртуар ғалымдары Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин және т.б. өз үлестерін қосты [5].

Еліміздің педагогикалық тархында 1920 жылдан бастап өлкетану жұмыстары бірте – бірте жолға қойыла бастады. Осы жылы Қазақстанда зерттеу қоғамы құрылды, 1921 жылдың 7 ақпанында Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау туралы қаулы қабылданды. Онда Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінің рұхсатынсыз өлкедегі тарихи қорғандар мен ескерткіш орындар, төбелерді қазып, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуге тиым салынды. 1924 жылы зерттеу қоғамы өлкетанудың бесжылдық жұмыс жоспарын қабылдады. Онда елді мекеңдердің орналасу картографиясың, табиғи байлықтарын және табиғат жағдайларын зерттеу, гидрографикалық комиссия құру секілді мәселелер күн тәртібіне қойылды.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-ІІІ ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж. // Егеменді Қазақстан. - 15 тамыз, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2016 ж. //http:akorda.kz
3. Назарбаев Н.Ә.: Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру.Астана - 2017, 12 сәуір.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». //Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.
5. А.В.Даринский «Краеведение» - Москва «Просвещение» 1987- Б.158.
6. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: автореф..пед. ғыл. канд. –Алматы, 2004 - Б. 26.
7. Аспандияров С.Д. Қазақстан тарихының очерктері (оқу құралы). Алматы: Санат, 1994 -. Б .12-15.



ӘОЖ 373.17


## БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛКЕТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ


***Егизгараева Ж.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Колледж білім алушыларына орта мектептің оқу бағдарламасына енетін барлық биологиялық ғылымдар бойынша – ботаника, зоология, физиология, биохимия, цитология, генетика, эволюциялық ілім, анатомия, гистология т.б. фундаментальды білімі болуы міндетті. Мұндай ғылымдар білім алушылардың биология пәндер бойынша сапалы

оқыту мен тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сол арқылы түрлі оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға және кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге септігін тигізеді.

Биология сабағына өлкетану негіздерін ендіру бұл пәндік және әдістемелік блоктың мазмұнының жаңаруы біздің зерттеу барысында әрбір аймақтың ерекшелігіне қарай таңдаған материалдармен қамтылады. Бұл мазмұнның білімдік, тәрбиелік және дамытушылық тұстарын жаңа технологияларды қолдана отырып оқытумен қатар, оларды білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру бағытында пайдалануға болады.

Биология пәнінің мазмұнына өлкетану негіздерін енгізу және оны оқыту білім алушыларға биологиялық білім берудің негізгі бағыттары биологияны оқытудың барлық сатыларында іске асып отыруы тиіс, себебі өзінің жиынтығында биологияны оқытудың тұлғалық бағдарлануының күшеюі білім алушылардың жан-жақты дамуының, олардың жалпы мәдениетінің арттыру мен оларда жалпы оқу, интеллектуалды, қоршаған ортаға саналы қарым-қатынастарды орнатуда практикалық біліктілік пен дағдыларды қалыптастыруды жалпы педагогикалық міндеттерді шешу мақсатын қарастырады.

Жаратылыстану-ғылыми (биологиялық) білім берудің мазмұны, оны іріктеу және құрылымдау, құрамына өлкетану негіздерін енгізу маңызды ғылыми және дидактикалық мәселе болып есептеледі. Пәннің мазмұнын өлкетану туралы білім беру арқылы толықтыру білім алушылардың пәндік сапалы дайындығы үшін маңызды. Себебі білім алушыларға туған өлкенің табиғатын зерттеудің әдістерін меңгеруге, кез-келген тіршіліктің қоршаған ортаның табиғатына қарай икемденетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – білім алушылардың пәндік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылса, онда пәндік даярлау мазмұнына өлкетану негіздерін енгізу білім алушыларды колледждегі биология пәні бойынша кәсіби құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндігін береді.

Осыны ескере отырып, біз биология пәнінің мазмұнын өлкетану негіздерін енгізу арқылы, биологиялық өлкетану туралы ғылыми фактілермен, қызықты зерттеу және оқу-зерттеу материалдарымен толықтырылды. Атап айтқанда, білім алушылардың туған елі туралы білім алуымен қатар, оларды зерттеу дағдылары қалыптасады. Бұның барлығы білім алушылардың дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді және қиын міндеттерді шешуге көмектеседі.

Колледждің биология пәніне енгізілген өлкетану негіздерің әрбір тақырыбы төмендегі тараулардан алған білімдерімен тығыз байланыста және биологиялық ғылымдардың байланысы арқылы оқыту қаралады: «Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер селекциясы», «Экология негіздері және биосфера ілімінің негіздері» «Эволюциялық ілім» т.б.

**«Өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер селекциясы»** тараумен өлкетануды байланыстыру әсіресе, өлкелік компоненттерді оқығанда олардың шығу орталықтарын және олардың сыртқы орта факторларының әсеріненен өзгерістерге ұшырауын түсіндіру арқылы енгізуге болады.

**«Экология негіздері және биосфера ілімінің негіздері»** тарауымен өлкетануды байланыстыру экололгиялық және биосфералық ұғымдарды түсіндіру арқылы қызығушылық танытатын білімге енгізуге болады.

Білім алушылар бірінші курста жалпы көлемі 6 сағатты құрайтын «Эволюциялық ілім» тарауын оқиды. Аталған тарау өз құрамына Жердегі барлық органикалық әлемнің эволюциялық даму үдерісін, эволюционист-ғалымдардың негізгі теориялары мен гипотезаларын, биологиялық түрдің пайда болу жолдарын, дамуы мен жойылып кетуі т.б. қамтиды.

**«Эволюциялық ілім»** тарауында эволюцияның бірлігі ретінде популяция, эволюцияның факторлары мен нәтижелері, органикалық әлемнің микроэволюциясы және макроэволюциясы туралы білімдер ашылады.

ҚР территориясында ғылыми-зерттеушілік жұмыстар нәтижесінде алынған палеонтологиялық қазба қалдықтар кейбір эволюциялық фактілерді, эволюциялық дамуды демонстрациялауға мүмкіндік береді.

Сондықтан да, білім алушылардың сол тараудан алған білімдерін өлкетану негіздерімен биология дәрістік сабақтардың мазмұнымен байланыстыруды жүзеге асыруды жөн көрдік.

***Биологиялық өлкетанудың негізгі функциялары:***

‒ танымдылық (өз білімін жетілдіру);

‒ ғылыми (зерттеулік);

‒ білім беру, мәдени-ағартушылық (тәрбиелік) (сурет 1).




1-сурет-Биологиялық өлкетанудың негізгі функциялары

Өлкетану материалдары оқу орындарында әр түрлі пәндерді оқыту кезінде кеңінен пайдаланылады. Өлкетанулық білім беру барысында туған жер туралы білімді меңгеру ғана емес, білім алушылардың құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен үлесін қосады.

Өлкелік зерттеу жұмыстары білім алушылардың белгілі пәннен білім, білік, дағдысын, практикалық тәжірибесін күшейте отырып, білім беру саласындағы білім кешенін қалыптасады.

Білім беру үдерісінде білім алушылармен игерілген білім мен дағдыға, практикалық қызметі және әлемге эмоционалдық- құндылыққа айналған қарым-қатынастарынан жинақталған әлеуметтік тәжірибе, білім алушылардың материалдық және рухани мәдениеттің дамуына қажетті кәсіби-тұлғалық дамуы мен өзін-өзі дамытудың базасы болып табылады.

Биологияны оқытуда өлкетану жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырудың маңызы зор, ол білім алушылардың нақты деректерді көре білуге, сезіну, бақылау жасауға үйретеді; өйткені табиғаттағы, адам өміріндегі, шаруашылықтағы жақын нәрсе ол бөтен және алыстағыға қарағанда әлдеқайда түсінікті, қарапайым және айқын.

Биологиялық білім беруде қарама-қайшылық туғызатын негізгі мәселенің бірі – теориялық білім мен оларды практикада қолдану арасындағы алшақтық болып табылады. Білім алушылар үлкен ауқымдағы теориялық ұғымдарды оқып меңгергенімен, бірақ оны тәжірибеде қолдануда меңгерілген материалдың тек 20-30% ғана қолдана алады. Себебі, білім алушылар оқу материалының теориялық бөлімінде өсімдіктер, жануарлардың биологиялық үлгілерімен, түрлі көрнекіліктер, фотосуреттер арқылы танысады. Ал, шынайы өмірде оқып танысқан көптеген табиғи нысандармен өте сирек бетпе - бет кездеседі. Сондықтан да, оқу орындарының биологиялық өлкетануы теория мен практика арасындағы «көпірді» бұзып, бұл алшақтықты жақындатуға бағытталады.

Сондықтан оқу орындарында биология пәнінен білім беруде өлкетану материалдарын пайдалану білім алушыларға терең теориялық білім беруді қамтамасыз етіп қана қоймай, оны саналы меңгеруді және зерттеушілік дағдыларының қалыптасуын жүзеге асырады. Өлкетану жұмысын жүйелі және тиімді ұйымдастыру білім алушылардың қоршаған ортаның әсем табиғатын, өсімдіктері мен жануарларын танып білуге көмектеседі, сонымен қатар, олардың адамгершілік қасиеттерінің жетілуіне септігін тигізеді.

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж. // Егеменді Қазақстан. - 15 тамыз, 2007.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2016 ж. //http:akorda.kz

3. Назарбаев Н.Ә.: Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру.Астана - 2017, 12 сәуір.

4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». //Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.

5. А.В.Даринский «Краеведение» - Москва «Просвещение» 1987- Б.158.

6. Текесбаева А.М. Өлкетану негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру: автореф..пед. ғыл. канд. –Алматы, 2004 - Б. 26.

7. Аспандияров С.Д. Қазақстан тарихының очерктері (оқу құралы). Алматы: Санат, 1994 -. Б .12-15.

8. Каймулдинова К.Д. Географиялық елтанудың әдістемелік мәселелері// География және табиғат. - Алматы, 2013. -№ 1. Б.6-8 .

ӘОЖ 57.226

# БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

***Есжанова С.Ш.***
*Магистрант*

Қазіргі таңда әр оқытушының алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Болашақ биолог мұғалімдерінің ағылшын тіліндегі пәндерде коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру әдістемесінің маңызды бөлігі анықталған мақсатқа жетудегі іс-әрекеттер жиынын анықтайтын әдістер жүйесі болып табылады.

«әдіс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген. Дегенмен, аталған түсініктің негізгі үш мәнін ерекшелеп көрсетуге болады:

- жалпы әдіснамалық: әдіс –қоршаған нақтылықты оқып үйрену, таным құралы;
- жалпы дидактикалық: әдіс – оқыту мазмұнын ықпалды меңгеруге бағытталған оқыту объектісі мен субъектісінің өзара шартталған іс-әрекеттерінің жүйесі;
- жеке дидактикалық (меншікті әдістемелік): әдіс – оқыту субъектісінің кәсіби іс-әрекеті стратегиясын анықтайтын оқытудағы бағыт.

Бұл зерттеу жұмысымыз үшін педагогикалық үдеріске қатысушы оқытушы мен білімгердің өзара бірлескен іс-әрекеттерін сипаттайтын жалпы дидактикалық әдістердің маңыздылығы басым.

Болашақ биолог мұғалімдерінің  коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру мақсатында оқытуды ұйымдастырудың формалары.




1-сурет- Ағылшын тіліндегі пәндерде оқытуды ұйымдастырудың формалары

Оқыту әдістерін таңдау оқытудың мәселелігін, коммуникативтік  бағыттылығын, шығармашылық белсенділігі, өз бетінділігіне бағдарланды.

Болашақ биолог мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудағы негізгі оқыту әдістері ретінде таңдап алынды.




2-сурет- Коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудағы негізгі оқыту әдістері

*Коммуникативтік әдіс* - болашақ биолог мұғалімдерінің  коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің бірі – коммуникативтік әдіс.

Коммуникативтік әдіс алдымен қарым-қатынас практикасын дамытуға бағытталған, әрі сөйлеу мен тыңдауға бағдарланған. Аталған әдіс білімгерлердің тілді меңгерудегі қорқыныштарын болдырмауға бағытталған. Ол жаттығуларды орындау барысында ойын жағдайларын, топта немесе жұптық жұмыс жасауды ұйымдастыруға негізделген оқыту әдісі.

- Коммуникативтік әдістер;

- Сөйлеу бағыттылығы (қарым-қатынас арқылы сөйлеуге үйрету);

- Сөйлесу, тілдесу – біркелкі іс-әрекет қажеттігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму көзі. Тіл қатынасы негізінен әңгімелесушілердің өзара ақпарат алмасуынан қалыптасады.

Бұл: 1- ақпарат алмасу тіл қатынасының коммуникативтік сипатын құрайды. 2- тарапы – сөйлеушілердің өзара ықпалы, яғни сөйлесу барысындағы сөз алмасу ғана емес, сонымен қатар бір-бірінің әрекетін, қылығын танып, оны өзгеріске келтіруі, жауап беруі. 3- ақырғы тарапы тіл қатынасы сөйлесу арқылы адамдардың бірін-бірі қабылдап, өздерінің психологиялық бейнесін түзуі.

Сонымен, біртұтас тілдесу процесінде үш бағытты байқаймыз: коммуникативті (ақпарат алмасу), интерактивті (өзара ықпалды әрекетке келу) және перцептивті (адамның бірін-бірі қабылдап, түсінісуі). Осы үш, бір-біріне байланысты тілдесудің қырлары бірлікті қызмет орындауымен сол қызметке араласқан адамдардың өзара қатынасын ұйымдастырудың әдістерін құрайды. Тілдесу мен іс-әрекет өзара тығыз байланысты екені сөзсіз. Бірақ, әңгімеге арқау болып отырған тілдесу қызметі іс-әрекеттің бір бөлігі ме, не бұл екеуі өз алдына дербестігі бар, теңдей құбылыс па? – деген сұрақ туындайды. Бірлікті іс-әрекет барысында адам қажетсінуден міндетті түрде басқа адамдармен қауым түзеді, сөйлеседі, пікір алысады, яғни байланысқа келіп, өзара түсінумен ақпарат алысып, береседі.

Бұл жағдайда тілдесу қызметі іс-әрекеті бір бөлігі сипатына қарастырылады, бірақ адам мұнымен шектеліп қалмайды. Тілдесе отырып адам басқаларға өзінің ерекшелігін, даралық қасиетерін танытады (қазақтың «аузын ашса, көмекекйі көрінеді» деген қанатты сөзі осыдан).

Өндірілген зат (құрылған үй, отырғызылған ағаш, жазылған кітап, орындалған ән)бұл бір жағынан, іс-әрекет нысаны, ал екінші жағынан — адамның өзін-өзі қоғамдық тұрға ретінде көрсетуінің қажетті құралы, себебі өнім басқалардың мүддесіне бағышталған. Осы зат арқылы адамдар арасындағы қатынас тіке емес, жанама сипат алады да, өндіруші мен пайдаланушыға теңдей ортақ тіл байланысын туындатады.

- функциональдылық (меңгеру нысаны сөйлеу құралымен іске асырылатын функциялар болып табылады);

- ситуация (оқу үдерісін рөлдік ұйымдастыру);

- жаңашылдық (қарым-қатынас пәнін, талқылау мәселелерін, сөйлесу серіктесін, қарым-қатынас шартын ауыстыру және т.б.);

- қарым-қатынастың тұлғалық бағдарлануы (білімгерлердің, білімгерлер топтарының жеке қызығушылықтарын ескеру);

- модельдеу (модель түрінде үйренілетін тіл мемлекетінің мәдениетін, тіл жүйесін ұсыну).

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің № 205 Жарлығы. - Астана, 2016 // www.akorda.kz.

2. Омарова Ә. Т., Сарыбаева И. С Түлектерді бәсеке қабілетті маман ретінде дайындауда қолданылатын инновациялық білім беру технологиялары // Қоғамдық сананы жаңғыртудағы жоғары оқу орнының рөлі: Университет 4.0 моделіне көшу: 48-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары (18–19 қаңтар 2018 жыл). -2018. -281–284 б.

3. Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы // Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, -2016.

4. Сейтметова А.М . Биологияны оқытуда оқушылардың жеке-топтық оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру / А.М . Сейтметова А.Қ. Жүзбай // Қарағанды ун- нің хабаршысы. Педагогика сер. - 2019. - № 2. -44 б.

ӘОЖ 57.227

# БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

***Есжанова С.Ш.***
*Магистрант*

Қазіргі таңда қоғам мүшелерінің білімділігіне, адами капитал сапасына сүйену Қазақстан Республикасының әлемдік деңгейдегі орнын анықтап, дамушы мемлекеттермен тең бой түзеуге мүмкіндік берді.

**Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін** адам капиталының сапасын көтеріп, **кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет** – деп білім беру орындарының алдына нақты тапсырмалар міндеттелген болатын (сурет 1 ).




1-сурет- 100 нақты қадам Ұлт жоспары – білім беру саласы үшін

Білімді, бәсекеге қабілетті мұғалім даярлау, студенттің коммуникативтік әлеуетін дамыту идеялары білім беру мәдениеттану, философиясы, тұлға дамуы, білім берудегі инновациялық үдерістердің дамуы бағыттарындағы теориялық еңбектерге (Б.С. Гершунский, А.В.Хуторской, В.И. Загвязинский, және т.б.) негізделетіндігі айқындалды.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін негіздеуге отандық ғалымдардың да іргелі зерттеу жұмыстары негіз болды.

Ж.Аймауытовтың оқыту үдерісіндегі белсенділік мәселесі мен тұлға теориясына қатысты еңбектері негіз болды. Ол тұлға дамуындағы биологиялық және әлеуметтенудің сәйкестігіне қатысты сұрақтарды биологиялық тұрғыдан шешуді дұрыс деп санады. Зерттеушінің айтуы бойынша, адам тума берілетін қасиеттер мен нышандар жиынтығынан тұратын индивид болып дүниеге келеді.

М.Жұмабаев адамның психикасын тұтастық амал тұрғысынан шешеді. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М.Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты.

Коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру болашақ мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық аспектілерін зерттеуде маңызды болып табылады. Оның себебі, болашақ

мұғалімнің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыруды іске асырудың ғылыми негізін құрауында.

*Коммуникативтілік* - тұлғаның ақпаратпен синтаксистік, прагматикалық семантикалық, ақпараттармен белсенді жұмыс жасауды қоршаған әлемге, оның ішінде қоғамдағы басқа адамдарға адекватты әсер етуді іске асыруды қамтамасыз ететін сапасы.

Зерттеуші Е.И.Пассов коммуникативтілікті әдіснамалық статусқа ие әдістемелік категория ретінде қарастырып, білім беру үдерісін коммуникативті деп атауға мүмкіндік беретін параметрлер жіктемесін жасауды ұсынады [2].

Болашақ мұғалімнің коммуникативтік әлеуетінің өзгеше бір ерекшелігін онда қатынаста сенімділік пен жеңілдік қана емес екеуара әрекеттесуде белсенділікті, жалпы әлеуметтік интеллектті көрсететін коммуникативтік-тұлғалық қасиеттердің көрініс табуы.

Болашақ мұғалімнің коммуникативтік әлеуеті оның генетикалық тұрғыда берілген психикалық ерекшеліктері темперамент, жүйке іс-әрекеті типі, және т.б. мен оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде қалыптасатын тұлғалық сапаларының интегративтік сипаты сапасында болады.

Болашақ мұғалімнің коммуникативтік әлеуетінің дамуы үдерісінің жүйелілігі қажеттіліктермен, мақсаттармен интенциямен және тұлғаның коммуникативтік әлеуетін іске асыру нәтижесі ретіндегі кері байланыспен қамтамасыз етіледі.

Бұл студенттің коммуникативтік әлеуетінің маңызды көріністері ретінде такт, шыдамдылық, эмпатия, өзін-өзі құрметтеу, басқаларға вербальді және бейвербальді орталар ықпалымен арқылы ықпал ету, бірлесе әрекет етуге қабілеттілік, серіктестік қарым-қатынасқа дайындығы, оптимизм ерекше мәнге ие.

Болашақ биолог мұғалімнің коммуникативтілігіне тәуелді болатын коммуникативтік әлеуеті бірлескен іс-әрекет және оның коммуникативтік іс-әрекетті іске асыруы барысындағы мүмкіндіктерін сипаттайтын, мұғалімнің қарым-қатынастағы ықпалдылығы; оның бойында анықталған коммуникативтік сапалардың болуы шартында қалыптасатын динамикалық жүйе.

Адам өзінің ішкі жан дүниесіне ден қойғанда өзінің болашақ бейнесін қалыптастыру мен түрлендіруге қадам жасайды. Ал екінші деңгейде бұл механизм әлеуметтік тәжірибені және құралдарды меңгеру, өзгелермен қарым-қатынас жасау, яғни тұлғааралық коммуникация үдерісінде дамиды.

Болашақ мұғалімге зерттеуші В.В.Давыдов зерттеген іс-әрекет теориясының проблемаларын түсіну маңызды:

1-мәселе іс-әрекеттің түрленуінің мәнімен байланысты (түрлену мен өзгеру қатынасы).

2-мәселе «ұжымдық және жеке іс-әрекет қатынасына» байланысты. Оны шешу мәселелерін Э. Дюркгейм, Л. Леви-Брюль және т.б. зерттеген.

3-мәселе іс-әрекет құрылымын анықтаумен байланысты.

4-мәселе проблема іс-әрекет пен қарым-қатынас түсініктеріне қатысты.

Сонымен, іс-әрекет пен қарым-қатынас түсініктерін бірін біріне қарама қарсы қарастыруға болмайды[3].

Аталған жүйенің элементтері коммуникативтік;

- интенция,
- коммуникативтік стратегия,
- коммуникативтік мақсат,
- коммуникативтік міндеттер,
- мәтін хабарлама (ақпарат),
- ақпаратты тасымалдау
- қабылдау арналары,
- коммуникативтік іс-әрекеттер (акттар),
- даму үдерісінің диагностикалық негізі ретіндегі кері байланыс.

Болашақ мұғалімнің коммуникативтік әлеуеті біріккен іс-әрекет шартында қалыптасатын жүйе ретінде қарастырылып, оның қарым-қатынастағы ықпалдылығын қамтамасыз ететін ішкі қорлары сапасында, сондай-ақ, болашақ мұғалімде коммуникативтік іс-әрекетті іске асырудағы мүмкіндіктерін сипаттайтын анықталған коммуникативтік сапалардың болуын көрсетеді.

***Библиографиялық тізім***

1. Омарова Ә.Т., Сарыбаева И.С. Түлектерді бәсеке қабілетті маман ретінде дайындауда қолданылатын инновациялық білім беру технологиялары // Қоғамдық сананы жаңғыртудағы жоғары оқу орнының рөлі: Университет 4.0 моделіне көшу: 48-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары (18–19 қаңтар 2018 жыл). -2018. -281–284 б.

2. Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы // Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, -2016.

3. Сейтметова А.М . Биологияны оқытуда оқушылардың жеке-топтық оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру / А.М.Сейтметова А.Қ.Жүзбай // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сер. - 2019. - № 2. -44 б.

ӘОЖ 373.8

## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ БЕЙІНДІ ОҚЫТУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

***Жанбаева Р.Ә.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» Қазақстан халқына жолдауында қазақстандықтардың өмір сапасының артуындағы міндеттердің бірі осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту.

Бейіндік оқыту мектепте білім беруді дамытуда өзекті және маңызды қадам болып табылады. Осы сияқты көлемдегі барлық басқа жаңа енгізілімдер сияқты, бұл қадам да барынша ойлануды, тындырымды нақтылауды керек етеді. Ең алдымен, «бейіндік оқыту» және «бейіндік мектеп» ұғымдарын ажырату қажет.

Бейіндік оқыту – саралай және даралай оқытудың құралы, білім беру үдерісінің құрылымында, мазмұны мен ұйымдастыруында өзгертулер енгізе отырып, оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділіктерін ескеретін, жоғары сынып оқушыларының бейіндік қызығушылықтарына және таңдаған бағыттарына білімді жалғастыруына сәйкес оқыту жағдайларын жасау.

Бейіндік мектеп – осы мақсатқа жетудің институционалдық формасы. Бұл негізгі форма болғанымен, жекелеген жағдайларда бейіндік оқытудың басқа формалары перспективалы бола алады, оның ішінде білім стандарты мен бағдарламаларды жүзеге асыруда жеке білім беру ұйымынан тысқары шығара алатын формалар да болады. Бейіндік оқыту жеке тұлғаны қалыптастыруға бағдарланған оқыту үдерісін жүзеге асыруға бағытталады. Бұл ретте оқушылардың индивидуалдық білім алу траекториясын реттеу мүмкіндігі кәдімгідей кеңейеді. Бейіндік оқытуға көшудің көздеген мынадай негізгі мақсаттары бар:

- жалпы орта білім берудің жекелеген пәндерін тереңдете оқытуды қамтамасыз ету;

- оқушылардың индивидуалдық білім бағдарламаларын құрудың кең ауқымдағы және икемді мүмкіндіктерін анықтай отырып, жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын мәнділікпен саралауға жағдай жасау;

- оқушылардың қабілеті мен индивидуалдық бейімділіктеріне, қажеттіліктеріне орай, түрлі категориядағы оқушылардың толыққанды білім алуға тең қолжетімдігін орнатуға ықпал ету;

- оқушылардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастықтың қамтамасыз ету, мектеп түлектерін жоғары кәсіби білім бағдарламаларын меңгеруге тиімділікпен даярлау. Бейіндік білім беру ұйымы бүгінгі күні аса қажет ететін мәселелер:

- оқушылар мен тәрбиеленушілерге кәсіби бағдар беру, бейіналды және бейіндік даярлауды жүзеге асыру брйынша жүйелі жұмыс жүргізу, нәтижесі

- түлектердің болашақ мамандығын игеруге жоғары деңгейдегі психологиялық және интеллектуалдық (білімдік) даярлығы болуы;

- кәсіби бағдар беру, бейіналды және бейіндік оқыту бағдарламалары бойынша көрестілетін білімдік қызметке білім беру үдерісіне қатысушылардың сұранысы болуы;

- біліктілігі бар мамандар құрамы болуы;

- қажетті материалдық-техникалық базасы болуы;

- таңдалған бағыт бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;

- оқушылардың өзін-өзі тануы мен әлеуметтік бейімделуі үдерістерінің жүйелі психология-педагогикалық қамтамасыз етілуі;

- бейіндік пәндердің оқытылу сапасын бақылайтын және әдістемелік қамтамасыз ететін әдістемелік кеңес болуы; бейіналды және бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен нәтижелерінің бағаланымы бойынша аналитикалық іс-әрекеттер жасау; таңдалған бағыттар бойынша зерттеулер мен әзірлемелердің оза жүру сипаты; бейіналды және бейіндік оқытудың бағыттарына сәйкес келетін кәсіби бағдар беру жұмысының мазмұны мен формаларын әзірлеу;

- ақпараттық-талдау қызметін ұйымдастыру.

Жалпы білімнің жоғары сатысын жаңалаудың басты идеясы – мұндағы білім беру барысының неғұрлым индивидуалдануы, функционалдануы мен тиімді болуы.

Көпжылғы тәжірибе көрсеткендей, жасөспірім шақтың 15 жас шамасынан бастап білім беру жүйесінде оқушылардың өз қызығушылықтарының, қабілеттерінің және мектептен кейінгі өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына жағдайлар жасалынуы керек.

Әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуына байланысты, білім беру саласын да жаңа қарқынмен, жаңа мазмұн байлығымен дамыту керек. Білім мазмұнында қоғамның құндылықтары, рухани және шығармашылық әлеуеті қалыптасатындай күш болуы керек.

Ол үшін білім беруге деген көзқарас түбегейлі өзгеруі керек, атап айтқанда, оқушылар тек білім, білік, дағдыны меңгеріп қоюы ғана көзделмей, есесіне, адамдық болмысының қалыптасуына, әрқайсысының қайталанбас өзіндік тұлғасы қалыптасуына ден қою керек. Бейіндік оқытудың түпкі көздейтін мақсаты осындай болуы керек.

Білім беру мазмұнының әр түрлі салаларындағы теориялық зерттеулерге В.В.Краевскийдің, И.Я.Лернердің, В.С.Ледневтің, Ю.К. Бабанскийдің , Л.Я.Зоринаның, И.К. Журавлевтің, С.И. Архангельскийдің, В.Г. Разумовскийдің, Н.Ф.Талызинаның, қазақстандық ғалым М.Ж.Жадринаның және т.б. еңбектері арналған. Олардың зерттеулерінде жалпы білім беру мазмұнын құрудың әдіснамалық негіздері тұжырымдалған, оқу-тәрбие үдерісін және білім беру мазмұнының құрылымдық элементі – оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың жалпыдидактикалық принциптері жасалған [4, б.8].

**Кәсіби мотивация** дегеніміз мамандық таңдауға байланысты нақтылы шешімдерді қабылдауға және жүзеге асыруға бағыттайтын мотивтер жиынтығы Мотив психологиялық тұрғыдан жеке тұлғаның мінез-құлқы мен әрекеттерін туғызушы себептер ретінде

қарастырылады. Төмендегі 1- кестеде әр түрлі ғалымдардың көзқарастары бойынша мамандық таңдаудағы басты мотивтер көрсетілген. 1- кесте

Мамандық таңдауға байланысты негізгі мотивтер

| **Н.Д.Левитов** | **В.И.Жуковская** | **Н.И.Крылов** | **Е.А.Павлютенков** |
|---|---|---|---|
| Мамандықтың қоғамдық, мемлекеттік мәні | Қоғамдық мәнін түсіну | Мамандықтың қоғамдық пайдасы | Әлеуметтік |
| Таңдаған мамандыққа деген қызығушылық | | Сүйікті іске деген қызығушылық | Еңбек мазмұнына байланысты мотивтер |
| Қажетті сала бойынша тәжірибе жинау арқылы мамандыққа дайындық | Кәсіби нұсқау беретін практикалық тәжірибе, білік және дағды | Қандай да бір істі жеңіл игеру | |
| Таңдаған мамандықтың мектептегі оқу үлгерімімен байланысы | | Мектеп пәндеріне деген қызығушылық | |
| Мамандыққа байланысты қабілет | Өзінің мамандыққа жарамдығын түйсіну | Арнайы қабілеттер | Танымдық: қабілеттерді жүзеге асыру |
| Кәсіптің тәрбиелік мәні | Материалдық мүдде, қызығушылық | Әр түрлі тұрмыстық ой-пікірлер | материалдық |
| Жұмысқа жеңіл орналасу | | | утилитарлық |
| Туыстар мен жолдас-жоралардың кеңесі, отбасылық дәстүр | Ата-аналар мен үлкендердің қолдауы | Отбасылық дәстүр, мысалы үлкендердің кеңесі | |
| | Қауіп-қатер, ізденіс романтикасы, шығармашылыққа, жаңалықтарға мүмкіндік тууы | | шығармашылық |
| | Эстетикалық қажеттіліктер және талғам | | эстетикалық |
| | Мамандықтың сәнге айналуы | | пайдалы |

Ғалымдардың пайымдауларынша, мамандық таңдаудағы ең негізгі мотив – мамандықтың әлеуметтік маңыздылығы мен мамандыққа деген қызығушылық. Одан кейінгі маңызды мотвитерге қабілет, практикалық тәжірибе, материалдық себептерді жатқызуға болады.

Мотивацияның қалыптасу және даму барысын басқаруға болады. Ол үшін ең өз уақытын жіберіп алмау керек. Ғалымдар 6-7 сынып оқушыларының бойында жалпы,

бірақ тұрақты бағдар түрінде болашақ мамандыққа қатысты мотивтердің негізін қалауға болады деп санайды, айталық адам өміріндегі еңбектің маңызы, еңбекке деген сүйіспеншілік және құрмет сезімдерін оятуға болады. Жоғары сыныптарда білім беру барысында жетекші мотивтерді дамыту керек, балаларды қызықтыратын сала бойынша қабілеттері мен күштерін байқап көру, мамандыққа қойылатын талаптар мен оқушының мүмкіндіктерінің сәйкес келуін анықтауға арналған жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, мамандық таңдауда тұрақтылықты қалыптастырған дұрыс.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдарға дейінгі стратегиялық даму жоспары. – Астана, 1997.
2. Қазақстан Республикасының 2005-2015 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдараламасы. – Астана, 2005. – /Егемен Қазақстан. – 2005. -16 қазан.
3. Қазақстан Республикасында 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау тұжырымдамасы. – Астана, 2004.
4. Қонақова К.Ө, Карбаева Ш.Ш. және т.б. ҚР бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулары (қаз., орыс тілдерінде). – Алматы, 2006ж
5. Андреева Н.Д. Профессиональная ориентация для обучения биологии в старших классах. /Н.Д.Андреева, Н.В.Малиновская. – М.: Мнемозина, 2013.


ӘОЖ 372.36

## БИОЛОГИЯНЫ БЕЙІНДІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ


***Жанбаева Р.Ә.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Жалпы білім беру жүйесін модернизациялауға байланысты қазіргі таңда білім беру үдерісіндегі басты мәселе - оқушыны өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін білетін, өзінше ойлап, өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін болжап, өзінің өмірдегі орны мен өмірлік жолын таңдай алатын тұлға ретінде қалыптастыру болып отыр.

Сонымен қатар, бүгінде жоғары сынып оқушыларының көпшілігі қазіргі кездегі білім ЖОО-да жақсы оқып, болашақта кәсіби мансап жасауға жасауға толық мүмкіндік бермейді деген көзқараста оқушылардың тек 12 пайызы ғана бүгінгі білім талапқа сай деп есептеді. Оқушылардың 70 пайыздан астамы басты пәндердің негізін ғана игеріп, ал мамандандыққа байланысты пәндерді тереңдетіп оқуды қалайды. Осы жағдайларға байланысты Ресейде енгізілген бағдарлы оқыту жүйесі саралау, тұлғаға бағытталған және мамандандырудың басты құралы ретінде танылып отыр.

Биологиядан бағдарлы оқыту деп оқушылардың арнайы қабілеттерін дамытып, олардың мамандық бойынша таңдаған пәндеріне деген қызығушылықтары мен білімін жалғастыру үшін қажетті оқу орындарын таңдау қабілеттерін арттыруға бағытталған оқыту жүйесін айтамыз.

Бағдарлы оқытудың өзіндік құрылымы бар. Бағдарлы оқыту жүйесін төмендегідей жіктеуге болады:

- *базалық пәндер* (бұл оқушылардың қабелеттері мен қызығушылықтарын біржақты дамыту қаупінен сақтайды);

- *бейінді пәндер* бағдарлы және оған қатысты пәндер (оқушыларды қызығушылығына сәйкес және болашақ мамандықтарына тікелей қатысы бар пәндер). Мысалы, жаратылыстану бағытындағы пәндерге биология, химия, физика жатады.

- *қолданбалы курстар* (таңдау бойынша курстар, оқушылардың қатысуы міндетті) бағдарлы пән бойынша білімді дамытып, белгілі бір ғылым саласымен тұрақты айналысу дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, жаратылыстану- ғылыми бағдарын таңдаған, биологияға қызығатын және генетикаға қатысты мамандықты таңдаған оқушы биологияның осы бағыты бойынша білімдерін дамытуға арналған курстарға барады. Яғни, қолданбалы курстар арқылы оқушыларды бағдарішілік жіктеу жүзеге асырылады [1,2,3,4].

*Арнайы курстар, арнайы практикум және жекелеген бөлімдер бойынша білімді тереңдетуге арналған модульдер* (оқушылардың таңдауы бойынша).

Базалық, бағдарлық және қолданбалы курстардың арақатынасы (практикумдар, модульдер, арнайы курстардың) 50:30:20 пропорциясында жоспарланады.

Билологияны бағдарлы оқыту әдістері мен тәсілдерінде өзгерістер жүріп жатыр. Проблемалық оқыту, оқушылардың қосымша әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жүргізуі, зерттеу әдістерінің мәні айтарлықтай артып отыр.

Қазіргі таңда мектепте жүзеге асыруға болатын бағдар түрлері анықталуда. Оларды жалпы саны – 20 шақты. Биология келесі бағыттарда бағдарлық деңгейде оқытылады: жаратылыстану-ғылыми, биологиялық-химиялық, медико-биологиялық. Базалық деңгейде биологияны аптасына 1 сағат оқытылса, бағдарлы деңгейде – 3-4 сағат.

Биологияны тереңдетіп оқыту мен бағдарлы оқыту түрлерінің ара жігін ажыратып алу керек. Биологияны тереңдетіп оқыту бойынша биология пәніне көп сағат бөлінеді. Ал бағдарлы оқытуда өзара интеграциялық байланыстағы бірнеше пәнді жоғары деңгейде оқыту көзделеді. Биологияны бағдарлы оқытудың маңызды ерекшелігінің бірі – болашақ мамандыққа немесе болашақ оқу орнын таңдауға «қадам» жасалады, сондықтан бағдарлы оқытатын пәндердің мазмұнында оқушы үшін кәсіби жеке және әлеуметтік маңызды пәндерге бас назар аударылады.

Бейінді оқытуға кіріспе ретінде 9 сыныпта бағдар алды дайындық жүргізу қажет. Ондай дайындықтың негізгі мақсаты 10-11 сыныпта оқушылардың мамандық таңдауына көмек көрсету болып табылады.

Бейінді оқыту барысында кәсіби және бейінді білім беру үшін барлық мектеп пәндерінің маңызы артады. Кез келген ғылымның негізін беру арқылы ғана әр түрлі мамандықтың ерекшеліктерін көрсетуге болады. Кәсіби білім беру беру шаралары негізгі екі бағытта жүргізу ұсынылады: оқушыларға бағдар алды білім беру және биологияны бағдарлы оқыту.

Мысалы, 9 сыныпта жалпы биологияның негіздерін оқыту кезінде оқушыларды биологияға қатысты бірқатар мамандықтармен таныстыруға болады: биология пәнінің мұғалімі, эколог, түрлі саладағы дәрігерлер, ландшафт архитекторы, мал дәрігері, биолог – ғалым, лаборант-эколог, зоотехник. Ол оқушылардың биологиядан алған білімдерін өмірде қолдану мүмкіндіктерін арттырып, биологияның қолданбалы маңызын ашады. Көптеген оқушылар көбінесе мамандықтың сыртқы тартымдылығына ғана назар аударатындықтан, мұндайға негізгі мақсат - жоғары сыныптарда белгілі бір бағдарды және болашақ мамандығын таңдау мотивациясын арттыру. Нәтижесінде оқушылар қандай да бір мамандықты неліктен таңдайтындықтарын түйсінулері керек. Кәсіби бағдар арқылы келесі міндеттерді шешуге болады:

- жеке тұлғаның жұмыс істеуге қажетті қабілеттерін, білімдерін, индивидуалдық-психологиялық сапаларын айқындау, мамандық пен кәсіптің ішкі мазмұнын ашу;

- оқушыларды биологияға қатысты әр түрлі мамандықармен таныстыру, соның ішінде тек дәстүрлі ауыл шаруашылық мамандықтарымен ғана емес, медицина, экология, фармокология, генетика, кибернетика сынды заманауи мамандықтармен таныстыру; кадрлар даярлау жүйесі мен мамандар тапшылығы туралы ақпарат беру.

Атақты адамдардың тұлға ретінде және маман ретінде қалыптасуын мысалға келтіре отырып, оқушылардың кәсіби маңызды қасиеттерінің дамуына ықпал ету.

Бейін алды даярлық кезінде оқушыларға тек ақпараттық емес, психологиялық қолдау көрсетудің маңызы зор. Оқушылардың жеке қабілеттерін тексеруде және мамандықтардың ерекшеліктерін айқындауда мектептің педагог- психологының көмегі айтарлықтай. Тіпті психолог болмаған жағдайда мұғалім қарапайым әрі тиімді тестілеу әдістері арқылы тоғызыншы сынып оқушыларының кәсіби қызығушылықтары мен мамандыққа бейімдігін айқындай алады. Сол мәліметтердің негізінде оларға болашақ мамандықтарын таңдау оңай болады. Осы мақсатта біз Е.А.Климовтың «Дифференциалдық-диагностикалық сауалнамасын» және А.Е.Голомштоктың «Карта интересов» (қызығушылық картасы) әдісін қолдануды ұсынамыз, оның мәтіні қосымшада берілген.

Биологияны бейінді оқытуда кәсіби білім беру элементтерін қолданбалы курстардың мазмұнына енгізуге болады, оқушыларды жаңа мамандықтармен және кәсіппен қатар таныстырған дұрыс. Сондай-ақ қолданбалы курстар аясында атақты биолог-ғалымдармен, дәрігерлермен таныстыруға болады. Белгілі бір мамандық саласында қолданылатын пәндік білім негізінде қалыптасатын кәсіби біліктерін дамытуға бағытталған жұмыс жүргізудің де маңызы зор.

Бүгінгі таңда мектепте білім беруді жетілдірудің жетекші бағыттарының бірі мектептің жоғары сатысына бағдарлы оқытуды енгізу болып табылады. Осыған орай Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі 2006-2007 оқу жылынан бастап еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің жоғары сатысына бағдарлы оқытуды жаппай енгізілді.

***Бейінді оқыту*** – бұл жалпы білім беретін мектептің жоғары буынында оқытуды даралауға, оқушыны әлеуметтендіруге, сонымен бірге мектептің жоғары сатысы мен орта және жоғары кәсіби білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған арнайы дайындау жүйесі.

***Бейінді оқытуды енгізудің мақсаты*** – жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып әлеуметтендіруге бағытталған арнайы дайындау жүйесін жасау болып табылады.

***Библиографиялық тізім***


1. Андреева Н.Д., Малиновская Н.В. Профессиональная ориентация для обучения биологии в старших классах. /Н.Д.Андреева, Н.В.Малиновская. – М.: Мнемозина, 2011. -88 с.

2. Қазақстан Республикасының 2005-2015 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдараламасы. – Астана, 2005. – /Егемен Қазақстан. – 2009. -16 қазан.

3. Қазақстан Республикасында 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау тұжырымдамасы. – Астана, 2004.

4. Қонақова К.Ө, Карбаева Ш.Ш. және т.б. ҚР бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулары (қаз., орыс тілдерінде). – Алматы, 2013, ҚБА, – 42 б.


ӘОЖ 57.248

## ҚАУІПТІ АРАМШӨПТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ЗИЯНКЕСТЕРІ


***Кеңесбекова Г.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Адам баласы, алғаш рет жерді өңдеп пайдалана бастағаннан бері ғасырлар бойы арамшөптермен аяусыз күресіп келеді. Соған қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арамшөптер қаулап өсіп, халық шаруашылығына орасан зор нұсқан келтіріп отыр. Оларға қарсы қолданылып келген түрлі шаралар, әсіресе химиялық препараттар кейде ұтымды болғанымен, артынан көп зардаптары қалып, тиімді болмай отыр. Осындай кездерде кейбір қауіпті арамшөптерге қарсы биологиялық әдістерді жиірек қолданудың маңызы зор.

Арамшөптермен күрестің физикалық, химиялық немесе агротехникалық әдістері тек сол белгіленген территорияда ғана жүргізілуі тиіс. Кейде арамшөптерге қарсы

пайдаланылатын жәндіктер, өз бетінше көлемді аумаққа кең таралуы мүмкін. Бұл өте қауіпті. Себебі, ол бір жерде арамшөптің табиғи зиянкесі болумен қатар, екінші жерде, керісінше басқа мәдени өсімдіктің қауіпті зиянкесіне айналуы мүмкін. Сондықтан, жәндікті қандай мақсатқа болмасын қолданарда, оның экономикалық маңызын жан – жақты тексерген жөн. Оның бүгінгі күннің мақсаты үшін ғана емес, ертеңгісін де болжап зерттеген дұрыс. Оған қоса, сол ел үшін ғана емес, оның көрші мемлекетке қатысын, жалпы табиғатқа қатысын жан – жақты жүйелі түрде зерттеп барып қана қолданылуы тиіс.

Арамшөптерге қарсы алғаш рет жәндіктер 1902 жылы биологиялық күрес мақсатында пайдаланылды. Осы мақсатпен Мексика жерінен Гавай аралына лантана камара арамшөбіне қарсы насекомдардың 8 түрі жерсіндірілді.

Бұрынғы кезде насекомдардың өсімдіктердің сабақ, тамыр, гүл бөлімдерін зақымдап, бүлдіретін түрлеріне ғана көңіл бөлінген болатын. Ал, жапырақ кеміргіш жәндік сырт қалған еді. Кейіннен практика барысында насекомдардың насекомдардың осы түрлерінің де маңызды екені дәлелденді. Бірақ насекомды қолданғанда ескеретін ең басты мәселе, олардың болашақта басқа өсімдіктерге, жәндіктерге, тірі организмдерге жалпы қауіпсіз болуы.

Арамшөптерге қарсы көбелек жұлдыз құрттары, жемір қоңыздар мен олардың личинкалары, қандалалар, теңбіл қанатты және ісік туғызушы шыбындар кеңінен қолданылуда. Төмендегі кестеде кең таралған қауіпті арамшөптердің табиғи зиянкестерінің түрлері және таралу аймақтары берілген ( кесте 1).

Кесте 1

Кең таралған аса қауіпті арамшөптер және олардың негізгі зиянкестері

| № | Арамшөптердің атауы | Арамшөптердің табиғи зиянкестері | Таралған аймақтар |
|---|---|---|---|
| 1 | Жатаған укекіре | Жапырақты ісік түзетін бізтұмсық | Балхаш көлі маңы, Шымкент, Қырғыз Алатауы, Жоңғар Алатауында, Батыс Қазақстанда |
| | | Сүген қоңызы | Балқаш, Қаратау, Шу – Іле тау бөктері, Оңтүстік – шығыс Қазақстан |
| | | Жемір қоңыз | Қазақстанның Оңтүстік – шығыс аудандары, Ертіс өзені бойы |
| | | Шырмауық қоңыз | Жоңғар, Іле Алатауы етектері, Ертіс өңірі |
| | | Қазақстан урофора шыбыны | Батыс Қазақстан, Қазақстанның оңтүстік – шығыс аудандары |
| | | Фитомиза шыбыны | Орталық Азия, Іле Алатауы, Жоңғар, Қырғыз Алатауларынан, Ертіс өңірі |
| | | Қаракүйе көбелегі | Еуропа, Балхаш көлі, Ертіс өзені бойында, Қаратау таулары |
| | | Кекіре тамыр көбелегі | Шу – Іле тауларында, Қаратауда, Балхаш көлі, Ертіс өзенінің орта ағысы |
| | | Кекіре кенесі | Өзбекстан, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс алқаптарда |
| | | Кекіре құрты | Самарқанд, Ташкент облыстарында (Өзбекстан республикасы),Ақсу – Жабағылы қорығында |
| 2 | Ақ мия | Кішкене көк түсті бізтұмсық | Румыня, Орта Азия, Кавказ және Қазақстанда |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Мияның жапырағында ісік түзгіш | Қызылорда қаласы маңы |
| | | Маместра көбелегі | Солтүстік Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан, Ертіс бойында |
| | | Ақ мия зиянкес көбелегі – урезифита | Қазақстанның оңтүстік – шығыс, Қаратау жоталарында |
| | | Мия көк көбелегі | Қаратау бөктерінде |
| | | Бүлдіргіш қара көбелек | Солтүстік – шығыс Қазақстан |
| | | Жоңышқа қандаласы | Оңтүстік Қазақстан |
| | | Ақ мияның гүлдерінде ісік түзетін кене | Қазақстанның барлық аймақтарында |
| 3 | Дала шырмауығы | Шырмауықтың қоңыр түсті қалқанды қоңызы | Еуропаның орманды – дала аймақтарында, Украинада, Сібірде және Шығыс Қазақстан |
| | | Шырмауықтың сары түсті қоңызы | Еуропада, Батыс Сібір, Орталық Азия |
| | | Филлотрета қоңызы | Қазақстанның барлық аймақтарында кең таралған |
| | | Шырмауық қаракүйесі | Ертіс өзені бойында |
| | | Шырмауық теңбіл түсті көбелегі | Еуропа, Кіші және Орталық Азия, Индия, Жапония |
| 4 | Сарықалуен | Сарықалуеннің көк қанатты қоңызы | Украинаның солтүстік шығыс алқаптары, Қазақстанда |
| | | Сарықалуен теңбіл қанатты шыбыны | Қазақстанның барлық аймақтарында |
| | | Сарықалуен көбелегі | Воронеж және Белгород |
| | | Ошаған көбелегі | Еуропа, Азия, Африка, Аустралия жерлері, Чехословакия, Армения, Тәжікстанда |
| | | Теңбіл қанатты урофора шыбыны | Ертіс өзені бассейнінде |
| | | Лема жемір қоңызы | Ертіс өзені бойында |
| | | Афрофора цикадасы | Алтай таулы аймақтарының орманды – дала аймақтарында |
| | | Сүт жапырақтың қара түсті пілләсі | Орталық Азия, Батыс Еуропа, Оңтүстік және Солтүстік Америка, Қазақстан |
| 5 | Дала арамсояуы | Арамсояу бізтұмсығы | Кавказ таулары, Қазақстанның оңтүстік – шығыс |
| | | Немория көбелегі | Еуропада, Сібір, Қытай, Орта Азия және Қиыр Шығыста, Қазақстанның далалы, шөлді аймақтары |
| | | Ефритеция көбелегі | Іле Алатауы бөктерлерінде |
| | | Пзороза көбелегі | Еуропа және Шығыс Азия, Іле Алатауы етектерінде, Қырғыз Алатауы бөктерлері |
| | | Кіші пудорина көбелегі | Балхаш көлі, Ақсу – Жабағылы қорығы |
| 6 | Құлмақ түсті арамсояу | Арамсояу шыбыны – меланогромиза | Германия, Пәкістан, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік – шығыс аудандары, Ертіс, Қызылсу, Қаракөл (Семей облысы) |
| | | Қымыздық қандаласы | Батыс Еуропа, Азия, Қытай, Иран, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Жапония |
| | | Антикус қоңызы | Қазақстанның оңтүстік – шығыс аудандары |
| | | Афис шөп биті | Орта Азияда, Еуропа жерлерінде |
| | | Лобезия көбелегі | Талас Алатауында |
| 7 | Күнбағыс сұңғыласы | Сұңғыла фитомизасы | Орта Азия республикаларында, Еуропада |
| | | Аренокори – с қандаласы | Украина, Кавказ жерлерінде |
| 8 | Жусан жапырақты амброзия | Тарахидия қоңыр көбелегі | Солтүстік Америка |
| 9 | Гүлкекіре | Хэтостомелла цилиндрика шыбыны | Қазақстанның барлық жерлерінде |
| | | Хэтостомелла зуциния шыбыны | Орталық және Оңтүстік Қазақстан |
| | | Урофора теңбіл қанатты шыбыны | Қазақстанның оңтүстігінде Арыс өзені бойында, (Шу – Іле Алатауы) |

Арамшөптермен күресудің, егін жинағаннан кейін терең қопсытудан тұқым себер алдында жапыраққа гербицид бүркуден және мәдени дақылдардың өсімдік бітіктігін жиілету есебінен арамшөптерді биологиялық басыңқылаудан тұратын кешенді тәсіл, жаздық бидай егістігінде азжылдық және көпжылдық арамшөптердің толығырақ және уақытында жойылуына мүмкіндік жасады және мұндайда көпжылдық арамшөптердің жойылуы 77,6% -ға жетті, ал жылдықтарда-45,6%. Арамшөптермен күресудің кешенді шаралары жаздық бидайдан қосымша 2,7ц/га өнім алуды қамтамасыздандырды.

***Библиографиялық тізім***

1. Әуезов Ә.Ә, Атақұлов Т.А.,Сүлейменова Н.Ш., Жаңабаев Қ.Ш. «Егіншілік», Алматы, 2005

2. Әуезов Ә.Ә., Сүлейменова Н.Ш., Уразымбетова Қ.Н. Егіншілік практикумы, Алматы, 2006

3.Қ.Ш.Жаңабаев «Қазақстанда жиі кездесетін арамшөптер және олармен күрес». Алматы, 1994.

4. Агрономия мамандығының студенттеріне арналған «Егіншілік» пәнінің дәрістер жинағы. Алматы, 2010.

ӘОЖ 57.249

## КҮНБАҒЫС СҰҢҒЫЛАСЫНА ҚАРСЫ ФИТОМИЗА ШЫБЫНЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

***Кеңесбекова Г.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Фитомиза шыбынын қарқынды пайдалану елімізде сонау 1967 жылдан бері қолға алынды. Өндірістік тәжірибе барысында фитомиза шыбынының қолдану әдістері жетілдіріліп, оның биологиялық ерекшеліктері жан – жақты зерттелді. Еліміздің көптеген аймақтарына фитомиза шыбынын пайдалану әдістері жөнінде арнайы нұсқаулар да

шықты. Бірақ та, қанша дегенмен соңғы жылдары сұңғылаға қарсы аталған зинкесті қолдану көп аймақтарда кең өріс алмай отыр.

Оның бір себебі фитомиза шыбынын қолдану туралы алғашқы нұсқаулар Өзбекстан жер жағдайына арналып шығарылғандықтан еліміздің басқа аймақтарының климат жағдайымен сәйкес келмей, көбіне нәтижесіз аяқталып отырды.

Осыған орай, 1971 жылы Бүкіл одақтық ғылыми – зерттеу институтының биологиялық күрес әдістерін жетілдіру лабораториясының қызметкерлері фитомиза шыбынын сұңғылаға қарсы пайдалану тәжірибелерін жан – жақты зерттей келіп, оларды ең алдымен климат жағдайын байланысты жерсіндіру туралы нақты ұсыныстар енгізді.

Төменде біз, аталған институттың Украина облыстарында фитомиза шыбынын қолдану тәжірибелерінің қорытындысын келтіруді жөн көрдік.

1. Сұңғыла ға қарсы оның зиянкесі фитомиза шыбынын қолданғанда оның табиғи паразиттері ескерілмей жүр. Мәселене, дайындалған биоматериалдың 80 – 90 %, көбіне фитомиза шыбынының табиғи паразиттерімен залалданып, еңбек нәтижесіз аяқталып отырады. 1975 жылы Одесса, Ростов облыстарында осындай кемшіліктер жіберілді. Олардың шаруашылықтарына жіберілген биоматериалдардың 10 – 20 % ғана залалданбаған болып шықты, ал қалған 80 – 90 % жарамсыз болып шықты.

2. Аталған облыстарда фитомиза шыбынын егістікке жіберу мерзімі дұрыс сақталмай, кешіктіріліп отырылды. Мәселен, 1976 жылы Одесса мен Херсон облыстарының кейбір шаруашылықтарында фитомиза қуыршақтары бар биоматериалдар шілде айының аяғына дейін сақталынған. Бұл фитомиза шыбындары үшңн өте кеш еді. Біріншіден, инсектарийларда қуыршақтардан шыбындар ұшып кетті де, ал көбі тыныштық (диапауза) қалыпқа көшкен еді. Мұндай биоматериалдардың сұңғылаға қарсы ешбір пайдасы болмады. Егістікке жіберілген биоматериалдың 4,2 – 5,7 % фитомиза шыбындары болып, ал қалғандары бос немесе олардың табиғи паразиттері еді.

3. Фитомиза шыбынының егіске жіберілу нормасы сақталғанмен, ондағы паразиттердің әсерінен залалданған бос қуыршақтар (биоматериалдар) және ұшып кеткен шыбындар көбіне ескерілмеді. Соның нәтижесінде шаруашылықтарда бірнеше жыл қатарынан фитомиза шыбындары сұңғылаға қарсы жіберілгенімен, нітижесі шамалы болды, керісінше зияндылығы бұрынғыдан да артып отырды.

4. Еліміздің әр түрлі амақтарынан тасымалданған биоматериалдар көбіне, дұрыс тексерілмей, олардың паразиттермен залалдану дәрежесі жете анықталмайды. Мәселен, Қырым облысының тәжірибе шаруашылықтарында бұтақты сұңғылаға қарсы фитомиза шыбыны бар биоматериал Самарқанд облысынан әкелінді. Тексеру барысында әкелінген биоматериалдардың 43 % әр түрлі белгісіз паразиттермен залалданғаны анықталды. Бұдан біз шаруашылыққа пайда келтәрудің орнына, қайта фитомизаның табиғи паразиттерін әкеліп, шыбынның дамуына кедергі жасап отырмыз.

5. Көп жерлерде тек қана олардың жалпы табиғи мөлшері ғана есепке алынды, ал экономикалық тиімділігі мүлдем ескерілмейді. Сол сияқты, кейбір шаруашылықтарда фитомиза шыбынынң әсері жөнінде көтерме ақпарлар жасалынады. Фитомизаның бір личинкасы, сұңғыланың бір ғана тұқым қауашағын жоя алады. Ның үстіне, фитомиза жіберілгеннен бастап, оның тиімділігі 2 жылдан соң ғана байқала бастайды. Сондықтан көп шаруашылықтардың фитомиза шыбынын жіберген алғашқы жылы дақылдардың түсімі жоғарылады деп ақпар беруі дұрыс емес.

Қазіргі кезде Моңғолия, Украина, Өзбекстанның көптеген шаруашылықтарында фитомиза шыбынын қолданудың жаңа технологиясы өндірістік сынақтан ойдағыдай өтуде. Украинада көп жылғы зерттеулердің нәтижесінде фитомиза шыбынының қуыршақтарының залалдану дәрежесін рентген арқылы анықтауға болатынын көрсетіп отыр. Бұл айтарлықтай ғылымға қосқан жетістік.

Фитомизаның сұңғыла тұқымының түсіміне әсерін егін жиналып болған соң, шыбындар диапауза (тыныштық) күйге түскен кезде есепке алады. Мұнда бір ескерілетін жағдай, тәжірибеге және бақылауға арналған егістіктер (усатоктар) бір – бірінен 3 км-дей

алыс орналасуы керек те, ал көлемі мен тәжірибеге арналған дақыл құрамы, сорттары бірдей болуға тиіс. Тәжірибе учаскесінен анықтауға алынатын тұқымдар егістіктің диагональ бойынша, сатылы әдісті қоладан отырып, әрбір шаршы метр сайын алынады. Бұдан соң сұңғыла өсімдігін ешбір органына дақ келтірмей, мәдени өсімдіктен ажыратып алып, арнайы тігілген полиэтилен қапшықтарына салып, нөмірлейді, жинау уақытын, т.б. көрсетіп ботаникалық тәртіп бойынша этикетка жапсырылады.

Бұдан соң материалдар лабораторияға алып келініп әрбір тексеруде фитомиза шыбынымен залалдану дәрежесі анықталады. Лабораториялық тексеру үстінде өсімдіңтің барлық органдарын мұқият қарап, ондағы насекомның даму кезеңін анықтап, жазып отыру керек.

Бұдан соң өсімдіктің тұқымының қаншалықты залалданғанын анықтау жұмысы басталады.

Ол үшін, әрбір тұқым қауашағы тілініп ішіндегі дәндердің зақымдалуы төмендегідей категория бойынша анықталады: а) – дән зақымдалмаған; б) – жартылай зақымдалған; в) – толық зақымдалған, дәнінің тек қана қауызы қалған; г) – дән толық жетілген. Енді фитомизаның техникалық тиімділігі төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Э=\frac{0,5\ б-в-г}{а-б-в-г}\times 100$$

мұндағы Э – фитомизаның техникалық тиімділігі (%) бойынша; а, б, в, г – тұқым қауашағындағы дәнінің саны мен сапасы.

Бірақ та, бұл көрсеткіш фитомиза шыбынының сұңғыланың тұқымын зақымдауының проценттік мөлшерін ғана көрсетеді де, ең маңызды жағын – сұңғыланың топырақтағы төгілген дән мөлшерін көрсетпейді. Сол үшін фитомизаның рөлін топырақта жүргізілетін әдіс бойынша анықтау өте маңызды. Ол үшін тәжірибеге арналған учаскелерден жылына екі рет (көктемде және күзде) егістің диагональ ұзындығы бойынша 25 – 30 жерден, топырақтың 0 – 10, 10 – 20 және 20 – 30 см тереңдігінен пробалар алынып, әрқайсысы жеке – жеке қапшықтарға салынады. Сонан соң олар лабораторияға әкелініп құрғатылады. Бұдан соң көпшілікке белгілі әдістер бойынша сұңғыла дәндері топырақтан ажыратылып, арнайы әдіспен бинокуляр арқылы саналады. Алынған мәліметтер төмендегі формулаға салынып, фитомизаның өнімділігі анықталады.

Қорыта келгенде, осы әдістер бойынша фитомизаның техникалық тиімділігін анықтау, оның сол шаруашылықтағы тиімділігін анықтау, оның сол шаруашылықтағы негізгі рөлін анықтап береді. Алынған мәліметтер бойынша келесі жылы егістікке шыбындарды да жіберу нормасы реттеліп, әрі мәдени дақылдардың түсімін молайтуға көп себін тигізеді.

Соңғы жылдары Бүкіл одақтық өсімдікті қорғау ғылыми – зерттеу институтының қызметкерлері фитомиза шыбынын қолданудың жаңа технологиясын ұсынды. Ол негізінен өңделетін жерге фитомизаның ересек шыбынын апаруға бағытталған. Ол үшін қолдануға көзделген шыбындар алдын ала паразиттерінен тазартылады. Егістікке (бақшаға) жіберілу нормасы сол учаскенің сұңғыланың қаншалықты залалдануына байланысты анықталып отырады. Егер сұңғыла тығыздығы 1 гектарда 10 мың дана болғанда оған қарсы 1600 шыбын қолданғанда жақсы нәтиже береді.

### *Библиографиялық тізім*

1. Әуезов Ә.Ә., Атақұлов Т.А., Сүлейменова Н.Ш., Жаңабаев Қ.Ш. «Егіншілік», Алматы, 2005

2. Әуезов Ә.Ә., Сүлейменова Н.Ш., Уразымбетова Қ.Н. Егіншілік практикумы, Алматы, 2006

3. Қ.Ш.Жаңабаев «Қазақстанда жиі кездесетін арамшөптер және олармен күрес». Алматы, 1994.

4. Агрономия мамандығының студенттеріне арналған «Егіншілік» пәнінің дәрістер жинағы. Алматы, 2010.

ӘОЖ 57.250

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНЫҢ ЭНДЕМИКАЛЫҚ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

***Махсут Б.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан, қорғалатын табиғи территориялардың әлемдік жүйесінің дамуында маңызды рөл атқарады. Әлемдік үлгі талабы бойынша мемлекет территориясы көлемінің 10%-ынан көбі қорғалатын табиғи территория болуы керек [2].

Биологиялық алуан түрлілікті дәл тізімге алып түгендеп яғни инвентаризация жасап жүйеге келтірілген мәліметтер болғанда ғана конвенция ережелерін талабын тиімді орындау шараларын жасауға болады. Яғни, табиғатта өтетін түрлі экологиялық процестерге игі ықпал етіп, қоршаған ортаны көркейтумен қатар, небір қайталанбас көркі бар табиғи ландшафтардыбарлық компонтенттермен қамқорлыққа алған жөн.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінің өсімдітер әлемінің құрамында, ғылыми тұрғыдан айырықша маңызды, сирек кездесетін және эндемикалық өсімдік түрлері бар. Адамзаттың күнделікті өмірде табиғатқа әртүрлі әсер ету жағдайында, әсіресе шаруашылық жұмыстар (мал жаю, пішен дайындау, дәрілік өсімдіктер жинау т.б.) нәтижесінде өсімдік түрлеріне олардың ареалдарының азаюына, тіпті жер бетінен мүлде жойылып кету қауіпі төнуде.

Қазіргі кезде ғылыми техникалық прогрестің қарқынды дамуы қоршаған табиғи ортаның антропогендік фактордың әсерінен жағымсыз өзгерістерге ұшырауына өз ықпалын тигізуде.

Қазақстанның оңтүстік-шығысының өсімдіктер жамылғысына жан-жақты талдау жүргізубарысында түрлер құрамына түгендеу жасауда аталған территориядағы эндемикалық сирек кездесетін және реликт түрлердің жағдайларын, пайдалы өсімдіктердің түрлік құрамын анықтаудың теориялық және практикалық маңызы өте үлкен.

Қазақстанның оңтүстік – шығысының (Талдықорған өңірінің) табиғи жағдайына үлкен ықпал ететін Жетісу Алатауының тау тізбегі және Балхаш Алакөл ойпаты.

Жетісу Алатауының тау массивтерінде ақтарылу және шөгінді тау жаныстары кең орын алған. Жоталардың негізгі ұшар басы және беткейдің ортаңғыбөлімі граниттерден, кристалдық сланецттерден, ізбестерден, кварциттен тұрады.

Беткейдің төменгі бөлімінде әсіресе жотаның солтүстігінде құмды – сланецті жыныстар, оңтүстікте басты түрде сланецті ізбестер, үштік тұзды қызыл түсті саздар кең тараған. Төрттік шөгінділер (әсіресе оңтүстік беткейден) тау жыныстарының үгілу өнімі аллювиальды, проаллювиальды және деаллювиальды қалдықтар түрінде. Олар ваалундардан, ұсақ шиыршық тастан, құмнан және саздан, балшықтан тұрады.Бұл шөгінділермен әдетте таубеткейінің төменгі бөлігі жабылған. Жоғарға таулы облыстарды мұздықтар флювио-гляциональды шөгінділер ежелгі және қазіргі морендер түрінде кездеседі.

Талдықорған өңірінің климаты өтпелі (Солтүстік Тянь Шань мен Алтай таулы аймақтар аралығында орналасуына байланысты) ерекше континентальды, тәуліктік және жылдық температурасы едәуір ауытқымалы, әсіресе таубаурайында жыл мезгілінде

жылумен салқынның алмасуы өте тез болады. Жылдық орташа температура жазықтан гөрі тауда төмендеу. Қысыбіршама аязсыз, жылымыз жиірек болады. Тауда радиациялық орографиялық өзгеріс жақсыбайқалып, температуранысыбіршама жоғарылайды.

Ауа температурасының төменболуынан биік таубелдеулерінде мәңгі қар мен мұздықтар қалыптасады.Температураның жиі әрі күрт ауытқуы тау жынысының мүжілуін және бұзылуын күшейтеді. Соның әсерінен таубеткейі қиыршық таспен жабылады. Жазда температураның тәулікік ауытқуы мөлшері таудың жоарыбөлігінде 9 -11 градус, тау етеінде 10-15 градус шамасында.

Талдықорған өңірінің климатына бірінші кезекте рельефінің күрделілігі, атмосфера циркуляциясының ерекшелігі, оңтүстік ендікте Балхаш шөлінің ортасында және теңіздер мен мұхиттар үлкен қашықтықта орналасу әсер етеді.Жетісу Алатауының климаты шұғыл континетальды. Жазы құрғақ жылы, қысы суық, қары аз.Жетісу таубелдеулеріне төмен температура, қысқа вегетативтік дәуір, температураның тәулік бойында шұғыл өзгеруі тән. Орта тауларға қоңыржай климат, құрғақ ауа, ылғалдылықтың аз болуы, құрғақ және жылы күз, жылы көктем, суық қыс тән.

Қазіргі кезде көзге айқын көрінетін белгілердің әр түрлі дәрежелеріне байланысты типологиялық сұрыптау жүргізуге болады.Бұл жағдайда флораны талдау негіз болатын белгілердің мөлшері өте көп,сондықтан қандай белгілер бойынша сұрыптау жасау керектігі ғылыми зерттеу жұмысының алдына қойған мақсатына байланысты.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінің өсімдіктер әлемінің құрамында, ғылыми тұрғыдан айырықша маңызды, сирек кездесетін және эндемикалық өсімдік түрлері бар.

Қазақстанның оңтүстік – шығысының флорасында 92 тұқымдас 524 туысқа жататын 2174 өсімдік түрі анықталды, олардың 188 түрі тек оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінде кездесетін эндемикалық өсімдіктер туыстық коэффициент демек түр санның туыстар санына шаққандағы пайыздық қатынасы 24,1 пайызға тең.

Белгілі бір аймақтың немесе регионның флорасын зерттегенде оның құрамын эндемикалық түрлері анықтаудың маңызы өте үлкен, себебі эндемикалық түрлер кез келген флораның басты ерекшелігін және басқа аймақтың флорасынан айырмашылығын көрсетеді.

Анықталған мәлімет бойынша Қазақстанның оңтүстік – шығысының Талдықорған өңірінің эндемикалық өсімдіктерінің жүйелік топтарының ішінде ашықтұқымдылар 1 түр немесе 0,5 пайыз құрайды, жабықтұқымдылар 187 түр демек эндемикалық флораның 99,5 пайызын құрайды. Даражарнақтылар класына эндемикалық өсімдіктердің 14 түрі немесе 7,5 пайызы жатады, қосжарнақтылар класы 173 түр немесе 92 пайызын құрайды.

Құрамында 53 түр бар ең ірі бұршақтар (Fabaceae) және 26 түрден тұратын астралылар (Asteraceae) тұқымдастары Қазақстанның оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінің эндемикалық флорасының 42 пайызын құрайды.

Әдетте ботаника ғылымында құрамында 10 және одан да көп түрлері бар тұқымдастар ірі тұқымдастар санатына жатады. Ондай тұқымдастар саны зерттелген аймақта алтау: орманжапырақтар – 10 түр, Раушангүлділер – 10 түр, Тауқалақалар – 1 түр, Сельдерейлер – 11 түр, Астралылар – 26 түр, Бұршақтар – 53 түр осы аталған тұқымдастар Талдықорған өңірінің эндемикалық флорасының 63,8 пайызын құрайды.

Қазақстанның оңтүстік-шығысының Талдықорған өңірінің эндемикалық флорасы түрлер саны жағын ботаниктердің меккесі болып саналатын Қаратау тауының және 100-жылдана қорықтық жағдайдағы Ақсу-Жабағалы қорығынан кейінгі үшінші орында деуге болады.

Жер бедері мен топыраққа байланысты эдафикалық қағидалар негізінде оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінің эндемикалық өсімдіктері көпшілігінде 66 түрі – петрофильды тастақты жерді, тастақты беткейлердің өсімдіктері 54 түрі тасты және жартысы субстратқа мекендейтін өсімдіктер, 5 – түр – криофильді өсімдіктер, қалғандары шалғында кездеседі. Көптеген түрлер қиыршық тастарда өседі.

***Библиографиялық тізім***

1. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы15 шілдедегі №160 Қ.Р Парламентінің жаршысы Астана 1997.

2. Сәтімбеков Р. Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және табиғат қорғау // География және табиғат. -2005. -№1. - Б.3-7

3. Сәтімбеков Р., Келемсейіт Е., Шілдебаев Ж. Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік // Оқу құралы. - Алматы, Нұр-Принт, 2012. -254 б.

4. Қазақстанның қызыл кітаби -2 басылым,өнделген және толықтырылған. 2-том. Өсімдіктер ұжымы Астана ЖШС. Арт Print XXI ; 2014.-452 б.

5. Сваричевская З.А. Геоморфология Казахстана и Средней Азии.-Л. ЛГУ,- 1995. - 295с.

6. Ахметьев М.А. Казахстан и Центральная Азия (равнины и предгорья) \\ Палеоген и изменение климата и ландшафтов за последние 65млн лет. – М, Геос.,1999,-С.168-178

7. Соседова Н.С., Филатова Л.Н. Водный баланс и водные ресурсы северного склона Джунгарского Алатау // Алматы: Ғылым.-1998. -220с.

8. Гидрогеологические условия Казахстана // Алма -Ата: Наука,1981.- 302с.

9. Абдуллин А.А. Геология Казахстана // Алма-Ата:Наука,-1981.-302с.

10. Ахметьев М.А. Климат земного шара в плеоцене и эоцене на данном палеоботаники // Климат в эпохи крупных биосферных перестроек –М.: Наука, 2004.- С.10-44.


ӘОЖ 57.251

## ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН БОТАНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР


***Махсут Б.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Қазақстанның оңтүстік-шығысының өсімдіктер жамылғысына жан-жақты талдау жүргізу барысында түрлер құрамына түгендеу жасауда аталған территориядағы эндемикалық сирек кездесетін және реликт түрлердің жағдайларын, пайдалы өсімдіктердің түрлік құрамын анықтаудың теориялық және практикалық маңызы өте үлкен.

Жетісу өңірінің флорасын зерттеуге үлесін қосқан ботаник – ғалымдар көп. Солардың ішіндегі аталған территориялар көп жылдар бойы рекогнооцировты (жан – жақтыбағытта) флоралық зерттеулер жүргізген флорист – систематик ғалымдар В.Л. Голоскокв, М.С.Байтенов, Г.М. Құдабаева т.б.

Ең алғаш рет Жетісу Алатауында ботаникалық зерттеулер жүргізген ботаник А.И.Шренк. Ол Жетісу Алатауының солтүстік беткейінде болып, ғылымға жаңа көптеген өсімдік түрлерін жинаған. А.И. Шренктің жинаған өсімдіктерін ботаниктер Э.Трауфветтер, Ф.Фишер және К.Мейерлер сипаттаған.1841 - 1842 жылдары солтүстік беткейден Г.С.Карелин және И.ПКирилов арасында жаңа өсімдік түрлері бар, көптеген өсімдіктерді жинаған. Жоғарыда көрсетілген ғалымдар жинаған өсімдіктер коллекциялары Москва мемлекеттік университетінде сақтаулы.

Жетісу Алатауының солтүстік және батыс жоталарында П.П.Семенов зерттеулер жүргізген. Ол жинаған ботаникалық коллекцияларын А.Э.Регель және Ф.Гердер өңдеген.1876 - 1878 жылдары А.Э.Регель Жетісу Алатауының оңтүстік беткейінде көптеген өсімдік коллекцияларын жинаған. В.В.Сапожников Жетісу Алатауының оңтүстік және солтүстік беткейлерінде үлкен ботаникалық зерттеулер жүргізіп, көп матриал жинаған, ол материалдар қазіргі кезде Томск университетінде сақтаулы.

Жетісу Алатауының оңтүстік беткейінде М.И. Пташицкий өсімдіктер бірлестігін зерттеген, бірақ оның жинаған өсімдік түрлері айтарлықтай көп болмаған. Жетісу Алатауының солтүстік беткейінде З.С.Титов зерттеу жүгізген, солтүстік беткейде Н.В.Шипчинский, ал солтүстік-шығыс бөлігінде Ю.С.Липшиц геоботаникалық зерттеулер жүргізген. Жетісу Алатауының оңтүстік және әсіресе солтүстік беткейін Н.В. Шипчинский, Л.Е. Родин және Е.П. Матвеева зерттеген. Жотаның солтүстігінде ботаниктер В.С. Корнилова және О.А.Энден геоботаникалық зерттеулер жүргізген.1934 жылы солтүстік беткейде И.А. Линичевский, С.А.Никитин, Н.И.Рубцов, П.П.Поляков, В.С.Корнилова геоботаникалық зерттеулер жүргізген.Бұл геоботаникалықзерттеулер жүргізу кезінде жоғарыда аталған зерттеушілер тек өсімдіктер бірлестігі сипаттаумен шектеліп, флоралық зерттеулерге көп мән бермеген.

Өткен ғасырдың 80-90 жылдары Жетісу өңірінде Қазақстан Республикасының ботаниктері, пайдалы өсімдіктер қорын зерттеуге ғылыми жұмыстарын жүргізді атап айтқанда М.К. Кукенов. Д.К. Айдарбаева, Грузднискfurter Л.М., Гемеджиева Н.Г т.б, Исамбаева Ә.Н., Рахилов К.Д., Егеубаева Р.А., Егеубаева Р.А  аталған ғалымда Жетісу өңірінің дәрілік өсімдіктер қорын және жабайы эфирмайлы өсідіктерін зерттеген.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінің өсімдіктер әлемінің құрамында, ғылыми тұрғыдан айырықша маңызды, сирек кездесетін және эндемикалық өсімдік түрлері бар.

Қазақстанның оңтүстік – шығысының флорасында 92 тұқымдас 524 туысқа жататын 2174 өсімдік түрі анықталды, олардың 188 түрі тек оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінде кездесетін эндемикалық өсімдіктер туыстық коэффициент демек түр санның туыстар санына шаққандағы пайыздық қатынасы 24,1 пайызға тең.

Белгілі бір аймақтың немесе регионның флорасын зерттегенде оның құрамын эндемикалық түрлері анықтаудың маңызы өте үлкен, себебі эндемикалық түрлер кез келген флораның басты ерекшелігін және басқа аймақтың флорасынан айырмашылығын көрсетеді.

Қазақстанның оңтүстік-шығысының Талдықорған өңірінің эндемикалық флорасы түрлер саны жағын ботаниктердің меккесі болып саналатын Қаратау тауының және 100-жылдана қорықтық жағдайдағы Ақсу-Жабағалы қорығынан кейінгі үшінші орында деуге болады.

Оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінің эндемикалық өсімдіктерінің тіршілік формасы К. Раункиердің классификациясы бойынша құрастырылды. Талдықорған өңірінің флорасында кездесетін эндемикалық (188) түрдің жартсына жуығы 125 түр немесе 66,5 пайызы көп жылдық шөптесін өсімдіктер – гемикриптофиттер. Аталған тіршілік формасының өкілдері астықтұқымдастар немесе қоңырбастар, бұршақтар, сельдерейлер, астралылар тұқымдастарында көп кездеседі, екінші орында сүректі – бұталы өсімдіктер фанерофиттер 13,8 пайыз, үшінші орында жарылай бұта, бұташық, жартылай бұташық өсімдіктер – хамфиттер, төртінші және бесінші орында біржылдық, екіжылдық терофиттер.

Жер бедері мен топыраққа байланысты эдафикалық қағидалар негізінде оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінің эндемикалық өсімдіктері көпшілігінде 66 түрі – петрофильды тастақты жерді, тастақты беткейлердің өсімдіктері 54 түрі тасты және жартысы субстратқа мекендейтін өсімдіктер, 5 – түр – криофильді өсімдіктер, қалғандары шалғында кездеседі. Көптеген түрлер қиыршық тастарда өседі.

Экологиялық факторлардың ұзақ әсер етуі және өсімдіктердің бейімделуі нәтижесінде олардың сыртқы пішіні немесе тіршілік формасы қалыптасады.

Оңтүстік – шығыс Талдықорған өңірінің эндемикалық өсімдіктерінің тіршілік формасы К. Раункиердің классификациясыбойынша құрастырылды. Талдықорған өңірінің флорасында кездесетін эндемикалық (188) түрдің жартсына жуығы125 түр немесе 66,5 пайызы көп жылдық шөптесін өсімдіктер – гемикриптофиттер. Аталған тіршілік формасының өкілдері астықтұқымдастар немесе қоңырбастар, бұршақтар, сельдерейлер, астралылар тұқымдастарында көп кездеседі, екінші орында сүректі – бұталы өсімдіктер

фанерофиттер 13,8 пайыз, үшінші орында жарылай бұта, бұташық, жартылай бұташық өсімдіктер – хамфиттер, төртінші және бесінші орында біржылдық, екіжылдық терофиттер.

**1. Жүйелік (систематикалық).** Флораның систематикалық құрамы, яғни оның әртүрлі тұқымдастар мен туыстарға жататын түрлер жиынтығы, кез келген флораның негізгі сипаттамасыболып табылады. Әр түрлі флорадағы олардың ұйымдастығы және әр флораның систематикалық құрамының ерекшеліктері осы флораның өзара ұқсастығы мен айырмашылығы туралы пікірдің негізін қалайды. Систематикалық құрамын талдау кезінде эндемиктік, субэндемиктік және басқа да (дифференциалды) ерекше таксондардыбөліп қарау орынды.

**2. Экологиялық.** Түрлер әр түрлі экологиялық факторларға қарым – қатынасына қарай экологиялық топтарға бөлінеді.Бұл үшін алдымен сол экологиялық (факторлардың) дәл бағасын (кретерий) анықтау керек. Әдетте флористтер оны жанама жолдармен түрлердің әр түрлі жер жағдайларына таралуын талдау (анализ жасау) арқылы анықтайды.

Түрлердің субстрактқа бейімделуіне байланысты экологиялық топтарын анықтауда және өсетін ортасының ылғалмен қамтамасыз етілуіне байланыстыбөлінген экологиялық топтар Р.В. Камелин (1973) бойынша анықталды.Бұл автордың пікіріне жүгінсек өсімдіктерді су режимі бойынша экологиялық топтарға іріктеу – іс жүзінде флорист шеше алмайтын мәселе.Бірақ өсетін ортасының ылғалмен қамтамасыз етілуіне байланысты жорамал жасауға болады.

**3. Тіршілік формасы**. Түрлердің жан-жақты кешенді сипаттамасы ретінде тіршілік формасы анықталады. Флористке қиынға соқпайтын ең түсінікті осы флораны құрайтын түрлердің тіршілік формасыболып табылады. Түрлердің тіршілік формалары Т.И. Серебрякова пен К. Раункиер жүйелеріне сәйкес топтастырылады.

**4. Эндемиктер мен реликт түрлер.** Бұл категорияға жататын өсімдіктер В.П. Голоскоковтың (1984), М.С.Байтеновтың (1985) еңбектерімен жіті оқып танысқан соң солардың негізінде бөлініп алынды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе соңғы 30-35 жылда Жетісу өңірінің флорасындағы эндемикалық және сирек кездесетін өсімдіктер флорасы назардан тыс қалған.

### *Библиографиялық тізім*


1. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 15 шілдедегі №160 Қ.Р Парламентінің жаршысы Астана 1997.

2. Сәтімбеков Р. Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және табиғат қорғау // География және табиғат.-2005.-№1.- Б.3-7

3. Сәтімбеков Р., Келемсейіт Е., Шілдебаев Ж. Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және биоалуантүрлілік // Оқу құралы.- Алматы, Нұр-Принт,2012.-254 б.

4. Қазақстанның қызыл кітаби -2 басылым,өнделген және толықтырылған. 2- том. Өсімдіктер ұжымы Астана ЖШС. Арт Print XXI ; 2014.-452 б.

5. Сваричевская З.А. Геоморфология Казахстана и Средней Азии.-Л. ЛГУ,- 1995. -295с.

6. Ахметьев М.А. Казахстан и Центральная Азия (равнины и предгорья) \\ Палеоген и изменение климата и ландшафтов за последние 65млн лет. – М, Геос.,1999,-С.168-178

7. Соседова Н.С., Филатова Л.Н. Водный баланс и водные ресурсы северного склона Джунгарского Алатау // Алматы: Ғылым.-1998. -220с.

8. Гидрогеологические условия Казахстана // Алма -Ата: Наука,1981.- 302с.

9. Абдуллин А.А. Геология Казахстана // Алма-Ата:Наука,-1981.-302с.

10. Ахметьев М.А. Климат земного шара в плеоцене и эоцене на данном палеоботаники // Климат в эпохи крупных биосферных перестроек –М.: Наука,2004.-С.10-44.

ӘОЖ 57.288

# БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛЕНУІ

***Муханова Г.Ж.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологиялар енгізу биология сабақтарында оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын компьютер арқылы жүзеге асыруды жылдамдатып болашаққа қарай екпінді қадам жасатып отыр. Биология пәнінде сабақ берудің жаңа тәсілдерін жасау бағытында жақсы жұмыс істеу қажет, олар оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық қабілеттерін арттырып компьютерді де тез игеруге жағдай жасап отыр. Өз тәжірибемізде берілген тақырыпты оқытуда төмендегідей биологияны оқыту технологияларын қолданып келеміз [1].

Жалпы білім беретін мектептегі биология пәнінің негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға биология ғылымы мен адам-қоғам, адам-табиғат арасындағы қарым-қатынас түрлері жайында ғылыми-сарамандық ұғымдар беріледі. Биология пәнін оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, экология пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады:

- тіршіліктің молекулалық, жасушалық, ұлпалық, организмдік, популяциялық-түрлік және биогеоценотикалық-биосфералық деңгейлері;
- тірі организмдердің көп түрлілігі, олардың өзара әрекеттестік байланысы, онтогенезі, филогенезі, эволюциясы;
- организмдік жүйелік топтары;
- адам - әлеуметтік тұлға, адамның жеке дамуы, табиғат және адам коэволюциясы;
- биологияның іргелі теориялары (жасушалық, эволюциялық, хромосомалық) мен шекаралық, тұжырымдамалары (экологиялық, антропогенез, тіршіліктің пайда болуы).

Алдымен биологияны оқыту әдісіндегі қолданылатын сабақтарда жаңа ақпараттық технологияларға көшпей тұрып, оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді ақпараттандыру мүмкін емес. Биология сабақтарындағы мұғалім мен оқушылардың жұмысының жаңа ақпараттық технология арқылы оқу-тәрбие материалдарын үйретуге арналған есептеуіш техника құралдарының оқу үрдісіндегі рөлі мен орны, мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жеңілдету, оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесі екені белгілі [2].

Биология оқу пәні - Қазақстан Республикасы орта жалпы білім Базистік оқу жоспарларының мемлекеттік компоненттік құраушыларының бірі биология курсында тірі жүйелер құрылымдық-қызметтік (молекулалық деңгейден биосфераға дейін) жүйелілік-құрылымдық және экологиялық-эволюциялық тұрғыда мектептің негізгі және жоғарғы сатыларында қарастырылады [3].

Мектептік биологиялық білімнің даму болашағы оқу материалының мазмұнына қазіргі биология ғылымының жетістіктері мен даму бағыттарын енгізумен байланысты.

Олар: тірі ағзалардың тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігінің генетикалық негіздерін молекулалық және жасушалық деңгейде зерттеу саласындағы жетістіктер;

- өзекті экологиялық мәселелер;
- медициналық генетика, молекулалық биология, биотехнология, гендік инженерия, ғарыштық, биология, биосистематика, өсімдік пен мал шаруашылығы,фармакология салаларындагы жетістіктер.

Электрондық оқулықтарының мазмұны ғылыми тұрғыда беріледі. Биологиялық ғылымдар саласының негізгі зерттеу әдістері: бақылау, эксперимент жүргізу және жинақталған фактілерді теориялық тұрғыдан корытындылау болып табылады. Бақылау және эксперимент жолымен жинақталған материалдарды салыстыру, қорытындылау, зерделеу оқытушылардың логикалық шығармашылық ойлауын дамытады.

Мектеп биология курстарының мазмұнымен биологиялық ғылымдағы ең үлкен айырмашылық, оның мақсатында, көлемінде, құрылымында, әдісінде және мазмұндау формасында. Биология ғылымының мақсаты - зерттеудің нәтижесінде табиғат туралы жаңалықтар ашу. Электрондық оқулықтар арқылы биология пәнінің мақсаты - оқушыларға ғылымның жинақталған фактілері мен заңдылықтарын жеткізу қажет.

Танымның екінші сатысында нақтылы тусінік негізінде қорытынды жасалып, заңдылықтар айқындалады, себеп-салдар байланысы анықталады. Теориялық қорытынды жасауды қалыптастыру қолдан жасалған көрнекі құралдарды графикалық (кестелер, сызбанұқалар, суреттер, диаграммалар), көлемдік (макеттер, муляждер), қозғалмалы, таңбалы көрнекіліктерді қолдануға мүмкіндік береді [4].

Биологияны оқып үйренген кезде көрнекі электронды оқу құралдың ерекше түрі ретінде оларды өз алдына жеке пайдаланады. Бұл курс ұғымдарының жалпы қорыту сипатын қамтамасыз етіп, көптеген құбылыстардың мәнін білдіреді. Биологиялық құбылыстардың мәнін заттық көрнекілік жәрдемімен молекулалық, клеткалық организмдік және организмнен жоғары деңгейде (клеткалық метаболизм, тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің молекулалық және цитологиялық негіздері, эмбриогенездің әр түрлі кезеңдеріндегі форма түзу процестері, тіршіліктің пайда болуы, клеткадағы және биоценоздағы өздігінен реттелу және т. б.) баяндау мүмкін емес. Таңбалы көрнекіліктер химиялық формулалар, пішінін ұқсатып бейнелеу және модельдер, схемалар, графикалық және қозғалмалы құралдар, сондай-ақ техникалық құралдар — кинофильмдер, телевизиялық хабарлар пайдаланылады [5].

Химиялық формулаларды, математикалық теңдеулерді, генетикалық символдарды пайдалану зерттелетін проблемалардың биологиялық мәнін барынша толық ашуға, структуралық-функционалды байланыстылығын айқындауға бағытталады. Формуладан ұқсас пішінді модельге, бейнеге ауысу екжей-текжейлі қарастырудан бұрын, зерттелетін құбылыстың өте маңызды жақтарына назар аударуға мүмкіндік береді. Формулаларды пайдалану курс материалын күрделендіруге апарып соғады, сондықтан заттар құрылысының ерекшеліктерін ешқашан бейнелей алмайтын түрлі-түрлі геометриялық фигураларды, таңбаларды пайдалану туралы да пікірлер бар.

Біздің зерттеулер жасушаның химиялық құрылысын оқып үйренген кезде формулаға назар аударса, заттардың құрылысы мен қасиеттерінің арасындағы өзара байланысты анықтауға көмектесетіндігін көрсетті. Алайда оқушылардан формулаларды жаттап алуды талап етудің қажеті жоқ. Зерттелетін заттардың негізгі қасиеттерін айқындау соңынан күрделі емес ұқсас пішінді модельдерге ауысу керек. Құрылысының формулалар мен шартты бейнелерді тақтаға жазып уақыт кетірмеу және жиі назар аударып тұру үшін оларды үлкен парақты қағазға күні бұрын жазып алған орынды [6].

Жасуша ішіндегі процестер туралы материалды меңгеруде қозғалмалы құралдар үлкен жәрдем көрсетеді, солардың жәрдемімен жасушада өтетін процестердің белоктар биосинтезі, митоз бен мейоз кезеңдерінің жүйелілігі бейнеленеді. Фотосинтезді, энергетикалық алмасу кезеңдерін, табиғаттағы заттар айналымын иллюстрациялау үшін дәл осындай құралдар болу қажет.

Алайда жалпы биологияны оқыту кезінде тірі табиғаттың табиғи объектілерін пайдаланбау керек екен деген қорытынды жасауға болмайды. Биологиялық мәселелерін меңгеру үшін экскурсияларда, таратпа материалдармен өздігінен жұмыс істеген кезде, тәжірибе өткізгенде, оқу-тәжірибе учаскесіндегі жұмыстар барысында тірі табиғат объектілеріне бақылау жасау қажет.

**Биология курсының оқу құрал-жабдықтары.** Жалпы биология курсы бойынша дарвинизм, цитология, эмбриология, генетика, экология бойынша кестелер сериясы жетілдіріліп, пайдалануда, сондай-ақ модельдер, қозғалмалы құралдар, кинофильмдер, диапозитивтер және басқалар жасалды.

**Жалпы биологияны оқыту кезінде бұрын оқып өтілген биологиялық курстардың құрал-жабдықтарын пайдалану.** Соңғы курстың мазмұн ерекшелігі, оның қорытындылаушы сипаты оқыту барысында ботаника, зоология, адам анатомиясы мен физиологиясы бойынша жасалған құрал-жабдықтарды қолдануға мүмкіндік береді. V-VII сынып оқушыларының жазғы тапсырмада әзірлеген гербарий материалдары мен коллекциялары жалпы биология сабақтарында органикалық дүниенің қазіргі жүйесін, түрлердің әр түрлілігін, дивергенцияны, өзгергіштікті, ағзалардың мекен ортасына бейімделушілігін экология мәселелерін оқып үйренген кезде қажет болады.

Гербарий материалдары мен анықтағыш карточкалар систематика бойынша жұмыс істегенде қажет. Гербарийлер сондай-ақ өсімдіктердің әр түрлі типтерін бейнелейтін таблицалар өсімдіктер әлеміндегі арогенездер туралы ұғымды иллюстрациялауға жәрдемдеседі. Жануарлар арогенезі туралы ұғымды қалыптастырған кезде қан айналым системасы, әр түрлі кластардың омыртқалы жануарлардың миы бейнеленген зоология бойынша жасалған таблицаларды пайдаланған орынды.Гербарий материалдары мен алуан түрлі тұқымдас жабық тұқымды өсімдіктердің суреті бар таблицалар, сондай-ақ құстардың ұсақ сүт коректілердің тұлыптары және соларды бейнелейтін кестелер огенездер туралы ұғымды иллюстрациялауға мүмкіндік береді [7].

Курстың қорытындылаушы ұғымдарын қалыптастырған кезде тірі табиғат мүйісіндегі өсімдіктер мен жануарлар қолданылады. Өсіп тұрған өсімдіктер организмдердің өзгергіштігін, мекен ортасына бейімделушілігін, эволюция кезеңдерін, организмдердің көбею формаларын, тітіркенгіштігін, фенотиптер сипатын, модификациялық өзгергіштікті және т. б. зерттеу үшін қажет болады.

***Библиографиялық тізім***


1. Бидайбеков Е. Ы. Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер: оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2010. – 220 б.
2. Муленова А. Компьютерлік технологияға негіздеп оқыту ерекшелігі //Қазақстан мектебі., 2003, №11, б. 49-51.
3. Рақымова.Б. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту. Бастауыш мектеп 2000, №2 25-266.
4. Комиссаров Б.Д. «Методологические проблемы школьного биологического образования» М. Просвещение 1991.126 с.
5. Биология, химия , география №3, №4, №5, №6-12 2000 ж, 2001ж
6. Білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы//Информатика негіздері., 2002, №1, б. 3-17.


ӘОЖ 57.369

# БИОЛОГИЯНЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕГІМЕН ОҚЫТУ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ


***Муханова Г.Ж.***

*Магистрант*

*Шымкент университеті*


Білім беруді ақпараттандыру жағдайында биолог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан биолог

мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында биолог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, анимациялық жұмыс бағдарламалары жасақталды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында биолог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес [1].

Бүгінгі күнде оқытудың компьютерлік технологиялары – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтауда мектептегі білім берудің мазмұнының 55%-ы және кәсіби білім берудің 15%-ы түрлі сандық интерактивті мультимедиалық білім беру ресурстарын; электронды оқулықтарды; мультимедиалық оқыту бағдарламасын; виртуалды саяхаттарды; электронды дидактикалық құралдарды және т.б. жасау жолымен сандық форматқа көшірілгені бізді қуантады. (Қосымша -2 виртуалды жұмыстар берілген).

Білім беруде оқылатын пәннің әр тақырыбын авторлар көзбен көру арқылы ұсынған. Компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту үдерісінде мектеп оқушылары оқу материалын көру арқылы қабылдауды қамтамасыз ететін түрлі суреттер, сызбалар, суреттерді көре алады, биологиялық суреттер және тағы басқа көптеген нәрселерді қарастыра алады. Қазіргі оқыту құралдарында қажетті интерактивті бағдарлмалық және әдістмелік жабдықтар электронды оқулықта, қарастырылып жатқан құбылыстарды ашатын құбылыс ерекше орын алады. Биология пәнінен тәжірибелер жүргізіп және зертханалық жұмыстарын үйінде отырып компьютерде орындай алады [2].

Әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруде мүмкіндік беретін оқу материалын бірнеше рет көре алу мүмкіндігі балалардың жеке басының ерекшелігіне сай: біреулеріне өмір бойы есте сақтап қалу үшін бірақ рет қарап шығу жеткілікті, екіншілеріне – материалды бірнеше рет қарап шығу қажет. Оқушыларлың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындалатын жұмыста электронды оқулықпен жеке жұмыс жасайды.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу - негізгі өзекті мәселелері заманауи ақпараттың сан алуан түрін: компьютерлік мәліметтерді, теле және бейне ақпаратты, сөз бен әуенді қолданылады. Мектептердің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа түрі ретінде электрондық ресурстар компьютермен басқарылатын теледидардың, магнитофонның, HiFi – аудиожүйенің, жинақ техникалық құралдарын пайдалануға болады [3].

Анимацияны оқытудың сапасын арттырады және үйретушінің назарын аударуға мүмкіндік туғызады. Оқытушының тәжірибелігі мен білімділігін оның даярлығын қалыптасытырудың маңыздылығы сабақтарда ақ-қара түсті фильм пайдалану армандаудың шегі болса, қазіргі заманғы техникалық құралдар компьютерлік анимация немесе тіпті ойын түріндегі айтарлықтай ауқымды, мазмұнды оқу құралдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Биологиялық білімін арттыру мен жетілдіруде қазіргі ақпаратты заманда, әрбір тұлға өзінің өміріне қажетті ақпараттарды іріктеуге, тыңдауға үйренулері қажет. Ол үшін ақпараттарды белгілі бір жүйемен топтастырып алған дұрыс. Өз мүмкіндігін шамалауда ақпаратты топтастырудың бірнеше өлшемдері бар. Жаңа іс-әрекет әдістерін меңгеру қабылдау түрлері бойынша барлық ақпартты үш топқа бөлуге болады:

Анимациялық құралдарының айтарлықтай айрықша ерекшеліктерінің бірі тура ақпаратты ұсыну мен өңдеу мүмкіндігі болып саналады. Мысалы, мультимедия құралдарын пайдалану білім алушының зерттелетін нысананы және онда болып жатқан үрдісті көруіне, мүмкін болатын дыбысты диаграммалық-ақпараты естуіне мүмкіндік туғызады. Анимациялық құралдарының болуы және оларды барлық жалпы білім беретін орта мектептерге, жоғары мектептерге ендіру лайықты бағдарламалық құралдардың пайда

болуына, олардың мазмұнының толығуына, оқытудың жаңа әдістерін және педагогтардың кәсіби қызметін ақпараттандыру технологияларын дайындауға мүмкіндік береді. Бұл құбылыстың жалпы 1- сызбанұсқасы төмендегі 7 кезеңдерді қамтиды:




1-Сызбанұсқада мультимедия ресурстарындағы ақпарат түрлерінің салыстырмалы сипаты көрсетілген.

Бұл кестеден анимациялық әдістерді ақпарат оқулықтар мен әдебиеттердегі ақпараттың түрлерінен әлдеқайда бай екендігі айқын көрініс тауып отыр. Витруалды жұмыстың тағы бір ерекше артықшылығы оның анимациялылығы болып саналады.

Салыстыру, анимацияның білім берудегі мүмкіндіктері аса ауқымды және тиімді екендігі жоғарыдағы анықтамалардан және ілгерідегі баяндалатын мультимедия ресурстары мен құралдары туралы мағлұматтардан бірден байқауға болады. 2-сызбанұсқада көрсетілген.




2- Сызбанұсқа. Оқу әдебиеттері.

Мәселен, бейнефильмдерді сақтауға, өңдеуге және жаңғыртуға мүмкіндік тудыратын анимациялық әдістердің пайда болуы және жалпы орта білім беру мен жоғары мектеп жүйесіне енуі мектеп жүйесіне енуі мектеп оқушыларына, студенттерге көрсетілген бейнефильмдердің үзінділері бар, оқытуға пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаларды дайындауға қол жеткізді. Оқытудың жаңа технологиялар құрылымын түсіндіру мен енгізуде ауызша баяндау кезінде бір минутта ақпараттың бір мың шартты бірлігін, ал көру мүшелерін «іске қосуын» қабылдауға қайта өңдеуге қабілетті екендігі тәжірибе жүзінде анықталған. 3-сызбанұсқада көрсетілген.




3-Сызбанұсқа. Ақпарттық ресурстар.

Осы аталған анимация жүйесінің құрамы туралы мәліметтердің ең негізгісі оқулықтар мен әдебиеттерді әзірлеудің теориялық негіздерінің құрамымен салыстырылады және белгілі бір қорытынды пайымдаулар жасауға көмектеседі.

Дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы кең мағынада «мультимедия» ұғымы (бір мезгілде оқырман да, тыңдаушы да, көрермен де бола алатын) пайдаланушыға аса тиімді ықпал ету мақсатымен әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар құрамын білдіреді.

***Библиографиялық тізім***

1. Нағашыбаева А. Компьютермен оқыту - уақыт талабы //Қазақстан мектебі., 2003, №6, б. 29-31.
2. Аубакирова А. Жаңа ақпараттық технология арқылы оқушы білімін бағалау //Информатика., 2002, №5, б.7-8.
3. Аубакирова.А. Жаңа ақпараттық технология арқылы оқушы білімін бағалау //Информатика., 2008, №7, б. 15-20.
4. Әбдіғалиев С. Осы заманғы педагогикалық технология //Қазақстан мектебі., 2001, №2, б. 8-13.
5. Балафанов Е. К. Новые информационные технологии: 30 уроков по информатике / 4-е изд., испр. и доп. Алматы: Ин-т новых технологий, 2005. – 400 с.

ӘОЖ 372.33

## ЖАСАҢШӨПТЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Мыңжанова А.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жасаңшөптер тұқымдасының өкілдері біржылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдіктер, кейде түп жағында сүректелетін жартылай бұталар. Жапырақтары қарапайым, етті шырынды, бөбежапырақсыз. Гүлдері – дұрыс, бір үйлі қосжынысты немесе қосүйлі (дара жынысты), ыршы тәрізді, қалқанша, жұмырбасты – қалқанша, масақ ретінде айдаршагүл тәрізді гүл шоғырында жиналған, кейде жеке-дара; тостағаншалары еркін-бос немесе бірігіп кеткен, түп жағында 3-20 бөлікті; күлте жапырақтарының саны тостағаншаларының бөліктерінің санымен сәйкес, еркін-бос немесе өзара және аталықтарымен біріккен; аталықтарының саны күлте жапырақтарынан екі есе көп немесе

олармен тең, еркін-бос немесе күлте жапырақтарымен біріккен; жемісжапырақшаларының саны күлтелермен тең, олардың түбінде – аналық түйінің астында қабыршықты шырынқаптар (нектарниктер) болады; Жемістері таптама, үлбір-қабыршақты немесе көнді, еркін-бос немесе түбінде бірігіп кеткен, ішкі жағындағы тігіс бойынша құзына бойына қақырап ашылады; тұқымдары өте ұсақ, әдетте өте көп болады (1-сурет).



1-сурет - Жасаңшөп (*Crassulaceae DC.*)

Жасаңшөптер тұқымдасының (*Crassulaceae DC.*) өкілдері ерекше әсемдік, сән беретін қасиетке ие, және де ол барлық табиғи аймақтарда қолдануға болатын әмбебат материал. Осы келтірілген морфологиялық белгілер оқу процесінде тек қана өсімдіктер морфологиясы ғана емес, өсімдіктер систематикасын оқытуға да пайдалы. Себебі, морфологиялық белгілердің топтамалары мен жүйелері әр туыс үшін әрқалай болады, ал туыс ішінде әр түрдің өзіне тән морфологиялық кешенді сипаттамасы болады. Мұны келесі тараудағы анықтағыш кілттерден аңғаруға болады. Жасаңшөптер тұқымдасының өкілдері жер шарында кеңінен таралған, теңіз деңгейінен бастап альпілік белдеуге дейін кездеседі. Біршама ашық, құрғақ орындарда, көбінесе тастардың арасында және жартастар дың жарықтарында өседі. Тау жүйелеріне бейімделген кілемшелер субальпілік және альпілік биіктіктерге, Гималайға жетеді. Пәкістанда - теңіз деңгейінен 5000 м жоғарыда. Кейбір түрлері суда тіршілік етеді. Тіршілік формасы бойынша түрлердің көпшілігі - шөптер, бірақ жартылай бұталар мен шағын бұталар кездеседі. *Hylotelephium* туысы Еуропа (Солтүстік Скандинавия мен Жер Орта теңізінен басқа), Шығыс Азия мен Солтүстік Америка аймағында таралған түрлерден турады. *H.triphyilum* түрі Коми Республикасы территориясында кеңінен таралған, ареалдың солтүстік шекарасы қиыр солтүстік тайга аймағынан өтеді. Әсіресе Вычегда, Сысола, Илыч, Печора өзендерінде өсімдіктің ценопопуляциясы кезедеседі. Түрдің негізгі тіршілік ететін орындары – шыршалы орман мен қайың ормандары, орман жиегі, алқапты бұталар болып табылады, сонымен қатар құзды жартастарда кездеседі.Қазіргі уақытта олар қабынуға қарсы және жараларды жазатын өсімдік ретінде пайдаланылады, жапырақтарды сығындылары фурункулдер мен карбункулдерді пиелонефриттер мен жарақатты ауруларды емдеуде тиімді. Негізгі әсер етуші заттар ди- және трикарбонды қатардағы органикалық қышқылдар, рамногалактуроза тобының полисахаридтері болып табылады. Бұл заттардың синтезі мен қоры жапырақтарда жүреді.

Жасаңшөптер тұқымдасының ботаникалық сипаттамасы, жалпы таралу аймағы мен маңызына байланысты алуантүрлі болады. Негізінде сирек кездесетін және эндемдік түрлерді популяциялық деңгейде зерттеу қазіргі таңда аса өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да жойылу қаупі төніп тұрған түрлерді қорғауға және қайта қалпына келтіруге бағытталған жақсы ғылыми жобаны жасау қажет. Барлық уақытта әрбір сыныпта

биологияға деген ынтасы, қызығушылығы бар оқушылар болады. Осындай оқушыларды талабын, дарынын бағалап отырып, оның білімін тереңдете отырып, дамыту үшін жеке тапсырмалар беру арқылы сол тапсырма бойынша орындалуын мұғалім қадағалап, бақылап, бағалап отырады.

Осындай түрде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар арқылы дарынды жастарға өзінің болашақ кәсіптік маманды дұрыс тандауына үлкен көмегін тигізуге болады.

Қазақстан жасаңшөптер тұқымдасына кіретін әсемдік (эхеверия, бозкілем, түбіртек, т.б.) үшін гүлзарларда, саябақтарда өсірілетін түрлерін сыныптан тыс жұмыста білімдерін тереңдету мақсатында, биология, соның ішінде ботаника пәніне деген қызығушылықтарын арттыру үшін, сабақтан тыс үйірме ұйымдастыру қажет. Әрине үйірмені ұйымдастырмастан бұрын, Қазақстанның жасаңшөптері жайлы, соның ішінде «Қызыл кітапқа» енгізілген түрлері жайында түсіндіріледі.

Қорыта келгенде бағдарлы оқытуда білім алушыға шығармашылық, әлеуметтік, креативтілік, коммуникативтік қызмет саласындағы құзіреттілігін айқындай отырып, жеке жетістіктерінің негізінде өз бейінін айқындау мен шыңдай түсуде оқытудың жаңа формалары мен психологиялық қызметті құру, әрі оның жан-жақты жұмыс жасауы жалпы жаңа заман үдерісіне сәйкес экономикалық әлеуметімізді молайту үшін қажыр-қайрат көрсете білетін, ғылымның мол жетістіктерімен қаруланған, бейіндік қабілеті шыңдалған тұрақты өзгерістерді ескере отырып, қоғам өміріне еркін енуіне дайындығын қамтамасыз ететін жалпы орта білімді дамытудың қарқынын арттыру қажет етеді. Ең басты міндет адамгершілігі мол, адам жанын түсіне алатын, тәрбиелі, білімді, мәдениетті, жауапкершілігі мен өз ой-пікірін ашық айта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтынт Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан –2050» Статегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2014 //http:akorda.kz.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Жарлық № 205, 01.03.2016 – Астана, 2016. – 70 б. //http:akorda.kz.

3. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». – Астана, 2019 //http:akorda.kz.

4. Аралбай Н.К. Зайсан ойпатының флорасы - «Ұлағат» баспасы Абай ат. ҚазҰПУ. Алматы. -Б. 321-324.

ӘОЖ 372.11

# ҚАЗАҚСТАН ФЛОРАСЫНДАҒЫ ЖАСАҢШӨПТЕР (*CRASSULACEAE* DC.) ТҰҚЫМДАСЫНА БИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМА ЖӘНЕ ОНЫ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

***Мыңжанова А.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Кез-келген мемлекеттің ұлттық байлықтарының бірі болып оның табиғи ресуртары, әсіресе өсімдіктер әлемі кіреді. Адамның биологиялық өмір сүру ортасы болып өсімдіктер әлемі табылады. Өйткені адам өсімдіктер арқылы өзіне қажетті өнімдер ала отырып, өмір сүруін қамтамасыз етеді. Өсімдік ресурстарының биологиялық маңызы олардың алуан - түрлігінен танылады. Сондықтан бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – табиғи

флораның нәсілдік қорын немесе алуан-түрлігін сақтап қалу. Ал өскелең ұрпаққа, табиғат ананың маңыздылығы жайында жан-жақты, көптеген мағлұматтарды педагог ретінде жеткізе білу өте маңызды.

Жасаңшөптер (*Crassulaceae DC.)* тұқымдасының өкілдері ең алдымен дәрілік қасиетімен және әсемдігімен ерекшеленіп тұрады. Жоғары оқу орындарында және мектептерде білім алушыларға өсімдік қорын сақтауға және қорғауға, өсімдіктердің пайдасы мен зиянын, қауіпті жақтарын түсіндіруіміз біздің мақсатымыз. Яғни оқу үрдісінде кез-келген өсімдік топтарын танып-біліп, олардың бір-бірінен ажырата білуге жағдай жасауымыз қажет. Сондықтан Жасаңшөптер (*Crassulaceae DC.*) тұқымдасының маңыздылығына ғылыми шолу жасай отырып білім алушыларға нақты мәлімет берілуі керек.

Жасаңшөптер тұқымдасының өкілдері Қайыңды – көктеректі ормандарда, шалғынды жерлерде, өзен бойында және тау беткейлерінде өседі. Жапырақтары сабақтың түп жағын айнала дөңгелектене орналасады, мұның суды аз буландыру үшін маңызы зор. Жемісі – көп таптама, қауашақ тәрізді. Тұқымы - өте көп. Ұсақ, жеңіл болғандықтан жел, су, құмырсқалар арқылы таралады.

Табиғаттағы жабайы өсетін өсімдіктердің туысын тіпті, олардың түрлерін жан-жақты терең зерттеп, табиғаттағы қорын сақтауға және қорғауға сол сияқты пайдалы жақтары мен зиянды жақтарын ажырата білуге тиіспіз. Адамзат баласының тіршілігі мен тынысына өсімдіктер әлемінің берер пайласы зор. Өсімдіксіз тіршілік жоқ, өсімдік бізге тағам, үй, киім береді. Өсімдік адам үшін өте пайдалы. Бірақ срнымен қоса, оның қауіптілігі де бар. Сондықтан да біз әр адамға улы өсімдіктерді ажырата білуіне жағдай жасауымыз керек. Ол үшін Қазақстанның пайдалы және улы өсімдіктері жайлы дәлелденген дұрыс ақпараттар берер болсақ, болашақ ұрпағымыздың қауіпсіздігіне күмән келмес еді.

Жасаңшөп тұқымдасы (*Crassulaceae* DC.) - қос жарнақты бір немесе көп жылдық шөптесін өсімдік. Жасаңшөп тұқымдасының Жер шарының қоңыржай және ыстық аймақтарында, таулы жерлер мен құрғақ тасты беткейлерде кездесетін 35 туысы, 1500 түрі бар. Қазақстанда 7 туысы, 35 түрі кездеседі, ең көп тараған - киікоты, жертаған. Сабақтары тік, төселіп өседі. Өте қалың, шырынды жапырағының пішіні - дөңгелек, цилиндр, қалқанша тәрізді. Сыртын өңез жауып жатады. Көбінесе, жапырақтары сабақтың түп жағын айнала дегелектене орналасып, мұның суды аз буландыру үшін маңызы зор. Жасаңшөп тұқымдасының ерекшелігі - фотосинтез процесі түнде жүреді, өйткені жапырақтағы тыныс саңылауы түнде ашылады. Гүлдері қос жынысты, кейде дара жынысты, қос үйлі, сабақ ұшында жеке-жеке орналасады немесе шатырша, шоғырбас, қалқанша, масақ т.б. гүлшоғырына топтасады. Тостағанша жапырақшасы - 5, 9 кейде 30-дан асады, күлтесі - бесеу. Шыбын арқылы тозаңданады. Жемісі - көп жапырақша, қауашақ тәрізді.

Жасаңшөптер тұқымдасының өкілдері жер шарында кеңінен таралған, теңіз деңгейінен бастап альпілік белдеуге дейін кездеседі. Біршама ашық, құрғақ орындарда,көбінесе тастардың арасында және жартастардың жарықтарында өседі. Тау жүйелеріне бейімделген кілемшелер субальпілік және альпілік биіктіктерге, Гималайға жетеді. Пәкістанда - теңіз деңгейінен 5000м жоғарыда. Кейбір түрлері суда тіршілік етеді. Тіршілік формасы бойынша түрлердің көпшілігі - шөптер, бірақ жартылай бұталар мен шағын бұталар кездеседі. *Hylotelephium* туысы Еуропа (Солтүстік Скандинавия мен ЖерОрта теңізінен басқа), Шығыс Азия мен Солтүстік Америка аймағында таралған түрлерден турады.

Биологиялық белгілердің ішіндегі ауқымды, әрі кешендісі тіршілік формасы болып табылады. Қазақстандағы жасаңшөптер тұқымддасының *(Crassulaceae)* тіршілік емес. Олардың барлығы шөптесін өсімдіктер. Сондықтан биологиялық спектрі төмендегідей болады (1-кесте).

1-кесте Жасаңшөптер тұқымдасының *(Crassulaceae)* тіршілік формалары бойынша биологиялық спектрі

| р/с | Тіршілік формасы | Түр саны | % үлесі |
|---|---|---|---|
| 1. | Біржылдық монокарпик | 2 | 6,5 |
| 2. | Екіжылдық монокарпик | 2 | 6,5 |
| 3. | Көпжылдық поликарпик | 27 | 87,0 |
| **Барлығы:** | | 31 | 100 |

Қазақстандағы жасаңшөптер тұқымдасының барлығы дерлік көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Олардың үлесіне 87% тиеді. Қалған 13%-ын біржылдық және екі жылыдық монокарпиктер құрайды. Ал даму ырғағы бойынша жасаңшөптер *(Crassulaceae)* гүлдеуі сәуірден - қыркүйекке дейін созылады. Гүлдеу мерзіміне қарап шартты түрде жасаңшөптерді *(Crassulaceae)* бірнеше топқа бөлуге болады (2-кесте).

2-кесте Жасаңшөптер тұқымдасының *(Crassulaceae)* гүлдеу уақыты бойынша биологиялық спектрі

| Р/с | Топтың аты | Гүлдейтін уақыты | Түр саны | % үлесі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Көктемгі | IV - V | 5 | 16,25 |
| 2. | Ертежазғы | VI-VI; V-VII | 5 | 16,25 |
| 3. | Жазғы | VI, VI-VII, VI-VIII, VII, VII-VIII | 19 | 61,0 |
| 4. | Кешжазғы-күздік | | 2 | 6,5 |
| Барлығы: | | | 31 | 100 |

Қазақстандағы жасаңшөптердің басым бөлігі (61%) жазда гүлдейді. Көктемде гүлдейтіндер мен ерте жазда гүлдейтіндер де едәуір үлкен топ құрайды. Гүлдеу ырғағы бойынша жасаңшөптердің *(Crassulaceae)* бұлай топтасуы оның экологиялық және географиялық ерекшеліктерінде болса керек.

Қазіргі кезде көзге айқын көрінетін белгілердің әр түрлі дәрежелеріне байланысты типологиялық сұрыптау жүргізуге болады. Зерттеліп отырған көкнәр тектілер әулетінің элементтерін бөлуге негіз болған белгілердің негізгі топтары ретінде соңғы 25-30 жылда орындалған флористикалық жұмыстардағыдай, географиялық, кологиялық, биологиялық топтар алынды.

**1. Географиялық талдау.** Жасаңшөптер тұқымдасының (*Crassulaceae DC.*) Қазақстанда таралуы Н.К. Аралбайдың [4] жаңа флористикалық аудандау жобасы бойынша анықталды.

**2. Экологиялық талдау.** Түрлердің әртүрлі экологиялық факторларға қатысты экологиялық топтарға бөлінуі. Бұл ретте түрлердің өсетін ортасының ылғалмен қамтамасыз етілуіне байланысты экологиялық топтарға талдау жасалынады.

**3. Биологиялық талдау.** Өсімдік түрлеріне көптеген биологиялық белгілер тән. Алайда түрлердің кешенді биологиялық сипаттамасы болып болып табылатыны – олардың тіршілік формалары және биологиялық даму ырғағының көрінісі ретіндегі гүлдеу және жеміс беру мерзімі.

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтыңт Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» Статегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2014 //http:akorda.kz.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Жарлық № 205, 01.03.2016 – Астана, 2016.

– 70 б. //http: akorda.kz.

3. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі». – Астана, 2019 //http:akorda.kz.

4. Аралбай Н.К. Зайсан ойпатының флорасы - «Ұлағат» баспасы Абай ат. ҚазҰПУ. Алматы. -Б. 321-324.

5. Голоскоков В.П. Флора Джунгарского Алатау. Алматы – 1984. 102 б.

6. Қазкеев Е.Т. Ырғыз жайылымының флорасы және өсімдіктері. Ақтөбе, 2009.- Б.89-91.

ӘОЖ 372.13

# ЖАСТАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ОМІРГЕ ДАЙЫНДАУ АЛДЫНДАҒЫ ЖЫНЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ- ТӘРБИЕ

***Назарова А.Т.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жасөспірімнің өсіп-жетілу кезеңіндегі жыныстық ұғымдарын табиғи құбылыс деп тану қажет. Сол себепті ата-аналар, мұғалімдер оларға күдікпен қарап, ол құбылысты әдепсіз деп түсінбеуі тиіс. Керісінше, бойында жыныстық құштарлық жоқ «салқын» тартып өсіп келе жатқан ұл мен қызға «Бойында бір кемістік жоқпа екен?» - деп күдіктене қарауымыз керек. Дегенмен, адамда жыныстық қабілет туа біткенімен, ол адамның өзге қабілеттеріндей емес, кеш пісіп жетіледі, кеш қалыптасады. Жасөспірімдер жыныстық жағынан өсіп, пісіп жетіліп келе жатқан кезеңде оларға басшылық ету әрине оңай емес. Қалай болған күнде де бозбалалық пен қызбалалық осы бір өтпелі кезеңі олардың өмірінде өшпес із қалдырады. Олардың есейіп, келешекте отбасы-некелік өмірлері саналы да бақытты болу – болмауы осы жасөспірім кезеңдерінде алған жыныстық тәрбиесіне, оның дұрыстығы мен мен бұрыстығына байланысты.

Қазіргі жастарға жыныстық тәрбие бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Бұл өсіп келе жатқан ұрпақтар арасында жүргізілетін жалпы идеологиялық және тәрбие жұмысының бір бөлігі. Ол эстетикалық және рухани тәрбиемен тығыз байланысты. Себебі, мұның өзі болашақ қоғамның құрылысшылары ретінде болашақ жастарды бақытты отбасы мен берік неке құруға қалыптастырады [1].

Кәмелетке толған жігіт пен қыз неке гигиенасының, тазалығының негізін білуі тиіс. Неке гигиенасы деген ұғымның аясы кең. Атап айтқанда, неке гигиенасы дегеніміз – ерлі-зайыптылардың денсаулығын, олардың жыныстық және өмірге ұрпақ келтіруге қабілеттілігін сақтауға, шыр етіп жарық дүниеге келетін нәрестенің аман болуын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми негізі бар алдын-алу шараларының жиынтығы. Солардың ішінде әсіресе, некелесуге тілек білдірген болашақ ерлі-зайыптылардың жастары аса маңызды рөл атқарады. Біздің елімізде 18 жасқа толғандардың бәріне некелесуге рұқсат етіледі. Өйткені осы жасқа келгенде ғана қыздар жыныстық жағынан жетіледі.

Кәмелетке толмай жатып жыныстық қатынасты ерте бастау, әсіресе бала көтеру ананың да, дүниеге келетін перзенттің де денсаулығына үлкен зиян келеді. Оның үстіне өзі балалық дәуреннен шықпай жатып, бала тапқан адамның оны дұрыс тәрбиелей қою да екі талай нәрсе. Жыныстық жағынан жетілмей тұрып бастаған жыныстық қарым-қатынас жас ағзаның, психикалық, даму, қалыптасу процесіне зиянын тигізетін, оның функциялық қабілеттерін жас кезде ғана емес, есейген кезде де әлсірететіні қазіргі кезде дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат деп білу керек. Әлі 18-ге толмағандардың жүкті болу және босану

ерекшеліктерін зерттеген кезде, толысқан әйелдер мен салыстырғанда олардың түсіктің жиі тастап, баланы шала туатыны, жүктілік токсикозы мен толғақтың әлсіздігі жиі байқалатыны анықталды.

Некелесу алдында жұбайлар дәрігерге қаралуы тиіс. Олардың тұқым қуалайтын аурулары жоғын дәлелдеу, ерлі-зайыптылар бір-бірінің денсаулығына, гигиенасына сақ болуы тиіс [2].

Жастық шақтың қызығы «бозбала» мен «бойжеткен» кезең, бұл кезде олардың ақыл ойы қауырт өсіп, қажырлы іс-әрекетке, қимыл-қозғалысқа құштар, албырт романтикалық кезі екенін баса айту. Жалпы «бойжеткен» деп кімді айтамыз? Олардың мінез-құлық ерекшеліктері жөнінде айналамыздағы өмірден нақты фактілер келтіре отырып түсіндіру. Бозбаланың психологиясына қандай ерекшеліктер тән? Осы жастағылардың тыныс-тіршілігі, жеке адамның жыныстық жағынан жетіліп, өзінің ішкі жан дүниесіне ерекше үңіле түсуі, құрбы-құрдас, жора-жолдастары мен қарым-қатынас жасауға ынталы болуы, бойымен қатар ақыл-ойының да біршама толысуы – осы жастағыларға тән негізгі психологиялық ерекшеліктер. Қазіргі заман жігіттері өзін еңбек пен оқу үстінде жасөспірімдерден гөрі айқынырақ танытады. Оның дәстүрлі іс-әрекеті мен жеке басының бағыт-бағдары, белсенділігі мен іскерлігі, ерік жігері, қажыр-қайратының қалайша қалыптасып келе жатқанын байқауға болады.

Қазіргі заман қыздары мен жігіттерінің әлеуметтегі тең құқылы болуы, құқықтық, моральдық нормаларды дұрыс сақтауы. Жастардың толық азаматтық құқыққа ие болуы мен соның нәтижесінде қоғам өміріндегі еркекпен әйелдің тең құқылы негізінде жалпы адамгершілік қасиеттерді, жеке басының қасиеттерін өрістетіп отыруында. Қыздардың бойындағы нәзіктік мінез қасиеттері, олардың ар-намысы мен абыройы. Қыздардың білім алып жалпы мәдени дәрежесінің өсуі, еңбек пен қоғамдық саяси белсенділігін арттырулары олардың әйелге тән ұнамды қасиеттерді әр тарапты, жарасымды дамытып отыруындағы қажетті шарттар.

Қазіргі заман қыз-жігіттерінің бойында қалыптастыратын адамгершілік адал қасиеттер, ар-ұятты сақтаудың символы болып табылады. Қыздар мен жігіттердің өзара қарым-қатынасындағы сыйласу сезімі, игі тілек білдіру ниеттеріне негізделген әдепті қатынастар және әсемдік нормалар мен қағидалар. Қазіргі жастар арасындағы белең алған нашақорлық т.б. ағзаны уландырушы заттарды қолданумен және жезөкшелікпен күресу керек.

Достық қатынаста адамдардың мүддесі, сенімі, мақсаты мен мұратының бірлігі, оларды өзара жақындастырады. Достардың өзара құрметтеуі, бір-бірінің қиын-қыстау жағдайда көмектесуі, сәтсіз істері мен қайғы-қасіреттерін бөлісуі, достардың мақсат-мүддесін жүзеге асыруда, өз ісіндей етіп еңбектенуі, өзара түсінісіп, рухани жағынан жақын болуы, ашық-жарқын мінезімен өзін де, досын да тани алуы. Достық адамдарды асқақтатады, ол жан мен тәннің гүлдене түсуіне жәрдемдеседі. Оның маңызды белгісі берік, әрі терең эмоциялық жақындық, ол адамдардың бір-біріне сөз жүйесінде де, іс-жүзінде де адал болуы. Өзара тең мүдделік, бір-біріне терең сенім, қайғы мен қиындықта өзара қол ұшын беру, өзара жауапкершілікпен қамқорлық туралы мағлұмат.

Жастардың некеге дейінгі өзара қарым-қатынастары – олар болашақта некелесіп, отбасылық өмір құруға даярлауға бағыттайтын қажетті фактор. Жастардың есейіп, әлеуметтік, өмір тіршілігіне араласуы, мінез-құлқын қалыптастырып, физиологиялық жағынан жетілуі, сезім эмоциясының қарқынды дамып, өздігінен тіршілік етуге ұмтылуының бәрі, оның жеке басының өсуін көрсететін факторлар.

Бұл мәселелер А.И.Крылов ертегісіндей («Аққу, шаян Һәм шортан») сияқты. Аққу – бұл жас отбасы, шаян – ер баланың ата-анасы, шортан – қыздың ата-анасы, әр қайсысы өз жағына тартып, өзінше талап қояды. Осының нәтижесінде, отбасы бұзылады.

«Кейбір жастар неке жасына жетпей – ақ үйленуге шешім қабылдайды. Олар ата-аналарының, аға – жолдастарының ақылын тыңдамайды. Айтқандарына көнбейді. 18 жаста оқу мен отбасы өмірін ұштастыру қиын. Бұл – ұйқысыз ұзақ түн, жүйкенің тозуы,

материалдық жағдайдың қиыншылығы. Осы ауырлықтың бәрін жастар көтере алмайды, өзара қатынастары асқынады, конфликтілік жағдай туады, ал мұның бәрі отбасының бұзылуына әкеліп соқтырады».

Некенің мызғымас берік болуының басты себептері: берік отбасын құруға тырысулары керек, рухани жақындық, яғни қасындағы адамды сезе білу, қиыншылық жағдайда бір-біріне көмек көрсетуі тиіс, көзқарастарының, ниеттерінің, мінездерінің үйлесімді болуы керек, ізгілік, сенімділік, әдептілік – жоғары мәдениеттіліктің белгісі [3].

К.П.Климовтың пікірінше ерте даму – бұл табиғи процесс және де жер бетінде мыңдаған жылдар бойы зерттелген бұл мәселе қазіргі таңда бір шешімге келген.

Ерте даму процесі 3 кезеңнен тұрады:

1. Жыныстық ерте даму;

2. Психикалы аурулар;

3. Тума ақаулар.

1934 жылы Сталин гомесексуализмге заң жүзінде қарсы яғни рұқсат болмаған, ал 1936 жылы жасанды түсікке заңды әлеуметтік түрде тәртіп бұзушылық деген шешім қабылдаған. Онымен қоса тәнін сатушыларға да рұқсат етілмеген. Соның салдарынан ұяттық сезімдер оянып, сапалы ел туындаған. Отбасы мықты, берік бола бастаған [5].

Адамның биологиялық пісіп жетілуі мінез-құлық қасиеттері тұқым қуалайтын гендердің бақылауларында болады. Адам денесі 500 триллиондай жасушадан тұратын болса, оның әрбір дене жасушасы 46 хромосомадан тұрады. Ал жыныс жасушаларында 23 хромосома. Қазір ғалымдардың болжамы бойынша адамның геномында гендердің саны 40 мыңға жуық көрінеді. Адам тұқым қуалайтын аурулардың саны 4000 таяу екені анықталды. Әр адамның зәузатында ауру таситын жағымсыз рессесивті ген болады. Бұл геннің сол ұрпаққа көрінбеуі оларға сау гендер басымдылық көрсетіп, тұншықтырылып отырылуында. Ал туыстық неке кезінде жағымсыз гені бар, сау атадан ауру бала туылуының ықтималдығы артады. Себебікөрінбей тұрған бір-бірімен үйлесіп көрінкте мүмкіндік алады. Туыстық некелерге балалардың ауруы және өлуі туыс емес некелермен салыстырға едәуір жоғары болады. Мысалы, тұқым қуалайтын ихтиос (тері) ауру 1 млн адамға 1-2 ғана кездессе, ал туыстық неке жағдайында 16 мың адамға біреуі кездеседі.

***Библиографиялық тізім***


1. Мектеп жағдайындағы ЖҚТБ/АҚТҚ-ң алдын алу бойынша оқытушыларға арналған басшылық. Алматы, 2004.

2. Педагогикалық институттарының программасы «Семья өміріндегі әдеп және психология». Алматы, 1999ж. Б. 107-110.

3. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білімі экономикасына // Егемен Қазақстан 2006 ж. 27 мамыр.

4. Жаңа технологиялардың қоғамға әсері //Евразия KZ. 2006 ж. 9 қараша. 7 бет.

5. Д.В.Попов. Жизнь человека до рождения Видео «Жизнь» - 97 мин. Әңгіме.

6. К.В.Ельницкий. Тәрбие жөнінде: /педагогиканың алтын қоры/ Школьная пресса, 2004-192 бет.

7. К.В.Зорин. Грехи молодости или здоровье семьи. -2004. -111 с.



ӘОЖ 372.66


## ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК МІНЕЗ-ҚЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАУАТТЫ ДЕНСАУЛЫҚҚА ӘСЕРІ


***Назарова А.Т.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Ауруды емдегенннен гөрі алдын алудың жақсы екендігі даусыз. Сондықтан, салауатты функцияны қайта қалпына келтіру және ұрықсыздықты емдеу саласындағы жетістіктерді атай отырып, халықтың

салауатты денсаулығын сақтауға бағытталған кешендік медициналық әлеуметтік шараларды басым міндеттер деп есептеу қажет. Бұл салауатты құлықты реттеу, қажетсіз жүктіліктің алдын алу, жасанды түсік санын қысқарту.

Бұл проблемалар жасөспірім кезеңде ерекше өзектілікке ие болады, өйткені нақ осы жаста салауатты денсаулық қалыптасады және алдағы жылдары халық санынан дені сау ұрпақтың туылуымен арттыруда жасөспімдерге (сенім) үміт артылуда.

Сонымен бірге әйелдердің жыныс мүшелерінің көптеген органикалық және функционалдық аурулары жасөспірім шақта басталады және болашақ жүктілік барысында, бала тууда, ұрпақ денсаулығына теріс әсер тигізеді.

Жыныстық тәрбие беру қиын әрі күрделі мінет болып табылады, өйткені ол өзіне моральдық, этикалық және гигиеналық тәрбие элементтерін үйлестіреді [1].

Гендерлік мінез-қылықтың қалыптасуы балалық шақтан басталады және оның негізгі сатысы болып жасөспірімдік кезең болып табылады. Қоғамның түрлі салаларында болып жатқан әлеуметтік – мәдени өзгерістер әйел мен ер арасындағы, әсіресе жастар арасындағы жыныстық қатынасардың біршама тәуелсізденуіне әкелді.

Жыныстық өмірдің ерте басталуының себебі балалар мен жасөспірімдердің мінез-қылықтық реакцияларының стеротиптерінің өзгеруі болып табылады.

Жыныстық өмірді бастау мерзімін реттейтін ережелер жоқ. Экономика күйімен, құлықтылық (өнегелік) деңгейімен, этникалық және діни ұстанымдармен негізделетіні туралы жазылмаған ережелер қалыптасқан. Субъективтік фактор өте маңызды. Әдебиет мәліметтері бойынша, жыныстық өмірді бастауда 7%-да махаббат негіз болған. Ересек адамдар (бұл сезімге) дербес тәжірибесі мен (халықты) күнделікті тұрмыстағы тәжірибеден алғашқы махаббаттың ұзаққа созылмайтындығын ұсынғанымен де, бұл сезімге түсінікпен қарауы тиіс. Басқа мотивтерге текті жалғастыру (бала сүю); өзінің маңыздылығын бекіту талпынысы: серіктесіне тәуелділік; сырлас қатынас өмірінің құпияларына қатынасқан құрбыларына еліктеу: қызығушылықты қанағаттандыру; басқа себептер сирек кездеседі [3].

Жасөспірім шақтағы жүктілік пен жасанды түсік соңғы жылдары өзекті проблема болып отыр. 2002 ж. елде 2,7 млн. жасанды түсік тіркелген, олардың ішінде кәмелетке толмағандар (14 жасты қоса есептегенде) 2112, 15-19 жастағылар -280,1 мың. Ресей үшін жас ана болу әдеттегі құбылысқа айналды, әрбір оныншы нәресте 19 жастағы жас аналарда туылады, олардың көпшілігі перзетханада «ана көкірегіне бірде-бір бас қоймаған ұрпақ» қатарын көбейтіп отыр.

Ресей мемлекетіндегі Красноярск өлкесіндегі қала мен ауылда тұратын жасөспірім қыздардың гендерлік мінез-қылқы ерекшеліктерін білу үшін зерттеу жүргізілген кезде, зерттеуде сұхбат әдісі қолданылған. Сондай өзекті мәселені анықтау үшін сауалнама тәсілі аз ақпарат берген, өйткені жасөспірімдер терминология мен сұрақтың мәнін барлық кезде түсіне бермейді. Мұнда толық құпиялық пен анонимдік сақталды. Соматикалық, психологиялық және әлуметтік дамып жетілу мерзімдерін ескере отырып, ДДҰ (ВОЗ) зерттеуі бойынша олар зерттеу обьектісі ретінде 10-18 жастағы жасөспірім қыздарды алды, өйткені кәмелеттік жасқа толғаннан кейін көптеген әлеуметтік мәселелер шешімін табады. Барлығы 303 қала және 210 ауыл қыздары зерттелінді, бұл өлкенің қала және ауыл халқының арақатынасына сәйкес болады.

Ақпаратты 22 бөлімнен және тұлғалық психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық және отбасылық - өнегелік (құрылымы) ұстанымдарға қатысты 125 белгіден тұратын, арнайы жасалған сауалнамаларға тіркелген.

Жасөспірім қыздардың ең көбі мектеп оқушылары (77,2%) , КТУ оқушылары-12,9%, колледж студенттері -2,8%, институт студенттері-2,6% техникум- 1,8% ештеңемен айналыспайтындар және 4 жасөспірім қыздар жұмыс істейтіндер болды.

Зерттелінген тексеруде 1/4 қыздар (24,3 ± 0,001%) жыныстық байланыста болған. Қалалы жерлерде тұратын қыздарда ауыл қыздарына қарағанда ерте гендерлік белсенділік жиі (19,2% - 17,1%, керісінше) байқалған. Зерттеліп отырған популяцияда жыныстық

өмірді бастаудың орта жасы 15,7 ± 1,4 жасты: қала қыздарында – 15,9 ± 1,6 жас, ауылда 15,5 ± 2,5 жасты құрайды.

Жыныстық ашылудың негізгі себебі, біздің зерттеуіміздің деректері бойынша, махаббат (65,3%), екінші орында қызығушылық әуестік (28,9%) және үшінші орында кездейсоқтық (15,6%) болды. Құрбыларынан қалып қоймау (6,9%) мәжбүрлеу (4,6%), ақы алу (2,9%).

Қала және ауыл жасөспірім қыздарында ұқсас заңдылық байқалады. Алайда, қала қыздарының 23,3%, ал ауыл қыздарының 59,3% жыныстық өмірді ерте бастағандарына өкініш білдірсе, керісінше 43,2 және 22,2% өкініш білдірмеді. Жоғарыда аталған деректер ауыл қыздарының өнегелік (қулықтық) ұстанымдарының едәуір жоғары екендігін көрсетеді.

Жыныстық өмірді ерте бастаған жасөспірім қыздар анасымен бірге өмір сүрген және әкелері болмаған (35,8% керісінше 17,3%), (21,9% керісінше 13,6% қалады және 25% керісінше 15,5% ауылда).

Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайда отбасының материалдық жағдайының деңгеймен анықталады, бұл әсіресе әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде қатты байқалады. Ерте жыныстық белсенділік табыс деңгейі төмен (айына 1 адамға 1000 руб) және табыс деңгейі жоғары (2000 руб жоғары) отбасыларындағы жасөспірім- қыздарға тән екендігі анықталды. Табыс деңгейі төмен, қалада тұратын отбасыларында 48,2% жасөспірім-қыздар жыныстық қатынаста болмаған, ауылда керісінше 47,2% және 14,9% , табыс деңгейі жоғары отбасыларында бұл ара қатынас қалада 36,5% және 31,1% ауылды жерде 33,3% және 12% құрайды.

Жыныстық өмірді ерте бастаған қыздар үшін қулықтың – интеллектуалдық ұстанымның төмен деңгейі, айналысатын істерінің қарапайымдылығы, қызығушылықтарының болмауы тән.

Жыныстық қатынаста болған қыздардың тек 17,3% , ал ондай байланысы жоқ қыздардың 64,4%, спортпен айналысады. Жыныстық өмірмен өмір сүретін қыздардың бос уақытында айналысатын негізгі ісі (хобби 37,5% керісінше 26,5% жыныстық байланысы жоқ қыздар), Музыка (43,4% керісінше 34,6% сәйкесінше), теледидар (26% керісінше 17,4%). Алайда кітап оқуға деген қызығушылық мұндай қыздарға тек 13,2% керісінше 20% жағдай бақылау тобында, басқа хобби (компютер, қол өнер, сурет салу және шығармашылықтың басқада түрлері) - 15% керісінше 19,1% .

Жыныстық өмір сүретін қаланың жасөспірім қыздарының зиянды әдеттерінің деңгейі өте жоғары - 92,7%, ауылда 58,3%; жыныстық қатынасы жоқ қыздардың бұл қатынасы сәйкесінше 62,8% және 26% құрайды. Негізгі зиянды дағдылары – бұл темекі шегу (56,6%), спиртті ішімдік ішу (14,5 %) және нашақорлық (5,86%): таксикамания (3,5%) сирек кездеседі, басым көпшілгі тек қала қыздарында.

Зерттелінген популяцияда экстра генитальдық патология жиілігі 34% құрайды, бұл қалалық жасөспірім қыздарды ауылдағыдан 1,6 есе (38,2% керісінше 23,8%) артық. Экстра генитальдық патология құрылымында алдынғы орында асқазан - ішек-қарын жолы аурулары (11,1%), тыныс алу мүшелері (4,5%) аурулары және көз аурулары (3,7%) алады. Қала жасөспірімдерінде ішек-қарын жолы аурулары, ал ауылды жерлерде - тыныс алу мүшелерінің аурулары басым болады. Бүйрек және несеп бөлу жүйесі (3,2) мен тірек – қимыл аппаратының ауруларының пайызы жоғары.

Жыныстық өмірді ерте бастау, қыздардың әлеуметтік бейімделмеуі, гендірлік сауатсыздық, жыныстық жолмен берілетін ауру жұқтырудың себебі болып табылады. ЖЖБА жұқтыру жиілігі 23,7% құрайды, қала қыздары арасында жыныстық жұқпалы аурулар ауылға қарағанда 4 есе жиі тіркелген (27,7% қарсы 8,3%). ЖЖБА құрылымында бірінші орынды хламидиоз (36,6%), урогенитальдық кандидоз (31,7%) және трихомониаз (17,0%) алады.

Осылайша, жасөспірімдердің гендерлік мінез-құлқы реттеуді қажет етеді. Біздің зерттеуіміз қала қыздарына ерекше көңіл бөлу қажеттігін дәлелдейді, өйткені қала

жағдайында макро және микро әлеуметтік ортаның әсері көбірек байқалады. Сондай-ақ жыныстық өмірде ерте бастаудың жасөспірім қыздардың салауатты денсаулығына теріс әсері анықталған.

Ресейде қалыптасқан демографиялық жағдай жедел түрде осы мәселені шешуді талап етеді [7,6,5].

***Библиографиялық тізім***


1. Мектеп жағдайындағы ЖҚТБ/АҚТҚ-ң алдын алу бойынша оқытушыларға арналған басшылық. Алматы, 2004.
2. Педагогикалық институттарының программасы «Семья өміріндегі әдеп және психология» Алматы, 1999ж. Б. 107-110.
3. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білімі экономикасына // Егемен Қазақстан 2006 ж. 27 мамыр.
4. Жаңа технологиялардың қоғамға әсері //Евразия KZ. 2006 ж. 9 қараша. 7 бет.
5. Д.В.Попов. Жизнь человека до рождения Видео «Жизнь» - 97 мин. Әңгіме.
6. К.В.Ельницкий. Тәрбие жөнінде: /педагогиканың алтын қоры/ Школьная пресса, 2004-192 бет.
7. К.В.Зорин. Грехи молодости или здоровье семьи. -2004. -111 с.


ӘОЖ 57.379

## БИОЛОГИЯ КУРСЫ БОЙЫНША ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ

***Накипбекова У.О.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Жалпы ақпараттандыру – білімді жүйелеуді қамтамасыз етеді және қазіргі ақпараттық-компьютерлік өзгеріс адамның интеллектуалды іс-әрекетінің негізіне айналып отыр. Білім беруді ақпараттандыруға байланысты үздіксіз білім беру, білім берудің ашықтығы, өз бетімен білім алу, білім беру үрдісін оңтайландыру, қашықтықтан оқыту және т.б. білім беру идеялары жүзеге асырылуда.

Биологиядан виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың негізін ақпаратты-компьютерлік технологиялар құрайды. Осыған орай ЖОО ақпараттық-білім беру ортасын құру мен дамытудың біртұтас әдістемелік жүйесін жасау негіздерін қарастыру мәселелері туындады. Инновациялық, соның ішінде компьютерлік технологияларды оқу үдерісіне енгізу арқылы болашақ мамандардың дайындық сапасын арттыру мәселелерімен ресейлік ғалымдар А.Г.Абросимов [1], С.Г.Григорьев [2] айналысқан, ал жалпы және жоғары білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру технологиялары және электронды білім беру ресурстарын дайындау және қолдануды И.Б.Готскаяның [3], қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың педагогикалық және ұйымдастыру шарттарын Ю.И.Капустиннің зерттеулерінен көруге болады [4].

Виртуалды зертханалық жұмыстардың ерекшелігі білім алушылардың бойында дайын үлгіден алған білімдері бойынша қарапайым білім, білік, дағды қалыптасып қана қоймайды, олар оны іс-әрекетке қосып, өмірде сол білім мен біліктердің қажеттігін сезінетін болады. Осыған орай әртүрлі типтегі зертханалық жұмыстарды орындау жолы

өзгеріп, ол «иллюстративті-түсіндірмелік функциядан – құралдық іс-әрекеттік функцияға ауысты», бұл тәсіл білім алушылардың алған ақпараттарды практикалық пайдаланудағы ізденіс әдістерін қалыптастырады.

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орнында білім беру тұлғалық сипатқа ие болуда, яғни тұлғаның талабына жауап беру, оны құрметтеу, сондай-ақ оның дамуына көмектесу алдыңғы орынға шығып отыр. Мұндай күрделі мәселелердің шешімін табу оқу бағдарламаларында айқындалған білім берудің мақсатын, мазмұны мен принциптерін жүзеге асыру белгілі бір оқыту технологиялары мен оқытудың әдіс тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту технологиясы дегеніміз – қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе (оқытудың формаларын, әдістері мен құралдарын қамтитын) ретінде көрінетін оқу бағдарламаларында айқындалған білім мазмұнын жүзеге асырудың тәсілі. Осы анықтамаларға зер сала қарасақ, оқыту технологияларының құрылымдық элементтеріне *мақсат* + *мазмұн* + *әдістер* + *формалар* + *құралдар* + *білім алушы*+ *оқытушы* + *нәтиже* жататыны айқын көрінеді.

Оқыту технологияларына тән негізгі белгілер: негізділігі (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт), жүйелілігі (құрылымдық элементтерінің біртұтастығы), басқарылмалығы (оқыту үрдісін толық жоспарлап, нәтижесін тексеруге болатындығы), тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі) болып табылады. Сонымен қатар технологиялардың диагностикалық мақсат түзу және нәтижелілігі, үнемділігі, алгоритмділігі, жобаланбалылығы, біртұтастығы, түзетімділігі сияқты белгілерін атауға болады.

Бұл оқыту технологиясының мақсаты білім алушылардың оқу еңбегі мен мұғалімнің педагогикалық үрдісті басқаруын дидактикалық модуль құру арқылы оңтайландыру болып табылады. Биологияны оқыту үрдісінде модульдік технологияны қолдану:

- оқытуды даралауды;
- білім алушылардың ойлау қабілеттіліктерін дамытуды;
- оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауға үйретуді: өзбетімен оқып-үйренуге қажетті ақпараттарды тауып, өңдей алу, өзіне-өзі бақылау жасау мен өзін-өзі бағалай алу дағдыларын жетілдіруді қамтиды.

Алған теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетпен ұштастыру ұстанымына бағдарлану оқытудың зерттеушілік әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Ал, нақты жаратылыстануды оқыту әдістемесінің даму кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Қазіргі таңда жоғарыда сараланған ғылыми-теориялық еңбектердегі классикалық дидактикалық ұстанымдарға өзгерістер енгізіліп, оқытудың іс-әрекетке бағдарланған тәсілдерімен толықтырылуда. Дәстүрлі зертханалық жұмыс пен виртуалды зертханалық жұмыс арасындағы айырмашылық төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Дәстүрлі зертханалық жұмыс пен виртуалды зертханалық жұмыс арасындағы айырмашылық

| **Дәстүрлі зертханалық жұмыс** | **Виртуалды зертханалық жұмыс** |
|---|---|
| Білім алушылардың оқытушының сабақты түсіндіруі арқылы оқу бағдарламасында берілген негізгі түсініктер мен ұғымдарды біледі. | Білім алушылар оқу материалдарына қажетті ақпараттарды өз бетімен ізденіс арқылы оқытудан күтілетін нәтижелерге жетеді. |
| Оқу материалдары нақты логикалық негізде, оны игеру мен сипаттауға тиімді етіп құрылған. | Оқу материалдарын игеру қандай да болмасын мәселелерді шешу негізінде құрылған. |
| Лабораториялық жұмыстардың мақсаты практикалық дағдылар мен жоспарланған нәтижелерге | Виртуалды зертханалық жұмыстың оқу материалдары жаңа идеялар тудыруға бағытталған, ол білім алушылардың салыстыру, |

| | |
|---|---|
| бағытталған қабілеттіліктерді қалыптастыруға негізделген. | өз бетімен нәтиже алу біліктіліктерін қалыптастырады. |
| Лабораториялық жұмысты нақты көрсетілген тапсырмалар бойынша орындайды. Әдістемесі аудиторияда оқып-үйренген түсініктер мен ұғымдардың көрнекі түрде берілуінде | Виртуалды зертханалық жұмыс нәтижесінде білім алушылардың санасында жаңа идеялар туындайды, ол білім алушылардың өз бетімен ізденуіне, оқып үйренуіне түрткі болады |
| Лабораториялық жұмысты орындауда нәтижеге жету үшін оқытушы білім алушыларға нақты бір жоспар ұсынады. | Виртуалды зертханалық жұмыс жүргізуде білім алушыларға өз бетімен жоспарлауға, өз зерттеулерін ұсынуға, және т.б. мүмкіндік беріледі. |
| Лабораториялық тәжірибеден дұрыс нәтиже алу үшін білім алушы бақылау, өлшеу, дәлелдеу және т.б. тәжірибе жасауға қажетті ұсыныстарды бұлжытпай орындайды. | Әрбір білім алушы өз бетімен немесе топпен оқу зерттеулері кезінде алынған нәтижелерге сипаттама береді, оны талдап, салыстырып, өңдей алады. |
| Жаратылыстану-ғылыми білімнің мәні оны тек техникада қолдануға болатындығымен анықталады. | Жаратылыстану-ғылыми пәндерінің заңдары мен заңдылықтарын оқып-үйрену арқылы студенттер өз бетімен қорытынды жасай алады. |
| Білім алушылар оқыту мазмұнына қатысты дайын қорытындыны меңгереді. | Білім алушылар оқу материалдарын өз бетімен қорытындылайды, негіздейді, оған түрлі көзқарас тұрғысынан қарап, әртүрлі фактілерді келтіреді. |

Виртуалды зертханалық жұмыстардың ең басты қасиеті білім алушылар тәжірибені бірнеше рет қайталап жасай алады, ол өз кезегінде оқу материалдарын берік әрі терең меңгеруге әсер етеді. Заманауи білім беру жағдайындағы виртуалды үрдіс оны компьютерлік технологиялар деңгейіне шығара отырып, дәстүрлі білім берудің бай педагогикалық әлеуетін пайдалануға бағытталған. Виртуалды зертханалық жұмыстарда берілетін оқу модельдері арқылы оқу материалдарын зерделеуде білім алушылардың қоршаған орта құбылыстарын танып-білуде өздігінен жұмыс істеу қабілеті артады, өмірлік жағдаяттарда туындайтын мәселелерді шешу жолдарын өздігінен табу мүмкіндіктері қалыптасады, алынған білімді тәжірибе жүзінде пайдалануға даярлығы артады. Сондықтан білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуіне септігін тигізетін виртуалды зертханаларды пайдалану электронды білім беретін компьютерлік өнімді оқу үдерісіне ендіру стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

### *Библиографиялық тізім*

1. Абросимов А.Г. Информационно-образовательная среда учебного процесса в вузе. – М.: Образование и информатика, 2004. – 256 с.

2. Григорьев С.Г. и др. Методико-технологические основы создания электронных средств обучения. //Научное издание. /Самара: Издательство Самарской государственной экономической академии. – 2002. –110 с.

3. Готская И.Б. Учебно-методическое обеспечение подготовки учителей к профессиональному педагогическому взаимодействию посредством сети Интернет: автореф. дис. ... докт. пед. наук:. – С-Пб., 2010. – 301 с.//www.dissercat.com

4. Капустин Ю.И. Педагогические и организационные условия эффективного сочетания очного обучения и применения технологий дистанционного образования: дис. ... докт. пед. наук:. – М., 2007. – 419 с.//www.dissercat.com

5. Андреева Н.Д., Соломин В.П., Васильева Т.В. Теория и методика обучения экологии: учебник для студ. высш. учеб. заведений / под ред. Н.Д. Андреевой. – М.: Издательский центр «Академия», 2009.– С. 300-305.

6. Қисымова А.Қ., С.Н.Обаев Биологияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы / А.Қ.Қисымова, С.Н.Обаев. – А.: Дрофа. 2010. – 216 б.
7. Таубаева Ш., Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытудың сапасын арттырудағы белгі-таңбалық көрнекіліктің алатын орны. //Педагогикалық білім берудің сапасы: проблемалар және даму перспективалары атты халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы: Абай ат.АҰПУ, 2004, - 930-933 б.

ӘОЖ 57.377

## БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚҰРУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

***Накипбекова У.О.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Қазіргі әлемнің жоғары қарқынмен дамуы білім беру жүйесіне мамандар даярлауға да жаңа талаптар қойып отыр. Білім беру іс-әрекетіндегі инновациялар – білім беру қызметі нәтижелеріне жетуде әлеуметтік және нарықтық сұраныстармен ерекшеленетін жаңа білімді, жаңаша әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалануды қажет етуде. Білім беру іс-әрекетіндегі әдіс тәсілдердің бірі – ол білім алушылардың ақпараттық-технологиялық дайындығы. Оқу материалдары мен оқыту әдістерін түрлендіру білім алушыларды оқу іс-әрекеттеріне қызықтырудың маңызды шарттарының бірі.

Білім беру парадигмасының шеңберінде білім беру үрдісін ақпараттандыру білім берудің үздіксіздігі мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, бүкіл білім беру жүйесіне өзгерістер енгізуде. Оның ең бастысы біріншіден, білім беруді кеңістіктік-уақыттық өзгерту, екіншіден, білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің коммуникациялық сипатын өзгерту болып табылады. Білім беруді кеңістіктік-уақыттық өзгерту – бұл білім беру кеңістігін кеңейту, яғни білім беру бағыттарының өзгермелігі, сондай-ақ білім алушы мен оқытушының қашықтан өзара әрекеттесу мүмкіндіктері мен оған қойылатын жаңа талаптардың пайда болуы.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың таралуына байланысты дәстүрлі оқытуда қолданылып келген кино және диапроектор, магнитофон, кодоскоп, т.б.орнын оқытудың жаңа техникалық құралы – компьютер ығыстырды. Ол виртуалды зертханалық жұмыстарды орындаудағы оқу кабинеттеріндегі зертханалық құрал-жабдықтардың ерекше бір сипатты бөлігіне айналып отыр.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды қолдануда «оқытушы - виртуалды зертхана - білім алушы» қатынастары жүйесінің негізін сапалық, жартылай сандық, параметрлік (сандық) тәсілдер жіктемесі құрайды.

Сапалық тәсіл – оқу ғимараты жағдайында орындауға күрделі құбылыстар мен тәжірибелер компьютерлік экранды басқару арқылы орындауға мүмкіндік береді.

Жартылай сандық тәсілде – виртуалды зертханада тәжірибе үлгіленеді және оның жеке сипаттарын (кесте, құрылғылары т.б.) өзгертуге болады.

Параметрлік (сандық) тәсілде – үлгіде берілген сандарды оның үлгілік сипатына (жылдамдығы, қозғалыс бағыты т.б.) қарай өзгертіп график траекториясы алынады. Осы берілген жіктеме виртуалды лабораториялық жұмысты көрсетуде (демонстрация), қорытындылауда, тәжірибе жасауда пайдаланылады. Мұндағы көрсетілімді (демонстрация) пайдалану шынайы орындалатын жұмысты жүргізу барысын үлкен экран немесе мультимедиялық проектор арқылы жалпылама орындалады. Ал қорытындылауды пайдалану жалпылама (көрсетілім, сұрақтарды пысықтау, қорытынидылау т.б.) немесе жеке (тәжірибенің математикалық бөлігі, графиктерді талдау т.б.) жұмыстарды қамтиды.

Тәжірибелік пайдалану виртуалды зертханалық жұмыс тапсырмаларын жеке (немесе аз топта) орындаудан тұрады [1].

Виртуалды зертханалық жұмыстардың ерекшелігі білім алушылардың бойында дайын үлгіден алған білімдері бойынша қарапайым білім, білік, дағды қалыптасып қана қоймайды, олар оны іс-әрекетке қосып, өмірде сол білім мен біліктердің қажеттігін сезінетін болады. Осыған орай әртүрлі типтегі зертханалық жұмыстарды орындау жолы өзгеріп, ол «иллюстративті-түсіндірмелік функциядан – құралдық іс-әрекеттік функцияға ауысты», бұл тәсіл білім алушылардың алған ақпараттарды практикалық пайдаланудағы ізденіс әдістерін қалыптастырады.

Жалпы зертхана (лаборатория) – оқу материалдарын игерудегі білім алушылардың қызығушылықтарын қанағаттандырады, олар лабораториялық жұмыс барысында теориялық мазмұнның нақтылығын тексеруге мүмкіндік алады, осылайша білім алушылардың ойлау қабілеттері құрылымданып, оқу материалдарында берілген мәселелерді талқылау және ғылым, білімге деген қызығушылық деңгейлері артады. Зертханалық жұмыста әрқайсысы өзінің зерттеу материалдарын сезініп, тиімді нәтиже алу үшін басқа да тәжірибелермен салыстыра алады.

Виртуалды зертханаларды пайдаланудың өзектілігі сонда, мұндай жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу үшін күрделі құрал-жабдықтар, оларды сақтау, ауыстыру, жөндеу және лабораториялық жұмыстардың сипаттамаларын сақтау шкафтарының қажеті жоқ. Бұл жерде барлық жұмыс бір жерде электронды түрде немесе сыртқы тасымалдау құралдарында сақталады. Виртуалды қосқыштардың арнайы жүйесі тәжірибе параметрлері тапсырмаларына арналған арнайы терезеден немесе экраннан және жүгірткіш құралдан (мышь) тұрады. Осы экранда берілген тәжірибені жүзеге асыру үшін жүгіртікіш құрал арқылы тәжірибе шарттарын өзгертуге, тәжірибенің сандық мөлшерін есептеп шығаруға және графиктер құруға болады. Негізінен виртуалды қосқыштардың арнайы жүйесінде есептеуіш калькулятор, автоматты түрде графиктер құру құралдары, есептеуіш кестелер және тәжірибенің өлшеу нәтижелеріне арналған кестелер кіріктіріліп орналастырылады. Тәжірибе жұмысындағы есептеу нәтижелерін Excel кестелі процессорда орындау өте қолайлы.

Осыған орай білім сапасын арттыру мақсатында қазақ тіліндегі виртуалды зертханалық жұмыс кешендері мен интерактивті оқыту құралдарын көбейту және Қазақстандық сайттарда қазақша мәліметтер қорын толықтыру білім алушыларға электронды оқыту жүйесі арқылы білім алуына зор мүмкіндік береді. (сурет-1)








Сурет 1 – Дарлинг әдісімен кокцидий ооцисталарын қарауға арналған виртуалды зертханалық жұмыстың электрондық нұсқасы (а, ә, б)

### *Библиографиялық тізім*

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01.2017. http://www.akorda.kz

2. Загвязинский В.И. Теория обучения: Современная интерпритация. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 192 с.

3. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования. Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. Заведений. –М.: Издательский центр «Академия», 2014. –272 с.

4. Стенякова Н.Е. Профессиональная подготовка будущего педагога в процессе изучения дисциплин педагогического цикла: автореф. дис. канд. пед. наук. – Пенза, 2016. – 19 с.

ӘОЖ 57.276

## ҚАЗАҚСТАНДА ТАБЫЛҒАН HOMO ТУЫСЫНА ТӘН ҚАЗБА-ҚАЛДЫҚТАР

***Наурызова Г.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Ежелгі тас дәуірі адамзат тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезең адамның жерден бауырын көтеріп, екі қолдың еңбек әрекетіне бейімделуі іске асты. Мұның өзі алғашқы адам іспеттес тіршілік иелерінің күнкөріс үшін тас құралдарын жасауына мүмкіндік берді. Осы құралдардың қалдықтары адамзат баласының ең ұзаққа созылған тас дәуірінің уақытын шартты түрде белгілеуге негіз болды. Тас дәуірі үш кезеңнен тұрады.

Олар көне тас дәуірі (палеолит), орта тас дәуірі (мезолит), соңғы тас дәуірі (неолит). Батыс Европаның материалдары негізінде ежелгі палеолит үш дәуірге: дошелль, шелль, ашель болып бөлінеді. Орта палеолит соңғы ашель, мустье, ал соңғы палеолит ориньяк, солютре және мадлен болып айырылады.

Соңғы жылдары кейбір өзгерістер енгізіледі. Бірқатар авторлардың пікірі бойынша: олар палеолитті екі дәуірге – ежелгі дәуір мен соңғы дәуірге бөліп, мустье мен соңғы палеолит арасына меже қояды. Көбінесе Африкада жаңа материалдар негізінде адамзат өміріндегі әуелгі дошелльді қамтитын ежелгі дәуір бұл күнде олдувэй дәуірі деп аталады. Ол б.ж.б. 2,5 млн. жылдан басталады.

Ежелгі палеолиттің одан кейінгі екі дәуірі – шелль мен ашель 800 мың жылдан 140 мың жылға дейінгі дәуірді қамтиды. Көптеген зерттеушілер орта палеолитті (соңғы ашель мен мустьені) біздің заманымыздан бұрынғы 140-40 мың жылдықтарға жатқызады. Соңғы палеолит 40 мың жылдықтан 12 мың жылдыққа дейінгі уақытқа сәйкес келеді.

Алғашқы адам тіршілік иелері мен оның қарапайым шаруашылығының қалыптасу кезеңін қамтитын ежелгі тас дәуірі өндіргіш күштердің өте төмен деңгейімен сипатталады. Ол тұстағы адамдардың кәсібінің мәні табиғаттың дайын өнімдерін пайдаланумен шектелген. Олар өздігінен өсіп тұрған дәндерді, жеміс-жидектерді теріп жеп, жабайы аңдарды аулап, олардың етімен қоректенеді. Бұл тұстағы адамдардың өзара қарым-қатынасы олардың теңдігіне, еңбек бөлінісінің жынысқа, жасқа қарап реттелуіне негізделеді.

Еңбекке бейімі бар, адам тақылеттес ең әуелгі тіршілік иесі ғылымда презинджантроп деген атпен белгілі. Оның сүйектерінің қалдықтары шығыс Африкадан табылған. Ғылымда «Homo habilis» («шебер адам») деп аталып кеткен ол осыдан 1 миллион 750 мың жыл бұрын өмір сүрген. Оның миының аумағы 652 см/3, яғни ертедегі маймылдың миынан әжептәуір көлемді де салмақты болған. «Шебер адамның» еңбек құралы малта тастың сындырыл- ған түрлерінің қырлары пышақ сияқты өткір болып, кесу үшін пайдаланылған [1].

Адамзаттың дамуындағы тас дәуірінің орта және соңғы кезеңдеріне сәйкес келетін «Homo erectus» («түрегелген немесе бойын жазған адам») питекантроп (маймыл-адам) және синантроп (адам) болып екіге бөлінеді. Оның алғашқысы мен соңғысының

араларында дамудың, жетілудің оң өзгерістері болғанын, сонымен бірге олардың дамуына сабақтастық барын байқатады.

Бірінші питекантроп 1891 жылы Ява аралында табылды. Питекантроп бұдан бір миллиондай жыл бұрын өмір сүрген. Ол «Homo habilis» - пен салыстырғанда елеулі эволюциялық өзгерістерге ұшырған. Ми көлемі үлкейіп, 959 см/3 бас сүйегі мен жақ сүйектері кішірейген, аяқ пен қолдың пропорциясы өзгерген.

«Homo erectus» - тің екінші бір түрі синантроп болды. Синантроп 1927 жылы Чжоу-коу-дян үңгірінен табылды. Одан синантроптың сүйектерімен бірге әр түрлі формадағы тас құралдар, ошақта көп жатқан тастар және төменгі антропоген (геологиялық жер қыртысы) тарихындағы ширектік дәуір фаунасы жануарларының көп сүйектері табылған. Бұдан синантроптар сол кездің өзінде-ақ от жағуды білген деген қорытынды жасауға болады. Бұл кезде піскен етті, өсімдікті тамақ ету адамның дамуына, әрине, өзінің игі әсерін тигізбей қойған жоқ. Б.з.б. 300 мың жыл бұрын «Homo erectus» қазіргі кезеңдегі адам түріне, немесе «Homo sapienske» («ақылды адам») айналды. «Ақылды адамның» қалдықтары Европада, соның ішінде Германиядағы Неандерталь жотасында табылған. Сондықтан ол тарихта неандерталь адамы деген атпен белгілі.

Қазақстан жерінде ежелгі адамның қазынды қалдықтары әзірге кездесе қоймағанына қарамастан олардың мекен еткен аудандарының бірі-Қаратау жотасы болғаны анықталып отыр. Арыс өзені жағасындағы Кіші Қаратау жлтасының солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ертедегі адамдардың еңбек құралдары болып табылатын ірілі-уақты шақпақ тастардың табылуы осыған айқын дәлел бола алады. Қаратаудың алғашқы тұрғындары от жағып, оны сөндірмей ұстай білген. Олар аңдарды аулаумен, тамақ болатын өсімдіктерді жинаумен шұғылданған. Орталық Қазақстан жеріндегі қазбаларға қарағанда осы маңда орналасқан ежелгі адамдар еңбекке тас құралдарын кеңінен пайдаланған. Олар тастарды үшкірлеп, үлкен-үлкен қырғыштар, әр түрлі дөңгелек құралдар жасап, қажеттеріне жарата білген .

Соңғы палеолит дәуірінде адамдардың рулық қауымы мен топтық ұжымдары қалыптаса бастады. Рулық қауымдар көп жерде алдымен отбасының қамқаоршысы, бала өсіруші ана төңірегінде топтасты, осыған байланысты әйелдер алғашқы қауымда үстемдік жасады, мұның өзі аналық-матриархаттық дәуір деп аталды [2].

Тас дәуірінің тарихында мезолит пен неолит біздің заманымыздан бұрынғы XII-V және V-III мың жылдықтардың арасын қамиды (мезолит-орта тас дәуірі, неолит-соңғы тас дәуірі). Ол кезде табиғат осы заманғы бейнеде болды. Жануарлар дүниесінің құрамы өзгеріп, енді аңшылардың аулайтыны көбінесе бизон мен жылқы, жабайы ешкі мен киік, қоян, үйрек болды. Мезолит заманындағы адамдардың садақ пен жебені ойлап шығаруы үлкен жетістік еді және осы тұста микролиттер-үшбұрыш, ромб, трапеция, сегмент тәрізді ұсақ қалақтар пайда болды.

Біздің заманымыздан бұрынғы V мың жылдықта басталған неолит тас құралдары барынша пайдаланған дәуір болды. Бұл кезде еңбек құралдары жетілдіріліп, жаңадан бұрғылау, тастарды тегістеу, ағашты арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістер қолданылған. Қиын өңделетін тастар бірте-бірте тұрмысқа, шаруашылыққа пайдаланылды, тас балталар, кетпен- дер, келілер, дән үккіштер, келсаптар жасала бастады. Неолит дәуірінде Қазақстан жерінде кен кәсібі мен тоқымашылықтың бастамалары дүниеге келген. Сонымен қатар керамикалық ыдыс жасау іске аса бастады.

Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі еді. Онда бірігіп еңбек ету және өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болды. Осы кезде тайпа бірлестіктері құрылды. Тайпалар туыстық жағына және шаруашылықтың түріне қарай құрылды. Ежелгі қазақ жеріндегі тайпалар аңшылықпен, балық аулаумен, өсімдіктерді жинаумен шұғылданған. Кейініректе олар мал өсірумен, егіншілікпен және кен өнеркәсібімен шұғылдана бастайды.

Біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықта мал және егіншілік шаруашылығымен қоса металл өңдеу кәсібі дами бастады. Мұның өзі Қазақстан жеріндегі

әлеуметтік-экономикалық жағдайларды өзгертуге жол ашты. Мал өсіруші тайпалар ірі және қуатты бірлестіктер құрды. Бұлардың арасында әр түрлі себептермен келіспеушіліктер болып, қарулы қақтығыстар да орын алды. Қару енді жабайы аңдарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалардың соқтығыстарына да жиі қолданылатын болды. Қару жасау бірте-бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды.

Б.з.б. 2 мың жылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола заттарын жасауды меңгерген. Қола-әр түрлі өлшемдегі мыс пен қалайынның, кейде сүрменің, күшаланың, қорғасынның қорытпасы. Мыспен салыстырғанда қола өте қатты және балқыту температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі болып келеді. Ол еңбек құралдары мен қару жасау үшін қолданылатын негізгі шикізат болып табылды. Қазақстан жерінде түсті металдар өңдеуге, әсіресе, мал өсіруге мықтап көңіл бөлген. Сөйтіп, б.з.б. 2 мың жылдықтың аяғында – I мың жылдықтың басында дала халықтары шаруашылықтың жаңа түрі - көшпелі мал шаруашылығына ауысады.

***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – А., Ғылым. 2010.

3. «Жоғары білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы. Республикалық баспа кабинеті. -2006

4. Байдулова Л. А., Қ. Б. Булатова Эволюциялық ілім. Оқу құралы. Орал: РБО БҚМУ, 2014.

5. Алексеева Т. И. «Антропология». Москва, 2007

6. К.Кошкимбаев, Г.А.Тусупбекова, А.Ыдырыс, Г.К.Атанбаева. Қазіргі жаратылыстану концепциялары (биология). Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.

ӘОЖ 57.275

# САНАЛЫ АДАМНЫҢ НӘСІЛДЕРГЕ ЖІКТЕЛУІ

***Наурызова Г.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Ғалымдардың айтуынша үш негізгі нәсіл ерте кезден бастап пайда болған. Бұған дәлел ретінде Африкадағы адам сүйегін алған. Соңғы уақыт аралығында нәсілдерді биохимиялық генетика әдісі арқылы зерттеген. Зерттеу нәтижесінде барлық нәсілдер 90-92 мың жыл аралығында өмір сүрген. Сонымен қатар, екі негізгі нәсілдердің жіктелуі - үлкен моңғолдықтар және еуро - негрліктер. Аустралдықтар өз материгіне осыдан 50 мың жыл бұрын кірген. Еуропоидтар мен негрліктер осыдан 40 мың жыл бұрын ажырағанмен, қоректерін бірлесіп аулаған, Воронежге жақын Маркин тауынан австралоидтарға ұқсас краманьондықтардың қаңқалары табылған. Австралоидтардың көшуі ығысуы Оңтүстік Индияда, Шриланкада (Цейлон) және Үнді мұхитынын басқа да аралдарында із қалдырған. Моңғолоидтық нәсілдің қалыптасуы біраз уақытқа созылды. Әлі толық құрал-саймандары болмаса да, аңшылары Азиядан Солтүстік және де Оңтүстік Америкаға басып кірген [1].

Америндердің пайда болуына миграцияның үш толқыны:

- палеоиндиялық (40-16 мың жыл бұрын, соңғы деректерде 70 мың жыл бұрын деп айтуда);

- тілдік топ (олардың сөйлеу тілдерінің ұқсастығын 12-14 мың жыл бұрын ежелгі Сібір халқынан табылды);

- эскалеутті (шамамен 9 мың жыл бұрын эскимостар мен алеутамдардың бастапқы пайда болуымен сипатталады).

Көптеген жылдар бойы антропологияда нәсілдер бір жерде (моноцентризм) пайда болды ма, әлде бір-біріне тәуелсіз әртүрлі жерлерде (полицентризм) пайда болды ма деген екі болжам арасында дау жүріп келді. Көптеген ғалымдар әр нәсіл өздерінің неандерталдықтардан, тіпті архантроптардан бастау алды деген болжам жасады.

Саналы адам түрі әртүрлі мекендерде тәуелсіз түрде, тіпті әртүрлі маймыл түрлерінен пайда болған деген де ой айтылған. Эволюция процесі ешқашан бірнеше рет бір нәтижеге алып келмейді. Полицентризмді қолдаушылар қытайлық архантроптардың (синантроп) монғолоидтарға ұқсас тістерінің күрек тәрізді болып келуі сияқты белгілері болғандықтан айтады. Бірақ мұндай тістер барлық палеонтроптарда, оның ішінде европалық неандерталдықтарда да болды. Бұл европоидтар мен негроидтарда жоғалган ежелгі деп есептелінеді. Басқа мәселе ретінде туыс емес популяциялардың жиынтығынан көптеген адамдардың нәсілдік топтары жалған болуын айтсақ болады. Мысалы, негроидтар мен австралоидтарда бір экваторлық нәсілге біріктіру. Ылғалды джунгли жағдайлы тропикалық белдеу бойынша, Конго өзенінен бастап Индонезияға дейінгі аймақта ергежейлі тобырлар пайда болған. Қазіргі кезде олар тәуелсіз, минералдардың жетіспеушілігінен пайда болды деп саналады. Бірақ бұлар ежелгі экватор аймағында кеңінен мекендеген негрилл тайпасының қалдық өкілдері деген де болжам болды. Қазіргі кезде моноцентризм шындыққа жақындау болып есептелінеді (1-сурет) [2].




1-сурет -Адам нәсілдерінің моноцентрлік (бір орталықтан) таралуының сызбасы

Ескерту – сурет [2] негізінде құрастырылған

Нәсілдік белгілер деп адамдардың үлкен топтарына, ірі популяцияларына тән белгілерді атайды. Қазіргі кезде адамдардың негізгі үш нәсілі бар (1-кесте) [3]:

1-кесте

Адамдардың негізгі үш нәсілі

| Жалпы сипаттама | Даму сатысында |
|---|---|
| 1 | 2 |

| | |
|---|---|
| *Негроидтар* – тері түсі қара, шаштары бұйра, көзінің түсі - қойкөз, сақал-мұрты сиректеу, ат жақты, кең танаулы, көздері бадыраңқы, жоғарғы кірпігінің үстіндегі қосымша қатпары нашар дамыған. Көздің ішкі жак бұрышындағы жасағар бүртікті жауып тұратын қатпарша - эпикантусдамымаған. Жақтары шығыңқы, еріндері қалың. Әсіресе Африкка құрлығының байырғы тұрғындарынан анық көрінеді. |  5-сурет- Негроидтар Ескерту – сурет [6] негізінде құрастырылған |
| 1 | 2 |
| *Монголоидтар* – көпшілігінде шаштары тік, қайратты, шаштарынын түсі қара. Терісінің түсі негроидтарға қарағанда ашықтау, сарғылт рең білініп тұрады, сақал-мұрты сирактеу. Беттері жалпақ, бет сүйегі шығыңқы, мұрындары жалпак, танау саңлаулары біріне-бірі қиғаш орналасқан. Көздері қысыңқы, шеткі бұрыштары ішкі бұрыштарынан сәл жоғары орналасқандыктан «қиғаш көзді» болып көрінеді. Кірпіктерінің жоғарғы жағындағы қосымша қатпарша кірпіктерін жауып тұрады. Көздің ішкі жак бұрышындағы жасағар бүртікті жауып тұратын қатпарша – эпикантус жақсы дамыған. Еріндерінің қалыңдығы - орташа. Монголоидтан негізінен Азия құрлығын қоныстанған. |  6-сурет- Монголоидтар Ескерту – сурет [6] негізінде құрастырылған |
| *Еуропеоидтар* – әдетте шаштары тік немесе сәл бұйраланған, ашық сары түсті; терісінің түсі - аққұба. Сақал-мұрты қалың, бетәлпеті сопақтау, мұрны ірі, шығыңқы, үшкірлеу; танау саңлаулары біріне-бірі параллельді; көздері горизонтальді орналасқан, жоғарға кірпігінің үстінде қосымша қатпарша жоқ, эпикантус дамымаған. Жақтары алға шықпаған, еріндері жұқа. Еуропоидтық белгілер әсіресе орталық, батыс, солтүстік еуропаның байырғы түрғындарынан анық көрінеді. Қазіргі кезде еуропеоидтық белгілері бар адамдар әлемнің барлық түкпірлерінде кеп таралып кеткен. Жоғарыда келтірілген үш топ әлем халықтарының нәсілдерін толық камтымайды. Тереңірек үңілсек, бұлардан басқа да, нәсіл ретінде ажыратып көрсетуге тұрарлық ірі топтар бар. Мысалы, америкалық үнділер. Атап айтқанда, ересек үнділерде эпикантус сирек кездеседі, беттері сопақтау, мұрындары шығыңқы және қоңқақ, оларды осы аталған белгілеріне карай монголоидтардан бөлек американдарға жатқызады. Австралияның және сол аймақтағы аралдардың тұрғындары да оқшауланған топ болып табылады. Олардың терісінің түсі африкалықтарға қарағанда ашықтау, қара-қоңыр түсті, шашатары бұйрадан гөрі толқынды болып келеді, ақал-ұрты қалың. Ал тістерінің құрылыс ерекшеліктері, қан құрамы, саусақтарының өрнектері бойынша монголоидтарға жақын болып шығады. Осы белгілері бойынша оларды австралиялық нәсілге жатқызады. |  7-сурет- Еуропеоидтар Ескерту – сурет [6] негізінде құрастырылған |

*Нәсілдердің пайда болу механизмі.* Генетика мен эволюцияға арналған мәліметтерден сіздер популяцияның гендік жиынтығы (генофонд) өзгеруінің екі негізгі механизмі - табиғи сұрыпталу және генетико-автоматикалық процестер (гендер дрейфі) бар екендігін білесіздер. Бұл екі механизм де адам пайда болғанда жүзеге асып отырды, бірақ олардың әрқайсысының рөлі әлі де толық анықталмаған. Нәсілдердің көптеген белгілері бейімделуге бағытталған. Мысалы, негроидтардың қара түсті терісі тропикалық аймақтағы күн сәулесінен қорғау сияқты маңызды функция атқарады. Олардың терісін ультракүлгін сәулелермен күйдіру үшін европоидтардың ақшыл терісіне қарағанда 10 есе көп мөлшерде қолдану керектігі зерттеу жұмыстары нәтижесінде анықталды. Сол сияқты бұйра шаштары бастарын қатты ыстықтан қорғауға бейімделген және т.б. белгілері көп.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – А., Ғылым. 2010.
3. «Жоғары білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы. Республикалық баспа кабинеті. -2006
4. Байдулова Л. А., Қ. Б. Булатова Эволюциялық ілім. Оқу құралы. Орал: РБО БҚМУ, 2014.
5. Алексеева Т. И. «Антропология». Москва, 2007
6. К. Кошкимбаев, Г.А. Тусупбекова, А. Ыдырыс, Г.К. Атанбаева Қазіргі жаратылыстану концепциялары (биология). Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.



ӘОЖ 372.12


## «БИОЛОГИЯ» ПӘНІНЕН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ


***Оразымет А.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Биология пәнін практикалық сабақтарды оқыту барысында оқушылардың ойларын дамыту үшін әр түрлі әдіс - тәсілдерді сабақта пайдалану тиімділігін көрсетеді. Осы тұрғыда бүгінгі күні жаңа технологиялардың тиімді әдіс - тәсілдерін, жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болып отыр. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, бала білімінің де даму деңгейі төмендейді. Осының бәрі бір күннің іс-әрекеті емес, оған уақыт керек.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процестерді кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен қарауға мүмкіндік береді.

Биология пәнін ресурстық орталықтарда зертханалық және практикалық сабақтарды оқушыға меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушыны қалыптастырып, онықызықтыру үшін сабақ берудің тиімді жолдарын, тәсілін табу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Зертханалық және практикалық сабақтардың мақсаты оқушылардың қызығуын арттырып қоршаған ортаны қорғауға экологиялық сауаттылығын дамыту кезінде ішкі сезімін оятып,өзін танып біліп, кез келген әрекетке жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарау деңгейіне жеткізу.

Оқушылардың пәнге деген қызығуын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы зор. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан ерекшелігі оқушылар жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдалана отырып өткізілген сабақтарда оқушылардың өз ойын анықтап, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі толықтыруға мүмкіндік жасалынады. Оқушылар ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсіріп қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірілген сызбаларды талқылап жатқанда сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің аргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойналып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін тереңдете түседі.

Осы сабақта байқағанымыздай, сыныптағы барлық оқушылардың жаппай жұмыс жасауларына мүмкіндік беріледі. Оқушы белсенді іс-әрекетте болады. Ортамен қарым - қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйренеді. Ең маңыздысы оқушылар қате жіберуден, өз ойын анық жеткізе алмаудан қорықпау керек.

Жалпы жоғарыдағы айтылған стратегияларды орындау барысындағы оқушы іс әрекетіне тоқталсақ:

- мақсат қоюға үйренеді;
- әр нәрсеге өз көзқарасы қалыптасады;
- бұрынғы білетіндерін салыстырады;
- бірігіп жұмыс жасайды;
- бір-бірімен тіл табысады келісімге келуді үйренеді;
- қорытынды жасай алады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізіндегі зертханалық және практикалық сабақ процесіндемұғалім нәтижеге жетеді:

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны басқа жақтарынан таниды;
- өзін жетекші, бағыттаушы ретінде таниды;
- өзі білмейтін ақпараттарға тап болады;
- оқушының жұмысын бағалайды.

Қазіргі оқыту процесінде модульді оқыту технологиясы кеңінен қолдануда және өз тиімділігін көрсетуде. Бұл технологияның ерекшеліктері:

- құрылымның үш бөлімнен тұруы (кіріспе, сөйлеу, қорытынды);
- өзін – өзі бағалау;
- топтық жұмыстағы белсенділік;
- көру, есту, жазу, сөйлеу құбылыстарының қатар жүруі;
- еркін тәрбиеге баулу.

Әрбір тарауға құрылған жоспар бойынша кіріспе бөлімінде сабақ түсіндіріледі. Сөйлесу бөлімінде оқыту, үйрету ойындары нәтижесінде оқушының ізденісі, қызығуы, жалпы білім деңгейі анықталады. Қорытынды бөлімінде тарауды қорытындылау мақсатында тест алынады, соңынан сынақ тапсырылады. Барлық оқушыларға тест пен сынақ бағасы бойынша қорытынды баға шығарылады.

Эксперимент жасанды жағдайда күрделі алуан түрлі табиғи әсерлердің комплексінің ішінен тандап алып, оқшауланып алынған жеке ағзаға әсері зерттеледі.

И.П.Павлов былай жазған: «Бақылау табиғат не береді, соны алады, ал тәжірибе табиғаттан керегін алады».

Бақылау орындау мерзіміне байланысты екі топқа бөлінеді: қысқа және ұзақ мерзімді. Қысқа мерзімді бақылау мұғалімнің тапсырмасы бойынша экскурсияда жүргізіледі. Эксперимент көбіне физиологиялық процестерді зерттеу кезінде қолданылады. Эксперимент қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Қысқа мерзімді эксперименттің мысалы ретінде тұқымның құрамын анықтау, топырақтың физикалық қасиеттін зерттеу, жапырақта крахмалдың түзелуі жұмыстары жатады. Эксперимент кезінде нақты өлщеулер жүргізіледі.

Тәжірибелерді қоя білу оқушылардың ойлау мәдинетіне, нақтылыққа, зерттеу кезінде әділеттілікке үйретеді. Оқушылар экспериментті жүргізу кезінде қарапайымнан бастап, күрделі ұзақ мерзімді тәжірибе үлескілерінде жүргізуге үйренеді [24, 25].

Мемлекеттік педагогикалық практика барысында оқу бағдарламасына сәйкес биологиялық жұмыстар талаптарға сай орындалып, мемлекеттік бағдарламаның шартын орындау барысында төмендегідей зертханалық жұмыстар жалпы білім беретін мемлекеттік стандартқа сай орындалды, атап өтсек:жапырақтың ішкі құрылысы, бөлме өсімдіктерін қалемшелеу, гүл құрылысы. Жұмыстардың орындалу талаптыры «Биология» (Зертханалық жұмыстар) 6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін мектептің ұстаздарына арналған ҚР Білім және ғылым министірлігінің жаңа бағдарламасына негізделіп жасалған нұсқаулық құрал негізінде жүзеге асырылды.

Құралда көптеген түрлі тапсырмалар берілген: оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға және жаратылыстану ғылыми білімдерін бекітуге арналған сұрақтар, кестемен жұмыстар, сызбалар, тәжірибелер жургізуге арналған құралдар бар. Құрады, есте сақтаулары дамиды, логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттері қалыптасады. XYI ғасыр аяғы мен XYII ғасырдың басында биология ғылымдары саласында оптикалық аспапен тәжірибе жүргізу дамыды. Оптикалық аспаптар жасағандардың алғашқылары голландтық шеберлер ағайынды Ганс және Зарахиус Янсендер болса, микроскопты алғаш рет ғылыми жұмысқа пайдаланған ағылшын ғалымы Роберт Гук сол кездегі барлық жаратылыс сияқты физика, химия, ботаниканы жақсы меңгерген білгір маман. Өсімдіктер анатомиясы туралы тұңғыш рет еңбек жазған ағылшын ғалымы Н.Грю және италияндық ғалым М.Мальпиги болса, Роберт Браун клетка ядросын ашып, оның клетка тіршілігі үшін аса маңызды рөл атқаратыны туралы пікір айтса, чех ғалымы Ян Пуркинье және оның шәкірттері клетка ішіндегі сұйықтықты зерттеп, оны протоплазма деп атаған. Ал, П.Ф.Горянинов "Барлық тірі дүние клеткалардан тұрады және клеткадан пайда болады" деп тұжырымдаса, ботаник М.Шлейден және зоолог Т.Шванн бірге клетка теориясының негізін қалады.

Міне осы заманнан бастау алған эксперимент тірі табиғат құбылыстары мен процестерін зерттеудің ең тиімді әдістерінің қатарына жатады. Ол зерттеу принципін кең жүргізуге мүмкіндік береді, оқушылардың өздігінен жұмыс істеп, ойлануын дамытады, ғылыми методтармен таныстырып, белгілі іскерлік қалыптастырады.

Эксперимент арнай жасалған жағдайларда зерттелетін процесті жасанды еске түсіруді ұйғарады және зерттелетін объектіні бөгде, қосымша құбылыс-тардан тазартуға мүмкіндік береді.

Биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақты өткізуде пайдаланылатын көрнекіліктің мынандай түрлері бар:

1.Табиғи (натуралды) көрнекілік (табиғат объектісі тірі және препарат түріндегі тұлыптар, кеппе шөптер, ылғалды препараттар) келеді.

2.Бейнелеу түріндегі (таблица, схема, муляж, сурет). Техникалық бейнелеу (кино, компьютер, слайд, видеоқұралдары). Сондықтан да көрнекілік әдістің түріне мынадай демонстрациялаулар жатады:

- тәжірибелер;
- натуралды объектілер;
- бейнелеу құралдары.

Зертханалық жұмыстардың мақсаты- жаңа білім алу, өтілетін оку материалын саналы түрде игеру, сондықтан олар жаңа материалды оқып-үйрену сабақтарында жасалады.

Оқушылар сарамандық жұмыстарды тақырып өтілген соң орындайды, олардың мақсаты алынған білімді және білікті бекіту, нығайту, нақтылау, жетілдіру және тексеру.

***Библиографиялық тізім***

1. Қ.Жұмағұлова, Р.Сәтімбеков, К.Жанабердиева Бағдарламалар Биология орта жалпы білім беретін мектептің 6-7 сыныптарына арналған. Алматы, 2013.

2. К.Жүнісқызы, Р.Әлімқұлова, Қ.Жұмағұлова Биология 6 сынып. Алматы: «Атамұра» 2015.

3. Васильева Е.В., Горбунова Т.В., Кашина Л.И. Эксперимент по физиологии растений в средней школе: Пособие для учителей.-М.:Просвещение, 2016.

4. К.Жүнісқызы, Р.Әлімқұлова, Қ. Жұмағұлова Биология. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің . 6 сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра», 2017.

ӘОЖ 372.8.

# БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

***Оразымет А.С.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Биология ғылымы – эксперименталдық ғылым. Оқушылардың биологияға деген қызығушылығын дамыту үшін зертханалық және практикалық сабақтардың маңызы орасан зор. Зертханалық, практикалық сабақ кезінде оқушылар бұрын сабақта алған білімдерін практикада өз бетімен жұмыс жасау кезінде ұштастырып, білім деңгейін кеңейте алады. Сондықтан шағын жинақты мектептерде биология пәнінен өтікізілетін зертханалық, практикалық сабақтар өз мәнінде өткізіліп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, білімге деген құштарлығын ұштау қажет деп ойлаймыз.

Биология пәнінен оқытуда зертханалық және практикалық сабақтардың маңызы өте зор. Жүйелі жүргізілген практикалық жұмыс оқушының ойлау қабілетін дамытып, дұрыс қорытынды жасай білуге үйрету.

Биология пәнінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларға материалистік көзқарас, дұрыс мәнді ғылыми дүниетаным қалыптастыру. Себебі пәннің мазмұны тіршіліктің пайда болуы, дамуы және мәні заңдары негізінде берік моральды, өмірдің мәні мен мақсатын дұрыс түсінетін, әртүрлі зиянды қылықтар мен әрекеттерге төзе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Тек биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақтарды ұйымдастыру арқылы ғана, дұрыс ұйымдастырылған нақты мақсатты сабақтар өткізу, сабақ әдістерін жетілдіру нәтижесінде терең де дәйекті түрде адамның табиғаттағы рөлін ашып көрсетіп, экологиялық мәдениеті мен сауаттылығын арттырып, өз өмірлеріне сауаттылықпен қарауды жолға қоюға болады.

Биология пәнінен зертханалық және практикалық сабақтар – оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызады, оқушылардың ойын дамытады,өз бетінше іздеп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды. Оқушыны өз бетімен жұмыстандыру идеясы сонау ерте заманнан -ақ Аристотель, Сократ, Платон сияқты философтардың еңбект ерімен талданған . Ары қарай дамуына Я.А. Коменский, В.Г. Белинский, Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинскийдің еңбектерінде жалғасын тапты. Өз бетімен жұмыс түрлерінің бірі – зертханалық, практикалық жұмыстар.

Зертханалық сабақ пен практикалық сабақтар – оқушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі; мақсаты мен міндеті ұқсас. Зертханалық және практикалық жұмыстар оқу бағдарламасына енгізіліп, курс бөлімін немесе тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі.

Практикалық (сарамандық) жұмыстардың негізгі мақсаты – оқушыларға теориялық білімді терең меңгеріп, эксперимент жасау дағдыларын дамыту. Практикалық жұмыстарды жүйелі түрде орындау – анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, оқытудағы

теория мен практиканың байланысы, оқушылардың дербестілігі мен танымдық күшінің дамуы сияқты ойлау амалдарын меңгерудің маңызды құралы. Бұл сабақтар білімді бекітуге және нақтылауға себепші болады. Мазмұны мен тәсілдері оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты өткізіледі. Бұл әдіс оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттерінде қолданылады.

Зертханалық және практикалық сабақтардағы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – оқушылардың білімін өзінше өмірге пайдалана білуге жеткізу. Мектепті бітіргенде өз бетінше ойлауға, өз бетінше практикалық жұмысқа дайын болуы керек. Кез-келген жаратылыстану курсында бір сабақтың өзінде, сабақтың мазмұнының бөліктеріне қарай бірнеше әдістерді пайдалануға болады.

Эксперимент оқу процесін ұйымдастырудың лабораториялық (зертханалық) сабақ, практикалық жұмыстар тәрізді формаларында биология салалары мен экология мәселелерін оқып үйрену кезінде жиі пайдаланылады. Бұл әдісті лабораториялық сабақ барысында көптеп пайдаланылады.

Жұмыстың жоғары дәрежеде, дұрыс орындалуы үшін топта 10 адамнан болуы керек, олар жеке-жеке немесе топпен орындайды. Жұмыстың тақырыбы, мақсаты, зерттеу объектісі, қажетті құрал-жабдықтары практикалық және зертханалық дәптерлеріне көшіріліп, қорытындыланады. Практикалық жұмыс мектеп шеберханаларында, оқу тәжірибе учаскілерінде өткізіледі. Ал, зертханалық сабақтар биологиялық кабинеттер мен зертханаларда жүргізіледі.

Оқу-тәжірибе учаскісінде оқушылар өсімдіктерге фенологиялық бақылау жүргізіледі, одан алынған мәліметтерді күнделікке жазып отырады. Тәжірибе жұмысы аяқталғаннан кейін күделікті биология кабинетіне тапсырады. Күнделік мәліметтері ботаника сабақтарында пайдаланады. Оқушылар практикалық жұмыстарды толық қамтылған ресурстық орталықтың базасындағы арнайы зертханалық сыныптарда немесе компьютер арқылы виртуалды зертханаларда түрлі тапсырмаларды орындайды. Мәселен, өсімдіктердің көбеюі, тозаңдануы және т.б.

Биологиялық білім берудің мақсатын, тіршілік турасындағы осы білімнің құрылымын және жекелеген пәндерге жіктелуін (ботаника, зоология және т.б.), ғылыми білімге тұтастық пен жүйеліліктің не беретінін біліп алмай оны (биологиялық білімді) жетілдіру жолдарын іздестіру мүмкін емес. Ғылым мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі белгісіз болса, онда биологиялық білімнің (білім берудің) «бетін» қазіргі мәдениетке қарай бұру мүмкін емес.

Оқушыларда ғылыми көзқарас қалыптастыру үшін теорияның, әдіснаманың, әлем бейнесінің байланыс жолдарын, олардың өзара әрекеттесуі формалары мен тәсілдерін білу маңызды.

Оқыту практикасында оқытудың әртүрлі әдістері қалыптасты. Негізгі белгілеріне қарай, оларды:

1) Оқушының білімді алатын көзі;

2) Мұғалім әрекетінің сипаты;

3) Оқу процесіндегі оқушы әрекетінің сипаты.

Осы 3 белгі оқыту мен оқудың біртұтас процесс екенін көрсетіп, мұғалім мен оқушының өзара байланысын қамтамасыз етеді. Ал білім көзі екеуінің өзара әрекетіне байланысты.

Әдістердің негізгі белгілеріне сүйене отырып әдістер тобын талдап алуға болады. Осы әдістер тобынан оқытушылар оқушыларға білім көзін жеткізетін әдістерді таңдайды. Зертханалық және практикалық сабақтарда әдістердің түрлері:

- Білімді берудің негізгі көзі – көрсету. Оқытушының зат пен құбылысты демонстрациялап көрсетуі болады, екінші орында – бағыттап түсіндіру.

- Білімнің негізгі көзі – байқауда. Бұл жерде оқушының әрекеті демонстрациялайтын объектіні не процестіөріпк қабылдауға бағыттайды.

- Оқушы өзінің жауабында нені байқағанын айтады. Кейде өсімдік пен жануарларды демонстрациялап, не таблица қылыар әңгімелеп айтады. Бұл жерде сөз түріндегі тыңдағаннан көрі өте қысқа болады.

- Ең соңында білімді жеткізудің практикалық – әдісті пайдалану арқылы беріледі. Оқушылар нұсқау арқылы өзбетінше тұқымның, жемістің құрылысын қарайды немесе қоршаған ортаны ластаушы механикалық бөлшектерді микроскоппен қарап, фракцияларға бөліп: тозаң ба? өсімдік қалдығы ма? я тұздар ма? түрі анықталып, мөлшері белгіленеді.

Әртүрлі жағдайда жұмыс жүргізе отырып жаңа білім, білік алады. Олар кейін автоматты түрдегі әдетке айналады.

Оқушылардың практикалық әдіс кезіндегі әрекеті зерттейтін (пинцет, лупа, микроскоп, жабын әйнек және т.б.) және өндірістік еңбекті пайдаланылады.

Оқытушының сөзі бұл жерде: жұмыстың мақсатын түсінуге, қандай теориялық білімді пайдалануға болатындығына нұсқаулар беруге қажетті.

Кейбір жағдайды практикалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін мұғалімнің айтуы, нұсқауы мен әдебиеттерді (анықтамаларды т.б. әдебиеттерді) негізгі білім көзіне пайдалануға болады.

Сонымен білім көзінің қай түрінің сипаты негізгі болуына қарай, оқытушы мен оқушының әрекетіне қарай негізгі оқыту әдістері 2 топқа немесе туысқа бөлінеді:

1. Көрнекілік әдіс.
2. Практикалық әдіс.

Көрнекілік әдісте білім көзі: көрнекті объект, оқытушы көрсету арқылы білім береді. Оқушының меңгеруі байқау арқылы жүзеге асырылады. Ал, практикалық әдісте білім көзі практикалық жұмыс, оқытушы нұсқау арқылы білім береді. Оқушының меңгеруі жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл топтағы бір-бірімен туысқан әдістердің де түрлері бар. Натуралды объектілер, тәжірибелерді демонстрациялау сондай-ақ бейнелеу көрнекілік құралдарды (кино, таблица, схема). Көрнекілік әдістің ең жақын түрлерін құрайды.

Практикалық жұмыста оқушылар объектілерді тану, анықтау, дербес жүргізілетін тәжірибелерді байқау, эксперимент қою сияқты мұғалімнің қойған тапсырмаларын орындау практикалық әдістің әртүрлі жақын түрлері.

Барлық әдістерде де оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыруды көздейді. Мәселен, көрнекілік әдісте өткен тәжірибені демонстрациялау, ал практикалықта олар жүргізетін тәжірибелердің варианттары ұсынылады, жұмыстың нәтижелері қарастырылады. Барлық әдістерде кітаппен жұмыс жасалады.

### *Библиографиялық тізім*

1. Б.В.Всесвятский. Общая методика биология. Учебное пособие для педагогических институтов. Москва, 2007. -204 с.

2. Қ.Жұмағұлова, Р.Сәтімбеков, К.Жанабердиева. Бағдарламалар Биология орта жалпы білім беретін мектептің 6-7 сыныптарына арналған. Алматы, 2006. -26 б.

3. Әбиев Ж. Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М., Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 бет. – Б. 209 – 217.

4. К.Жүнісқызы, Р.Әлімқұлова, Қ.Жұмағұлова. Биология 6 сынып. Алматы: «Атамұра» 2006. -290 б.

5. Васильева Е.В., Горбунова Т.В., Кашина Л.И. Эксперимент по физиологии растений в средней школе: Пособие для учителей.-М.:Просвещение, 2008.-112с

6. К.Жүнісқызы, Р.Әлімқұлова, Қ. Жұмағұлова. Биология. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6 сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. «Атамұра», 2011. -190 б.

7. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. -Қарағанды, ЖШС «САНАТ-Полиграфия» баспасы, 2006. -344 б.

ӘОЖ 57.21

# ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

***Сафарханова Д.Б.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Ғалымдар биологияны - XXI ғасыр ғылымы деп танығандықтан, ол жаңа ақпараттық технологияларымен өте тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде болып отырғандықтан, бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі орасан зор. Пәндік олимпиадаға дайындық жасағанда компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек. Саралап қарайтын болсақ, оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез- келген тақырыпты өздігінен меңгере алады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді.

Әр мұғалім өз пәнге көшбасшысы болуы қажет. Ал көшті дұрыс бағыттай білу ол ұстаздың шеберлігіне байланысты. Жалпы оқытудағы ұстаздың өз міндеті оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту болғандықтан сабақта оқушылардан жиі тақырып бойынша жеке, жұптық,топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлерін алып отыру тиімді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын толығымен қамтамасыз етеді. Мұғалім баланың бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне нақты баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Ал осы процес сабақ барысында жүзеге асуы үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың таптаулары сүрлеуінен арылып, оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны абзал.

Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.

Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік – экономикалық процесстерге еркін қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Бүгінгі таңда заман ағымына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеуде ұстаздардың алдындағы жауапкершілік салмақтана түскендей. Орыс педагогі К. Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз [1]. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру

жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Сондықтан, заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің ең өзекті де өткір мәселелерінің біріне айналып отырғаны даусыз. Заманауй білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес. Яғни,заманауи технологияны меңгеру ұстаздың оқу- тәрбие үрдісін жүйелі түрде ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін- өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндер олимпиадаларды дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Мектептегі пәндер олимпиадаға дайындалғанда оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым- қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялык эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне өзінің әсерін береді.

Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Дарынды оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Сондай–ақ, пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды және қорытындылауды қажет етеді. Кей жағдайларда оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді, айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т. б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы. Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Жаңа материалды түсіндіру барысында мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысу қажет. Себебі, оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеу керек. Ал ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта жиі қолдану қажет.

Биология пәнін өтуде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасалып, оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, XXI ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткізілсе, және сабақта оқытудың интерактивті әдістері көп қолданылса сабақ өз сапасын бермек.

Қазіргі оқу үрдісінде ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек. Мысалға, биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік берері сөзсіз.

Биологиядан оқытудың заманауи үлгілері оқушының сабақ барысында әлеуметтік өзара іс-әрекеттер арқылы білім алуында маңызды рөл атқарады.

*Біріншіден:* ассоциациялар арқылы нұсқаулық беруді пайдалана отырып, білім алады, бұл түсінік пен дағдылардың кезең – кезеңмен қалыптасуына ықпал етеді. Ассоциативті оқыту накты мәліметті жаңғырту немесе есте сақтауға жол ашады.

*Екіншіден:* оқушылар белсенді зерттеулер – зерделеу, эксперимент, басқалардың жетекшілігімен зерттеу, тапсырмаларды орындау, ойлау арқылы түсінік пен дағдыларды құра отырып білім алады. Әлеуметтік – сындарлы оқыту дағдылардың ықпалдасуына және тереңірек түсінуге әкеледі.

*Үшіншіден:* оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, талқылау, дебат, ынтымақтастық, білімді бірлесіп құру және түсінік пен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Осы әдістер: оқушының белсенділігі; күтілетін қажетті нәтижелерге сай зияты; қажетті іс-әрекеті; өзара ықпалдасуына жеткізеді. Білім алу теориясы мұғалімдер үшін тікелей нұсқау бермегенімен, оқу мүмкіндіктерін ұлғайту үшін білім алу ортасын қалай құру туралы нақты қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік ашылады.

**_Библиографиялық тізім_**


1. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

2. Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары)» автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б.

3. Выготский Л.С. Психология развития человека.– М.: Смысл, 2006.–48 с.

4. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас:теориясы және әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсари атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000. – 30 б.

5. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. -17 б.

6. Тұрғынбаева Б. А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, -174 б.

7. Шишов С. Е. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. -88с.


ӘОЖ 57.26

## ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕТЕКШІЛІК ЖАСАУ


**_Сафарханова Д.Б._**
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән - мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қоймады. Сондықтан да, біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз. Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама берілген: дарындылық - белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі.

Дарындылық - адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін,оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан.

Дарындылықты анықтаудың психологиялық жолдары.

Ертедегі Қытайда дарынды балаларды «Шэнь тон», яғни киелі бала деп атаған. Расында дарынды балаларды киелі бала деп атауға болады. Бірақ осы дарынды балаларды дер кезінде байқап, оларға дұрыс жол сілтеу қажет.

Жалпы педагогика-психология ғылымында «дарындылық» мәселесіне қазіргі таңда көп көңіл бөлінуде. Дарынды бала - ол өзі жаңа болжамдар мен идеяларды, теорияларды, схема, зерттеулер жасай білетін қабілеті бар болуы шарт. Басқа сөзбен айтқанда, дарындылық-ол жоғары потенциялы бар, шығармашыл тұлға; өзінің алдына ғылыми-техникалық мәселелерді қойып және оны өздігінен шеше білетін - адам. И.С.Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын көрсетті [1]. Олар:

1. Ақыл-ой деңгейінің жоғарлығы ерте кезден байқалатын балалар.
2. Мектептің жекеленген пәндеріне және әр түрлі іс-әрекетіне қабілетті балалар,
3. Қабілеттері айқындалмаған потенциалды балалар.

Дарынды баланың дарынды ересектен ерекшелігі – ол әлі толық қалыптаспаған тұлға, оның болашағы анықталмаған. Оның қабілеттерін дамыту қажет. Платон, А.Кастлер, Ф.Гамильтон сияқты ғалымдар дарындылық туа біткен қасиет деген [ 2].

Декорт, Гообс, Локк сияқты ғалымдар дарындылық адам баласының даму барысында тәрбиеге байланысты дейді [3]. Сонымен дарынды бала - ол кім?

Психологиялық педагогикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша дарынды баланың бейнесі анықталды.

1. Интеллектуалды және ақыл- ой белсенділігі бар бала сөйлеу белсенділігінің жоғарлығымен, ойының ұшқырлығымен, байқағыштығымен, мәселені шешуде жан – жақты жолды қарастырумен, тәуелсіздігімен, құрбыларының арасында көсем болумен, есте сақтауының беріктігімен т.с.с қасиеттерімен ерекшеленеді.

2. Бейнелеу өнері бар бала- сурет салуға көп уақыт бөлінуінен, көргенін есте сақтауымен, сурет сабағын жақсы көретіндігімен ерекшеленеді.

3. Әнге қабілеті бар балалар- ән сабақтарына аса қызығушылықпен қарайды, ритмикалық бөліктерді оңай қайталайды, таныс әуендерді бірінші дыбыстан таниды.

4. Қозғалыстың белсенділігі бар бала жаттығуларды орындауда тепе-теңдік сақтайтын, қозғалысты жақсы көретін, өзінің жасына дене күші күшті болып келеді.

Дарынды балалар қандай? Олар әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен, қабілеттілігімен бірден көзге түседі. Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді.

*Біріншi категория* – ой — өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар.

*Екінші категория* – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар.

*Үшінші категория* – дарындылық күш – қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған [4].

Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты—олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек ? Ол үшін:

- Дарынды оқушыны таңдаған кезде оқушының жеке құжаттарын, мінездемесін сынып журналын зерттеу;

- Оқушының сабақтағы, сабақтан тыс кездегі іс-әрекетіне бақылау жасап, талдау жүргізу;

- Әр түрлі әдістерді пайдаланып оқушы білімін тексеретін жұмыстарды ұйымдастырып, баланың білім деңгейін анықтау керек.

Кез-келген мұғалім осындай жұмыстарды жүйелі жасап және жан-жақты талдау жұмыстарын жүргізе алса ғана, оқушылардың дарындылығын, қабілет мүмкіндіктерін айқындай алады. Дарындылықты,оқушының креативті белсенділігін айқындау процесі көпжақты. Дарындылық- табиғи және тәрбиелеу барысындағы дарындылық болуы мүмкін, сондықтан да оның қалай пайда болғанына қарамастан диагностикасы болу керек. Осы тұрғыда мектеп психологының ролі артады, олар педагогтарға көмек көрсетуі қажет.

Дарынды оқушыны диагностикалауды мына бағытта жүргізуге болады?

- Оқушының креативті ойлауына;
- Оқушының өзін-өзі бағалау деңгейіне ;
- Оқушының толеранттылығына;
- Оқушының интуициясына;
- Ол лидер ме ?
- Өзін оқымысты деп бағалай ма?
- Оқушының қызығушылығы;
- Оқушының көңілінен шығатын іс-әрекеті.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады. Өз тәжірибемде төмендегідей ережелерді басшылыққа алдық.

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.
- Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- Өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау)
- Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- Оқушылардың өзін- өзі шығармашылық басқаруы;
- Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;
- Ата-аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды. Мұғалімнің де дарынды оқушылармен жұмыс жасау бейімділігін де диагностикалау қажет,яғни «субъект-субъект» парадигмасының орындалуы, оқушы мен мұғалім арасындағы синергетикалық педагогиканың басшылыққа алынуы қажеттігін түсіндім. Ол үшін өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу керектігіне көз жеткіздім.

***Библиографиялық тізім***

1. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

2. Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары)» автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б.

3. Выготский Л.С. Психология развития человека.– М.: Смысл, 2006.–48 с.

4. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас:теориясы және әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсари атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000. – 30 б.
5. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. -17 б.
6. Тұрғынбаева Б. А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, -174 б.
7. Шишов С. Е. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. -88с.

ӘОЖ 372.45

## ДАҚЫЛДЫ ӨСІРЕТІН АЙМАҚТЫҢ КЛИМАТЫ МЕН ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

***Таженова М.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жүгері дақылын өсіретін аймақтарда егісті өсіруді қолға алу және бақылау ауданның табиғаты мен жердің сапасына айрықша назар аудару қажает.

Қолданылатын техникаларды қажетті жағдайда қолдану, минералды тыңайтқышты өте тиімдіетіп қолданып, баска шаралардыда іске асырып, судың топырақ құрамында белгіленген дәрежеден төмен болса, немесе артып кеткен жағдайда дақылдың сапасы жоғары болатындай әдістерді қолданып , шаруашылықпенайналысатын аймақтардың сол ортаның жағдайына қажеттілігін төмендетіге көмектеседі. Сол жердің сапасын жоғары дәрежеге жеткізгенімен табиғат құбылысын өз ойлағанымыздай жасай алмаймыз. Осы жағдай егіншілікпен айналысатын аудандарда дұрыс қалыптасуды қажет етеді. [1]

Үшайдың көлемінде қоршаған ортада алуан түрлі құбылыс болады.Климаттық жағдайы түрлі жерлерде, орта температурасы, соғатын самалдың әр түрлі қашықтықтағы жағдайы , нөсердің , қоршаған ортаның ықпалы біртұтас аталған ауданның тұтас жағдайы түзіледі. [2]

Ауа райының ұзақ жылдан бергі қалыптасқан жағдайы сол жердің климатын құрайды. Сол аймақтың табиғат құбылысын барынша таныс бола біліп, оларды баска аймақтың табиғат жағдайымен ұқсастығын қарастырып, ерекшелігіне назар аударып,ұзақ зерттеу нәтижелерін бір сарынға келтіріп, айтылған жағдайлардан түйіндеме жасау өте маңызды. Айтар болсақ көптеген агротехникаға қажетті әдісі, дақылдарды өсіру жолы , оны пайдалану мүмкіндігі сол жердің табиғатына қарап есептеледі. [3]

Дақыл егілетін аймақтарда өнімнің мол алынуымен бірге өсімталдығы қазіргі кезде пайдаланылып жүрген замануй құрылғыларға, және егін егі тәсілдерінің жаңа технологиясына байланысты ,сонымен қатар ортаның климаттық құбылыстарына тікелей қатысты. Республикамыздың көптеген аймақтарында дақылдыңөніп-өсу кезендері, табиғаты құбылмалы болады. Елімізде әр түрлі шаруашылыққа қатысты шаралардың, сонымен қатар керекті кешенді дұрыс қажеттілікке сай ала білу дақылдың сапасын жоғары етіп, жоспарға сәйкес жұмыстың дұрыс атқарылуына назар аударады.

Елімізде дақылдық жүгері көбінесе Республикамыздың оңтүстік аудандарында ,облыстарында бұл дақыл көп егіледі. Аталған өлкелер елімізде Тянь- Шань тауының етегінде суғарылмалы сонымен бірге үлескелік аймактарға жатады. Еліміздің баска аудандары біртұтас тегіс аймақ болса, таулы аймақтарда танаптық жерлер әр түрлі жоғары қыратты жерлерде егіледі. Қазақстан республикасында шаруашылыкка қолданылатын биік жерлері географиясы бойынша біртекті болмайды. Алтай өлкелері

қыратты және ойпатты ауданға кіреді. Тянь- Шань тауларындағы шөлейтті, Тарбагатай-Сауыр таулы бөлігі жартылай шөлейтті жерлерге жатады. Осыларды жақсы меңгеру егіннің сапалы болуын қамтамасыз етеді.

Егілетін аудан теңіздің деңгейі биіктегенде, жаңбырлы болып күн суық болады. Айталық, теңіздің деңгейі азая түссе ылғалдың көлемі кемиді, температура жылы болады. Таудың бөктерінен қашықтаған соң, қоңырлау, ашықтау қоңыр топырақтың, содан топырақ сұр түске енеді.Осы аймақтардың егін егіге қолайлы танаптарындағы топырақ таудың бөктерінде тұздары жуылған қара топырақ болады. [4]

Қ.А.Тимирязевтың пікірі бойынша: егілген егіннен өнімді жаз мезгілінің алғашқыайларын қолданылады, ал оның соңғы айлары тіпті іске аспайды да, ол егістік үшін ыңғайлы болып саналады, біз бұл үшін келешек ұрпағымыз үшін ұяламыз деп сын айтқан болатын.

Жердің бедері жоғары және төмен болумен бірге оңтүстіктің біраз аудандарында өсімдіктер, минералды қажетті заттар топырақтағы органикалық заттармен, тау жыныстарының, бірсыдырғы бола бермейді. Климаттық жағдай топырақтың түзілу үрдісіне, оның жүру бағытына ықпалын тигізеді. Ауа райы ның әсері топырақтың түзілу процесінде негізгі орынды нөсер, ауа температурасы өзге үрдістерге де байланысты.

Жаңбыр – жердің ылғалының негізгі көзі сонымен қатар оның сапасының негізі болып саналады. Егілетін танаптың ылғалдылығы жаңбырдың жыл бойына оның әртүрлі мезгілдегі көлемін анықтайды. Жаңбырдың біраз мөлшері жердің бетінен буланып кететін жағдайда, жарты бөлігі жылғамен өтіп кетеді. Қалған бөліктері жерге еніп ылғалдың негізгі қоры болады, оларды өсімдіктің көп бөлігі қолданылады.

Ал, топырақ үстімен аққан су оны жуып- шайып, эрозияға шалдықтырады.

Жерге ылғал сіңгеннен кейін оның құрамындағы қажетті заттар ериді де, ондаболатын әр түрлі үрдістердің жүруін тездетеді. Егілген жерге сіңірілген судың көлемі жауған жаңбырдың көлемімен есептелмейді. Сол жердегі судың көлемі , ауаның қажетті температурасы және климат жағдайын байланысты, сонымен қатар маусымнан кейінгі ағысқа да байланысты болады. Барлық жағдай сол жердің температурасына, жер құрылымына сонымен бірге,олардың негізгі қасиетіне байланысты.

Топырақ құрамына, сапасына жыл бойы жауатын нөсердің көлеміне тығыз байланысты. [5]

Қоршаған ортаның температура көрсеткіші топырақтың құрамының физхимиилық өзгеріске ұшырауына сонымен бірге химиялық үрдістердің жылдамдығына айрықша ықпалы болады. Топырақ құрамындағы жүріп жататын барлық үрдістер шапшаң жүрумен бірге,орта температурасы көтерілен соң, топырақ құрамындағы микроағзалар саны олардың қарқындылығы жоғарылайды. Егер аталғанортада температураның орташа көрсеткіші азайса жүрген үрдістердің жүруі нашарлайды, микроағалардың өмір сүру қабілеттің нашарлап топырак түзілу үрдісі бәсеңдейді. [6]

Жалпы алғанда жердің үстіңгі қабатының дұрыс қалыптасуына әр түрлі бағыттан соғатын ауа алмасуының да бұл кезде таудың беткейлерінен тағы да сол сияқты ауа арқылы ұшып түсуінің нәтижесінде топырақ құрамы өзгереді. Үгілу, бұзылу үрдісінен алынған заттар желдің әсерімен ықтау жерлерге,ойпат жерлерге жиналады.

Қатты соққан самалдың әсері тұзды аймактардан тұзды ұшырып әкетеді. Қарды да,баска да заттарды көшіріп әкетеді.Егер жерге тұздың көп мөлшері түскен жағдайда жердің сапасы өзгеріске ұшырайды, жердің тұздылық мөлшері жоғарылап жер сор тартып кетеді. Егістік алқапта жерді құрғатып, егіді сарғайтып жіберетін керімсал жел тұрады.Осы жел егіске өте көп зиянын тигізеді. Ауа температурасы шарықтаған сайын судың булануы күшейеді. Самал желдің өзіндік пайдасы бар деп есептелінеді. [7]

Егер жер жеткілікті жағдайда ылғалданбаса бір аймақтар жылы болып, баска аймақтар суык болып, дақылдардың өсуіне түрлі жағдайлардар әсер етеді. Нөсердің мөлшері топырақта жеткілікті болса, егіннің шығу қалпы да жақсы болады. Тянь-Шанның оңтүстігінде жылы болатын күндер ұзақтау, Тянь- Шаньның солтүстігінде күні

қысқарақ болады. Осыған байланысты күн жылынғанда басталатын егіс алқабындағы жұмыстар оңтүстік аймақтарда акпанның екінші декадасында, сонымен бірге еліміздің солтүстігінде наурыздың екінші жартысынан басталады. Еліміздің оңтүстік аймақтарында жердің қатуы көп бола бермейді,ал еліміздің солтүстігінде тоңның қалыңдығы өте жоғары болып, қиын ериді.

Еліміздің оңтүстік облыстарында Талдықорғанда Алматыда және Жамбыл облысының біркатар аймақтарында қалыпты деңгейдің көлемі 3-5ай, Шымкент аймағында 6-8 ай мерзіміне сәйкес келеді.Таулы аймақтарда әсіресе Тянь- Шаньда таулы 3-9ай ,6ºС арасында,ал батысаймақтарда12-14ºС болып саналады. Самалдың бағыты тікелей емес, осы жағдай еліміздің таулы аудандарында ерекше негзгі рольді атқарады. Егіншілікте болатын агротехникаға таулы аудандарда бір күндік температураның жинағы түрлі дәрежеде ықпал етеді. Теңіздің деңгейі арқылы салыстыратын болсак биіктікке тікелей байланысты танаптық жерлердегі топырақ түрлері де еліміздің оңтүстік аймақтарымен және оңтүстік шығыстағы тау жақтарындпа облыстар алуан түрлі болады. Аталған аймақтар  табиғат жағдайына байланысты бөлінеді ол жердің өсімдігі мен топырақ құрамының сипатына Солтүстік Тянь- Шань аймағы, Батыстың Тянь- Шань бөлігі болып саналады. Тянь- Шанның батыс бөлігі аймағы егін шаруашылығына жарамды  қара сұр топырақ және  сұр болып келеді. Тянь- Шанның солтүстігіне қарай  ашықтау сұр, қара қоңыршыл, күңгірттеу қара, қара, топырақты болады. Дақылдан алынатын көп  өнімді  алу мақсатының негізгі шарты  академик Н.И. Вавиловтың анықтамасына қарасак солл жердің табиғи жақдайын сол орта факторларын дұрыс меңгеру қажет. Таудың бөтеріндегі шөлді-далалық аймақтарда теңіздің деңгейі бойынан 250-360мм жаңбыр жыл бойына есептегенде 180-320мм болды,  ал тегіс аймақтарда түрлі шөптесін өсімдіктер кездеседі.

Еліміздің оңтүстік өңірінде қоршаған ортаның климаты егіншілікпен айналысуға жақсы орта болды, бұл жерде өсімдіктердің барлық түрін алу үшін өте ыңғайлы. Термофильді бір жылғы және ұзақ жылдық өсімдіктерді  өндіруге қолайлы суғарылмалы танаптардың болуы, жылылау маусымның ұзағырак болуы себеп болады. Егіншіліктің қалыптасуы дегеннің өзі агрономияның негізгі  мәселелері болып табылады.

Сапалы өнімді жақсы өз дәрежесінде алса топырақтың жақсы құнарлы болуы көбінесе дақылға керек болатын заттар және сумен қалыпты қамтамасыз етуге жағдайы келмейді. Топырақтың сапалық деңгейін көтеру және жақсарту мақсатында мамандар озық технология жетістіктерін қолдана отырып, керекті кешендерді пайдалануы тиіс.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жеткен жетістіктері жер бетіндегі тіршіліктің өз линиясы бойынша даму кезеңінде тіршілік етудеміз. Негізгі табиғат заңдылықтарын басқару және қолданудың негізгі міндеттері шөл-шөлейтті далаларды құнарлы аймаққа айналдырып, температураны өз қажетіне қарап өзгерту, табиғат апаттарынан сақтандыру, климат жағдайларына өзгерістер енгізу, бүгінгі күннің негізгі мәселелері. Қоршаған ортаны қорғау - оны өз қалпында сақтап қалу қазіргі заман талабына сұраныстардан туындайды. Қазіргі кезде адамзаттың табиғатқа көзқарастары мен қарым- қатынастары әлеуметтік жағдайларға байланысты адамзат пен қоршаған ортаның байланысын сақтау өзекті мәселелердің біріне кіреді.

***Библиографиялық тізім***


1. Жаңабаев Қ., Саудабаев Т., Сейітов И., «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», Алматы., 2012
2. СтепановВ.Н., КиселовА.Н., Третьяков Н.Н «Агрономия негіздері» 2015ж
3. Елешев Р., Смағұлов Т., Балғабаев Ә. «Агрохимия және тыңайтқыш қолдану жүйесі» Алматы, 2013ж
4. Сыбанбеков Қ. «Жүгері өндіру», Алматы, Қайнар, 2012 ж.
5. Арынов Қ., НығымтаевА., Ысқақов М., Серікбаев М., Жұмағұлов И. «Агрономия негіздері», Фолиант баспасы, Астана, 2009ж.
6. Сыбанбеков Қ. «Егін алқабы», Алматы Рауан 2000ж.

7. Уалиханова Т.Ж. «Өсімдік биотехнологиясы», Алматы, Қазақ университеті 2015ж.

ӘОЖ 372.77

# ЖҮГЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Таженова М.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жүгерінің систематикалық орнына келетін болсақ дақыл (Zea mays L.), қоңырбастар тұқымдасына (Poaceae L.)кіреді, тұқымдастың жалпы сипаттамасы және биологиясын өзге өсімдіктерге қарағанда біраз ерекшеліктері бар.

Жүгері өсімдігінде көпқабатты тамыр жүйесі қалыптасып, дақылдың өнімділігіне әсерін тигізеді, тамырлану процесі жақсы дами береді. Қалыпты уақытта дақылдың тамырлары 1,6-2,6 м топырақ тереңдігін бойлап, 1,3-1,7м жанына таралады. Дақылдың ұрығынан бір тамыр өніп шығып, жапырағы аз кезінде түптенетін аймақтан тамырдың бірінші бөлігі, 4-5 жапырақ уақтысында екінші бөлігі өніп өседі. Дақылдың бөліктерінің дұрыс қалыптасуына септігін тигізеді. Олардың қоректенуіне әсерін тигізетін ұзын сабақты сорттарының буындарынан ауа тамыры жетіледі. Дақылдың тамыр жүйесінін дұрыс қалыптасуына жақсы өңделген сонымен бірге ылғалы мол топырақ, күн сәулесінң интенсивтілігі, минералды тыңайтқыш пен агротехника өзінің ықпалын көрсетеді. Жүгеріде тереңдеу бойлап, жақсы тамыр жүйесінің әсерінен астық және жасыл балаусадан сапалы азық қалыптасады. Жүгерінің жапырағы - таспалы, тілшесі қысқарақ, мөлдірлі, шет жақтарында кірпіктері тақтаның беткі жағы түкті болып келеді.

Дақылдың сабақтары әлсіз болмайды, іштері өзекшеге толы, буын аралықтарының саны 8,0-24 болып, орталау биіктіктері 2,1-2,5 м. [2]

Жүгері дақылы – екі ұялы, даражынысты өсімдіктер қатарына жатады, аталық гүл шоғыры - шашақгүлі сабактын басында орналасып, аналық гүлдерінің шоғыры - собықтың жапырақ қолтығына орналасқан. Жүгерінің бір түбінде 1-2, кей кезде үш собықтан жетіледі. Олардың орташа массасы 260-310 г.

Жүгері собығының өз бірнеше қабаттан тұратын түрі морфологиялық өзгерісі бар жапырақтармен жабылады. Собық өзектерден тұрады. Ұяшықтарынан тік қатарлап жұптастырылып аналық гүлдермен (200-800) масақшалары орналасады. Тұқымының қатарлары жұп, көбінесе олар 8-10болып келеді. Гүлдеу уақтысында түйіннің бағаншасы жапырақтың орамынан шығып, бума сияқты ілініп тұрады. Жүгер дақылының дәні біраз түрлерінде ірірек, мың санының салмағы 300-350 г. Қатарларының орналасу ретіне қарай дәнінің реңі сортына байланысты - сары, ақ, қызыл тағы түрлері кездеседі. Балауызды түрі (Z.m.ceratina Kulesch.). Декстрин алуда қолданылады. Осы топтағы дақылдар Европаның бірнеше елдерінде өндіріледі. Дәндерінің эндоспермі балауыз тәріздес келеді. Эндосперм қабығы жарылатын жүгерімен теңеседі.



Сурет 1. Жүгері. 1,2– көктеу және гүлдену кезеңіндегі өсімдіктер; 3, 4 – аталық гүл шоғыры және масақша; 5, 6 – аналық гүл шоғыры және масақша.

Қазіргі кездегі классификация бойынша жүгері дақылы мынадай топтарға және түр тармақтарына (дәндерінің морфологиялық және физиологиялық рекшеліктеріне байланысты) ажыратылады.(Сурет 2):

Тіс тәрізді түрлері (Z.m. indentata Sturt). Бұл түр малдарға қоректік зат үшін пайдалануға өсіреді. [3]

Собықтың пішіні үлкенірек, дәні ірі, ұзындау болып келеді, құрылысы өз деңгейнде, беткі жандары тегісірек. Құрамында крахмал 72-74%, белоктың мөлшері 9-21% пайызды құрайды.

Қанттық түрі (Z.m. saccharata Sturt.). Бұл түрдің тармақтарына консервілеу өндірістерінде қолданылатын дақылдың ертерек пісетін сорттары кіреді, қабықты (Z.m. tunicata Sturt.). дақылдың дәнін масақшаның қауызы қаптап тұрады. Дәндері ірірек және орташалау, бұрышты, жоғарғы жағы иірім-иірім болыпкеледі. Ақуыздың көлемі 11,9%, полисахаридтер - 28% крахмалы - 63-85%, май - 7,8%, шейін кездеседі. Өндірісте айтарлықтай мәні жоқ.

Кремнийлі түрі (Z.m. indurata Sturt.). Кремнийлі жүгерінің ауыл шаруашылығында азық ретінде өте қажетті дақыл.

Дәндері ірірек те майда түрі де кездеседі, беті тегіс, шыныға ұқсайды, белоктың көлемі 10-12,0%, крахмал - 65-83% домалақ, бұл түр тармағының майда собықты ертерек пісетін сорттары көп кездеседі.



Сурет 2. Жүгері. Пісіп жетілген жүгері түр тармақтарының собықтары, бүтін дәндері және олардың көлденең кескіндері: 1-тіс тәрізді; 2-кремнийлі; 3-крахмалды; 4-қанттық; 5-жарылмалы

Дәнінің көлемі үлкен,жоғарғы беттері біртегіс, домалақтау, крахмал 70,5-81,5%. Ақуыз 7,0-11,19%, пайызға тең. Ақ түсті сапасы жаксы ұн алынады. Дәндері жылдам езіледі. Оны крахмал-сірне өнеркәсіптерінде қолданады.

Крахмалды-қантты турлері (Z.m. amyle-saccharata Sturt.). Бұл түрлерін баданақ жарма үшін қолданады. Дәндерінде қантты жүгерінікі сияқты иірімдері болады. Эндоспермдері етекжағында ұнды, жоғары жағында мөлдір түсті болады. Күріш пішіндес жарылмалы болады.(Z.m. everta). Дәндері майда, жоғарғы жақтары дөңгелек үшкір болады. Крахмалы - 63-73% пайыз,белок 11-13,0%, [5]

Қазақстанда жүгерінің көп кездесетін түрі болып саналатыны тіс тәрізділер кремнийлі түрі. Ертерек пісетін сортына және будандарын кремнийлі жүгері жатады.

Ауыл шаруашылығында малға азық ретінде тіс тәрізділер, ал ұн мен жармаға кремнийлі дақылдар қолданылады.

Дақыл ыстыққа, құрғаққа шыдамды дақыл. Бұл өсімдіктің қасиеті ылғалды дұрыс қолдана біледі. Дақыл жүз килограмм құрғақ затты жасауда 175-тен 407 центнерге шейін суды пайдаланады. Дақылдың транспирация коэффициенттері - 238-369. Жүгерінің дәні

және балауса өнімдерінің көлемі өзге дақылдардан жоғары болуына қарай, пайдаланылатын су көлеміде жоғары болады.


***Библиографиялық тізім***

1. Жаңабаев Қ., Саудабаев Т., Сейітов И., «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы», Алматы., 2012
2. СтепановВ.Н., КиселовА.Н., Третьяков Н.Н «Агрономия негіздері» 2015ж
3. Елешев Р., Смағұлов Т., Балғабаев Ә. «Агрохимия және тыңайтқыш қолдану жүйесі» Алматы, 2013ж
4. Сыбанбеков Қ. «Жүгері өндіру», Алматы, Қайнар, 2012 ж.
5. Арынов Қ., НығымтаевА., Ысқақов М., Серікбаев М., Жұмағұлов И. «Агрономия негіздері»,Фолиант баспасы, Астана, 2009ж.
6. Сыбанбеков Қ. «Егін алқабы», Алматы Рауан 2000ж.
7. Уалиханова Т.Ж. «Өсімдік биотехнологиясы», Алматы, Қазақ университеті 2015ж.


ӘОЖ 372.19

## ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН САБАҚ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ СХЕМАСЫ


***Тойбек М.Р.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Білім беру қызметінің нәтижелері және курстың бәсекеге қабілеттілігі туралы барлық ақпаратты жинау, пайдалану, талдау және қорытындылау. Біз қазір құзыреттілік тәсілі оқушының ұйымдастырушылық қабілеттеріне (өзін қалай ұстау керек) және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталғанын білеміз. Баланың қызығушылығы (ынтасы) болған кезде оқушының мінез-құлқы тиімді болады. Бұл баланың проблемалық жағдайға деген қызығушылығын арттыра алады. Мәселелерді шешу зерттеу мен технологияның дамуына ықпал етеді. Сондықтан біз оқушыларға химия есептерін шығаруға және АКТ-ны қолдануға үйретеміз. Дайындық кезеңінде сіздің балаңызға дағдылар, тақырыптар мен тапсырмалар оқытылады. Мен сабақта оқу іс-әрекетін жоспарлаймын және болжаймын.

Оқушылардың дағдыларын дамыту үшін жалпы сабақ жоспарын қалай қолдануды таңдаңыз. Неге назар аудару керек? Ынталандыру кезеңі. Мұғалімнің мотивациялық жаттығуы. Мұғалімдерге болашақ білім берудегі мағыналы мақсаттар мен мақсаттар туралы түсінік. Дайындық кезеңі. Мұғалім баланың ерекшеліктерін, пәндері мен міндеттерін түсіндіреді. Жоспарды түсіндіріп, сыныптағы оқу іс-әрекетін болжау.

Оқушылардың дағдыларын дамыту үшін жалпы сабақ жоспарын қалай қолдануды таңдаңыз. Неге назар аудару керек?

Курстың қысқаша мазмұны:

Оқушылардың дағдыларын дамыту арқылы біз студенттерге есептер шығару дағдыларын дамытуға, есептерді өз бетінше шешуге, фактілерді талдауға, қорытынды жасауға және сурет салуға көмектесуді жоспарлап отырмыз. Логикалық қорытынды. Оқушылар өз жұмыстарын жасайды, талдайды, синтездейді және қорытындылайды. Бұл қиындықтар оқытудың тиімді әдістерінің негізін құрайды.

«Қызығушылықсыз жетістік болмайды!» Сондықтан мен оқыту мен мотивация курстарын бастадым. Оқушыларға құпия, жұмбақ, қызықты немесе проблемалық сұрақтар қойыңыз.

Мысалы:

- Шифрланған құпия хабарламаларды шифрлау үшін құпия сөздерді немесе басқатырғыштарды қолданыңыз.

- Заттарды анықтау үшін сапалы реакциялық білімді қолдану.

- Химиялық қателіктерді жою.

- Ұзын нан неліктен шайнауға соншалықты тәтті?

- Қарама-қайшы фактілерді қолдану.

Мотивация балаларды пәнге деген қызығушылығы мен қызығушылығын сақтайды. Гете: «Білімнің өзі жеткіліксіз» деді.

Студенттерді негізгі бәсекеге қабілеттілікті орнату барысында мәселелерді шешуге шақыру. Олар химия, биология, экология және физика пәндерінде жұмыс істей алады.

Балалар үшін мінез-құлықтың табиғаты мен салдарын түсініп, білімсіз дағдылар мен қабілетсіз дағдыларды игеру маңызды. Оқушы алған білім ғана мықты және саналы болады.

Қазір экологиялық білім беру мәселесі бәрін алаңдатады.

Заманауи ғылыми бейнені қалыптастыру үшін осы әлемдегі адамдардың көзқарастары мен пікірлерін қалай қарастырамыз? Экологиялық білім беру элементтері, қоршаған ортаны жобалау және зертханалық тәжірибелер адамдарға адам қызметінің кейбір түрлерінің жағымсыз салдарын болжауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде ойлау, есте сақтау, тіл, зейін және қабылдау өте жақсы дамыды. Интерактивті әдістерге, әсіресе қарым-қатынасты қалай үйретуге ерекше назар аударамын. Интерактивті оқыту жеке тәжірибеге, шешім қабылдау тәуелсіздігіне, мінез-құлқындағы өзгерістерге, қателер мен жауаптарды өз бетінше іздеуге және өз тәжірибесін пайдалануға негізделген.

Оқыту процесін жүзеге асыру және тапсырмаларды орындау үшін мен Мен әр түрлі курстарды қолданамын: проблемаларды шешу курстарын, курстық зерттеулерді, курстық іскери ойындарды, курстық сапарларды, курстық дәрістерді, курстық семинарларды және оларға білім мен білімді біріктіруге көмектесетін әр түрлі экологиялық іс-шаралар ұсынамын. студенттер.

Сондықтан қабілет әдісі негізінде жас ұрпақтың негізгі сауаттылығының құрамдас бөлігі болып табылатын химияны оқытуда қоршаған ортаға әсер ететін әдістер, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру процесі қалыптасады.

Мен ойнайтын ойындар маған шешім қабылдауға, оқытуды модельдеуге және жалпы шешімдерден тыс жауап табуға көмектеседі. Студенттерді мақсатқа жету үшін студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруына ықпал етуге бағытталған жобалық іс-шараларға қатысуға шақырамын.

Құзыреттілік тәсіл - заманауи білім беруді дамытудың перспективалық бағыттарының бірі. Құзыреттілік дегеніміз - білімді, оқуды және өмірлік тәжірибені, құндылықтар мен бейімділіктерді қолдана отырып, проблемаларды шешу қабілеттілігімен және өмірлік жағдайларда туындайтын типтік міндеттермен сипатталатын тұлғаның осындай сапасы.

Құзыреттілікке негізделген тәсіл мектептегі білім беру нәтижелерін жаһандық зерттеу бағдарламасында көрсетілген. Заманауи білім берудің негізгі бағыттары бойынша қалыптасқан жетекші құзыреттіліктер: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы. Жаратылыстану сауаттылығы дегеніміз студенттердің: жаратылыстану білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану; жаратылыстану ғылымы жауап бере алатын сұрақтарды анықтау; жаратылыстану зерттеулерінің ерекшеліктері; алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау.

Химия және биология, валеология құзыреттеріне мыналар жатады:

- химиялық заттардың қасиеттерін және электролиттік диссоциация теориясының негіздерін зерттеу;

- тотығу-тотықсыздану реакцияларының мүмкіндігін болжау қабілетін дамыту;

болмыстың жалпы теориясын иелену және табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі;

• қазіргі заманғы жаһандық проблемалардың ішкі анықсыздығы мен сәйкессіздігі туралы хабардар болу;

• әлемді жаһандық қабылдау туралы хабардар болу

әртүрлі ұлттарға тән мәдениеттердің, көзқарастардың және әдет-ғұрыптардың бірегейлігін түсінумен тығыз байланысты;

• әрқайсысының жеке жауапкершілік идеясын білу планетаның табиғи және әлеуметтік әлемінде болатын барлық нәрсе үшін адам.

Құзыреттілікті қалыптастыру хабардарлықты емес, әр түрлі саладағы мәселелерді шеше білуді көрсетеді.

Негізгі құзыреттілік - бұл тақырыптан тыс және көпфункционалды, көпөлшемді.

Жалпы білім берудегі құзыреттілік тәсіл білім беру саласындағы әлеуметтік күтулерге де, білім беру процесіне қатысушылардың мүдделеріне де объективті түрде сәйкес келеді. Білім беру тәжірибесіне құзыреттілік әдісін енгізу негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға барабар арнайы ұйымдастырушылық жұмыс түрлері мен формаларын іздеуді қажет етеді. Оқытудың тұлғалық-бағдарлы әдістерін, даралаңдыру технологияларын, әдістемелік жүйеге дифференциацияны, жобалау мен зерттеу әдістерін қолдануды, әртүрлі ақпарат көздерімен және мәліметтер базасымен, әлеуметтік практикамен өз бетінше жұмыс жасауды енгізу негізгі құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді.

Мен жан-жақты білім принципін қолданамын және балаларды ашық мәтіндерде әр түрлі деңгейдегі мәселелерді шешу дағдыларын қолдануға мүмкіндік беру үшін үнемі тексеріп отырамын. Тапсырмалар әр түрлі деңгейде ұсынылады (білімді алгоритмдер арқылы қолдану; білімді өзгерісте қолдану; білімді таныс емес жағдайларда қолдану).

Бұл курста балалар мұғалімнің анықтамасын, сынып жазбаларын және басқа да анықтамалық материалдарды қолдана алады.

### *Библиографиялық тізім*

1. Л.А.Цветков «Эксперимент по органической химий в средней школе: методика и техника». М: «Школьная пресса», 2000 г.

2. Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет. ISBN 9965-36-092-8

3. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістемесі», Оқу құралы. – Алматы: Print –S, 2005. – 354 бет.

4. Чернобельская Г.М. «Методика обучения химии в средней школе», Москва, Владос 2000 г.

5. «Жалпы білім беретін мектептің 11сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған оқу бағдарламасы», Алматы. 2011 жыл

6. Кирюшкин Д.М., Полосин В.С. «Химияны оқыту методикасы», Алматы. Мектеп, 1984 жыл.

7. Цветков Л.А. «10-класта органикалық химиядан сабақ беру», Алматы: «Мектеп» баспасы, 1980 жыл.

ӘОЖ 372.5

## ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

***Тойбек М.Р.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Біз табиғи химиялық заттарды зерттеудің маңыздылығын атап өтеміз. Жаттығу - бұл оқушылардың ойлауына, жинақтауына және вербальды ақпаратты іс-әрекетте қолдануға мүмкіндік беретін ынталандырылған оқыту түрі. Химиялық сынақтар объектілердің генетикалық байланысын, қасиеттері мен химиялық құрылымын анықтауға және әр түрлі қызметтерді орындауға мүмкіндік береді. Ол білімді

тексеруге, қателіктер мен түсінбеушіліктерді түзетуге, білім мен практикалық дағдылар мен дағдыларды қолдануға арналған құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Алынған білім мен дағдылардың үйлесімділігі.

Табиғи химиялық заттарды зерттеудегі химиялық эксперименттердің рөлін қабылдау бағытына бағыттау арқылы төмендетуге болмайды. Керісінше, тілді оқытудың бірыңғай әдісін қолдану қаупіне байланысты, бұл жағдай идеяларды қалыптастырудың негізі ретінде эмоционалды интеллекттің маңыздылығы тұрғысынан жоғарылайды.

Бүгінгі күні көптеген мектептерде, әсіресе ауыл мектептерінде көптеген сабақтар құрғақ сөздерсіз, демонстрацияларсыз және мұғалімнің тәжірибесіз өтеді. Мұғалім осы мәселелерді шешуге жауапты болуы керек және егер үкімет жабдықтармен, қоғамдық орындармен және тіпті интерактивті тақтамен қамтамасыз етсе, ондай олқылықтар болмайды. Соқыр бала негізгі белгілер мен ережелерді ғана көреді, бұл химиялық заттың ең қиын белгілерінің бірі.

Химиялық сынақтарды тек жаңа сабақ түсіндірілгенде жүргізуге болады. Алайда мұғалімдер осы материалды курстың барлық кезеңінде ұсынып, тақырыпты қарастыра алуы керек.

Оқыту процесінің әр түрлі кезеңдеріндегі химиялық эксперименттердің рөлі. . Полосин егжей-тегжейлі зерттелген. Ол ерте білімді игеру кезінде химиялық эксперименттерде қолданылатын әр түрлі әдістердің тәрбиелік тиімділігін көрсетті, әр түрлі деңгейдегі оқушылардың білімді игеру түрін көрсетті және оқушылардың экспериментке дайындығын жақсарту жолдарын ұсынды. Ол жаңа құбылыстарды бұрын белгілі құбылыстармен салыстыруды, білімдерін жетілдіруді және кітапты қайта қарауды қажет ететін қайталанатын тақырыптар мен аралас эксперименттерді біріктіруді тиімді деп тапты. Тиімді дағдылар мен құзыреттілікті дамыту жүйесі зерттеліп, оқушылардың жоғары жетістіктеріне жету жолдары қарастырылды. Химиялық экспериментпен тығыз байланысты әр түрлі көрнекі құралдарды (кестелер, модельдер) және техникалық әдістерді (пленкалар, таспалар) қолданудан маңызды қорытындылар алынды.

Демонстрациялық тәжірибені көрсету үшін бағдарламаны егжей-тегжейлі қарастырайық. Жиі тест түрлі мақсаттарда қолданыла алады. Мысалы, сіз бір нәрсені сипаттау үшін мұғалімнің сөзін немесе сөз тіркесін қолдана аласыз.

Тестті жиі қолдану танымдық процестің интеллектісіне және сабақтың танымдық проблемасының түріне байланысты.

Студенттер алдыңғы тәжірибелерден сабақ алғанда зерттеу процесін қарастырмайды. Сондықтан пәннің практикасы мұғалім айтқандай болуы керек. Табиғи химия эксперименттерін көрсету кезінде экспериментті мұғалім ретінде қайталау қажет емес. Мысалы, ацетиленді метанның оттегімен жарылатыны көрсетілгеннен кейін оны елемеуге болады, бірақ ол жарылысқа қарағанда күшті деп айтуға болады.

Тәжірибені қалай пайдалану туралы мәселені жеке шешуге болмайды, бірақ байқалған когнитивті және мінез-құлық құбылыстары аясында.

Бұл жағдайда процедураны ұсыну мен химиялық талдаудың (реакция теңдеулерін қосқанда) арасындағы байланысқа байланысты нақты тақырыпты талқылау қажет. Бұл ішінара мұғалімнің тілінің көрнекі құралдармен өзара байланысына байланысты. Қарама-қарсы екі дидактикалық шешім бар. Кейбіреулер, әсіресе оны эксперименттік сурет ретінде жиі қолданатындар, химиялық реакцияны тақтаға түсіндіруге асығады, содан кейін реакцияны көрсетеді. Басқалары реакция теңдеуі белгілі бір химиялық процесті білдіреді деп санайды.

Сондықтан тәжірибені қалай пайдалану керек деген сұрақ жеке адаммен емес, құбылыстың табиғатымен және негізінде жатқан таным процесінің ойлауымен анықталады.

Осыған байланысты әдісті ұсыну және оның химиялық қасиеттері (реакция теңдеулерін қосқанда) арасындағы байланысты бөлек талқылау керек. Бұл жағдайдың себептерінің бірі - мұғалімнің сөйлеуі мен көрнекі құралдар арасындағы байланыс. Мұғалімдер практикасында екі қарама-қарсы шешім табуға болады. Олардың

кейбіреулері, әсіресе тақтадағы иллюстрациялар химиялық реакцияны түсіндіруге, содан кейін реакцияны көрсетуге асық. Басқалары реакция теңдеуі белгілі бір химиялық процесті білдіреді деп санайды, алдымен реакция жүреді, содан кейін теңдеу егжей-тегжейлі жазылып, талданады.

Шешімді таңдаудың негізі неде? Эксперименттік зерттеу жағдайында мәселе біржақты шешіледі: егер ол белгісіз болса, оның мәні мен теңдеуін алдын-ала қарастыруға болмайды. Шындығында, егер ол заттың құрамын анықтау үшін қолданылса, онда гипотезаны анықтау үшін этанол реакциясын анықтау үшін натрий немесе целлюлозаның гидролизі қолданылса, онда бұл теңдеуді жазудың мағынасы жоқ. Ол мұндай реакция теңдеуін жазып, алдын ала талдау идеясынан бас тартты.

Егер басқа мақсаттарда қолданылса, әр түрлі шешімдер болуы мүмкін. Көп жағдайда бұл тәжірибе жақсы көрсетеді. Мысалы, этилен гомологтарының қасиеттерін сынау кезінде әр тәжірибені тиісті экспериментті бақылағаннан кейін жазып алған тиімді.

Алайда кейде мұндай командалар жақсы нәтиже бере алмайды. Этанол мен бром сутегі реакциясы (бромид пен күкірт қышқылының қоспасы) түсіндірусіз қолданылады деп болжануда. Студенттер тоңазытқыштағы ресиверге құлаған заттардың бар-жоғын тексерді, бірақ оларда ойланатын ештеңе болмады, өйткені олар іс жүзінде не болып жатқанын білмеді. Бақылауды мағыналы ету үшін қандай заттардың өзара әрекеттесетінін, молекулаларда қандай өзгерістер болатынын және олардың қандай сигналдарға жауап беретінін алдын-ала анықтау керек. Тәжірибеде жазылған реакция теңдеуіне оралсақ, студенттер визуалды оқиғаларды мағыналарымен салыстырады және реакция өнімін құрайтын атомдардың өзгеруін елестетеді. Тәжірибе кезінде ол ойлана берді.

Зерттеу процесін объективті және саналы басқарудан бұрын реакциялық химиялық заттарды сақтау алдымен реакцияның химиялық табиғатын қарастыруы керек екендігі байқалады. Бұл сіздің үлкен тәжірибеңіз болған кезде өте маңызды. Биохимияны оқытуда демонстрациялық эксперименттердің үлесі артқан сайын, ондай эксперименттер саны көбейеді. Оларды құру техникасы мен мәтіндік жүйелерде қолдану әдістеріне ерекше назар аудару керек, өйткені бұл тәжірибе басқа эксперименттерге қарағанда әлдеқайда күрделі болады.

Тәжірибелік әдіс теориясының негізін қалаған Ф.Бекон болды. Ол тәжірибені шындықты танудың маңызды құралы және сезім мүшелерінің қол жетімсіздігін жеңудің жалғыз әдісі деп санады.

Органикалық химияны игеру үшін тәжірибе өте маңызды болып табылады. Химиялық процестерді табиғи жағдайда бақылау арқылы зерттеу көп жағдайда жеткілікті нәтиже бере бермейді.

Химия – тәжірибеге сүйенген ғылым, сондықтан бұл ережеден сәл ғана ауытқып кететін болсақ, онда оқушылардың білім деңгейі бірден төмендеп кетеді. Химиялық тәжірибе зерттеудің объектісі ретінде де, оқытудың құралы ретінде де қолданылады.

Ғылыми тәжірибе - адам баласының табиғаттың бағытына белсенді және мақсатты түрде араласуы маңызды болып саналатын тәжірибенің бір түрі. Ғылыми тәжірибеде құбылыстар, заттар мен қатынастар негізінен бірінші рет анықталып отырады және тәжірибенің нәтижесі белгісіз болып табылатындықтан, тек жорамалдап айтуға болады, ал оқу тәжірибесінде керісінше оның нәтижесі алдын-ала белгілі болады. Кейбір жағдайларда тәжірибелердің нәтижесі оқушыларға да белгілі болуы мүмкін себебі көрсетілетін құбылысты бақылай отырып, кітапты ақтару арқылы сол реакцияның нақтылығын дәлелдейтін формулаларды біліп отыру мүмкін және зертханалық тәжірибелерді жасағанда да осы жағдай қайталануы мүмкін.

Ғылыми тәжірибеге өлшенген, шектелген уақыт кедергі келтірмейді, себебі ол белгілі бір уақытқа тәуелді емес. Ал оқу тәжірибесі ережеге сай бірнеше минутқа ғана созылады, кейбір жағдайларда ары кетсе бір 45 минуттың шегінен аспауы керек. Кейбір ерекше жағдайларда тәжірибенің бір бөлігі келесі сабаққа қалдырылуы мүмкін. Мұндай талаптар тәжірибенің сабақ мазмұнына қатысты тәуелді рөл атқаратынын көрсетеді, яғни

ол сабақ мазмұнына өз залалын тигізбеуі қажет.

Оқу тәжірибесі ғылымиға қарағанда техникалық жағынан өте қарапайым болып келеді. Мұнда тәжірибенің негізгі ойын көрсетуге кедергі жасайтын кейбір дүниелер алынып тасталуы қажет.

Оқу тәжірибесіне, әсіресе демонстрациялыққа, біршама талаптар қойылады. Мысал ретінде айтатын болсақ, олар: айқындылығы, көрнекілігі, қарапайымдылығы, қауіпсіздігі және т.б. Тәжірибені көрсетілімге өте мұқият, барлық қауіпсіздік техника ережелері орындалатындай әдемі етіп дайындау керек. Қолданылатын аспаптар иненің ұшындай кішкентай ғана болмай, олар оқушылардың көзіне жақсы көрініп тұруы қажет. Кей жағдайда көрсетуге қажетті заттар, құбылыстарды көрсетуге арналған ыдыстар, аспаптар тым кішкене болып жатады, ондай жағдайда әлбетте интерактивті тақта арқылы олардың суреттерін немесе бейнелерін көрсетуге болады.

Оқыту тәжірибесінде мұғалімдер бағдарламаның өзін елестетуге тырысады, бұл орталық әдістемелік сұрақ. Мысалы, мұғалім эфирді алкогольде қолдануды көрсетті. Студент бір ыдыстағы сұйықтықтың екінші ыдысқа төгіліп жатқанын байқайды. Бұл оларды алкогольге айналдыруы мүмкін, өйткені жедел химиялық реакцияның белгілері жоқ (эфир алкоголь мен бояғышқа ұқсас). Бұл зерттеушінің реакциясын жалғастыруына кедергі болмайды, өйткені ол бұл материалды мұқият зерттеді. Тәжірибені анықтау үшін мұғалім арнайы әдісті қолдануы керек.

***Библиографиялық тізім***


1. Л.А.Цветков «Эксперимент  по органической химий в средней школе: методика и техника». М: «Школьная пресса», 2000 г.
2. Химия: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Ә. Темірболатова, Н. Нұрахметов, Р. Жұмаділова, С. Әлімжанова. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 352 бет. ISBN 9965-36-092-8
3. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. «Химияны оқыту әдістемесі», Оқу құралы. –Алматы: Print –S, 2005. – 354 бет.
4. Чернобельская Г.М. «Методика обучения химии в средней школе», Москва, Владос 2000 г.
5. «Жалпы білім беретін мектептің 11сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған оқу бағдарламасы», Алматы. 2011 жыл


ӘОЖ  372.69

## ЖАСӨСПІРІМ ОҚУШЫ ҚЫЗДАРДАҒЫ ҚАНАЗДЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

***Турсункулова А.Е.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Қазіргі кезде организмге қоршаған орта мен әлеуметтік-экономикалық теріс әсер етуші қауіп-қатерлік факторларына қатынасы бойынша қоғамның ең осал топтарының бірі - жасөспірім қыздар болып отыр. Жасөспірімдік кезең қыз баланың өсіп-дамуындағы аса маңызды шақ, себебі бұл кезеңде ағзаның жыныстық жетілу үрдісі белең алып, организмде күрделі вегетативтік, эндокриндік және иммундық қайта құру процесстері жүреді [2,3,4].

Жасөспірім қыз - болашақ жар, болашақ ана. Осы өмірге дені сау және мықты ұрпақты әкелу - әр әйелдің арманы мен басты мақсаты,  сондықтан, әрбір жасөспірім қыздың денсаулығын сақтауға және нығайтуға аса жоғары жауапкершілікпен қарау керек. Ұрпақ өрбітер жастағы әйелдер арасындағы аурулардың алдын алу және денсаулығын

сақтау бойынша атқарылатын іс-шаралары қыз бала кезінен басталу керек, сонымен қатар, осы мәселеге жасөспірім жасында, яғни жыныстық жетілу кезінде, ерекше назар аударған жөн[5]. Себебі, қыз ағзасында жыныстық даму үрдісі балалық шақтан басталып, жасөспірімдік кезеңде одан әрі қарқынды жалғасады, ал ересек болғанда жыныстық жетілу аяқталады. Жасөспірім қыз ағзасының жыныстық пісіп жетілу үрдісі ОЖЖ және ішкі секреция бездерінің бақылауында өтеді. Мұнда жетекші рөлді гипоталамус пен гипофизден тұратын жүйе атқарады [6]. Гипофиздің троптық гормондары бірқатар ішкі секреция бездерінің (қалқанша без, бүйрек үсті безі, жыныс бездері) белсенділігін реттейді. Жыныс бездерінің гормондары қан арқылы денеге тарап, қыз баланың өсуіне, дамуына әсер етеді және жыныс мүшелерінің дамып жетілуін, жыныстық белгілердің пайда болуын қамтамасыз етеді [7,8].

Үнемі өсіп-даму жағдайындағы жасөспірім қыздар организмі қоршаған ортаның әр түрлі факторларының әсеріне өте сезімтал екендігі белгілі, ал әйел адамның болашақтағы бүкіл ғұмырына қажетті бейімделудің «мүмкіндік қоры» организмнің өсіп даму кезеңдерінде, яғни, қыздың балалық және жасөспірімдік шақтарында қалыптасады [9,10].

Өскелең жас организмдегі қалыпты тіршілік процестері үшін ішкі ортаның тұрақтылығы (гомеостаз) өте маңызды. Клеткалық гомеостаз бұзылса, клетканың құрылымдық элементтері зақымданып, өлімге душар болады, немесе ауруға шалдығады. Қан құрамының өзгерісіне организмдегі кез келген клетка, ұлпа, әсіресе, кейбір белгілі қызмет атқаруға бейімделген клеткалар тобы, оның ішінде орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімдерінің нейрондары мен ішкі секреция бездерінің клеткалары өте сезімтал келеді [11,12,13].

Жас қыздардың қан жүйесінің қалыптылық шегінен тыс өзгерістері қаназдылық ауруының тез дамуына алып келеді. Қаназдылық жасөспірім қыздар организмнің физикалық және ақыл-ой дамуының тежелуіне, мектептегі сабақ үлгерімінің төмендеуіне және денсаулықтың нашарлауына соқтырады. Сонымен қатар, бұл жағдайда мектепте оқушы қыздарға жүргізілетін егу шараларының тиімділігі жеткіліксіз, ал жұқпалы, паразитарлық және жұқпалы емес аурулар созылмалы түрде өтеді, кейде тіптен олар асқынуларға жалғасады. Жалпы алғанда, жасөспірім қыздардың – болашақ аналардың қаназдылыққа шалдығуы ұлттың интеллектуалдық және адами потенциалын едәуір төмендетіндігі сөзсіз.

Осы уақытқа дейінгі жасөспірім қыздар арасындағы қаназдылық мәселесіне арналған ғылыми зерттеулердің басым бөлігі қандағы патологиялық ауытқуларды диагностикалау мен емдеуде жаңа әдістерді енгізумен байланысты болып келді. Бұл орайда, осы күнге шейін организмнің қан жүйесі, оның әр түрлі өзгерістері және балалар мен жасөспірімдер арасында жиі тараған қаназдылық ауруының алдын алу мәселелері туралы оқушылардың хабардарлығын жоғарылатуға жеткілікті көңіл аударылмаған. Соның ішінде, ең сезімтал, әрі осал топқа жататын жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірім қыздар тобына айрықша көңіл аудару қажеттігі бүгінгі күні сөзсіз өзекті мәселе болып отыр[14,15,16].

Соңғы жылдары елімізде қан жүйесінің түрлі аурулары жиі таралып барады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша қан жүйесі аурулары алдыңғы орындарда тұр, оның ішінде қаназдылық (анемия) кең таралып отыр. Сонымен қатар лейкемия, гемофилия аурулары да балалар мен жасөспірімдер арасында аз кездеспейді. Еліміз ТМД бойынша қан ауруларына шалдыққандардың қатарында Ресей мен Қырғызстаннан кейінгі орында тұр [17].

Қаназдылық, әсіресе темір тапшылығымен байланысты анемия қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде балалар мен жасөспірімдер организмінің қалыпты өсіп-дамуына кедергі тудырып, денсаулығына теріс әсер етуші кеңінен тараған қатерлік факторлардың бірі болып отыр[18, 19,20].

Соңғы жылдары Қазақстанда жүзеге асырылған кең ауқымды шараларға қарамастан, балалар мен жасөспірімдер арасында қаназдылық ауруы айтарлықтай жоғары деңгейде сақталып тұр. Бұл дерт елімiздегi балалар мен аналар өлiмiнiң, сонымен қатар жалпы аурушаңдықтың басты себептерінің бірі болып қалуда [21,22,б.112].

ДДСҰ-ның мәліметі бойынша, бүгінгі күні қаназдылық ауруының салдарынан әлемде 3 миллиардқа жуық адам зардап шегетін көрінеді. Аталған дерт, әсіресе, балалар мен жасөспірімдер, ұрпақ өрбіту жасындағы жас әйелдер сияқты топтар арасында жиі кездеседі [23,24]. Осыған байланысты қазіргі заманда әлемнің көптеген елдерінде қыздар мен әйелдердің денсаулығын сақтау және организмнің жеткілікті деңгейде дамып жетілуін қамтамасыз етудегі басты мәселелердің бірі қаназдылықтың алдын алу және оның салдарын жою болып отыр.

Қаназдылық болашақ ұрпақ денсаулығы мен өмір сүру сапасы үшін де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қаназдылық балалар мен жасөспірімдер ағзасын әлсіретіп қана қоймай, түрлі жұқпалы аурулардың кеңінен таралуына, организмнің қоршаған ортаның зиянды факторларына қарсы тұрақтылығын төмендетеді. Сондықтан, БҰҰ Университеті эксперттерінің пікіріне сәйкес елдің тұрғындары арасында қаназдылық таралуының деңгейі 40% не одан жоғары болса, бұндай жағдай қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ауыр мәселе деп саналады [25,б.38]. Осыған орай, қазіргі кезде қаназдылық ауруы тек медициналық мәселе ретінде қарастырылмай, қоғами және әлеуметтік қырынан да шешуге қажетті өзекті мәселе ретінде қарастырылуда.

Қан арқылы белгілі шамада әртүрлі физиологиялық жүйелердің әрекеттері реттеліп отыра алады. Ішкі секреция бездерінен қанға бөлінетін ерекше физиологиялық жоғары белсенді заттар - гормондар қан арқылы бүкіл денеге тарап, барлық ұлпалар мен клеткалардың, мүшелер мен мүжелер жүйелерінің қызметіне әсер етеді.

Қан сарғылттау келген сұйық зат – плазмадан және оның ішінде жүзіп жүрген қан жасушаларынан, яғни пішінді элементтерден тұрады. Ересек адамда қанның көлемі салмағының 6-8% -іне тең (5-6 литрдей). Қан жасушалары қызыл түйіршіктер (эритроциттер) мен ақ түйіршіктер (лейкоциттер, қан пластинкалары – тромбоциттер. Плазма қан құрамының 55-60%-іне, қан жасушалары 40-45%-не тең (1-сурет).

Қан жасушаларыныың жалпы гематокриттік көрсеткіші 42-48% ал қанның әр литрінде 0,42-0,48 литр. Соңғысы гематокриттік көрсеткіш деп аталады.

Плазманың құрамы оның 90-92% судан, қалғаны (8-10%) құрғақ (1-сурет)




1-сурет - Қанның құрамы

заттардан тұрады. Соңғыларының 8-9% органикалық заттар, оның ішінде белок 6-8%; 0,9%-1% - бейорганикалық (минерал) заттар. Бұлардың көбі ас тұзы (90%). Органикалық заттардың көбі белоктар: альбумин, глобулин (α, β, γ) фибриноген.

Эритроциттер санының ең жоғары көрсеткіші 17 жастағы қыздар тобында анықталды ($4{,}91 \pm 0{,}33 \times 10^9$/л).

Он алты жасар қыздар тобында да эритроциттер саны қалыпты шама көрсеткішіне сәйкес деңгейде анықталды($4{,}2 \pm 0{,}27 \times 10^9$/л).

Гемоглобин мөлшерін өлшеу 15 жастағы қыздарда орташа көрсеткіш 113,6±3,8 г/л екенін көрсетті, яғни қалыпты шамадан (120-140 г/л) біршама төмен болды.

Қыздардың 16 және 17 жастағы топтарында гемоглобиннің мөлшері қалыпты шаманың төменгі деңгейіне жақындады (117,7±4,3 г/л және 118,8±7,2 г/л).

Сонымен, эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерінің көрсеткіштері жыныстық жетілу кезеңіндегі оқушы қыздарда қалыпты шамалардың төменгі шекаралық деңгейінде анықталды. Әсіресе, 15 жасар қыздарда эритроциттер саны мен гемоглобиннің мөлшері ең аз шамаларымен сипатталды. Осы жастағы қыздарда эритроциттер санының және гемоглобин мөлшерінің төмен болуы арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Алдымен зерттеулер осы өзгерістердің себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

***Библиографиялық тізім***


1. Қазақстан Президенті Н.А.Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – 2014, Астана, Ақорда.
2. Дүйсембин Қ.Д. Жасқа сай физиология және валеология// Алматы,-2007,-416 бет.
3. Баранов А.А., Щеплягина Л.А. Физиология роста и развития детей и подростков. – М., 2000. -С.584.
4. Мамаева С.М. Репродуктивный потенциал у девушек-подростков с анемией. Автореф. кандидатской диссертации на соискание ученой степени канд.мед.наук// - Москва, 2014. – 21 с.
5. Богданова Е.А. Половое созревание здоровых девочек // Профилактика, раннее выявление и лечение нарушений полового развития у девочек и девушек.-М., 1989.-С. 3-11.
6. Дюйсембин Ғ.Д., Алиакбарова З.М. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы: Оқулық - Алматы: «Білім», 2003 ж. – 400 бет.
7. Бодяжина В.И., Тумилович Л.Г., Ткаченко Н.М. Некоторые вопросы нейроэндокринной регуляции полового созревания девочек // Акушерство и гинекология. 1974. - № 7. - С. 3-7.
8. Возрастная физиология и гигиена детей и подростков / И.С. Жоголева, Р.В. Лялина, И.И. Чериев, Е.Е. Корывкова: Учебно-метод. центр. Саранск // Рус. мед. журн.: РЖМ. 2002. - № 2. -С. 240-242.


ӘОЖ 372.71

## ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАР ОРГАНИЗМІНДЕ ЖЫНЫСТЫҚ ЖЕТІЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

***Турсункулова А.Е.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Жас қыздардың қан жүйесінің қалыптылық шегінен тыс өзгерістері қаназдылық ауруының тез дамуына алып келеді. Қаназдылық жасөспірім қыздар организмнің физикалық және ақыл-ой дамуының тежелуіне, мектептегі сабақ үлгерімінің төмендеуіне және денсаулықтың нашарлауына соқтырады. Сонымен қатар, бұл жағдайда мектепте оқушы қыздарға жүргізілетін егу шараларының тиімділігі жеткіліксіз, ал жұқпалы, паразитарлық және жұқпалы емес аурулар созылмалы түрде өтеді, кейде тіптен олар асқынуларға жалғасады. Жалпы алғанда, жасөспірім қыздардың – болашақ аналардың қаназдылыққа шалдығуы ұлттың интеллектуалдық және адами потенциалын едәуір төмендетіндігі сөзсіз.

Жыныстық жетілу – адамның әйел немесе еркек жынысына жататындығына байланысты биологиялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да жан-жақты байқалатын үрдіс [1].

Қыз баланың жыныстық жетілу кезеңі 2 фазаға бөлінеді:

1. 8-9 жастан басталып, 13-14 жаста аяқталады;

2. Бірінші фазаның соңынан басталып, 17-19 жасқа дейін созылады.

Бұл фазаларды бөлетін сәт алғашқы етеккір болып есептеледі. Бірінші фаза дененің тез өсіп, екінші реттік жыныстық белгілердің пайда болуымен, екінші фаза дененің баяу өсуімен және ақырғы жыныстық белгілердің дамуы аяқталып, етеккірдің тұрақтануымен сипатталады [2].

Қыз ағзасының жыныстық жетілуінде жетекші рөлді гипоталамо-гипофизарлық жүйе атқарады. Жүйке жүйесінің жоғарғы вегетативтік орталығы гипоталамус гипофиздің қызметін қадағалайды, ал гипофиз өз кезегінде барлық ішкі секреция бездерінің жұмысын реттеп отырады. Гипоталамус нейрондары нейрогормондар бөледі (рилизинг фактор), олар гипофизге өтіп, ондағы гормондардың бөлінуі мен биосинтезін күшейтеді (либериндер) немесе тежейді (статиндер). Гипофиздің троптық гормондары бірқатар ішкі секреция бездерінің (қалқанша без, бүйрек үсті безі, жыныс бездері) белсенділігін реттейді. Жыныс бездерінің гормондары қан арқылы денеге тарап, қыз баланың өсуіне, дамуына әсер етеді және жыныс мүшелерінің дамып жетілуін, жыныстық белгілердің пайда болуын қамтамасыз етеді [3].

Жыныс бездері аралас бездерге жатады, себебі олар сыртқы және ішкі секреттер бөледі. Сыртқы секрецияға жыныс немесе ұрық клеткаларының – сперматазоидтар мен аналық ұрық клеткаларының жасалып, бөлінуі жатады. Ал ішкі секрецияға қан мен лимфаға түсетін жыныс гормондарының жасалуы жатады.

Жыныс бездерінің дамуы мен организмге олардың синтездеген гормондарының түсуінен белгілі жаста жыныстық пісіп-жетілу іске асады. Жыныстық пісіп-жетілудің өзі әр түрлі жаста болады. Мысалы, оңтүстікте 12-14 жаста, орталық аймақтарда 13-16 жаста, ал солтүстікте - 16-19 жаста [4]. Жыныстық пісіп-жетілумен байланысты қыздарда аналық клеткалар түзіле бастайды. Соңғы жыныстық белгілерге - әйелдер мен еркектерді бір-бірінен айыратын сыртқы ерекшеліктер жатады. Әйелдердің соңғы жыныс белгілеріне олардың дене пішінінің өзгеруі (төс бездерінің пайда болуы), мінез-құлықтарының өзгеруі жатады. Сөйтіп, жыныс бездерінің дамуының нәтижесінде организмде көптеген өзгерістер болып, қыздарда әйелдерге тән ерекшеліктері қалыптасады. Жыныс бездерінің гормондары организмге түрліше әсер ететінін, сол бездерді кесіп алып тастағанда, яғни организмді піштіріп тастағанда туатын өзгерістерді бақылау арқылы анықтауға болады. Піштірілген организмде алғашқы және соңғы жыныстық белгілер өзгереді. Бұл өзгерістер организмді қай кезде піштіргенге байланысты болады. Егер оны жас кезінде піштірсе, жыныс мүшелері дамымай қалады, тіпті әрбір жынысқа тән ерекшеліктер білінбейді. Скелеті өзгеріп, қол-аяқтары шамадан тыс ұзарып кетеді. Шеміршектің сүйекке айналуы баяулайды. Піштірілген организмдердің бойы ұзын болып, қол-аяқтары бір-біріне сай келмейді.

Егер әйелдердің жыныс безін сылып алып тастаса, жамбас сүйектер өспей, бала кезіндегі пішінін сақтап қалады, сүт бездері де өсіп, жетілмейді.

Егер организмді ересек жастарында піштірсе, онда оларда алғашқы жыныстық белгілер кейін қарай дамиды. Тері астындағы клечаткаға майдың жиналуы көбейеді, негізінен піштірген организм семіруге ыңғайлы келеді. Піштірудің нәтижесінде организмнің орталық жүйке жүйесінде де біраз нормаға жатпайтын өзгерістер болады, белгілі бір сигналдық тітіркендіргіштерге тәртіпсіз қозғалыстар жасап, жауап береді т.б.

Жасөспірім оқушы қыздарда эритроциттер саны мен гемоглобин мөлшерін зерттеу нәтижелері олардың арасында қан жүйесіндегі патологиялық өзгерістің бірі – қаназдылықтың таралуы айтарлықтай жоғары деңгейде екендігін көрсетті. Төмендегі 3-

кестеде 15, 16 және 17 жастағы қыздар топтарында қаназдылықтың таралу жиілігінің және бұл дерттің ауырлық дәрежелерінің көрсеткіштері келтірілген.

Жасөспірім қыздардың 15 жастағыларында таралу көрсеткіші 28,0%-ды, 16 жастағыларда 28,6%-ды, 17 жастағыларда 22,2%-ды құрады.
Кестеде тексерілген қыздар арасындағы қаназдылықтың ауырлығына байланысты дәрежесінің көрсеткіштері келтірілген.

1-кесте

Жасөспірім оқушы қыздар арасында қаназдылықтың таралуы және оның ауырлық дәрежелері

| Жасы | Барлығы | Жеңіл | Орташа ауыр | Ауыр дәрежелі |
|---|---|---|---|---|
| 15 жас | 7 (28,0%) | 5 (71,4%) | 2 (28,6%) | - |
| 16 жас | 4 (28,6%) | 3 (75,0%) | 1 (25,0%) | - |
| 17 жас | 2 (22,2%) | 1 (50,0)% | 1 (50,0%) | - |

Қаназдылық жасөспірім қыздардың 15 және 16 жастағылар топтарында көбінесе жеңіл дәрежелі түрінде байқалды (71,4% және 75,0%). Алайда, 17 жастағылар арасында қаназдылықтың жеңіл түрі – 1 қызда, орташа ауыр түрі – 1 қызда анықталды. Ауыр дәрежелі қаназдылық біз тексерген қыздар топтарында анықталмады.

Біздің ойымызша, 15 және 16 жастағы қыздарда жыныстық жетілудің ерекшеліктерімен байланысты: менструалдық циклі қалыптасып үлгермегенде етеккірі барысында қанды көп жоғалтуы мүмкін және мұрыннан қан кетуі жиі байқалады. Оның үстіне дұрыс тамақтанбау нәтежиесінде ағзада қанның түзілуіне қажетті заттектермен жеткіліксіз қамтамасыз етіледі.

Сонымен, біздің зерттеулеріміз жасөспірім қыздар арасында кеңінен тараған қан жүйесі ауруларының бірі қаназдылық екендігін көрсетті.

Қаназдылық (анемия) – эритроциттер саны мен оның құрамындағы гемоглобин мөлшерінің азаюымен сипатталатын қан жүйесінің жиі ұшырысатын патологиялық өзгерістерінің бірі.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының ұсынысы бойынша қаназдылық диагнозы қанда гемоглобин (Hb) мөлшерінің көрсеткіші 110г/л-ден төмен (15 жасқа дейін), ал 15 жастан үлкендерге -120г/л-ден кем болғанда қойылады. Гемоглобин мөлшері 90-110г/л шамасында болса, анемияның жеңіл түрі, 89-70 г/л шамасында – орташа ауыр түрі, 70 г/л-ден төмен шамада болса – ауыр түрі деп ажыратады [5].

Жасөспірім қыз ағзасының болашақтағы бүкіл ғұмырына қажетті бейімделудің «мүмкіндік қоры» организмнің өсіп даму кезеңдерінде, яғни, балалық және жасөспірімдік шақтарында қалыптасады. Қыздың жасөспірімдік кезеңі оның өміріндегі ең жауапты шақтың бірі екендігі белгілі, себебі бұл кезеңде қыз баланың қарқынды өсуі мен дамуы байқалып, жыныстық жетілуі жүреді. Осындай жағдайда жасөспірім қыз ағзасының қан жүйесі өз қызметтерін талапқа сай деңгейде атқарғаны аса маңызды, себебі қан құрамының өзгерістеріне организмдегі кез келген клетка, ұлпа, әсіресе, жоғары деңгейде белгілі қызмет атқаруға бейімделген клеткалар тобы, оның ішінде орталық нерв жүйесінің жоғарғы бөлімдерінің нейрондары мен ішкі секция бездерінің клеткалары өте сезімтал келеді.

Ағзадағы қанның құрамы мен қасиеттері физиологиялық тұрақтылықпен сипатталғанымен, өскелең жас организмге шамадан тыс талап қойылғанда, бұл тұрақтылық өзгереді. Жасөспірімдік кезеңінде қандағы қалыптылық шегінен тыс өзгерістер қыз организмнің физикалық және ақыл-ой дамуының тежелуіне, мектептегі сабақ үлгерімінің төмендеуіне, аурушаңдық белең алып, денсаулығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан, осы бағытта қыздардың жыныстық жетілу кезеңінде қан жүйесіндегі жиі тараған өзгерістерінің бірі – қаназдылықтың алдын алу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сонымен, біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты - жасөспірім оқушы

қыздардың арасында қаназдылықтың таралуы мен негізгі себептерін зерттеп, оның алдын алуға бағытталған іс-шаралар қажеттілігін ғылыми тұрғыдан негіздеу болып табылды.


***Библиографиялық тізім***

1. Қазақстан Президенті Н.А.Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – 2014, Астана, Ақорда.
2. Дүйсембин Қ.Д. Жасқа сай физиология және валеология// Алматы, -2013, -416 бет.
3. Баранов А.А., Щеплягина Л.А. Физиология роста и развития детей и подростков. – М., 2015.
4. Мамаева С.М. Репродуктивный потенциал у девушек-подростков с анемией. Автореф. кандидатской диссертации на соискание ученой степени канд.мед.наук// - Москва, 2014.
5. Богданова Е.А. Половое созревание здоровых девочек // Профилактика, раннее выявление и лечение нарушений полового развития у девочек и девушек.-М., 2014.



ӘОЖ 57.92


## БИОЛОГИЯДАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ


***Чукушева Г.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*


Еліміздің жоғары мектеп жүйесі Болонья процесінің идеяларын толық қабылдап, өзінің мазмұнын осы үрдіспен байланыстыруы жоғары оқу орындарының жұмысына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді. Болонья процесінің басты идеясы – оқу нәтижелерін жоспарлау, яғни мұнда оқу нәтижелері жоғары мектептің негізгі қызметі (функциясы) болып танылады.

Биологиядан жалпы білім берудің мақсаты, мазмұны, құрылымы, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік сұранысын, биология ғылымының методологиялық ұстанымдары мен жүйесіне және оқушылардың жас ерекшелікіне байланысты таным мүмкіндіктеріне сай анықталады. Осы тұрғыдан қарастырғанда мектепте биологиядан білім берудің негізгі мақсаты тіршілікте ең жоғарғы құндылық деп түсінетін, экологиялық және эволюциялық ойлау стилі қалыптасқан, эволюциялық мәдениеті, дүниенің ғылыми бейнесіндегі тірі табиғаттың, тіршіліктің орны мен мәнін сауатты бағдарлайтын, биологиялық ғылыми және танымдық әдіс-тәсілдерін, іргелі биологиялық ұғымдар жүйесін қажетті деңгейде меңгерген және биологиялық білімін экожүйелер мен тірі ағзалардың көптүрлілігін сақтап қорғауға, өндірісті экологияландыруға, сауатты өмір сүруге тиімді қолдану біліктері бар биологиялық және экологиялық сауатты тұлға дайындау болуы керек.
Бұл мақсат мынадай нақтылы міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады.

- Оқушылардың ғылыми дүниетаным, оларда тірі жүйелерге және адамға ең жоғарғы құндылық, мінсіз әсемдік ретінде қатынас жасаудық этикалық және эстетикалық критерін қалыптастыру, олардың биологиямен мәдениет құбылысы ретінде таныстыру;
- Дүниенің ғылыми бейнесіндегі тіршіліктің, соның ішінде адамның орнын түсіндіру қамтамасыз ету;
- Биологияның негізгі идеяларын, ұстанымдарын, ұғымдары мен теорияларын, идеялар мен деректердің өзара байланысын, теориялар мен тұжырымдамалардың қалыптасуы мен дамуы, алмасуын саналы меңгерту;
- Тірі жүйелер туралы білімнің практикалық қолданылуы туралы қажетті білім, біліктермен қаруландыру;

- Биологиялармен байланысы мәдениет салалары қажетті негізгі әрекет түрлері туралы түсінік, билік, дағдылар қалыптастыру; биология саласындағы мамандақтарды саналы түрде таңдауға дайындау.

Биологияны оқыту мақсаты және педагогикалық психологияда анықталғындай, орта класс оқушылары да теориялық ойлаудың даму мүмкіндігінің жоғары болуы жаңа білім мазмұнының негізіне дамыта отырып оқыту идеясын алуға болатын көрсетеді.

Қазіргі кезде жалпы білім берудің, соның ішінде биологиялық білім берудің мазмұнын анықтауда іріктеу принциптерімен, критерийлерімен қатар мемлекеттік білім беру стандарты да сенімді бағыттаушы рөлін атқарады.

Білім беруді стандарттау қажеттілігі: білім беретін әртүрлі (мемлекеттік, жеке меншік) ұйымдарда оқитын барлық балаларға жалпы білім берудің ортақ деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ел аумағында біртұтас білім беру кеңістігін құру;

Қазақстанның әлемдік мәдениет жүйесіне енуге деген ұмтылысы (бұл жалпы білім беруді қалыптастыруда осы саладағы халықаралық білім беру практикасының жетістіктерін ескеруді талап етеді).

Дамыған елдерде білім беруді стандарттау ісі көптен бері оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау арқылы, білім берудің белгілі бір деңгейін белгілеу арқылы, т.с.с. жолдармен жүзеге асырылып келеді. Алайда «стандарт» термині білім беруге қатысты кейінгі кезде ғана қолданыла бастады.

Н.Д.Андреева, Н.В.Малиновская, В.П.Соломиндер өз еңбектерінде «Стандарт» ұғымы ағылшынның standard деген сөзінен шыққан, оның мағынасы: норма, үлгі, өлшеуіш-дегенді білдіреді деп атап көрсетеді [1].

Стандарттың *жалпы* мағынасы: стандартты жасаудағы мақсат — адамдардың қарым-қатынасы мен қызметін қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын қасиет-сапаларға ие өнімді өндіруге бағытталатындай етіп ұйымдастыру әрі реттеу.

Стандарт» терминінің білім беруге қатысты мағынасы: Біздің елімізде білім беру стандарты ҚР-ның «Білім туралы» Заңын нақтылайтын негізгі нормативтік құжат болып табылады. Ол білім берудің мазмұн және деңгей сияқты сипаттамаларын нақтылап, білім беру нәтижелерін өлшеу мен түсіндірудің әдіс-тәсілдеріне нұсқайды.

Стандарттың ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына сәйкес мағынасы (Заңның 56-бабының 1-тармағы):

ҚР-да әрбір білім беру деңгейі бойынша (1) білім беру мазмұнына, (2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең көп көлеміне, (3) білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді [3, 4, 5]. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, атынан көрініп тұрғандай, барлық білім беретін ұйымдар олардың меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан қолдануға және сақтауға міндетті («Білім туралы» Заңның 56-бабының 2-тармағы).

Білім беру стандартының көпшілік әдебиеттерде кездесетін анықтамасы:

Ал, қазақстандық әдіскерлер А.Қисымова мен С.Обаев өз еңбектерінде *білім беру стандарты* дегеніміз - түлектердің жалпы білім даярлығына қойылатын талаптардың міндетті деңгейі және осы талаптарға сай оқыту мен бақылау мазмұны, әдістері, формалары мен құралдары-деп атайды [2].

Байқап отырсақ, білім беру стандарты жайлы айтылған кезде өте көп арнайы терминдер мен ұғымдар пайдаланылады. Бұл кездейсоқтық емес, себебі, білім беру стандарты - айтарлықтай терең, кешенді ұғым. Оның күрделілігінің себебі — оның аталған және өзге де көптеген ұғымдарға негіз болуында.

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Демек, қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай бүгінгі таңда еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын

қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім берудің мақсаттары мен мазмұны өзгеруде, оқытудың жаңа құралдары мен технологиялары пайда болуда, осыған қарамастан сабақ оқу үрдісін ұйымдастырудың ең басты формасы ретінде қала береді. Сабақ – оқу процесінің шешуші буыны, сондықтан оқушылардың пән бойынша алған білімдерінің сапасы да ең алдымен әр сабақтың ғылыми- әдістемелік дәрежесіне және жалпы алғанда сабақтардың бүкіл жүйесіне байланысты. Оқу бағдарламаларымен және тұрақты сабақ кестесімен оқытуды ұйымдастыру формасы болып табылатын сабақта оқу-тәрбие үдерісінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, тәсілдері, ұйымдастыру мен басқару қызметтері және оның барлық дидактикалық элементтері қарастырылады. Ал оқу қызметі – адамның оқу міндеттерін шешу үдерісінде теориялық білімдері мен тәжірибелік білігін игеруіне бағытталған негізгі қызмет түрлерінің бірі. Қазіргі заманғы сабақ – ол, ең алдымен мұғалім оқушының тұлғалық дамуына, оның ойлау қабілетінің жылдам өсуіне, білімді терең игеруіне, оның бойында адамгершілік негіздерін қалыптастыруды шебер қолданылатын оқу үрдісінің бір түрі. Бүгінгі сабақ мектеп оқушыларының белгілі бір мөлшердегі білімді меңгеруімен шектелмей, тұлғаның жалпы дамуымен, оның танымдық және жасампаздық қабілеттерінің қалыптасуымен байланысты болуы тиіс. Қазіргі сабақ баланың ересектік өмірге белсенді кіруіне жағдай жасайтын, қоғамның заманауи талаптарына сәйкес қасиеттердің дамуын қамтамасыз ететіндей болуы қажет. Білім берудің жаңа парадигмасы бүгінгі күннің сабағына өзінің әсерін тигізуде, инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім берудің жаңа мазмұнын енгізуді талап етуде. Қазіргі сабақтың бірінші моделі деп дәстүрлі сыныптағы сабақты айтуға болады, ол мектеп тәжірибесінде жылдар бойы тиімді іске асып келеді. Бұл модельде өзіне тән ұғымдық аппарат, мұғалімдердің өзара қарым-қатынасының мәдениеті қалыптасқан, сондай-ақ сабақтың үштұғырлы мақсаты мен жоспар - конспектісі, оқытудың түрлері және әдістері мен тәсілдері, сабақ түрлері және басқа терминдер қолданылады.

Қорыта келгенде, зерттеуіміздің ғылыми болжамы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденді және жүргізілген зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтижелер алынды. Әйтсе де, зерттеу жұмысы күрделі де ауқымды болғандықтан, алдағы уақытта білім сапасын арттырудағы алуан түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жетілдіру өзекті мәселелер қатарынан көрініс табатыны анық. Біздің алған нәтижелеріміз бұл мәселені болашақта басқа да қырынан қарастыруға негіз бола алады.

### *Библиографиялық тізім*


1. Андреева Н.Д., Малиновская Н.В., Соломин В.П. История становления и развития методики преподавания биологии в России/Под научной редакцией профессора В.П. Соломина. Учебное пособие. Санкт – Петербург, -2012. -188 с.
2. Қисымова А.Қ., С.Н.Обаев Биологияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы / А.Қ.Қисымова, С.Н.Обаев. – А.: Дрофа. 2010. – 216 б.
3. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. –Алматы, 2004. – 218 б.
4. Климанова Л.Ф. Универсальные учебные действия обучающихся: примеры формирования / Л.Ф.Климанова // Управление начальной школой. -2010. - №10.-С. 20-25.
5. Кузнецова О.В. Развитие универсальных учебных действий обучающихся средствами проектно-исследовательской деятельности /О.В.Кузнецова, Н.В. Дудырева // Управление начальной школой. – 2011. -№6. – С. 31-40.
6. Әбдікәрімұлы Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Ізденіс. -2003. №4. –Б 200-203.
7. Жадрина М.Ж. Образование, ориентированное на результат, как новая модель школьного образования //Открытая школа, №1.- 2003. С.2-10.
8. Жадрина М.Ж. Результаты образования: традиции и новые тенденции //Творческая педагогика, №4. – 2003. С.22-27.

9. Шаталов В.Ф. Точка опоры. Организационные основы экспериментальных исследований. – Минск, Университетское, 1990. - 223 с.
10. Сәтімбеков, Р. Қызықты биология /Р.Сәтімбеков, Р.Әлімқұлова.- Алматы: Таймас, 2010. –Б.32-40.
11. Салина Р. Биология: Оқушылардың білімін тексеруге арналған тапсырмалар С 18 (8-9 сыныптар) / Р.Салина, Г.Сатыбалдиева ; 2011. -320 б.

ӘОЖ 57.99

## БИОЛОГИЯДАН БІЛІМ БЕРУДІ ЖОБАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Чукушева Г.К.***
*Магистрант*
*Шымкент университеті*

Оқушылардың сабақта оқу еңбегін тиімді ұйымдастыру оқытудың тиімділігін арттыру жолдарын үнемі іздестіруді талап етеді. Оны М.Жадрина [1] ғылыми еңбектерде сабақтың тиімділігін арттыру жолдарын келесідей қарастырады: 1) оқушылардың оқу материалының негізін сабақ барысында меңгеруі және игерілуі. Сабаққа дайындалар кезде мұғалім оқушыларды таныстыратын ақпарат көлемін ойластырып қана қоймай, оқушыларға сабақтың өзінде оқылатын материалдың негізін, әсіресе, қолданылатын әдістер мен тәсілдер арқылы материалды меңгерту жолдарын қарастырады. Жаңа материал түсінікті әрі сабақтың өзінде жиі есте сақталуы қажет. Оқушылар қосымша материалды емес, негізгі материалдың мәнін (басты ойды, заңды және т.б.) меңгеріп, түсінуі үшін мұғалім ең негізгіні көрсете білуі керек; 2) ұжымдық жұмыс кезіндегі әр оқушының дамуына мүмкіндік туғызу. Мұғалім сабаққа дайындалу процесінде үлгерімі орташа оқушыға назар аударады. Жалпы тапсырманы орындау үшін бір сыныптың оқушыларына әр түрлі уақыт қажет, өйткені үлгерімі жақсы оқушылар жұмысты тез орындайды.

